

84К837  
К69 и



ҚАЗАҚ БАЛАЛАР  
ӘДЕБИЕТІНІҢ  
КІТАПХАНАСЫ

ӘУЕЗКАН  
КӨШІМОВ  
ҚАЛМҰКАН  
ИСАБАЕВ  
ЗЕЙНЕЛ-ҒАБИ  
ИМАНБАЕВ



ҚАЗАҚ БАЛАЛАР  
ӘДЕБИЕТІНІҢ  
КІТАПХАНАСЫ

ӘУЕЗҚАН  
КӨШІМОВ  
ҚАЛМҰҚАН  
ИСАБАЕВ  
ЗЕЙНЕЛ-ҒАБИ  
ИМАНБАЕВ

ӘКГІМЕЛЕР  
ПОВЕСТЕР

АЛМАТЫ  
«ЖАЛЫН»  
1990

ББК 84Каз7—44  
К 69

Редакция алкасы:

ӘЛІМБАЕВ М., БАЯНБАЕВ К., БЕРДІҚҰЛОВ С.,  
КАРАТАЕВ М., КЕКІЛБАЕВ Ә., МАҒАУИН М.,  
МҰРАТБЕКОВ С., МЫРЗАЛИЕВ К., ОҢҒАРСЫ-  
НОВА Ф., СЕРИКҚАЛИЕВ З., СОҚПАҚБАЕВ Б.

Редакторлары — Сәрік Жұмабеков, Каржайбай Омаров.

030581


4803250201—148  
408(05)90 130—90

018

ББК 84Каз7—44

ISBN 5-610-00526-4

© «Жалын» баспасы, 1990



## Асылдың үш қырбы

Қара көленке жерде жақұт та көп тастың бірі; өзгелерден мысқал айырмасы жоқ. О да ажарсыз, сүрғылт, беті бұжыр-бұжыр, өлі нәрсе. Міне, аспан шымылдығы суси түрліліп, құн де жылт етті. Қүрекіткен жота, сай-сала біткен үнірейген, сыйықсыз қалпынан айығып сала берді. Қөленке атаулы зымырай қашып барады. Шатқал қалтарысындағы тастардың да беті ашылып қалған. Кейбірінің жүзі тарғыл-тарғыл, енді біреуі жаңа ғана шырт үйқыдан оянған сәби жанарындаі көз қуанта жалт-жұлт етеді. Жақұт тастың әр қырына түскен алтын сәуле мөп-мөлдір нұрға айналып, мың құбылады. Эз әженің аялы алақанына, шексіз мейіріміне бөлениген сәби ғана осылайша бір жарқырап, көнілімізде шалғағат сезімін оятар еди.

Тегінде адамды тасқа, тасты адамға теңеу, соナン бір үқастық іздеу келенсіз іс. Әйтсе де жаратылышынан шыныдай мөлдір, бейкүнә сәби мен әлі өндемеген жақұт тастың арасында жақындық бар деп ойлаймын.

Он саясағынан өнері тамған шебер сол жақұт тасты өндеп-қырнап, мандай терін төге отырып бізге сұлулық сырын ашты дейік. Бірақ ол түпнұсқаны дәл келтірдім деп әсте ойламайды; бір табан болса да соған жақын-даттым, үқсаттым деп куанады.

Сол сияқты сәби мінезін танытар шығарма жазған қалам иесі де толық қанды, мәңгілік бейне жасадым дей алмайды. Өйткені баланың әр күні, әр сағаты жана-лыққа толы. Әрине, жалпы адам тағдыры жайында жазылар шығарманың қай-қайсысы да оңай емес. Дей түрғанмен, жазылмаған ақ парап қағаздай тап-таза сәби

жүргіне жол табу — сөз қадірін білер суреткердің қай-  
кайсы үшін де қияметтің қайны.

Бала жаңын ғаламаттай түсінген ұлы жазушы Корней Чуковский өзінін «Екі жастан беске дейін» атты кітабында сәбидің сөз жасағыштық касиетін, біздің сөздік қорымызды байытуши «ұлы ой енбеккери» деп бағалауы тегін емес. Жақұт тасындаған сан қырлы, бірін-бірі қайтала-  
мластай сан нұрлы сәби жаңының осындай бір қырын зерттеуге Корней Чуковскийдегі сөз зергері бар ғұмырын арнағаны баршамызға белгілі. Осының бәрі сәбиге арнап шығарма жазудың қаламгерлер үшін қаншалықты қын екенін дәлелдейді.

Әрине, бұған қарап сәбиге арнап әңгіме, повесть жазу күр далбаса деу әбестік. Шын дарын иесі үлкен жауап-  
кершілікпен қолына қалам алса, бұл қын жанрда да табысқа жетері ақиқат. Ұлы суреткер Лев Толстой, Михаил Шолохов, Валентин Катаев, Ыбырай Алтынсарин, тағы басқалардың әңгіме, повестері бұған дәлел. Қазіргі біздің замандасымыз Бердібек Соқпақбаевтың «Мениң атамы Қожа»-сы, Нәсіреддин Сералиевтің «Намыс» атты әңгіме, повестері әр басылымында жаңа бір қырынан танылып, талай үрпағымызды қуантып, рухани азығымызға айналғанын қай қазактың баласы мактанды етпейді?!

Ал мынау «кітапханамызға» еніп отырған үш жазушының балаларға арналған шығармаларын оқығанымызда небір ғажап тағдыр қуәгері боларымыз кәміл.

Бұл күнде Калмұқан Исабаев есімі бүкіл Совет оқырманына таныс десек, артық айтқандығымыз емес. Рас, оның сонау Баянауыл жерінде 1925 жылы шыр етіп дүниеге келгенін, Ұлы Отан соғысына қатысқанын, кезінде Қызыл Жұлдыз, Еңбек қызыл Ту ордендерімен, қыруар медальдармен наградталғанын, «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкөр болғанын, тіпті тұнғыш «Баян» атты әңгімесі «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналында 1954 жылдың февраль айындағы санында жарияланғанын жүртшылықтың бәрі бірдей білмеуі мүмкін. Оның ешқандай айыбы жоқ.

Жазушы адам том-том кітап жазып, жүргегімізді дір еткізердей бір шығармасымен жадымызда қалмаса айып, тіпті күнә дер едім.

Әлі есімде, 1955 жылы Республикалық қазақ радиосының әдеби-драматургия редакциясы «Қазақ вальсі» деген әңгімені эфирге шығарды.

Ол кезде мен студент едім. Тұрағымыз — Виноградов көшесіндегі жатақхана. Бір бөлмеде оннан астам адамбыз. Сол күні жалғыз қалыптын. Алаңсыз, жүргегім лұпіл қаға, бар ынты-шынтыммен бұл бір құлай тыңдаған шығармам болды.

Әр қылыш ойға жетелеп, туған жерге, елге деген ыстық сезімге бөлек, баурап алды. Әңгімеде пәлендей қызығылықты оқиға жоқ. Бастаң аяқ шығарма психологиялық терең сезімге күрылған еді.

Қазақтың көрнекті композиторы Латиф Хамидидің Сабит Мұқановтың сөзіне жазған «Қазақ вальсі» әні сонау 1940 жылдан белгілі. СССР халық артисі, кезіндегі Шығыс бүлбұлы атанған Құләш Байсейітованың орындауында сәби шағымыздан естіп өскенбіз. Кәрі де, жаста «Қазақ вальсін» үйшіп тыңдайтын. Бозбалалық кезеңі әлдеқашан өтіп кеткеннен кейін де жазушы қайта бір дүр сілкініп, «Қазақ вальсі» атты әңгімені жарық дүниеге әкелді. Бұны, әрине, қас өнердің құдіреті деп білеміз.

Қазақ халқының тарихында Шоң бидің орны бөлек. Әйтсе де көшпілік халайық ол адамды ел ішіндегі азыз-әңгімелерден шала-пұла естігені болмаса, Қалмұқан Исабаевтің «Серт» романы жарыққа шыққанға дейін білген де, естіген де емес.

Кара танымаса да, табиғи бітім-болмысы бөлек, ерен мінезді қарапайым қазақ әйелі Айқызының революция қарсанындағы ерлігі, кеменгерлігі де оның «Айқызы» деген романы арқылы ғана бізге жетті. Сонау Ұлы Отан соғысында Мәншүк Мәметова, Элия Молдағұланың ерлік ісі де Айқызы сынды қазақ әйелінің батырлығының, рухының жағасы десек, артық айтқандық емес.

Қалмұқан Исабаев — ізденимпаз, еңбеккор жазушы. Шоң бидің, Айқызының бейнесі сондай зерттеушілік, тыныссыз архив актарып, сарыла отырып оку нәтижесінде жасалған тұлғалар.

1961 жылы Ертіс — Қараганды каналы салынбай тұрғанда, Қалекен оның жобасымен танысып, болашақ су жүретін жерлермен 500 километр жаяу сапар шегіпті. Міне, бұл жоғарыда айтқан жазушының өзіндік ерекше қасиетіне тағы дәлел. Тіпті басқасына тоқталмағанда, осы жинаққа кіріп отырған повесінен де сол ізденимпаздықты көреміз.

«Таң атарда» деп аталатын шағын хикаяда Октябрь революциясының қарсаны, дәлірек айтсақ, Аяғөз маңындағы аласапыран кезең туралы сөз қозғалады. Ал «Қарабала» повесінен Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі балалар өмірі арқау болған.

«Қарабала» повесіндегі Қарабала бейнесі — осы бір киын күндерде дүниеге келген, Ұлы Отан соғысына қатысқан Қалекендердің өз катарластарының бейнесі, солардың өмір жолы. Хикаядығы Баршагұл, Қаратай, Қалымбай, Қарабаланың анасы Мактұмдардың келбеті шығармада кесек, ірі сомдалуы, есте қалуы «Қарабала» повесінің сәтті шыққандығының кепілі дер едім.

Енді осы жинаққа шығармалары еніп отырған карт жазушыларымыздың бірі — бүгінде сексенді алқымдалған Әуезкан Қөшімовтың творчествосына токталып етейік.

Каламгер атаулы әдебиетке әр килем жолмен келеді. Ал солардың дені өнер өлкесіне өлеңдетіп жетеді. Әсіресе қазақ топырағында табиғи дарын иесінің бірер шумак өлең жазбағаны кемде-кем. Рас, кейін, өз жанрын анықтағасын, бірқыдыруы өлеңнен қол үзуі мүмкін. Қейбіреулері ара-тұра поэзия өлкесіне қайта айналып соғып кетіп жүреді.

Сондай адамның бірі осы Әукең.

1948 жылы «Жүрек сазы» деген жыр жинағымен ол әдебиет табалдырығын аттаса, 1961 жылы «Төгіледі әуендер» атты поэмаларын оқушыларына тарту етті. Алайда аса кішіпейіл, ізетті ағамызы, әсіресе жан-жануар, табиғат, саятшылық өнері хакында жазған талантты шығармаларымен үлкен-кіші оқырмандарын баурап алды.

1957 жылы «Қарт мергеннің айтқандары» деген топтамасы жарық көргенде, оқырман қауымның елең етпегені жок. Ол кезде сыншы, әдебиетшілерімізде қызық бір әдеп болатын: шын мағынасында көркем, тартымды шығармасымен елдің ыстық ілтиратына бөлениген дарын иесін орыс әдебиетінің бір классигіне теңеп, «Қазактың Шолоховы», «Қазактың Твордовскийі» деп шыға келетін. 1959 жылы «Аңшының әңгімелері», 1963 жылы «Екі бүркіт» жинағы «Жазушы» баспасынан жарық көріп, көшілік Әуезкан Қөшімов есіміне қанығып, әбден ден қойған шакта «Қазактың Пришвині ғой» дегенді де талай мәрте естігендім бар.

Әрине, әдебиетте әрбір суреткердің өз орны, өз беті болғандаған ол нағыз жазушы. Сондаған ол қадірлі, құрметті. Жазушы Әуезкан Қөшімовтың Пришвиннен артық та, кем де соғар жағы болуы ықтимал. Әңгіме оның сол мықты да, олқы да ерекшелігінде, өзіне ғана тән қасиетінде деген ләйім.

Қазақ халқында құсбегілік, саятшылдық, бапкерлік өнері ерекше дамыған. Тіпті олардың көп жағдайда сәүегейлік білдіре, жан-жануардың түр-келбетіне қарай отырып, келешегіне болжал айтуы тәрізді мінезін өзге әдебиеттен кездестіре алмаймыз. Міне, бұл Әуезкан Қөшімов шығармасының бір өзгеше белгісі.

«—Бес бүркіттің,— деді Бектемір,— үшеуін таза жауп қойындар. Анау қара балапан мен шәулі сары шегір құсты ғана үялмай ұстауға болады. Нұрмак, сен шой қараға бекер қызығасын, сыртынан комакты көрінгенімен, оның төсі қалактай күшкі, иықтары төмен, тек жалпақ, қалың қанаттарының арқасында оның қеудесі бір құштақ

былып көрінеді. Аңғында өзегі шіріген ағаш тәрізді, шой қарада жәнді салмак та жоқ. Нанбасаң, оны өзінен кішірек басқа құстармен қатар, колына кезек қондырып байка. Ал енді қара балапанға келсек, бұл мен көрмеген қырандардың ерекше бір тұқымы. Мұның мүшелері сайлы демесем, сыр-сипаты қандай, келешекте қалай балтау керек, мен мұны айта алмаймын. Сонан соң әнебір қырги кескіндес, сары шегір шәулі бүркіт, мен құс танитын болсам, өзінің әлі жететін андарды құтқара қоймас. Шағын шәулі де болса, мұның сүйегі таза, сымбаттың жануар екен, көл қүйттеуді керек етпес те», — деген («Екі бүркіт») Бектемір сыншылығының кейінгі жастарға тағымдық әсері, тәрбиелік мәні зор.

«Екі бүркіт», «Аңшының әңгімелері» атты топтамаларды өз басының қадірін білетін, білімпаз окушыларымыз шынты-шынтымен қызыға, қуана оқып шығатынына еш шұబәміз жоқ. Ол әңгімелер қазақ өлкесінің тыныс-тірлігін, бай мен кедейлердің тартысын, әділдік пен зұлымдық, батырлық пен пасықтықты сыр ғып шертеді. Ақтай сиякты мырзаларға саятшылық, құсбегілік «еріккеннің ермегі-ақ» шығар, бірақ Нұрмак, Бектемірдей кедейлерге бапкерлік — халықтық өнер, салт-жоралғының бір түрі. Кедейлер үшін, әрине, ол кейде құнқөріс құралы қызметін аткарады. Тіске басар қызыл көрмей, ылғи аштықтың ашы дәмін татып отырған Аркадағы жатак ауылдарына аңың еті мен терісі үлкен олжа. Тіпті соның, өзінде саятшыл ел құсбегілікті әсте кәсіп деп санамаған, ондай ойды сезсе арланып, қорланған ғой. Дәстүрлі халықтық өнерге балап, шын бапкерге құдайдай сеніп, әр уәжіне құлақ қойып, сүттей үйіп қалатын болған. Оған анау Нұрмак ісі дәлел. Ол қолқанаты, серігі жалғыз атын Бектемір сынынан кейін бір сөзге келмей қара балапан үшін түсіп береді. Балапан ертең айтулы қыран бүркіт бола ма, жоқ, әлде қырги ғұрлы қауқарсыз, тышқан аулауға да жарамай жасық тати ма, оны ойлап пәлендей бас қатырмай, құсбегінің сөзіне нанып, ұрт мінезін танытады.

Құсбегідей табиғат тылсымын түсініш, сезімтал жан сирек. Ол сол жаратылыстың бір бөлшегі; екінің біріне ондай қасиет дари бермейді, талантты бапкерлік жалғыз-жарымның еншісі. Кәрі де, жас та табиғат әлемінде — сәби, өмір жолында — саятши. Сәбидің әр күні — жана, өзі ашкан жаңалыққа толы келерін ескерсек, ол да мінез иесі екенін ұмытпасақ, тіпті ақыл тоқтатқан мосқал адамның бойында да бір сәбіліктің белгісі сакталып қалатының жоққа шығармасақ, онда аңшылық туралы әңгіме де үлкен-кішіге бірдей екенін мойындауға тиіспіз. Сондықтан Әуезқан Қөшімов туындылары жас талғамайды.

Балалар әдебиетіне шын суреткердің кездейсок келуі сирек. Сәбидің тосын да албырт мінезі, аңғал да ашық көнілі, кейде тым корғансыз дау көрінетін нәзік қасиеттері оған себепкер болуы мүмкін. Эрине, мен бұл жерде пәлендей жауапкершілікті сезінбей, жүрдім-бардың бір-екі беттік дәмсіз нәрсені сүйкей салды жазып тастап, соны қанағат тұтатын кейбіреулерді айтып отыргам жок. Тағы қайталап айтамыз, әңгіме көлемде емес, шығарманың көркемдігінда, ғұмырлығында.

Осы ретте белгілі балалар жазушысы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың творчествосы туралы бірер лебіз білдіре кетейін.

Әлі есімде, 1959 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 3 апрель күнгі санында жазушы Асқар Лекеровтың мақаласы басылды. Белгілі қаламгер Зейнел-Ғабидің мына бір сезін қаз қалпында келтірген екен: «Менде мектептен алған білім жокка тән ғой, оның орнына әдебиетке деген зор сүйіспеншілік, құмарлық бар. Бұл жерде мен «жазғандарымның барлығы алтын еді, бағаламады» деген пікірден аулакпын. Менде кемшілік болуы табиғи нәрсе ғой. Сол сияқты жазушы жолы онай жол деп ойламаймын. Сондықтан көрген «сокқыларымды» көнілге ауыр алмай, іздене бердім. Ақырыменен де болмашы өнер шығатынына көзім жеткендеймін. Бұл қарапайым катардағы колхозшы үшін зор қуаныш, есепсіз бакыт деп білемін. Денсаулығым нашар болса да, әдебиет жолы мен үшін ауыр деп, кері қайтар жол емес».

Іә, Зейнел-Ғабидың шығармашылық жолы жеңіл өтпегені ақыкат. Кезінде дұрыс та, бұрыс та сын құрығына ілінді. Бұл өзіне қатысты шындықты еш бүкпесіз, қарапайым әділдігіне бағып айтқан адал жанның шынсыры.

1924 жылы дуниеге келген Зейнел-Ғаби деген бала 1941 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін денсаулығына байланысты әрі қарай оқи алмады. Алайда ол жасып, тарығып қолынан қаламын әсте тастаған емес. 1987 жылы узаққа созылған аурудан қайтыс болды. Өмірінің соңы күніне дейін ол іздену, оқу, қуану, күйіну үстінде жүріп, сәулелі жақыт тастай сан құбылған сәби мінезін зерттеумен, жазумен шұғылданды. Қөз майын тауысып, майдай терін аямай төкті.

Міне, Зейнел-Ғаби Иманбаевтың осындағы жай-жағдайын білгеннен кейін ол кісінің «Бұлан», «Арлан», «Сары шымшық», «Майлыаяқ», «Барылдауық», тағы басқа әңгімелерінің қыр-сырын, тыныс-тірлігін, көркемдік шынайылығының төркінін сезініп, тереңірек түсіндім. Әлгі «балалар әдебиетіне жазушы кездейсок келмейді» деуіме оның «Бастама», «Сырымбет», «Қыран түлегі»,

«Ауыл түтіні», «Кен аймақ», «Солмайтын гүл», «Құстар қайтып оралғанда», «Жас шыбыктар» атты кітаптары кепіл.

Зейнел-Ғабидың алғашкы әңгімелер жинағы «Бастама» деген атпен 1959 жылы жарық көрді. Оған дейін очерк, макала, суреттемелерімен таныла бастаған жас қаламгердің бүл кітабын оқырман қауым жылы қарсы алған.

Ол өзі туып-өсken ауыл өмірінің сан аяуан қыры мен сырына үніле қарап, жақсысына сүйініп, жаманына күйіне біletіn.

«Бастама» жарыққа шыққан кезде: «Өмірдің өзінен үйренген, өмірден оқыған жазушы» деген лебіздер айтыла бастағаны да есімізде.

Иә, Зейнел-Ғаби шын мәнінде өмірден оқыған жазушы, кәдімгі талант иесі еді. Эр қаламгер өмір сырына өз көзімен қарап, содан өзінше ой түйетіні белгілі ғой. Осы тұрғыда нағыз шындықтан жаза баспауға тырысатын Зейнел-Ғабидың тақырып шенбері де ауқымды. Оның әңгімелерінен елуінші жылдардағы қазақ ауылының тынымсыз тірлігін көреміз. Тың және тыңайған жерді игеру кезіндегі адамдардың қажырлы еңбегі, кейбіреулердің бойында кездесіп қалатын өзімшілдік, мансапқорлық сияқты жағымсыз қасиеттер алма-кезек суретtelіп отырады.

Зейнел-Ғаби — өмірдегі елеусіз құбылыстардың өзінен тартымды әңгіме тудырып, тереңнен ой толғай біletіn, тілге бай, сөзге тапқыр жазушы, кейіпкерлері ой қуған арманышыл, еңбеккор балдыргандар.

Бала бойындағы кіршіксіз таза сезімді, олардың аңқауда адап көңілдерінен туындал жатқан жайттарды суреттеген кезде ұтымды штрихтарды дәп басып, дәл қолданады.

Шын сүйінбей, күйінбей жазған әңгімеде шындық аз, Зекенің шағын, бір жарым беттік «Қызыл галстук» деген әңгімесінде сәби мінезі өзіндік шешімін дәл тапқан.

Сабактан қайтқан Ермек пен Елдес ауыл сыртындағы айдау жолда бидай тасып жүрген бір әскери машинаның тоқтап калғанын көреді. Қауырт шак. Астық уақтылы жиналмаса күйіп кетеді, талай адамның еңбегі еш болады. Балалардың күнде естіп, біліп жүрген жайы бүл. Екеуі сол бір жауапкершілікті сәби жүргімен сезініп, жүгіріп жетеді.

Машинасының кінәратын таба алмай дағдарған жүргізуши көктен түскендей мынау екі балага қуанып, әскери бөлімшедегі бастығына жедел хабарлауды өтінеді. «Әскери тапсырма. Елдес, сен командирсің», — деп ныгарлайды.

Қемек келіп, машина жөнделгенсін, Ермек жүргізу-

шінің бірден Елдесті «командирсің» дегенін түсінбей қалғанын білдіреді. Сонда жүргізуші:

«— Елдестің мойнында қызыл галстук бар, сенде ол жоқ», — дейді. Міне, көріп отырысыздар, болмашы ғана өмір суреті. Үлкен бір тағлымдық, тәлімдік сөз айтылып жатқан жоқ. Эйтсе де сәби мінезі қандай шынайы, әдемі.

Жақұт тасы жарық түскенде ғана бойына сәуле жинап, сан құбылады. Эр сәулесі бір-біріне әсте ұқсамайды, сонысымен де ол қасиетті. Сырттай қарағанда, сәбілер де бірдей: аңғал, ашық, таза, тек мінездері өзгеше. Демек, үш жазушының әңгіме, повестері де қайталанбас, әр түрлі нұр шашатын асылдың үш қыры секілді. .

*МАҒЗОМ СҰНДЕТОВ*

ӘУЕЗҚАН  
КӨШІМОВ





## *Екі бүркіт*

*Повесть*

### *I*

Бетпак дала өңіріне тақала бере ентелесе иін тіресіп тұра қалған қоңыр бүйра таулар тізбегі көлденеңнен қараған адамға жапан тұз етегін орай орнатылған ұлы қорғанға үқсайды.

Суық күз күнінің кешкірген шағында екі салт атты сол ұлы қорған белдеуінен әрі асты. Бұлардың төтелей тартқан бет алдында шөл төріне бой ұра шығаңдаған қос шоқы тұр. Аспанды сүреңсіз жұқа бұлттар қоршаган. Батыстан шығыска қарай бір мұрттаған ызырық бар, екпіні баяу болғанымен, ызғары жеңіл киінген адамды жауратқандай, өткір.

Осы бір жайсыз уақытта құлазыған қу шөлге кірген екі салт аттыны киік аулаған мерген болар десек, қолдарында қамшыдан басқа қару жоқ. Арттарына ерген иттер де көрінбейді. Жүрістері бұлаң-қүйрық. Екеуі де сыйбай-салтаң қалыпта, қалың киінген, анадайдан қос обадай қомақты көрінеді, өздері аттарымен қоса құйып қойған бір тұтас түлға дерсін.

Бұкшиген, семіз торы ала жорғаның үстіндегі жуан қара кісі кер дөненге мінген, қақпак жаурынды серігіне барлық еңсесімен бұрыла дауыстал:

— Тәнірім сәтін түсірсе, біз шығармыз қыранның тәуірін алдымен қолға түсіретін,— дейді.

Осы бұлтиған ала көздеу, қонқақ мұрын, мысық мұрт бұжыр қараның көтерінкі дәмесіне сұлу қара сақалды, қызыл шырайлы жолдасы құдіктенген кескін көрсете:

— Қаңғырған қалашыларға тәуір құсты кім берсін,— дегенде, үлкен қара көздерінде құлкі ойнайды.

— Эй, Бектемір, мен оларға кездескен бүркіттердің тәуірін талғап алындар деп тапсырғамын. Орынқай мен Ракымбердіге күні бұрын құдіктенбей тұра тұр.

— Базарға, әлдеқалай болмаса, қай келіскен дүние әкелінер дейсің.

— Сен алғашқы сонардан қағылдым деп келесің ғой. Алты ай қыс әлі алда. Шын саятшы екенінді осы жолы бір көрсетші, айналайын.

— Нұрекесі, көпшіктемей-ақ қой. Саятшы деп дәріптерлік менде не бар. Тек сапарымыз қайырлы болғай.

Бұлардың екеуі де бүркітші. Арқаның аяғынан Пішпек, Тоқпак, Шу жағына бұдан бір ай бұрын астық іздең кеткен қалашыларды басқалардан бұрын кездестірмек болып, солардың алдынан шығып келе жатқан беттері.

Сайқын деп аталатын бір болыс елде Бектемір мен Нұрмакты білмейтін кісі кемде-кем. Бұл екеуі байлығымен, батырлығымен әйгілі емес, аңқұмар саятшылығымен жұртқа ұнаған жандар. Бұл екеуі рулар арасындағы сұрқия сұмдық тартыстарға қатыспайды, құлық-сұмдық, өтірік-өсек дегендерді білмейді. Тіршілік-тұрмыс жағынан тағдыр бұларды ешкімге соншалықты тәуелді етпепті: күнелтерлік шаруашылықтары бар. Бірак Нұрмақ пен Бектемір сол жинақы мал-мұліктерінің өзіне басқаларша қалтырап қарамайды, меймандос, қолдары ашық, тарыққан-зарыққандарға қол ұшын беруге дайын жандар. Өзара екеуі көптен дос, екеуі де аңқұмар, әсіресе Нұрмак қыран бүркіт, түзу мылтық, бәйге

ат, жүйрік тазы дегенде ішкен асын жерге кояды. Бірақ ол саңлақтардың сыр-сипатын танымайды. Тегі, көзге ілігер көрікті нәрселер мен жақсылық жағынан әлдекалай даңқы шыққан жан-жануарлардың қандайы болсын, Нұрмак солардың бәрін де ертеден кешке дейін аузынан тастамай паш етуге бар кісі. Шын қыран құс, шын бәйге ат, шын жүйрік тазы көрсе болды, ол қолындағы барын беріп, қолқалап алуға асығады. Қыскасын айтқанда, Нұрмак мақтаншактау, ак көңіл серісімек пенде.

Ал Бектемір кескін-келбеті, мұсін-тұлға жақтарынан манғаздау келген, көрікті адам. Сонысына қарай мінезі де жұмсақ, көп сөйлемейтін, мақтану-мастану деген жайлар есіне кіріп шықпайтын, ел ішіндегі әйгілі ат бапкері, құсбетін адам. Ол осы қасиеттерін көпшілікке сөзбен емес, іспен танытқан.

Әдетте Бектемір баптаған ат бәйгеге қосқанда үштің бірі болып алдынан келмей, ол баптаған бүркіт аң алмай қойған емес. Жұрт оған дәмелі саңлақтарын көрсетіп, жөн сілтеуді өтінгенде, Бектемір жарытып ештеңе айтпайды. «Кім білсін, жануардың бағы мен бабы келіссе жарайды ғой»,— дей салады. Ең елеулі делінген аршынтыстерді көлденең тартқанның өзінде:

— Асыл дегендеріміздің өзі қызық: қабілеті, ұяда көрген үлгілері әр алуан ғой, соның бәрін кім толық біле берсін,— дегенді айтады.

Кейбіреулердің өз жылқылары арасынан сырт сымбаты тәуір көрінген біреуіне қарап: «Осы бір тың тұяғым түбінде желғабыз болар»,— дегенін естігенде Бекең жымия күледі. Ал кей кездерде жұрт елемей қойған, қайдағы бір күйкілеу тайға, не бір арық қолау құнанға қарап: «Мына шіркіннің мүшелері қалай-қалай!»— деп қалады ол. Бектемір осыны айтты-ақ болғаны, жұрт әлгі жылқыны оң көзіне ала бастайды. Ондай жас көбенді көп ұзатпай-ақ біреу аяқ астынан, андаусыз түрде сатып алады не сұрап әкетеді. Енді бірнеше жылдан соң сол күйкі арық тай, қолау құнанның көкпар бермей

жүргенін, немесе бәйгеден келіп қалғанын бір-ак көресіз.

Бәйге аттың бапкерімін деушілер әдетте саңлақты ерекше құтімге алып, айлар бойы жаратады. Әуелі семіз күйдегі жүйрікті іші тартылғанша деп, иесінің өзі жарты айдай жай мініп жүреді. Ондай жылқының үстіне осыдан соң арнаулы, атқа шапқыш бала қондырылады. «Жел қакпасын, күн соқпасын» деген оймен бәйге ат жаздығуні сәскеден кіші бесінге дейін корада не киіз үйде үсталады. Оған жоңышқамен қоса биенің суті беріледі. Шіріген шөп тұрсын, құрғак пішен де бәйге атқа зиян деп саналады. Ұлы дүбірге қосылар шақ жақындап қалған кезде жүйрік ат көк шалғынға жіберіледі. Ол топ қазыдан арылған соң жабуланады да, кешке қарай, ауылдан аулақ жерде әлденеше күндер бойына бекенжеліске салынады. Ашы терін алу деген осы.

Осылай жеке-жеке жаратылған сайгұліктер айтұлы ас, үлken той басталар алдында қара жарыстарға қосылады. Мұндай соңғы сынауларда дәмелі жел аяқтар қамау терінен арылмақ. Жүйріктер арасынан ең талқылы делінгендері көбінесе осы «ошақ майлар» қара жарыстардың тұсында-ақ аңғарылады.

Айта кеткен жөн, «бәйге аттың бағы байланады, оны қырсық шалады» деген ырым бойынша, ондай қасиетті жылқының үстіне әйелдер еш уақытта шығуға тиіс емес. Бектемір ат бапкерлерінің мұндай дағдылы шарттарының көбін керек етпейді. Тегі, ол өзі баптайтын жүйрік атты ерекше құтімге алмайды, семіз сәйгүлікті жалпы мініліп жүрген аттардан бөліп те үстамайды. Күндіз ауыл арасында өзі мініп жүреді де, кешке қарай оны кез келген ауыл балаларының біріне мінгізіп, қой, түйе, биeler мен сиырларды қайыртып қояды. Ал басқа бапкерлердің нұсқауы бойынша бұл дұрыстыққа жатпайды.

Ақмола, Қарқаралы уездерінің арасында соңғы рет болған үлken ас Құрмандікі. Сол аста Бектемір баптап, екі жұз тоқсан үш аттың алдынан келтірген кер бесті бұған дейін көзге түспеген жылқы болса, кейін ол үшқыр тайдан да қалып қоятын қара етті

мал болып шықты. Бірақ осы құпия сырды ұға алған жан жок. Көзі қөргендердің айтуына қарағанда, сол аста күндік жерден шауып келген кер бесті қара терге малынбак тұрсын, оның сауырынан жөнді ақ көбік те көрінбепті.

Ал Бектемірдің қыран құсты қүйіне қалай келтіретінін тірі пенде түсінбей-ақ қойды, тегі, бүркіттің бабын оның өзі жақсы білмейтін сиякты. Бұл жөнінде ақыл-кеңес сұрай барғандарға Бектемір:

— Мен қалай есептей аламын, қырандардың тұқым-тегі, күтімі де әр алуан емес пе,— деп жауап қайырады.

Мұндай жауапқа жарымаған, тіпті сене қоймандар әр түрлі сылтаулармен Бектемірдің үйіне жи келгіштеп, ол құсты қандай жерде ұстап, қалай түлетіп, нендей жем беретінін толық байқауға тырысады. Бұлайша көп мазалайтындарға кейіп жатқан Бектемір тағы жок. Бірақ жоқтан өзгені сылтауратып, дамылсыз келіп-кетушілер оның өз құсына қолданған ерекше шағттарын көре алмайды. Сөйте тұра Бектемір баптаған бүркіт аңды көп алады.

Қазіргі ел аузындағы әйгілі сары құс тағы да соныкі. Бектемір оны Айыртаудың қиясынан балапан күнінде алып асыраған еді. Сол сары құс тірнегінен бастап түзге шығарылған алты-жеті жыл ішінде ілуде-шалу, бірлі-жарымды кездерде болмаса, көзіне қөрінген тұлкілердің бір де біреуін құтқарған емес. Ал биылғы өткен көктемнен бері қарай Бектемірдің сары құсы бап талғамайтын қырғын-қыран дескен қауесет тарап кетті. Мұның да себебі бар...

Биыл қар өте ерте кетіп, көк ерте қаулай бастаған соң, ауылдар қыстаудан Қарабауырға ерте көшіп-конған-ды.

Шөладырдың Молалы бұлағының басында, міне, үлкен үш-төрт ауыл отыр. Сол ауылдардың шеткергі төрт-бес қоңыр үйлі қотанына бүгін қойлар сәске кезінде келді. Ешкібас, арық торы құнанға мінген, денесі аяққаптай, жалақ сары жас қойшы Даңдабек

ауылға тақала бере қойлардан бұрын өзі шоқытып жетті де:

— Осы мына Бозтөбенің астында қос түлкі бірінен бірі айрылмай ойнап жүр,— деп хабарлады.

Ауылда жылқышы Сәдібектен өзге естияр ереккісі жоқ болатын. Осы аусарлау өжет жігіт ақай-тоқайға қарамастан, күркеде отырған сары құсты бара сала қолына қондырды да, қойшының құнанына мінді.

Қанат-құйрықтарынан басқа жұндері түлеуге айналған бүркітті аусар Сәдібек әкетіп бара жатқанын көріп қалған орта бойлы, қара кемзалды, ақ кимешекті әйел оның соңынан айқай сала жүгірді.

— Ойбай-ай, көкшешек шыққыр, жалмауыз, есалан неме!.. Түлеп отырған құсты қайда алып баrasың?.. Тоқта! Тоқта! Әлгі біздің үйдегі ағаң мені өлтіреді... Эй, көк соққан! Қап, ойбай-ай, қуындар, ұстандар, ана жынды итті!

Бұл Бектемірдің әйелі Қамар еді. Ауылда әмірлі үнімен тоқтата қояр егде адам жоқ екенін білген Сәдібек қатынның қарғысын не қылсын, өз бетімен тарта берді.

Қамардың ойбайынан бала-шаға недәуір үрпісті.

Содан толық бір ет пісірімдей уақыт өткенде Сәдібек сары құсты арандатпағаны былай тұрсын, қанжығасына бір емес, екі түлкіні бірдей байлап, қотан төріндегі боз төбенің иығынан шыға келгені бар емес пе. Жағалай жүгірісіп, таңдана тамсанған ауылдастарына жылқышы жігіт сары құстың қос түлкіні қатарынан қалай алғанын тез арада түсін-діре алмады.

Сәдібек бүркіттің томағасын тартып, боз төбенің үстіне шыға келгенде, ар жақ етектегі жасыл өзекте бір қызыл қаншық пен ереккі ақшулан түлкі арпалыса ойнап жүр екен. Жануарлар ызғарлы қаңтар, қара қатқақ март айларында күйі нашар болғандықтан асыр сала алмаса керек. Енді құн жылынып, жер тоны жібіп, тышқандар көбейген кезде қондана жонданып алған қос түлкі ойын қызығына ес-түстері

кете кірісken. Екі тұлкі, әрине, әлгі бір әзірde атты қойшыны қөрген, бірақ соңында ерген иттері жок, өзі арық шабан құнанға мініп қой қайырған әлдекімнен неге шошынсын. Ерінбей-жалақпай асыр салған қос тұлкі қолында бүркіті бар адам иекартпадан шыға келгенін андамай қалды. Ол екеуі естерін жиғанша, қызарған аң атаулыға көптен өш, өжет қыран көз алдында құтырынған қос шыргаға «тұлеп отыр едім» деместен лап берді. Аласа да болса, биікшениң басынан құдиган бүркіт, тұлкілердің үстіне төне түсті. Онда да әккі қыран әрі қарай қашу орнына бергі беткейге орғып шыққан қызыл қаншыққа шұқшиды да, соны табанында тарпа басты.

Құмарлық әрекетінде жүріп, сактықты естен шығарған арлан ақшулан қос қанат көлеңкесін қөрген сәтте төбесінен жай түскендей-ақ шошыды. Шошынғандықтан әрі қарай шоршып кетті. Бірақ ол зәлім хайуан емес пе, көп ұзамастан артына қарады. Қараған шағында өзінің ұрғашы серігін жұмарлаған бүркітті көрді. Бұл бүркіт болғанда соншалықты айбынды дұшпан емес, азғындаған қара құсқа ұқсас, мойны қылқиған, омырауы ала бажақ екен. Сол кескінсіз қалпына қарамастан осы шап-шак құс айғыр ақшуланның сүйген жарын тыптыратып, илектеп жатыр. Төбеттей үлкен, өзінше ер жүректі арлан тұлкінің жаны енді күймегенде қайтеді?!

Бұл әуелі белін құдірейте, жауырын жұнін үдірейте, бір-екі рет айнала ойқастанды, жан таласа арпалысқан қосағының жүдеу бүркітті үстінен жерге тайдырып бір түсіргенін көзі шалды. Сол шакта бұл да тап берді. Астындағы қиян қызыл қаншықты жаныштауға тырысқан бүркіттің жан-жакқа қарауға мұршасы жок. Осыны байқаған ақшулан арлан бүркітке арт жағынан орғи келіп, оны құйрығынан бір жұлып өтті. Арпалыс үстінде қыран екінші тосын тұлкіге қарсы қимыл жасай алмады. «Е, енді бұл шіркіннің әл-шамасын байқалық!»— деп ерленген төбет тұлкі сары құстың қапталына жақындады

да, оның жанды талмау жері — топшысынан ала түсті. Ашынған әккі бүркіт қанышқты қоя берді де, арланның өзіне салды тырнақты.

Бұлар ұмар-жұмар болып, ит жығыс түсіп жатқанда, тор құнанды тепендетіп Сәдібек жетті сол араға. Жігіт атынан қарғып түсе сала арлан тұлқіні артқы аяғынан алып, белінен басты да, оның омыртқасын үзіп жіберді.

Сәдібек аяқ астынан тапқан олжасына мәз болып, сары құсты қолына кондырып, арлан тұлқіні қанжығасына байланып, ауылға қайтып келе жатты. Ол қайтып келе жатып тепсендеген бөксесін зорға сүйрелеген қызыл қанышқты жолшыбай соғып алды.

Қос тұлқіні қатарынан соғылды деген атағы болмаса, көктем кезінде түлей бастаған аң терісінде қанша құн болсын, оның үстіне кейінгі шайқаста төбет тұлқі сары құстың жем басар тырнағын суырып тастаған еді.

Өрістегі жылқыдан күн батар алдында оралған құс иесі Бектемір бүркітінің қын халге ұшырағанын көрген жерде, өзінің ең жақсы көретін баласын жау таяққа жыққандай-ақ қап-қара бол түтігіп кетті.

— Тұлеп, қалжырап отырған жануарды аңға алып шықкан қандай нақұрыс неме? Бұл не деген есуастық, жаным-ау! Сәдібек дейсіндер ме? Құркеде отырған бүркітті, сен қатын, оған неге бересің?

Бектемір қипалактап тұрған өз әйелін қамшымен тартып-тартып жіберді.

Қамармен қосылған жиырма жыл ішінде ол өз әйеліне бұлайша қол жұмсал көрмеген еді. Еркек кіндікпін деп қожаңдауды жақсы көретін басқа өз тұстастары сияқты, Бектемір өзінің қосағына жаман сөздер де айтпайтын.

«Бектемірдей күйеуі бар әйелдің арманы не?»— деп курсінетін Қамардың абысындары бұл кісінің мына ожарлығына кайран қалысты.

Ашу үстіндегі құсбеті әлгіде ғана «көзді ашып-жұмғанша екі тұлқіні бірдей алып келдім!» деп тайтандап жүрген жылқышы Сәдібекті ауылдан бездіріп жіберді...

Қымызға ашытқан жылкы бездерін жұтып, бір-екі аптадан соң түлей бастаған сары құс жүдеу болатынды. Оның үстіне шағылысқан екі тұлкімен кезек-кезек арпалысқа түскен кезде сегіз наизасының ең әлді бір жебесінен айрылды. Бектемір сондықтан да бүркітке жаз бойы ерекше ынта қойған еді. «Сенің шолак жембасарың жетілгенше көп күндер өтетін шығар, ендеше бойында қалған ескі қанат-құйрыктардан да сені біржола ада қылайын!» деген сімейнен Бектемір сары құсты белгілі әдіс бойынша тұлете түсті. Ол құсына мұсатыр беріп, қоябасын түсірді. Ауылдағы көршілері мен қанаттас ауылдардың қай үйі қай күні мал сойса, Бектемір сол малдардың бәрінен ет алдырып, қансоқталы жемге сары құсты күн ара, екі күнде бір рет тойдырып отырды. Салқын, таза, жеке күркеде үстады оны. Бүркіт шөлдегендегі ішетін, пысынағанда шомылатын суды ол Қекбұлактан алдырды. Сонымен күз жетіп, салқын күндер басталған мезгілде ғана баршын қыран бөртпе жемге қаратылған еді.

Жұрт күзек көндеріне тарап қонған кезде, құйрығы мен қанаттары қара ала батсайыдай болып, желкесіндегі сары шудасы жібектей құлпырғанымен, сары құстың жұлынған жембасар тұяғы әлі де жетіле қоймаған, жұмсақ тұқыл болатын-ды. Құс иесі сол тұқылға асыл темірден жарма тұяқ жасап жалғастырды. Осы бір жасанды тұяқтың кемістігі кірбендей көрсетпесе, баршын қыранның биылғы бабы келісіп-ақ баққан еді.

Коныр күздің маужыраған шуақтары өтіп, салқын шақ бел алыш, қыс тақалған сайын қарбалас шаруашылықтардан қолдары босаған бүл мандағы аңқұмарлар «Бектемірдің сары құсының қызығын көреміз» дей бастаған-ды.

Солардың бірі — Нұрмак. Нұрмак саңлақ хай-уандарға шексіз құмар кісі. Бірақ өзі олардың қасиеттерін айыра білмейді. Нұрекеңнің шын саят-шы, құс бапкері Бектемірді қояр да қоймастан шөлге қарай жетектеп келе жатқан себебі де осы.

Міне, сүреңсіз күздің күңгірт күні батып барады.  
Бұлар шексіз шөл далаға шығандап тұрған қос  
шоқының кезеңінен әрі асты. Сол шақта аңғардың  
арғы етегінен үш-төрт қараша үйлі шағын ауылдың  
тұтіндеткен күмбез төбелері қорінді.

Ауылдың боз күйреуіктер мен сирек ақ селеулер  
аралас тырбық сүр жусандар басқан іргесінде бір  
шоқ ұсақ түяктар жайылып жүр. Үркердей осы  
аз ғана мал жолаушылардың алдынан шабалана  
үріп шыққан қос кара ала төбеттен үркіп, қотанға  
тығылды. Ортадағы көлемдірек қоңыр үйдің сыртынан  
бір әйел шабдар жабағысы бар торы биені  
шилеуіт өзекке арқандағалы әкетіп барады.

Қос шоқының қайқаңынан шыға келген тосын  
аттыларды көріп, тепсендеген саңлақ боз  
өзін жетектеген тымақты адамның соңына ере  
қоймай, көлденендең ойқастай береді.

Кешкі салқында үйлерге тарап кетсе керек, тыста  
бір де бір бала көрінбейді. Төрт қараша үйдің  
тұндіктерінен үзіле ұшқан баялыш тұтінінің ашқыл-  
тым иісі келеді жолаушылардың мұрнына.

Жолаушылар қоңыр үйдің тұсына тақалғанда,  
боз атты жетелеген кісі де бұлармен деңгейлесті.

Жолаушыларды сонадан танып келе жатса керек.

— Ассалаумағалайкүм! Көп елдің көрнекті  
ағалары,— деді ол.

— Ұағалайкүміссалам! Шығандаган аз ауылдың  
серкесі.

— Қош келіпсіздер, ел-жұрт аман ба?

— Шүкірлік. Өздерің де ұры-қары, ит-құстан  
тысқарымысындар?

— Аллаға шүкір. Қәне, түсे калыңыздар!

Қызыл шырайлы, дөңгелек келбетті, жылан көз,  
тұлқі мұрт, нығыз денелі ақ сары жігіт келгендердің  
шаужайына орала кетті.

Арқаның сонау-сонау бір Ақтас, Шалтас деп  
аталатын қожыр койнауларынан таң сызат бере  
аттанған екі жолаушы күні бойы үдерес тартқандық-

тан қатты қажып қалған еді. Ол екеуі аттарынан жерге ырғала түсіп, үйге сандалақтап кірісті.

Бұлар кірген бетте көне киіз сырмақтың үстіне төсөлген жамаулы, бірақ таза көрпеге сырт киімдерін шеше сала, жантая кетісті. Жылпыспа бұзау терісімен тысталған ескі екі жастықты қара торы келіншек қонақтардың бас жағына жұқаяқ үстінен әдеппен ақырын әкеп тақап қойды.

Үй қожасы жылан көз жігіт Арқа жактағы көп елдің жай-күйін сұрастыра келіп, азырақ көңіл аулап болған соң, «енді шамалы көз шырымын алсаңыздар теріс болмас» деп шығып кетті.

Бүйрек бет, қара домалак келіншек үйге от жағып, бүйірі майысқан үлкен қара шайнекті мосыға асты. Шай қайнағанша дамылдай тұрмақшы болған қонақтардың көзі әп-сәтте ілініп кетті. Бұлар соның салдарынан бата жасаттырылмай-ақ бауыздалған бөрте лақтың бақырғанын сезген де жок.

Міне, баялыш маздата жағылып, қазан асылған бес қанат жұптыны қоңыр үй ішінде үш ерек, бір әйел дастарқан басында бөктірілген тарымен шай, шай емес-ау, сүт қатылған ақ суды сораптап отыр.

Үй иесі Жоламан, оның қара домалак келіншегі Бәтен — екеуі де көңілді: бірі тәлеңкедегі сары майды нұсқап, «алыңыздар, жеп ішініздер!» десе, екіншісі босаған жамаулы кеселерге ақ шалап шайды тез құйып, оны әдеппен ұсынады.

Сары май мен бөртпе тарыға недәуір қарбытып, ыстық суға қаныңқырап алған кезде қонақтар да қунай түсті.

Кереге басына ілінген киік еттері асылмай, лақ сойылуы ол өз алдына бір қадірлегендік болса, босаға жакта қылғына отырып шаңқ-шашқ еткен шәулі бүркіттің кескіні де қонақтарға ұнап кеткендей. Олар батасыз сойылған мал жайын әзіл етісті.

— Шөлдегі жалғыз ауыл қалың елді қатты сағынып қалған-ау, сірә,— дейді Нұрмак Бектемірге бұрылып.

— Аңың дайын еті тұрғанда, одан астамырак

ықылас көрсетілуі тегін емес сиякты,— деп, Бектемір сылқ-сылқ құледі.

— «Он екі айда бір келген оразажан» болып көрінген соң, қайтейін, ағалар, қолдан келген сыйымыз осы.

— Эй, бәрекелде-ай!.. Тегі, біздің елдің баюға бет алғандары Арканы жайлап, шөл қыстайтын еді. Шырак, сен де соның кебін киүгө айналғанбысың, қалай?— деп, Бектемір сұлу қара мұртын жымия сипайды.

— Е, біз қайбір еріккендіктен бүйректеп жүр дейсіз, Беке. Эйтеуір біржола тұралап қалмаудың әрекеті де. Осы аз ауылдағы үйлердің бізден басқаларында астық тұрсын, пісі ас та жоқ. Қыс түскенше тіршілікке сеп бола ма деп аң аулауды кәсіп, нәсіп ету деміз.

— Ал мына қайқы қанат, кейкі тұмсығының әүселесі қалай?

— Бұл — құр қол отыра алмағандықтың белгісі ғана.

— Қаратай жағына кеткен қалашылардан хабар бар ма?

— Қантауын әрі қыстап, әрі жайлайтын үйсін жегжаттарымыздан бір-екі адам жақын арада келіп кетті. Шудан бергі жерде қыбыр еткен тірі жанды көре алмадық десті ғой олар.

— Е, дастарқандағы мына тарыны экелген сол ұлы ағаның үрпактары екен ғой.

Нұрекен өзінің осы сөзін тауып айттым-ау деп маңғаздана түсті де:

— Айтулы ақынтардың қиян-тұрағы да Алатау мен Қаратай ғой. Жігітім, сол төңіректегі жегжаттарына мұзбалалқартардың біреуін әлі күнге алдыра алмай жүргенің жарамаған,— деді.

— Ау, бейқам басым-ай, қалашылардың ел шетіне ілігер қарсаңында отырмын, солардың ең тәуір олжасы менікі деп келсем, сіздердің мына сұыт сапарларыңыз керуеншілердің алдын тосқауылдау болмаса не қылсын? Қап, бұл сырларыңызды ертерек сезгенде, лақ соймақ тұрсын, мен сіздерді үйге тұнептейтін де едім ғой.

Жоламанның бұл әзіліне үйдегілер түгелдей мәз болысты.

Шай ішілді. Тұнгі намаз да оқылды. Осыдан соң андай мұндай әңгімелермен отырғанда, тұн ортасына таман ет те пісті. Аш қарынды жақсы жұбататын нәрлі тағам — уыз ет желінген соң, қонақтардың аттары отқа қойылды.

Ауыл адамдарынан табаққа кіріп ет жеген, жінішке қара бурыл сақалды, бүкір карт кісі қала-шылардың мол астық әкелуіне тілекtes екенін жұрт төсекке жатқанша бірнеше рет айтқан еді. Ал Бектемір, Нұрмак, Жоламан үшеуі көздері үйқыға жеткенше «бәрінен бұрын керуеншілер осы жолы бір жақсы бүркіт әкелсе» десті.

### 3

Мойынға асқан сиракты мылтығы, сондарына ерген бір иті бар үш аңшы керуен көштерінің алдыңғы тізбегін Науалы қыраттарына шыға бере, бет алдындағы жазық жапан жиегінен көрді.

Қазір бұлар мінген үш аттың арасында ойнақылық көрсетіп тұрғаны Нұрмактың астындағы бүкіш торы ала жорға. Осыдан жарты сағаттай бұрын, Жоламан атып артқы бір сирағын сындырған күнан текені жабыла қуғанда, өзге екі аттан айдалада қалып койғаны есінде жоқ сияқты мұның. Өзінің басы-көзін қара тер басқан, омырауы мен сауырын ақ көбік жапқан. Ал қазір үстіндегі обадай Нұрмак пен өз беліне бөктерілген ұлken текені жүк екен деп елеместен, құйғытып кетер саңлақша жұлқынады.

Қанжығасына көкше қоян байланған Бектемірдің кер дөнені тырп етпестен, төрт түяғын тең түсіріп тыныш тұр. Ал Жоламаның астындағы көстиген айбынды боз ат та тыптырышмайды, тек ауыздығын соза тартып, көлденендең қояды. Жез қармактай, қаншық қызыл тазы тәбе басындағы түйе өркеш тасты айнала иіскелеп жүр. Мұның бет-аузы мен омырауына қан жұққан.

— Енді не тұрыс бар, қалашылардың алдынан шығайық,— дейді асығыстық білдірген Нұрмак.

— Жок, әнебір қайқаңға таман тартыңдар. Суы тұшы құдық бар соның бер жағындағы сайды. Тұс болып қалды. Қалашыларды сол суат басынан тосамыз. Керуен көштері шұбалып ана кезеңнен асады, бізден олар қашса да құтыла алмайды, бәрі де біздің үстімізге келіп ошарылады,— деп, Іектемір алдымен өз атының басын бұрды.

Ажырық өскен, қалың шилі кең сайдың табанынан, айтылғандай-ак, тұшы, тұнық сулы құдық табылды. Аттар қантарылды. Қекше қоян мен кер текені Жоламан жәркемдей бастады. Ку бұта, тезек жинастырылып, от жағылды. Тас тағанға қылшақ асылды. Аңдардың бауыр, бүйрек сияқты құйқалақтары қоламтаға көмілді. Текенің жіліншіктері шағылып, оның майы шикідей жұтылып жатты.

Қолы қол, бұты бұт етіліп бөлшектелген киік еті өз терісіне оралып үлкен ши түбіне тасталды.

Ентігін басқан аттар кенеп қауғамен жер астаудан суарылып, жайылымға жіберілді.

Шала піскен, бірақ сондай тәтті, әрі дәмді қүйқалақтарды қарбытқан үш аңшы құр суды қайнатып, малтамен шай ішті.

Күн кіші бесінге айналды.

Қалашылардың алдыңғы тобы жақындал қалғанын құдық басындағылар қырдың ар жағынан естілген бақырауық түие даусынан біліп отыр. Орынқайдың белгілі жапырақ қара атанының «ауһ-ауһ» деген үні бұл араға үздік-создық жете бастағалы қашан. Әуелде оның дағдылы ойбайы екі-үш бел астынан жаңғыра талмаусырап, бір қыырдағы ән сарыны іспетті келіп тұрса, қазір жуан жарғышақ қалпында құлакқа үрады.

Керуен көшінің соңғы мына белес түбіне жеткенін сол бір жайсыз үн аңғартты. Аңшылар бұдан әрі тосуға шыдай алмады. Олар сырт киімдерін орындаудыңда қалдырып, қайқаңға жаяу тартты.

Бұлар жайдақ кезеңге шыға келгенде, арғы жылға табанынан көрінген қалашылар тізбегі іркіле

қалды. «Мына бір үш жаяу қалай өзі? Қарауылданған ұрылар емес пе екен?»— деп қалса керек. Мыналар «уа, біз елміз» деп айқайлады. Түйелер өрге қарсы қайта қозғалды.

Міне, қалашылар жақындаған қалды. Көшті бастаған сары атанның үстінде сорайып отырған, әрине, Сәт. Қабілетті қажағай жігіт, бір емес, үш үлкен қаптың үстіне орналасыпты. Тік өркеш, жар қабырғалы сары атан мыңқ етпестен, ырғала нығыз басады. Жануар бір айдан аса жол жүріп, Бетпақ даланы әрі бір, бері бір басып өттім-ау деген мал тәрізді емес, байсалды берік күшпен ілгерілейді.

— Ой, жануар-ай, сабаздың сар шөкелегі деген осы да!

Назары атанға ауып кеткен үш жаяуға түйе үстіндегі Сәт бұрын сәлем берді. Қебіне екіден, азына үш қаптан астық тиелген түйелер көші қайқаңнан шұбалып аса берді. Жаяулар көш үстінде аяқтарын салбырата «әтшулай» отырған алдыңғы үш-төрт қалашымен есендесіп, өздері көшті қапталдай, сыйрта қарап тұрысты. Орта тұстағы бақырауық кара атан да бұлардың қатарынан өтуге айналды, бірақ көш бойында қолға қондырылған бүркіт жок.

— Ау, базаршы мырзалар, бүркіттерің қайда?

Нұрмактың қатты айқайлап айтқан сұрауына орай қара атанның өркешінен:

— Е, әуелі Аркадағы ел-жүртімымыздың аман-дығын естіртсендерші,— деген үн жетті құлаққа.

Жаяу түрған аңшылар аңғармапты, атанның қалың шомын бастыра артылған женіл екі қап астық ортасынан қостың кішкене шаңырағы қол шатырға ұқсас басспана етілген екен. Сол басспана ықтырманың көлеңкесінде бүркіт ұстап отырған Орынқай енді айқын көрінді. Бойы ұзын болғанымен, өзі имиген адам шұқыр орында бүктетілгендейтін, тіпті кіширейіп кетіпти. Қайта бұдан оның қасындағы құсқомақтырак.

— Е, біреу де болса, мына бүркіт дәкей екен,— дескен жаяулар көшпен қатар жүріп кетті.

Қалашылардың алды құдық басына намаздыгерде келіп жетсе, кейінгі екі-үш тізбегі бірін-бірі өкшелей, күн бата, қас қарай келіп ношарылды.

Шыр айнала шөгерілген 50—60 түйе, тігілген төрт кос, үш аңшымен қосып алғанда жиырмаға жақын адам көктемнен бері қарай құлазыған, қалың шилі сай табанын күмбірлеген тіршілік тұрағына айналдырыды. Құздің ашық салқын кешінен бастап, тұн ортасы ауғанша бұл жерде абыр-дабыр басылған жок.

Кимыл әрекеттері сырттай сылбыр көрінгенімен, ұзак сапар бойында ысылып, сайдакталып алған қалашылар коналқалы бұл кеште де атқарылатын істерін тез реттеді. Олар үш қабат қатарлана шөгерілген түйелер мен үйілген қап-қап астықтар алдындағы костар жанына от жағып, шай қайнатып, ас пісіріп, аш қарындарын жұбатуға көп уақыт ұттырыған жок, бірақ иір мойын, ұзын өңеш, саба қарын суды сораптап тарта беретін көліктерді суғару, одан тұсарлап өріске жіберу жұмысы ұзакқа созылды.

Көп күндердегі үртіс ұзак жүрістер қажытқан қалашылар кешкі дағдылы жұмыстарын атқарып, астарын ішкен соң, тұн ортасы ауа бере түгелдей жантайысты. Бұлардан Алатау, Қаратай жактарының жаңалықтарын сұрап біліп, өздері Арқа елінің бұл күндердегі жай-күйін айтысқан үш аңшы, керуеншілердің қара шоғырынан аулағырақ, қалың төрт түп ши түбіне жайласқан. Олар тоқымдарын төсек, ат көрпелері мен ағаш ерлерін жастық еткен. Бұл үшеуі құздің ұзак таңы атар алдына дейін көз ілмestен, мол кенесті. Бұлар бағана, бірінші көш келіп тоқтасымен, әуелі Орынқайдаң шойқара бүркітін айналдырып көріскен-ді.

Орынқай қара шұбар, кейкі тұмсықтау, көздері құлімдеген қу адам. Ол мейлі отырсын, мейлі түрегеп тұрсын, үнемі еңкейе ентелей сөйлейтіндіктен, арық, ұзын, жіңішке тұлғасы биік көрінбейді. Белі құлдіреуіштей иіле бүгіліп қалған. Кісімен тілдескенде, қыңырая тұрып мәмілелесетін болғандықтан, Орын-

қайдың қылқа мойны қисайып кеткен. Тындаушысын қисынды сөздерге тойдырып, құлқынына азды-көпті кәде түсіруді дағды еткен Орынқайдың сырын елдегі егделердің көбі біледі. Алайда өзі жаратылысында зерек, ертеғі-аңыз, қиса-хикаяларды көп тоқыған Орынқай шын шүйілсе, әуелгі бетінде кімді де бір дөңгелетпей қоймайды.

Ол мына қастерлеп әкеле жатқан шойқана құсының қасиеттерін аңшыларға мадактамай-ак, нақты мысалдармен сырпаттап берді.

— Қөріп отырсыздар ғой, ағайындар, мынадай мығым қос топшы, мынадай жалпақ қаптал қанаттары мен кез қүйрығы бар бүркіт, тегі, осал бола ма? Мұны Алатау мен Қаратаудың арасында еліктің лағын ұстап, соның етіне жемсауы жерге түсе тойып, ұша алмай отырған жерінде Айдарқан аңшы қолға түсірген. Содан бұны Шу өзенінің бойындағы өзіміздің арғын атасың сол жакта тұратын бір беделді азаматы Мәдіқан қалап алған екен. Белгілі бапкер болмағанымен, қыран атаулыға мен де құмар жанмын ғой, Мәдіқанға жатып кеп жабыстым. Ер көңілді сері азамат, қоярда-қоймасымды аңғарған соң, кия алмай көп қиналса да, тұзден қолға түскен дәу қыранды ақыры маган беріп-ак жібергені.

Осы жел сөздерге үйіріле қалған Нұрмақ Орынқайға: «Бауырым, не қаласаң да берейін, әл-шамам жеткенше шыдап бағайын, бер маған осы құсыңды»,— деп қыла сұрады.

Орынқай оған:

— Ақсақал, бір адамға қиятын болсам, сізден басқаға бермеске уәде етейін. Бірақ бұл жолы мені қинамаңыз,— деп шалқайды.

Төрт қос қалашылар Мерке, Әулиеата, Шу жақтарынан бес бүркіт алып қайтқан екен. Солардың екі-үшеуін үш аңшы қас қарайғанша көздерінен өткерсе, кейінгі бір-екеуін от жарығымен байқап шықты.

Солардың бәрін де қолдарына қондырып, сандары мен құйымшактарын ұстап, жалаң бастарынан бастап қара тұяқтарына дейін қадала қарап шық-

қанда, үш аңшы құс иелеріне жарытып ештеңе-  
айтпады. Содан үшеуі керуеншілер қауымынан  
бөлініп оңаша қалғанда сыр айтыса бастаған еді.  
Нұрмак өз ынтасын аударған бастапқы шой қарадан  
айнымапты. Ал Жоламан болса, ең соңғы қара  
балапан ілкімдірек болар деп болжалдаған екен,  
бірақ тоқыраған берік байлауы жок аңшы жігіт  
сайып келгенде:

— Беке, мен сіздің айтар сыныңызға тақ тұрам  
фой,— дегенді айтты.

— Бес бүркіттің,— деді Бектемір,— үшеуін таза  
жауып қойындар. Анау қара балапан мен шәулі  
сары шегір құсты ғана ұялмай ұстауға болады.  
Ал, Нұрмак, сен шой қараға бекер қызығасың,  
сыртынан қомакты көрінгенімен, оның төсі қалақтай  
құшық, иықтары төмен, тек жалпақ қалың қанат-  
тарының арқасында оның қеудесі бір құшақ болып  
көрінеді. Анығында өзегі шіріген ағаш тәрізді,  
шой қарада жөнді салмақ та жок. Нанбасан, оны  
өзінен кішірек басқа құстармен қатар, қолыңа кезек  
қондырып байқа. Ал енді қара балапанға келсек,  
был мен көрмеген қырандардың ерекше бір тұқымы.  
Мұның мүшелері сайлы демесем, сыр-сипаты қандай,  
келешекте қалай баптау керек, мен мұны айта  
алмаймын. Соңан соң әнебір қырги кескіндес, сары  
шегір шәулі бүркіт, мен құс танитын болсам, өзінің  
әлі жететін аңдарды құтқара қоймас. Шағын шәулі  
де болса мұның сүйегі таза, сымбатты жануар  
екен, көп күттеуді керек етпес те.

Бұл айтылған пікірлерге кәміл нанған Жоламан:

— Айналайын Беке, сол сары шегірді өзім де  
ұнатып қалған едім, мен енді соған қолқа салам,—  
деп жантайып жатқан жерінен басын көтеріп алды.

— Жок, Бектемірді бір қыырдан басшы етіп  
өктеп келгенде, был жолғы бүркіттердің тәуірін  
мен таңдал аламын деп асыққанмын. Болмайды,  
ағайын,— деп, Нұрмак үшып түрегелді.

Бектемір ол екеуін: «Жарайды, таласпаңдар,  
таң атын, тағы да бір байқармыз, әзірше дамыл-  
дайық»,— деп азар тоқтатты.

Суы ашы, оты сүйық кияңқы шөл өңірін баса-көктеп өткенше, ерте қозғалып, кеш қонақтап, жинақты келген қалашылар шөбі шүйгін, суы тұшы Арқа аяғына іліккен кештің ертеңіне бұл арадан сәске түске дейін қозғала қоймады. Ұзак жол бойында қажып қалған адамдар күн көтерілгенше сепсімей жатып, ұйқыларын қандырды. Тұні бойы жайылған түйелер көк жиегінен жылы сәуле көріне бере, жағалай борбастақ тақырларға шөгіп дем алды.

Ал Жоламан, Нұрмак, Бектемір үшеуі орында-рынан ерте көтерілді. Ұқыпты ширак жігіт Жоламан жайыла-жайыла дөң асып кеткен аттарды тауып әкелмек болып қырға шықканда, оның егде екі серігі құдық басында таңертенгі намазда отыр еді. Таңғы парызды өтеп бола салысымен Нұрмак көкейтесті сөзіне кірісті:

— Ал, достым, мен қай қыранға тұрактайын?— деді ол Бектемірге.

Басында өнсіз ескі топ тақия, үстінде қара кемзал, аяғында мәсі байпағы бар, намазға жайылған шапан үстінде малдас құрып отырған Бектемір қыранның жетім қанатында қайратты қара мұртын бір сипап қойды да:

— Тұнде үшеуіміз кеңескенде қара балапан жөніндегі шын ойларымды мен бүгіп қалған едім,— деп ыңғайсыздана мырс етті. Соңан соң ол:— Иә, қара балапан,— деді,— анығында да мен көрмеген тосын тек. Бірақ мұның қоспасыз алғыр тұқымнан екенін соқыр адам да айта алады. Төстиген кең жемсауы, шалқақ қеудесі, алшақ балғын топшылары, тік отырысы, асыл орактай дәңгелек қанаттарының айқасып түрған өткір ұштары, сергек балуан тұлғасы, асыл қылыш жүзіндей жалт-жұлт еткен сүр шегір көздерінің өзі неге тұрады? Бұл — анау-мынау құсқа бітпейтін мұсіндер.

— Ойпырмай, сондай ерекшеліктері біздің көзімізге неге тұспеген? Кеше тұнгі от жарығында шөлдеген шажа құс сияқты, бір қанатын салбыра-

тып, алқам-салқам боп отырған ол шіркін осыншама  
қайдан керемет бола қалды?

— Е, Нұрмағым, хайуанаттың саңлактарына  
құмарсың, бірақ алабұртқандықтан көп нәрсені  
аңғара алмайсың. Менің болжалдауды бойынша  
қара балапан асыранды құс емес, түзден биыл ғана  
торға түскен тірнек. Ол әлі бастықпаған, уытты  
жас қыран. Қазірге дейін епсіз жандардың қолында,  
солардың олактығынан шошынып аранға ұшыраған.  
Оның сол жақ топшысының түбіндегі жара, құйрығы  
мен қос қанатынан жұлынып қалған бірнеше қауыр-  
сынның орындары соны аңғартады, сабазым... мен  
өзімнің мақтаулы сары құсымды саған берейін, қара  
балапанды маған қиятын болсаң. Бұған қалай  
карайсың?

— Ой, тәубә, ой, тәубә! Тіл тие көрмесін...  
Айналайын, Бекежан, ендеше қара балапанның  
жолына салдым барлық мал-жанымды... Ал, мен  
кеттім, сен де жүр.

— Кінәратсыз ак көңіл жансың, Нұреке. Бірак  
шыдамың жок. Сен қазір-ақ осы арадан тұра сала  
менің жаңағы айтқандарымды кез келген кісіге  
дауыстап, жұртқа жаймақсың, ә? Аптықпа, Жола-  
ман келсін.

— Макұл, макұл.

— Ал енді Жоламан келісімен-ақ, қара балапан  
емес, шәулі сары шегір жайын сөз етер. Онда да  
ол екеуімізге «бұл құсты киыныздар маған» деуіне  
дау жок. Келісейік, соны сол-ақ алып тынсынши.

— Дұрыс, ықтиярмын. Ал қара балапанды мен  
қалай қолға түсірмекпін?

- — Бұл іске менің араласпағаным қолайлы.

— Неге? Сен назар аударсан, басқалар жабыла  
түсе ме?

— Тегі, саудаға салынар асылдың маңында  
дырду аз болғаны жөн. Қара балапанның қазіргі  
кожасы бір бейшара адам, өзіміздің ынжық Мәден  
ғой. Соны оңаша шығарып алып, өзімен жеке  
тілдес. Ол бірден иліге қоймас. Алайда былай  
ырғаса келгенде сен «астымдағы мына торы ала  
жорғаны берем» де.

— Жарайды. Осы айтқан ақылдарың орнынан шықса, өзің де менен қалағаныңды ал, Беке.

— Ол жағын атама, сенің сері көнлінді аулай алсам, маған сол да қанағат.

Жоламан аттарды қыр астынан жетелеп әкеп суарды да, шідер салды. Сөйтіп, ол серіктестерімен қайыра бас қосқан жерде «сары шегірді маған қызыздар, ағайындар» дегенді айтты. Мыналар: «Амал не, жапанды жалғыз ауыл жайланаң ер көңіл азамат едің, алсаң алшы», — десті.

Жоламан осыдан соң көп кешікпей-ақ сары шегірдің иесімен кездесті де, оған бір торпақ беретін болып келісті.

Нұрмак та қамданды. Ол өзінің қырықтан асың-қыраған өмір бойында тай-байтал, ыңыршық тұғырлардан өзге жылқыға бүт артып көрмеген жуас адам Мәденді топ қазы болып баурынан жараған әлді, жұмыр тұлғалы торы ала жорғаның қасына әкеліп отырып сөйлесті.

Бұрын мұндай құпия кенеске шақырылып көрмеген Мәден «ақ көңіл Нұрекенде қандай құпия сыр болды еken? Әлде ел жақтан жайсыз бір хабар әкелді ме?» деп ойлағандықтан, торы ала жорғаға бір, оның иесіне бір кезек-кезек қарай берген еді.

— Осы мына тұрған атымды ал да, қара балапанды бер маған,— деп, төтесінен бір-ақ қойып қалды Нұрмак.

Бота тірсектері бүктетіле жүресінен отырған Мәден әрі сасқалақтап, әрі қуанғаннан:

— Ой-бой, Кожанасыр баурым-ай, бір қара торғайға бола ұма майы қалпақтай дөкей құр атты шынымен аламын ба? — деді.

— Құдай алдында сұраусыз, басы бүтін.

— Уәде ме?

— Уәде!

Осыған қол алысқаннан кейін екеуі жадырасып, кенірек сөйлесіп кетті.

Нұрмак қара балапанға қолы айқын жеткеніне көңлі дауалаған соң, дағдылы ақ көңілдігіне басып,

бала бүркіт жайында Бектемірдің айтқан жорамалдарын естіртті.

— Апыр-ай,— деді Мәден.— Қордай тауын мекендейтін кәрі жездеміз Олжабай «нағыз саятшы кездессе, қара балапанды ең кемінде бір құр ат беріп алады» деген еді. Ес білгелі қолыма күйкентай қондырып көрмеген басым, мен бұған нанбап едім.

Қалтқысыз момын адам осыдан кейін бала бүркіттін шежіресіне көшті.

Әккі, қарт аңшы Олжабай осы күздің бас кезінде Қордай тауының қиясынан арқардың тоқтысын жұлмалап отырған ақынты таң сәріде сыртынан көреді. Ол сол күннің кешіндеге дәу қыраннан қалған жемтікке ауылдан әкеп тор құрады. Келесі сәскеде ол сол торға шырмалған тірнек құсты үстап алады.

Қара балапан дегеніміз сол тірнек. Мұның қанды көз қыран боларын Олжабай жақсы білген, бірақ Мәденнің ауқаты шамалы кәрі жездесі балдызына жібек шапан жауып, ат мінгізіп жібере алмағанына қапа болғандықтан жас қыранды берген екен.

#### 4

Арқада көкжиекті орай келіп, кең-байтақ өлкелерді алқа-котан қоршап тұра қалған, іркес-тіркес қоңыр адырлар — ірге таулар деп аталады.

Ал біздің ауылдар қыстайтын Қартабай жалын — шығыс жақтағы беті ашық сардалаға батыс жақтан әдейі арнап ұзыннан-ұзак қоршай соққан қорған деуге болады.

Осы ұзын жалдан оңтүстікке қарай одағайлана бөлінген жеке қара шоқы тұр. Сол шоқының күнгей жақ сыртындағы мол бұлак жылғасына төрт-бес ауыл орналасқан. Жылғаның бас-аяғында осы ауылдардан көз тоқтатып, көніл аударап ештеңе жоқ.

Күздің кешке айналған жылы шымшым жайдары күні қуара сазарған айналаны бәрібір құлпырта алар емес. Тек бұлак басында ғана үлкен үй орнындағы көгал көрінеді.

Ауылдар маңында қара-құраң малдар да аз.

Қотандар сыртында бірлі-жарымды арқандаулы аттар мен тоқты-торымдар жайылып жүр.

Сарша тамыз өтіп, қара сұық әлі бастала қоймаған. Қоңыр күздің қазіргі кіші бесін шағында боз көделердің басын желпіген жұмсақ жел жанға жайлыш сезіледі.

Кешкі шайларын ішіп, желпіне тысқа шыққан колы бос егделеу еркектер бұлак жайқынына жақын тастақ төбе басында отыр. Арна етегіндегі жазықта он шақты бала екіге бөлініп, белде доп ойнауға кірісken.

Ауыл желкесіндегі төбе басында отырғандар даурыға сөйлейді. Олар орталарындағы бүркітті айналдыра қарап, соны ермек етіседі.

Қолына бүркіт қондырған бадырақ көз, қонқақ мұрын қара кісі — Нұрмак. Оның қолындағы құс — былтыр қалашыларды алдынан тосып, торы ала жорғаға айырбастап алынатын кара балапан. Ол қазір өткен күздегі үрпиген тірнек емес, балғын, бұл күндерде ерекше саңлақ құс болып алған. Томағасы алусыз күйінің өзінде топқа түсер балуандай тік отыр, жан-жағынан тың тындал мойнын қылқындана созып қояды. Шалқақ қос топшысын біресе қысып, біресе жазыңқырап, комдана түседі. Осы тас түлекке көз алмай қараушылардың ішінен қыжырайған қара шал Шәймерден: «Шіркіннің сергегін қараши», — десе, басқалары:

— Иә, иә, мына кәпір бабына келтіріліп, түзге шығарылса, көзіне көрінгенді аман-сау құтқара қоймас,— деп қостайды.

Топ адамның өр жағында, бетін әрі, бөксесін бері салған, дөңбектей біреу жантайып жатыр. Ол өзінен төменірек отырғандарға жуан мойнын бүрғанда, желкесіндегі семіз қүйқалары қатпарлана түседі. Мауқиған басына қара күрең қалың өңі де келіскең. Бұл — мына бұлак басындағы үш-төрт ауылдың қожасы — Ақтай мырза. Ол көшілік қаумалаған бүркітшіге үлкен көздерін аларта қарайды.

Бүркітшіні қоршаған егделердің сыртын ала орналасқан қара мұртты, шоркөз Баймұқан мен

бота тірсек Орынқай өзара шүйіркелеседі. Бұл екеуі көптен бөліне қыңырайып жатқан мырзаға жалтақтап карайды да, Нұрмакты ортаға алған кіслерге иектерін көтеріп койып, жымың-жымың етіседі. Ақтай мырза қара балапанды қолқалап ала алмағанына қамырықты екенін, оған бір «қара торғайды» қимағаны үшін Нұрмактың жайсызданатынын бұл екі қу жақсы біледі.

— Қәне, құсыңың томағасын сыпышы, жалаң бастанған кезіндегі кескінін бір көрейік,— деп дауыстады Орынқай бүркіт иесіне.

— Қоя тұр, сырттағы дан-дұңға бойы азырақ үйренсін.

— Иә, асау нәрсе бұлқынып, жұлқынып әуре етер.

— Онсыз да бар тұлғасы көз алдымызда тұрғой,— десті қара балапанды қаумалағандар. Орынқай Ақтайға естірте:

— Е, сырғы белгісіз бір қара құсты сонша ардақтыйтын не бар!— деп орнынан көтеріле сөйледі.

— Қаратаудың бұл қомағайы әлі де талай-талай қиқарлық көрсетер. Пайдасынан зияны асып кетіп жүрмесе жарайды ғой,— деп, бір жағынан Баймұқан қосарласты.

Ақтай қырындан жатқан бойында мырс етті, басқалар ду ете қалысты.

Бұл оғаш күлкілердің ар жағында жатқан мән бар.

Жүрісі жайлы, мініске берік торы ала жорғадай жайсан жылқының тұқым-тегі белгісіз көк қауырсын балапанға айырбасталуы Нұрмактың ағайындарына ұнамаған-ды. Қара балапанды Бектемір таңдал әперді деген сөзді естіген соң ғана тынышталың-қыраған еді олар. Дегенмен тірнек құс бас асау болып шықты. Нұрекең оны екі ай бойы томағаға үйрете алмай әуреленді. Балақ бауынан не қолдан босап кетсе болғаны, көрінген күшік, итті, көрінген мысықты бас салады. Тіпті өзі әлім келеді-ау деген кішірек малдар мен балаларға да тап-тап береді.

Осы шәлкес тірнек жаз шыққанша тек иесіне

емес, бүкіл бір ауылға маза берген жоқ. Нұрмактың шөп үйген ашық қорасына барған тоқты-торымдардың әлденешеуін умаштап өлтірді. Кейінде Шәкеннің дәу сары тәбетіне түсіп, өзінің май табанын шайнатты. Қара балапан осы жарасынан айыға бере өз иесінің төрт жасар жалғыз ұлы Серікке салды сегіз наизаны. Жас бүркіттің уытты өткір тұяқтары баланың балтыры мен білектеріне екі-үш жерден батып кеткен еді. Қағына жабысқан жарадан жас Серік көктемге дейін төсек тартты. Ол акыры әлсіреп, ойсырап барып, жаз ортасында зорға айықты.

Бұл құмарлыққа не дауа бар, Нұрмак қара балапаннан сонда да айнымады. Оның жалғыз ұлы Серік қазір он аяғын сылтып басады.

— Нұрекендер шын саятшы ғой, қара балапаның жолына торы ала жорғамен қоса, жалғыз ұлы Серігін де құрбан ете жаздады ғой,— деп, Орынқай жас бүркіттің оғаш қылықтарын осы жерде тағы да еске түсірді. Отырғандар ду ете қалысты.

— Кет, онбаған, қылжақбас ит!— деп, Нұрмак шұғыл бұрылды ар жағына, егер қолында құс отырғанда ол Орынқайға тап беретін еді.

— Нұреке, менікі әншейін әзіл ғой. Құсыңыздың тәуірлігіне талас жоқ. Қалағаныңды ал да, берсеңші бұл шіркінді Ақтай мырзаға. Сөйтіп, бәрімізге пана болар адамның көнілін ауласаңшы,— деді Орынқай.

— Ақтай маған Найзакөкті берсін, мен бүркітімді оның босағасына қондырайын.

— Мұның дәмесін қара!— деді бейтарап бол үнсіз жатқан мырза, жерден басын көтеріп алыш.

— Жылына әлденеше қасқыр соғатын бәйге атты, қасиеті әлі белгісіз қайқы қанат қарақұска айырбастау ма?..

— Нұреке, шамалап сөйлеу керек кой.

Орынқай мен Баймұқан көздерін қысып мәз болысады.

— Ей, екі қу, Ақтай үшін арам тер болғанда сендерге не түседі? Әлі қансонар басталған күндерде көрерміз, кімнің күлгенин,— деп, Нұрмак бүркітің жаурынынан сипай бастады.

Қара балапан иесінің үні мен қымылдарына дағдыланып қалған екен, шалқақтамай комдана отырып, шаңқылдап қоя берді.

Екі топшысы алшак, жемсауы шығыңқы, балғын тұлғалы көрікті жас түлекке көпшілік тағы да енте-лей қарап қалысты.

Қоңыр құздің соңғы аптасында қара балапан екі-үш қоянды қатарынан алып жіберген-ді. «Қара балапан көзіне көрінген аңды жіберетін емес» деген қауесет тастұлектің алғашқы көрсеткен осы әрекет-терінен кейін тараған-ды.

Бірақ жас бүркіттің бір осал жағы және байқалды. Алдыңғы күні Қарашақының сайында жүрген дәлекі тұлкіні көрсеткенде, қоянға шүйіле кететін құс бұл жолы алдында қашқан аңды тек жайқап өте шықты.

Өткен қыс кезінде дәу сары тәбетке түсіп, майта-банын шайнатып шошымалды болғандықтан ба, немесе тұлкіні аң деп танымай ма, әйтеуір қара балапанның бұл жолғы қылышы көргендерге де, естігендерге де ұнамаған еді.

Қазір сондықтан да тәбе басында отырғандардың еріккендікten тамашалағаны болмаса, жас бүркітті еркін мактауға да, жамандауға да ауыздары барыңқырамайды.

Жалпы, жай сөз айдағандар тәбенің иек артпа мұралтайынан асып, өздерінің қатарына келіп қалған салт аттыны аңғармады. Орынқай мен Баймұқанның қосарласа қағытқан қалжындарына ызалы Нұрмақ «кә, бопым, кә! Жарқыным, кә!» деп бүркіттің томағасын тартты.

Қара балапан жалаңbastana салысымен, асыл қылыштың жүзіндегі сүр шегір көздерін жалт-жұлт еткізіп, тәніректі бір шолып алды да, ілгері екпеттей лап берді. Айқыш-ұйқыш сермелген әлді қанаттардың екпіні дауыл тұрғызды. Сонымен коса тәменгі жақта тасыр-тұсыр еткен ат түяқтарының дыбысы естілді. Үркектеген кер бестіні тебіне қамшылап, тақап қалған кісіні қөрді тәбе басындағылар.

— Ассалау мағалейкүм!

— Ұағалай күмәсса лам... О, Бектемір ғой ми нау,— деп жамырай амандасты.

Сырбазданған Ақтай мырзадан басқалардың бәрі де атынан түсे аяңдаған Бектемірмен орында рынан түрегеліп қол алысты.

Жолаушы шой желке мырзаны андамағандай-ақ, оған өздігінен барып амандаспады, өзі келген жақтағы ел-жүрттүң аманшылығын сұрасқандармен тіл қатысады. Оқшау қалып, ыңғайсызданғаның елеусіз еткісі келмеген Ақтай түрегелген бойында.

— Даңқойланған жүрт-ау, күн батып барады ғой, мал қайда, жан қайда? Не болып жатыр? Тарайық та... Е, келген сен бе едің, Бектемір?— деп аяғын талтандай бір басты. Бектемір:

— Семіз құрбы, саумысың, мал-жаның аман ба?— деп ең соңында соған қарай бет бүрды.

Ауылдар орналасқан бұлактың етегіне түйе, сиыр, қойлардың алды тақап қалған екен, төбе басында тұрғандар екі-екіден, үш-үштен бөлініп малға қарай бетtedі. Ақтай Бектемірге «үйге жүр, қонақ бол!» деп шын ықылас көрсетудің орнына, «бері жүрмейсің бе» деп, мойнын бүрмaston өз ауылына тіке тартты.

Жеке қонақты баурап алған Нұрмак:

— Айналайын, тілегенге — сұраған, жақсы келдің... Саған соятын бір мал менен де табылады. Бар дүниенің кіндігі бір өзінде тұрғандай-ақ нығызданған Ақтайды не қыласың. Жолдан қажып келмесен, бүгін түні бойы бір сырласайықшы, кеңесейікші,— деді бір қолына құс қондырып, екінші колымен кер бестіні шылбырынан жетектегеніне ыңғайсызданbastan.

Оның қолындағы қара балапан қозғалақтамайтыныш отыр. «Жұасып қалған екенсін-ау, сүршегірім!»— деп ойлады Бектемір тастулектің кескініне қарап. Нұрмактың барлық ынталасы өз бүркітінде екенін ол сезіп келеді. Бірак мұндай тегі жат жас қыранның бабын табу жеңіл жұмыс емес. Жақсы шындалмай шыныршық атпас асыл темір

іспетті, күйі катты болар бұл жас бүркіттің. Бабы келіссе, алдағы күндерге көп қызықтар көрсететініне сөз бар дейсіз бе?

Ак көніл, ар жағында қалтқысы жоқ Нұрекен ауылға жетпей-ақ ойындағы құпия сырын аша бастады.

— Қәне, достым,— деді ол бұлақ басынан өте берे,— о баста өзің таңдап әперген қара балапан мынау... Қоріп келесің ғой, көніліңе тола ма мұның бүгінгі қияпты?

— Е, мен сонша бір «көріпкелі» бар сәуегей ме екем? Қаратаудың қанды көзін қалай асырағаныңды құс қожасы өзің айт. Мен мына Шалтас жағына бір шаруамен шыққан ем, жолшыбай сәлемдесе кетейін деп бұрылдым бұл ауылдарға.

Бұған Нұрмақ иланды. Бірақ Бектемір төте жолдан былай қарай бұрылғанда сәлемдесу үшін емес, қара балапанға бола, соны бір көргелі келген еді.

Аңқылдақ Нұрекен жас бүркіттің бабы оңайға түспегенін, шәлкек шіркіннің қыс бойы көп михнат тарттырғанын және бірқатар зиян да келтіргенін тізе келіп:

— Былтырдан бері өз қолымнан келген бар баптың тұр нұсқасы осы. Томағаға үйреттім, өзіңнің айтуына қарай ашыған жылқы бездерін беріп түлеттім. Бар білгенім сол ғана. Ауылдар арасы кереқар, он айдан соң бір-ақ оралып отырсың, өкпелімін саған,— деп бір тоқтады.

— Тіршілік қамынан мойын бұруға мұрша келді ме, Нұреке-ау...

Үйге келіп кірген соң, жас бүркітті Бектемір қолына алды да «кә, бопым, кә, жануар, кә, жарқынам!» деп сылап-сипады. Бүркіттің төс етін, жемсауын, құйымшағы мен сандарын ұстап, денесін салмақтап көрді. Жас қыранның жақсы сауыттанып, балғындана түскеніне ырза болды. Бірақ Бектемір ежелгі дағдысы бойынша білгірсімеді және аңғарғандарын жасырған да жоқ:

— Тым семіртіп алған екенсің, Нұреке,— деп бір койды.

— Неге олай болсын, көзіне көрінген бадырақ көздерді қағып түседі казірдің өзінде,— деді Нұрмак.

— Сол қояны құрғыларды қайтетін едің. Ұяда не көрсөн соны аларсың демекші, жас қыранды дағдыландыру шартты жұмыс. Бұл алғыр шіркің дердің бәрі де көргенінен көз жазбайтын, айнығанына қайрыла бермейтін катал хайуан ғой.

— Иә, мұның орынды сөз. Ал енді әнеугүні аяқ астынан тұра жөнелген күшік тұлкіге үмтыйлмады бұл шіркін, бұған қалай қарайсың?

— Эр нәрсенің маусымы бар, қыранды мезгілсіз, шабытсыз қинау қиянат. Үнемі қоян ұстап дағдыланған бүркіттің кейін тұлкіге мұлдем үмтыйлмай қоятыңдары да болады.

— Е, бәсе, мен бүркіттің бабын білуші ме едім. Қайран қара балапанды аяқтанбай жатып-ақ бұзған екем ғой, алда тәңір-ай!...

— Қоян деген немене? Оны қаршыға мен ителгі де ұстай алады. Бадырақ көзге жас бүркітті жұмсауың бекер болған.

— О, көр болған дүние! Шынымен-ақ қара балапанның тұлкіге тұспестей болып, біржола шайлықканы ма?— деп күрсінді Нұрмак.

Бектемір бұдан әрі үндеғен жоқ, тек дастарқан жасалып, бірер шыны шай ішкен соң ғана: «Сен,— деді ол,— бет алды сандырактама. Әлі бұліне қойған ештеңе жоқ. Бүркітінді барынша күйлендіреміш деп шаулатып алышсың. Бұдан былай оған бөртпежем бере баста. Онда да күнара, екі күнде бір тояттатсаң болғаны. Ал күн суи бастаған кезде ақ жемге қарат».

— Зар күйіне қалай келтіремін, соны ұқтырсаңшы.

— Алдымен атқаратын іс — құсыңың етің ояндату.

— Ал соナン соң?

— Кар жауар алдында жемсауын мұздай сумен бір-екі рет жу. Соナン соң мұныңың қоябасын түсіріп пе едің?

— Е, екі жастан жана ғана асқан тастүлекте қояба қайдан болсын.

— Біліп сөйлемдім деп отырсың, ә. Үнемі таза жем жеген кол бала құс па екен бұл? Тұздің қанды көзі алған тоятын қыл-қыбырмен қоса жұтпай ма?

— Я, рас, рас айтасың. Менің жалаң құмарлығым болмаса, шын бапкерліктен қуралақан жанмын ғой. Сенің айтқандарыңың бәрі де маған парыз, мен соның бәрін де орындаімын.

... Семіз кебенің еті піскенше тұн жарымына жетті. Қазан түсіріліп, ет желініп, кол жуылғанша үркер тәбеле жақыннады. Соған дейін Нұрмак өз бүркіті және жалпы аң аулау жайында сөйлеуден бір жалақпады. Егер Бектемір «мен ертең ертемен жүремін» деп ескертпегендеге, ол таң атқанша өзінің құмарлығы жайында сөйлей беруге талmas еді.

## 5

Қоңыр күздің шуақ күндері жоғалды да, жаңбырлы қара дауылдың жайсыз мезгілі жетті. Жұрт көндеріне орналасты.

Шаруаға салақ ауылдар ашық-тесік қораларын толық жөндеп, әлі тасылып болмаған пішендерін маялағанша қыс та келіп қалды.

Ақтай мырзанікі сияқты әлді ауылдар арық саулықтары мен тоқты-торымдарын сақа семіздерінен айырып, отарларға бөлді.

Күздің салқын күндері адамдар жаурамастай балшық үйлерге, малдар жылы қораларға жайласқанын көрген сон, ендігі кезекті қаһарлы қысқа берермін дегендей-ак, аз уақыт байсалды қалыпка түсken еді.

Ат-көлігі сайлы, қолы бостар мұндай кезде қайдан қарап отырсын, қасқыр қуатын семіз сайгұліктерге ер салысты, дом жарауларға мініп, соңдарына иттер ертіп, коян қуысты, бөрінің бөлтіріктерін соқты. Мұқаш сияқты кәсіпші мергендер коңыр адырлы боз бүйрараттардан арқар, елік және Арқадан қуан байтакқа қарай бет алған ордалы киіктерден күн сайын екі-үшеуін атып әкеп жүрді.

Ұяда, одан соң тұздегі тірнек шағында қансоқталы тояттарға дағыланған қомағай қара балапан бір аптадан бері бөртпе жемге қаратылса, соңғы бірнеше күндерде ак жемге ауыстырылған еді. Қазір ол бұрынғысынан да мүсінді, сәнлақ болып алған; тұғырда тыныш отырмай, жерге қарғып түсе береді.

Тыста томағасы тартылса, адамның колын биялай сыртынан құшырлана сығымдайды да, мойнын қиқайта көк жүзіне қарайды; содан соң көп кешік-пей-ак әлді қанаттарын жазып жіберіп, алға ұмтылады.

Самғауға ынтасты ауған ішқұса тастүлек қайыруға ырық берместен етбеттей талпынады. Дауыл тұрғызыған қос қанаттан жақын арада жүрген ұсақ малдар үркे қашса, мысықтар мен құшіктер беле жөнеліседі. Оның осы қылықтарына қарап «қара балапан тоят алуға ұмтылады» деп ойлаған ауыл адамдары құс иесіне: «Мұны түзге алып шығайықта»,— деседі. Бірақ Бектемірдің тұнеугі кеңестері жадында болса керек, Нұрмак мұндай ұсыныстарға көне қоймайды. Ертелі-кеш тек қана бүркітпен айналысып, тек соны күйіттеу әрекеттерінен ешқайда шыға алмай іші пысқан Нұрмакқа әуесқой аңшылар:

— Өзің сарылғаныңмен қоймай, жануардың бағын байларсың, кел, түзге тартайық!— деседі.

Жабағылы бір-екілі биесін қосталған көп жылқыға, жиырма-отыз ұсақ түяқтарын жалпы қотанға қосқан, әл-ауқаты Нұрмактың өзімен шамалас ауылдастары бір-бір атқа мініп алып, күн сайын аңға шығады. Олар ителгі, тазыларымен кешке қарай екі-үш қоян, немесе бір түлкі әкеледі. Осылар аң әкелген сайын:

— Біз үйіне биыл жеткен Сәлменнің көк қаншығын, Балғабайдың сарқасқасын ауыздандырыдық бүгін, Нұреке, қара балапанды да түлкіге аяқтандыру керек емес пе?— десіп келеді.

Ақыры бір жағынан тұзді аңсап, екінші жағынан әуесқойлардың ескерте берген сөздеріне еліккен Нұ-

рекең күздің салқын бір таңы алдында ауылдаста  
рымен бірге тауға бет алды.

Суық, қыраулы таңмен қатар аттанған төрт-бес  
аңшы күн шығар-шықпас шақта жақын арадағы  
кара шоқының бөктеріне ілікті. Қолдарына бұркіт  
кондырған, сондарына үш-төрт ит ерткен аттылар  
тоспаши, қағушылар болып жіктелгенше, етектегі  
бұталы боз төбелердің жылғаларынан үш қоян  
қашты. Нұрмак оларға бола тас түлегінің томағасын  
тартқан жок. Бой көрсеткен бадырақ көздердің  
біреуін тазылар салған жерден дөңгелете, кезек  
сыпыра жүріп, қаумалап үстады; екіншісін Ақыштың  
сары қаншығы топтан сытыла ұзап шығып, ойдан  
өрлете, қырдан қайыра жүріп, ақырында еріксіз  
інге тықты. Ін түлкі кеңіткен, суырдікі екен, терең  
бұрмалы боп шықты. Бұған қашып кеп кірген орқоян  
тал құрыққа іліне қоймады. Асықкан аңшылар  
бұған бөгеле қоймай, ілгері тарта берді.

Биіктегі бас қарауылды Нұрекең бұрын алды  
Аралық тоспада сары қаншығымен Ақыш тұрды.  
Тоспашилар орнығып болды-ау деген кезде ғана  
қағушылар адырды қаусырмалаған еді.

Бас қарауылдың шатқалына атын байлап, құсы-  
мен Шоқпартасқа жете бере-ақ Нұрмак қара бала-  
панның томағасын тартты. Еркін-жайқын түзде  
екенін тынысы кеңіндігінен онсыз да сезіп, біліп  
келе жатқан албырт қыран басы жалаңаштанған  
сәтте-ақ комдана қалды. Мойнын созып, басын екі  
жағына кезек бұрып, көк пен жерді қатарынан  
шолғанда, оның өткір қырағы көздері жалт-жұлт  
етті. Бойын лездे шабыт кернеп, арқасы мұздап  
қоя берді білем, қара балапан дүр сілкінді; сейтті  
де, үрпиген жұндерін қайтадан жымия жатқызып,  
еңкеjе түсті де қолдан бір-ақ ытқыды. Құстың аяқ  
бауын алууды ұмытқан Нұрмак: «Әй, әттеге, қап!»—  
деді.

Биік басынан ұшқан бұркіт сол деңгейден төмен-  
деместен тура тік самғады. Аздан соң қанаттарын  
жел сүйемелдеп, денесі жеңілдей түскен шақта тас-  
түлек шыр айналды. Ол содан шарықтай берді,  
шарықтай берді.

Бұл уақытта «тойт, тойт!» дескен дыбыстар мен шапқан аттардың тасыр-тұсыры да естіліп қалды.

Тұлкі қашып, оған тазылар қосылғанда қай аңшы қарап тұрмак:

— Эй, ана кетті! Эй, мына кетті... Ана жағын ала беріңдер! — деп айқайлассаң дауыстардан тау жаңғырықты. Төменнен шыққан үндерді Нұрмактың құлағы айқын шалады, бірақ қазір оның көзі мен көнілі көкте, қыр басында тапжылмастан жоғары қарап жаяу тұр. Ол серіктестерінің бір-екеуі көп үзамай-ақ дәл табан астындағы сайды: «О, майлана берсін!.. Үйіріңмен үш тоғыз!» — дескен үндерін естісе де, жердегі қызықты ескермегендей орнынан қозғалар емес. Өйткені бұл кезде қара балапан аспаннан төмен қарай құйылған еді.

Қанаттарын қомдап алып, жұлдыздай аққан тас түлек, сонау бір алабажақ шилі қарағандар үстіне төне бере бір құйқылжыды да, жарқ етіп жоқ болды. Нұрекең сонда ғана есі кіргендей: «А, құдай, бере көр!» — деп төменде тұрған атына қарай жүгірді.

Сай табанында, қара қылышқ көкше тұлқіні қанжығыларына байлас жатқан Орынқай мен Ақыштың жанына Нұрмак: «Ал, ана... қара балапан!.. Ойбай-ау, неге тұрсындар!» — деп шауып өтті.

Жүрегі алып ұша қуанған аңшыда ес қала ма, осы қызық көрініске екеуі де тұра ұмтылысты.

Көбен қурең тай, арық шабдар байталмен бұл екеуі қарағанды, шилі алқапқа жалбалактап жеткенше Нұрмак аяқ бауы бұтаға оралып әуреге түскен қара балапанды шырмаудан босатып, соны қолына қондырған күйінде шилер мен қараған арасын жаяу аралап жүр еді.

— Е, не болды, ұстады ма? Қандай аң?

— Ойпыр-ай, құсым мерт бола жаздапты!

— Немене, өзі қасқырға түскеннен сау ма?

— Өзім де көре алмай тұрмын.

Бұлар енді үшеу болып, ши арасын олай да бұлай ойқастады.

Кейінгі екі аңшы да келді. Енді төртеуі қосылып, дымқыл жерден әрі-берлі із қарастырды.

Үкі аяқ, күрең тайдың бел ортасында қоржиған жапалақ көз қара кісі Ақыш:

— Ой, жануар-ай, көктен жерге шаншылып еді бір атылған наизадай! Пах! Пах! Сонда да ілдірмей кеткен бұл қандай аң болды екен, ә? — деп таңдайын қағады.

— Ей, өзің даурығып, көнілді аландастпай тұра тұршы!

Осыны айтып, атынан жерге түсे қалған Орынқай аяғының астына тесіле қарады да:

— Иә, қара балапан құс-ақ екен! Мұның шүйілгені анау-мынау емес, тұра арқардың тоқтысы! Қарандар, жас құмалактар мен айыр түяқтардың таңбасы жатыр мына арада мөрдей болып,— деді.

— Кәне, кәне?

Аңшылардың бәрі сол араға жиналды. Бәрі үңіле қарасты.

— Алда, тәңір-ай, бұл бұйырмағанға не шара,— деді жаман құпісінің омырауы ашылып, түкті төсі жалаңашталған, қызыл көз, қонқақ мұрын, күйек сақалды шал Шәймерден,— тоқты құлжа осынау қорық шетінде маңқылып, алаңсыз тұрған жерінде тастулемек киырдан келіп сорғалаған екен. Бұл арқар деген сақ, сергек бәле емес пе, төбесіне төнген көлеңкені шалар-шалмастан қалың қауға бір-ақ ырғыпты.

Бұл екі ортада тұлкінің терісін сыйдырып болған Баймұқан:

— Ау, әлеумет, қарасын бір үзіп кеткен аң енді таптырмайды қара жерде. Енді көп қубендемейік, күн сәске түс болып қапты,— деп онтүстікке қарады.

— Ал сонда не іstemекпіз?

— Енді төбесінен түсіре қоятын түз тағылары жоқ. Олардың бәрі де айқай-ұйқайдан безіп кетті. Мен ендігі жерде Ақтай мырзаның аулына барып, түстенуден артық ақылды біле алмай тұрмын,— деп, ол шабдар байталының ауыздығын сала бастады.

— Иә, жөні солай.— Қызыл көз шал қозы қарын

қара кер дөненді шылбырынан өзіне қарай тартты.

— Ақтайдың аулына бармаймын,— деді Нұрмак.

— Ау, Нұрмак, жол менікі еді, бірақ ана түлкіні сен жаңыца байлан. Қыраныңың бағы ашыла бергей! Жүр, бергің келмесе, сенің құсынды мырза тартып алар деймісің,— деп қызыл көз шал атына мініп алды. Шәкен шалдың бұл сөзін басқалар да қостады.

Жолы үлкен егденің олжаны қиғанына қөнілденген Нұрмак аңшылардың ортасында «мейлі» деп кете барды.

Бұлардың бет алдындағы сонау қоныр бүйраратың қойнауынан көк түтіндер көрінеді, сол арада қыстау болса керек.

\* \* \*

Біраз жұрт Нұрмакты қайғы-уайым дегенді білмейтін Қожанасыр деседі. Ал дұрысында бір беткейліктің негізі — тіршіліктен өмір қыспағын елемей, жарқылдаپ өту керек деп бекінгендікте еді.

Оның әкесі Айқын айтулы батыр еken. Албырт шағында соның жолын қумақшы болды бұл Нұрмак. Алайда «ұзын сойыл, ұрдажық» заман өтіп кеткенін уақыт үқтырды. Беделді болу үшін бақ конуы керек. Ал бақ кімдерге қалай орнайтынын бұл есі кіргеннең бері қарай көріп келе жатыр. Қысқасы, Нұрмак өз бойындағы ақыл-ой, барлық қайрат-жігерін жұмсаса да өзгелерге үстемдік жүргізелік әмірлі бақыт мұның қолынан келмейтін істер болып шықты. Оның дүние-мұлікке көп қызықпайтын, саңлақ хайуандарға ынтық, аңқұмар болатын себебі де осында.

Іә, жаны сүйген, бір талапқа ден қойып, сол талаптан ләzzат тапқандықтан оның қазіргі тіршілігі өзінше қөнілді еді...

Бірақ, не керек, Қарашоқыдан аң қағып, жолшыбай Ақтайдікіне түстеніп қайтқаннан бері Нұрмак әмірден талғап ұстаған жалғыз арқауы — саятшылыққа да ынтасты суып қалғандай, сенделулі.

Аңнан оралған күннің кешінде ол «мұның мойнын

шауып тастайын» деп бір оқталды қара балапанға. Бірақ жұтынған саңлақ қыранды өлтіруге қолы батпады. Содан соң «жоқ, ертең бұл шіркіннің томағасы мен балақ бауын сыпрып алып қоя берермін» деген ойға бекінді. Алайда келесі күні иесінің даусын естіп, шаңқ-шашқ еткен бүркітті оның жүрегі кимады...

Қалайда бұдан екі-үш күн бұрын қара балапан мен екеуі жүрт көзінше маскара болғаны оның есінен шығар емес. Бұған кім кінәлі! Эрине, тастулек емес, оның бабын таба алмаған қожасы айыпты. Мұның Орынқай мен Баймұқандай қуларға сеніп, әлі ак жемге қаратылмай, бөртпе жеммен тоқ отырған құсты түзге алып шығуы есуастық емей, немене?! Онымен де қоймaston Ақтайдікіне барып түстенгенін қайтерсің.

Ақтай мырза қара балапан арқардың тоқтысына шүйіле түсті деген сөзді есть сала жармасты Нұрмакқа. Ол бұған:

— Ағайын ішінде аталас едік, Нұреке. Бәйгекөктен өзге он құр атым бар, солардың ішінен тандағанынды ал да, мына қарғанды менің босағама қондырып кет! — деді.

Нұрмак «бұл кәпір әлі бағы ашылмаған бала нәрсе гой, қолқалауға тұрарлық болған кезде сөйлесейік» деп созбүйдаға салды.

Шынында да қабілеті әлі белгісіз бір қарақұс үшін көп жылқыдан тандатып, айтулы құр ат бере қою оңай іс емес еді Ақтайға. Оның бер жағында құс иесі қоңе қоймасын сезген соң, мырза әрі қарай ештеңе айтпады.

Ордалы, кордалы ауылдан бір мал жеп, былай шыққан соң Нұрмакты Орынқай қолға алды.

— Нұреке, тегі, сіз есеп білмейтін жан екенсіз. Қара балапан нағыз қырғын қыран болып шықса бір жән. Соның өзінде де сізге одан келер пайда шамалы. Жарайды, жақсы бүркіт бір жылда он-он бес түлкі алады дейік, солардың көбін былайғы жүрт байланады екен. Ал енді қара балапан өткен кыста сары төбеттен шошынған әдеті бойынша түлкі

атаулыға тіпті ұмтылмай қойса қайтесіз?

— Е, маған көніл көтерерлік ермек болса болғаны, мал-мұліктің буына жығылар жан мен емес.

Осыны айтып, атын тебіне алға түскен Нұрмакқа Орынқай сыйырая қарады. Ол жолдың жарым ортасына жеткенше қиқағ Нұрмакты жұрт көзінше құлқи етудің тәсілдерін ойластырды, өйткені ол өз тілегін орындауы керек. Әлгіде Ақтайдың аулынан аттанарда, мырза бұған:

— Орынқай, сен қара балапанды қар түскенше Нұрмактан алып беруге септессен, қалған қыстың бойына саған құр аттың майын беремін,— деген еді.

Болашақ мұзбалактан құс иесі айнымасына Орынқайдың көзі жетті. Енді бұл жөнінде әңгіме қозғаудың қажеті жоқ сияқты. Егер Нұрмакты бұл ел аузында жүрерліктей оғаш бір оқиғаға ұрындырса, Ақтай мырза риза болар еді, ал риза болған адам көңілшек келмей ме?

Орынқай осылайша ойланып та, толғанып та бакты, бірақ дәл осы жолы Нұрмакты сүріндіре қоярлықтай құлықтың қисынын таба алмады. Сонымен ол: «Қар жауғанша бірталай... көрерміз әлі»,— деп, әйгілі Әпсәт қудың қылықтарын еске түсіріп келе жатты.

Төрт аңшы аз ауылдарына дейінгі жол бойының жарымынан аса бере, таңертең тазылар айналдыра шалып жүріп кеуекке тыққан кер қасқа қоянның жоқ болған жеріне бұрылды. Бадырақ көздердің күндіз бір тепкі көріп, бір бұққан орнында жарым күн қорғалайтын әдеті бойынша, бағанағы керқасқа да иттер қуып тыққан кеуегінде тырп етпей жатыр екен. Бұл жолы кеуекті асықпай тінткен аңшылар, тарам-тарам қалтарыстардың біріне жұмарланған көржагалды тірідей бұрап суырып алды.

Бұған Орынқай өзге серіктестерінен ерекше қуанды. Кенеттен үлкен ірі қазына, немесе бір қызықты өнер тапқан жандай-ақ көздерінде ұшқын ойнаған ол:

— Ей, жұрт, ей, әлеумет, мен таптым, қоянды

бауыздамандар! Қара балапанды тұлкіге аяқтанды-  
рудың сәтін құдайдың өзі келтірді,— деді.

— Қалайша?

— Ойбай, маубастарым-ай, соған әлі түсінбей  
тұрсындар ма? Дені сау, кол-аяғы бүтін керқасқаға  
бағанағы тұлкінің терісін кигіземіз де қоя береміз.

— Эй, сен қу қайбір берекелі игілік қаасты-  
рушы ең!— деп, Нұрмақ ұната қоймап еді, басқа-  
лары:

— Жоқ, мынау бір табылған ақыл, тамаша кенес  
болды. Шын қызық енді басталады, соны істеу  
керек,— десті.

«Албырт шағында дәу сары төбеттің азулары  
батып, шошымалды болған қара балапан тұлкіге  
мұлде жоламай қояр ма екен?»— деп қудіктеніп  
жүрген Нұрмақ мұндай сәтті кез тап бола бермесін  
түсінді де, Орынқайдың ұсынысын еріксіз қабылда-  
ды. «Қайткен күнде сені осы жолы армансыз бір  
сынармын!»— деп, Нұрмақ құсын қолына қондырған  
күйінде Қарашоқы жактағы жері биіктеу төбе басы-  
на барып тұрды.

Тірі қоян мен тұлкінің терісін өңгерген қызыл  
көз шал мен Орынқай ілгері кетті. Қашар аң мен  
ұшар құстың әрекетіне бөгет жасатпау үшін Баймұ-  
қан тазыларды соңына ертіп, он жактағы дөңнен  
асты.

Адыр боп басталып, алдағы жазық үстін баса,  
арғы өлке табанына дейін созылған боз көделі  
Қосжонас көз тартады. Осы алдағы Қосжонастың  
арғы жағы қобылы, бергі жағы ашық алқап. Аң  
қашыратын екеу сол алқапқа жетті де аттарынан  
түсті. Бұлар белгі бергенше Нұрмақ бүркітінің тома-  
ғасын тартпауға тиіс, өйткені албырт тастулек  
тоят тілеп, бет алды лағып кетуі мүмкін.

Орынқай мен Шәймерден шал күйбен-күйбен  
етеді, олардың не істеп, неғып жүргендері белгісіз.  
Тіпті өздерінің асығатын түрлері жоқ, тірі шырғаны  
бұлар қашан қашырмақ? Құн батуға жақындалады.

Әне, бектерде екі атты ұстап қызыл көз шал  
қалып койды. Орынқай жаяу қыратқа өрлеп барады.

Ол Қосжонастың түйіскен жеріне енді асықпай тізे бүкті. «Онбаған мылжың, сылбыр неме, қоянды неге босатпайды?.. Уй! Түрегелді-ау, әйтеуір!».

Нұрмак құсының томағасын тартқанша, сонау қарайып отырган Орынқайдың алдынан әлденендей нәрсе қылаң етті де, қырдан аса берді. Тәнір атқаң, сөз айдаған қырсау шіркін тымағын сонда ғана қолына алды...

Ұшты қара балапан. Бірақ бұл ұшу аяқ астынан аң көрген құстың жедел самғауы емес, қырдан тоят тілеген қыранның барлай қанат сермеуі ғана.

Бүркіт сабаулай құлдилап, жон үстінде түрекел түрған Орынқайдың тәбесіне төне тақап барды да, қайқая жөнелді. Ол сол шалқайған бетінен көтеріле-көтеріле көкке шықты да, сонау қатарлас орналасқан қыстаулардың аяқ жағындағы өзекке қарай шүйілді.

Бұл тұста шауып келе жатқан Нұрекеңнін екі көзі аспанда еді, өрден тәмен аяңдаған Орынқайды бұл арындаған атының омырауымен соғып кете жаздады.

— Е, не болды сонша, есің шыға шапқылағандай!— деген дауысқа бет бүрганында, Нұрмак Орынқайдың мазақ пен ыза бірдей бүрістіргең жексүрін келбетін көрді. Бірақ бұл көрініске бұл сәтте ол есеп бере алған жоқ. Аспанда зулағаш қара балапан мен астында құйындаі ұшқан шабдар аттың арыны оның барлық ынтасын аударып әкетті.

Орынқай өз қабілетін шамалай білмеген құсбегінің сонынан бірталайға дейін қарап түрдү, содан соң ішек-сілесі қата құлді-ай келіп.

«Тұлкі терісін кигізіп, қарсы алдынан қоя бергей тірі қоянды Нұрмактың мактаулы құсы ұстай алмады» деп жұртқа жаюға енді әбден болады. Сөйтіп, қолға тұсken андардың бірінен өлідей, екіншісінен тірідей айрылдық тал түсте делінсе, қандай қызық болмақ?!

Міне, алдымен Ақтайға, сонан соң ауыл-аймакқа жеткізетін сөз осы.

Тірі шырға өз бетімен ұзап кетті. Оны іздестірер Орынқай ма екен? Міне, енді күн де батты

Нұрмак қырдағы өлкө табанына шапқылап жеткенше, қас қарайды. Зулап әлдекайда кеткен қара балапанды енді тауып алудың өзі оңай бола қоймас...

— Ау, аң қайда? Бүркіт оны ілмеді ме? — деп Шәкен шал мен Баймұқан келді мұның қасына.

— Мен жаяу жете аламын ба, қашқан аңға, кетті безіп... Ей, ағалар, Нұрмакта ес болса, мен құлағымды кесіп берейін. Сіздер қолдағы олжала-рыңыздан айрылдыңыздар. Ол өзі бір жыл бойы көп михнаттармен асырап-сақтаған жарқанатынан да көз жазып қалған болар енді.

Орынқай рақаттана сөйлеп, мәз болған қалыпта жолдастары жетелеп әкелген атына мінді.

Ақшам кезінде ауылдарына қарай беттеген үш аңшы Нұрмактың алаңғасарлығын әңгімелеп бара жатты.

\* \* \*

Осыдан екі-үш күн өткен соң жоғарыдағы оқиға ауылдар арасына түгел тарады. Орынқай мұны әлденеше саққа жүгіртіп, түрлендіріп, ең алдымен Ақтай мырзаға жеткізген еді. Тағы да соның айтуына қарағанда тірі шырғамен қоса қара балапнан айрылған күннің ертеңінде Нұрмак маңайдағы тау-тасты шарлапты. Ол түзде кездескен малшылардан:

— Түйкі тейішін киген қоян көйдіңіздей ме? Тоят тілеп үшқан күш көйдіңіздей ме? — деп сұрайтын көрінеді.

Әңгімесінің осы, ең соңғы қызықты жерін Орынқай Нұрмактың ызаланған, абыржыған кездегі бейнесіне түсіп, оның сондай кезде тұттығып, кекештеніп қалатын кескінін келтіре айтады.

Ақтай мұны бірнеше рет қайталап, семіз мол денесі селкілдеген бойда, көзінен су аққанша күліп болған соң:

— Эй, айналайын! Тастангекті алып бере алмасаң да, рақатқа бір батырдың! Асau қара бестінің майын бердім мен саған, өзің бірдене ғып бастықтыра-сың, — деген еді.

Нұрмак күн батар алдында «қиырға құлдилап кеткен қара балапаннан біржола айрылдым» деп ойлаған-ды. Бұл тірі шырғаның не болғанын, серіктестерінің қайда кеткенін елеген жок, астындағы жарau шабдарды борбайлап, өлке еңісіне төтесінен тарта берген-ді. Бір жақсысы, жас қыран түздің тумасы едім деп бет алды безе бермей, ауыл үстін айналыпты. Мұны мал қоралап жүргендегер көріпті. Нұрекең атын қанша сабылтқанымен, бұл кеште қара балапан таптырмады.

Ертеңіне Нұрмак төсегінен тұрып жатқанда, қойшы Ордабай астындағы ала өгізді әукелектете келіп сүйінші сұрады. Бүркіт тұнде ауыл сыртындағы үш тағанның обасына қонақтаған екен.

Бүркіт иесі беті-қолын да жумастан қамданды. Ол қара балапанды оба басынан тапқан жок, өз үйінің сыртын ала үйілген тепсендегі шағын мая түбінде, кенже туған арық қызыл қасқа бұзауды үстап, соның өкпесін тесіп жеп отырған жерінен көрді.

Жазда сауып ішер жалғыз сиырдың үрғашы бұзауын жайратқан құстың қылышына Қамқа бұл жолы төзе алмады.

— Жалғыз ұл Серікті мүгедек етіп едіңдер, енді жалғыз бұзауды ауыздарына салдындар ма? Қос жалмауыз, екеуіңен құдай мені қашан құтқарады? Бұл не деген масқара?!— деп дауыстады ол, қызыл қасқаның жемтігін көрген жерде.

Дүние үшін көп кеюді білмейтін қоңырқай қосағының зарлағаны Нұрекенің жанына қатты батты. Бірақ ол еркек емес пе.

— Бір жаман бұзауға бола, әкесі жаңа өлгендей құлқын сәріден бүкіл бір ауылды басына көтергені несі-ай мұның? Бар, жөнел көзіме көрінбей!— деп ақырды әйеліне.

Бәрібір жұрт жиналып қалды маяның жанына. Кеше анда жүргенде, ат үстінен ширак көрінгей

кызыл көз шал Шәймерден бүгін еңсеп қалыпты.  
Ол тал таяғына сүйене бұкшиіп тұрып:

— Апымай! — деді томағанған бүркітке қарап.— Бұл шіркіннің пайдасынан зияны асып кететін болды-ау. Мал тұрсын адамға шабады. Бір күні ауылдың жас жеткіншектерінің бірін мұлде мұрдем кетірмесе не қылсын.

Нұрмак ашуланған шактарда буына булығып қалатын морт мінезіне басты:

— Ау, қарт, қарғадан қаза болған неше атабабаңың моласы бар еді? Қөрсетіңізші маған соны!.. Дүрлігетін ештеңе жоқ, бәрін де тараңдар! Қара балапан жазым етер хайуандарыңың құнын алдын ала төлеймін. Енді ырзамысындар?!

Жиналғандар бұдан әрі жақ жаза алмай сырт берісті.

Бейсаут сөздерге осылайша тыйым салынды. Басқадан шыққан шығын жоқ, жұрт тынышталды. Бірақ қара балапанның бұл жолғы тентектігі Нұрмакты шектен тыс қорландырды. «Бұл кәпірдің мойнын үзейін... Жоқ, балақ бауын алып қоя берейін!»— деген ой сондыктан да келген еді оның басына...

Тұлki терісін кигізіп қоя берілгөн қоянның амансау кетуі, оның орнына қара балапанның өз иесіне зиян келтіруі Орынқай мен Баймұқан сияқты қуларға қалған өмірінде сарқылмас ертегі-аңыздай, сықақ етіп жүрерлік оқиғалар.

Сол Орынқай қу қозғаган қауесеттің бір ұшығы Нұрмактың құлағына да жетті. Енді қара балапанмен біржола қоштасқан күннің өзінде де ол мұндай ызыңнан құтылмайды. «Ә, ендеше шыдау керек. Осынша бейнетке батырған тастулектің қызығын көретін күндер де болатын шығар». Осыған бекінген Нұрекен қара балапанды қолына қондырып, атына мінді де, Бектемір досының аулына бет алды.

Өзін ел ішіндегі мықтылардың бірімін деп санайтын Ақтай мырза — өте намысқой, баққұмар, арамза кісі. Дәүлеті қеудеге жақын, сәні мен салтанаты да олқы емес. Өзіндей шүйделілер арасында малмұлкі молайған сайын, беделі де өрлей бастағаң мұның. Бірақ Ақтай ойға алған бақ пен атақ шыңынға әлі де шыға алмай келеді. Елде бұл бойымды теңес тірем деп арман ететін бес-алты дәкейлер бар. Олар — Дұтпай, Датпай, Бұрқан, Дарқан, Арыстанбек, Рұстембек сияқты ата-бабалары аруақты жандар. Билік, бегілік осылардың қолында. Бірақ ата-бабаларына бақ қонған демесеніз, соларыңыздың Ақтайдан артық ештемесі де жок. Арыстанбек, Рұстембектердің белдескенде басым келе беретіні — олардың ағайындары қауғорік, ұйымшыл. Ал Ақтайдың аксататын нәрсе, біріншіден, өзінен арғы атала-рының эйгілі болмағаны, бәрінен бұрын, қандас-бауырластарының алауыздығы; бұған туысы жақындардың көвшілігі шетінен бас-басына бір-бір кожа, шетінен қыңыр, қисық.

Рас, тіршілік камы тәуелді еткен аталастары арасында бұған басы бүтін берілген Баймұқан мен Орынқайдан басқа да Қосмағамбет, Досмағамбет сияқты ағалы-інілі қос көкжады айтуға болады. Соңғы екеуі тұғырдан әлі түспеген батырсымак, көпшіктенкіреп қойсан, қолшокпар болуға жарайтын жандар және өздерінің ұрысқа белсене түсерлік жеті ұлы бар. Сол ұлдардың екі-үшеуі Ақтайдың жылқысын бағады, басқалары да жалшылықта. Бірақ олар шетінен көкжал, жаутусіргіш жігіттер. Осы ағайынды жетеуі тізе қосып тұрғанда, бұлардағы Ақтай мырзыңыздың өзі де қаймығады. Сондыктан да Қосмағамбет пен Досмағамбетті, бұлардың уытты азамат балаларын Ақтай басқа малшы-жалшыларға теңестірмей еркінірек ұстайды; оның жаксы ата-айғырлары жаз күндерінде, ас-той болған тұстарда солардың астында жүреді. Мырза тіпті шын қысылған шақтарында «мына дәүлетке, сайып келгенде

мен емес, сендер қожасындар» деп желіктіріп кояды.

Ауыл арасында ұрыс-керіс, анау-мынау жанжалдар бола қалғанда, барымтаға аттандырылған тұстарда Ақтайдың осы Қосмағамбет, Досмағамбет тәрізді үяластары оның жатқа намысын жібермеуге жарап-ак келе жатыр. Өздерінің күні үшін мырзаның шашбауын көтерген осындай қолшокпарлар арқасында Қебеген-Тебеген делінетін он шақты ауылды Ақтай ықпалына алып болды. Алайда жapsарлас үлкен ру Қойбағарлар ішінде оның әмірі әлі күнге дейін барынша ұstemдік жасай алмай келе жатыр.

Ақтайлармен аталас Қойбағар руының бір тұстарда даңқы шыққан әлді-малды бір бөлегі — Қесеубай балалары әлі де дәулетті, бірақ бегілік жағынан көп төмендеген. Енді Ақтай мырза соларды аузына қаратса, мұның тасы өрге домалауына сөз бар дейсіз бе. Бұған қол жету үшін айбынды үлкен бедел керек. Ал үлкен бедел дегеніміз жалаң зорлық-зомбылықпен қолға түсе коятын көрінбейді. Ақтай өзімен бакталас, іштей қарсы, мұның бойын өсіргісі келмейтін, ел ішіндегі дөкейлердің бір-екеуімен мол киттер кидіріп құда болды. Бірақ бұрын белгісіздеу ортадан шыққан бұл мырзаның үлкен бір олқы жағы — жұрт көңлін ауларлықтай көрнекті серілігі болмай келе жатқандығы. Эйгілі мықтылардың қыран құс, тұзу мылтық, бәйге ат ұстамайтын бірі жоқ. Домбыраши, әнші дегендеріңіз де солардың аулында.

Саятшы болу, өнерге жол ашу көптің назарын аударса, екінші жағынан, өзіне де рақат емес пе. Қөп ортасында көшелі боп көріну, тіпті ділмарлықтың өзі де байлыққа байланысты екенін Ақтай ерте ұққан-ды. Алайда үлкен абырай, көрнекті атақ салтанатсыз тұрақтамайтынын ол кешірек аңғарды. Қазір оның жанабында әнші, домбыраши, балуан, қу тілді құлдіргілер де жеткілікті. Оның қазіргі кемістігі әйгілі алғыр құс пен әйгілі бәйге аттардың өз қолында жоктығы. Мұның жылқылары сан жағы-

нан ешкімнен кем емес. Жалғыз-ақ солардың ара-  
сынан қолтума саңлактар шықпай-ақ қойды.

Ақтай өзімен бәсекелес мықтылардан қалағанда-  
рын қолқалап ала алады. Бірақ бұлайша қалап  
алған жанды-жансыз бүйімдардың қарабасы мұнікі  
болғанымен, солардың «пәленше-түгеншелерден  
шыққан» делінетін түбегейлі даңқы бұрынғы иелері-  
нің атында қала береді. Сол себепті бір болыс ел  
сөз етерлік, меншікті әйгілі қыран бүркіт, қолтума  
аягөз бәйге атты ол өз ағайындарының арасынан  
карастырғалы екі-үш жыл болды, бірақ ондай  
erekше асылдар мырзаның қолына түспей-ақ келеді.

Үлкен бақ, үлкен атаққа ұмтылуға жааралық  
ұйтты азаматы қалмаған Қойбақтар жалпы-жада-  
ғай сауықшыл жұрт болып барады. Не көп? Құмар-  
паздар көп. Соның салдарынан бұл рудан шыққан  
құсбегілер мен бапкерлер өздері иемденген жануар-  
ларын әлдекалай болмаса, уыстарынан шығармай-  
ды. Мысалы, саятшы Бектемірді алышыз: шағын  
шаруалы, көп сөйлемейтін, жұмсақ мінезді бір  
коңырқай ғана кісі. Ол бір көргенге солай. Ал оның  
құмарлығын кемітіп, немесе намысына тиіп көрініп-  
ші, Бектемір сізді бойына да дарытпайды. Бектемір-  
дің сары құсы дегенде, бір болыс елдегі есі дұрыс-  
дені сау адамдардың ішінде құлағы селт етпейтін  
бір де біреуі жок. Ақтай «Не қалаған, сұрағандары-  
ның бәрін ал, осы бүркітінді маған бер», — деп бакты-  
ған. Ал Бектемір:

— Мырза, өмірден көрген жалғыз рақатым  
жармаспаңыз,— деп келтесінен бір-ақ қайырған-ды

«Хайуандардың сыр-сипатын айналтпай танитын  
оларды Бектемірше баптай білетін пендे аз шығар. Ол өз алдына тұра тұрсын, ал мына сұлу саңлак  
деген нәрселердің иісі мұрнына бармайтын Нұрмакқа  
не жок десенізші? Бұл да өзінше ләззэтшіл пендे  
болғансиды: мандайына басқан жайсаң торы ала  
жорғаны беріп, сырды белгісіз бір жас бүркітті  
алып келгенін қайтерсің. Рас, кейінректе бұл бір  
тәуір мүлік болып шықты. Ал егерде қаракүскә  
шатысқан бірдене болса ше? Естіген ел құлмей ме?»

Иә, қазіргі қара балапан өткен жылғы үрпиген қияңқы тірнек емес, етек-жеңін түрінген жас балуан іспетті жұтынып тұрған бір тамаша. Осыны қолқалап сұрағанға илікпей, соナン соң мазақ-сықақ еткенге де айнымай қойғаны бар емес пе, бұл қопалақ Нұрмактың. Бұл енді тастұлектің бабын таба алмай бүлдіреді ғой. Әнеугі алғашқы қансонарда көрінген екі-үш тұлқінің біреуіне де түспекті оның бала бүркіті.

Егер қара балапан қазір Ақтайдың қолында болса, ол мұны жақсы бір құсбегіні қасына ала жүріп, зар күйіне келтіріп салар еді.

Осылайша іштей пұшайман болған Ақтай мырза қыстың қар жауған алғашқы күндерінің бірінде Іргетау бойына орналасқан алдағы ауылдарды арамақ болып, кешке таман аттанды. Қасына көп кісі ертпей, бір ғана атқосшы алған еді.

Ақтайдың қасындағы оң көзі ақшел басып шор болған, қара мұрт, ширақ жігіт Баймұқанның «жыла қонып, жағалай түстенетін шығармыз бұл сапардан оралғанша» деп ойлағаны болмады. Дау-дамай, билікке таласу, кісілік салыстыру кездерінде шиыршық ататын долы мырза бұл жолы бейбіт пішінде, тұнжырап тіл қатпаған қалпында жолшыбай кездескен қыстауларды баса-көктеп ілгері тарта берді. Енді мырзаның Іргетау ұшығындағы Қоңыrbай аулына төтелегенін, маңайдағы ел мекендерін он саусағындей білетін зерек атқосшы сұрамай-ақ түсінді.

\* \* \*

Батыс жақ көкжиекті көмкере, ұзыннан-ұзак созылған Қартабай жалы — біріне-бірі жалғасқан есенселі адырлар. Мұның Іргетау делінген аты көлденен қарағанда, ұлан бел боп көрінетіндігінен туса керек. Осы ұзын жалдың солтүстік ұшығында одагайлап, биікше қоңыр адыр тұрады. Бұл да сырт кескініне қарай. Доңғал делініп кеткен. Осы жеке, жуан жұмыр биікшенің алқымына тығыла орналасқан үш-төрт үйлі қыстау Қоңыrbайдікі.

Қоңырбай сөз етүге тұрарлық адам. Бұл кісі тек Қойбақ руындаған емес, бүкіл бір болыс елге даңқы шыққан үш ағайынды Балпаңбайдың кенжесі. Мұның өзіне тетелес ағасы Қиямбек ұдайы он жыл болыс болып, ұлан-байтақ бір өлкеге әмірін жүргізгенде, қара шаңырактың кенжесі жас жігіт Қоңырбай сайран құрыпты. Ол жүйрік ат, қыран бүркіт, түзу мылтық ұстап, елдегі ең сұлу деген қыздарды жағалапты. Ағасы өле-өлгенше колындағы бар қазынаны даңқ пен бақ жолына арнаса, бұл бар мұлікті ракат, ләzzат жолына жұмсалты. Қоңырбай өзіне қарасты мол дәүлетті болыс ағасы Қиямбектің көзі тірі кездің өзінде ойсыратқан еken. Қиямбек қаза болғаннан кейін, көп ұзамай-ақ ол кедейлікке бет алды.

Бұлайша дүниетәрки қүйге ауысадың себебі дүние қадірін білмегендіктен немесе бірыңғай ракат аулаудан тумаса керек. Ағасы Қиямбек Қарағайлы дуанына қарасты жиырма екі болыс елдің «жаксыларымен» түгелдей тартысып, соңғы бір катты қысылған шағында Тобықты Құнанбайдың зорлығынан да басымырак бір үлкен қиянат жасайды еken. «Қоңырбай осыдан былай қарай әмірлі жан болудан бас тартты»,— деседі жұрт шежіресін басынан кешірген кейбір карттар.

Қалайда Қоңырбай бала мінезді, тосын хабарға сенгіш, сирек сары мұртты, сүйір шоқша сақалды, қой көзді, сұңғақ бойлы, егде тартып қалған кісі еді. Оның киетін киімдері, отыратын орны тұрсын жаздығұні киіз, қыстығұні ағаш үйлерінің өзі жинақты, таза, көнілді болатын.

Қоңырбай үш әйел алған, бірақ өзінен туған бір де бір бала жоқ. Ел сөзіне мұның өзінен гөрі көбірек араласқан ең үлкен, адудын әйелі Қарабәй-біше дүние салғалы үш-төрт жыл. Енді көзі тірі жұбайластары: ортаншы әйелі — толық ақ сары Қалима да, жаксылап пісірген ақ бөлкедей тоқалы Тәттігүлі де сыпайы, момақан жандар.

Ағасынан асырап алған жалғыз ұл Сәду әлдекашан ер жеткен, ол өзі жармойындау, ожар жігіт.

Оның отауы бөлек. Сәдудің әлі кішіректеу, қара баспак бір ұлы мен бір қызы Коңыrbай үйінің дағдылы тыныштығын бұзатын қызықты думаны. Балажан адам — Қенжеаға сол екеуін айналып-толғанып, солармен балаша ойнайды.

Мұнда сырттан, ауыл арасынан келушілер кім болса о болсын, кірген бетінде босағаға етіктерін тастап, белдерін шешпей төрге шықпайды. Есікі қор сілемі үзіле коймаған үй іші әлі де көрікті, бәрінем бұрын өте таза! Есіктен төрге дейін төсөлген кесек киіздер мен оюлы сырмактар; төрде әшекейлі үлкен тақыр кілем, кілем үстінде мұнтаздай сәтен көрпелер, ірге жақта бірнеше мамық жастықтар жатады.

Төрдің оң жағын ала жақсы жайланаған, ұрымтал орында, міне, үй иесінің өзі отыр. Мұндай апақ-сапакта қоналқаға деп қонақтар кеп қалады, сол себепті беймезгіл уақытта тыста емес, үйде болған жөн ғой.

Құн батып, қас қараюға айналды. Осы мезгілде Коңыrbай отырған төргі бөлмеге сәлем бере екі кісі кірді.

— Ассалау мағаләйкүм!

— Уағалайкүмассалам... Қадиша, а, Қадиша, қайдасың? Шам жақ! — деп, үй иесі орнынан қозғалды, бірақ түрегелген жок.

— Қенжеаға, бөгде біреулер емес, өзіміз ғой, құрметті қолыңызды әкеліңізші!

Келген адамды даусынан таныды білем, үй иесі:

— Е, Ақтай мырзамысың, төрлет, шырағым! — деп, сол жағындағы жаюлы көрпені нұскады.

Қонақтар жоғары шығып отырысты. Шам жағылды. Мал-жан, шаруаның амандығын, айналадағы ел-жүрттың жай-жапсарын, қыстың бет алысын сұрасып болғанша ку аршамен тез қайнатылған сары самаурын да күжілдеп келіп қалды. Шыртылдақ, жент, аштыып пісірілген былпылдақ сары бауырсактар мен сүт қатылған қағаз шайлы дастар-қан үстінде аң құмар адам Коңыrbай қонактарына Бектемірдің әйгілі сары құсының биылғы әрекеттерін недәуір-ақ мадактады. Бұған дейін сырпайылық

жасап, көп сөйлемей отырған Ақтай мол семіз денесін қомдай түсіп, сөзге кірісті.

— Кенжеаға, Бектемірдің шын құсбегі, саятшы екені рас, бірақ оның ақылы шамалы ма деп жүрмін. Сары құстың даңқы ең алғаш шыға бастаған жылы осы құйкентайынды маған қи, қалағанынды ал, тек менікі делініп босағама бір қондырылса болғаны, өзің баптап, өзің алып шығарсың түзге дедім, көнбеді. Кейін «шіркін, Бектемірдің сары құсындай болсайшы басқа бүркіттер де» делінген тұста, астыңа құр ат берейін, біздің ауылда жат та, менімен бірге аң аула дедім, оған да илікпеді. Сонда ол менен несін қызғанады? Шығынсыз пайда мен ракаттан қашқаны ма? Оның мұнысын көшесіз көрбалалық деп шамалаймын.

Ол осы сөздерді айтЫП бола бергенде, есіктен «кеш жарық!» деп, бір құшақ сұық желді ала кірді бір адам.

Ол кіре бере аяқ киімін босаға жакта шешіп жатты.

— Сәлем бәріңізге де!

— Ау, Бектемірмісің? Бәрекелді, өз қасыма таман бері кел.

— Кімді айтса сол келеді деген рас-ау, тегі. Ауылдарың, туған-туысқандарың есен бе?— деп, Ақтай да Бектемірді шын ықыласымен қарсы алған боп жатыр.

Қол алысып амандық-саулық сұрасқан соң, Ақтай:

— Бектемір, мен сені жаңа ғана жамандап отыр едім. Сырттан айтЫЛғАН сөзге өсек-аяң қосылмай қоя ма? Бірақ өзің отырған соң, мен сен жайындағы өкпемді жасырмайын!— деді.

Осыдан былай қактығысулар басталып кетті. Ақтай мырза құсбегінің сыңаржақтығын, алыс беріске жоктығын, мұндай қылыш серілік дәстүріне жатпайтынын бірқатар тәптіштеп өтті.

Келелі жынын, алқалы топтарда жұмған аузын ашпастан, жасықтау жанға үқсан жымия күліп,

жайбарақат отыра беретін Бектемір бұл жолы көсіле шешіліп кетті.

— Ақтай мырза, бұл тіршілік деген қиян-кескі нәрсе көрінеді ғой. Өмірде бір ғана жуан тамырына ілігіп тұрған ағаш сияқты адамдар да бар. Осы жалғыз арқауға жармасу қиянат деп ойламайсың ба?

— Ақаулыны аяған пендені көре алмадым ғой. Тегі қатты қайырымға жарамайтын жарымжандардан не пайдა?

— Мүгедек болса да, жапырақ жарған ағаш сияқты, жақсы адамда сая бар. Тікенек біткеннің бәрі де әрқашан берік тамырлы, бірақ кез келген жандыны жараганнан басқа пайдасы жок. Оның неге екенін мен де байқай алмай келем.

— Эркім өзі үшін өмір сүреді. Әлдіге әлсіздер әрқашан да бағынған.

— Әлділік әрқашан, әр жерде емес, реті мен ыңғайына қарай болар, мырза.

— Епсіз, айласыз ештеңе де шығара алмайсың. Байлық, бак, атақ деген нәрселер өз аяғынан келмесе керек.

— Мырза, соның бір мысалы өзіммін демексің ғой. Бәрібір тап мына мен сенен бақыттымын. Өйткені шынтуайтқа келгенде, мен ешкімге жағынбаймын, жалынбаймын.

— Е, Бектемірім, ісің түссе, құрдай жорғаларсың.

— Кезінде көрерміз.

Егес сөздер басталғаннан-ақ айтысқа араласудың ретін таба алмай, тәменірек қипалактап отырған атқосшы Баймұқан дәл осы сәтте шор көзін ақырайта мырса етті де:

— Беке, сіз бен бізге сөз таластырудың қажеті қанша? Құдай деп тыныш жүре бергеніміз макұл емес пе? — деді.

Баймұқан жалаңтөс кедейлердің бірі. Бірақ ол осы отызға тақанған жасына жеткенше жалшы болып көрген емес. Ол — батыл, пысық, жылпос, ұры жігіт. Ақтай мырза оны бекерге ертіп жүрген

жоқ. Баймұқан өзіне туысы жақын мырзаның үмітін актауға әрқашан тырысады. Алайда іле жауап қайырған Бектемір:

— Итаршы болудың да реті бар ғой, жігітім. Сен түн жамылып, сирағынан сүйрелейтін тоқтыторымдар жайында емес бұл керкіл,— деп оны табанда тойтарып тастады.

Сөз осыған келіп тірелгенде, Қоңыrbай бұрышта сүйеулі тұрған жenіл қарағай домбыраны қолына ала отырып:

— Ақтай мен Бектемір, екеуің құрбы едің, екеуің қалжыңдан бастап егеске бет алдыңдар!— деп өзінің де жайызданып қалғанын сездірді.

— Қенжеаға, кімдікі дұрыс?

— Иә, соны айтыңызыш?

— Екеуің қыза-қыза керісіп кеттің. Керіскең соң теріске кеткендерің.

Ол домбыраны босандау бұрап, құлақ қүйінے келтірді де, бір қоңыр баяу сарынға салды. Бір-екі-ақ буыннан құралған бұл сарын мұңлы, әрі тәтті екен. Қоңыrbай соны қайталай берді, қайталай берді. Бірақ бұл әуен тындаған адамды еш уақытта жалықтыратын емес. Осы бір жылды, шым-шым жан сырды құлақ арқылы жүректі козғап, қанға тарап барады. Өзі күзгі қоңыр салқын күндердің бірінде ауыл үстін айналып өткен тырналардың үніне ұқсайды. Мұнда түнеріп қалған қайғы жоқ, үлкен сағыныштың рухы бар.

Қүй тындаушылар жым-жырт, әрқайсысы өзінің қамырықты қиялына ауыскандай үйып қалған.

— Эркімде ерекше бір құмарлық бар. Эр адам сонысымен тиянақты,— деп, Қоңыrbай домбыраны тоқтатты.

— Солай болса керек!— деді Бектемір.

Ақтай атқосшысымен екеуі «ет пісті, қол жуыңыздар» делінгенше, томсарған қалыптарында қала берді.

Алғашқы қырбық қар таң ата жауып, сол күні түстен кейін еріп кеткен-ді. Жер бір аптадай қара қатқақ болып жатты. Сол алғашқы қырбық сонарда сары құс екі түлкіні қатарынан алып жіберсе, қара балапан көзіне көрсетілген біrnеше қызыл алтайдың бір де біреуіне шүйілген жоқ. Ол аңды көруін көріп, шырқай үшады, бірақ тоятқа төніп келеді де, қайыра аспанға қайқайып шыға береді.

Жас бүркіттің қырағылығы мен уыттылығы ерекше. Ендеше бұған не болды? Эрине, бабына келмегендіктен айниды ол түлкіден.

Осы ойға бекінген Нұрмак құсын алып Бектемірдің аулына тартқан-ды.

Досының үйінде отырып екеуі кенес құрганда, әйгілі құсбегі қара балапанның төс етін, сандарын, құйымшағын жағалай ұстап көрген соң ғана:

— Мынауың әлі семіз еken. Бірақ тұз түлегі бұл күйінде де аң ала берсе керек еді,— деді.

Нұрмак өткен қыста бүркітінің денесіне сары төбеттің тісі батқанын тағы да еске түсірді. Бектемір қырсық неде екенін енді ғана анғарғандай:

— Шайлығып қалғаны жарамаған. Мұны өлер етіне келтірмей болмас, екеуіміз келесі сонарға дейін бірге болайық,— деді.

Оның өз бүркіті сары құс көп күй таңдамайтын әккі баршын. Сөйтсе де Бектемір қазіргі екінші үлкен сонар алдындағы құндерде сары құска қансоқта емес, бөртпе берудің өзін тоқтатқан.

— Жаңа сойылған ұсақ малдың сан етінен қол етінің қуаты жеңіл болады,— деп ол соны жұп-жұқағып тілгілеп, тастай суға салып қойып, әбден сығым-дап, барлық қан-сөлінен арылтады. Мұның аты — аңға алып шыққалы отырған бүркітке берілетін ақ жем.

Өз құсын осылайша кұнара жемдеген Бектемір Нұрмакқа:

— Қара балапанды сен енді боз өкпемен асыра,— деп кенес берді.

Ішіне екі-үш рет су толтырылып, шайылған өкпе қу шүберектей болады. Боз өкпе дегеніміз осы. Ал мұнда қандай нәр қалмақ? Осыны еске алған Нұрмак:

— Ойбай-ау, тұздің қомағайы мұныңды місептұта ма? Қара балапан әл-қуатынан біржола айрылып қалар,— деп шошынып кетті.

— Е, ендеше мен саған одан да зорын көрсетейін,— деп, Бектемір қолма-қол тұғырда отырган тастұлектің аузын ашып мұсатыр салды да, соның артынан оған тұтікпен сұық су жұтқызды. Қара балапан көздерін аларта отырып, бірталайдан соң қоябасын құсты. Іле-шала бір-екі рет саңғып та жіберді.

Нұрмак құсым өліп қалар ма екен деп састьы, бірақ жас бүркіт дүр сілкінді. Қөп кешікпей-ақ оның көздері жайнап кетті.

Осыны көрген Нұрмак сол арада:

— Сенің бапкерлігіңе менің шәгім жок,— деген еді.

Ақыры қатайған қара дауыл ызбарлы қара бұлтарды батыстан шығысқа қарай үздіксіз жөнкілтіп, қар ұшқындал тұрған қыскы кеште Бектемір өз аулынан «Кенжеағама барып қайтам» деп аттанды.

Ол, әрине, барған бетінде-ақ Коңырбайға «жүріңіз бізбен бірге, сары құс пен қара балапанның үлкен сонар күнгі қызықтарын көріңіз» демекші еді. Бірақ оның бұл ойын Коңырбайдікіне бұдан бұрын қонып отырган Ақтай мырза бұзып кетті. Сондықтан да Бектемір Коңырбайға ойындағы мүдделі сөзін Ақтайлар төсекке жатып қалғандағана, оңашалап айтқан еді. Бірақ Коңырбай осы түнде аттанып кете қоюға ерінді ме, қалай:

— Үйде қонақтар бар гой, дәл бүгін түнде үлкен сонар бола кояр ма екен? Егер қар жауа қалса, менің тазыларыммен де кездескен аңды дөңгелетіп көрерміз,— деп, егделеген адамның тартыншақтығын аңғартты.

Коңырбайдың еріншектігіне егескендей түн ортасы ауа бере қар ұшқындары қат-қабаттай бастады.

Ертең қансонар болатынын алдын ала хабарлаған мұндай түнде қанша егде тартқанымен шын аңшы қалай тыныш тапсын. Қоңыrbай уй қызметкери — бадырақ көз, ак сұр бала жігіт Жапарға да, екі әйеліне де талайға дейін маза берген жоқ. Жаз бойы әбдіреде жатқан күзен ішік, тері шалбар, телпек, жылы такия, тұлкі тымак, саптама етігін алдырыды. Соларды қактырып-соктырып, шаң-тозаңнан тазарттырды; үлкен дорба ауыз ак арлан мен аршынды сары ала қаншыққа құрт ездіріп, қуатты жеңіл тамак бергізді; әлді ағайындарынан майын мініп жүрген күйкілеу торы атты жоңышқалы шөпке жеке байлattты; ең ақырында ұшы тарқатылған қамши өрімін өзі ермек етті.

Бөлек қонақ үйдегі Ақтай мен оның ат қосшысы құбір-сыбырмен өтіп жатқан бұл түнгі мұндай әзірліктердің ештеңесін де сезген жоқ. Олардың қатты үйқыдағы қорылы жабулы есіктен өтіп, төргі бөлmedегілерге айқын естіледі.

Құсбегі Бектемір ерекше қадірлейтін жақын адамы болғандықтан, уй иесі оны өз бөлмесіне жатқызған-ды. Бұл қорылдамай да, пысылдамай да, кеңінен тыныс алып, жайымен жақсы үйктап жатыр.

Жеңіл кемзал-шалбарымен таң алдында жантайған Қоңыrbай да, онымен қоса дамылдаған екі әйел де, уй қызметкери Жапар да тым кеш жатқандықтан төсекке бастары тиісімен-ак тәтті үйқыға енген еді.

Төрт бөлмелі бүкіл бір үйдің іші түннің соңғы қараңғылығына батып, толық тынышталған шакта, біреу түртіп қалғандай-ак, Бектемір кенет бас көтерді. Нағыз аңшының сергек жүргегі мұндай шакта әрқашан оғаш бұлқынбай қоя ма? Төргі бөлmedегілер Бектемірдің тықырынан ояна бастағанда, тере-зелерден болмашы ғана көгілдір сызат байқалған еді. Жайнап жатқан қи шоғына ақ тоқал тоң сорпаны жылтуға кірісті. Қоңыrbай Ақтайларды өзі барып төсектерінен түрғызды.

Тыста аттар ерттелді.

Құрт қосылған майлы сорпадан бір-бір аяғын тастап алған төрт аңшы аттарына мініп, қыстау

сыртындағы қайқаңға шыққанда, таң мен тұннің өліарасы әлі ажыраса қоймаған еді.

Жұрт қысқы көндеріне орналасқаннан бері аңшылар әлденеше рет қағып өткен, ауыл сыртындағы жеке биік Доңғалға бұлар айналмады. Осыдан жеті-сегіз шақырым жердегі, күн батыс жактағы көңілкелі еспе бойына қарай қаз-қатар желе жортың құлай берісті.

Жел тынған, аттың шашасынан келетін көбік қар бөгетсіз есіліп-жосылып жатыр.

Жеке биік Доңғалдың созыла келіп өлкеге жағасатын етегінде жүрекше төбе — Ақшоқы тұратын. Осының шаршы төскейіне іліге бергенде, екпіндеп алда келе жатқан екі тазы жарқ-жұрқ етіт қатарынан құлаш үрды. Төрт аңшы шоқыта жөнелісті. Екі ит аңның жортып кеткен ұзак сонар ізінے кезіккен екен, тоқтамады. Оларды айқайлап қайыра шақыруға болмайды, онда маңайда жортқан барлық тұлға безіп кетеді. Аттылар амалсыз, көргіте жарысын тарта берді. Бұлар өлке табанына тақалғанды, таң атты. Енді жүгірген екі тазының да бойлары көрінді. Олар арнасында балапан шіліктер өскен, жағасын бұталы-шилі өзен жарынан арғы қабакқа шығып калған екен.

— Апрай, иттердің алдынан кеткен аң түні бойынбай жортатын қу аяқ кәрі қарсак болмаса неғылсын?.. Ау, мырзалар, беталдың далақтай бермейік,— деп, Қоңыrbай атының басын тежеді. Алда қашып бара жатқан аң көрінбеген соң, басқаларда шоқытудың тоқтатып, сар желіске ауысты. Сейткеншे болмады, Бектемір:

— Эне, ал! — деп астындағы кер бестінің тебінде ілгері үмтыйлды.

— Ой, рас, рас екен!..

— Ал, қапта, жар жағын ала беріндер! — деп, аңшылар лап қойысты.

Ұзак сонар ізге түсіп келе жатып, қабактағы биік ак селеулер арасынан жолшыбай тұра жөнелген көнектей қызыл сары тұлқіні сары ала қаншық алдымен дөңгелетті. Бірақ төрт-бес шақырым жерден

беталды күлаш үрумен қажыңқырап қалған қашық тазы әлі тың, әрі әлді тұлкіні алғашқы екпінімен аузына түсіре алмады. Екі-үш рет толғағаннан кейін тұлкі одан сыйылып шыға берді де, арналы өзекке қарай сыйыра жалтарды. Сары ала қашық пен тұлкіден он-он бес қадамдай жерде кейінрек аршындаған ак арлан да шұғыл бұрылды.

— Айт, айт! Ақтайлак!

— Алда тәнір-ай, жарға бұрын іліксе, құтылады-ау, анау дәу тұлкі!

— Ойбай-ау, аңың алдын ала шап!..

— Баймұқан, ай, Баймұқан! Малтықпай, ұмтыл-саншы, не болды саған құрып қалғыр!

Құйрығы жеңді білектей үлкен тұлкі талқылы арлан ак тазының көлдененен созыла келіп килік-кеніне қарамастан, жарқабаққа сәл бұрыя ілікті де, төменге бір-ак ырғыды.

— Қап, әттеген-ай, ә?!

— Бейқамдық өзімізден болды.

— Шетімізден аңшы өмес, алаңғасар екенбіз.

Осылай дескен аттылар жар табанына іркес-тіркес карғыған тұлкі мен тазылар қайыра көрінбеген соң, жай жүріп, сол тұсқа жетті. Міне, қызық, екі тазы төбет тұлкіні жар табанында жүлқылап жатыр! Ақтай мен Коңыргайдан басқа аңшылар аттарын қабакта қалдырып, жаяу жүгірісті...

— Үйірінмен үш тоғыз!

— Е, майлана берсін!

— Эй, шіркін, ат болсын, мейлі ит болсын, талқылы жүйрік қанша жерден аршында алқынса да, жеме-жемге келгенде, өнерлі екенін көрсетеді-ау,— деді Ақтай, алғашқы аң қанжығасына ілінген шакта.

Коңыргайдың бұдан жасы да, жолы да үлкен. Аң алған ит те сонікі, бірақ Ақтай қонақ, қарт аңшы дәу сары тұлкіні оған сол себепті сыйлаған еді.

Жылы киімдер киіп, семіз аттардың қызуымен жүргендіктен қыскы таң салқынын бұлар елемеген, әйтпесе жерте қалың қар жауған ашық ауада әжеп-тәуір-ак ызырық бар. Таң атар-атпастан сәскеге дейін жортқан аңшылар өздері шаршап қалғанын

енди сезгендей, өзектен жадағай өлке өніріне шыға бере аттарынан түсті. Қоңыrbай аң соңында алақтаумен жүріп, өтіп кеткен таңертеңгі намазын окуға кірісті.

Тегі, бұлардың бұдан әрі аң қағуға ынtasы жоқ тәрізді. Әлгі бір айқай-ұйқайлар тұсында, жакын арада жортқан андардың бір де біреуі бұл манда қалды деймісің, бәрі де айналадағы биіктеге тартқан болар.

Өзгелер белдерін шешіп, ақша қарлы жұмсақ көделер үстінде жантайысып жатқан шакта, Бектемір айнала жаяу жүріп, аңшылардың дабылынан сырғактаған бір тосын тұлкінің бет алысын бағдарлады. Бұл қырыдан жортып келе жатып, жалт берген ала аяқтың өкше ізі екен, өзі алақанға басқан мөрдей болып, мөлдіреп жатыр.

— Мынау бір шығаннан шыққан, ақ бақай, қобыз кеуде, кара үйек ку екен. Әлгіде жолшыбай тәбет тұлкі тұра қашпағанда, мына ку аяқ екі тазының сілесін әбден қатырады екен. Өзі жер басқан иттер тұрсын, анау-мынау бүркітке де алдыра қоймас,— деді Бектемір, табан астына үңіліп тұрып.

— Е, қалайша? Қалай білдің?

— Әдемі сопак ізінен танып тұрмын. Сонау көрінген жалбыр таудың ар жағындағы Үйтасты көптен мекен еткен бір ерекше қызыл күрен кәрі қаншық тұлкі бар. Соның қызы бел, қара пұшпақ, сида келген тұқымдары кейінгі жылдарда көбейіп келеді. Өздері шеттерінен жүйрік, айлалы, көбінесе қияларды мекен етеді. Бұларды тазылар тұрсын айтулы қырандардың ала қоюы да оңай емес.

— Пай-пай, Бектемір-ай, хайуандардың сыр-сипатын айыруды құдай саған жасынан дарытқан-ау, сірә, адамдардың қасиетін де осылайша ұқсан,— деп, Ақтай қарқ-қарқ күлді.

— Ақтай мырза, қасиеттері хайуандардан артпайтын пенделер де бар ғой бұл дүниеде... Ау, енді бұл өлкеге айналактар ештеңе жоқ, жүрейік! — деп, Бектемір өзінің қаңтарулы тұрған кер бестісіне қарай аяндады

Бұлар сол күні Еспенің кеуде тұсындағы Сарбұйратқа орналасқан Серкебайдың аулына келіп түстенді де, қона жатты.

Бектемірмен келісіүі бойынша Нұрмак Серкебайдың тұңғыш ұлы Еркебекпен екеуі кос бүркітті осы ауылға кеше алып жеткен екен.

Аңшылар мен ауыл адамдарының бұл тұнгі әңгімесі қөбінесе қара балапан жайында болды. Тастандекті айналдыра қарап, сынай келгенде қарт аңшы Коңырбай ақсақал:

— Бұл шіркіннің тұлғасында кінәрат жоқ, көкпар бермейтін тақымкеш жігіт сияқты — жауырыны жалпақ, кеудесі шалқақ, уytты жануар ғой. Бірақ мұның тұлкіге тұспеуі жақсы қылыш емес,— деді. Басқалары бас изесті.

Келесі күнгі саяхатқа керекті жабдықтардың бәрі де інірге дейін ретке келтірілді. Кын нәрсе бүркітерге берілетін бапты жемнің жоқтығы еді. Сойылған жылқы, кой еттері жетіп жатыр. Бірақ аңға алып шыққалы отырған қырандарға қажеті ол емес, ұсақ малдың жас, жаңа еті.

Ақыры іздестіре келгенде бүгін күндіз Еркебектің тазысы ұстаған бір қоянның еті табылды. Бектемір соның бір қолын сөгіп алып өз құсына, ал сан етін боршалап суға салып, оны барлы-жоқты қан сөлінен арылтты да қара балапанға берді. Содан соң баршын бүркітін, жас қыранды қырауытқан қораға қондыртып қойды.

Ел орынға отырып, кешкі шай ішіліп, ет қазанда қайнай бастаған кезде күні бойғы жалпы әңгімелерден жұрт жалығып қалғандай еді. Қонақтар қалың көрпе үстінде, жастыққа жантайысып жатыр. Бұлар анда-санда ғана ара-тұра тіл қатысады. Үй иесі — дөңгелек қара қоңыр сақалды, жалпақ бет, қайратты қара күрең мұрты бар, кеуделі кісі Серкебай төрдегі терезе мен пештің түйіскен бұрышында қолына домбыра ұстап отыр. Күндіз көз шырымын алысқан қонақтар қазір қалғыған іспетті кескін көрсеткені-

мен, олардың әрқайсысы өзінің ерекше бір ойына ауысқан. Үнсіздік соны аңғартады. Серкебай осы қалыпқа бейімдескендіктен, қос ішекті домбырасының пернелерін жайлап қана баппен қағады. Құлак күйге келтіріліп безелген ішектер мен реттелген пернелер сайдай сөйлеп кетуге әзір екенін қазіргі қоңыр үнінің өзінен-ақ танытқандай, лып-лып етеді. Алдымен бас қөтерген карт аңшы Коңыrbай:

— Ей, жарқыным, қытығымызға тие бергенше, басыңқырасаңшы мұныңды,— деді.

Сол-ақ екен, домбырашының жалпактау, бірақ епті жұмсақ саусақтары жорғалай жөнелді. Үйдегілер түгелдей жөнделіп отырысты. Тыстан әйелдер мен жігіт-желендер де үйге кіріп жатты.

Домбыраның дыбысы қыңқылданап басталғаннан-ақ құлактарды елеңдеткен. Енді сыңғырлай сұнқылданап, былқылдай былпылданап, суырыла түскен назды, сазды күй салғаннан-ақ жүректе жатқан үлкен сағынышты қозғады. Тәттімбет пен Әбдидің «Қосбасарларын», Дәрменнің «Салқоңырын» Серкебай кезек-кезек бірінен соң бірін сылқылдатты. Ол Коңыrbайдың сұрауы бойынша ең соңында өз әкесі Елдостың дабылына басты. Бұл күйде аламан жауынгер уақыттың сарыны бар екені байқалады. Бірақ қанша екпінді болғанымен, бұл сарын тыңдаушыларға сыңар жақ, даңғыр-дұңғыр еткен күр дыбыс ғана боп естілді; бұдан он бес-жиырма жыл кейін туған жаңа күйлердей толғамды емес. Ізгілікке, мейірбандыққа, үлкен арманға шақырмайды. Әкесі Елдос пен баласы Серкебай толғаған екі түрлі күйлер арасында қанша айырма, қанша өзгеріс жатыр? Елдос «Найзаның ұшы, білектің күші билесін» десе, оның баласы Серкебай өзінің толғамды сыршыл күйлерімен «ол — аламан ожар дәурен өтіп кеткей, ендігі үміт сәулесі зерделі саналылықта» деп былпылдатады. «Иә, қандай көн қара тас боп қатып қалған жүрек болса да мен соларды жібітуге жараймын» деп талпынады мұның жана өнері.

Әбдидің «Қосбасары», Коңыrbайдың «Құлак күйі», осы отырған Серкебайдың «От басында» делін-

ген өз толғауы — бәрі де жеке қайғы, қамырықты Жеке армандардан туған. Бірақ осың жаңа күйлердің жұрт көнілімән жалғасуы, әрине, төгін емес. Жеке-жеке бықсыған мұн мен зарды өнер күші тоғыстырғанда, от үшқын шыққандығын күй тындаушылар өз жүректері жылынғанынан жақсы сезінеді. Домбыра токтаған кезде:

— Басқа құмарлықтардың бәрінен де осы күй өнері күшті ме деймін,— деп, Бектемір комдана отырды.

— Е, тәңірі, бір мезгіл көніл бөлетін ермектағы,— деп, Ақтай жантая кетті.

## 8

Сары құс пен қара балапанды түзге алып шыққан тұңғыш сапардың алғашқы бір аптасы қызықты болды. Қызығы — анды көп алғандықтан емес, тастулектің ерекше көрсеткен «тырнақ алды» әрекеті. Ол күндерді Нұрмак қалған өмірінде ұмыта қоймас.

Бір топ ағшының төртеуі екі үлкен адырдан құралған Жұндес қоңыр таудың екі қанатынан тоспаға қарай оралмақшы болып кете барғанда, екі ბұркітші белортадағы биік тоспа басына жеткен еді. Екеуі сай табанынан жоғары өрлеп, кеудеге таман іліккен шақта; аттарын шатқал койнауына қалдырып, биіктің басына жаяу шықты. Бұлар Қособаның түбіне жұбын жазbastan катар келіп отырысты. Екеуінің бөлінбөген себебі — түлкіге әлі аяқтанбаған албырт тастулек әккі баршын — сары құстың қимылдарына қарап әрекет жасар деген үміт еді.

Аздан соң қағушылардың «тойт-тойт» деп қойып, қоныштарын қамшының сабымен сарт еткізген дыбыстары естіле бастады. Бірақ қашқан түлкі көрінбейді, бұлыңғыр буға бөгіп түрған жылғалардан түлкі тұрсын, арқар жүгірсе де байқалатын емес.

Таң айқын ағарып атып, шығыс жақтағы көкжиек сарғайған кезде, кілкіп түрған боз тұманнан айналадағы биіктердің иықтары мен етектері айыға бастады. Қосадырды екі жағынан қаусыра тінтіп келе жат-

қандардың өз үндерімен қоса, мінген аттарының тұяқ тықырлары да құлакқа жетті. Дәл осы сәтте Бектемір сұр перде жамылған сайларға көз жіберді де:

— Нұрмак, түрегел, тоспаның шоқтығына шығайық, болмас,— деп алдымен өзі қозғалды.

Міне, ол екеуі үлкен обаның жаңында қатар тұрып бүркіттерінің томағасын сыпырды. Жалаң басталған екі қыранның кескіні ерекше екі түрлі. Сары құс биялайға еңкейе, жымия жатып, «ал» десең атып кетердей, онтайланып отыр. Қара балапанның желке жұні үрпіп кеткен, ол басын жыланша оқшитып алып, қырларды шолиды. Оның сұр көздері біресе тұнып кетіп, біресе жалт-жұлт етеді.

— Мына кәпір бүгін тұлкіге түспесе, менің құс көргенім бекер,— деді Бектемір тастүлектің тұлғасына-көз тастап.

Дәл осы сәтте оның өз қолынан лып ете қалған сары құс қанатын бірер серпіп жіберіп, тақау араға түсетінін аңғартқандай, төменге шүйіле жөнелді. Қара балапан да ырғып кетті. Бірақ бұл биіктен самғай бере шұғыл бір айналды да, шалқая берді. Мұның жеңіл ұшқыр ұшатының осынысының өзі аңғартты.

Сары құс ойдағы бір шоқ қарағанға қарай төтесінен құдиып бара жатты. Ал жоғары шығып алған қара балапан да солай қарай төңкерілді. Ақ бөрікті шоқ-шоқ қарағандардың бер жағында көбік қарға малтырып, құйрығы шошандаган кішіректеу қызыл тұлкі көрінді.

Ұытты тастүлек қанаттарын комдал алып ағыла құйылған бойында қызарападаған аңның үстіне сары құсташ бұрын жетті. Қауіп-қатер соншалық тез төне кояр деп ойламаған тұлкі төбеден зу ете қалған дыбысты арқасымен сезді де, сасқанынан қымсына шошынған жас қыз сияқты сырт айналды. Бір кездे сары төбеттің аузынан шайлығып қалған тастүлек алдындағы тұлкіні мынау да соның текстесі екен деді білем, жерге таяқ бойы қалғанда тұлкіге түспестен жоғары қайқайды... Бірақ оның есесінен төтесінен

бет аудармай түйілген сары құс көстиген қызыл алтайды қарағандарға іліктірмей іліп әкетті.

Тояттан өзі шалқайған шағында қашқан аң үстіне құйқылжи түскен баршынды көзі шалып қалып, қайыра шұқшиған кара балапан төменде тағылардың арпалысқан кескіндерін көрді; көрді де солай қарай тікесінен шаншылды.

Сары құс тұлқіні ілген сәтте-ақ, өзінің дағдылы әkkілігіне басып, оны бір аяғымен аш белінен, екінші аяғымен оның аузын түмшалай берген еді. Бірақ тұлқі әлді екен, оның астына жуырда бүктеліп түсе қоймады; қайта өткір тұяқты сінірлі сирақтарымен жемсауынан, өндіршегінен тіреп, сыпрылып тастауға тырысты. Оның бұл айлакерлік батыл әрекетіне түбіті қалың тығыз жүні де септесті. Ең әлді екі жембасарының бірі ақаулы кәрі баршын мен шымыр ширак тұлқі ұмар-жұмар боп жатқанда, қара балапан бұлардың төбесінен зу ете қалды. Дәл желке тұсынан дауыл тұрғызып, ықсырынған дыбыстан шұғыл шошынған сары құс кос шеңгелін жазып жіберіп шалқая шегінді, босанған тұлқі тұра жөнелді. Қирандаған жааралы аңың қызыл қаны ақша кар үстінде сорғалап бара жатты.

Төмендегі әрекеттерді жоғарыдан тез аңғарған тастүлек жааралы, қирандаған тұлқіні аттатпастан бас салды.

Сонадан құйғыта шауып келіп, шоқ қарағандар шетіне іліге бере, ең үлкен арманына жеткендей-ақ, аттан қарғып түскен Нұрмақ:

— А, құдай, ырзамын! — деп, қара балапанның тұяғынан қызыл алтайды тез айрып алуға тырысты. Сол арада кер бестімен жосылта келіп қалған Бектемір Нұрмаққа:

— Эй, сен абдырама! Тұлқінің борбайын іреп жібер де, соның сан етінен жұлдыр құсыңа, қанықсын, дәніксін жас бүркіт, — деді.

Ол енді алған аңынан айрылып, ыза болып отырған өз құсына бет бүрдь. Йесінің даусын таныған кәрі қыран, оған мұңын шаққандай-ақ, шаңқ-шанқ етіп үн берді.

— Е, жарқынам, күйгелектейтін не бар саған? Сен көпті көрген көне екенсін, ал мына шіркін таусоғар албырт нәрсе ғой,— деп, Бектемір атынан жерге тұсті де, бүркітін қолына алды.

\* \* \*

Қос адырдан құралған Жұндес тауда таң атқаннан күн көтерілгенше тұман ұйысқан қойнауларға бой тасалап, тауды шыр айнала қашқан тұлкілер бұл әдісті соңғы күндерде әдетке айналдырып алды. Олар тұс бола бере тұманның арылған тау ішінде көрнеу түрде көлбей тартуды қойды да, балта сабынадай қыраттан қыратқа шыға бере сайға құлап, қалың бұта, корым тастардың арасына сіңіп кететінді шығарды. Мұнымен де қоймай, әбден қысылған кезде рінде тас үнгірлер мен терең індерге сұңғіп кететін болды. Осының салдарынан кейінгі екі-үш күнде көрінген әлденеше қызыл алтайлардың бір де біреуіне бүркіттер дәл түсеге алмады. Тек табан астынан қашқан андарға құйрық тістесе қосылған тазыларғана алаяқ қулардың бір-екеуін қармауға жарады. Қысқасы, осы Жұндес деп аталған Қосадыр қойнауларынан аңшылар мынадай малма сонарда, соншалықты сайлы құрал-жабдықтары бола тұра, көп аң ұстай алмағаны былай тұрсын, құмарларын да жөндеп қандыра алмады. Шаршы төскей, көлденең жал, терең өзектерді әрлі-берлі қиғаштаумен аңшылар екі күн ішінде аттар мен иттерді салбөксе етті, өздері де қажыды.

Екі бүркіт, төрт тазысы бар бір топ аңшы қансонардың үшінші күні тұс ауа Қосадырдың арғы баурайындағы төрт-бес үйлі жұпымыны қыстауға салқып жетті.

Насыбайши, құнжиган қара шал Бәйменнің жеркепе шым үйінде шай қайнап, қыұрдақ піскенше аттар мен иттер солығын басты. Құдықтан суарылып, отқа қойылған көліктер жеңіл ас дайын болғанша тыңайып та қалды.

Аңшылар қонторғай ауылдан аттанғанда, күн намаздыгер болып қалған еді.

Наудың қоңырындағы Қойлыбай көңі Қосадырдан алыс емес, бір төрт-бес шакырымдай қана жер, сол себепті «аяндап отырсақ та қоналқаға жетеміз ол араға» дескен аңшылар жолшыбай Үйтасты қапталдап, соның сай-саласын тінте жүрісті.

Көкке бойлаған қызыл қия тау мен Қосадырдың аралығындағы жазықта, айыр өркештерін көкке мезгеген күмбез төбелі жеке қотыр шоқы тұрады. Осы Үйтастың өрін екі бүркітші өзгелерден бұрын алды: Бектемір сары құсымен төскейге таман, Нұрмак одан жоғарырақ, шоқының шоқтығын ала тұр. Екеуі де ат үстінде, бірақ бойларын сорайтпай, кос қабат қайқаңнан төбелерін ғана қылтитады.

Кейінірек қалған қағушылар Үйтастың сілеміне іліге бере-ак, қобыздай бір қу құйрықты төменгі сай табаннан айдал шықты. Такау арадағы Бектемірдің қолынан лып берген сары құс ұзын тықыр тұлкіні өрдегі шоқлар тастанға іліктірмей-ақ жұмарлады.

Қара балапан тілеп ұшты. Шын шабыттанса керек, шұғылынан екі-үш рет шыр айналды да, көкке бір-ак шықты шарқ ұрып. Содан сонау жалаң төс Айыр таудың бергі алқабындағы ойпатқа қарай шүйіле кеп бір құйылды дейсін, тұра лактырған тастай сорғалады.

Тұзде аң аулағанда ұшқан бүркіттермен қоса жүгіріп, алуан оқиғаларға тап болған әккі ақ арлан мен сары ала қанышқ та құлаш ұрды.

Аңшылар желе шоқытты. Бұлардың қасындағы басқа тазылар қашқан анды көре алмағандықтан, аттылардың алдында алақтап, жан-жаққа жалтақтай кергітіп барады.

Қара балапан ойпат үстіне жете бере тігінен шұқшиды. Сол сәтте әлдекандай бір топ ірі андар тасадан бергі қабаққа жосылып шыға келді. Еліктер екен. Аңшылар ат қойды, тазылар да іркес-тіркес қаптады. Қайда, қиғаштай тартқан еліктер сирақтары сала құлаш болып орғығанда, есік пен төрдей жерден бір-ак түседі.

Әуелде шүйілген бүркіттен шошып, ойпаттан бері

қарай жүйткіген үш елік аңшыларды көре сала, Айыр таудың шеткергі тас кезеңіне көлденендей тартты.

Бұл кезде сонау бір құйыла түсіп, құйқылжыған жерінен қайыра көтерілген қара балапан бері емес, әрі қарай ұшқан еді. Осыған наразы болған құс иесі Нұрмак «мына шіркін қайтеді-ей» деп қамшысымен көкжиекті нұсқады. Онымен қатарласа шапқан Бектемір: «Қызықты енді көресің», — деп мырс етті.

Иә, тастұлек қарсы қабаттағы биік қызыл қияның ұшар басымен деңгейлескенше шарықтап алды да, шұғылынан ойысты. Міне, ол орғыған еліктердің алдына қарай сыйырта шүйіліп келеді.

Осыны көрген алты-жеті аңшы аттарына қамшы басып, айқайды сала, тазыларға «айтақ, айтақ!» дескен күйлерінде, тырым-тарақай алға ұмтылысты.

Әуелде аңсыраған тастұлек жоғарыдан төне түскенде, қатты бір шошып жосыла жөнеліскең еліктер белден аса бере оны мұлдем естен шығарған еken. Бұлар алдынан қарсы кездескен адамдар мен олардың иттерінен қаймыға коймай, қиғаштап еркін сермейді. Тек әлгі бір тарс ете қалатын бәленің өресі жетпестей аралық қана қалдырып, өз тобының алдында санлақ сұр серке аршындалп барады.

Бір мезгілде жоғары жақтан шуылдаған дыбысты құлағы шалып, тәбе тұсына көз тастаған аршынды серке өздерінің үстіне келіп қалған айбатты қыранды аңғарды; аңғарды да қатарында жүгірген екі серігіне мойнын кезек бұрып, «мә-ә!» деп бір-екі рет бақ етті. Оның жұбайласы — құбақан сида ешкі басшысының тек шын қатер тәнгендеған осылай төтенше үн шығаратынын көптен білетін. Сол себепті қожайыны жалт бергенде, үлкен ешкі онымен қоса жалтарды. Бірақ қыстың салқын тынық кешінде еліге ерігіп, өз тобынан алшағырақ жүйткіген семіз лак теке алғашқы сәтте ата-анасының шұғыл бұрылыс жасағанын байқамай қалған.

Лак теке шығандаған екпінін тежеп, өз тобына ойысқанша, оны зулап кеп шанышла түскен қара бәле желкесі мен аш белінен қapsыра сарт еткізіп

ұстай алды. Лак жерге жалп етті. Сегіз найза оның терісін тесіп, уыз тәніне кірш-кірш кіріп бара жатты. Жас, жас та болса тұлғасы балғын, әлді лақ теке жан үшыра оғи түрегеліп, тәнін қатты шенгелімен удай ашытқан қанатты жыртқышты көтеріп ала жөнелді... Бұрынғы бұрынғы ма, бүркітті жүгіріс қарқынымен үстінен түсіріп тастамақ болып үкідей үшқан жас текені көрген аттылар тым-тырақай жарысып, ышқына айқайласып, бүкіл бір өлкені бастарына көтерді.

Бірак бұлардың салған дабылынан, ірі аңмен арпалысқан тастулекке келер көмек шамалы. Міне, оны алып қашқан лақ теке өзекке түсе бере сүрініп кетті. Осы бір ойпаң-тойпаң қарбалас түсында аршындаған тазылар да сол араға жетті, жетті де, жас текені додаға салды.

## 9

Қара балапан елік ұстаған қысқы кештен кейінгі біраз құндер ішінде: «Қойбактардан енді қос қыран шықты. Олар тағы да бір қырғын тастулекке ие болыпты; Бектемірдің әйгілі сары құсы самғағанда, Нұрмақтың қара балапаны зулайды. Бірі шүйіліп, екіншісі түйілгенде қылт еткен анды құтқармайтын көрінеді» деген лақап ел аузына тарап кеткен еді.

Арканың аяғынан шөл төріне дейін өрістеген, үш мың үйлі бір болыс — Сайқын елінің ең дәкейі Құдайқұл қос қыран жайындағы қауесетті естіген жерде:

— Ру ортасына бак-дәulet ораларында қолда бар үйірлестер мен ұяластардың шабаны берік, шалғайы жүйрік болып кететін еді, Қойбактар енді құтырына бастамаса не қылсын,— депті.

Өзін Қойбак руының ұлken кожасымын деп санайтын Ақтай мырзаның құлағына жоғарғы сөздер жылы тиеді. Бірақ жалпы ру атына айтылған жақсы сөздің бұған жақпайтын бір жағы және бар: жұрт қос қыранды аузына алғанда, олардың бір де

біреуін — Ақтай мырзанікі деп атамайды, кайта «шіркін, Бектемірдің әйгілі баршынын, Нұрмактың осыннаш шыққан тастулегін айтсаңшы» деседі.

Ақтай сондықтан да бұл жолғы аңшылық сапарына соншалықты шаттана алмайды: оған керегі саяхат пен серуениң өз ракаты өмес, атак, даңқ ләzzаты.

«Бектемір аталас ағайынғана ғой, оны өз алдына қоя түр. Ал туысы жақын Нұрмакқа не жок? Ол ел ішіндегі ең мықты делінетіндер еріксіз санаса бастаған Ақтай сынды бауырласының беделін неге ойламайды? Ол Ақтайдың даңқын көтере тұсу үшін неліктен қолғабыс тигізбейді? Бұл Нұрмак ел билеп, әмір жүргізу өз қолынан келмейтінін жақсы біледі. Бірақ бұл да жұрт көзіне түсерлік бір ірі іс істеп, атын шығарғысы келеді. Сонда қанша пайда табам деп болжалдамайды да».

Кара балапан елік алған жерде Ақтайдың атқосшысы Баймұқан: «Бұл тастулекті бұдан былай Ақтай мырзаның құсы еді делік», — дегенінде, Нұрмак: «Ей, шорқөк, былшылдама, құс өзімдікі!» — деп сөзді келтесінен бір-ақ қайырды ғой.

Онымен де қоймады, аңшылар:

— Бұркітіннің тырнакалдысы, өзің байлан! — дескенде, ол бауыздалып, іші-қарны ақтарылған тушаны Қоңыrbайдың артына бектеріп беріп жатып:

— Сол да сөз болып па екен, Кенжеагадай кәдірлі, жасы үлкен адам тұрғанда, маған «Нұрмактың қара балапаны үстады елікті» деген сөз жеткілікті, — деп қоқыланғаны бар өмес де?

Бұл қылышты жақтыра қоймаған Ақтай атқосшы Баймұқанға бұрылып:

— Тегі, алаңғасар, аусарлау адамның тіршілігі қоңылдірек болса керек, — деген еді.

Тұнерген түбінде же бар, же жоғын жандатпайтын қара су сияқты, Ақтайдың қара күрен өні оңайлық пен құбылған өмес. Ол ішіндепі арамза ғайлары мен қызығанышын серіктес аңшыларға сөздірген жок. Мырзаның құпия сырларын тек Баймұқанғана бірсыздырығы тәуір түсінеді. Мысалы, Ақтай мырза

мен Нұрмактың арасы неге жымдастпайды? Ақтай Нұрмакты ой-өрісі тар, алаңғасарлау адам, сондыктан да оның өмірі уайымсыз-қайғысыз деп санайды. Ал Нұрмак Ақтайды негізі тексіз, жаңадан байыған арамза, опасыз жан деп біледі. Бұлардың мінез-құлыктары жер мен көктей алшақ болса, үй ішіндегі жай-күйлері де ерекше екі түрлі.

Әрине, Ақтайдың жаздығуні тігетін алты канат ақ ордасының және қыстығуні орналасатын ағаш үйінің іші-тысы бірдей салтанатты, көрікті. Бірақ сол ордалардың сырты қонша айбарлы болса, іші сонша ызғарлы.. Мұнда тыныштық, татулықтан беймазалық басым. Мұндағы тіршілік құбылыстарының өзге оғаш, дөкір жақтарын былай қоя тұрғанда, Ақтайдың семіз ақ сүр бәйбішесі Салиханың бір өзі неге тұрады?! Оның қырыскан қалың қабағы, сазарған өңі анда-санда болмаса жібімейді де, жылымайды да. Салиханың мелшіген барлық бейнене-сі әйел емес, тас құдаймен пара-пар. Ал ашуланған, қатуланған кездерінде аларған бұлтық көздері арлан қасқырды еске түсіреді. Долданып, ширатыла қалған шақтарында оның сопактау шақша басы оқшиған әбжыланды елестетеді.

Сыртқа салғанда қайыспайтын қайсар, уытты азамат деп есептелетін Ақтай өз үйінде Салихадан асын ештеңе істей алмайды. Өйткені «долыдан дәу перім қашылты» дегендей, Салиха катындардың ішіндегі ең бір көкайылы. Ақтай оны ырқына көндірем деп сан рет жер-жебіріне жете ұрып та, өлімші ғып ұрып та көрген. Бірақ Салиха жасып, жабығу орнына күннен-күнге өрши түседі. Ол өршімегенде қайтеді, шыққан төркіні Ақтайдың аталарынаң басымырақ және ұл мен қыз дегендеріңіздің бірінен соң бірін өрбітіп отыр. Оның қолынан іс, тілінен сөз келеді. От басында отырып-ак «жақсыларға» жақсы қонақасы беріп, келелі кеңестер тұсында ақыл қоса білетін әйел осал кісі бола ма?!

Бақ-дәулет тұрғысынан алғанда Ақтай ел ішінде саусақпен санарлық мықтылардың алдыңғы тобында. Бірақ ол бақты Нұрмактан төмен екенін сезеді.

Мал-мұлқі мен салтанаты мол Ақтайдың сыртқы өмірі арпалысы көп, беймаза болса, ішкі тіршілігі тежеулі. Ал дәулеті шағын Нұрмактың салдыр-салақ түрмисында ешқандай сығырдандық жоқ. Оның үйіне бара қалсан, жұпны жабдықтарынан бастап, коңырқай бала-шағасына дейін жайдары. Ол үйде шаршы тұлғалы, құлім көз қара торы әйел Зейнеш отырады. Сұлу емес, бірақ сыпайы, өте сүйкімді жан. Оның шын ықыласымен, іші-бауырыңа кіре есендескен сөздерінің өзі қандай ұнамды! Зейнештің қайнатқан шайы, асқан еті де дәмді. Тағы да өзі қалжыңға қандай ұста! Ақтай өзінен бірер жасы үлкен Нұрмактың әйелі Зейнешті жеңге тұтады, сондықтан да оны қыспаққа салып, ұялту үшін неше алуан дәкір балапыт сөздер айтады, бірақ Зенешті шамдандыру қыын, Ақтай белгілі шектен асып бара жатқан кездерде, ол:

— Е, сені ел адамы деп сыйлайтын біз шығармыз. Ауыл арасында піскен бас, жар мойын атанған кім еді? — деп оны еріксіз бөгейді.

Ақтай Зейнештің барлық бейнесі өзіне қатты ұнағандықтан да, оны келіншек кезінде айналдырып көрген, бірақ онысынан ештеңе шығара алмаған.

Тегі құдай тағала Нұрмакқа алысты шолыр ақыл бермегенімен, оның өзіндік тіршілігіне ерекше назар аударса керек. Зейнештей кең пейіл, сүйкімді әйелдің үстіне қара балапандай қыран құсты қосуын карасаңыш.

Бірақ өзге болмаса да Нұрмакқа Ақтайдың құдіреті жететін шығар.

Анда жүрген бір аптадай уақыт ішінде мырзасы мен оның атқосшысы өзара сырласпай-ақ осындай қорытындыға келген еді.

\* \* \*

Аңшылар Наудың қоңыр адырындағы қөп үйлі көңге бүгін екінші рет қайрыла келіп қонып отыр.

Бұл қыстаудағы өзгелерден ауқаты тәуір, тықпа қара сақалды, шарық бет Нығыметтің аласа екі

бөлмесіне ауыл адамдары лық толған. Бес-алты күн ішінде он шақты тұлкі, бір елік алған қос қыранға бұлар шыр айналдыра қарайды. Өздері қыранның сыр-сипатын танысын, танымасын, жалпы дақпырт бойынша:

— Мына кәпірдің кескіні бөлек екен! Қалай-қалай қылғынады өздері! — деседі.

Әсіресе отырысы жинақы, саңлақ тұлғалы қара балапанды ерекше дәріптеседі олар.

Қызынған аңқұмарлық лебіздер саябырсыған бір тұста бұғы мойын, бақа көз Нығымет өзінің кунақы дағдысына басты.

— Аңшы мырзалардың,— деді ол,— құстары да, иттері де жақсы. Оған талас жоқ. Енді осы құтты қонақтарымыздың ауылға көрсетер көмегі бар ма екен? Соны сұрандаршы, бет алды даурыға бергенше.

Нығыметтің мензеп отырған ойын ауылдастары анықтап берді. Көп үйлі, шаруалары шағын ауылдың токты-торымдары мен тана-торпактарын бір-екі қасқыр күн сайын тарпа басып, азайтуға айналыпты.

— Сол екі қорқауды құртпасаңдар да, жақсылап бір шошытып берсендер дұрыс болар еді,— деді үй иесі.

Аңшылардың арасынан бұрынырақ тіл қатқан Бектемір:

— Ой-бой, мынадай қия таулы жерде көкжалдар маңайлата ма бізді? Адамдар мен аттардың біреуі мерт болуы мүмкін,— деді.

Көргендердің айтуына қарағанда, ауылдың малын шаба торуылдаған қасқырлар кез келген сәтте кимелей соғатын сырттандар емес, бірі — кәрі қаншық, екіншісі — биылғы бөлтірік көрінеді. Бұл екеуі ұсақ тұліктерді көрнеу түрде келіп бас салмайды, бұға баспалай жүріп қапысын табады екен.

— Біз бар бүйымтаймызды айттық, ар жағын өздеріңіз білесіз! — деп тоқтады Нығымет.

Аңшылардың ақсақалы Қоңыrbай: «Е, бұл обыр тәңір атқандарды байқастап көруге болады ғой», — деп, көніл аулағандай ниёт білдірді. Ақтай жантайып

жатқан күйінде бас изеді. Бірақ Бектемір тағы да кия тартты.

— Кенжеаға,— деді ол Қоңырбайға бұрыла қарап,— мен сіздің айтқандарыңызды еш уақытта бұзған емеспін. Қоңырадыр Айыртаудың қызың қияларымен қойындасып тұр. Адыр мен жалаңаш шындардың арасы аяқ алып жүргісіз қат-қабат қақпақ тастар. Бұл маннан қасқыр тұрсын, ұсақ андарды тоспалаудың өзі өте киын жұмыс. Бұл бір мән шықтайдын әурешілік болар.

Актай мырза басын көтеріп алды:

— Құн ашық, ай жарықта ақыр заманды орнатқаны несі? Сенен басқа жұрт аң аулап көрмегендей,— деп Бектемірдің бетіне алара бір қарады да жастыққа қайта жантайды.

Бектемір мырзаның кекесін сезіне батыл жауап қайырғалы бір оқталды да, бірақ оны емес, Қоңырбайды сыйлағандықтан үн қатпай қалды.

Жиналғандардың көпшілігі ас түсірілер алдында тарай бастады.

Қонақтар ауыл аксақалдарымен бірлесе отырышет жеген соң, тыскә шықты. Тұн ортасы ауған, құн шытырлаған аяз, ашық аспанда самсаған жұлдыздар шақырайып тұр.

Ауыл жатты. Бірақ жұрт бір үйқтап ояниғанша аңшы қонақтар арасынан екі адам жайласа алмады. Серіктестері шешініп төсекке қисая бастағанда, Бектемір Нұрмақты ертіп, сары құс қондырылған шошалаға келіп кірді. Ол өз құсына қойдың сан етінен әзірленген бөртпені беріп жатып:

— Мынау баршын тартқан, коңы да оязып қалған жануар ғой. Қантардың тұнгі аязы ертең күн шыққанда да бәсендей коймас. Қәрі шіркін күшине кіре түссін деп беріп жатырмын әлдірек жемді. Ал сен қара балпаныңды ақ жемге әбден тойдыр. Бірақ оны мына жылы орыннан гөрі салқындау кораға апарып қондыр, сенің құсың үытты жас қыран ғой және әлі де қондырақ мениң байқауымша,— деді.

Екі бүркітші үйге кіріп жатқан соң да бірталайға дейін үйктай алмай, күбір-күбір сөйлесумен болды.

Нұрмак: «Алла жолымызды оң қылса, ертең үлкен қызық көретін шығармыз, ә?»— десе, оның серігі:

— Е, дүниеде қызық көп қой, бірақ тыныштыры аз өмірде тиянакты ракат қайдая болсын!— деп күбірлейді.

Бұл екеуінің де көздері аздан соң үйқыға кетті. Қараңғы бөлмеде пысылдаған мұрын дыбыстарынан баска үн өшкен шақта, төргі жақтан бір адам ақырын түрегелді. Ол үйдің есігін ашып албарға шықты. Осы арада тың тыңдағандай азырақ бөгелді де, шошалаға бұрылып, соның ішіне кіре бере сіріңке тартты. Тұтана қоймаған шырпыларды ол бірінен соң бірін жарқылдатып үйкей берді. Бірақ жаншылған қораптағы құқірті қөше бастаған шилер жана қоймады. Егер осы кезде сырттан байқаушы екінші адам болса, жарқ еткен сіріңке сәулесінен шор көз, қара мұрт біреудің оң жақ қонышынан жұдырықтай қансоқта қызыл етті алғып тұғырда отырған сары құсқа асатып тұрғанын аңғарар еді. Бірақ оның бұл зұлымдығын ін аузынан сұғалаған ала қоржын тышқан ғана көрді...

Қысқы таң нышаны қішкене терезеден сыват бере бастағанда, үйдегілердің көбі қиініп, дайын отыр еді.

Қорадағы аттарды есік алдындағы бұлақтан суарып, ерттеулі қүйлерінде қайта шөпке қойған Бектемір мен Нұрмак кірді үйге. Құрт қосылған сорпадан бір-бір тостағанын Коңыrbай мен Ақтай-дың қолына ұстасып жатқан Нығымет: «Саятшылар, таңғы асқа отыра қалтындар!»— деді. Тыстан тұнжырай келген Бектемір:

— Аттырай,— деді,— сары құс түн баласында томағасын қақпаушы еді. Шошалаға барсам, бұркітім жалаң бас отыр. Санғырығы да қара қошқылданып, әзі кірбендереп қалыпты. Бұған не болды екен?

— Бұркітің сырқаттанғаннан сау ма екен?— десті Коңыrbай мен Ақтай қосарласа.

— Біле алмадым, әйтеуір кескіні жайлы емес.

— Е, қойшы, сары уайымды салмай. Эп-сәтте оған не бола қалды дейсің. Алдыңғы құні шикі

тұлкі етінен талшық алғанын ауырлап қалған дағы,— деп, Баймұқан мәймөңкелей түсті.

— Қайдам, сонша тояттағандай болған жоқ еді,— деді де, Бектемір тізесін бұкпестен тысқа шығып кетті.

\* \* \*

Ашық ала қара көк аспанның сансыз жұлдыздарының көбі өшкен. Шығыс жақ етегі бозаландаған көк күмбездің кеудесінде «Есекқырған» сияқты жарық жұлдыздар ғана қалыпты. Таң алдында бұрынғысынан да ширай түскен аяз кеше борпылдал жатқан көбік қарды недәуір қатайтып тастаса керек, аяқ асты сықыр-сықыр етеді.

Бір жақсысы, аттар мен иттердің аяғын ұстарлықтай қатты күртік жоқ және аңдарды алыстан қашырадай шиқыл да естілмейді.

Ауыл адамдарымен қосқанда түзге шыққан аңшылар саны он шақты еді. Қазіргі сэтте Қоңыр адырдың бел кезеңіне шығаратын кең сайдың басына қарай төрт адам ғана өрлем келеді.

Бұлар «қасқыр, тұлкі көрінбесе, басқа ұсақ аңдарға ұмтылмайық, тазыларды жетектеп алған жөн» деген сияқты сөздерді әлгіде ғана басқа серіктерінен айрылысар жерде айтысқан-ды.

Төрт атты сай басына келіп тоқтаған соң Бектемір былай деді:

— Киялар жағын алуға үш адам кетті. Ал жаңағы екеуі жакпар тастарды етегінен орамак. Біз Нұрмақ екеуіміз екі бүркіт пен алқаптың аңғарындағы бас тоспаға барып тұрамыз. Тазыларды ерткен Баймұқан мен Бекен кеуде түстан ұмтылмақ. Осылардан басы артық аңшылардың қажеті де жоқ. Бөгет жасамай былайша қызық көрем деушілер иек артпа тұрғылардан баспаласын, бірақ орындарынан тапжылмасын.

Осыған келіскең төрт аңшы екіге бөлініп төмен түсті. Бұлар қыраттарды кияламастан жылғаларды қуалап барады. Әуелде өрден ойға түскен ат тұяқ

тарының тысыры, әредік жөтелген дыбыстар естіліп тұрды. Аздан соң айналада ағарандаған биқтердің бұлдыр бейнелері мұлгіп-қалғыған қалпына қайта келді де, төнірек тым-тырыс бола қалды.

Аяз қыскан тұнық әуеде таң жарығы сәт сайын молая берді. Батыс жакта күндіз мен мұндалап, тұнде алдыр-бұлдыр ғана көрініп тұратын жалаңаш үлкен таудың айыр өркештері, оның арсаланған ала-құла төскеілері де көріне бастады.

Осы шакта Қоңырбай мен Ақтай екеуден екеуі, Қоңырадырың Айыртау қойнауына сайып келген тұмсығындағы ең бір ұрымтал тұрғысын аяқ астындағы аң корығына аттарынан түсіп, асықпай үңіле қарап тұр еді. Арғы бетте көлденендерген жалаңаш үлкен тау, бергі жакта сиыр бүйрек қоңыр адыр, ортада аппақ алқап, алқапты ығы-жығы ғып бөлшектеген қойтастар. Ал қойтастарды маңайына жинақтап, ойдан өрге қарай шұбатыла тізілген ақ отаулар, әрине, қар жамылған қақпақ тастар. Қазір осылардың бәрі айқын аңғарылмағанымен, бұл аралар бұрын көзі қанған адамның көңіліне қанық жерлер.

Адырдың Қоңырбай мен Ақтай тұрған кеуде тұсынан төмен қарағанда, алқаптың табаны казір айқындағанда түскен жазық ақ өлкемен жалғасып жатқаны байқалады. Сонау бір сілемде жыбырлаған ақ бөріктер, әрине, қар жамылған қалың қарағандардың бастары.

Әне, өлкені екі жағынан қоршай бере сиыр құймышактаған қарама-қарсы қос қыратты екі адам екі жақтан орай асып, төменгі етекте бас қосты. Қараңыз, ол екеуі енді екі бөлініп бері қарай жүрісті. Бұлардың қазіргі сырт көріністері атты адам емес, жаяуға ұксайды. Өйткені аттары қалың көбік қарлы биік ақ теңіздің бетінде қалқып келе жатқан тәрізді.

Ақ мамық алқапта сол екеуінен басқа қыбыр еткен қара жоқ. Екеуі ағаш ерлерінің қасын қамшы сабымен тықылдатып қойып, ақырын ғана «ейт-ейт!» десіп келе жатқанына сөз бар дейсің бе. Бірақ қойнау деңгейінде тұрғандарға ол дыбыстар еміс-еміс қана

естіледі. Өздерінің жүрісі тіпті мандитын емес, аяқ-  
дап келеді.

— Аналар таянғанша отыра тұрайық,— деп, денесі ауыр Ақтай тізесін бүге беріп еді, кеуде тұстан тау іші кенет қатты жаңғырықты. Бұл, әрине, «ал, аң қашты!» деген алғашқы дабыл.

Оғаш аттаныстарға дағдыланбаған семіз мырза ерттеулі ат үстіне шапшаң шыға алмады. Ойқастаған наиза көктің қолтығында бұлғаландаған үзенгіге оның жуан аяғы ілігер емес. Бұл мығжында жатқанда, ширак карт аңшы Қоңыrbай қыр басынан ойға құлап та кетті.

Жасынан ит жүгіртіп, құс салған әккі карт төменге түсе сала айқай шыққан тұсқа беттеместен, өрге тартты. Оның ойы бүркітшілер орналасқан бас тоспаға тақау арадағы мойын тұрғыны қашқан аңнан бұрын алып, сол жерден барлық әрекетті бақылау. Бұл кісі өзі ойға алған Жүректөбе иығына тақап қалғанда, әлгіде кеуде тұстан естіле тұрып үзіліп кеткен дыбыс енді төменгі жақтан көтерілді. Дыбыстардың әр тұстан естілуіне зер салған Қоңыrbай: «Е, мына қашқан аң тік тартатын қасқыр емес, жалтарғыш тұлқі болдығой»,— деп ойлады. Сондықтан да ол мойын тұрғыға бой бағыттамастан, қыр басына еркін шыға келді..

Ой, әттеген, қос корқау бүркітшілер тұрған тоспаға тұра тартып барады екен, көлденеңнен шыға келген аттыны көрген соң, карсыдағы қайқанға жалт бұрылды.

«Енді не де болса, шамам келгенше мен бұлардан көз жазып қалмайын»,— деп, Қоңыrbай атына қамшы басты. Ол шауып келе жатып, бағана өзінің екі тазысын қағушылардың соңына ертіп жібергеніне өкінді..

Дағдылы әдеттері бойынша басын алдыңғы аяқтарының арасына алып, бүкендей аршындаған үлкен күрен қаншық пен қоңыр бөлтірік карсы кезеңнен көсіле еркін асты.

«Айыртау жақтағы Баймұқан мен Бекен орындағында болса жақсы, әйтпесе мына сіңірлі жойда-

сындар қияға шығып кетеді-ау, ә!» Қарт аңшы өр жакты орай шауып, келесі жал қыратқа иек арта бергенде, алдағы ойпаттан «айт, айт!», «қапта, қапта!» деген үндер естілді.

Екі қасқыр қар жамылған ак бүйра қойтастары көп қысталада өзектен өтуге жақын қалыпты; талқылы шіркіндер бірде жылғадағы көмбे қарға көміліп көрінбей кетсе, келесі сәтте шоршып қыратқа шыға келеді. Бұлардың сонынан екі жұз, үш жұз қадамдай жерде үш тазы үздік-создық кетіп барады. Екі атты — Баймұқан мен Бекен қашқан андардың бетін қиялардан бұрмак болып, қапталдай шабады.

Қоңыrbай: «Апыр-ау, бұл бүркітшілер қайда?»— деп жоғары көз тастап еді, Қоңырадыр мен Айыртауды жалғастырған қақпак тастардың үстін ала қалқып келе жатқан сары құсты көрді. Қарт аңшы қыр үстінен түспей тұрып, қарсыдағы көлденең биік таудың бетін етегінен шың басына дейін тағы бір шолып өткенінде, оның көзіне көкте шарқ ұрған қара балапан тұсті. «Әрине, жас бүркіт бет алды шарқ ұрады. Солай ма? Бәлкім, олай емес шығар?»

— Иә, сәт! Эй, сары құс, ой, әккі жануар, қасқырларға төтесінен тартты... Ұшуы онша ширақ емес, бірақ әккі баршын барлай самғап барады...

«Қара балапан албырттық жасады ма, қалай? Оған сонша биіктеу қажет пе еді?»

Әне, арт жақтағы иттерге алақтаған күрең қаншық енді бөлтірігін алдына салып, өзі оның сонына түсті... Ой-бой, арғы тепсендеге ілігіп қалған екен ғой бұл бәлелер.

«Сары құс, айналайын сары құс, әне шүйілді... бөлтірік бұталардың арасына қорғалады... Қарауыз үлкен қаншық тұра қалды... Әне, ой сұмырай-ай, үстіне төне түскен бүркітке қарсы шапшыды... Қап, қәрі қыран онымен айқаспастан тайлышып шыға берді, қарсыдағы шың төскейіне қарай... Қап!»

Сирактары сала құлаш, сары бауыр, көнек бас қаншық көлденеңдеген күйінде әлі тұр жаңағы орнынан тапжылмастан. Бөлтірігім аршалы шатқал табанына іліксін дейтін болар. Бірақ кейінде қалған

енесіне алаңдады білем, кіші-гірім төбет иттей марқа бөлтірік өрге тарта бермей, бұталар арасынан қайырыла тәмен жүгірді.

... Пән-пән! Қара балапан, әне, сорғалай құйылды қоңыр бөлтірікке! Аспаннан ысқырына зулай түсіп келе жатқан қазандай қара тасты дәл көкжелкесінә тақап қалғанда ғана аңғарған бөлтірік сасқанынан құйрығын қысып, тұмсығын көтере ұлып қоя берді. Қүрәң қанышқа баласының басына қатер төнгенің көрді, көрді де орғып берді. Ол орғыған шакта, аршындал келіп қалған арлан ақ тазы үлкен қасқырдың құйрығына тіркесе кетті. Жау өз етегіңе жармасқанда, бауырласқа қол ұшын бере қою оңай ма, қүрәң қанышқа шұғылынан артына қайрылды...

Қоңыrbай: «А, құдай, ақсаrbас! Обырларды қолға бере көр»,— деп айқайға басты. Ол торы атты тайғанактата ылдига құлады да, жолдағы қойтастарды баса-көктеп тарта берді, тарта берді. Қөпті көрген әккі аңшының түзде жортқан кездерінде талай рет ат-матымен құлап, мерт бола жаздағаны казір мұлде есінде жок... Міне, қарғыды торы ат төңкөrілген тайғақ қойтастар үстінен... Жануар төрт табанынан тік түсе алмай, омақатса да, үстіндегі иесін құлатпауға тырысты. Ол алдыңғы екі тізесін бүге, артқы сирактарын талтайта тіrep қалыпты. Атының мұндай әдіс жасағанын Коңыrbай, әрине, көрген жок, бірақ кәрі серігінің қасарысканын ол бүкіл денесімен сезді. Қарт аңшы ерден ауытқыған қалпынан жөнделіп, ілгері жаққа зер салғанында, алдағы тепсендे ак арланды омыраулай кимелеп, артында тақымынан жұла тартқан сары ала қанышқты бөксесімен сүйрелеп жүрген үлкен қарауыз қасқырды көрді...

Басқа аңшылардың тақау аралардан дауыстары естіледі, кейбіреулерінің төбелері қараңдайды. Алайда тарпайыскан тағылардың деңгейіне Коңыrbайдың өзінен жақын шендерекен бір де біреуі жок.

Қоңыrbай қара балапан шүйілген бетінде бөлтіркіті тарпа басқанын айқын аңғарды. Ол екеуі

арпалыса жүріп далдаға түсіп кетсе керек, қазір ол тұста қыбырлаған ештеңе көрінбейді.

Тосқауыл бөгеттері көп өзектен өте бере мүлде барлығып қалған торы ат қанша борбайлап, қос-өкпеге тепкілегенмен, шаба алмай, желе шоқиды.

Қарауыз үлкен қасқырмен додаласқан иттерге Қоңыrbай тақап қалды. Ол: «Айт, айт! Мықтап ұста, жібермендер!»— деп келе жатыр.

Сары ала қаншық қаңсылай қарғып, айқастан шеткері шықты, сірә, аршынды қорқау болат азула-рымен оның бір жерін осып жіберсе керек.

Шоқтығы биік күрең қаншық пен арлан ақ тазы итжyғыс түсіп, қайта түрегелген балуандар сияқты алдыңғы аяқтарын бірінің иығына бірі асып қойып, құлақ-шеке, мойын түптен алысқан күйлерінде бір сәт тіктесіп түрді да, жігін жазбастан құлап түсті; бірінің үстіне екіншісі кезек шығады... «Ойпырай, не болар екен?» Қорқау қаншық ақ тазыны желке-ден алып, сілкілеп жүр...

Әлгі бір сүмелек дүрегей неме қайда кетті екен, ә? Жасық кортеке шіркін серіктестері қандасып жатқанда, жан сауғалап ауылға қарай безіп кеткен ғой.

— Айтак, айтак! Аққасқа, жығылма... айрылма!..

«Алда шіркін, Аққасқа-ай, өне бойы сары ала, торы ала болып кетіпті, қанға батқан екен-ау...»

— Ей, қайдасындар? Аңшы емес, өңшең нәуетек-тер!

Қоңыrbай майдан болып жатқан тепсендеге жетті. Оның қолында қамшыдан басқа кару жоқ, өзі қарт кісі; айқастың үстінен келіп шыққанда ол дәу қан-шық қасқырға карсы нендей қайрат жасамақшы? Қайран жиырма бес! Тіпті қырық-елу жаста болса бір жөн ғой...

— Сары құс, кә, кә!— деген дауыс саңқ ете калды осы кезде. Бектемір, соның даусы ғой бұл.

Қыр астынан сол екінші аттының төбесі көрінген шақта карсы шыңың белдеуінен бері қарай, қар бетінде жылжи ұшқан көлеңке көрінді.

«Иә, сәт, иә, аруак! Сары құс!» Есті баршын иесінің даусын таныған ғой.

Тұз тағыларымен жылдар бойы қандасқан кәрі қыран төменде үлкен күрең қорқаумен арпалысқан иттерді, әрине, жоғарыда бағанадан байқап отырған. Бірақ ол әлді қорқауға қарағанда, өзінің қуаты онша емес екенін шамалаған. Бұрын тұлкілерден басқа текті андармен көп шайқасып көрмеген сары құс әуелде қорғалақтаса керек. Алайда ол өзі тоятқа аспан әлемінен шүйілген кезде, мұның астын ала жер бетімен аршындастын ақ арлан қатерлі дүшпан — үлкен қасқырмен арпалысып жатқан шакта оны қолдауға тиіс кой. Бұл екеуі талайдан бері тізе қосып, жауға қарсы сойыл соғысқан серіктестер емес пе еді? Ендеше сары құс дер кезінде неге үшпады екен?

Иә, өткен түнде ол қонақтап отырғанында, шошалага от жарқылдатып кірген бөгде біреу оның томағасын сыпырды. Жалаң бастанған сары құс қос жұдырықтай қызыл етті ұсынып тұрған шор көз, қара мұртты кісіні көрді. Шырт үйқыдан шошынып оянған серіек қыран тосын адамға сескене қарап қалған еді әуелгі сәтте. Бірақ жылқы иісі аңқыған дәмді тояттың қансоқталы кескіні оның талайдан бері тек талшық қана алып келген аш өзегін саздырды. Хош иісі мұрынды жарған, құнарлы асты сары құс еріксіз шап берген еді.

Иә, солай, оның өлер етіндегі күйлі бабын дағдылы қалыптан тыс жұтылған сол семіз ет бүлдірген-ди.

Бәртпе, яки ақжемге қанағаттанған кештің ертеңіне сары құстарың бойы жинақты, көңілі сергек болушы еді. Ал өткен түнде қалыптан тыс қарбытқан қансоқты оның жүрегін лоблытты. Соның салдарынан түні бойы жөндеп үйктай алмаған-ды. Кекірігі азып, тоқмейілсіп қалғандықтан бүгін сары құстарың бойында қылышылдаған балты қайрат, ширыққан шабыт жоқ болатын. Рас, әлгі бір әзірде шыққан «аң қашты» дабылына оның бір сәт арқасы қозғанды, бірақ бұрын тап берген тоятына тайлықпай соқтығатын әkkі қыранның бұл жолы жағаласар жауына шүйіле түскенде, бөтегесі түйнегендіктен, басы айналып кеткен еді. Азулы дүшпанмен айқасуға

бүгін ынтасты болмағаны сонша, сары құс үлкен күрең қаншықты жайқап өткен бетінде шының тәменгі белдеуіне зорға жетіп қонған-ды.

Әрине, ол кәрі қаншық қасқыр мен екі тазының арпалысын жоғарыдан көріп отырды. «Ұшайын, достарыма көмектесейін» деп баршын бүркіт бір-екі рет қанатын қомдап та көрді. Бірақ оның дел-сал бойына уытты жігер жинала қоймады. Тек бірталай-дан соң ғана лақ еткізіп саңғып жібергенінде, өрекпіген жүргегі орнына түскендей болды. Осының артынан іле-шала өзінің ең жақын досы Бектемір-дің: «Кә, бопым, кә, бопым! Кә, сары құс!» деген мейрімді, әрі әмірлі даусы естілді. Сонда баршын қыранның тұла бойы шымырлап кетті. Иесінің үнін арқаланған сары құс дүр сілкініп, жоғарыдан табан астына екпеттей бір-ақ ытқыған еді.

Үлпілдеген қалың ақша қары ойран-топыр болған тепсөн мен Қоңырбайдың арасында жүз қадамдай-ақ жер қалғанда, шоқтығы биік сіңірлі қаншық қасқыр өзінен жатағандау арлан тазыны алқымынан қамти қауып, оның басын жерге жаныштап жатыр еді.

Тазының кеудесі қасқырдың астында, бексерісін бұраң-бұраң етеді. Өзі жағаласқан жауынан біржола жеңіліп, тырапай асуға айналған.

«Жығылма! Сірепіп бақ! Эй, ана қара құлақ корқауды қарағұсынан қайқайта кеп соғар ма еді, ә!»

Тәғылардың киян-кескі майданына өктеген жалғыз Қоңырбай ғана емес, екі қанаттан қапталдай шауып, басқа бір-екі аңшы да келіп қалған екен, олар да айқай салысты.

Бірі тепсендеген төтелей, енді бір-екеуі екі бүйірден қаусырмалай үмтүлған үш аңшының бастары түйісер тең ортаға сары құс самғап келіп шүйіле қалды. Қоңырбай ернеуге іліге бере аттан қарғып түсіп, жаяу жүгірді.

Аптыққан кезде адамда дегбір қала ма, карт аңшы жолдағы қызыл қурайларға ұрынып, екі рет жығылды.

Бүркіт қасқырдың аузын оң аяғымен түмшалай

бұрген екен. Ал сол жақ шеңгелін оның көк желкесінен салыпты. Қорқау қанышық басын сілкілеп, алдыңғы сирактарымен сары құсту омырауынан итермелеп жүр. Есін енді ғана жиган арлан ақ тазы өн бойы қида-қида қып-қызыл ала қан болғанына қарамастан, ата жауының шабынан қатып қалыпты, олай бір, бұлай бір жүлкіди.

Қөнетоз темір үзенгіні доғасына кептеп қойып, қайыс бауының ұшығынан ұстаған Қоңыrbай қасқырды құлақ шекесінен не тұмсығынан ұрмақ еді. Бірақ қорқаудың басы бүркіттің шеңгелінде. «Енде-ше бұл сұмырайды шонданайынан соғып шойрылтайын» деп сермен қалғанында, жұмыр құйымшақтан тая түскен темір үзенгінің бір шеті тазының құлақ шекесіне барып тиді. Қатты темір жай соғылған күнде де тән ауыртпай қоя ма? Оның үстінен өзіне қолғабыс тигізер адамның олақ қылышынан сессенген ақ тазы қаңқ етіп сыртқа шыға берді.

Ақ тазыдай бүйіріне жабысқан мығым шаттауықтан босанған күрең қанышық салмағы өзінен жеңіл, бірақ ең қатерлі дұшпаны — сары құсту басынан сыпырып тастауға күш салды. Ол кез келген тастар мен түбірлерге бүркітті олай бір, бұлай бір соғып, ақшақарға сұңгітеді. Эбден өштескен баршын қыран өзі шеңгелдеген көнек басты уысынан босататын емес, оның қанаттары жалп-жалп етеді...

Құрып қалғыр кәрілік-ай, жігіт шағы болса, Қоңыrbай қасқырдың қеудесіне қазір міне түсер еді-ау...

— Айт, айт! Ақжолтай!

Өз басын өзі сілкілеп әлекке түскен қорқаудың шабынан ақ тазы қарғып кеп тағы да ала түсті.

Бүркіт бастан басып, тазы бөксересінен қарыса тартқанда, қасқыр еріксіз тәлтіректеді. Қісесінің қынабындағы кара кездікті суырып ала ұмтылған қарт аңшы тізесі бүгіліп, бөксересі шоңқайған озбырдың ішін пышақпен есіп жіберді.

Бектемір де келіп жетті. Ішегі шұбалып, кара қаны сорғалап, әлсірей бастаған қанышық қорқауды

екі аңшы кез келген жерінен кезек-кезек соға берді, соға берді.

Коркау енді қайтып қарсыласа алмастай халге жеткенде, ақ тазы жұлқылауды қойып жата кетті. Бірақ сары құстың шеңгелі қарысып қалыпты, көнек бастан оның түқтартын Бектемір бірталайға дейін ажырата алмады.

Бүркіттің бұрын шакпақ тастай жалтылдайтын отты көздері бозарып, желке жұні үрпіп кеткен. Ол қайқайған құнрық-қанаттарының түбімен жер тіреп, кимылсыз сірескен қалыпта отыр. Бектемір құсының омырауын сипап көрді де:

— Алда тәңір-ай, жемсауын жарып жіберіпті ғой,— деді.

— Не дейді? Шын айтасың ба? Ой, эттеген-ай!— деп, Коңыrbай жүресінен бүркітін құшактап отырған құс иесінің қасына келді.

— Кеше бұл маңнан аң ауламайық, мерт боламыз демеп пе едім?! Міне, енді, көріндер не болғаны!.. Құрып қалғыр ине мен жіп те жок, жараны тігіп тастар едім, қап!— деді Бектемір.

Эл үстіндегі жас бала сияқты, көздерін бір ашып, бір жұмған сары құсты Бектемір сыртқы шекпенін шешті де, соған орай бастады. Қалжыраған қанатты досын ажалдан әлі де алып қалармын дегендей үміті болса керек, ол атына тез мінді де:

— Кенжеаға, ана қарауыз сұмырайды сүйреп келе берерсіз, мен қойлы көнге тарттым!— деп шоқыта жөнелді.

Коңыrbай өнкіген өлексенің қара қылтық жуан мойнына шылбыр тағып жатқанда:

— А, майлана берсін!.. Құдай бізге де, сіздерге де берген екен!— деп, Нұрмак пен Баймұқан келді.

Нұрмактың артында бәктерілген қоңыр бөлтірік, қолында омырауы үйпаланып, құйрық-қанаттарының үстіңгі бір-екеуі майрылған қара балапан.

Бұлардың соңынан іле-шала басқа аңшылар да жан-жактан тепеңдей келіп, осы арада бас кости. Ең соңында Ақтай мырза жетті. Мұның қабағы катулы, қара күрең өні бұрынғысынан әрі түтігіп кеткен.

— Қайран мұзбалақ шіркін!.. Обалыңа қалдық ау, жануар!— десіп тұр еді бұл кезде аңшылар.

Ақтай жолда өзінің көрген азабын ызбарлы, ашулы дауыспен қөйіте бастады.

— Қасқыры да, басқасы да құрып қалсын! Бір емес, екі рет жығылып, өліп қала жаздадым... Бәйге көк мынау, біржола мүгедек болып кетпесе жарап еді,— дейді ол.

— Атқа мініп шаба алмайтын адамның аң аулап несі бар? Бәрінең бұрын сары құстың орны толмас, осының өлімін айтсандаршы!— деп, Нұрмак сырт айналды.

— Ай, сен, қопалақ, не былшылдайсың?— Ақтай қамшысын екі бүктеп алып, ілгері ұмтыла түсті. Жанжал шығып кете ме деп қипалақтаған Қоңырбай аксақал:

— Баймұқан, ай, Баймұқан! Сен бері кел. Сен өңгерші мына дәу немені... Аптарай, қасқырдың қаншықтарынан мұндай сырттанды осы жасқа жеткенше көрсем көзім шықсын,— деп, ол үласуға айналған еgestің бетін басқа жаққа аударып жіберді.

Аң қуу қызығына салынғандар бұған дейін уақытты ескермеген еді. Қазір батыс жақта мен мұндалаған қызыл киялардың аңғарларынан аса ызғырық соғып, төскейлерден жаяу борасындар жүре бастапты.

Өресі тар қыс күні тең ортадан ауып қалған, шаңғытқан буалдыр аспанда күн көзі күнгірт. Бұдан әрі түзде салпақтай берудің жөні жоқ екенін іштей түсінген аңшылар жақын арадағы қойлы көңге жетелік десті.

Аңшыларға ерген кешегі ауыл адамдары бұлармен қош айттысып, кейін қала берді.

\* \* \*

Сондарына ерген иттерін сүмендетіп, астарына мінген аттарын бүкендеткен төрт аңшы бүрқактаған боран екпініне қиғаштай тарта отырып, Айыртаудың ыққ жағындағы ақ бүйраратқа кіші бесін ауа көліп ілікті.

Акбүйреттың арғы баурайына орналасқан қойлы көнгө тақала бергенде түйенің бакырған үні, ертерек коралана бастаған қойлардың маңырасқаны, иттердің үргені естілді.

Ізаланғандықтан ба, немесе күні бойғы көп жортуылдан шаршағандықтан ба, жол үстінде еңселеп тіл қатпай келе жатқан Ақтай мырза енді алға ұмтылып, комдана түсті де:

— Апырай, малдар аман болса жаарар еді? Іңір болмастан шуласқаны несі бұлардың? — деді.

Бұл көнгө отарлап бағылған он шактың түйе, бес жүзден аса ірі қой сонықі болатын.

Шілікті сайдың басынан табанына қарай бораған қар жосқындары төрдегі төрт мая шөп пен тепсендегі салқар екі қора үстін басып, бұлақ басына итіндіре салынған жер кепенің төбесінен аса үйтқиды.

Аңшылар жер кепенің алдына тақала бергенде, тепсендеген өршелене үріт, шалқылат жеткен қос көк ала қарсы алды. Төбеті — тайшадай, қаншығы жөпшенді төбетке бергісіз — екі ит түздегі жорықтан жаралы болып қажып келген тазыларды аттардың бауырына қуып тықты. Ақтайдың «Ай, қойындар, кет әрмен, мына шіркіндер қайтеді?» деп зекіргениң қос көк ала елеғен жоқ, оның өз атын құйрығынан алып, өзінің үзенгісіне жармasti. Үркектеген найза көк қарғып кеткенде, алдыңғы ақау аяғын тап баса алмай, омақата сүрінді, ауыр денелі мырза ұшып түсे жаздал әрең оңалды. Мырзаның «бул ортадағы мұліктер тұрсын, бөрібасарлар да менікі» деп ішінен иемденгенін тоқ иттер нө қылтын, оны өршелене ортаға алды.

Колдарында бірі құрық, екіншісі тал таяқ ұстаған екі малшы ентелей жақындалап:

— Майлыаяк, Қекжал, жатындар! — деспегенде, дәү қос көк ала мырзаның етегінен жұлқылауға жақын еді. Ақтай:

— Жандарым-ау, малдарды күн батпастан қамап тастағандарың ба? — деген болды.

Сәлем беріп, таяғына сүйене тұрған қарт малшы:

— Мырза, боранынан қой ығып кете мәдел сактық

жасаған едік... Құдай айдал келе қалған екенсіндер, кәне, аттан түсे қалыңыздар! — деп қауқалақтады.

Малшылардың тұрағы, үй деген аты болмаса, жер үнгірден айырмасы шамалы екен: ұзыны екі құлашқа, көлденені құлашқа толар-толмас, алса қараңғы қуыс; кемпірі мен қарт малшы және келіншегі мен кішкентай жас баласы бар койши жігіт Кордабай — екі үйлі, алты-жеті жан осында панаған. Бұлардың үстіне бір топ қонақ келіп кіргенде етек басып отырар орын табудың өзі қынға сокты.

Қоныrbайды — замандасым, Ақтайды — сырбаз бауырым деп елпелектеген койши шал Отарбай кішірек қазан аспалы, бір мойын жатаған пешпен бөлінген қара қуыстың өзіне тиесі бөлегіне ертіп апарды қонақтарды. Үйдің іші қоныrsыған қи тұтініне толы. Қазандықта жылтыраған от сәулесіне көз үйренгенше бұл қуыстан ештеңені ешкім байқап болар емес. Төрдегі қабырғада бірдене бозарады, ол қырау ма, жоқ, терезенің орны ма, мәлім емес. Сірә, ол қарын қаптаған саңылаудың орны болар.

Ку ағаштай қатып қалған қара кемпір асықтай құйрық майға өткізген шүберек білтені тұтатқандаған қонақтар өздерінің қоныrsыған аядай жерде иін тіресіп тұрғанын аңғарысты.

Жер табанға ку қарағандар, оның үстіне шөп төсөлген. Мұның бетінде жамаулы құрым үзік, көнетоз тери жатыр. Кемпір қырық құрак, өзі кір көрпені төр алдына сілкіп салған болды. Ұбырысған буыншақ-түйіншек бірденелер аяққа оралады.

— Ей, бәйбіше, мына бір мұліксұмақтарынды босағаға таман жинасаңшы, — дейді шал.

Бұл жақтағы жарты қуыска сыймайтын болған-дықтан төрт қонақ екіге бөлінді. Шопан шалдың құжырасында Қоныrbай мен Ақтай, Баймұқан үшеуі қалды да, Нұрмақ «ауыз үйге» ауысты. Бағана ертерек жөнеп кеткен Бектемір осы «отау үй» жағында отыр екен. Нұрмақ сары құстың өлгенін досының үнсіз тұнжыраған қалпынан іштей сезді.

— Қапыда кетті-ау, қайран сары құс... Досым,

сен қажыма! Құдай алдында қара балапанды бердім саған,— деді ол.

— Сонда өзің нені алданыш етпексің?

— Мен бәрібір бүркіттің бабын білмеймін, тастүлек бекерге қор болмасын, сен оны күйіне келтіріп үста. Екеуіміз оның қызығын қатар жүріп, бірге көрейік.

— Нұрекесі, ниетінізге ырзамын! Бірақ мені аяудың қажеті жоқ.

Бектемір сөзді осымен тоқтатты да, төнірегін сипалады. Қидың оты молырак бір лап еткенде, іргеге сүйеулі, қол басында қарағай көзге шалынды. Қаңсыған қара шолак домбыраны қолына алып, құлактарын бұрап, пернелерін түзеуге кірісті... Тыңқ-тыңқ, мыңқ-мыңқ — күй аспабының жөнгө келер түрі жоқ. Сонда да осыдан артық табылар ермек жоқ болса, не іstemексің... Сол жобаға келер-келмес домбыра дыбыстарының өзі ой қозғайды. Екі дос көпке дейін үнсіз отыра берді.

Жаңа орынға осылайша жайғасып, қонақасы қамдау кезіне келгенде, Баймұқан жылпыңдық көрсетті. Өз әкесінен жасы үлкен Отарбай мен оның қара кемпірі бұған женгесі мен ағасы сияқты:

— Ау, оттарыңды лаулата жандырып, төсөніштерінді сілкіп салсандаршы... Сойылатын мал қайда? Қажып келдік, қарын аш... Ақ шалаптарыңды тезірек қайнатындар... Болындар ыбырсымай,— дейді ол.

Отарбайда бір сиыр, бір түйеден басқа мал жоқ. Қос қора толған қойлар Ақтайдікі. Мырза қонақасы беруге тарылmasын Баймұқан біледі, сырт киімдерін шешіп жатқан Ақтай:

— Баймұқан жөн айтады. Қора жақтан мал әкеліндер, Қенжеаға батасын берсін бізге,— деп жайласып отыра бастады.

Кебу сары қиды қалап жақкан кезде тар үй лезде ысыды. Қатқан ірімшік, шала қуырылған бидаймен ақ шалап ішіп, қонақтар бойын жылытты. Қой сойылып қазанға салынды. Құні бойғы жорғылдан әбден шаршаған аңшылар жендерін жастық

ете жантайысты. Бірі қарттықтан, екіншісі деңесінің ауырлығынан қатты сенделген Коңыrbай мен Ақтай алдымен қор ете қалысты. Көп ұзамай баскаларының да көздері ілініп кетті.

Түйелерді тыстағы қалың қордаға шөгеріп, қонақтардың аттарын еттері суыңқыраған соң бұлақтан суарып отқа койысқан екі малши, ае қамдаған кемпір мен келіншек, қазан оттығына борбайларын қақтап, қайнай бастаған еттің иісінә елтіген үш-төрт жастағы қыз балағана ояу. Соңан соң жантаймаған адам Бектемір. Ол малдас құрған баяғы қалпында үнсіз отыр.

Ет пісуге тақалған кездे алдымен Ақтай, артынан Коңыrbай оянды. Мырзаны зәр қысса керек, ол пүшпак ішігін жамылып тыска шыкты. Коңыrbай Бектемір мен Нұрмак орналасқан жаққа келді. Ол: «Бектемір, сен ояумысын?»— деп, қазандықты айналып, жайласар орын қаастырғанда, Нұрмак басын көтерді.

Екі бүркітші араларын ашты. Коңыrbай ортаға келіп отырды да:

— Саятшылар, қалай, екі олжаның бірін мырзага байлаймыз ба?— деді.

Олжа не? Мырза кім?— бұл түсінікті. Бірақ Бектемір тіл қатпады. Нұрмак қомдана жүгініп алды да:

— Сары құстың құныкерін,— деді ол,— Бектемір ешкімге қия қоймас. Мен болсам, қара балапан алған елікті, Қенжеаға, өзінізге сыйлағанмын. Ендігі кезек өзімдікі. Ақтайдың дәuletі өз алдына, оның жолы да, жасы да үлкен емес бұл екеуімізден.

— Құрмет көрсетерлік кісі еді ол. Мейілдерің білсін, мен өз міндетімнен арылдым,— деп, Коңыrbай орнынан түрегелді.

Қонақтар майлы ас жеп, қарындарын жұбатқанда түн ортасынан ауған еді. Жатар мезгіл жетті. Екі қойшының үйінен бір кір көрпе; жалғыз жарғаш жастықтан басқа астыға төсер, үстіге жамылар ештеңе табылмады. Сырт киімдерін айқара жамы-

лысқан қонақтар етіктерін де шешпестен, арқар жатыс әдісі бойынша жайғасты.

\* \* \*

Ертеңіне күн шайдай ашық, желсіз тынық, андардың ізі сайрап, жайнап көрінетін шағы болған еді. Бірақ аңшылар тауға тартпады, іштей келісе алмаған кірбендеңдік салдарынан олар екі бөлініп, алды-алдына тарап кетісті.

Сәскеде қойларын Бозбұйраттың беленіне шығарған карт малшы Отарбай бұларды сыртынан көріп тұрды. Коңыrbай мен Ақтай және жарасы ауырлау арлан ақ тазыны алдына өңгерген Баймұқан үшеуі Айыртауды бауырлап, Молдабергеннің қара шоқысына қарай кетіп барады. Сары құстың сіресіп қалған өлексесін құндақтап қанжығасына бөктерген Бектемір және қолына қара балапанды қондырған Нұрмак екеуі Бозбұйраттың жайдақ қайқацынан тікелей асқан бойларында шығыс жактағы өлкені басып өтуге бет алған.

Бірі олай, бірі бұлай беттеген екі топтың да сырт көріністері салбыраңқы, астарындағы аттары да сыландамайды, бүкендейді. Аттардың үстіндегі адамдар жан-жағына аландамай, еңселеп еңкейісе отыр.

Аңшылардың сапары оң болғанда дабырласа сөйлейтін дағдылы үндері де естілмейді. Отарбай соларға қарап тұрып:

— О, тиянағы жок, қанағатсыз жалған дүние!— деп күрсінеді. Өзінің сорлы тіршілігін былай қоя тұрып, өзге жандардың қайғы-қасіретіне көнілдес бола білген пендениң жүргегіне не дерсін.

Бұрын, бір жағынан, адал кәсіп бола тұра, екінші жағынан, шын таза ракат, ләzzат әперетін аңшылық саяхаты енді бәсекелі іске айналған. Ақтай мырза созылған екі қасқыр терісінің бірін байланы алмағанына наразы болып аттанды. Ал Бектемір болса, аяулы сары құсының ойда жок жерде мерт болғанын уайымдал бара жатыр. Эрине,

досы үшін Нұрмак та қамкөніл. Қоңыrbай болса, Ақтай мен екі құсбегінің арасын жалғастыра алмағанына кірбендейді.

Отарбай осының бәрін көрді, мұның себептерін де жобалайды.

— Қасқыр құлқын, тұлқі мінез Ақтайларды бұл құдай қашан қарғар екен? — дейді ол өзі ішінен.

\* \* \*

Өз қыстауларына апаар жолдың тен ортасына жеткен жерде Қоңыrbай Ақтайдың «ауылға жүрініз, қонақ болыңыз» дегеніне жүрдек алғыс айтты да, өз жөніне кетті.

Найза көк кеше аң қуған уақытта месе басқандықтан ақсаған екен, аздап бакай сінірі созылса керек, қазір бұрынғы ойнақылығына басып келеді. «Жесірдің құнына татыр» атының біржола мүгедек боп қалмағанына көңілі көтерілген мырза одаша қалған соң, атқосшысымен тілге келе бастады. Осыған емексіген Баймұқан алдыңғы құні тұн ортасында намыс үшін жасырын істеген әрекетін ашып айтты. Иә, семіз етке Нұрмактың қара балапанын құпті етпек болған еді Баймұқан. Бірак қансоқталы мол жемді ол шатасып, Бектемірдің сары құсына ұсынған-ды. Осыны естіген шақта Ақтай атқосшысына алара бір қарап алды да:

— Адам болсын мейлі, хайуан болсын, шын қыранды қор етуге қам жасау жақсылық емес,— деп зекіп таstadtы.

Мырза бұдан әрі алдағы қыстауға жеткенше өзіндегі арамза, бірақ тым опасыз атқосшысына үн қатпады.

\* \* \*

Нұрмак Бектемірге ере жүріп, Ақшоқыдағы солардың аулына келіп қонды. Бектемірдің өзімен туысқан бір аға, екі інісі және ауылдастары жиналды іңірде. Бір аптадай анда болған күндерде бастан

кешкен уакыларды Нұрмак оларға бар ықыласымен түгелдей баяндап шықты. Ауыл адамдары күйталғамайтын мұзбалак баршынды кәдуілгідегі курсіне жоктасты.

— Көкжалмен арпалыста көз жұмған ер жүректе не арман бар,— дескендер де болды.

Бектемірдің ағасы Осекең інісіне:— Тым аңғалсын, пайда, зиян дегенді ойламайсын, сары құстай асыл қыранды енді өмірде қолға түсіре алмассын!— деп ұрысты.

Келбетіне кекесін күлкі келген Бектемір айналадағыларға қарап аз отырды да:

— «Аман болса бұл басым, тағы шығар бұл шашым» демекші, жер бетінен жақсы хайуандар азаяр, бірақ олар құрып кетпес, адамның иттері қашан кемір екен, соны айтсандаршы?!

— деді.

... Нұрмак Ақшоқыдағы Бектемірдің аулында бір жұма жатты. Ол досына күн сайынғы көп әңгімелердің аяғында:

— Сен қара балапанды алып қал. Мен оны бәрібір баптай алмай қор етем,— дей берген еді.

— Жок, Нұреке, адамның барлық ықыласы ауған соңғы сүйіктісін есі бар пенде иемденбес болар. Сайып келгенде сен кім, мен кім?! Қара балпаның қызығы екеуімізге ортак емес пе!— деп, Бектемір ұзын сөзді акырында бір-ақ қыскартты.

Сары құстың қатып қалған өлексерін ол екеуі Ақшоқының басына апарып көмді. Егер құс иесі өлі бүркіттің жарылған жемсауын ашып қараған болса, оның бөтегесінде әлі де түгелдей қорымаған, асықтай қызыл ет бар екенін көрер еді. Бірақ Бектемір сары құстың аңға ақырғы рет шығар күні кіртиіп қалғанына құдіктенгені болмаса, оның ажалы адамнан болды деп ойламаған еді. Ол сондықтан да жаны шығып кеткен қасиетті хайуанның ішітисын аудара қарап, актара тексерген жок.

Сары құсты жерлеген күннің ертеңіне екі дос қара балапанды алып, қайыра түзге шықты. Екеуі ірге таулардағы қыстауларға кона-түстене жүріп, еркімен аң аулады.

Корқау күрең қаншықпен айқаста қаза болған сары құс, бір елік және бір қасқыр алған қара балапан екі аңшының атағын ел ішіне лезде жайып жіберген екен. Бектемір мен Нұрмак қай ауылға барса да, бұларды жұрт көптен күрметті қонактары ретінде қарсы алып отырды. Бұт артуға жаарарлық тұғыры барлар осы екеуінің қасына ере жүріп, тұзде серуен құрды, қырда кездесетін небір қиян-кескі қызыктарға араласты...

Қара балапан екі апта ішінде оннан аса тұлкі алды. Бектемір мен Нұрмак солардың ішінен таңдаулы бір-екі қызыл жон, қара үйегін ғана қанжығаларына байлады, олжаның көбіне қолденен қек аттылар ие болды...

Құншілдік, қызғаныш араласпаған осы жақсы аңшылық саяхат сапарларының соңында Нұрмак Бектемірді Қарашоқының сыртындағы Үштаған қойнауына орналасқан өз аулына ертіп келе жатты. Күн кіші бесіннен сәл төменденкіреп қалған болатын.

Үштағанның бел ортасындағы биікшениң басына шығып тұрған шақта Бектемір досына:

— Кешкі шабыт қой, тартышы томағасын құсының,— деді.

Құнарлы жемге екі тәулікте бір-ак рет тоғындырылып, әрбір аңға шығар күн алдында тек қана талшық алумен келген қара балапан күз басындағы қомақты қалпынан қазір кішірейіп кеткен тәрізді. Бірақ ол бұл күндерде ерекше саңлақтанып алған, барлық тұлғасы жұтынып тұр. Оның қазіргі кескіні қайраулы қек семсерге ұқсас. Эрине, бірқалыпты баппен ұстагандыктан солай.

Тастұлек томағасы тартылышымен төнірекке мойның олай бір, бұлай бір бұрып толғана қарап алды да, жөнеп берді. Ол салғаннан-ак тоятты алыстан көріп ұшқанда істейтін дағдысына басып, кайқая көтерілді.

Жас бүркіт көп ұзамай-ак қекке әбден көтеріліп, қалтарыс боларлық жер қыртыстары аяғының астында қалған шақта қос қанатын қомдап алып, алда

тұрған Қарашоқының баурайына қарай төне түсті, ане, жұлдыздай ағып барады.

Кара балапан ойысқан баурайдың кемерінде қойлар жайылып жүр. Қыбырлаған малдардың қара-қураңын алдымен Бектемірдің көзі шалды.

— Ал ұмтылайық,— деді ол Нұрмакқа, жарау кер бестіні тебіне түсіп,— зар күйінде жүрген шіркін, қашқан аң қорғалап қалса, көзіне ілінген тоқты-горымға шүйіліп жүрер.

Екеуі жарыса жөнелді.

Бұдан бір ай бұрын ұма майы қалпақтай шабдар ат пен кер бестінің қазір өкпе-бауырдай ғана жалы бар, қабырғалары мен сербек сүйектері арсаланып арықтаған, бірақ бұлар қазанат, жел аяқ жылқылар ғой, біраз жүгіріп, бауырларын жазған соң жосыла көсілді.

Әуелде арындаған алға түскен ұшқыр шабдар ат сәлден кейін қала берді. Тер шашып тынысы кеңіген жүйрік кер бесті тұсарлығынан келетін күртік қарды құйма тұяқтарымен шапашоттап, арт жағына түйдегімен тастайды, ол сыйдыртып келе жатыр.

Бектемір ұшырта ойға түсіп, келесі белеске шыға келгенде, қой жайылған тепсекнің бер жағындағы қырат үстінде көлденендер тұрған шұбалаң құйрық үлкен аңды көрді. «Құрып қалғыр, қой торыған көкжадардың бірі болды ғой тағы да бұл? Жоқ, мал торуылдаған қасқыр баспаламай, көрнеу тұра ма екен? Е, қойшының соңынан ерген төбет екен ғой. Өзі не деген дәү неме!.. Ой, әттеге...»

Әне, кара балапан дәл соның өзіне шүйілді...  
Қап, шатақ болмаса не қылсын?

Бектемір кер бестіні тебіне алға ұмтылды. Құлактарын қайшылай екпіндеді жас жүйрік.

Иә, қыраттың үстінде көлденен тұрған қасқыр емес, ит, онда да анау-мынау жай ит емес, бөрібасар тарғыл төбет еді. Бұл — Ақтай мырзаның дәулетін қоритын мықты сақшылардың бірі. Мұның долылығы, маңғаздығы иесінен бір де кем емес.

Күндіз өрістегі қойлардың шашау шыққандарын қайыра қуып тығу, түнде қораның үстінде жатып

алып шәуілдеп үру көк ала қанышыңтың міндеті. Ал күндіз болсын, тұнде болсын тосыннан келіп килігетін сырт дұшпанды тосқауылдау — менің борышым деп білген тарғыл тәбет өзін әрқашан одағай үстайды.

Күндіз қораның төрінде, басын алдыңғы екі аяғының үстіне салып, шөкесінен жатады да қояды. Тұн баласында қотанды үнемі айналумен жүреді. Ол үйге де, қораға да кірмейді. Оқта-санда бір «Oh!» дегені болмаса, жөнді үрмейді де. Кісінің қолынан ас та ішпейді. Аяққа құйылған тамакты алдына әкеліп қойған кісі үзап кеткен соң ғана оның соңынан қып-қызыл көздерінің астымен бір қарап алып, содан кейін асықпай түрегеледі.

Қазір тәменде жайылып жатқан бес жүзге жақын кілең қызыл тұсақтар да, мына тарғыл тәбет те және өзектегі қойлардың қасынан оқтын-оқтын шауып келіп, қайыра қайтып жүрген көк ала қанышқа Ақтайдың көп меншіктерінің бір бөлегі ғана.

Кілең асыл тұсақтардан құралған түбірлі шаруашылыққа қажырлы қойшы ғана бас-көз бола алады. Бірақ Ақтай мырза қойшыдан гөрі тарғыл тәбетке берік сенеді. Әлді өжет арлан ит оның дәuletін жан аямай қорғайды және иесіне оның зәредей қастығы жок. Қайраты мен батылдығы үшін бүкіл бір ауыл, ол тұрсын, сол ауылдың сырбаз қожасы Ақтайдың өзі де сыйлайтынын тарғыл тәбет жақсы біледі. Білетіні, Ақтай оны күшік күнінде бір қырыдағы қайын жүртynan қолқалап, қоржынға салып әкеп асыраған-ды. «Қасқыр алатын иттің күшігін еркелетудің қажеті жок» деп, мұны әзу басынан қожасы шығырлап, бөлек үстатқан-ды. Жаратылысында уытты жас хайуан осылайша ішкүса өр болып ер жеткен-ди.

Тарлан тәбет шындал өршеленген көздерінде қожасы Ақтайдың ақырғанына да қарамайды. Көздері қызыарып, жонындағы кара қылшықтары үдірейіп кеткен шағында ол тек қойшы Қордабайдың ғана әмірін тыңдайды. Ес білгелі бірге жүріп, бірге тұрған бұл адам тәбетке үрыспайды, оған кол да

жұмсамайды, тек «қой енді, жат, шіркін!» десе болғаны, тарғыл тәбет қайқайған құйрығын төмен түсіріп, өз жайына кете барады.

Иә, қыр үстінде көлденен тұрған шұбалаң құйрық соның өзі. Тұздің тағыларынан айырмасы шамалы, ер жүрек, әрі қырағы тарғыл тәбет сонау тұстан көкке көтерілген құсты көрген-ді. Жемтікке үймелеп отырған жерлерінен өзі сан рет айдап шыққан қарақұстар мен таз құшігендер бұған таңсық па екен? Ендеше бір жарқанаттың ұшқанын, оның бері қарай келе жатқанын тарғыл тәбет не қылсын. Мұның күтетін қауіп, қатерлері көктен емес, жерден.

Ол дөң үстінде төңіректі шолып тұр еді, айналада күдікті ештеңе көрінбеген соң, міне, дөң басына шөкесінен түсіп жатты да, дамылдауға кірісті.

Барлық өмірін қас қарайғаннан таң аппак болып атқанша ауыл қотанын айналумен, күндіз өрістегі қойлардың маңын торуылдап, соларды қорғаумен өткізіп келе жатқан сақ ит бір мезгіл қажымағанда кайтеді. Оның көз жұмып, дем алатын тұстары — таң атып, күн таяқ бойы көтерілгенде, сонан соң қазіргідей, айналада бейсауат жүрген қараң-құраң жок кездер ғана.

Қазір тарғыл тәбет басын екі аяғының арасына салып көсілген күйінде тапжылмастан көзін жұмып жатыр. Бірақ онда кәдуелгі үйкі да, бейқамдық та жок. Осы сэтте тосын бір дыбыс шығып көрсінші, немесе маңдай алдынан оған бір көленке елес берсінші, ол орнынан лезде атып түрегеледі.

Күн кешкірді, ауылға оралар уақыт жақындағы. Осыны хабарлағысы келген көк ала қанышқ төмендегі қойлардың қасынан шапқылап, дөң басында жатқан тарғыл жұбайының жанына келді. Бірақ ол келе сала арсалактап ойнаудың орнына, кенет тұра қалып, жоғары қарады да «ап-ап!» деп ышқына үрді. Содан кейін бірер қыңылап жіберіп, құйрығын борбайының арасына қысып, ойға қарай зыта жөнелді. Тарғыл тәбет керіле созылып түрегелгенінше оның төбесінен қара қүйін зулап өтті. Бұл оның

не нәрсе екенін байқап, әрекет жасағанша құйын сокқан көк алақаншық қаңқ етті. Жұбайының аянышты даусы маңғаз арланды орынан тік көтерді.

Бүркіттің астында жұмарланған көк ала бақырып жатыр. Қойши да солай қарай ат қойды. Бірақ қаншық пен көк тағысы арпалысқан жерге атты малшыдан көкжал төбет бұрын жетті. Желке жүні үрпііп, аузын арандай ашқан балуан тастүлек көк ала қаншықтың бас-аяғын бір-ак уыс қылып, әп-сөтте әлсіреткен екен, құстың құркеленген қос қанатының астынан иттің тек құйрығы ғана шошаңдайды. Енді оның ойбайлауға да шамасы жоқ, ыңырсып қана қыңсылайды...

Долданған дәу төбет аршындалп келген бетінде қара балапанды құйымшағынан қармады, өзі ар-гүр етеді.

Кордабай ер жүрек қыранды бөрібасар төбет біржола жентектеп тастар деп аяды білем:

— Эй, қой! — деп дауыстады.

Көздері қанталап, жаурынындағы қара қылышқтары үдірейген төбет бұл жолы малшы досының әмірін орындағады. Ол ұрысқа белсене, қаны қайнай кіріскең бойында бүркіттің арқасынан бір уыс жұнді бүркүратып алып шықты. Төбет жүнге қақалып біраз бөгеліп қалды да, қайыра тап берді. Екінші рет қарпығанда, тастүлектің бір-екі құйрық қауырсынын суырып алды. Бұл әрекеттерінің бәрі де дүспанды әлсіретерліктей әдіс болғанын аңғарған ызалы төбет екінші рет ұмтылғанда, бүркітті сол жақ жалаң топшысынан ала түсті... Бұрын түз тағыларымен жұлқыласқан тұстарда әрқашан жәрдемдесетін қойши Кордабай енді:

— Қет былай, жоғал! — деп бар даусымен ақырып жіберді.

Төбет әбден долданған екен, ақырған үнге мойын бүрмады. Осыған наразы болған Кордабай оны құрықпен құлақ шекеден қағып өтті. Басы зеніп, есі ауынқырап қалған дәу арланың айқасқан азулары бір сәт еріксіз босап кетті. Сол сәтте әбден ашууланған тастүлек көк ала қаншықты қоя берді

де, сегіз наизаны қатерлі жауының өзіне қарсы жұмсады.

Енді бетпе-бет шабысып, қайыра қайнасып қалған шапшаң қыран мен көкберен арлан итті Қордабай ат үстінен айыра алмасына көзі жетті. Екеуде ұрысқаныңды тыңдар емес. Ол қолындағы ағашпен ұрар болса, аяулы асыл хайуандардың бірін мерт етуі мүмкін. Ал жерге түсіп ажыратайын десе, өштескен қарулы макұлықтар мұның өзін жаралы етуі мүмкін. Енді не істеу керек? Апыр-топыр жанталаса арпалысқан құс пен тәбетті ол шыр айнала шапқылай берді... Жосылта келіп, атынан қарғып жерге түскен біреуді көргенде Қордабай қатты қуанды:

— Беке, сіз бе едіңіз? Мына шіркіндер маған бой беретін емес,— деді ол.

Бүркіт тарғыл тәбеттің көнек басын қос шенгелімен қапсыра ұстапты, оның аузын аштыратын емес. Тәбет жағын жаза алмағандықтан алдыңғы екі аяғымен тастұлекті омырауынан, топшыларынан тарпида.

«Сары құс сияқты қара балапан да жемсауынан жазым болар ма еken?» деп ойлаған Бектемірдің жүрегі зу ете қалды. Бірақ ол саспады: сулығынан шешіп алған шылбырдың бір басын жалма-жан күрмеп жіберіп, соны тарғыл тәбеттің мойнына шалды да:

— Ұста мынаны, бас тақымыңа!— деді ол Қордабайға.

Алқымынан тұзакталып, буынған ит қыр-қыр, ырс-ырс еткен кезде, Бектемір қара балапанның айқасқан түяқтарын ажыратуға кірісті. Тастұлектің қос жембасарларының бірі иттің шықшытына, екіншісі оның көмейіне, тағы бір ортан түяғы тәбеттің он көзіне кіріп кеткен еken. Мұндайда же өлмей, не өлтірмей ажыраспауға бел байлаған ызалы бүркітті түрлі айла-әдіспен босатып алуға болады. Қәдірсіздеу киянқы құс болса, оның мойнын бұра, санын қыс. Есті тәуір қыран болса, оның месселін кайтарма үшін жембасарын қайқайта қайырсан

да жетіп жатыр. Бектемір осы соңғы шараны қолданды. Денесіне қол батырмай, саусақтарын біртіндеп тартқан соң, қара балапан кектенбеді және шын жанашыр адамның «кә, бопым, кә, жануарым!» деген мейрімді үні оның жүргегіне жылы тиді. Қасарысқан шенгелі босап кеткен сәтте, қыранның сірескен денесі жадырай бастады.

Омырауы алқам-салқам болып, өзі аптыққан, аты танауынан бу атқан Нұрмақ та келіп жетті бір мезгілде.

Оң көзі салбырап тұмсығына түскен дәу тарғыл төбетті және қанат-құйрықтары додаланып, жұндері бүркырап, аузын арандай ашып, қар үстінде отырған қара балапанды көргенде Нұрмақтың көздері шарасынан шығып кете жаздады.

— Жарандар-ау, бұл не сүмдүк? — деп ол азырақ тұрып қалды да, іле-шала атынан домалай жерге түсіп, алқынып отырған құсына құшағын жая жүгірді.

— Қап, әттеген-ай, қор болған екен-ау жануарым! — дей берді ол, қара балапанды аймалап.

— Мен білсем, бүркітің мерт болған жоқ. Тиіспе оған. Мен қазір бөлейін оны аткөрпеге! — деп Бектемір жаралы құс пен Нұрмақтың ортасына түсті.

Көк ала қаншық жоқ, жаны түршіккеннен қыстауға қарай безіп кетсе керек.

Тарғыл төбет тұзактан босатылды. Бұл да әбден әлсіреген, бет-аузы, омырауы қып-қызыл қан, арлан қасқыр іспетті шіркін қатты жал қардың үстінен шөкесінен түсіп, бүркітті әлпештеген екі адамнан жалғыз сау көзін аудармастан қарап жатыр. Өзі ағып кеткен оң көзінің орнын алдыңғы аяқтарымен анда-санда бір сипап қояды, қыңсыламақ тұрсын мыңқ етер емес.

Нұрмақ пен Бектемір қара балапанды құндақтап алып, аттануға айналды. Қордабай қоштасарға келген жерде аналарға:

— Бұл қу қырсық қайдан сап ете қалды? Ауылға оралғанда мырзаға мен не демекпін? — деп бүртиды.

— Мырзанды да, өзінді де тәбеттеріңмен қосып... Жөнел, таяқ жегің келмесе! — деп, Нұрмак тап берді оған.

— Нұреке, сабыр етіңіз, ожарлықтан мән шықпайды. Қара балапанның біржола мерт болмағаны Қордабайдың көмегі шығар... Ал, Қордабайым, бүркітке болысқаныңа біз ырзамыз. Мырзаңа барлық шыныңды айт. Кінәлі біз болсақ, сен несіне жалтақтайсың?! Сау бола тұр... Жүр, Нұрмак, кеттік! — деп, Бектемір алдымен өзі жорта жөнелді.

\* \* \*

Осынау Қеңбайтақтың етегіне көлденең салынған ұлы қорған іспетті бір тұтас ірге тауларды көресіз бе? Соның күншығыс жағында одағайланған қара шоқы — Ақтай мырзаның қыстауы орналасқан жеке адыр. Осы адыр мен ірге таулардың таусылар тұмсығы арасында жайқын өлкенің бас қарауылындей үш таған тәбелер тұр. Солардың орта биікшесінің басында екі адам отыр.

Қазір сәске. Құн ашық, әрі жылы. Мұндай күндерде қыр басына шығып, төңірекке көз жіберу — шын рақат кой. Қыстың қаһары қайтқан, бірақ әуеде әлі де ызғар бар. Айналадағы биіктердің қара-сындал қалған күнгей беттерінен бу ұшады. Құмшағыл келбетіндегі күміс қабыршақты қар беті бір орасан айнакөл тәрізді. Бет алдында созылып жатқан ақ далаға қадала қарасаң, құн сәулесіне шағылысқан ақ күртік көзді ұялтады; ал сыдырта шолсан, сонау көкжиекке дейін созылған ақ даланың бетінде тышқан жорғаласа көрінердей. Әуенің мөлдірлігі сонша, аяқ астындағы ауылдың дабыр-дүбірі былай тұрсын, әлдекәйдағы қыстаулардан үрген иттің үндері, бір қырда мал қайырған адамдардың даусы құлакқа саңқылдап айқын естіледі.

Үштағанның шоқтығында отырған екеу Бектемір мен Нұрмак. Олардың қатарындағы кішіректеу оба үстіне қонған бүркіттің ұзын өрме шыжымы аршаның түбіріне байланыпты.

Қара балапан бұрынғысындай мінсіз сұлу емес, топшыларының алдындағы сал жігіттің қияқ мұртын-дай, көс жетім қанаттарының бірі жоқ, құйымшағының үсті қыршаңқы болған жылқының сауырын-дай алабажак тенбіл. Құйрығынан тарғыл тәбеті құрғып тастаған екі-уш жалпақ қауырсын-дарының орны да кетиіп тұр. Алмас азуларға түскен топшысының жарасы жазылған, бірақ қылған кейбір тарамыстары әлі жетіле қоймаса керек, оның сол жақ қанаты еркін қомдала қоймайды.

— Тастұлегім сауықты! Тек тіс батқан топшысы түбінде ақауы болып жүрмесе жарап еді! — дейді Нұрмақ, досының бетіне қарап тұрып.

— Бұл шіркін биылғы қыста тұзге алып шығудан қалды ғой. Бірақ бұл әлі жас нәрсе, анау-мынау жаракаттың зардабы мұны мүгедек ете алмайды. Шайналған сіңірлері шор болып қалмау үшін мұны талпынта берген жөн болар,— деп, Бектемір қара балапанды басынан аяғына дейін шолиды.

— Онда қалай, күн сайын ұшырып отыру керек пе?

— Жоқ, әуелі есік пен төрдей жерден, сонаң соң арқан бойы дерлік арадан қызылға шақырасың. Осылайша қызылға шақыру өрісін барған сайын ұзарта бер. Қыр басына алып шыққан кездерінде томағасын тарт. Тұғырда көп отырып, зеріккен қыран аң көрмese де бой жазуға ынтығып ұмтылады. Балақ бауын берік ұстап, қолыңа қайырып қондыра біл.

— Мақұл, досым. Сен сары құстан айрылып, менің қара балапаннан құдер үзуге айналған тұстарым қалған тіршілікте естен шыға қоймас. Әлгі арамза Ақтай мырза тарғыл тәбетінің майып болған бір көзі үшін менен күн аламын дейтін көрінеді. Сенің бұдан хабарың бар ма еді?

— Иә, сондай бір ызынды құлағым шалған еді. Ол қомағай пенде, сенің азын-аулақ қара-құрана төтесінен құрық салдыруы да ғажап емес.

— Атасының басы, рулас, бауырласпыш деген ұран арқасында шалқитын шығар тексіз жуан мойын

неме! Егер мен ышқына «ой, баурым» деп дауыстасам, Ақтайдың айналасында ат-ұлтан болып жүрген жалаңтөстердің бірталайы-ақ оған қарсы сапқа тұрады.

Нұрмак қазір қатуланып, бойына қайрат жиған шағында қаңтардағы бұрадай айбаттанып, кеудесі шалқақтап, көзі оттанып кетті.

Осы кезде Қарашоқыдан шыққан төрт салт атты мына екеуі отырған Үштағанды бауырлап, ірге тауға қарай өтіп бара жатыр еді. Жалғыз аяқ соқлақпен шұбаған төртеудің алдыңғысы — Қоңыrbай, ортадағысы Ақтай екенін, бірінің тік, екіншісінің қожырая компиып отырғанынан тани кетісті бұлар.

Жолаушылардың ең соңғысы дағдылы атқосшы Баймұқан екені енді өзінен-өзі белгілі. Бірақ төртінші адам кім екенін Бектемір мен Нұрмак айыра алмады.

Қоңыrbай арт жағындағы Ақтайға анда-санда мойнын бұрады. Бұл, әрине, жай сейлем, анау-мынау әңгіме айтып бара жатқан адамның ыңғайы.

Қалың қарлы ойпаттан өрге таман шыққан соң аттылар қатарласа жүрісті. Эне біреу тобынан бөлінді, бері қарай келе жатыр. Бұл кім болды екен?

Аналар қырдан асты, ал бөлінген жеке атты Нұрмактар жайласқан төбе басына таянды.

— Ат үстінде бір жамbastap, қиқая отыратын бұл маңайда екі-ақ адам болушы еді. Осы келе жатқан Шәкен ақсақал емес пе? — деді Нұрмак.

— Жоқ, одан гөрі киімдері бүтіндеу, бұл әлгі ку Орынқай болар, сірә,— деп, Бектемір жинақтала отырды.

— Ассалаумағалайкүм, әйгілі саятшылар! — деп дауыстады мыналарға жақындалап келіп қалған торы байталды адам.

— Е, қаңғыбасым, қайдан келесін?

— Нұреке, сіз жек көргеніңізben мен сізді қатты сыйлаймын... Беке, ауыл-аймак, бала-шағаңыз есен-сау ма?.. Екеуіңізді сырттарыңыздан танып, сонадан әдейді сәлем берейін деп бұрылдым.

Қу адамның келбеті тіпті бәйік. Ол атынан түсіп, жаяуладай келіп қол берді. Бұл Орынқайдың көздері

әдептегідей сығырайғанымен, жүзінде қазір ойнақылық жоқ, қабағы да қатыңғы екен. Осыны бұрынырақ байқаған Бектемір одан сыр тартқысы келді ме, немесе оның көніліне Орынқайды аяғандай бір сезім пайда болды ма:

— Жігітім, жоғарылат! Өзің сырқаттанғанбысың, қалай?— деді.

Атын қаңтарып, тізе бүге бере сөзге кірісті Орынқай.

— Құдай жан ғып жаратқан соң, әйтеуір, тірі жүрміз ғой қалқып. Ашы-тұшы қалжындарыма қарап жұрт мені бір сұйық пенде деп біледі. Тәп-тәуір әкеден туған екем, кедейлік қор етті. Мал бағуға арланамын. Әміршілердің қатарында болар ем, табанымда бүр жоқ. Бірақ тәуірмін, мықтымын деп жүргендердің бір де біреуінің ақыл-ойы менен артық емес. Соларды көзге шықкан сүйелдей етіп, мінеп-сынауға жаарап едім. Мені сонда кім қолдамақ?— деп ол төмен қарады.

— Одан да ку құлқынымды қайткен күнде қанағаттандырам десенші!— деп Нұрмак киіп кетті.

— Енді қалай? Адамға ерік бермейтін сол ку құлқын емес пе?

— Э, түсінікті. Одан да анау Ақтай мырза не деп барады, соны көйтісещі.

— Эй, Нұреке-ай, тым доғал, бірбеткей жансызы ау! Арамза адам кісіге жақсылық ойлаушы ма еді. Ол тарғыл төбеттің бір көзі үшін, сіз барлық малыңызды берсөніз де уанар емес, «Қара балапанды босағама қондырып, кешірім сұраса ғана илігермін» дегенді айтады.

— Мә, мынаны берермін оған,— деп Нұрмак бармағын бұлтитты. Бектемір құліп жіберді. Орынқай да мәз болды.

— Ақтайдың жаңағы қоқан-лоққысын Кенже-ағам естіді ме?— деп сұрады Бектемір құлкі тыйылған соң.

— Әбден. Қоңырекең қатты сөз білмейтін, көңілшек, бірақ ел ағасындағы есті кісі ғой. «Ақтай, сен,— деді оған,— аталас ағайындарының арка-

сында адам болып жүрсің. Бір ит үшін, ит емес ау, соның бір көзі үшін туысқандарыңнан құн дауласаң, кейін кімді таяныш етесің? Былайғы ел-жұрт не демекші? Шырағым, бір-ақ күнде абыройыңды айрандай тәгіп аларсың. Жетілдім, астым-тастым деген талайлардың лезде аяқ асты болғанын көргемізді».

— Бәсе, бәсе! Басалқы айттар сондай біреулер болса керек кой.

Нұрмақ қасындағыларға күлімсірәй . қарап: «Кәне, үйге жүріндер. Екеуін түстік жеп, кешке қарай бірге аттанарсыңдар», — деді.

Орынқайдың өңі кіре бастанды.

Ақтай оған майын берген атын екі аптадан соң қайтып алған-ды. Оның себебі адуын ақ сүр бәйбіше Салиханың Орынқайға ашулануымен байланысты еді. Орынқайдың айыбы — Салиханың сараптың сықақ еткендігі...

Орынқай соңғы рет сол ауылға «Семіз үш жылкы, он екі еркек кой сойылды» дегенді естіп барған еді. Бұрын күз басында апта сайын келіп, әлденеше күндер жатып ығыр қылған Орынқай сияқты қаңғыбасқа Салиха ет астыруға ерінгендіктен, бұл жолы қуырдақ қуыртып берген-ді. Онда да өкпе-бауырдан. Осыған өкпелеген Орынқай ертеңіне былай шыға бере-ақ жолдағы қыстауларға соғып, соғым еттері қан сасып жатқан дәүлетті ауылдан қонақасыға не жегенін айтып қана қойған жок, өңі кісі өлтір-гендей сүп-сүр, келбеті тастан жасалғандай мелшиіп қалған ақ сүр бәйбішенің барлық жүріс-тұрысын, шытынаған қас-қабағы мен сыйданған үніне дейін айнытпай салып берген болатын. Осы артистік қылықтарының салдары Орынқайға Ақтайдан қатты-қатты сөгістер естіртті. Екіншіден, оны астындағы құр аттан айырды. Содан соң өзіне арнап асылмағанмен, жақсылардың табағына қосылып жейтін жал, жаялы дәмді тамактардан біржола қақас қалдырды.

Сөйтіп, ақыры жаяу қалып, ешқайда шыға алмағандықтан, өзінің қонторғай үйінде бір айдай

арқандалған қу тілді сабаз недәуір-ақ жүдеп қалған еді.

Неліктен екенін кім білсін, осы бір жылымыр адамды Қоңырбай қадірлейді. Бұған арықтау құла дөненді міне тұруға сол кісі тауып беріпті.

Жаңағы бір әзірде, Ақтайлардың тобынан бұл: «мына Байекен аулында бір шаруам бар еді»,— деп бұрыла бергенде, Баймұқан оған:

— Е, Нұрмактікі алдыңғы күні бір семіз жабағыны жәркемдеді деп естіп ем, сірә, сені соның жылышы-жұмсақ іісі жетектеді ғой, ә!— деген болатын...

Осының бәрі Нұрмактікіне түстенгелі келе жатқан бетінде Орынқайдың есіне түсті. Орынқайдан басқа біреу болса, мұндай кезде намыстанар еді, іштей жайсызданып, өсек тасу арқылы желінетін еттен бас тартар еді. Жок, ол бұл келе жатқан бойында қабағын да шытатын емес. Қайта еті өріктей жабағының жылышы-жұмсағы көз алдына келген сайын Орынқай жымың-жымың етеді. Ол Бектемір мен Нұрмакқа кезек-кезек жалтақтай қарап, бірденелерді айтып, қулана сөйлел қиқая жүріп барады.

## Шақар күзен

Күзгі лайсаң тәуліктердің соңғы бір тұні асқанда, жер бетін көбік қар басып салғанын жұрт келесі күні таңертеп бір-ак көрді.

Сол алғашқы қансонар күні Бүйрабел етегіндегі біздің ауылдан қанжығаларына шот, күрек байланған, сондарына екі тазы ерткен үш адам жазық далаға қарай бет алды.

Салт аттылардың біреуіне мінгесіп, міне, мен де келе жатырмын. Ауылдан аттанар кезде аңшылар «мына бала қолбайлау болады» деп ойласа керек, мені қалдырып кетуге тырысқан-ды.

— Біз аң қумаймыз. Жай аяңдал жүріп, күзен аулаймыз. Далада кешке дейін боламыз. Сен ешқандай қызық көре алмайсың: тек ішің пысады, қарның ашады, босқа шаршайсың,— деп баққан еді. Бірақ олар менің жаяу кетуге әзір екенімді көрген соң тана илікті.

Ауылдан былай шыға бере-ак үлпілдеген көбік қар бетінде сорғалаған жаңа іздер көріне бастады. Мен Мақажан ағатанымның арқасына жабысқан күйімде табан астына қарап келемін. Міне, ақ жібек көйлектің өніріндегі айқыш-үйқыш тарақан кесте іспетті жіңішке шұбырындылар. Бұл, сөз жоқ, кішкентай соқыр қара тышқандардың ізі... Енді біраздан соң секектеп төтесінен тартқан, аттамалы қос бармак таңбалар көзге шалынды. Мен куанғандықтан:

— Күзен! Күзен, мұнда!— деп дауыстап жібердім.

— Даурықпа, балақай, бұл күзендікі емес, ақ тынындікі. Қарды нық баспан, сзызып отырғанын көрмейсің бе?— деді Мақажан.

Мен ұялғандықтан аңырып қалдым. Содан көпке дейін үн шығармай аттың белінде отыра бердім.

Менің көргенім: күзен кішіректеу, азулы, шақар

аң. Оның тұлғасы ересек мысықтай, бірақ одан гөрі жіңішкегерек, сида келеді. Құзеннің өңі әрқашан да қара кер. Оның жүні жаз құндерінде сары қоңыр тартыңқырайды, ал қыстың құні, қар түскен кезде құлпыра жайнап кетеді. Бұл — терісі асыл андардың бірі. Өзі әдемі, өзі жылы, әрі жылдар бойына қылшығы мен түбіті қырыла қоймайтын құзен ішікті, қолына түссе, кімнің киіп жүргісі келмейді дейсіз.

Аңшылар құзенді алғашқы сонардан бастап, қар қатқанша аулайды; онда да ит қосып, мылтықпен атып ұстамайды, оны көбінесе ізіне түсіп, індегі арқылы қазып алады.

Бұған қарағанда, құзенді қолға түсіру оңай көрінуі мүмкін, ал шынында олай емес.

Әне, шеткерірек орағытып жүрген Әбдір аксақал атының басын тежеп тұра қалды да:

— Эй, мұнда келіндер! — деп дауыстады.

Токтап тұрған егде кісі, біз қасына таянып келгенімізде:

— Мынау бір айғыр құзен екен, қарандаршы! — деді, қамшысымен аяқ астын нұсқап.

Төменге мен де көз жібердім. Иә, із өз шамашарқына қарай үлкен, төбет қүшіктікіндей, бірақ одан сопақтау, айқын жұбай қоспақ екен.

Ересек үш аңшы айғыр құзеннің ізіне түсті. Іздің жөн-жобасы өте қызық: әлдеқандай бір қанатты адам жер бауырлап үшіп келе жатып, оң қолының қос саусағын қарға батырыщ отырғандай ап-айқын, ақ тыындықіндей көмескі емес.

Із әуелі бір інге кірді де, одан шығып кетті. Осыдан былай үлкен еркек құзен аңшыларды шатастыруға бет алғандай: үшінші, төртінші, бесінші індердің аралары әрі барған, бері қайтқан — ұласыр шұбырынды болды да кетті. Енді тұні бойы тыным таппай шыр айнала жортқан аңның қазір қай інде жатқанын тауып көр?!

Аңшылар жерге түсті, аттарын жетекке алды. Олар құзеннің ізіне жанаса жүріп, қар бетіне көп үңілісті. Қыын жұмбақты шешуден алдымен бастартқан Әбдір аксақал:

— Жігіттер, мынадан мән шықпайды, кетейік,— деді.

— Иә, қатарынан барлық інді қаза алмаспыз, басқасын іздестірейік,— деп Мақажан кәрияның сөзін қостады.

— Мейілдеріңіз, бірақ мен мына дәу күзенді індепей кетпеймін бұл арадан,— дегенді айтты Сәлкен.

Анау екеуі аттарына қайта мініп, өз беттерімен жөнеле берді. Мен Сәлкеннің қасында қалдым.

Бұл құмарлыққа не дауа бар: Сәлкен аралары бірінен бірі жұз-жұз елу метрдей соңғы үш інді жалястырған шұбырындыны күн сәске бойы көтерілгенше айналдырыды. Ол өзінен өзі:

— Иә, әрі барған, бері келген... жұбы — былай, тағы — алай кеткен. Ал сонда әрі төрт, бері төрт... Жоқ, бес-бестен он рет жүрген бір жобамен,— деп қиыр-шиыр ізді есепке алды. Ақырында ол: «Таптым, дәл осы арада»,— деп үшінші інді қазуға кірісті. Ін тік, әрі ұзақ екен, қазған сайын тереңдей берді. Мен шұқыр белуардан төмен түскенше топырақ лактыруға қолғабыс тигіздім. Бұдан әрі шамам келмесін көрген соң тоқтадым.

Біраздан кейін екеуара соғып алған бір қанышық күзені бар Эбдір аксақал мен Мақажан келді. Аттарынан түсе қалып, бұлар да Сәлкенге көмектесті. Бір мезгілде терең іннің шөп төсөлген түбі көрінді, бірақ айғыр күзен жоқ болып шықты.

— Апымай, жаңылмасам керек еді,— деп, Сәлкен мандайынан буы бүркыраған терін сүртті жеңімен. Ол аз аңырып тұрды да, шұқырдың белуарына таман сығырайып тұрған саңылауды бір саусағымен шұқып қалды. Өзі сол сәтте «ойбай» деп оң қолын сілкілеп, қабакқа қарғып шықты.

Аңшының жеңіне басын сұға, қолына жармасқан ақ бас үлкен күзен жарқ етіп көзге көрінді де, келесі сәтте ұшып жерге түсті. Жеңінен қан тамшылаған Сәлкен аңырып тұрған біздерге: «Әй, ұмтылсандар-шы»,— деді де, өзінің оң қолын сол қолымен ұстай алып отыра кетті.

Кәрі сары қанышқ пен жас ақ арлан қазылған ін жанында шөкелерінен түсіп жай жатқан-ды: тұра жөнелген күзенге аңшылардан бұрын сол екеуі тап берісті.

Әккі сары қанышқ дағдылы әдеті бойынша қашкан аңың алдыя ала құлаш үрді. Ал аңқау жас арлан салған беттей-ақ орғыған күзенді өкшелей қуды. Аршынды уытты жас тазы өзінен адымы әлдеқайда қысқа, әлдекайда кішкентай хайуанның жанын койсын ба, оны әудем жерге жібермей-ақ дөңгелетті. Арғы жақтан орағыта ағызып сары қанышқ та жетті. Енді қашып құтылмасын көрген шақар күзен белін күдірейтіп, тістерін акситқан күйінде шақылдап тұра қалды. Кішкентай да болса, қарсыласуға әзірленген азулы аң осал жау емес кой, осыны аңғарған әккі қанышқ екпінін тежей берді. Бірақ әлі еш нәрседен беті қайтпаған албырт ақ арлан алдында айбат шегіп тұрған айғыр күзенге арындал жеткен бетінде ауыз салды. Сол сәтте барлық денесі бір уыс болып иіле бүгілген долы хайуан сары садактың шіреп тартқан оғындей бір-ақ атылды. Ол атылған бойда ақ арланның дәл қара тұмсығынан ала тұсті. Үлкен арлан тазы енді өз басымен әлек, ойбайға басып, олай да бұлай жүлкүнып жүр. Ол жанды жерінен жабысқан макұлықты сыпырып тастауға тырысып, оны алдыңғы аяқтарымен тырмалайды. Бірақ ана бәле айрылатын емес, ұстаған жерінен қатып қалыпты. Айғыр күзен аяғы жерге тимегендіктен бұлғаң-бұлғаң етеді. Ол сөйте жүріп, екінші жауым қайда екен дегендей-ақ, арт жағына қарай бұлқынып кояды.

Біз жүгіріп жеткен шақта ақ бас күзен арлан тазының тұмсығынан тез бөлінді де, зыта жөнелді.

Былайынша тұлғасы шағын көрінгенмен, белі ұзын, сирағы салалы шақар күзен қазір ышқына жүгіргенінде, оның адымы таяқ тастам жерден бір-ақ түседі, жаяу адамға шалдыратын емес.

Жалтақтап бекерге орағытқан сары қанышқ біз айтактап делебесін қоздырғанда ғана үзап бара жатқан аңың соынан тікелей тартты... Эне, құлшы-

на орғыған күзен төртінші інге жақындағы. Апыр-ай, апыр-ай, шынымен-ақ ұстаптай кетер ме екен?!

— Айтак! Айтак, Желқүйын!

Айқайға еліккен сары қанышқ құйындай ұшты, әне жетті. Жүйрік әккі ит ағызып жеткен жерінде аңға ауыз салмады, оны омырауымен соғып өтті, күзен домалап кетті. Ол осыдан кейін шақар хайуандың бойын жиғызған жок, жығылып жатқан орнында қос өкпесінен қапсыра қармады да, қайрыла қарсыласуға шамасын келтірмей, сілкілей берді, сілкілей берді.

Қансырап қалған шақар, ұлken, әдемі ақ бас күзенді сол арада соғып алдық. Бірақ оның есесіне біз жақтан бір адам және бір тазы көпке дейін бейнет көрсетер жаракатқа ұшырады.

## Өкінішті оқиға

Арқа жақтан Бетпақ далаға қарай сایып келген ірге таулардың соңғы бір шоғырлары. Осылардың таусылар сілемдерінен ішкөрірек орналасқан шағын темір жол станциясы.

Меңгіл июнь айының орта шені. Күн кешкіріп қалған. Біз төрт адам, жаңына киіз үй тігілген бір шеткөрі ауланың жаңында тұрмыз. Қасымдағылардың біреуі кәрі, екеуі егде адамдар. Күндіз семіз етке екі рет мелдектей тойып, содан әлгіде ғана қаймақ қосқан қызыл шайға қанып алған қарттар қазір өте көңілді. Арамыздагы ең жасы ұлken шоқша қара бурыл сақалды, кішкентай арық кісі — Төпейді екі егде замандасы ұтымды сөздермен қолға алып тұр. Қеудесі шалқақ, жұка жалақ ерінді, қызыл шырайлы, көк көз сары Әбен:

— Таксыр, қалай, түскі тамаққа қанағаттанғандай болдыңыз ба? — десе, жуан қарын, күрең келбетті Шәкен:

— Е, тұтас бір малдың еті болмаса, Төпекене

бұлайша тартылған табақтар бұйым ба екен? — деп сылқ-сылқ күледі.

Тұр-тұлға жактарынан үш түрлі осы үш адамның екеуі маған көптен таныс. Олар — көк көз, жалақ сары Әбен мен күрең келбетті, жуан қарын Шәкен. Бұлар әуелде колхозшы болған, ал соңғы жиырма шақты жыл ішінде бірыңғай темір жол жұмысымен айналысқан. Басында жол салушы, кейін жол қараушы, күзетші бола келіп, бұл күндерде пенсияға шыққан егде кісілер. Қомегі көп болмағанымен, көңілге медеу етерлік үйленген ересек балалары бар және жаз болса сауып ішерлік, қыс болса соғымға соярлық малдары бар. Қысқасы, өз қолы өз аузына жетіп тұрған, ертеңгі күніне сенімді бұл екі карт маған жақын ағайындар.

Маған тосын адам тек кәрі тақуа Төпей ғана. Онымен менің кездескеніме үш-төрт-ақ күн болды. Өзінің мінезі өте жуас, шүйкедей кәрі шал. Кім не айтса, соның сөзін «Ә, бәрекелде» деп макұлдай береді. Оның ұзак өмірінде өз қолымен жұмыс істеп көрмегенін көк тамырлы жіңішке саусақтары мен үлбіреген алақаны айтып тұр. Мен оның осы момақан әрі қораш бейнесіне қарап, «бұл бір өте қанағатшыл жан болар» деп болжаған едім әуелде. Бірақ осы топайдай тұлғасына қарамастан, бұл бір мешкей пенде екен.

Мен қаладан дем алуға келіп жатқан қонақ едім. Маған есендесе келген адамдарға бола Шәкенің үйінде бүгін таңертеңнен тұс ауғанша үш рет шай қайнатылып, екі рет ет асылды. Сонда дастар-қанға қойылған үлкен үш тәлеңке сары май мен қос қазылы, білем-білем құйрықтар салынған, сары ала тұздықты екі табақ семіз етті орталауға біз де себептескен шығармыз, бірақ солардың бәрін де ақырына дәйін тақыр-таза етіп отыруға жараган осы жұдырықтай қара шал.

Әбекен мен Шәкенің қазірде қалжың етіп тұрғаны кішкентай кәрі молланың сол мешкейлігі. Бірақ ол мешкей дегенге мактанбаса, намыстанатын емес, қайта құнжыңдай тұспіл:

— Иншалла, қанағаттандық қой,— деп құліп кояды.

Өткен түнде біз келіп қонған үй иесі Шәкен қарт моллаға қарап, шын ықыласымен:

— Таксыр, айыпқа бұйырманыз, сізге мал тауып соя алмадық, тұтқылда реті келмей қалды,— деген еді. Сонда ол:

— Э, әпендім, жақсы сүр ет пен дәмді тағамдар тұрғанда, біз малдың қанын ішеміз бе? Аққұла сойыс — жанды мақұлыққа жөнсіз қиянат жасағандық болар еді,— деп үлкен бір ізгі жанның кескінін көрсеткен-ді.

Бұл сөзге менің ішім недәуір жылып қалған еді...

Казіргі сәтте мен құлағымды қарттардың әзіліне тосқаныммен, әлдекандай бір ойда едім. Бір мезгілде: «Ә, аңшы! Мерген!.. Баяхмет ағатайым келе жатыр!» дескен даусы естілді балалардың. Өзіміз тұрған шеткергі аула жанынан жарыса өтіп бара жатқан інішектердің бет алысына мен де назар аудардым. Астында үлкен қара көк аты, мойнында мылтығы бар бір адам «ей» дейтін жерге келіп қапты.

— Ау, мынаның олжасы мол көрінеді ғой,— десті менімен қатар тұрған қарттар.

Салт аттының ағаш ерден төменгі тұсы түйенің өркешіне сұға салған шом тәрізді, айналдыра мүйтеп тасталған, бір қызыл сары бөктеріншектер екен. Бұл не?

Міне, аңшы киіз үйдің жанына жетті де, атынан жерге тұсті. Өзі қатты шаршаса керек, түскен бойда жүре алмай отыра кетті. Оның бөктерген бұйымдарын ауыл адамдары босата бастады. Бір дәң тұмсық, ши борбай, қызыл сары хайуандар жерге бірінен соң бірі сылқ етіп құлап жатыр.

Осы араға лезде жиналып, ентесе қалған бірқатар жұртпен коса, атып алынған киіктердің өлексеріне енді мен де еңкейе үңілдім. Қатар жатқан маркасқа кос кер текенің буын-буын сары саңлақ мүйіздерін көргенде балаша қуандым. Бауыры қылаң шабдар, жоны қызыл күрең келген жануарлар өлі күйлерінің өзінде маған қатты ұнады. Өздері

қой мен ешкінің арасынан жарапған сияқты: борбайлары шидей, ал қеудесі жұмыр, нығыз. Сирақтарын ұстап көрдім, шырғайдай берік әрі сіңірлі. Жүндерін қайырып қарадым, қылшықтары катты, түбіті тығыз. Бақайларының арасы қуыс екен, қол сұқканымда, екі саусағым түбіне дейін кіріп кетті. Жүрттың әлгі «киктер жер басқан жандының жүйрігі, желғабыз аң, жүгіргенде денесін жел көтеріп кетеді» деуінің қисыны бар тәрізді.

Бірақ, не керек, сұлап жатқан келесі бір саулы ешкі мен жас лаққа көзім түсіп кеткен шакта, көңілім қобалжи бастады. Ешкінің өні өте солғын: бауыр, қабырға жұні түлегенмен, жонындағы жабағысы әлі түспепті. Өзі сондай тыртиған арық. Оның кішкентай жұмыр желінінен көгілдір сүт жерге тырстырыс тамады. Аузы ашылып кеткен, өкпе тұсындағы бармақ басындаі қанды жараның үстінде көк шыбындар үймелеп жүр. Оқ тиіп жығылған жерде зарлай маңырап, ыстық жас төккендігі оның ашық қалған жанаарсыз көздерінің алдындағы сораптардан айқын аңғарылады.

Ал мұның баласы құбақан ерекек лақ екен. Жас жануар жансыз күйінің өзінде сүйкімділігін барлық момақан, уыз бейнесімен танытып жатыр. Қоян жоны мен серке сандары, мойын, қеуде, бел омыртқа, тіпті қара шақпақ тұяқтарына дейін жұп-жұмыр, тап-түйнақтай. Жалпы мұсіні адам қолынан жасалмластай балғын, сұлу. Біртұтас сайлы тұлғасынан қылқиған ой желкесі мен орак тұмсығы ғана оғаштау. Тоқпан жілігінің қорғасын қиратқан бас буыны қатқан қан шоғырымен шодырайып тұр. Қеудесінен жан кеткенімен, осы бір көрініс оның уыз тәні әлі ауыратынын аңғартқандай. Жас лақтың өлер алдында жан таласқан азабын мен соның қазіргі кескінінен оқып тұрғандаймын.

«Дүниеге келгеніме аз-ақ уақыт болған еді. Құрсақтан жерге түсіп, көзімді ашқан күннен бастап, мен барлық болмысқа таң едім. Шаранам кеуіп, бойымды жинағаннан бері қарай жаздың маужыраған күн шуағына мәз едім мен. А나амның

сонына ергелі үызға бөгіп, қалғып кететін бір тұстарым болмаса, мен таң атып, күн батқанша жарқын тіршіліктің құрметіне деп, жасыл белестердің үстінде ойнақ салушы едім. Мен өз өміріме өте риза едім... Енді, міне, жемтік болып жатқан түрім мұнау. Жесе ет, ішсе сорпа болмайтын мендей жазықсыз балақанды не үшін қазаға ұшыраттыңдар?!» деп жатқандай оның аянышты бейнесі.

Менің жүрегім сазып, іші-баурым елжіреп кетті. Сырт айнала шығандай жөнелгенімді өзім де байқамай қалыптын... Бетіме салқын тамшы тигендей болды. Сипап көрсем, еріксіз домалап кеткен көз жасым екен. Бала күнде бастан кешкен жетімдік қасіреті көкірегімде бір сәт қайта аунақшығанын сезген соң ғана бой жинадым.

\* \* \*

Тұн. Тұндігі жабулы киіз үйдің іші. Жұрт үйқыда. Менің көзім жұмулы, бірақ көкірегім ояу. Інірде асылған киік еті тұн ортасына тақап қалғанда піскен еді. Ас алдымызға келген шакта мен қол соза алмадым. Ет ересек текенікі екенін көріп отырсам да, бағанағы құбакан жас лактың өлі кескіні көзіме елестей берді. Соның сірне сілікпесі де осы табақта жатқандай, жүрегім өрекпи берді. Сондықтан «тамаққа тәбетім шаптай отыр» деп мен ірге жаққа жантая кеткен едім.

Ал бағанағы үш қарт кісі піскен еттің туралып болуына қарамастан, жіліктер мен қабырғаларды бір-бірден қолдарына алып қатқыл қожыр саусақтары мен барлы-жоқты тістерін де іске қосты. Кішкентай кәрі молда текенің басын өз алдына дербес ұсталты. Ол кесек еттер мен қүйқаны бүркітше бітеудей қылғы отырып:

— Апыр-ай! — дейді. — Бұл қандай тәтті тағам еді, жануардың тұмсығы былқылдаған май болады екен ғой, тұра жылқының етінен бір де кем емес.

Мұндайда жак жазған кісіні бір қағытпай қоймайтын әзілқой Әбекен:

— Өй, таксыр, обал-сауап дейтін қағидаларыңызды осы арада ұмытыңқырап кеттіңіз бе, қалай?— деп күліп жіберді.

— Иә, жазықсыз жанды өлтіру тұрын, оған соқтығуға болмайды дейтіндеріңіз қайда, таксырау?— деп, Шәкен кәрі молданы тақымдай түсті.

— «Он сегіз мың ғаламның абзалы адам. Басқа барлық дүниені соған бола жаратқамын» деген ғой алла тағала әуел баста-ак.

— Онда обал-сауап дегеніміз адамнан басқа жандыға жатпайтын болғаны ма? Біз бұл шариғатыңыздың қай тармағына мойын ұсынбақпыш сонда?

— Иә, молдаеке! Аят-хадис дегендерініздің өзі сузуға келе беретін резенке сияқты ма, қалай?

— Астапралла, пірәндар, сіздер күпірлікке қарай бет қойдыңыздар!.. Алланың әмірі мен тағдырдың жазуынан асатын еш нәрсе жоқ...

— Е, бұған келгенде, амалсыз бас шүлгимыз ғой,— десті ана екеуі, қатарынан күліп.

Маған туысы жақын екі егде кісі обал-сауапты еске түсіріп, кәрі молданы қыспакқа алғанымен, бұл мәселе жөнінде өздерінің де онша көп қинала қойғандай тұрлері көрінбейді: аңың буы бүркыраған жас етін сыйана соғып жатыр.

Тегі, бір ет емес, қандай іске болсын сұғына кіріскең шактарында, бұларға жандарын ашындыра қатты сөз айту былай тұрын, жанама жалпақ тілмен ескертудің өзі қыны. Бұлар ескінің арты, жасырақ кездерінде қат-қабат көп қияннаттар мен тартыстарды бастарынан кешірген, сондықтан жүректері көн болыңқырап қалған жандар. Ескішениң өзін ежелеп оқырлықтай ғана шама-шарқы бар, дін қағидалары қандарына мол сіңген, жалпы дүние тануы да сынаржақ көнелер. Казіргі тіршілігінде бұлар «төрімізден көріміз жуық қалған шакта, құдайды алданыш етпей қайтеміз» деп, ақырғы сөз түйінін бір-ак қайыратын пенделер. Бұлардың соңғы бұл сеніміне төтеден шабуыл жасай алмайсын. Олай еткен күнде шарт сынады. Немесе осы жайшылықта жаксы, қоңырқай жандар құдайының

жай-күйін тікесінен бажайлай бастасаң, сізге өмір бойы көрместей өкпелі, жатбауыр болып кетуі мүмкін. Қарттардың тамақ үстіндегі жаңағыдан өзара қақтығысына менің кіріспеген себебім де сондыктан.

Мен төсекте қазір үйктай алмай жатқанымда діндар қарттар жайында емес, басқа бір адамның сөздері мен әрекетін еске алушадын. Бағана, іңір кезінде, киіктер сойылып бола берген тұста ошақ басына Әбеннің інісі Мұқан келген-ді. Ал мен киіктерді атып әкелген мергенмен көңілсіздеу түрде күнкілдесіп отыр едім. Мұқан андардың боршасын көрген жерде-ақ, бізге есендеспестен, киіз үйдің алдында отырған қарттарға тесіле қарап:

— Бұл не ғаламат? — деп шошына сұрак койды.  
— Э, әпендім, соңша неге үрейлендің?

Молданың бұл қарсы сұрағын Мұқан елемеді:

— Ойпыр-ай, бүйтіп жеген еттен өлген адамның кебінін жалмаған артық шығар,— деп, ол жағасын ұстаған күйінде сырт айналды.

— Ей, сен не оттайсың! — деп, Әбен інісіне қарай үмтыта түсіп, жүресінен отырды.

— Құдай, құран дейсіндер, жас лақ пен саулы ешкінің көз жасын көргілерің келмейді, э?!

— Апыр-ай, бұл қалай болды,— деді молда, сасып қалса керек.

— Таксыр, абыржыманыз, бұл белгілі «Қожа-насыр» Мұқан ғой өзіміздің.

— Қөпті көрген мейірімді көне болғансиды бұлар, сылдыраған баяғы қу сөз,— деп, Мұқан өршелене түсті.

— Эй, өзің, басыңа таяқ тимей тұрғанда тайсан қайтеді осы арадан!

— Ой, койындар, ағалы-інілі екеуіне не болды? Әбен, сен қожаңдамашы жөнсіз. Мұқан, сен бері кел, отыр мына араға. Сопылық пен әулиелік екеуі-міздің не теңіміз? Қазан асылып жатыр, отырып тамақ іш.

Шәкен тұтануға жақын жанжалды осылай бір

бөгөп еді, бірақ Мұқан қолын бір сілтеді де, өз жөніне кете барды.

Отырғандар біразға дейін үнсіз қалды. Тек Мұқанның қарасы үзілген кезде ғана Әбен:

— Бұл шіркіннің жасына жетпей алжып жүргені де осы күйгелектігі ғой,— деп, кетіп қалған інісіне сыртынан кейістік білдірді.

Жігіт шағында жылқышы, отызыншы жылдарда колхозшы, ал қырқыншы жылдардан бастап темір жолшы болған Мұқанның жасы қазір елуден асып барады. Денсаулығы онша емес, бірақ әлі уытты кісі. Мұның түріне қарасаң, ағасы Әбеннен әлдекайда кәрі. 60-тан асқан Әбениң сары қоңыр шашы мен мысық мұрт, селдір сақалында бір тал ақ, қызыл шырайлы жалпақ бетінде терең бір ажым жок, тұлғасы тіл-тік, кеудесі әлі шалқақ. Ал Мұқанның онсыз да шағын денесі құрысып қалған. Келбеті бір-ак уыс, кираган курек тістерінің олқы орны аузын опырайтып тұрады. Оның тек шұңғарейген көкшіл көздерінен әлі де жасыл үшқын үзілмеген.

Мұқанның жаңа осы арадан жүріп кеткендегі кескіні бұрынғысынан да кішірейіп, кеміп қалғандай көрінген еді маған. Эрине, бұл қатты кейігендіктің салдары. Жайда жуас, қоңырқай сөзге олак, іске батыл осы бір ақ көніл, аңқау адамның саулы ешкі мен жас лақтың өліміне бола жаны қатты ауырғаны, әрине, мені таңдандырған жок, қайта оның бірден жүдеп қалған барлық мейрімді қалпы менің көніліме үлкен бір қозғау салған еді. Баяхмет мерген менің осы күйімді аңғарды білем:

— Қайтейін, мына байғұс лақтың ең алдымен кездесіп қалғаны, шырағым,— деп күрсінді.

— Иә, ағасы, ең алғаш кездескен аңды аман-сау жібермеу аңшылардың ескі дәстүрі ғой, ал саулы ешкіні неге аттыңыз?

— Ойбай, қарағым-ай, анадайдан орғып бара жатқан киіктің желіні аңғарыла ма?— деді Баяхмет.

— Иә, аң көздің құрты емес пе?!

— Ет қызуда кісі өзін өзі тежей ала ма?

— Е, бүйірған зат тегі қайда кетуші еді?—

дескен үш карт, мергенді бір ауыздан қостай жөнелді.

— Балалы андарға қастық — корқаулық емес пе? — дедім. Егделер төмен қарап, үнсіз қалды.

Сөз осымен доғарылған-ды. Бірақ ой тоқтай ма?

Мен, міне, төсекте үйктай алмай дөңбекшимін. Менің көз алдыма ыңырана қаптаған киіктөр елестейді. Қыс бойы елсіз-күнсіз жадавай жапан түзді қыстап, аяз, боран, дауылға соқтыққан, одан қасқырлар кудалаған анқау жануарлар тіршілік үшін қанша арпалысты десенізші. Бұлардың жұттан, әр түрлі апаттардан аман қалғандары биылғы көктемді, сөз жоқ, шексіз қуанышпен қарсы алдығой. Барлық жүріс-тұрыс, сыртқы саңлақ көріністерімен туған жердің көркіне жараса кететін жануарлар Арқаның көк майсалы, мол сулы, сәнді өлкесін ансан келе жаттығой. Осылай жас лактарын шұбата, қойдай маңырап, қозыдай шулап келе жатқанда жазықсыз жануарларды оқлен қарсы алған қомағай мергенге не дерсің...

Ырғала қаптап келе жатқан киіктерді сол әуескөй мерген дүрбі арқылы қыырдан көрген, сөйтіп, жасыл белдің ортасындағы жықпылынан келіп тосқан. Оның қолында көзделеп атқан сэтте үні жөнді естілмей, шық ете қалатын шағын винтовка болған. Тағы да оның өзі бұталардың арасына күні бұрын бұғып отырған.

Әне, алғы жакты барлап, одағайланған бөлінген марқасқа текелердің бір тобы қайқаңға шыға келді. Міне, олар кілт тұра қалысып, жан-жакты шолды. Сол шакта «сары маса» ызың ете қалды, шеткергі құнан теке жерге жалп ете түсті, ал қалғандары кейін қарай жалт берді. Арт жактағы «бала-шағаларын» сактандырмак болып жүйткіп олар барады. Бірақ жыланша ыскырған оқтар, алдарынан шанды бұрқ-бұрқ еткізді де, текелерді еркіне жібермеді. Амал не, бір топ теке қайрыла алмай, ілгері тарта берді.

Кейінгі жактағы қаптаған қалың ешкілер мен лактар да аздан соң асуға жетті. Үйзыңдаған «сәйгелдер» бұларға да араласты. Сен жас, сен ересек, сен

мүгедек екенсің дей ме, әуесқой мерген? Оның көзі қанға толып кеткен, үсті-үстіне жаудырып жатыр қорғасынды. Зуылдаған ажал оқтарынан киіктер бірінен соң бірі құлап та, тұрып та кетіп жатыр... Әттеген-ай, есірік болған жаралы жануарлардың бірқатары жан ұшырып, әлдеқайда барып құлайды да, құзғындарға жем болады ғой!

Дүркірей жөнелген көп түяктар мен маңыраған аянышты үндерден жасыл белдің тұла бойы түршікті...

«Әй, жолдас, сен адамсың ғой, тоқта!.. Тоқта деймін мен саған! Сен аңшы емессің, қомағай қасқырсың?»

Мен үйқтап кеткенімді сезбей қалған екенмін, ышқына айқайлаған өз даусымнан оянып кеттім. Жүргегім қатты соғып, арқама мұздай сұық тер шығыпты. Басымды көтеріп, жан-жағыма қарасам, үй ішіндегілер әлі де қорылдап үйқтап жатыр. Бірак, бір жақсысы, ірге мен тұндіктің саңылауларынан атқан таңның ақ таңдағы көріне бастаған екен.

Күн шығар алдындағы әлем көркін тағы бір рет көрейінші деп мен тыскә шығуға қамдана бастадым.

## *Қос қорқаудың айласы*

Қөктем.

Аз ауыл шөлден арқаға көшіп келе жатты. Біздің үйде қыстан арықтап шыққан үш ешкі, сары атанша, менің жалғызқ шитім бар. Кәрі шешем, әйелім, алды жетіге, соңғысы екі жасқа жеткен үш бала — не бәрі алты жан едік.

Сауын болар малдың түрі әлгіндей, ет тұрсын, астық, бидай дегеннен де ештеңе жоқ.

Қак қуалай төрт-бес қозы көш жасаған соң, Арқаның аяғына жете жығыламыз деп шағын ауыл түгелдей құла таңнан көтерілген күні, мен қараша үйімді алты жанымен жұртта қалдырып, сары атаншамен аңға шықтым.

Біз Арқаға жетіп, ондағы әлді ағайындар қол үшін бергенше талшық таппасам болмайды. «Шөп жесен қақаласың, ұрлық қылсаң өлесің» дегендей, мен үшін аң аулаудан адал, одан өнімді кәсіптің өзі де жоқ еді.

Арқа мен шөл жапсарында Таятқан Сұнақ деп аталатын жеке биіктер бар. Осы таулардың деңгейінде қар сұынан жыл сайын қөктемде жайқын көл пайда болады. Сол маңға жаз шыға шөл қысқан таған киіктер келе бастайды. Мениң сары атаншамен көздел келе жатқан бетім — сол киіктер өрістейтін қыраттар мен суаттар.

Күн сәске түске жеткенше мен белгілі су, тоспалар тұсынан әлденеше рет қарауылдадым. Мұндағы адыр, қайқандарынан ештеңе көре алмаған соң, бүйрattарға ауыстым. Түйемді жетектеп, жылғалармен жүріп отырдым. Құс атаулыдан жалғыз құладын, жер басқан жәндіктерден жалғыз көкше қоян көрдім. Күн еңкейгенше көзіме бұлардан басқа қыбыр еткен қара шалынбады.

Киік жануарлар Арқа жаққа әлі бет алмаған екен. «Азын-аулақ нәсіп табам ба деген едім, бұл реті келмеген бір сапарым екен» деп ойладым. Қайту керек? Өндери сазарып, үйде қалған балашағамның кескіндері көз алдыннан кетпеді. Түзден аң атып, азық әкеледі деп олар мені күтіп отыр.

Сөйтіп, жұртта қалған үй-ішімнің алдында мен өзімді қылмысты адамдай сезіндім.

«Кой, кім біледі, әлі жүре түсейін, бірдене кездесіп қалмас па екен?» деген үмітпен күн кіші бесінге айналғанда белгілі қақ көлге қарай бұрылдым. Аздан соң оңтүстіктен жылжыған жаяу жел бетіме дымқыл самал әкелді. Қөл жақын арада екенін білдім де, атаншамды дөң астына шөгеріп, тізгіндең тастап, жалғызок мылтығымды қолыма ала, солай қарай аяндадым.

Алдындағы белестің дөңінен келіп баспаласам, жиегінде көктеген құрақтары бар, жайқын жатыр. Басқа ештеңе жоқ. Сөйткенше тұз тағыларын, құс атаулыны жат-жоралардан сақтандырғыш, бай-

байшыл балшықшыны үні естілді. Недәуір жердегі мені көрген күннің өзінде мазасыз балыкшы бұлай ойбайламаса керек еді. Энебір қалиған құлактар не? Ой, жойдасын қулар-ай, олар да келіп, қырдан баспалап, шолып тұр екен, міне, өздері де бой көрсетті: біреуі — аксақ көкжал, екіншісі ақ қанышық. Қанышығы алдында, арланы артында. «Біз төніректі күні бұрын шолып алдық, бұл манда бізден күші асар мықты жок көрінеді» дескендей, олар енді суға қарай еркін жүріп келеді.

«Жарайды, ел жок, күн жок, мына қу медиенде екеуден екеуің тегін жүрмеген боларсың.»

Кос бөрі жағаға жетті. Эне, су жалап жатыр. Ақ қанышық суға шомылды, арлан көк құмға аунады. Енді екеуі қосылып бір шок құракты тіміскілесіп жүр. Арлан көкжалдың алдыңғы он аяғы тізесіне дейін шолақ екен, онысы жерге жетпегендіктен шойнаң-шойнаң еткенде, құйрығы шолтаң-шолтаң етеді. Е, бұл анау-мынау бөрі емес, талай тегеуіріннен құтылып жүрген жойдасын болар. Эні, ол жантая жатып алып, алдыңғы жалғыз сау аяғымен құмды қаза бастады. Мұның алдын ала тығын қойған азығы бар ма?

Жер қазуға енді ақ қанышық та қосылды. Тегі бұлар не іstemекші?

Арланның аяғы талды білем, серігі қатарға қосылған соң, құйрығын бұлғандатып жай жатты.

Ақ қанышық әлі қазуда. Қаза түскен сайни шұңқыр терендеп, кеңіп бара жатқан тәрізді. Бір шай қайнатымдай мезгіл еткенде, қанышықтың шұңқырдан құйрығы мен жоны ғана қылтылдағы көрініп тұрды.

Кешкі күн жарым-жартылай ұясына кірген кездे, терендеген шұқырдан ақ қанышық шықты да, оның орнына аксақ арлан түсті. Қызықты қараңыз, көкжалды серігі құммен көміп жатыр.

Е, сығыр-ай, бұлардың құлығына мен енді түсіне бастадым. Қырда қып жете алмайтын болған соң, кешкө қарай шөлдеп, көлге келетін киіктерді бұл екі корқау осылайша суаттан тоспак? Мүмкін, бұл

жойдасындар осындай айламен бұдан бұрын да талай азық тапқан болар.

... Эне, менің оң жағымдағы қоңыр белестен шаң көрінді. Эрине, бұл кешке қарай шамырқап көлге келе жатқан киіктер, кейіндегі үлкен шаңның алдында оқ бойы ұзын, тарамдалған тозаң көрінеді. Сөз жок, бұлар үш-төрт, барлаушы текелер.

Міне, олар ойнақтап шыға келді. Сан мүйіздері батар құннің сәулесіне шағылыса, жарқылдай тақап келді де жалт бұрылды, үш теке сол бетінде одай-файлап, тепсендегі шығып, көл жағасын аз шолып тұрды. Бұл жақтан қауіп-қатер байқалмады. «Ендеши осқыра беретін ештеңе жок» дескендей, текелер келе-ақ суға бас қойды. Барлаушы басшыларына сенген арттағы топ киіктер де іркілместен суға төнекетті.

Бұл кезде оқ жетер тұсқа мен де келіп орналасқан едім. Құмға көмілген көкжал шеткі кер тушаның су ішіп тұрған жерінен бір-екі қадамдай-ақ жерде жатыр. Мен осы өкпе тұстамын. Бір аяғы шолак болғанымен, арлан көк бір ырғағанда, тушаны тарпа басарына күмән жок.

Қазір бас алмай сусындаған осы киіктердің ең бір семіз текесін тандап атуға менің ыңғайым бар. Бірақ онда жасырынып жатқан қос қорқау аман-саякетеді. Ал киіктің бірін көзdemей, екі бөрінің қимылдауын тоссан, ол жыртқыштар мына жануарлардың буаз, әрі арық біреуін мұрт етуі мүмкін, мұны істет-сем, әрине, обал. Әрекеттің артын тосқан күнде, екі жойдасынның біреуін құлатат алмай қалсам, өкінішім қатты болмақ және менің үй ішіме азықта жок.

Шіркін, теткімей қат-қабат гулейтін, өрісі ұзак, жолы түзу бесатар болса, мен семіз текемен қатар қос бөріні де құлатар ем. Амал не, аузынан оқталатын жалғыз құмалақ қорғасынды шиті мылтық бірден артық сермеуге келмейді.

Осыны ойлап үлгергенімше, көл жағасындағы үйінді томпак құм бұрқ еткен кезде, әлдекім ыңқетті. Киіктер үркө жөнелді.


Көп айыр тұяқтардан көтерілген шаң басыла бергенде, көкжал қорқау балаң ешкіні бұра тартып, қирандастып жүргенін көзім шалды. Жан ұшырған туша дәкей ақсақ арланның үш тағанын тіретпеуге тырысып жүр. Қайткенмен де көк төбет оны мәдткенге үқсайды; салмағының өзімен тәлтіректеп жығылуға айналған.

Жүргімді аянышпен қатар ыза қысты. Қөкжалды қарауылға ала бергенде, ак қанышқ серігінің жанына келіп жетті де, жалма-жан жұмсақ уыз етке бұл да килікті.

Екі үлкен бөрі қосылған соң тушаның не жанын қойсын, оны бір сәтте жығып салып, талай бастады. Жас киіктің уыз денесін боршалап әкетуге күш салып, жұлқыласып жүр.


Мен енді асықпадым. Анау байғұс туша бәрібір қатарға қайтадан қосылмайды. Ендеше қос қорқауды қабат түйреуге тырысуым керек. Сонымен қекпарлай сілкілесіп бір кеткенде, қос қорқау қатарласып та қалды. Бауыр серіппені мен де басып жібердім. Мылтық даусы шаңқ етпей, дұңқ етті. Қолым сүйсінді, оғым тигенін сездім. Қаңылаған бір үн естілді. Аңдардың тарпайысусы басыла бере, көл жағасына мен де жеттім. Жас киік жерге басын соғып жатыр екен, табанда пышаққа ілінді. Ақ қанышқ жок. Өз бүйірін өзі жұлып, бір орында аласұрған арлан көкті мылтықтың дүмімен қара тұмсықтан қайқайта соқтым. Оқ мұның қу серігі ақ қанышқ қаңылаған күйінде белден асып, ұзай берді.





ҚАЛМҰҚАН  
ИСАБАЕВ





*П о в е с т е р*

## *Таң атарда*

(*Ұлы Отан соғысы және  
еңбек ардагері Мұғни Жете-  
кеевтің немере-шәберелерінде  
айтқан әңгімесі*)

### *Дала шаһары*

Ол кезде Түркістан — Сібір темір жолы салынбаған. Бұғінгі Аяқөз станциясы жок. Аяқөз қаласының солтүстік жағында бес километрдей жерде тұрған Сергиополь совхозының орталығы қала деп саналатын. Шежіре бұл қаланы 1830 жылы салына бастады дегенді айтады. Бұдан алпыс жыл бұрын ол — казақ, татар, орыс кварталдары болып үшке бөлінетін екі жүздей үйі, бір шіркеу, екі мешіт және медресе мен казармасы бар қала. Мәдени орын мен мектеп атымен болмаған. Ең жақын деген елді мекен — Лепсі мен Үржар — 200, солтүстігінде Семей — 300, батыс жағында Қарқаралы — 400 километр қашықта.

Сергиопольда бай, көпес, қажы, қазыреттер көп болды. Әсіресе қантқа үймелеген шыбындай жиналған қалпе, молдалардан аяқ алып жүргісіз еді. Төніректегі надан елді біреуі саудамен, біреуі

дінмен алдап-арбап, баюға өте қолайлы жер еді біздің Сергиополь.

Сол кездің өлшемімен алғанда қала үлкен деп саналатын. Ал оны қоршаған даланың шет-шегі жоқ еді. Осынау кең дүниеден Фатима Жетекеева деген жесір әйел ғана бала-шағасымен пана таба алмай-ақ қойған. Фатиманың Асқат, Мәжит, Жиһан, Бибісара және Мұғни деген бес баласы болды. Мұғнидің кім екеніне түсініп отырған шығарсындар — сол кезде жасым он үш-он төртке келіп қалған мен едім. Асқат бірінші дүние жүзілік соғыста, Мәжит байдың есігінде жүр. Бір байдың қыс жылуы жоқ, жаз күн түспейтін шоланында тұруышы едік. Неге екенін білмеймін, бір күні бай бізді қызып шықты. Қайдан пана табарымызды білмей көшеде шешемізді қоршап жылап отырғанымызда, бізді Айқыз апай келіп алып кетті. Әрқайсымыздың бір арқалағанымыздан қалмайтын нәрсемізді көтеріп, сол кісінің табалдырығын аттадық. Апай төрт бөлмелі үйінің екі бөлмесін бізге босатып берді. Таңертеңен кешке дейін көрінген байдың малын сауып, көрінген көпестің кір-қоңын жуып күн көретін жесір әйелге төрт бөлмелі үй қайдан келген деп ойлаушы едім. Сөйтсем, ертеректе дүние салған күйеуі шебер балташы болған екен. Мына үйді көзі тірісінде сол тұрғызыпты.

Айқыз ат жақты, өткір қара көзді, тік тұлғалы, сүйекті, өте қайратты әйел. Өзін асырайтын екі қолынан басқа ештеңесі болмаса да еркін ешкімге бермейтін, кедей-кепшік, кем-кетікке өте қайырымды адам еді. Жергілікті орыс әкімдерімен де тең адамша сөйлесетін. Өзі орысшаға судай. Алдына қойған мақсатына жетпей тынбайтын.

Бір күні мынадай оқиға болды. Шешем маған екі сом ақша беріп, үн әкелуге жіберді. Базарда — ырымға жоқ. Талай бай мен көпестің есігін қақтым. Ешқайсысы да ақшама бір уыс үн бермеді. Соғыс басталған жылы қалада «Қөвшілік магазині» деген пайда болған. Міндегі — соғыстағы солдаттар семьясына үкімет бағасымен азық-түлік сату. Алайда

мандайшасына аты ілінгеннен бері ашылғаның көргем жок. Ол «Мұғни ұн ала алмай қалды-ау» деп мен үшін де ашылған жок. Осылай үйге құр қол қайттым. Шешем байғұс: «Сендерді немен асыраймын?»— деп жылап отырғанда үстімізге Айқыз апай кірді де, шешемнің көз жасының себебін білгеннен кейін:

— Жуырда төркінімен астық келеді. Базарға шығартпай кедей-кепшік пен әскер семьясына үйден бөліп беремін,— деп жұбатты бізді.

Айқызың төркіні диқаншылықпен шұғылданын. Ауыздарынан калған артығын базарға шығарып сатып, шай, қант, мата сияқты керек-жарактарын алып кетіп жүреді екен. Ұмытпасам, 1916 жылдың киыршық қарлы қара күзінің бір күні Айқызың төркінінен күткен екі-үш адамы да келді. Құр қол.

— Қалаға жақындай бергенімізде «Көпшілік магазині» арқылы сатамыз деп атаман адамдары тартып алды,— деді олар.

Сол жерде Айқыз апайды көрсөніз ғой. Онсыз да ақ сұр өнінің қаны қашып, қабағы түйіліп:

— Білеміз олардың кімге қалай сататынын!— деп киіне бастады.— Фатима, солдат әйелдерін жина!

Мен де кеттім соңдарынан. Магазин алдына орыс, қазак, татары бар — біраз әйел жиналды. Қалың есікті олай ұрды, былай ұрды, ешкім ашпады. Соңан соң Айқыз апай бәрін атаманның үйіне бастап кетті. Ол үйінде жоқ бол шыққаннан кейін пристав үйіне қарай тартты. Бұл уақытта әйелдер саны көбейе түсken еді. Пристав есігінде әскери казак тұр екен. Ол жалаңаш қылышымен жол бөгеді.

— Пристав жоқ! Шегінідер! Кетіндер!

Тарай берген әйелдерді Айқыз апай тоқтатты.

— Ол үйінде болмаса, мынау мұнда тұрмас еді. Кетпендер!

Әйелдер Айқыз апайдың соңынан үйге сау етті. Пристав үйінде тығылып отыр екен. Айқыз апай төрт қап астығын қайтып алды да үйіне әкеліп,

солдат әйелдері мен кедей-кепшікке таң атқанша сатып бітірді.

Жұрттың Айқыз апайға риза болғанында сөз жоқ. Алайда, бәрінің аузында: «Қазақтарды кісі құрлы көрмейтін бірмойын пристав қолына түскен астықты қалай тез қайтара қойды?» деген сөз жүріп еді, көп кешікпей мұның сыры да ашылды. Семейде солдат әйелдері орасан ереуіл жасап, тәртіпке шақырғандардың талайын таптап, талай магазинді талапты. Айқыз апайлар үйіне барған күні пристав осы жөніндегі хабарды алып отырған екен.

Сергиополь жаңынан Аяқөз өзені ағып жатады. Суы мол. Жағасы сыңсыған тоғай-тал. Бала біткен жазда қаракат, бұлдірген, итмұрын теріп, судан балық аулайтынбыз. Қыс болса қоян қуушы едік. Бұл тоғайларды да бай мен көпестер бөліп-бөліп меншіктеп алған. Былайғы жанды «бұл менің тоғайым» деп жолатпайтын.

Біз медреседе оқыдық. Бірінші кластан бесінші класқа дейінгі балалар бір отыратынбыз. Кей партаға үш-төрт баладан сыйылысамыз. Бөлменің ауасы қапырық, қабырғасы мен төбесі лас. Есігін ашса, дала көрінеді. Жаңбырлы күні тамшы ағып, кітап-дәптерімізді коярға жер таба алмаймыз. Осындай бөлмеге бір мұғалім келіп бесінші кластың сабағын жүргізеді. Оны бірінші класс балалары да тыңдайды. Келесі сағатта бірінші кластың мұғалімі келеді. Оны бесінші класс балалары тыңдай береді. Алайда бірінші кластың сабағы деп бесінші кластың, бесінші кластың сабағы деп бірінші кластың балалары далаға шығып кетпейді. Тым-тырыс отыра береді. Мұғалім сөйлеп тұрғанда көзіміздің қырымен босаға жаққа қараймыз. Сыздық бар ма, жоқ па? Бұл медресенің шаруашылық жағын басқаратын молда. Қамшысын білей ұстап босаға тұста сәлдесі ағарнадап тұрғаны. Тәртіп бұзған біреуді көре қалса, арт жағынан келіп қамшымен тартып өтеді. Не болмаса алға шығарып:

— Неге тыныш отырмайсың? Миыңды табаныңа түсірейін бе? — деп ақырады.

Сыздықтың тәртіп бұзған шәкірттерге колданар жазасы әр киң. Не баланың бірін-біріне арқалатып қойып дүре соғады, не су толы шелекті төбесімен көтерктізіп қояды. Не сұық сарайға қамап тастайды. Біз осы Сыздықтан қорқып тыныш отыруши едік. Білім жағына келсек, бірінші мен бесінші кластардың сабағы жарыса жүрген жерден кімнің қандай білім алып шығуы мүмкін. Өз класымызды арналған сабакты ептең үккән болсақ, келесі сағатта жүретін не төменгі, не жоғарғы класқа арналған сабак оны басымыздан қайтадан қуып шығатын.

### *Патша тақтан құлатылды*

Қайдан, кімнің қалай жеткізгенін білмеймін, осы ҳабар бір көктемде дүңқ етті. Үйде өзмізбен өзіміз өтыр едік, Айқызы апай келді де:

— Фатима, өзің де, балаларың да таза киім киініндер,— деді.

— Е, неге, көршім?— деді шешем.

— Патшаның тақтан құлатылуына байланысты бай-көпестер көшеге қап-қара киініп шығыпты. Біз апнақ киініп шығайық,— деді Айқызы апай.

Жаңа тігілмесе де жуылған таза киіміміз болатын. Киіне бастадық... Біз сыртқа бөгеліңкіреп шықтық. Базарға таяу халық қоюлана берді. Осы жерде жүрттың ауқатты-ауқатсызын киімдерінен-ақ айруға болатын еді. Қара киімділердің қабағы түсіп кеткен. Өндөрі сұық. Қызылды-жасылды киінгендер көңілді. Кей тұстан сырнай дауысы мен өлең де естіледі. Ал Айқызы апайдың өзін көрсөніз ғой, ұзын зтек ақ торғын көйлек, жасыл биқасап шапан, ішінде оқалы жеңсіз қамзол, басында мойнына екі орап тастаған ақ шәлі. Төңірегіне әйел толып кетіпти. Жергілікті үкімет мұндай ереуілге немкүрайлы қарасын ба, уақыт өткен сайын көшеге қылыш асынғандар көбейіп, олар көңілді жүртты куа бастады. Саңырау атаман Айқызыға төніп келді.

— Бұл сенің ісің ғой?

— Саған бағынбаған халық маған қалай бағынады деп ең?

Айқызы апайдың сөзінен гөрі сол сөзді айтқандағы көңілді тұрысы мен құлкісі ызасын келтірген болу керек, атаманның бет-аузы жыбырлап, мұрты діріл-деп, көзі ақшиып кетті.

— Разрублю за смуту! — деп қылышын қынынан суырып алды.

— Бұл қаһарынды Германға көрсет,— деген Айқызы апай төнірекіндегі әйелдермен бірге бұрылып кетті. Атаман қылышын жалактатқан беті тұрып қалды. Жұрттың мерекесі көңілімізді тасытып тұрған біз, балалар, атаманға тақап келіп, қосыла айқай салдық та жан-жаққа қаштық. Бұл үлкендердің сол кездегі қара түнек өмірге қарсы көрсеткен қарсылығына қосқан үлесіміздің түрі еді.

Түстен кейін көшеге атты казактар шығып, жұртты үйді-үйлеріне таратып жіберді.

Біреуге кегі кеткендердің, біреуден ақысын ада алмағандардың, біреуден қағажу көргендердің Айқызы апайға бұрын да келіп, мұнын шағып отырғанын талай көргенім бар. Былтырғы астық оқиғасы мен мына ереуілден кейін біздің үйге Айқызы апайды іздеушілер көп келетін болды...

Соғысқа қатысып жүрген жігіттер патша тақтан құлатылған жылы қайтып келе бастады. Қалимолла Мендібаев деген ағайынымыз қызық жігіт еді. Эскерге алынбас бұрын қазіреттің күркетауықтарын бакты. Жанына келген адамға қолын шекесіне апарып: «Алдында он үш тауық. Кеше он бес еді. Екеуін қазірет сойып жеді. Қалғаны шүкіршілікте. Бақташы Қалимолла!» деп тақылдап тұратын. Алғашқылардың бірі болып майданнан сол оралды. Асқат ағам келіп, біз де қуанышқа бөлендік. Шешем той жасады. Біздің тойымызға Айқызы апай мол үлес қости. Асқат домбыра мен сырнайды жақсы тартатын.

— Патша үшін мандайымды окқа тосып нем бар. Ашық аспанға бір оқ атпастан әскери оркестрде трубаны үрдім де жүрдім,— деді Асқат.

Бір күні Габбасов Ғарабшаның баласы Сабыржан да келді сыйқып. «Ұрлық істеп, Петербор мен Қазанның тұрмесіне түскен екен» деген қауесет оның өзінен бұрын жеткен болатын. Мұны көбінесе бай-көпестер айтушы еді. Ал жарлы жағы «Патшаны сарайынан сүйреп шығарғандар арасында Сабыржан да болыпты» дейтін. Кім не десе де Сабыржанның бір жердің тұрмесінен шығып келгені анық еді.

Батқан күнмен бірге өмірі де тына қалатын қала кешіне әсіресе Сабыржан келгеннен кейін тіршілік пайда бола бастады. Асқат екеуі төңірегіне орыс, қазак, татар жастарын жинап, кеш атаулыны думанға айналдырып жіберді. Алғашқы ойынды ескі казармаға қойды. Ойынның алдында Сабыржан, соңынан жұртты жастардың осындай сауығына қеліп тұруға шақырып Айқызы апай сөйледі. Сабыржанның пьеса жазып, мешітте спектакль қойғаны да есімде. Сол жолы да Айқызы апай сахнаға шығып, Сабыржан мен жастарға қала тұрғындары атынан алғыс айтып еді. Айқызы апай осындай жерлерде сөйлеуден именбейтін, әрі ол кісіні қала тұрғындары катты сыйлап ықыласпен тыңдайтын.

Асқат келгеннен кейін біз басқа үйге шыққанбыз.

Бір күні Айқызы апай келіп маған:

— Итің қіда? — деді.

— Қорада байлаулы, — дедім.

— Итіңді алып жүр, — деді Айқызы апай.

Айқызы апай Майлышаяқ екеуімізді өз үйіне алып келді.

— Итіңді мына жерге байла, — деп қақпасының сыртын көрсетті. Мен байладым. — Өзің анау қуыска барып отыр, — деп көшениң ар жағындағы үйдің бұрышын көрсетті.

— Ұзак отыратын болсам, Шаяхметті шақырайыншы, — дедім мен жұбымыз жазылмай жүретін досымды атап.

— Артық адамның керегі жоқ, — деді Айқызы апай.

Мен көндім.

— Итің бөстеки жүргіншіге үрсе, үндеңе. Ал

біреу-міреу біздің үйге беттеп бара жатса, иттің үрісіне «Майлыаяқ, жат, жат» деп өзің де дауыс қос. Жарай ма?

— Жарайды,— дедім.

Қара сұықта қалтырап бұрышта қалдым. Төні-регімде көзге түсер жарық жок. Екі-үш күннен бері бір қарлатып, бір қойып тұрған аласа бұлттан жұлдыз да көрінбейді. Кімді, нені қүзетіп тұрғаным өзіме де беймәлім. Айқызы апай үйі де тастай қараңғы. Киімім қалың. Сонда да тісім-тісіме тимейді. Табжылмай тұрмын. Өйткені маған «осылай тұр» деп өзім шешемнен кем көрмейтін Айқызы апам айтты. Қақпа жанындағы есікті ашып өзі де шақырып алар деп тұрмын. Қошеде жүргінші болған жоқ. Майлыаяқ та үнсіз, мен де үнсізбін... Тұннің бір уағында сықырлап есік ашылды. Майлыаяқтың қыңсылағаны да жетті құлағыма. Айқызы апай ғой деп ойладым. Өйткені ол кісіге итім үйреніп калған. Мен де жүгірдім есікке қарай.

— Тоңдың ба, Мұғни?— деп қарсы алды апай.

— Тонып қалдым,— дедім.

Үйге кіргізді. Біраз адам жиналған екен. Сабыржан, Аскат, қаладағы жалғыз мал дәрігері Иван Иванович Волков та осында. Бұл адам қазақ ауылдарына жиі шығып тұратын. «Үкіметтің осы жұмысъым үшін беретін еңбекақысы бар»,— деп мал емдегені үшін ешкімнен ештеңе алмайтынын талайдан естігенмін. Қала тұрғыны Кержавин, Шебалин және Шалтайды көрдім. Шалтай — Ыбырай деген карттың баласы. Бай-көпестерге жалданып күнін көрген мықты жігіт. Он алтыншы жылы қазақтан солдат алғанда, топ ортасынан «Байдың балаларын неге алмайсындар?» деп жалғыз саңқ еткен осының дауысы болатын. Содан кейін ол қала басшылары тұрған баспалдаққа жүгіріп шығып:

— Бай балалары бармаса, біз де тырп етпейміз. Тараймыз үйімізге. Ал мен кеттім,— деп баспалдақтан секіріп түскен жерінде екі әскери қазақ ұстап алған. Жергілікті үкімет қазақ жігіттерін сол жолы әрең ұстап, жөнелткен. Ал Шалтайды әуелі қамап

қойып, артынан оны Семейге жалғыз апарып салған. Ол окоп жұмысынан былтыр қайтып келіп еді.

Айқыз апай «бойынды жылыт» деп мені пеш түбіне отыргызып, тамақ берді. Әлгі адамдар бір-бірлеп шығып, үйде Асқат ағам екеуіміз қалдық.

— Жылындың ба, Мұғни? — деді Айқыз апай үйін жинап болғаннан кейін.

— Жылындым,— дедім мен.

Сергиопольға сырттан келетін саудагер көпестер әуелден Айқыз апайдың үйіне түсіп тұратын. Біз барда да келушілер көп болды. Ал бүгін бұл үйде бөгде ешкім байқалмайды. Сабыржандар осындай толасты пайдаланып бас қосқан болу керек...

Менің тамақ ішіп болуымды күтіп тұрған ағама Айқыз апай:

— Мұғни осында қона салсын. Баланы тұнде жетектеп қайтесің,— деді.

Асқат келісіп жалғыз өзі кетті де, мен Айқыз апай үйінде қалдым.

Майлышаяқ екеуіміз Айқыз апай үйін тұнделетіп жиі күзеттін болдық. Белгі — баяғы. Оны Айқыз апай күзетке қойған сайын қайталап есіме салып қояды... Сондай жиынның бірінен казармадағы эскадронның да бір солдатын көрдім. Тағы да біріне Маклаков келді. Бұл — дуанның тілмашы, өз еңбегімен шаруашылық құрған көпес. Сабыржандардың Айқыз апай үйіне тұнделетіп жиналатынына және мені күзетке қоятындарына қарап: «Не болса да құпия жиын екен гой», — деп ойлап, басқалар былай тұрсын, Шаяхметке де тіс жармаймын. Неге екенін білмеймін, маған «ешкімге айтпа» деп ескерткен жан болған жок. Жиынның құпиялышының өз бетіммен түсініп білдім.

Жергілікті үкімет майданнан қайтқандарға үй-жай, отын беруге тиіс екен. Мұны майдангерлер білмейді, ал станица басшылары жасырып отырған көрінеді. Бір жиында жергілікті үкіметті әлсірету үшін Сабыржан жігіттері: «Егер әр майдангер қуніне бірнеше рет барып, тиістісін талап етсе, атаман мен приставтың жынданып кетуі мүмкін, не болмаса

қаладан қашуға тиіс», — деп келісін, осыны үйім дастыруды Аскатқа тапсырыпты. Сол күннен бастап үй-жай сұраушылар жиілеп кетсін. Ал біздің Қали-мollаның осы «бұйымтаймен» атаман мен пристав-ка күніне сан рет баруы былай тұрсын, оларды көшеде кездестірген сайын не үй, не отын сұрамай қоймайды ғой. Және ол соғыстан қайтқан бұрынғы солдаттарға «сөйтіңдер» деп үреткеннен кейін ата-ман мен пристав әуелі олардан бой таса қылыш жүрді де, соңынан екеуі де қаладан қашты.

### *Қала үстінде қызыл жалау*

Бұл оқиғаның 1918 жылдың мартының он бірі мен он екісі аралығындағы түнде болғанын мен кейін білдім. Жиын ұзакқа созылды. Майлайаяғым да қатты жаураған болу керек, жиі-жіе қыңсылай берді. Сонда да екеуіміз постымыздан кеткен жокпыз. Шыдан тұрмыз. Түннің бір уақытында бәрі сыртқа төгіле шыкты. Айқыз апай маған: «Үйге кіріп, үйқта», — деді. Бірақ мен өйткем жок. Бұл топ адамдары бұрын көзден бір-бірлең ғайып болатын. Ал бүгін жұптарын жазар емес. Осы беттерімен бір жер-ге барады-ау, тегі? Қайда баратындарын неге мениң көрмеуім керек? Мүмкін бір қызық оқиға болып, мен одан құр қалармын! Жанымда Шаяхметтің жорыны қараши. Ол неме түк сезбестен қорылға басып жатыр ғой.

Сол қараңғы түнде мен де олардың соңынан жылджаудым. Мені қызықтырған тағы бір жай — бұл адамдардың қарасы бұрынғы бас қосыстардан гөрі бүгін көлемді. Топ жұптарын жазбастан, мысық жүріспен станицаға келді. Қала кенсесін осылай деп атایтын. Алдында биік баспалдағы бар, есік-терезелері кен, еңселі ақ үй. Неге екенін білмеймін, шырт үйқыда жатқан қалада осы үйден ғана жарық көрінеді және алдында күзеті бар. Топ әуелі бергі кораны тасаланды да одан екі адам бөлініп, бүкірейе жылжып кетіп еді, жасырынып барып, күзетшіні

үнсіз көтеріп әкетті. Соң Сабыржан тобы екіге бөлініп бірі ішке кіріп, екінші жартысы жарық көрінген екі терезенің түбіне барып бұқты. Мен көрші үйдің бұрышында тығылып қарап тұрмын. Ертең осының бәрін Шаяхметке айтсам, қызыққанынан аузынан сілекейі шұбырар еді. Кенет, салдыр еткен шыны дауысын естідім — сырттағы топ терезеден ішке ұмсынып, жақындан қарасам, бәрінің қолында наган. Бөлме ішіндегілер қолдарын көтеріп тұр. Содан кейін мен ішке кірдім де, есіктен бас сұқтым. Сабыржан бастаған топтың екінші жартысымен қоса Айқыз апай да осында. Қол көтеріп тұрғандардың қаруы болу керек, үстел үстінде әр түрлі нагандар жатты. Бұлар Леонтий Леберфор көпес пен Рақымжан Сасықбаев бай бастаған қала «қаймағы» еді...

Көзіммен көрсем де сол кезде түсіне алмаған талай жайдың сырына мен артынан қандым. Атаман мен пристав кашып кеткеннен кейін қала басшылығын әлгі екі алпауыт қолына алыпты. Леберфор Сергиопольге бір кезде атаман болған адам. Екеуде қаланың барлық бай-көпестерін жинап алып, осы түнде Сабыржан, Айқыз апай, Волков, Асқат, Кержавин, Шалтай, Маклаков және бірнеше адамды тұтқындаған болып сайланып отыр екен. Тегі бұлардың бас қосатының Сабыржандар білген болу керек, нәтижесінде тұтқындеймыз деп отырғандардың өздері тұтқын болып, станица астындағы тұрмеге қамалды. Ал есік алдындағы күзетшінің аузына шүберек тығып, былай апарып байлап тастаған біздің Асқат пен казармадан келіп жүретін атты казактың бірі екен. Көп кешікпей таң атты. Сабыржан мені көргенде: «Сен қайдан жүрсін?» деген жоқ, осында болуға тиісті адамдай көріп:

- Оят қаланы! — деді. — Шақыр станицаға!
- Не болды, Сабыржан аға? — дедім мен.
- Совет өкіметі орнады! — деді ол.

Бұл менің түсінігім жете бермейтін хабар. Сонда да бай-көпестердің тұрмеге жабылғаны мен оларды жапқан Сабыржан, Асқат, Айқыз апайлар екенін көзіммен көрген соң: «Не қылса да жақсылық болды

бұл», — деп сыртқа атылдым. Эрине, мен ең алдымен барып Шаяхметті оятым.

— Не болды, құлқын сәріден? — деді ол үйқылы-ояу.

— Совет өкіметі орнап жатыр, — дедім мен, — жүр қаланы көтерейік.

— Кімдер орнатып жатқан?

— Сабыржан, Асқат ағайлар...

— Немене, әлдері келмей жатыр ма? — деді түкке түсінбей.

— Орнатып болды! — дедім мен.

— Нені орнатып болды? — деді ол тағы да.

Одан арман мен де ештеңе түсіндіре алмаушы едім. Екеуміз сол бетімізбен әуелі балаларды түгел тұрғызып алдық та, соңсоң халықты оятып, станица шақыруға тарастық. Осы кезде шіркеу қонырауды да соғылды. Бұрынғы әдетінен гөрі бұл таңда ұзак соғылды. Артынан білдім, Асқат ағам наганың поптың бүйіріне тіреп тұрып қонырауды соққызыған екен. Біз үйді-үйдің есік-терезесін қағып, көшени басымызға көтеріп жүрген кезімізде қаланың екі-үш жерінен таңғы самалмен толқыған қызыл жалауды да көрдік. Халық та станица алдына көп жиналыпты. Сыртқа үстел шығарылып, үсті қызыл матамен жабылыпты. Оның басында Сабыржан, Волков, Айқыз апай, Асқат, Қержавин, Шалтайлар отырды. Сабыржан бірінші бол сөйлеп, қазақтың құлазыған даласының осынау бұрышында да Ленин бастаған большевиктер идеясының жеңіске жеткенін айтып, жүртты құттықтады. Соңсоң ол сөзді Айқыз апайға берді. Ол кісі сөзін әйелдерге арнады.

— Советке көп жау табылуы мүмкін. Оны кор-ғауда біз, әйелдер де, еркектер қатарынан қал-майық, — деді.

Сол күннен бастап өмір бір түрлі қызық бол кетті. Қундер өте, өзім есейе келе естісем, Сабыржан малши, батырақ және солдат депутаттарының советін құрыпты. Жұрт бұл үйымды қыскартып Совдеп атап кетті. Сол Совдеп бөлген болу керек, Иван Иванович Волков қаладағы бай-көпестердің

магазин-қоймаларындағы заттардың тізімін жасағып, жүртка арзан бағамен сатуды ұйымдастырды. Шалтай Ыбыраевқа қазак, татар кедейлерімен, Маклаковқа орыс батырактарымен, Айқызы апайға әйелдермен жұмыс істеу тапсырылған екен. Аскат трибунал председательдігіне, Кержавин қызыл гвардияның командирлігіне, Қалимolla оның орынбасарлығына тағайындалды. Қала өмірі жаңа арнаға түсті. Осының бәрін Сабыржан басқарды. Яғни, ол Совдеп председателі болды. Ал бізге Сабыржанды комиссар деп атау ұнаушы еді.

Күнде митинг, күнде жиын. Бір күні оны орыс батырактарымен Маклаков, бір күні Шалтай, бір күні Айқызы апай өткізіп жатады. Кержавин мен Қалимolla қырық шақты қызыл гвардеецтерді ойнатып, алаңдан шықпайды. Біз, балалар, кейде бір күнде екі жиын, не бір жиын мен бір ойын болып қалғанда қайсысына баарымызды білмей сасамыз. Не болмаса екеуіне кезек жүгіреміз деп діңкеміз құриды.

1918 жылдың бірінші майы келді. Бұл — жылда көп күндердің бірі болып, белгісіз өте беретін бірінші май ғой. Ал биылғы бірінші май ерекше болды. Қала үстінен көрінген қызыл жалаудың саны көбейді. Станица үйінің төңірегіне орыс, араб әрпімен қазак, татар тілдерінде жазылған ұрандар ұсталған. Баяғы үстел сыртқа тағы шығыпты. Төңірегінде — Совдеп мүшелері. Халықтың да бір киөрі үстінде. Шешем мені де таңертең таза киіндіріп шығарған. Шаяхметтің киімі көнетоз болғанымен аяғында су жаңа сандал.

Халық қуанышын еселей түскісі келгендей аспан шайдай ашық, күн құрық бойы көтеріліп келе жаткан. Төңіректегі сай-сала жасыл бояуға бөленіп, көзге көңілді көрінеді. Шаң көтеріп, жүрттың берекесін алатын дала желі де жоқ. Әсем самалғана бетті сипап, ұзын етектерді болмашы қозғап қана қояды.

Винтовкамен қаруланған қызыл гвардия екі катар болып оқшау тұрған. Қөзім Қалимolla ағайға

түсे берді: белбеуі тартылған — белі қылдай, бәркін шекесіне түсіріп, ерекше сұс байқатып тұр. Ала-құла киімді қызыл гвардия мен казармадағы әскери казактардың Сабыржан жағына шыққандары аралас тұрған. Сырттан қарағанда сауысқан мен қарғаларды араластырып қойғандай еді. Ал қайсысының болсын тұрысынан ерекше бір салтанат байқалады.

Мерекені Сабыржан ашты. Өзінен кейін Айқыз апай, Кержавин, Шалтай үшеуіне сез берді.

Сөйлеушілер біткеннен кейін Сабыржандардың алдынан парад өтті. Бала біткен қызыл гвардия соңынан қалмай жүретінбіз. Бұгін де қызыл гвардияның ізін басып топырлай жөнелдік.

Түстен кейін мереке көшеден әр үйге көшті де, аяғы мешітте қойылған ойын-сауықпен бітіп, сол түнгі Сергиополь оттары кеш сөнді.

Ертеңінде Асқат жолдастарын қонаққа шақырды. Біздің үйге Сабыржан келіншігімен, Волков, Кержавин, Шалтай, Маклаков, Қалимolla, Айқыз апай келді. Шешем ас пісіру мен дастарқан жасауда қалада алдына жан салмайтын адам еді. Бұрын байлар шешемді қонақтарын күтісуге шақырып үйде отырғызбайтын. Бұрынғы бұрынғы ма, бұгін ол кісі дастарқанға иісі адамды еріксіз жетектеп әкелетін тағамның талайын койды. Айқыз апай келгеннен қазан-ошақ басына бұрылып кеткен, содан меймандарамыз тарағанша шешеме болысып жүрді. Шешем:

— Сіз еркектермен қатар жүрсіз! Енді қатар отырыныз,— деп еді, Айқыз апай:

— Еркектермен қанша қатар жүрдің дегенмен, қазан-ошақ біздің еншімізге тиген ғой,— деп қазандық жақтан кетпеді...

Асқат Сергиопольдың бай-көпестерінің қай жерде қандай зорлық-зомбылық жасағаны жөнінде төнірекке сұрау салып, болыстарға кісі жіберген. Тегі қажетті мәлімет жиналса керек, бір күні казармада оларға сот болды.

Пристав екі адамды жазықсыз өлтіргені үшін ату жазасына, басқа бай-көпестердің әрқайсысы 25 мың сомнан ақша төлеуге кесілді. Көп кешікпей

ақшаны төлегендері босатылды да, пристав атылды.

Сабыржан Алматыға баруға жиналды. Трибунал үкімі бойынша жиналған ақшаны Жетісудағы Совет өкіметін нығайтуға сергиопольдықтардың қосқан үлесі ретінде тапсыру үшін алып кетті.

Совдеп өзінің мүшелерін болыстарда большевиктік топ құрып, советтендіруге бөлген еken. Олар да міндеттерін аткаруға кірісе бастады. Бір күні Айқызы апайды да өзінің үлесіне тиген Кіші Аяқөз болысына аттандырып салдық. Апай не оки, не жаза білмейтін, сондыктан да Совдеп оған Шериаздан Сәметов деген сауатты жігітті қосып берген. Жолға екеуі бірге шықты.

### *Шілде сыйзы*

Июньге иек арта қаланы қорқынышты сыйбыс кернеп кетті. Семейді колчакшылар алып қойыпты, ендігі беттері Жетісу еken дейді. Сыйбыс шындыққа айналса, олар Сергиопольды баспай кете алмайды. Жер қайысқан жат ойлы әскерден қала мен халық аман қала ма, жоқ па? Күніміз не болады? Жұрттың ендігі ойы — осы.

Волков Совдеп жиналышын өткізіп, Кержавин мен Мәжит ағамды қол жинау үшін Үржар жаққа аттандыру және Семейге шолғыншылар жіберу жөнінде қаулы қабылдапты. Мұны мен Мәжит ағамның жүріп бара жатып шешеме айтқан сөзінен естідім.

Сыйбыс рас бол шықты. Қала ішін тартып, тас түйін бола қалды.

Қызыл гвардияның командирлігін қолдарына алған Волков пен Аскат екеуі жауынгерлерге казарма сыртынан окоп қаздыра бастады.

— Мен де сіздермен бірге болайыншы,— деп өтіндім Аскатқа.

— Сен шешеңнің қасында қал!— деді ол маған.

— Қала аман болса, шешем де аман болады. Мен оны осы окопта жатып қорғауым керек,— дедім.

Асқатқа менің сөзім әсер етті білем, Қалимолланы шақырып алып:

— Мұғни сенің жанында болсын,— деді...

Июль айының орта шені еді. Кешкі сағат алты шамасында бір қазақ жігіті келе қалды. Аты бүршак-тап терлеп тұр.

— Жау әскері Алтынқұдық биігінде жатыр. Мен сіздерге хабар жеткізуге асықтым,— деді жігіт.

— Қөп пе?— деді Асқат.

— Қөп. Өздігінен жүретін арбалары бар. Аттары жараву.

Волков қызыл гвардияны сапқа тұрғызып:

— Жолдастар!— деді.— Сіздер — ел қорғанысыздар. Жаумен жағаласуда шыбын жан, қасық қанымызды аямайық!

Қызыл гвардияшылар Волков сөзін құп алатынын дала жаңғырықтырған урамен білдірді.

Біз бұрынғы окоптарды жөндеп, жаңа окоп қазуға кірістік. Біреулеріміз қоймадан жәшіктеп патрон таси бастадық. Асқат пен Денисов деген жігіт барлауға аттанып кетті...

Кешкүрм окоп жұмысын бітіргеннен кейін Қалимolla маған мылтық атуды үйретуге кірісті.

— Бері қара. Әуелі мылтықтың дүмін иығына тіреп ал. Бұғанана салма — сындырып жібереді.

Винтовканы оңтайлай бере-ақ мен:

— Атып көрейін бе?— дедім.

— Әуелі ұстауын үйрен. Сонсон, командасыз атуға болмайды.

— Сіз менің командирімсіз ғой. Команда бері ніз,— дедім винтовканы атуға құмартып тұрған мен.

— Саналы жауынгер жауын көрмей атпас болар,— деп жәнді мені Қалимolla.

Волков, барлаудан оралған Асқат және Шалтай үшеуі казармада қонып қалды. Тұнде Волков мені шақырып алып:

— Біздің үйге барып, менің бүгін осында қала-тынымды айт. Қорықпасын де. Тыныштық болса, ертең кіріп шығармын,— деді.

Бұл күндері қызыл гвардияның бір бөлегін көшелерді құзетуге бөлген болатын. Бей уақытта жүре беруге тиісті адамдарға пропуск берілген. Менде ол жоқ. Бір жауынгер осыны айтқанда, Волков:

— Мұғниды танымайтын жан жоқ. Мұның өзі-ақ пропуск,— деді. Мен жүгіре жөнелдім. Көшеде мені ешкім бөгеген жоқ. Сол бетіммен Волковтың үйіне жеттім.

— Аман ба өзі?!— деп жылап қарсы алды әйелі.

Мен Иван Ивановичтің сәлемін айттым да:

— Ертең өзі де келер. Қолы тимесе мен тағы да хабарласармын,— дедім де шығып кеттім. Жолшыбай өз үйіме соғып едім, шешем бетімнен сүйіп қарсы алды.

— Қайда жүрсін, балам?

— Окопта.

— Енді отыр үйде. Түн былай тұрсын, көшеде күндіз жүрудің өзі қауіпті,— деген шешем Шалтай-дың әкесі Ұбырай карттың өлімін айтты.

Қалаға жаудың барлаушылары кіріп кеткен екен. «Балықшы балықшыны анадайдан таниды» деген орыстың мақалы бар қой, Сасықбаев Рақымжан соларға «баласы большевик» деп Ұбырайдың үйін көрсетіпті. Жау солдаттары картты есігінің алдына шығарып атып кетіпти.

— Мен Аскат ағамның жанында боламын,— дедім.

— Мәжіт қайда?

— Қеше ғана Кержавин екеуі Уржар жактан адамдар алып келді. Қолы тисе, үйге бір соғар.

Шешем қайтып ештеңе айтпады. Жылап жүріп қайнатқан шайына бір дорба бауырсақ, қант, май қосып маған ұстатты да:

— Аскаттарға... аш қой. Оққа ұшып жүрмесін де. Мәжитті көрмегеніме көп болды. Бір соғып кетсін. Жау біздің көшелерде де көріне бастады,— деп жүре сөйлеп, мені ұзатып салды.

Сыртқа шыққанда басыма келген алғашкы ой

«Шаяхметке барсам ба еken» болды. Бірақ ойымнан тез айықтым. Бұл — ойын емес — соғыс! Оққа ұшып жүрсе, обалына мен қалармын деп ешқайда бұрылмай, окопқа тура тарттым.

Таң сыз беріп атып келеді. Салқын леп бетке соғады. Шеткі үйлерге тақай бергенде Битен тауына қарадым. Күнде басына шығып ойнай беретін маған ол бүгін тасасына жау жасырып, опасыздық жасап жатқан әлденедей боп көрінді. Өріске әр үйдің қорасынан мал шығып, қала бұл кезде бейбіт күндердегі әдетімен ояна бастаған...

Мен окопқа жеткенде, Волков, Аскат және Шалтай үшеуі Битен жаққа қарап, бірденені сөз қылып тұр еken. Содан кейін олар мен әкелген шайды ішуге отырды. Шалтай ағайға әкесінің өлімін хабарласам ба еken деп оқталып тұрдым да, қой, оны менің аузынан естімей-ақ қойсын деп өзімді-өзім үстадым.

Калимолла мені шақырып алып:

— Сен неге маған рапорт бермейсің? Қөшеде кім жолықты, не көрдің, неге айтпайсың? — деді.

Волковтың үйіне бара жатқанда Рақымжан үйінің алдында байдың өзі мен Сабыржанның ағасы Мәмкені көргенмін. Соны айтып едім, Калимолла:

— Оңбағандар-ай,— деді кіжініп.—«Қарға қарғаның көзін шүкімайды» деген. Інісі жаңа өмір үшін жанын аямай күресіп жүрсе, ағасы таң атпай Сасықбаевты жағалап жүр еken фой.

Кенет ат тұяғының дүбірі естілді. Түнде жау жаққа барлаушылар жіберілген болатын. Аскат солар еken гой деп окоптан атып шықты да, аз бөгелістен кейін казармаға кіріп кетті. Осы арада: «Сдать оружие!» деген дауыс саңқ етті де, артынша Аскат наганының екі рет атылған дауысы естілді. Бұлар әлдеқайдан келе қалған жау адамдары еken. Офицері жерге топ етті де, екіншісі казарманы айналып атына қамшы салды. Окопқа жүгіріп кеп секіріп түскен Аскат:

— Огоңь! — деді. Жалғыз аттыны көзделеп атпағанымыз жоқ. Жиырма шақты винтовка қосылып

атылғанда айбынды-ақ естіледі екен. Осы кезде жанымызға келе қалған Волков:

— Эне, жау! — деді.

Жолдан бері қарай бірі жүгіріп, бірі жатып жылжыған жау шебі көрінді.

— Оқ шығармандар! Жақындатып алайық,— деді Қалимolla.— Сонсоң ол жау жүз елу метрдей жақындағанда:— Атыңдар! Қөздеп атыңдар! Оқ босқа шығын болмасын!— деп команда берді.

Оқты аямай-ақ бораттық. Шептегілердің бірі құлап, бірі ойбайлап жатты.

Алдыңғы шептегілерінің қирай құлағанынан ба, жаудың соңғы тізбегі кейін қарай серпіле бастады. Қоз алдымызда талай өлік жатты. Біздің жақ та шығынсыз болған жоқ. Жау жағынан келіп хабар жеткізген, мен атын білмейтін жігітке оқ тиген екен. Волковқа бір-екі ауыз сөз айтты да үзіліп кетті. Біз үстіне шинелін жауып қойдық. Әскери казактардың біздің жағымызға шықанының бірі қолынан жараланыпты. Қалимolla маған «Қазір мен мынаның жарасын таңып беремін, көріп үйрен»,— деді. Мен командирімнің бұл өнерінен де көз алмадым. Содан кейін Қалимolla маған: «Мынаны лазаретке алып бар»,— деп еді, анау: «Жолдастарымнан үзап кетпеймін»,— деп көнбеді.

Жаудың ұсақ отряды қалаға кіріп кетіп казарманы сыртынан атқылай бастады. Волков бірнеше жауынгерді солай қарай әкетті. Окопта сегіз-ақ адам қалдық. Бірлі-жарым жау көрінсе: «Оқ-дәріні үнемдеу керек»,— деп басқамызға атқызбай өз-ақ жайлап тастайды Қалимолланың.

Қала жақтан тыныссыз тырылдаған пулемет үрейімізді ұшырып тұр еді. Әлден соң оның да үні өшті — Волковтар жасырынып барып оны жауған оқтың астына алған екен. Біздер окоптан шығып, казарманы тасалана соғыс салдық. Қалимolla бір атқа мінгесіп бара жатқан екі жауды жалғыз оқпен жайлады. Жалпы, осы екі күнгі соғыста Қалимolla өзінің мергендігімен, байсалдылығымен бізге үлгіге айналды.

Кержавин мен Мәжит алдыңғы күні он шақты кісімен оралғанда, «тағы да келетіндер бар» деген болатын. Оларға сөз берген адамдар алдамапты — тағы да он шақты адам келіп бір қуанып едік, келесі күні Сабыржан Алматыдан Иванов деген командирі бар үш жүздей жауынгерді басқарып келіпті дегенде, қуаныштан жүргіміз жарылып кете жаздады. «Жау енді әкесін танитын шығар. Пролетариаттың қайратын енді көреді олар», — деп Қалимolla қуанғанынан билеп жіберді.

Иванов штабымен Шәріп Бекболатовтың үйіне жайғасты да, қала халқы жауынгерлерді үш-төртеуден бөліп әкетті. Келген күні оларға демалыс беріліп, келесі күні митингі болды. Қала халқының тайлытаяғы қалмай жиналды. Неге екенін білмеймін, Ивановтың өзі көрінген жоқ. Митингіні Волков ашты. Сабыржан сөйлеп, Алматы мен Жетісу жағдайынан хабар берді. Бұкіл елдің бізді қолдайтынын жеткізді. Айбынды «Ура!» Сергиополь аспанын жаңғырып басыла бергенде, халықтың шет жағы абыр-сабыр бола қалды. Қотеріңкі жерде тұрғандар солай қарап үлгерместен, халы төрт-бес адамға жарылып жол берді. Бұл Егор мен Айқызы апай екен. Тағы да екі әйел бар. Егордың қолы байлаулы. Айқызының қолында балта. Ана екі әйел айыр, күрекпен қаруланыпты.

— Бұл не? — деді Волков.

— Бұл лағынеттің істемегені жоқ, — деді Айқызы апай.

Егор кеше қалаға кіріп кеткен жау барлаушыларын Айқыз апайдың қорасына алып барыпты. Бұл жерден казарма жақ алақандағыдай көрінетін. Қарсылық көрсеткен үй иесін қамап, есігін сыртынан бекітіп тастапты.

— Ойпыр-ай, тынбастан ататын арба болады екен-ау! — деді Айқызы апай.

— Мені үйімнен зорлап алып шықты, — деді Егор.

— Неге олар басқаны емес, сені ғана көрді? — деді Волков.

— Отірік! — деді Айқызы апай, — Казарма жактың

біздің қорадан жақсы көрінетінін Егор білетін. Мені қамаған да осы. Содан бүгін таң ата есігімді сындырып әрең шықтым.— Айқыз апай Егорға шүйіле тұсті.— Өзің неге мылтық аттың? Мен есік саңылауынан көріп тұрдым ғой. Сен оларды біздің қораға өз еркіңмен алып келдің!

«Е-е, Волковтардың кешегі үнін өшіріп келген пулеметі осылардің болды ғой» деп тұрмын мен ішімнен. Осы кезде Волковтың өзінің де даусы шықты.

— Өздерің мұны қайдан әкеліп тұрсындар?

— Эй, осыдан шықсам, ісім сенімен болсын. деп тұні бойы тісімді қайрап жаттым... Есігімді сындырып шығысымен мына екі қатынды ертіп алып Егорды іздедік. Тапқанымыз осы. Ауласында, отынның арасында жатыр екен.

Аскат жігіттеріне Егорды көрсетті де:

— Экетіндер!— деді.— Қамандар! Бұл сүммен артынан сөйлесеміз...

Куанышымыз ұзаққа созылған жок. Бастықтарымызбен келіспеу себебі маған беймәлім, ал білгеніміз — келесі күні Иванов өз отрядымен Алматыға қайтып кеткені. Сабыржан жаман ашулаңып жүрді. Бәріміздің қабағымыз түсіп кетті. Сабыржан сол бетінде Ивановтың опасыздығы жөнінде Алматыға телеграмма берген екен. Артынан біз оның атылғанын естідік те: «Шоқ-шок, бізді көрінеу көзге жау қолына тастанап кетіп еді, обал жоқ!»— деп жерге түкірдік.

Енді сенер ешкіміміз қалмады. Іргеде — жау. Қарап отыраар күн емес. Совдеп қалада үлкен мобилизация жасап, мүшелеріне мынадай міндеттер жүктеді: Аскат казарма жақтың, Волков тау жақтың қорғанысын басқаратын болады. Айқыз апайға жауынгерлерді азық-түлік, оқ-дәрімен қамтамасыз етіп тұру және жарапыларға көмек көрсетуді үйимдастыру жүктеледі. Сол күні Айқыз апай казармадағы лазаретті үйіне көшіріп алыпты. Совдеп «қорғанысшылар қамы үшін не керектің бәрін ала бер»,— деп Айқыз апайдың етегіне бай-көпестер

қоймасы мен магазиндерінің кілтін салып беріпті.

Жалпы, корғанысты басқаруды Сабыржан өз колына алған екен. Сол күні ол мықты деген жігіттерді төңірегіне жинап, Битен тауынан жауды қуып шықты. Олар тау басына зенбірек шығарып, қаланы атқылай бастаған болатын.

Келесі күні таң алдында басталған соғыс күні бойы жүрді. Екінші күні де толастамады. Біз өз жағымыздан анталап келген жауды беттетпей тойтарып тастап отырдық. Үшінші күні жолдастарымыздың бірі жаралып, бірі өліп, деніміз сауымыздың затвордан алақанымыз қажалып, титыктап қалған едік. Бізден әрі, казарманы айнала Кержавин бастаған орыс жігіттері жатқан. Олардың да арасы сиреп қапты. Тұнде екі әйелмен Айқызы апай келіп, окоптағыларды жас сорпаға тойдырып, қалтамызра бауырсақ салып беріп, екі жаралыны алып кетті. Бұл уақытта шабуылға шыққан жау болмайтын. Алайда екі жақтан пулеметпен оқ боратып басымызды көтертпеді. Айқызы апай сонда да бәріміз тамақтанып болғанша қалаға қайтпады...

Әлгі бір әзірде жоғалып кеткен Қалимолла қайтып келісімен маған қыдың салды:

— Дереу тайып тұр, дереу!

— Е, неге? Соғыс ше? — деймін мен.

— Хал нашар. Оқ-дәрі таусылды.

Кенет ту сыртымыздан: «Барындар, барындар» деген жуан дауыс естіліп, бұрылсақ, Волков жолдас екен.

— Барындар! Үйімізге амандығымызды жеткізіндер! — деді ол Боранбай екеуімізге. Сөйтсек, жаудың автомашиналы колоннасы қалаға басқа жағынан кіріп, алып қойған екен.

Бұйрықты орындал үнсіз жылжып бара жатқанымызда, кенеттен күтпеген оқиға болды — бәрімізді бастап бара жатқан Қалимолла окоптан шыға берем дегенде оқ тиіп, құлап түсті. Мен ағатайлап үстіне құладым. Ол көзін кең ашып, маған тұра қарады да: «Қызыл жауынгерлер сапындағы орнымды саған тапсырамын, Мұғни!» —

деп, ышқынып қалып, ақтық демін шығарды. Мен еңіреп қоя бердім...

### *Күнді қан басты*

Шешем мені жылап қарсы алды:

— Асқат қайда? Мәжит қайда?

— Халымыз нашар, апа,— дедім мен көзіме жас алып,— Асқат, Мәжит ағаларым окопта қалды. Қалимolla өлді.

Әлдекайдан мылтық атылып, біз үйренбекен автомашина даусы естіліп, біреулер шыңғырып, біреулер айқайлап, мазасыз тұн өткіздік. Ертеңінде шешем мені «Сенің соғысқаныңды бәрі біледі. Біреу болмаса, біреу ұстап береді»,— деп далага шығармады. Мен сонда да болмай сыртқа шықтым. Қошесе толған әскер. Эне жер, мына жерде жатқан өлік. Өліп жатқандардың бәрі де қала тұрғыны, бәрін де мен танимын. Үрейім ұшты. Станица алды толған халық. Баспалдақ алдында — сары ала киінген офицерлер мен қаланың өзіме белгілі байқөпестері. Анадай жерде от лаулап жанып жатыр. Сабыржандар Совдеп қағазын бір сары жәшікке салып жүретін. Сол қақпағы ашылмаған күйі жанып жатты.

Біздің бес-алты жауынгерді қоршап алып келді. Ішінде Шалтай бар. Бәрінің колы байлаулы. Сонда да Шалтай кенеттен суырылып шығып, жолбарысша атылып барды да басымен Рақымжанды койып жіберді. Аузы-мұрнынан қан кеткен бай шалқасынан түсті. Екі солдат Шалтайды жұдырықтап, желкелеп, қайтадан тобына әкеп қосты.

Леберфор біздің адамдардың әрқайсысының Совет өкіметі кезінде кім болғанын айтып бергеннен кейін офицерлердің ең үлкені: «Растрелять!» деген бір-ак сөзben бір-ак үкім шығарып, өлімге жіберіп жатты. Шалтайдың Рақымжанды тұмсықтан сүзуі арыстанның жауына соңғы атылуы болды.

Кала байларының Ақмет деген бір «құйыршығы»

болатын. Орыстар оны Апошка деп атайдын. Сонымен Егор екеуі де Айқыз апайды алып келді. Халық гу етіп алға қарай анталап еді, солдаттар оларды қайта кері қуа бастады. Айқыз апай жөніндегі мәліметті әлгі офицерге Леберфор мен Рақымжан бай екеуі жарыса берді. Үлкен офицер Айқыз апайға жақындаپ бірдене деді. Оның даусы алыста тұрған бізге жетпеді. Сұрағына алған жауабы офицерге тегі ұнамаған болу керек, кенеттен қамшысымен апайды беттен осып-осып жіберді де: «Қазнить!», «Азаптап өлтірлісін!»— деді. Соңғы сөздері менің құлағыма анық жетті.

Большевиктердің үйін тінгеді екен дегенді естіп, біз сол күні және тұні бойы едениң астына түсіп отырдық. Тұнде біреулер үйге кіріп, ыдыс-аяқты сындырып, ұзақ жүрді де:

— Адамдары қашып кеткен болу керек. Іске татитын ештеңе қалдырмапты,— деп кетіп қалды.

Ал біздің үйде өмірінде «іске татитын» ештеңе болып көрген емес.

Ертеңінде біз Асқаттың да атылғанын естідік. Апам талып қалып, есін әрең жиғызып алдық. Жауға деген кегім қайнай түсті. «Аман-есен ер жетіп, жігіт болсам, еліміздің жауларымен сол ағаларымдай құресермін-ау»,— деп серт бердім өзіме өзім.

Екі күннен кейін колчакшылар Жетісуға қарай кетті де, халық қалада қалған шағын күшін менсінбей, жиналып, әңгіме-дүкенге ерік берді. Шаяхмет екеуіміз зыр жүгіріп, қаланың ол жағы мен бұл жағына шығамыз. Волковты колчакшыл ең үлкен офицер кабинетіне шақырып алып атыпты да, екі қабат әйелінің қарнын жарып өлтіріпті. Сергей Яков, Маклаков деген біздің жағымызға шықкан ауқатты адамдар болушы еді, екеуін де семьясымен үйлерінде қырып кетіпті. Сабыржан, Кержавин, Мәжиттер қашып құтылыпты. Сол күндері біз өзімізben окоптас болған, алайда жаудан қашып құтыла алмаған қызыл жауынгерлер Ақметжан Қабиуллиннің, Мұқаш Мұратбековтың, Сапарғалиевтің, Шамсуддин Серажиевтің, Баһауй Серажиевтің және Сабыр-

жанның інісі Самат Фаббасовтың атылғанын естідік.

Күн жаз, аспан шайдай ашық болғанымен, Сергиополь халқының көңілін қара түнектей қайғы басты. Жан-жақтан өлік жинап, аза тұтып, казарма жанынан бауырластар бейтін қазып, бәрін бірге қойдық. Қекозек деген жерге апарып азаптап өлтірлген Айқызы апай денесін көргенде жанымыз түршікті. Бір қолы жок. Құлак, мұрын кесілген. Басы желкесінен шабылыпты... Мен шешемді қабір басына жолатқам жок. Қара құсынан атылған Аскат денесін көргенде ол кісінің өзінің тірі қалуы негайбыл еді.

Көп кешікпей, Тарбағатай партизандарына қарай беттеп бара жатқан жерінен қазақ байлары ұстап берген Сабыржанның да қазалы хабары жетті.

### *Кек жолында*

Құздің қара сұғында Семейден Сергиопольге тағы әскер келді. Анненков деген басшылары бар. Бәрінің де басында ат қылы тағылған пилотка. Ертеден қара кешке дейін мылтықтарын сүйреп, бір үйден шығып, бір үйге кіріп қыдырып жүргендері.

Шешем «иесіз қоймаймын» дегесін, Айқызы апай-дың үйіне кіріп алғанбыз. Бір күні Мәжит ағам келе қалды. Қуанып қарсы алдық, Кержавин екеуі бірге қашыпты. «Сабыржан бізден бөлек кеткен», — дейді. Семейден Жетісуға бет алған әскер Сергиопольға сокпай кетпейді. Тарбағатайдың «Қызыл қырандар» партизан отрядының командирі әскердің беті жөнінде хабар беріп тұр деп жіберіпті Сергиопольға. Қазіргі мақсаты — анненковшылардың жүріс-тұрысы жөнінде сыр тарту. Бұл әскердің төрт-бесеуі біздің үйде де тұратын. Соның бір егделеуі ешқайда шықпаушы еді. Тек «Семейден осында жеткенше қырылдық, енді Тарбағатайға дейін неміз қалады», — деп басын шайқап күйзеле беретін. Мен осы сөзді жүгіріп барып Мәжитке айттым. Сол күннің кешінде ол гайып болды...

Келесі жылдың август айында Мәжит тағы келіп куантты бізді. Жаңында қауға сақал серігі бар. Былтыр жаз Кержавиннің Үржар жақтан алған келген адамдарының арасынан көргөн сияқтымын. Алайда өзі бүйірі жүргеннен кейін, оның кім екенін білуге біз де құштар бола қойғанымыз жок. Дегенмен Мәжит ағамнан: «Мына кісі кім болады?»— деп сұрағанымда: «Степан ағай дей бер»,— деді де қойды. Степан ағай кенеттен жоғалып кетеді де, тосыннан пайда бола қалады. «Қайда бардын?», «Қайдан, қашан келдің?» деп сұрамаймыз. Мен бұлардың астыртын әрекетінен көп нәрсеңі сезіл жүрдім. Бірақ ешкімге ешқандай сыр білдірмеуге тырысамын. Бұлар жөнінде Шаяхметке де тіс жарған емеспін. Бір-күні Мәжит ағама барып өзімнен-өзім сөз бастадым.

— Сізді қалада білмейтін адам жок. Ал Степан ағай көшеге шықса, тосын адамға жүрттың бәрі сұқтана қарайды. Сондықтан да қайда болсын мені жұмсай берулеріңізге болады,— дедім.

— Ендеше сен казарма жақты жағалап, көрген-білгенінді маған көліп айт,— деді.— Ал егер біреу міреу үстап алыш: «Не қылып жүрсіндер?» десе не дейсің?

— Тасатармен торғай атып жүрмін деймін.

— Жолың болсын,— деді Мәжит.

Шаяхмет екеуіміз жау әскерінің арасына кіріп жүре беретінбіз. Талай рет былапты сөздерін де естідік. Бізге немене, басқаның кіруіне болмайтын жерге ештеңе білмегенсіп бара қаламыз. Азар болса жұмсақ жерімізден бір теуіп қуып шығар. Шығамыз да әлгі жерге екінші жағынан айналып қайта бас сұғамыз.

Бүгін де Шаяхмет екеуіміз казармаға бардық. Үстінде жүгі бар сегіз арба түр екен. Аттары жемде: Жылқы тезегінә қонған торғайларды тасатармен аттым да, арбалар арасына сұнгіп кеттім. Құзетші солдат менің балалық ойыныма қызығын кетті ғой деймін, винтовкасын сүйеп, менен тасатарды сұрап алды. Ол резинканы созып, торғайларды бірінен

соң бірін көздел жатқанда, мен арбадағы жүктерді байқастап алдым — бесеуіне оқ-дәрі, үшеуіне азық-тұлік тиелген екен. Құзетші жігітпен сөзге де келдік. Ол менен қыз-келіншектің бар-жоғын сұрады. Мен осы жерде одан тіл тарта тұсу үшін:

— Сіз кетесіз. Олар қалады. Босқа жылатып қайтесіз? — дедім.

— Ертең кірені Ушаралға жөнелтеміз де өзіміз қаламыз, — деді ол.

Маған керегі осы еді. Мәжит пен Степанға осының бәрін айтып келдім. Сол түні екеуі де Сергиопольда жок болып шықты.

Мен кіреден көз жазбай жүрдім. Айтқанындай-ак, ертеңінде олар да сықырлап жолға шықты... Уш-төрт күннен кейін «Партизандар актардың солдаттарын өлтіріп, кіресін тартып алыпты» деген сыйбыс Сергиополь тұрғындарының арасына тарап кетті.

Бір күні Мәжит пен Степан ағай тағы да келе қалды. Ауланың бұрышында балшық кілет болатын. Келген сайын олар сонда тығылып отыратын. Бұл жолғы да мекендері сол кілет болды. Мені шақырып алып екеуі:

— Казарма жақты барлап, қанша әскер барын біліп келші, — деді.

Мен әуелі базарға бардым, актың солдаттары осында қаңғып жүретін. Алайда бұл жерден ешқайсысын көре алмадым. Соңсaң казармаға келіп, бас сұқтым... Іште ауырып жатқаны бар, сыртта жүргені бар, мен отыз шақты алашорда солдатынан басқаны санап ала алмадым. Осыны ана екеуіне айтып отырғанымда, Степан ағай кенеттен жapsарлай салынған қуыска кіріп кетіп еді, сөйтсем, үйге біреу келе жатыр екен. Бұл Смағұл деген қала тұрғыны. Ол Мәжиттен темекі сұрап, тартты да:

— Қалада актардан солдат қалмапты. Тегі, оларға бір тықыр таянған білем, — деді.

— Мұны маған несіне айтып отырсың? Мен оларды тексеріп жүр деймісің? — деді сыр бергісі келмеген Мәжит.

— Е-е, сен маған сенбей отыр екенсің ғой  
Қазармада бары-жоғы жиырма шақты ғана алашор-  
да әскері қалыпты,— деді ол тағы да.

Смағұл кедей жігіт. 1918 жылы большевиктер  
оған жер, тұқым беріп, шағын семьясын сонымен  
асырап, күнелтеді. Бос уақытында базардан көресің.  
Оның мына бандиттерді жек көретінін де білетінбіз.  
Көрген-білгенін Мәжитке тегін жеткізіп отырған  
жоқ-ау осы деп шамалаймыз. Сонда да «Сактықта  
қорлық жоқ» дегендей, сыр бермеуге тырысамыз.  
Осы жерде Мәжит анау не айтар екен дегендей:

— Ақтардың әскеріне неге кірмейсің? Дайын  
наның жейсің де жатасың,— деді.

— Олардан наң жегенше әкемнің етін жейін!—  
деп Смағұл сөзін шолақ қайырды.

Менің бүйрегім іштей Смағұлға бұрып отыр. Ол  
бұрын да құлағы шалғанын біздің үйге келіп айт-  
тын. Сабыржан, Аскат, Айқызы апайларды аузынан  
тастамайтын да, ақтарды ата-бабасынан сыбап,  
боктай беретін. Бұл адап ниетпен, Мәжит жүрісінің  
сырын біліп келіп отыр. Ағам мұның сөзіне сенсе  
екен деймін...

Смағұл екеуіміздің хабарымыз бір жерден шық-  
кан соң, Степан ағай сол тұні сапарға аттанды.  
Ертеңінде Мәжит маған қала мен қазарманы тағы  
бір шолып қайтуды тапсырды. Ол жактарда ешқан-  
дай өзгеріс жоқ екен. Қайтып келгенде мен үйге бір  
кіріп, бір шығып тынышсызданып жүрген Мәжитті  
көрдім.

— Саған не болған?— дедім мен.

— Қезінде көрерсің,— деп ашылмады.

Кешқұрым тағы да Семей жақтан келе жатқан  
кіре көрінді. Екі жұз шамалы әскер Сергиопольға  
өлендетіп кірді. Бұл Анненковтың жаяу әскері  
екен. Төрт зенбірегі бар. Мен мұны Мәжитке айтып  
келгенімде, ол орнынан атып тұрды да:

— Қалай жеткізсем екен, қалай жеткізсем  
екен,— дей берді.

— Мен хабарлайын. Жолын айт,— дедім мен. Ол  
кулді.

- Сен қайда барып, кімге жеткізуді білесін бе?
- Соны айт деп тұрмын ғой! Мен шаршамаймын!
- Оны айтуға болмайды.
- Сеніңіз маған,— деп жалындым мен.
- Жо-жок... Өзім барап ем, Степан ағай маған козғалма деп кеткен.

Осылай Мәжит мені де жібермеді, өзі де ешқайда бара алмады.

Келесі күні таң біліне Мәжит мені ояты.

- Кешегі әскер не істеп жатыр деп ойлайсың?
- Не ойлайтыны бар? Одан да мен біліп келейін.

Кешеге шықтым да таза ауаны қомағайлана жұтып тұрдым. Жан-жактан өріске шыққан сиырлардың мөнірекені естіледі. Адам өмірі өз бетімен, мал өмірі өз бетімен. Олардың адамның соғысып жатқанында жұмысы жоқ. Таңертең өріске шығу керек, мезгілінде қайту керек... Кенет, өзен жақтағы Байғонды қарттың үйі тұсынан атылған мылтық даусы ойымды бөліп жіберді. Эйелдер үйді-үйлеріне кіріп кетті. Ал мал жарықтық түк сезбегендей өріп барады. Қазарманы алыстан шолдым. Төрт зенбірек тұмсықтарын қөтеріп қатар тұр. Жандарында солдат. Осы арада атыс жиілеп, соғыс қызып кетті де мен үйге қарай жүгірдім.

— А-а, біздің жігіттер де жеткен екен ғой,— деді Мәжит мені тыңдал алғаннан кейін. Ал мен оның бұл сөзді айтқандағы даусынан іштегі өкінішін байқадым. Кенет үйге басына тұлқі тымақ, үстіне шапан киіп, белін күміс белбеумен буынған бір адам келе қалып еді. Шешінгенде мен одан Степан ағайды таныдым.

— Мылтық ерте атылды-ау!— деді ол амандық-саулықты білмestен бұрын.

Сол күні мен мынаны білдім: Степан ағай әскердің жоғын жеткізгеннен кейін, партизандар қалаға тосыннан лап қойып, жаудың азық-түлік, киім-кешек, оқ-дәрісін сипырып алып, кайта қырға тартып отырмақ екен. Максаты орындалмады. Кешегі келген әскер жөнінде хабар оларға жетпеген, жә, жеткізе қою да мүмкін емес еді, бір партизан

шеткі үйден шыққан солдатты көріп атады да, анау казармага барып, бәрін көтереді!

Мәжит сыртқа шығайық деп еді, Степан ағай рұксат бермегі. Өйткені екеуінде де қару болмайтын. Олар қалаға қарусыз келетін.

Бұгінгі соғыс ұзакқа созылмады. Партизандар кері шегініп кέтті.

Степан ағай үш күннен кейін тағы кетіп қалды.

Қаладағы бандиттер енді таңертеннен кешке дейін мылтық-қылыштарын сүйретіп, халыкты қүзете бастады.

Смағұл базардан Леберфордың «Қазір большевиктер семьясына тимейміз. Құні келгенде түрмеге жабудан қашпайды олар» деген сөзін жеткізіп келді. Бұл атаманның алда әлдекандай құн туады деген екі ұдай ойынан туған сөзі еді. Қызылдар келіп, Леберфор қашып құтыла алмаса, «мен большевиктер семьясына тигем жоқ» дер еді. Ал актар күш алса, ол, сөз жоқ, сорлы семьяларды қамар еді. Баар жеріміз жоқ біз, Қалимолланың шешесі мен қарындасы, Шалтайдың шешесі, Қапалдан келген тағы бір большевик семьясы Аяқөзден шыға алмай қамалып қалдық. Енді Мәжитке де ұзак тұрып қалуға болмайтын. Бір тұнді жамылып ол дағайып болды.

### *Қыс қаһары*

Бастарына папаха, үстеріне шұбатылған шинель киген сары сақалдылар қалаға қаптап кетті. Өздері ауыздарын ашып ешкімге ештеңе айтпайды. Бір тобы қаладан кетсе, бір тобы келіп еселеп жатқаны. Бәрі де аш, жалаңаш, ауру. Ол жылы қыс аса қатты болды және қалада отын деген мұлде жоқ еді. Сол себепті олар бір қыста Аяқөз сұнының бойындағы тоғайдан түк қалдырмады.

Бір құні офицерлер солдаттарды көшеге қуа бастады. Ешқайсысының жылы үйден шыққысы келмейді-ақ. Алайда, әмал жоқ, күбірлеп, құңқілдеп,

біреулерді боқтап жинала бастады. Офицерлер кей үйдегі солдаттарын сүйреп шығаруға дейін мәжбүр болған. Соңсоң оларды Перухин көпестің үйінің қақпасының алдына сапқа тұрғызды. Анадай жерде біз тұрмыз. Осы арада сырттан он шакты салт атты мен екі шана қар боратып келе қалды да, алдыңғысынан қайқы қылышы жер сызған, папахты, аузыбасын жирен жүн басқан біреу түсіп солдаттармен амандасты. Солдаттардың оған берген жауабы берекесіз бол шықты. Біреулері: «Аманбысыз», біреулері «Денсаулық тілейміз, генерал мырза»,— деп жатты. Генерал мұндай жауапқа риза болмаса керек, қолын сілтеп таstadtы да үйге кіріп кетті.

Степан бір сөзінде: «Бұл бандиттерге қаншама қарсылық көрсетсөндөр, бізге соншама сеп болады»,— деген еді. Осы сөз жадымыздан шықпаған Шаяхмет екеуіміз жас қиды мол жинап, арнайы қалақ жасап алып, кас қарай Перухин үйіне тақап келдік те, көшениң қарсы жағына жасырынып тұрып, терезелерін атқылай бастадық. Қалакқа салып, сілтеп қалған қымыз шыныға былш етіп тиғен сайын жолдасым екеуіміз бірімізге-біріміз риза бол қарасып қоямыз... Жұмысымыздың нәтижесін көру үшін ертеңінде көшеге шықтық. Екі солдат терезелерді қырып, жуып жатты. Біз бас кесер генералды мұқатқанымызға қуандық. Содан генерал қаладан шығып кеткенше Перухин үйінің терезелері түн баласында жабық тұратын болды...

Одан кейін қалаға тағы да Анненков әскері келе қалсын. Зеңбіректері көп-ак. Бәріне төрт-төрттен ат жегілген. Павел Чернов үйінің алдында бірнеше шанаға тау-тау бол үйілген шөп тұрды. Анненков әскері мінген аттардың жемі. Шаяхмет, екеуіміз аз кеңестік те, үйге барып қалбырға шоқ салып алып, шаналарға жақын келдік. Шаяхмет, біреуміреу көріне қалса, маған белгі беретін болып бұрышта бақылап қалды. Қарауыл солдат жылынуға қораға кіріп кеткен екен. Мен шокты бөліп, екі шанадағы шөпке жел жағынан сұғып жібердім. Сол сәтінде ол төніректен жогалуға тырыстық. Шаяхмет-

тің үйі алыс болмайтын. Мысық қуған тышқандай жып бердік те терезеге жабыса қалдық. Қысы-жазы дала жесіз болған ба, қарды жер бауырлата қуған жел бүгін де болатын. Шөптің бықси бастағанын көргенде Шаяхмет екеуіміз қуанғанымыздан бірімізді-біріміз түйіп-түйіп жібердік. Ал солдаттар жалын көтерілгенде бір-ак көріп, тұс-тұсынан қар лақтыра бастады. Алайда бүгінгі желді күні сөндіріп алу мүмкін емес еді — шөп шана-манасымен жаңып кетті.

Мәжит түн ішінде келді. Жұдеу, әлсіз. Аяғын тәлтіректеп басады.

— Мен жолшыбай ауырып қалып, партизандарға жете алмадым. Андреевкада бір жолдастымың үйінде жатып... келіп тұрғаным осы,— деді ол әрен сөйлеп.

Ол сүзекке шалдыққан екен. Семьямызбен құладық. Шешемді Зухра Кармолдина деген әйел: «Өзім күтемін»,— деп алып кетті де, үйде Мәжит екеуіміз қалдық. Темірғали қарттың Рамазан деген баласы бізді бағып-күтпек болды.

Түн қараңғы. Май шам болмашы жылтырап, осы үйде өмір барын білдіріп тұр. Сыртта боран ұли соғады. Кенет қар іші-сыртына бірдей жабысқан терезені біреу қатты қақты —«открой!». Рамазан іштен: «больной, сүзек»,— деп дауыс берді. Осы кездे мылтық даусы гұрс етті де, шынының быт-шыты шықты. Оқ қабырга барып тиді. Май шам жалпы етіп сөніп қалды. Рамазан қашып кетті. Мен көрпемді оранған қалпында кереует астына сұнгідім. Мәжит сандырактап жата берді. Үйге үш бандит кіріп келді. Біреуі:

— Партизанның тығылыш жатқанын қара,— деп мылтығының дүбімен Мәжитті қойып-қойып жіберді. Ағамның партизан екенін біреу көрсеткен болу керек. Жендеттер кеткеннен кейін Рамазан үйге қайта кірді.

— Қайдасың-ай,— деп ол мені іздеді.

— Кереует астында жатырмын,— деп дауыс бердім.

Рамазан сірінке тұтатып, жерде аунап жатқан май шамды көтеріп жағып, терезені қымтады. Мен кереуеттің үстіне сүйретіліп шығып жатып едім Рамазан үстіме киіз жауып қойды. Сонсоң ол Мәжитке үңіліп:

— Байғұс-ай, өліп қалыпты ғой!— деді де жылап жіберді.

Қанша жатқанымды білмеймін, әйтеуір бірде көзімді ашып алсам, терезеден күн сәулесі түсіп тұр екен. Сыртқы есік ашылып-жабылғандай да болды — үйге жолдасты Шаяхмет кірді. Ол мені бірден жұлқылай бастады.

— Эй, тұр' Тілеуіміз берді. Қалаға қызыл әскер келді!— Басымды көтере бергенімде, ол қолындағы түйіншегін ұстадты. Ашып қарасам, қатқан нан мен қант екен. Шаяхмет жаңалығын тағы қайталады. Менің көзімнен жас парлап, басымды изей бердім.

Буы бұркыраған шайнек көтеріп Рамазан кірді.

— Ақтардың тұқымы құрыды,— деді ол шай үстінде.

Мен шайдан ағыл-тегіл терлейін-ай кеп! Адамның аурудан айығуы дәрі-дәрмектен гөрі көңілге байланысты ғой деймін, сол күні Зухраның үйіне барсам, шешем де сау-сәламат басын көтеріп отыр екен. Мені құшағына алып:

— Құдай құтылтса, құтылдық қой азаптан, құтылдық!— деп жылап жіберді. Шешемнің сол жолғы көз жасынан куаныш белгісін көріп, оған Мәжиттің бүл дүниеде жоқтығын айтқам жоқ...

Әке-шеше, аға-апаларымыздың жарқын өмірі үшін жүргізген күресіне біз, балалар да, осылай үлес қосқан едік.

# Қарабала

## Бауырсақ сирлы

Таңертеңнен ойын қуған Қарабала үйіне тұс қезінде қайтты. Қораға кірген бетте бауырсақ иісі мұрын жарып, көзі бірден қораның ала көлеңке бұрышына тұсті. Ол жакта қазандық бар. Бұл үйдің тамағы сонда пісрілетін. Қарабала сол қазандық маңынан екі әйел көрді. Соғыс басталғаннан бері өзі түгілі, иісі де зәрулік ете бастаған қызыл күрең бауырсақ сол бұрышта пісріліп жатыр екен. Қарабала қазандыққа жақындай бергенде, оны көріп қалған екі әйелдің бірі:

— Өй, айналдық, Қарабаланың өзі екен ғой,— деп қарсы алды.

Осы сөз Қарабалаға «келе ғой, мына бауырсақтан жей ғой» дегендег болып естілді. Оның үстіне бала атаулының өз үйінің нәрсесіне батыл келетін әдеті. Қарабала ешкімнен рұқсат сұрамай-ақ, тегенедегі бауырсаққа колын салып жіберді. Ыстық бауырсақ аузында домалап, тілінде үйіріліп, бұлтыңдан екі үртyna кезек шыға бастады. Ол «ауызымдағыны жұтқаннан кейін мынаны да асаймын ғой» дегендег уысындағы бауырсаққа тесіле қарайды.

— Міне, Қарабаланың өзі де ер жетіп қалды,— деді екі әйелдің бірі.

— Түү, сөз бар ма, женеше,— деп оның сөзін екіншісі де костай кетті,— бұрынғы уақытта «Он үште отау иесі» дейді екен ғой.

— Рас,— деді біріншісі,— мұның өзі де әлі-ақ бір үйді тапжылтпайтын азamat болып шыға келеді. Жей ғой, қарғам, жей ғой!

—«Он үште отау иесі» дегенмен, ойын да бір жағынан қалмайды-ау. Қараңызшы үсті-басының шаңын,— деп екінші әйел Қарабаланың киімін қағып, басынан сипады.— Қарның ашып қалған ғой, шыбыным.

Осы кезде есік ашылып, үйден тағы бір әйел шықты.

— Е-е, Қаражан да мұнда екен ғой,— деп, ол жақын келді де, Карабаланы құшақтап, басынан иіскеді. Әйелдің ішінде әлдене солқ ете түскендей болып еді, бірақ бауырсақты көріп есі шықкан Карабала оны байқаған жоқ.— Қарғам-ау, апаңа барсайшы. Сені қашан келеді деп отырған.

Қарабала бауырсағын жүре жеп үйге кірді де, табалдырықты аттаған жерінде тұрып қалды. Үй іші толған адам. Мұнша жиынға таңданып, сасып қалған Карабала дереу қолындағы бауырсақты қалтасына сұңгітіп жіберді.

Манадан бері бұл жұрттың қандай кейіпте отырғанын кім білсін. Қарабала көрінісімен-ақ бәрі улап-шулап қоя берді. Қарабала не алға жүрерін, не кейін шегініп кетерін білмей жаман састы. Осы шудың ішінен ол өз шешесінің даусын анық естіген еді. Бұрышта отыр екен. Қішкентай Құләш оның бір тізесін басып алыпты. Шешесі басына бүркенген шәліні қөтермestен-ақ, есік жаққа қолын созады. Баласын шакыратын сиякты. Осы кезде:

— Бара ғой, Қаражан, апаңа бара ғой,— деген дауыстар естілді тұс-тұстан. Қарабала бұрышқа қарай жылжи берді. Қол созым жерге келгенде, апасы оны женінен ұстап, өзіне қарай тартып алды да, дауыстап жылай бастады:

Ақбеттің басын шаң басты-ау,  
Көңілімді қан басты-ау.  
Әкесіз қалған, жалғызыым,  
Сүйенерге сен жастау.

Осы кезде жұрт жан-жақтан: «Қой, Мактұм, сабыр ет», «Баланың көңіліне қау салып қайтесің»,— деп тоқтау айтып жатты. Бірақ Мактұм зарын үдете түсті.

Ақбеттің етегі шырша, тал,  
Өрімдей өскен қаз-қатар.  
Ішкен балымды у қылған,  
Гитлер, сен де зарлап қал!

Тағы да біраз адам басу айтып еді, Мактұм оған да бола қоймады. Баласын құшығына қыса түсіп,

зарлай берді. Кенет Қарабала қолтығына кіріп бара жаткан біреудің қолын сезіп, қалтасын сыртынан баса койды. Жалт қараса Сәрсекей атасы екен. Бұл кісінің біреудің бауырсағын тартып жемейтінін жақсы білетін, сондықтан да қолын қалтасынан алып, көтеріле берді.

— Келін, қарағым, сабыр қыл. Үәли үрпаксыз емес. Асыл арманын алға апаратын, өмірлік үмітін актайтын Қаражаны қалды артында. Шүкіршілік ет! Осындай қара қағаз біздің...— кенет Сәрсекей-дің үні қарлығып шықты,— біздің Ғалымжаннан да келді. Өзің білесің. Бірақ оның артында кімі бар еді? Біз кімге қарадық?! Тек қағаздағы бейнесіне ғана... Шүкіршілік ет, келін қарағым.— Сонан соң Сәрсекей өзі білегінен ұстап тұрған Қарабалаға бұрылды.— Тында, балам! Енді бұл үйдегі бас көтепер сенсің. Өзің де көш бастар жасқа жеттің. Ұстамды бол, сабырлы бол. Жаугершілік заманында ерАЗАМАТ ерте есейіп, ат жалын ерте тартып мінеді дейтін. Сол шақ келді, балам. Оқу ешкайда кетпес. Ертең промкомбинатта жолығайык. Жұмысқа қойғызайын. Енді саған жұмыс істеу керек...

Қарабала әкесінің өлімін төмен қарап тұрып тыңдады. Жыламақ болып көріп еді. Көз жасы шықпады. Ол Сәрсекей қолынан босағаннан кейін, басын төмен салып, есікке қарай жылжи берді. Қораға шыққанда ғана бауырсақ иісі тағы келді. Ол қалтасындағы бауырсағын есіне алып, сыртынан тағы сипалады. Орнында екен.

Қарабала қазандық жақтан келген бауырсақ иісінің сырына енді түсінді. Қуанышына да, күйінішіне де арналған пісріле беретін қазак бауырсағының иісі ғой!

Ертеңіне промкомбинатқа Қарабаланың өзі барды. Промкомбинаттың бастығы Бауан Жұнісов деген егде адам. Шашын ылғи қырғызып жүретін. Мұрны кішкентай. Жан-жағын ұстарамен басып қоятын мұрты бар. Өзі Баянаула өніріне құрметті адам болып саналатын. Бұл кісінің жүрттан ерекше қасиеті — адамның жасына қарамай өзімсіне, бауырына тарта сөйлесетін еді. Міне, Қарабала да сол адамның кабинетіне кіріп тұр.

— Ал, сөйле,— деді Бауан Қарабалаға.

Қарабала ә дегендे не дерін, сөзін неден бастарын біле қоймай әбігерленіп қалып еді, Бауан:

— Соғыс кезінде сөзде де кідіріс болмау керек. Тез,— деді тағы да.

— Мені жұмысқа алышызы,— деді Қарабала.

— ФЗО-дан тартыншақтап жүргеннің бірі емеспісін?

— Менің жасым ФЗО-ға келесі жылы толады,— деді Қарабала.

— Өзің кімнің баласысың?

Қарабала төмен қарап тұрып:

— Уәлидің,— деп күбір етті.

Бауан орнынан тұрып келіп, баланы басынан сипады.

— Қалқам, әкенің қаза тапқанын естігем. Өлгенді кім тірілте алар. Қолымыздан көніл айтудан басқа не келеді. Отаның аман болса, өзің ертең-ақ соның бір азаматы болып шығарсың. Түбінде мынадай комбинатқа сендейлер директор болмағанда, біз отыра берер деймісің?!— Қарабала қалың қабағын көтеріп директорға көз салды. Бауан кабинеттің алыс бұрышына қарап сөйлеп тұр екен. Дәл осы кезде кабинет есігін сөйлей ашып келе жатқан біреу сөзін бөліп жіберді. Келушінің жетегінде бала бар. Қарабала екеуін де таныды. Балташы Қармыс пен оның жалғыз баласы Бәкібай.

— Бұл не, Қареке, таң атпай райком, райиспол-

комды дүрліктіріп жүргенің? — деді столының басына барып отырған Бауан.

Қармыс бірден жыламсырай сөйледі. Әлдене ішіне сыймағандай дір-дір етеді.

— Жалғыз баланы поза деп...

— Жүрттың жалғызы соғысқа да кетіп жатырғой.

— Менің бұдан басқа кімім бар...

— Жүрт жалғызын майданға артық болған соң жіберіп жатыр ма екен!

— Балам кеткен жерге мен де кетем, балам өлген жерде мен де өлем.

— Сен де өлме, балаң да өлмесін. Өзің маған неге келдің?

— Бромкомбинатқа жұмысқа тұрған баланы поза алмайдығой.

— Тұнеугұніғой мен саған адам сиякты айттым: әй, Қармыс дедім, анау балаң бәрібір окуда жок, істей берсін дедім...

— Құдай, құдай,— деп Қармыс өз басын өзі ұрып, зарлай жөнелді,— «Ақсақ қой түстен кейін маңырайды» деген емес пе! Ол кезде Бәкібайымды алақанынан түсіргім келді ме?

— Жок, Қареке,— деп, Бауан басын шайқады.— Алақанынан түсіргің келді. Бірак: «Алтыншы оқыған баланы ма!»— деп жік-жапар болдыңғой. Ондағы сенің дәмен баланды бір үстелдің басына отырғызу емес пе еді?

— Міне, енді пісіріп жесең де, сіз ұсынған жұмысқа әкеп тұрмынғой,— деп, Қармыс Бәкібайды алға қарай жүлкып қалды.

— ФЗО-ға қимаған баланды пісіріп жеуге қалай қыып тұрсың?

— Ауызға келіп қалған сөз болған соң-дағы...

— Ауыздан шығар сөзге де абай болу керек. Ал мұнда дәл қазір сенің балаңа лайыкты жұмыс жок.

— Әлгі... әлгі... аула сыпыратын ше?

— Оған кісі алып койдым... Эне тұр,— деп, Бауан негімен бұрышты көрсетті.

Қармыс пен Бәкібай директор нұсқаған жакқа

қарап, Қарабаланы көрді. Қаршадай баланы басынан аяғына дейін шолып өтті де, Қармыс қайта Бауанға бұрылды.

— Мұның қолынан не келуші еді?

— Басқаның қолынан келген жұмыс Қарабала-ның қолынан келмейтіні қалай?— деді Бауан.

Кармыс бұлқан-талқан болып ашулага сөйледі.

— Уәли бәрің бір атанаң баласы болғаннан кейін... мына атасында үздік шықкан адамы жок біз сияқтыларды шеттетіп... Ұлғи істейтіндерің осы. Тізені батырасындар да жүресіндер. Өңшең зұлым, сұрқиялар! Жатқа істейтін жақсылықтарың жок. Тек өзім, өзім...

— Эй, болды енді, қысқарт!— деді Бауан.— Қөзіңе баса киген анау бәріктің астында талай пәле жатыр-ау, ә! Әйтпесе ғой Уәлидің менен гөрі өзіңе жақын екенін сен жақсы білесің. Жұмысыңа бар! Қазір бос сөздің уақыты емес.

— Баламды ше, баламды...— деді орнынан көтеріле берген Қармыс.

— Балаңа менде жұмыс жок.

— Енді қайттім, ойбай!

— Ал маған қайт дейсің?

— Ауланы әзірше мына баламен екеулеп сыпышса қайтеді?

— Бір баладан асатын аула жок.

— Әлде бұл бала жұмысты басқа жерден табар.

— Одан да балаға көніл айтсайшы, кеше ғана әкесінен қара қағаз келген,— деп, Бауан Қармысқа қаһарлана қарады.

Ашулы Қармыс бұл сөзді елең қылмай, Бәкібайын жетелеп шыға жөнелді.

Қармыс шығып кеткен есіктен Сәрсекей кірді. Үсті-басы жонқа. Жұмыс үстінен келгені аңғарылып тұр. Ол кірген бетте Қарабалаға бұрылды.

— Ей, Қаражан, мен сені цехта күтіп жүрсем, мұнда келіп қалыпсың ғой,— сонсоң ол Бауанға қарады.— Бауан, мына бала...

— Ол баланың мәселесі шешілді,— деді де,

Бауан иегін көтеріп ауызғы бөлмеге дауыс берді,—  
Петр-р-р...

Кабинетке ақсандаій басып орыс жігіті кірді.  
Үстіндегі әскери киімі бұл жігіттің майданнан қайтқан мүгедек екенін айтпай-ақ танытқандай еді.

Бауан Петрға бұрышта тұрған Қарабаланы көрсетті.

— Ана бала бүгіннен бастап аула сыпыруши болады, қолына сыптырыш, күрек бер. Жұмысына кіріссін.

— Жүр,— деп, Петр Қарабаланы ертіп шығып кетті.

Қабинетте екеуден-екеуі қалғаннан кейін Сәрсекей Қармыс жайын сұрады.

— Бөркі көзіне мұлде түсіп кетіпті ғой,— деді

— Райсовет баласын ФЗО мектебіне жіберуге шақырған екен. Соны алып қалуға жаңын салып жүр. Тұн ортасынан бастап райкомның бірінші секретары мен райисполком председателі үйінің арасында жүріпті де қойыпты.

— Әйтеуір басқадан осының жаңы тәтті. Иә, соңсоң?

— Соңсоң секретарь оны маған жіберіпті.

— Баласын орналастырдың ба?

— Қазір мүмкіндік жок. Бірақ райисполкомнан 4—5 шабакшының орнын сұрап қатынас жазып едім. Ұлықсат беретін сияқты. Соған алам ғой деп ойлаймын. Әйтпесе анау айуан сияқты жан ғой. Баласы аттанған күні суға кетуге бар.

\* \* \*

Қарабала қолына сыптырыш алып, аула ортасында тұрып жан-жағына қарады. Кенсе үйі, оған жалғастыра биыл жаз тастан салынған цех. Одан әрі үзын койма. Соңсоң тақтай тілетін орын. Қақпа Қақпаның бір шеті кенсе бұрышына тіреледі. Ауланың сыптырыш көрмегеніне біраз уақыт болса керек. Жаңқа, ағаш үгіндісі, қарағай қабығынан аяқ алып жүрер жер жок. Қоқыс әсіресе бұрыштарға көбірек

жиналышты. Ал бұл аулада бұрыш жетерлік болатын. Карабала сәлден соң сыпырғышын сүйеп қойды да, қолына күрек алды. Ойы әуелі бұрыштарды тазалап алу. Ол жұмысқа кірісіп, цех алдында бүкшендей жүргенде, біреу оны екі рет жауырынан нұқып өтті. Жалт қараса, Қармыс кетіп бара жатады. Шынымен-ак нұқып өткен Қармыс болғаны ма? Бірақ үлкен кісінің мұнда жұмысы қанша? Тіпті сену киын. Басқа дейін десе, дәл қазір аулада Қармыс екеуінен басқа жан жоқ.

Карабала әр бұрыштан шығарған сыптырындысын сол бұрыштың маңына үйіп жүрген. Тәшкеге сол жерден салып әкетпек ойы бар. Бір рет Қармыс цехқа кіре беріп, сондай үйіндінің бірін аяғымен шашып кетті.

- Неге шашасыз? — деді Карабала.
- Аяқ астына неге үйесің!
- Тіpten аяқ асты емес қой. Мен де білем қай жерге үйерімді.

Қармыс ала көзімен ата қарап, цехқа кіріп кетті. Ненің себеп болғанын кім білсін, дәл осы жерде Карабаланың көзінен жас ыршып кетті. Анадай бұрышқа барып сүйенуі мұң екен, өзіне-өзі ие бола алмай егілді-ай кеп. Кешеден бері тығынданып жүрген баланың ар жағынан көз жасы көмейіне лықсып келген сияқты. Тұла бойын қысып, дірілдетіп шығады сыртқа. Ол әкесіз, жетім қалғанын осы жолы анық сезінгендей болды. Осы сезім көз жасының барлық тығынын ашқандай. Міне, әкенің жоқтығы осы. Біреу тұртіп кетеді, біреу ұрып кетеді. Бірақ бұл оны ешкімге айтып бара алмайды. Қармысқа шешесінің әлі келер ме? Қайран әке! Ұлың жетімдікті сезе бастады ғой!

Әлдене тысырлағандай болып, Карабала бұрышып қараса, өзі әлгінде ғана бұрыштан қырып шығарған үйінділерді Бәкібай аяғымен шашып жур екен. Үйіндіге келеді де, шаңын бұркыратып теуіп-теуіп жібереді. Бәкібайдың осы қимылы мен Қармыстың манағы істерінен Карабала ұқастық көргендей болды. Мұны да ыза қысты. Жүгіріп барып Бәкібай-

ды шықшыттан қойып жіберді. Бәкібай Қарабаладан екі жас үлкен болатын. Денесі де ірі. Бірақ шымыр сөмес — болбыр. Қимылы да баяу. Осыдан болу керек, Қарабала оны еңсеріп бара жатты. Кенет Бәкібай бір үйіндіге қактығып шалқасынан құлады. Қарабала үстіне міне түсті. Осы кезде цехтан шыққан Қармыс жүгіріп келіп, Қарабаланы көк желкеден алып аударып, өз баласын үстіне шығарған еді. Кенет бұлардың жанына тағы бір адам келді. Ол Петр болатын. Бәкібайды итеріп жіберіп, Қарабаланы тұргызып алды да, Қармысқа қарады:

— Сіз қандай жаман адам, Қареке,— деді ол қазақ тілінде сөйлеп, және өзі Қармысқа бір түрлі жиіркене қарап.— Сіз сонсем жаман адамсыз! Кетініз енді жұмысқа, Бәкібай, сен де кет бұл жерден. Қарабала, сен де қарап тұрма.

Қарабала ауланы сыпыруға кіріспей кетті.

### *Бұл да өсу*

Қарабала жұмысқа тұрған соң, он бес шақты күннен кейін промкомбинат өміріне қатарымен екі жаңалық кірді. Бірі — баяғы Бауан айтқан шабақшылар ұстауға райисполком рұқсат беріп, оған Исаның Жылқыбегі, Ақылдың Қалымбайы, Молдатайдың Еділі, Тұяқайдың Егеубайы және Бәкібай алынды. Екінші жаңалық — ағаштан айыр жасау. Таңертең екі-үш кісі көлікпен тауға кетеді де, тұсқайта басы үш-төрт тармақты жас қайыңдарды арбаларына тиеп қайтады. Екі-үш келіншек жас қайыңның қабығын сыйдырып, жалаңаштап тастай береді. Бұл жаңалық шеті Қарабалаға да сокпай кеткен жоқ.

— Сен, Қарабала, енді аула сыпыруды қой,— деді бір күні жанына ақсандай келген Петр.

— Неге,— деді оған таңдана қараған Қарабала,— мені жұмыстан шығарайын деп жатыр ма?

— Неге шығарады жұмыстан? Шығармайды.

— Енді қайда?

— Асықпа, айтайын,— деді Петр.— Өзің сыпырғышыңды тасташы. О, осылай. Енді сені мен өсіремін. Бірақ директор орнына қояды екен деп қорықпа.

Петр Карабаланы жетектеп, әйелдер қабығын аршып тастаған қайыңдарға алып келді.

— Мына ағаштар тоңып жатыр,— деді Петр айырдың бірін қолына алып,— аянышты. Бірақ табиғи киімімен қалдыруға болмайды, жұмысқа қолайсыз. Дегенмен мұны шынықтыру керек. Сол үшін сен бұларға олиф майын жағып тұрасың. Тұсіндің бе, Карабала, а?

— Тұсіндім, Петр аға.

— Ал сен, Карабала, өсірем дегенге директордың орнына қоя ма деп қорқып қалғансың, солай ма?

— Мен директор болуды мұлде ойлағам жоқ.

— Ойламасаң, ол жаман болған. Ойлау керек директор болуды. Ойлау керек. Генерал болуды арман етпеген солдат солдат емес дейді әскерде.

Карабалага қайың айырларға олиф майын жағатын бұрышты Петрдің өзі жайғастырып берді. Әуелі екеуі сынған казанның жартысын әкеп қойды. Сонсоң оның ішіне қайың айырды тікесінен тұрғызды.

— Енді басынан бастап майлай бер. Бір тамшы олиф зая кетпейді. Қазанға агады. Қазаннан сен оны қайта құйып аласың. Тұсіндің бе?

— Тұсіндім.

Карабала жаңа жұмысына қызу кіріспін кетті.

Петр айтқандай бұл да өсу ғой. Бұрынғы жұмысында ыбырсып жатқан қоқысты сыпырып ала салғаннан басқа не бар еді? Ал мына жұмыс мұлде басқа. Әуелі айырды қазанға тікесінен сүйеп қою керек. Сонсоң қолдағы шөткені шелекке малып, олиф майын қайыңның жалаңаш денесіне жағу керек. Қандай қызық!

«Петр ағай рас айтады,— деп ойлады Карабала,— бұрынғы жұмысыма қарағанда бұл өсу. Өсүдің бұдан кейінгі сатысы шабак шабу, сонсоң кима, одан кейінгісі күпшек дөңгелету... донғалақ жасау... Сәрсекей атам сиякты бүтін бір арбаны қолдан жасап шығару. Содан кейін барып... директор болу!»

Ойпырым-ай, қанша саты бар, ә? Былайғы балташылар арба жасап шығарғанда, директор қолынан тіпті машина жасаудың өзі де келетін шығар-ауосы».

Қарабалада бұдан басқа тағы бір ой бар. Ой емес-ау, арман бар. Ол бір затқа өте мұқтаж. Ол зат Петрдің қолында. Мана оқталып-оқталып қойды, бірақ сүрай алмады. Содан кейін оның келесі келуін күтті. Петр түстен кейін жанына бір келгенде ол ойындағысын айттып еді.

— Ай, молодец,— деді Петр май жағылған айырларды көріп.

— Петр аға,— деді Қарабала.

— Сен, Қарабала, жақсы баласын, Петр сені жақсы көреді. Айта бер.

— Маған бір балта беріңізші.

— Ойбай, оны қайтесің?

Промкомбинат арба, айыр, күрек, қасық, орындық, үстелдер жасайды. Мұның бәрі ағаштан жасалынатын бүйым. Сол себепті мұнда балташыларғана істейді. Жұмыс уақыты біткеннен кейін балташылар, Сәрсекей бас болып, балталарын беліне қыстырып, Баянауылдың\* қақ ортасымен жүріп отырып үйлеріне барады. Сонда жұрт... Жок, жок, жұрт емес-ау, Қарабаланың өзі аналардың беліндегі балталарына қандай қызығып қараушы еді.

Қарабала да, міне, промкомбинат жұмысшысы. Сәрсекей кірген қақпадан ол да кіреді, Сәрсекей шыққан қақпадан ол да шығады. Сондағы оған бір жетпей тұратын нәрсе — беліне қыстырулы балта. Бір балта Қарабаланың өз үйінде де бар. Бірақ жүзі мұқалған, ескі. Ал промкомбинат балтасы жап-жаңа. Шіркін, ақ сапты балтаны беліне қыстырып, Баршагул терезесінің алдынан бір өтсе ғой!

Қарабаланың балта сұрағандагы ойы осы. Бірақ Петрдің «оны қайтесің?» деген сұрағына жауап боларлық бір ауыз сөз айта алмады. Үнсіз тұрып

\*Автор Баянауыл деп селоны, Баянаула деп тау сілемін атайды.

қалды. Бұл үнсіздікten Петрдің не үққанын кім білсін. Ол:

— Қой, саган балта керек емес,— деп цехқа қарай жүріп кетті.

Қарабала жұмысын істеп қала берді.

Жұмыс аяғында жұртпен бірге Қарабала да көшеге шықты. Почтаның алдына жеткеннен кейін кідіріп тұрып қалды. Банк, потребсоюз қеңессінің тұсымен, соナン соң Ленин көшесінің бойымен, одан әрмен клубтың ығымен жүрсе, үйіне тез жететін. Үйге қайтатын ең төте жол осы. Ал қазір ойы ала-бұртып тұр. Үйіне басқа көшемен, ұзындау жолмен барғысы келеді. Өйткені бұл ұзын жолдың бойында Баршагұлдің үйі бар. Ол бесінші класқа дейін өзімен бірге оқыған қыз. Әлдебір себеппен қалып қойған сабағын біреуден көшіріп алу керек болса, Баршагұл тек Қарабаланың ғана дәптерін сұрап алатын. Қарабаланың сиясы таусылып қалса, Баршагұл өз сиясынан құйып беріп жүретін. Қарабала да өзінде жоғын алдымен Баршагұлден сұрайтын. Бүкіл Баянауылда Қарабаланы шын атымен тек осы қыз ғана атайды. Оның шын аты Қаратай болатын. Әлде дөңгелек жүзіндегі қара күрен бояудың басым-дышынан ба, жұрт оны Қарабала деп атап кеткен еді. Бірақ Қаратайдың жүре қойылған аты Баршагұл аузына түсे қоймайтын. Тұнеугұні папасынан қара қағаз келгеннен кейін, Қарабала оқуды тастап мектептен мұлде шықпак болған күнгі ақырғы сабакта Баршагұл жанына келіп:

— Қаратай, енді оқуға қашан қайтып келесің?— деді.

— Соғыс біткеннен кейін,— деді де, Қарабала әлден соң,— атам қайтып келгеннен кейін,— деп және косты.

— Онда мен кітаптарымды ешкімге бермей саған сактап жүрейін,— деді Баршагұл.

— Жарайды,— деді Қарабала,— мен келесі жылы бесінші класқа қайтып келгенімде, сен алтыншыда оқитын боласың гой.

— Мен сонда, өзім оқыған кітаптарымды ылғи

саған беріп жүретін болайын, жарай ма, Қаратай?

Қарабаланың бүгін осы Баршагұл үйінің алдынан өткісі келіп еді. Қыз жүгіріп алдынан шықпаса да, терезесінен көріп: «Әне, Қарабала жұмыстан қайтып бара жатыр», — дейді ғой.

Қалымбай мен Қарабала үйі көрші тұратын. Жұмыс аяғында екеуі үйге бірге қайтып жүретін болды. Бүгін де екеуі катар жүріп келе жатқан. Почта алдына жеткенде Қарабала тоқтап қалды.

— Не-неге то-тоқтадың? — деді тұтықласы бар Қалымбай.

— Мына жақта бір туысымыздың үйіне кіре шығайын деп...

Сөйтіп, Қарабала почтаның жанымен өтетін көшеге түсті. Қалымбай үйіне жалғыз кетті. Қарабала жаман көпірдің үстінен өтті. Әне, анау үш терезелі тас үй Баршагұлдің үйі. Қаратай басын көтеріңкіреп, кеудесін жазып, тұлғасын тіктеу ұстауға тырысты. Үйдің алдынан өте бергенде мойнын бұрып қараған жок, тек көз қырын ғана салды. Өйткені оның қызға қырындап жүрген жігіт емес, жұмысынан қайтып бара жатқан еңбек адамы болып көрінгісі келген еді. Еңбек адамы жан-жакқа алактап қарай беретін женілtek болмауға тиіс. Міне, мына Қарабала сияқты байсалды болуға тиіс. Тек қарсы алдына ғана қарайды. Аяғын нық басады. Қолын үлкен кісіше сермейді.

Осылай жүріп бара жатқанда ол Баршагұл өзін көрді деп ойлады. Қыздың «Әне, Қаратай жұмысынан қайтып бара жатыр» деген сөзін құлағы шалғандай болды.

Бірақ Қарабала «Қыз мені көргенімен көңілі толмады» деп ойлады. Егер дәл осы жерде оның белінде күнмен шағылыскан ай жүзді, ак сапты балта қыстырулы жүрсе ғой! Дегенмен бұл жолы қыз үйінің алдынан балтасыз өткеніне өкінбеді. Оның келесі бір өткенінде белінде жарқ-жүрк етіп жүреріне әбден сенді. Ол үшін Петр ағайға қыңқылдай берсе болмай ма?

Иә, сол күннің ертеңінен-ақ ол Петрға қыңқылдай

бастады. Бірақ Петр маңына жолатпады.

— Сен балташы емессің, сыршысың,— дейді. Содан кейін ол Карабаламен мұлде сөйлеспей қойған. Бұған мойыған Карабала жоқ. «Сенен бір балта алмай қоймаймын» дегендей, Петрдің сонынан мұлде қалмай қойды...

Осылай тағы біраз уақыт өтті де, айлық еңбекақы алатын күн келді. Сәрсекей, Әбліғазы, Афонько сияқты балташылар еңбекақысын барып алған жерден Карабала қолына да 210 сом тиді. Сәрсекейге ұқсап бұл да ақшасын ортасынан бір бүктеп төс қалтасына салды. Уақыт жұмыс аяғы болатын. Өзінің өз болып алып отырған алғашқы еңбекақысын шешесінің қолына апарып ұстатуға асырып сыртқа шықты. Ақша салған ішкі қалтасын сыртынан басып, үйіне дейін жүгіріп келді. Есіктен кіре төменгі үйде, қазандық маңында жүрген шешесіне келді де:

— Апа, мә ақша,— деді ентіге сөйлеп.

— Қайдан алдың?— деп шеше тартына берді.

— Мениң айлығым ғой.

— О, құлымын, шыбыным,— деген ана ақшадан бұрын баласын бауырына қысып, аймалап, неліктен екенін кім білсін, көз жасын төгіп-төгіп жіберді.

Әлгінде ғана аяқ астында оралып жүрген Құләш лезде жоқ болып кетіп еді. Карабала шешесінің құшағынан босай бергенде төргі бөлмеден шығып келе жатты.

— Міне, атамнан хат келді,— деді ол қолындағы қағазды көрсетіп.

— Иә, айтпақшы, атаңнан хат келді. Құләш, берші, оқысын,— деді Мақтұм да.

Қарабала хатты қолына алып оқи бастады...

Бұрын бұл үйде бес адам бар еді. Соның ең үлкені атасы соғыс басталған жылы елу төрт жаста болатын. Былтыр Үәли әскерге алынғаннан бір ай кейін ол еңбек армиясына шакырылған. Қазіргі тұрағы Семей қаласы. Хат та сол жерден келген екен. Ұлken кісі баласының қазасын естіп жазыпты. Бірақ келіні мен немерелерін жасыта жазбапты. «...Ел басына күн туғанда азамат қатары шетінемей

тұрмайды. Тасқа соғылса болаттың жүзі майырылар деген. Сол жұз біздің Үәли болыпты. Қайғыға түсіп кетпендер. Сендер әкесі жоқ жетімдер емессіндер. Қан майданда ерлікпен қаза тапқан батырдың семьясыныңдар. Оның ерлік күресіне тұрарлық еңбек етіп, өмір сүріндер, бөбектерім»,— дег жазыпты атасы.

Қарабала хатты оқыды да, бүктеп қайта конвертке салды, бұрыштағы қықшаға қойды. Ешкім үндеген жоқ. «Оқып болдың ба?»— дег ана сұрапады. Оқып болғанын бала айтпады. Тек, тыныштықты Құләш қана бұзды.

— Атам маған үлкен қуыршак алып келеді. Иә, апа?— деді ол.

— Экеледі, әкеледі,— дей салды жүре сөйлеген Мактұм.

Уақыт күз айы. Құн қысқа. Үйде шам ерте жағылды. Мұндай уақытта атасы мен әкесі соғым жайын көбірек сөз етіп отыруши еді. Әлде уақыт есіне салды ма, әлде алғашқы еңбекақының әсері болды ма, Қарабала кешкі асты орталай беріп, қасығын қойып, шешесіне қарады:

— Апа, осы соғым қанша тұрады?

— Азамат болғаныңнан айналайын,— деді Мактұм. Соңсоң ол біраз мұнайып үнсіз отырды да, әлден соң сөйлей бастады.— Экеңнің қырқы жақындалап қалды ғой, қарғам.

Бұл сөзден кейін үйде ләм-мим деген ешкім болған жоқ. Дегенмен өзінің өз бол тапқан алғашқы ақшасы Қарабалаға тыныштық бермей отыр еді. Еңбекақы оны мұлде есейтіп тастағандай. Қарабала ересектің ойын ойлап отыр. Соғыстың алдында атасы мен әкесі бастарындағы үйдің еңсесін көтеруді жиі сөз ете беретін. Оны Қарабала талай естіген.

Корада үймен қатарлас шошала бар. Атасы мен ағасы (Қарабала әкесін аға дейтін) үйдің төбесін ашып, екі-үш кірпіш бойы көтермек болған. Осы іспен бірге шошаланы да тұрғын жайға айналдырып, үйді үш бөлмелі етіп алу және асты-үстін тақтайладап, терезелерін кеңейту ойлары бар еді.

Қарабаланың есіне осы түсті. «Шіркін-ай, осының бәрін өзім атқарып тастасам. Тіпті үш бөлмені қойып, үйді төрт бөлмелі етіп алсам. Асты-үстін тек тақтайлас қана қоймай, оны сырлап жіберсем. Жалт-жұлт етіп тұрар еді. Бір бөлме атамдікі. Бір бөлмеде апам мен Құләш жатады. Қалған бөлмелерде Баршагұл екеуіміз... Иә... ә... үй үстіне тақтайдан шатыр жасап, оны қаңылтырымен жапсам. Атам келгенде үй осындай дап-дайын болып тұрса. Ішін мұлде кірсе шыққысыз етіп қойсам. Қілем, тұс киіз, алаша, күміс кереуеттер... Атам мені Қаражаным ер жеткен еken ғой деп мақтап бауырына қысса...»

Мақтұм ыдыс-аяқты жинап, төсекті салып, Құләшті жатқызып ауызғы үйге келсе, Қарабала асын ішкен жерде бұк түсіп жатыр еken.

— Қаражан, әй, Қаражан,— деп дауыс беріп еді, үн шықлады. Ол үйктап қалған еді. Ана оны сол жерде шешіндіріп, көтеріп алып, төсегіне жатқызды.

### *Балалық та бар-ау*

Ағаш айырларды майлаудан Қарабаланың көнілі тез қайтты. Оған бұл іш пыстыратын бір сарынды жұмыс болып көрінді. Петрдің балта бермеуі де оны бұл жұмысынан жиіркенте түскендей болды. Әуелі ол: «Осы, ерегіскенде бірде-бір айырға май жақпай отырып алайын ба»,— деп ойлады. Осы ой басына сыналап кіріп алып, кежегесін кері тарта берді, тарта бірді. Оған бұрынғы жұмысы мынадан гөрі әлдекайда қызықтырак болып көрінді. Ауланы бірде сыйырасын, бірде күрейсің. Енді бірде тәшкеге салып алып қоқысты сүйрей жөнелесің. Жылтыр қайыңға май жаға беруден гөрі қызық қой». Осының бәрі жиналыш Қарабалаға «қолыңа бір балта ұстамайтын кімнен кемсің, қасарысып отырып ал» дейтін сияқты.

Қарабала отырып алды. Қабығы сыйдырылған жалаңаш жас қайың үйіндісі өсе берді. Қарабала

отыра берді. Қайыңың қабығын сыйдырып тұрған келіншектер оған «неғып отырсың, майыңды жақ» деп талай айтты. Кейбір ыза болғаны жоғарыдағы сөздеріне «жайрағырды» да косты. Бірақ олардың сөзі Қарабалаға батпайтын сияқты. Осылай бір күн өтті.

Келесі күнді де Қарабала отырудан бастады. Қеліншектер Қарабала қылышын Петрге айтпақ болып еді. Петр сынапша жылжып қолға түспеді. Ертеңіне ол комбинат маңынан мұлде көрінбеді. Тегі, бір жаққа кеткен болу керек. Ал Қарабаланың көз алдында жалаңаш қайындар үйіле берді, үйіле берді. Бір кездे жанына Сәрсекей келді.

— Қарабала,— деді ол,— жаңа директормен сөйлесіп шыктым. Сен ертең жұмысқа келмей-ақ қой.

— Неге?!

— Ертең Уәлидің қырқы рой.

Сәрсекейдің алғашқы сөзінен кейін Қарабала: «Мені жұмыстан қуады»,— еken деп шошып кеткен еді. «Неге?!»— деп үрейлене сұрақ қою себебі сол. Өйткені өзі Петрге қасырысып отыруын отырғанмен, «Егер директор көрсе, мені мұнда қоймас-ау»,— деп іштей құдікtenетін. Бірақ безерлік жеңіп отыра беретін. Ал Сәрсекейдің соңғы сөзін естігенде бойын қуаныш биледі де, тосыннан мұңая қалды. Қуанғаны — мұның қасарысып отырғанын директор білмейді еken. Мұңайғаны — міне, әкесіз жетім қалғанына қырық күн болыпты-ау!

Алыста, Волганың ар жағында сұрапыл соғыс жүріп жатты. Талайлар қыршынынан қылды. Талай өрім он екі мүшесінің бірінен айрылып, мүгедек болып қалды. Ел осылардың бәріне өзінің ежелгі әдет-ғұрпымен жауап беріп жатты. Соғыс кезінде тарықтайтын ел болмайды дейді. Ол рас. Мұны көзбен көрген аз емес. Азаматы аман келген елдің той жасағанын да көрген бар, қаза болған ерге қара тұтып, ас бергенді де көрген бар. О, алтын бесік, жылы үя! Соғыс аранын ашып, ажал отын қаптатып келсе де, сені қаншама тарықтырса да, талай азаматыңды ыстық құшағынан айырып әкетсе де, сенің

дастарқаныңды тарылта алмады гой. Ол қуанышыңда да, күйінішінде де тасып жатты емес пе! Соғыс сенің әдеп-ғұрпыңа ақау сала алмады гой! Сенің жеңімпаз қүшіңің бір сырғы осында болса керек!

Госпромда тігінші болып істеп жүрген Мақтұмның күнде әкелетін бір килограмм нанынан басқа тамақ сірә табыла қояр ма екен деп жүретін үй бүгін қой сойды. Қойдың қайдан келгенінде Қарабаланың жұмысы болған жоқ. Әйтеуір жас ет жейтініне мәз. Осыдан болу керек, айналсоқтап қазан маңынан шықпайды.

Үйге жиналған жұрт онша көп емес еді. Бәрі төргі бөлмеге сыйып-ақ отыр. Тек тамақ алдындағана етек-жендерін желпінісіп, серпіле бастағанда біраз адам ауызғы бөлмеге қарай ығысты...

Ертеңінде Петр Қарабаланы айқай салып, ұрып қарсы алды:

— Мынауың не, мынауың? — деді олиф жағылмаған айыр үйіндісін нұскап,— соғыс кезінде бұл саботаж. Сен айырларды майламай Гитлерге болысып жүрсің, өзің осыны түсінесің бе, жоқ па?

— Маған балта бер. Сонсоң май жағамын,— деді «Гитлердің сыйбайласы».

— Сенде бас бар ма, жоқ па?

— Мен балтаны басыма сұрағам жоқ, колымама керек.

— Ах, сен қандай жаман бала.

— Балта бермесен осылай отырамын! — деді тағы да қасарыса қалған Қарабала.

Петр ашууланып, цехқа қарай жүріп кетті. Ол Қарабаланың Сәрсекейге ағайын екенін билетін. Қарабала қылығын тура соған барып айтты. Сәрсекей сүргісін орнына қойып, алжапқышын жүре қағып аулаға шықты. Қарабаланың жанына келді.

— Мыналар неге жатыр, Каражан?

— Петр балта бермеген соң...

— Саған балтаның керегі не?

Қарабала үндеген жоқ. Сәрсекей Петрге «жүре бер» дегендей иек қақты. Петр кете барды. Сәрсекей Қарабаланың жанына отырды.

— Осы мына басы тармақталған жас қайындардың неге керегі бар деп ойлайсын, Қаражан?

— Ойбай, ата, соны да білмейсіз бе? Айыр емес пе!— деді құле сөйлеген Қарабала.

— Ал, бұл айыр кімге керек?

— Колхозға...

— Колхозға. Дұрыс. Енді мынаны тыңда. Бұрын үкімет колхоз үшін темір айыр шығарған ғой. Әр айырға кететін темірден винтовка ұшына кигізетін кемі екі наиза шығады екен.

— Штық деңіз, ата.

— Өзің де біледі екенсің ғой. Иә, кемі екі істік жасайды екен. Қазір соғыс жүріп жатыр. Айырдан гөрі елге істік көп керек. Сол себепті үкімет темір айырды шығаруды тоқтатты. Оның орнына істіктер шығарып жатыр. Сонда колхоз айырсыз қалу керек пе? Жоқ, оған айыр беру керек. Міне, сенің алдында үйіліп жатқан сол айырлар. Егер сен ағаш айырды тез майлап, колхоздарға көптеп жіберетін болсан, завод та майданға көп істік жөнелтер еді...

— Штық деңіз, ата.

— Иә, стық,— деп қайталады Сәрсекей.— Сен күніне неше айыр майлап үлгіруші едің?

— Елу-алпыс...

— Сонда сен өзің күніне майданға жүзге тарта істік жөнелтіп тұрады екенсің, Қаражан,— деп, Сәрсекей оған таңырқағандай болып, қарады.

— Жүз штыкпен жүз немісті түйреп өлтіреді, иә, ата?

— Сөз бар ма!— деді Сәрсекей. Содан соң ол үйіліп жатқан айырды көрсетті.— Мына айырлар қашаннан бері майланбай жатса, содан бері майданға істік бармай қалған ғой.

— Штық деңіз, ата.

— Балам, менің тісім жоқ қой. Оны қойшы, өзің менің айтқандарыма түсіндің бе?

— Түсіндім, ата, түсіндім. Енді майданға күнде екі жүз штық жөнелтіп тұратын болам,— деп білегін сыбанды Қарабала.

Сәрсекеймен болған әңгімеден кейін Қарабала-ның жұмысына жан біткендей болды. Бұл уақытта жерге қар да түсіп қалған. Желде ызғар, ауда салқын леп бар. Жұрттың тыста ұзақ уақыт әңгімелесіп тұрғысы келе бермейтін мезгіл. Мұны тек Қарабалағана сезбейтіндей. Жас қайыңның қабығын аршитын үш келіншекке осыдан бір жұма бұрын қойма деп аталағатын ұзын қораның бір бөлмесі босатылып, ішіне темір пеш қойып берілген. Қарап тұрсан сол бөлме есігінен аппак жалаңаш қайыңдар бірінен соң бірі тыска ытқып жатады. Киімін сыптырып алғып сүйкә қуып шығу — сұлу қайыңға көрсетіліп жатқан жазадай. Осы жерде соларды мұсіркеуші тек Қарабалағана. Әттен, не керек, үлгермейді. Тыным жок. Сонда да үлгермейді. Дегенмен, ол: «Не қылса да осылар жалаңаш қалды-ау», — деп аяғаннан ширак қимылдап жатқан жок. Сәрсекей сөзі қамшы болған. Әр айырға олиф майын жағып болып, қабырғаға сүйеп жатқанда, оның көзіне бейне бір үлкен заводта кезекті жасалатын темір айырдың орнына, екі штык соғылып былай қойылғандай болып көрінеді. Күніне екі-үш колхоздан келіп, дайын ағаш айырды арбаларына тиеп алғып кететін. Мұндайда Қарабала көзінің алдынан анау шиқылдақ арба өз колынан шықкан дайын айырды емес, кәдуілгі винтовка штыктарын тиеп әкетіп бара жатқанға үқсайды. Осы көрініс те оны ширак қимылдата түсетін. Бірақ қорланып қалған дүние ғой, Қарабала қанша ширак қимылдады дегенмен айыр үйіндісі азаятын емес.

Арманы да ойдан шықпайды. Петрдан балта сұрамағалы екі күн болды. Жок, Қарабала балтадан бас тартып сұрамай жүрген жок. Петрдің көзге көрінбегеніне екі күн болған. Ол тағы жоғалып кеткен еді. Содан келгені бүгін.

— Хал қалай, Қарабала? — деп жанынан өтіп бара жатыр еді. Қарабала ананың сұрағына жауап та берген жок, онымен сәлемдескен де жок, тек:

— Петр аға... балта... — деп қалды.

Петр Карабалаға қайырылған жоқ. Ол комбинаттың үгітшісі болатын. Комбинат жұмысшылары оның асығыс жүрісінен көбінесе жаңалық құтетін. Осыған байланысты аулада жүрген бір-екі ересек жұмысшы цехқа Петрдің өкшесін баса кірді. Петр әкеле жатқан жаңалықты естүге асығатын сияқты. Петр цехқа кіре:

— Сүйінші, сүйінші! — деп қолындағы қағазын жоғары көтеріп айқай салды. Жұрт жұмыстарын тастай берісп қоршап алды. Сырттағылар да өздерімен бірге жылы цехқа сұық ауаны бұрқ-бұрқ енгізіп кіріп жатты.

Петр неміс-фашист басқыншыларының онтүстік-батыс бағытта алға жылжып келе жатқанын жаз бойы осы станок үстінде тұрып хабарлап келген болатын. Бұғін де ол станок үстіне шықты.

— Сүйінші,— деді ол тағы да,— жолдастар, сіздерге мен Волгаға қарай анталап келе жатқан дүшпан жолына онтүстік-батыс майданы және Сталинград майданы тосқауыл болып жатыр деп айтып едім гой?

— Айтқансың, айтқансың,— десті балташылар.

— Ал кеше, яғни жиырма үшінші ноябрь күні мың да тоғыз жұз қырық екінші жылы генерал-лейтенант Э. Ф. Ватутин жолдас командашы болып істейтін онтүстік-батыс майданы мен генерал-полковник А. И. Еременко жолдас командашысы болып саналатын Сталинград майданының танк бөлімдері Калач қаласында кездесіп, Волгаға төніп келген неміс-фашистерінің үлкен армиясын қоршауға алыпты.— Петр тағы да бірдене айтқысы келіп, аузын аша бергенде, жұрт ду қол шапалактап жіберді. Балташылардың тынышталуын Петр аузын ашқан қалпында күтті. Өйткені қол шапалактаудың дәл алдында айтқысы келген сөзі не әрмен кетпей, не бері шықпай аузында кептеліп тұрып қалғандай болып еді. Жұрт тынышталысымен-ақ ол сөйлеп жөнелді.— Жолдастар, қоршауда неміс-фашистерінің екі үлкен армиясы қалған. Бірі — жаяу әскер

армиясы, бірі — танк армиясы. Екі армия адамда-  
рының саны мың сегіз жұз он екінші жылы елімізге  
келген француз басқыншыларының Наполеон баста-  
ған армиясына жетіп қалады екен...

Осы тұста біреу:

— 1812 жылы Наполеон қанша әскермен келген  
екен? — деп сұрап қойды. Петр жан-жағына қарап  
бөгеліп қалды да, аздан соң:

— Райком инструкторы оның санын айтпаған  
еді, — деді. Жұрт ду күлді. Қызаңаңдан қалған  
Петр қолын көтерді. — Жолдастар, Наполеон әскері-  
нің санын келесі жолы біліп келейін.

— Бізге Наполеон әскерінің саны керек емес.  
Волга жағасында дүшпанның қанша адамы қоршау-  
да қалды, соны айтып кел, — деді балташы Жұмабек.

— Жақсы, Жұмеке, жақсы, келесі жолы соны  
біліп келейін, — деді де, Петр тағы да айттар сөзім  
бар дегендей, жұртты шоғып өтті. — Жолдастар,  
бұл қоршау көлемі жағынан адамзат тарихындағы  
тұңғыш қоршау болып отыр. Өте үлкен екі армияны  
коршауға алу дегенді тарих бүгінге дейін білмейді  
екен. Соңсоң қарапайым совет адамдарының ерлі-  
гіндегі ерлікті де тарих бұрын білмеген. — Бұл  
жерде Петр тағы да қағазына үңілді. — Мысалы, он  
қолынан ауыр жарапанған Қарасев деген сержант:  
«Мен сол қолыммен де соғыса аламын» деп май-  
дан даласынан кетпепті. Ал бізде қалай, — деп,  
Петр қайта жұртқа қарады. — Біз сұрапыл соғыста  
осыншама ерлік көрсетіп жатқан азаматтардың  
ісіне сай еңбек етіп жүрміз бе? Рас, көбіміздің  
еңбегіміз олардың ерліктеріне сай. Ал нашар еңбек  
етіп жүргендер де бар арамызда. Мысалы, анау  
Қарабаланы алыңыз. Сержант Қарасев сыңар қолы-  
мен соғысып жүр. Біздің Қарабаланың екі қолы  
бірдей аман бола тұрып, бірнеше күн бостан-босқа  
қарап отырған. Өзіне тапсырылған жұмысты атқар-  
маған. Дегенмен біз бұдан былай Қарабала да  
жұрт қатарлы жақсы еңбек ететін болар деп  
ойлаймыз...

Петр жеткізген куанышты хабардың соны

өзінен-өзі митингке айналып кетті. Митингте өздері сұранып сөз алып сөйлеген балташылар күн сайын бір сағат артық жұмыс істеу ұсынысын кіргізді. Бұған комбинат жұмысшылары түгел қосылды. Сөйтіп олар күніне тоғыз сағат жұмыс істейтін болды.

Қарабала цехтан қарадай жер болып шықты. Маскара! Шаршы топтың ортасында оның атын жаман мысалға келтірді-ау. Енді жұрт көзіне қалай қарамақ? Баршагул де осында істейтін болса, не дер еді? «Тфу, арсыз», — деп бетіне түкірер ме еді, қайтер еді. Егер әкесі тірі болып, баласының тылда жұмысты нашар істеп жүргенін естісе ше..

Қарабала цехтан шыға бергенде, біреу желкесінен тұртіп қалды. Ту сыртына бұрылып қараса, Бәкібай еken. Қөзін қысып, аузын қисайтып келемежедеп тұр. Жетіп барып төбелесе кетейін десе, жанында әкесі тұр. Ол басқалар сияқты баланың төбелескені — иттің ырылдақсаны деп ойламайтын адам. Бәкібайға біреу бір ауыз сөз айтса, Қармыс оған таң атқаннан кеш батқанға дейін сөйлей беруге бар. Содан именіп, Қарабала Бәкібайға жақындей алмады. Оның келемежін, әлгі ауыр ойларға қоса аркалап жүре берді. Анадағы болған төбелестен кейін Қарабала Бәкібайға кектеніп алған еді. Бүгінгі келемежден соң кекке кек қосылғандай болды.

Қарабала өзін жұртқа құлкі еткен айыр үйіндісіне цехтан шыға-ақ тиісіп еді. Содан кешке дейін тыным таппай май жақты. «Бүгін күндегіден бір сағат артық жұмыс істейміз. Еншеше бұл үйіндін еңсеріп тастармын-ау», — деп ойлады. Бірақ таусылар емес. Өйткені ол: «Әй, бүгін бітірмесем бе», — деп білегін сыбана кіріскенде жас қайындардың қабығын сыйдырып отырған ана үш келіншектің де күндегіден бір-бір сағат артық жұмыс істейтінін есіне алмаған еді.

Үйінді оған әбден ерегесіп алғандай, Қарабала да үйіндіге ыза болып қарайды. Тіпті жүгіріп барып теуіп-теуіп жібергісі келеді... Шіркін, біреу қолына балта ұстап: «Соғыс бітті, колхоздарға темірайыр

қайта келе бастады, ал мына ағаш айырлардың сұрауы жок», — десе, ерінбей-жалықпай бүгін-ақ бұтап тастауға бар. Не керек, ол күн... әзірге алыс сиякты.

### *Мақсатқа бір табан жақын*

Демалыс күні болатын. Тыста үйытқып соккан боран. Оның ішін тарта ұлығаны үй ішіне естіліп тұр. Бірақ Сарыарқа халқы мұндай боранға елең ете бермейді. Ертенгілік тамағын ішкен соң, Қарабала мойынағаштың екі басына екі шелекті іліп алып, бұлаққа бет алды...

Бұлақтың жұрт су алатын тұсы көлбеу жарқабақ еді. Қыс түсे балалар осы жарқабаққа су құйып, сырғанақ жасап алатын. Қарабаланың алдында сол көк мұз «бір сырғанап өтпейсің бе» дегендей көсіліп жатты.

Қарабала шелектерін былайырақ қойды да, мойынағашын астына басып алып, сырғанақпен тәмен қарай сырғи жөнелді. Мойынағаш шанаша жылжып, Қарабаланы қарсы қабақтың үстіне бір-ақ атты. Өте бір ғажап дүние! Осы бұлақ басынан басқа жерден алтын берсең табылмайтындей ләzzат!

Былайғы жексенбілерде опыр-топыр болып жататын бұлақ басы бүгін бос. Қарабала суға келе қалған соң мұншама еркін дүниенің ләzzатын қалайша пайдаланып қалмасын... Ол дөң басына қайта-қайта шығып, сырғанаққа мұлде беріліп алды.

Қарабала сырғанақты қызыға теуіп жүріп, бір нәрсені есіне алмаушы еді. Ол — осы бұлақ. Егер бұл бұлақтың сылдырап аққан суына тіл бітіп сөйлесе, ол мынадай жайларды айтқан болар еді.

...Үшқуыс тауының күнгей жағында көз бар. Сол көзден жылғалап шыққан су әуелі Үшқуыстың өзін бауырлай отырып, сонсон Қүйгенбет тауының күнбатыс етегінен жол салып кеп, Баянауыл селосына бүйірден кіреді де, қак ортасынан ағып өтіп,

Сабындықөлге құяды. Суы мол емес. Бірақ ғасырларға кеткен өмірі бар болса керек — кей тұстарындағы жары үйден де биік. Оның екі жағасы екі түрлі: құнбатыс жағы — кара топыракты да, шығысы — тастакты. Және тастақ жағына қарай ой. Баянауыл селосының алғашқы үйінің иесі өзінің жайын мөлдір бұлактың қара топыракты жағасына салса керек. Содан село өскен. Қазактың орыс байларына күшін сатқандары мен саудага икемі барларды, ұста, балташи сияқты өнерлілері бұлактың құншығыс жағына үй салып, отырықшылыққа айналған. Осылай жатақ пайда болған. Оның құнбатыс жағындағы ағаш пен қызыл кірпіштен салынған биік шатырлы, үлкен терезелі үйлер мен магазиндер орыс байларынікі еді. Бұл жақ жобамен салынған. Дұрыс шаршы бейнесін беріп тұратын кварталдары, қатар түзеген қөшелері бар. Ал жатақтың бейнесі мұлде бөлек. Үйлері аласа, терезелері шағын. Үйге қораны жалғастырған, не болмаса, бірнеше ағайынды адамдар үйлері мен корасын жалғастыра саламыз деп жайларын ерен жалпитып алған. Оның үстіне, ілуде біреуі болмаса жатақ үйлерінде шатыр болмайды. Осыдан бұл жақтың жайлары көзге еңселі болып көрінбейді. Жатаған. Селоның орыс жағынан басталып келетін ұзын қөшелері жатақта да сакталған. Ал қөлденен қошынша жақтың қасы. Қөлденендең өткісі келген адам пәленше үйінің жел жағымен, түгенше үйінің ық жағымен жүріп өтуге мәжбүр болады. Және жатақ үйлері түгел дерлік тастан салынған. Баянауылдың дәл ортасынан, осы бұлак үстінен салынған ағаш көпір бар. Бұғінде жасы жетпіске келіп қалған Сәрсекей: «Бала кезімізде бізді орыс балалары осы көпірден жоғары қарай өткізбеуші еді», — дейтін.

Ол кезде селоның орыс жағында, бел үстінде еңселі ақ шіркеу тұратын, жатақ жақтың да биіктеу тұсында, айшығы жарқыраған мешіті болатын. Солар бұлакты ұлт араздығының жігіне айналдырған еді.

Бірақ ұлттар арасында дін ұзак уақыт әзәзіл

болып қала алмады. Дүниеде діннен де қуатты күш табылды. Ол табиғат еді. Ол осы бұлак еді. Бұдан су алуға батысъянан орыс та келді. Шығысынан қазақ та келді. Бірінші күні екеуі біріне-бірі көз тоқтатып қарасты. Екінші күні иек қағысты. Үшінші күні кол алысып амандасты. Төртінші күні суға келгенде бірін-бірі қонаққа шақырды... Сөйтіп, бұлак қазақ елінің осы түсінда екі ұлт достығының дәнекері болды.

Уақыт өткен сайын село кейпі де өзгере берді. Бұлактың терең жарқабағынан қазақ аттап батыс жағына өтіп, орыс арасына үй салды да, орыс — шығысына келіп, жатақ арасынан үй салды. Ұлттар араласуына бұлак былай тұрсын, шіркеу мен мешіт те бөгет қола алмады. Қеле-келе қызыл тудың астына орыс та сыйды, қазақ та сыйды. Бір күндері Баянауыл аспанын азанмен күнірентіп келген мешіт өртеніп, оның орнына тастан клуб салынған еді. Жатақта пайда болған мәдениет үйінің қызығын орыс та көрді, қазақ та көрді. Одан кейін Баянаула тауын қоныраумен жаңғыртып келген ақ шеркеуді бұзып, селоның орыстар жағына екі қабат мектеп үйі салынды да, онда қазақ балалары да оқыды.

Осылай селоның бұлак бөлген екі жағы іштей қабысып кеткен еді. Өмірде бәрі өзгеріп жатты. Қазақ қызы орыстың ағаш үйіне, орыс қызы жатақтың жатаған үйіне келін болып түсіп, ұлттар бірінебірі мың жылдық құда болып жатты. Сонда осы бұлак нәзік сыйбырымен күнбатыс жағасына қарай ұзатылып бара жатқан қазақ қызына да, күншығыс жағасына қарай ұзатылып бара жатқан орыс қызына да «қадамың қайрлы болсынды» айтып жатушы еді.

Мұның мөлдір сүйн Баянауыл тұрғындарының талай ұрпағы ішіп келеді. Бәрінің де туғанда тәнін осы бұлак сүймен жуды. Өскенде шөлін осы бұлак сүймен қандырды. Бірақ бұған ешкім де ат қоймапты. Баянаула тауында не көп, бұлак көп. Қапар бұлағы, Қатпас бұлак, Сәлдіrbай бұлағы, Қөбей бұлағы, Айман бұлағы. Малай бұлағы, Қөшет

бұлағы, Мойылды бұлағы.. Бұлар иесіз тау ішінде ағып жатқан бұлақтар. Ал Баянаула тауын мекендеуші алғашқы адам үйін дәл жағасына салған мына бұлақта ат жок. Бұл бір ешкім шеше алмайтын ғажап сыр еді. Жұмбак еді.

Қарабаланың сырғанақ теуіп жүріп, есіне келмеген бұлақ сырды осы.

Қарабала сырғанақпен бірнеше рет ағып түсті. Бірде мойынағаш үстіне жайдак отырып сырғанады. Бірде оған кеудесімен жатып, екі қолын екі жаққа қанатша жайып жіберіп, самолетке ұқсап сырғанады. Қызыққа әбден тойдым-ау деген кезде Қарабала шелектерін барып қолына алды.

Бұлақтың жұрт су алатын жерінің мұзы дөңестене көтеріліп, орта тұсынан дөңгелек ауыз пайда болыпты. Қарабала мұз үстіне етпетінен жатты да, шелектерін дөңгелек ауызға сұғып, суға толтырып алды...

Тұнде, дәл жатар алдында, Қарабала ойына әлдене сап ете қалды. Ол үйіліп қалған айырларды қайткенде тез майлап бітіру амалын тапқандай болды. Иә, иә, есіне түскен тәсілді іс жүзіне асырғанда, үйіліп жатқан айырды бір-ак күнде майлап бітіретін түрі бардай. Содан кейін үш келіншек қабығын аршып тастайтын айырларға бір-екі-ак сағатта май сіңіріп, басқа уақытын шабақ шабуға пайдаланбай ма! «Айырларды майлаудан да қашпаймын, шабақ шабуға да уақыт табам»,— деп отырып алса, бұған Петрдің бір балта бермейтін несі бар. Егер Петр осы жолы балта бермесе, тұра Баукеңнің өзіне бару керек. «Майланбай қалған бір де бір айыр жок. Бос уақытym көп. Шабақ шабам. Маған балта бергізіңіз» десе болмай ма ол кісіге.

Осы ой Қарабалаға көпке дейін үйкы бермеді. Тіпті жеті қаранғы тұн болса да комбинатқа барып, жұмысқа кірісіп кеткісі келді. Ойын іске асыруға асықты...

Ертеңінде комбинатқа келе Қарабала тұні бойы асығып шыққан ойын іске асыруға кірісе бастады.

Ауланың бір жағында, тас қабырғаның түбінде, ұзындығы екі метрдей темір құбыр жататын. Неден

қалған бүйім екенін кім білсін, әйтеуір ешкім қозғай қоймайтын. Соны Қарабала қар астынан көтеріп алып, иығына салып, өзіне бөлінген құысқа әкеле жатыр еді. Қайыңның қабығын сыйдыруши келіншектердің бірі:

— Ибай-ау, айырдың үйіліп жатқаны мынау, мына жүгірмек темір тасып жүр ғой,— деп бетін шымшыды.

Қарабала оның алдынан үндемей өтіп кетті. Іштей: «Токта, бәлем, айырдың қабығын сыйдырып үлгере алмай жатарсындар әлі-ак» дегендей аяғын маңғаз басады. Асығу жок, сасу жок, мығым жүріс.

Қарабала ішіне өз жұдырығы сыйып кететін құбырды тазалады да, бір басын ағашпен тығындаپ жапты. Сонсоң екінші басын көтеріңкіреп қойып, ішіне олиф майын толтырып құйды.

Міне, айла деген осы!

Қарабала жалаңаш айырдың біреуін алып құбыр ішіндегі майға әуелі үш тармағын бірінен соң бірін сұғып алды. Сонсоң құбырға айырдың сабын бойлатты. Айырға сіңбей қалған май өзінен өзі ағып, қазанға құйыла берді.

Көзді ашып-жұмғанша сынық қазан ішіне айыр сыймай кетті. Қазан тарлығы Қарабалаға тағы бір ой салды. Қарабала сырттан ескі ұзын қаңылтыр тауып әкелді де, өзекше жасап, бөлме іргесіне көсілте жатқызды. Бір басын қазанға асылдыры да, екінші басының астына тас қойды. Содан кейінгі майдан шыққан айырларды Қарабала қаңылтыр үстіне тізе берді. Артық май ағып келіп қазанға құйылды. Шашау шығар, ысырап болар ештеңе жок. Қазан толған кезде, оны әкеліп қайта трубаға қотарады...

Қарабаланы түн ортасына дейін үйқтатпай мазалаған ой осы еді. Бұл ойды оның есіне мұз құдық салған. Соған шелегін сұғып суды көсіп алып шыққаны кешке жақын көз алдына елестегенде, ол елес жалаңаш айырларды тез майлап шығару әдісін тауып бергендей болған.

Түстен кейін Петр кеңседен шығып, цехқа бара жатқан жолында айыр үйіндісі жанынан өте беріп токтай қалды. Соңғы күндері мұлде кемімей қойған үйінді бүгін еңсеріліп қалыпты. Жартысынан азы жатыр. Басқа бөлегі қайда? Әлде Қарабала ептеп көзін жоғалтып жүр ме екен? Петр аксаңдай басып тас коранаң өзіне белгілі есігін ашты. Қабырғада жағалай сүйелген айыр. Бәрінің де бойына май сіңіп күренденген. Ал Қарабала жалаңаш айырларды ішіне май құйған құбырға құлаштап сұғып алып, қабырғаға сүйеп қойып жатыр. Ал қабырға түбінде — қаңылтыр өзек.

— Ой, молодец! — деді Петр Қарабаланы арқадан қағып. Қарабаланың сөйлеуге мұршасы болмайтын, тек Петрге қарап ырсып күлді де койды.

Петр мұнда біраз бөгеліп шығып кеткен еді. Сәлден соң оның соңынан жабылған есік қайта ашылып, ішке Бауан, комсорг қызы, балташылар кірді. Петр лезде бәрінен жайып үлгерсе керек. Қарабала оларға да назар аудармай, өз ісімен болып жүр. Дегенмен құлағы түрулі.

— Бала тапқан,— деді Сәрсекей айналасына көз салып жүріп.

— Егер біздің комбинатта істеп жүргендердің бәрі осындаған бір-бір айла-тәсіл ойлап табатын болса, біз жоспарды екі жұз процент орындаған болар едік,— деді Бауан.

Олардан кейін мұнда үш келіншек те келіп, ауыздарын сылп еткізіп, беттерін шымшып кетті.

— Мына үлдан шықпаған шығар,— деді.

Сонсоң шабақшы балалар да келіп, тұрып-тұрып кеткен.

— Эй, сабазың! — десті олар да.

Жұмыс аяғына дейін үйіндінің орнында тек қара жер ғана қалды. Үйіне қайтып бара жатқан Қарабала «Ертең таңертең» Петрден балта сұраймын. Ол енді қайтсе де береді. Сонсоң тұске дейін шабақ шауып, келіншектердің күні бойы қабығын сыйдырып қойған айырларын жұмыс аяғындағы

екі-үш сағатта-ақ майлап ұлгермеймін бе» деп ойлады.

Кенет оның басына мұлде басқа ой сап еткен еді. «Осы мен бұғін майданға кемі бір мың штық-жөнелткен шығармын-ау» деп ойлады ол. Қоңлі өсті. Егер адамның бойы көңілінің өсуіне байланысты зорайып отырса, дәл қазір Қарабала өз үйінің есігінен сыймастай еді.

Қарабала басын көтеріп, кеудесін керіп, аяғын адымдай басты.

### *Арман болған ақ балта*

Қолына бір балта түсіріп алу үшін Қарабала не істемеді. Алдымен қынқылдаған Петрдің мазасын алды. Қынқылдаған сайын Петр зекіп тастай беруші еді. Ақыры, міне, ағаш айырларды оп-онай майлап тастаудың әдісін тапты. Сол себепті көбіне қолы бос. Енді ол өзі түсінер деген оймен Петрдің көзіне түсуге тырысты. Анда барса да алдынан шықты, мұнда келсе де алдынан шықты. Ойлағанындай-ақ бір кезде Петрдің өзі сөз бастады.

— Сен, Қарабала, неғып жүрсің?

— Истейтін ісім жоқ. Боспын.

— Ендеше бері кел,— деді де, аксандай басып, қоймаға қарай беттеді.

Екеуі қоймаға бірін-бірі өкшелей кірді де, Қарабала табалдырықты аттаған жерінде тұрып қалды. Петр қойманың төріне бара түсті де, ақ сапты бір балтаны қолына алды. Содан соң Қарабалаға бұрылышп, балтаны көлденен ұстап, бөгеліп қалды. Осы бөгелісінде, жауынгерге қару ұсынып тұрып, қанат бітірер бірдене айтқысы келгендей түр байқатып еді. Бірақ үні шықпады. Балта ұстаган қолын соза түсіп:

— Мә, Қарабала,— деді.

Қарабала балта қолына тиісімен сыртқа атып шықты. Сол бетімен жүгіріп, цехтағы шабакшы

балалар жанына келді. Келе сала Жылқыбектен жарты шөркө сұрап алды да, оның бүйір тұсына балтаны қиғаштай салып-салып жіберіп еді... өтпеді. Балта қайыңға болмашы із қалдырады да, сылқ етіп сырғып түсіп кетеді. Балалар ду күлді. Әсіресе жүрттан оқшауланып теріс қарап отырған Бәкібайдың құлқісі көпке дейін басылмады. Қарабала балтасына бір қарады, шөркесіне бір қарады. Сонсоң Жылқыбекке бұрылды.

— Қане, бере тұршы,— деп Жылқыбек Қарабаланың балтасын сұрап алды да, жүзіне қарады.— Ойбай, мынау мұлде шарық көрмепті ғой. Жүзі мен сырты бірдей. Сабы да сылқылдалап тұр.

— Енді қайтем?

— Әуелі басын бекіту керек. Сонсоң айналма шарыққа салып қайрау керек.

— Эй, Жылқыбек, сен өз балтандай етіп берші,— деді Қарабала жалынышты үнмен.

Жылқыбек Қарабаладан бірер жас үлкен болатын. Шабақшы балалар ішінде балташылық өнерді тез менгеріп келе жатқан елгезек, ісқері де осы. Комбинат басшылары мен қарт балташылар болашакта Баянаула ағашынан түйме түйетін де осы болады деп үміттенеді. Оның үстіне Жылқыбек мінезге де бай. Үлкенді сыйлағыш, кіші мұддесіне құлақ салғыш. Сол Жылқыбек Қарабаланың өтінішін екі қайталатпады. Әуелі оның балтасын қолына алып, сына қағып, басын бекітті. Сонан соң өз жұмысын тастай берді де, Қарабаламен аулаға шықты. Осында дөңгелек шарық тұратын. Соның құлағын Қарабалаға бұратып қойып, өзі балта жүзін шыр көбелек айналған шарыққа үстады...

Балта үстардай болды-ау дегенде, Жылқыбек бармағын жүргізіп көрді. Үлкендер балта жүзін осылай тексеріп жататын. Сонсоң оны апарып жұмсақ қайракқа салды.

Міне, Қарабала комбинат босағасын аттағалы арман болған ақ балта! Жарқ-жүрк етеді. Жүзі де аппак, сабы да аппак.

Цехқа қайтып келісімен, Қарабаланың балтасын тағы да Жылқыбектің өзі тексеріп шықты — жарты шөрке қайыңды алып шаба бастады. Қарабала көз айырмай қарап отыр. Ақ балта, өзінің ақ балтасы қайыңға кірш-кірш кіреді. Кейде ол шөркенің бүйірінен көлбей тиеді де, келесі сәтте төбесінен құлап «әй, осы жері артық-ау» деген бөлегін алып түседі. Кейде ол шөрке бойынан жаңқа атқылайды да, кейде сүргі қызметін атқарғандай, кәдуілгі жұп-жұқа жонқаны дөңгелетіп шығарып тастайды.

Жылқыбек Қарабала балтасымен бір шабақты лезде шауып шығарды. Жаңа ғана бір жағы тегіс, қалған жағы дөңгеленіп жатқан жарты шөрке әп-әдемі, төрт қырлы шабақ болып шыға келді.

Жылқыбек әлгі жарты шөркенің сыңарын тағы ала беріп еді, Қарабала қолына жармасты.

— Өзіме берші, өзіме! — деді Жылқыбектің қолына қарап отырып, балтасының жұғруіне қызықкан Қарабала. Енді өзі де ешбір қындықсыз бір шабақты шауып шығара алатындей болып көрінді оған.

Жылқыбек балтаны иесіне қайтып берді. Алдына бір жарты шөрке қойды да, қалай шабу керек екенін түсіндіре бастады.

— Әуелгі мақсат — шөркеге төрт қырлы түр беру. Ол үшін сен не істейсің? Шөркенің екі жағындағы, содан соң арқа тұсындағы артығын шабасың. Сонсоң төрт қырлы болып шыға келеді.

Оп-оңай!

Қарабала балтасын қолына алысымен-ақ сілтей бастады. Жылқыбектен көргеніндей шөркені біресе бүйірден ұрады, біресе тігінен ұрады. Шөркенің артық дегенін бұл да алып таstadtы... Алғашқы шабағын шауып отырып, Қарабала маңындағыларға көз салып қояды. Бұл уақытта Жылқыбек екі-үш шабақты шауып та үлгерген. Еділ мен Қалымбай екінші шабактарын аяқтап қалыпты. Бәкібай теріс қарап отыратын — оның не тындырып, не қойғаны бір өзіне ғана белгілі. Қарабала манадан бері тағы бір нәрсе байқаған — балалар шөрке шабақ бейне-

сіне түсіп болды-ау деген қезде, қырларын көздең көреді екен. Атқан оқтай түп-тұзу болып шықсағана штабельге қалайды екен. Сол сияқты Қарабала да шабағын көзі алдына тосты. Жок, мұның шабағының қырлары тұзу болмай шығыпты. Шабақтың мына басынан басталған қырлардың бірі ана басына жеткенше оңға қарай бұрылып кетеді, бірі солға қарай бұрылып кетеді екен. Енді бұрылып кеткен жағынан жұқалап алса, қыр түзелуге тиіс. Қарабала қиғаш жағына балтаны салып-салып жіберді де, қарады... Ойбай! Әлгі оңға қарай бұрылып тұрған қыр енді солға қарай қиғашталып кетіпті ғой. Бұл жолғы байқаған артығын алып тастаймын дегенде, әлгі жарты шөрке шабақ емес, қазыққа ұқсап шыға келді... Қарабала сәтсіз шабылған бірінші шабақты лактырып таstadtы да, екінші шөркені қолына алды. Он бес минут шамасында ол да қазық болып шыға келді. Қарабала осылай түске дейін әуреленіп, жөні түзу бір шабақ шауып шығара алмады. Жә, түстен кейін де өз өнеріне өзі риза болған жок. Сонсоң жұмыс аяғына дейін екі сағаттай уақыт қалды-ау дегенде таңертеңнен бері басы қосылып қалған қайың айырларды майлауға кірісті. Яғни жалаңаш қайындарды трубаға бір сұңгітіп алып, өзекше қаңылтыр үстіне тікесінен тізе берді.

Қарабала бүгін де комбинаттан көппен бірге шықты. Көппен дегенде ол Жылқыбек, Еділ, Қалымбайлар қатарына қосылған жок. Алда балташылық өнерімен көпке аты әйгілі Сәрсекей, Әбілғазы, Жұмабай, Қарабектер кетіп бара жатқан. Бәрінің де белінде — балта. Қарабала осылардың қатарында келе жатты — оның да белінде ақ балта бар ғой. Аяғын да соларға ұқсап кең адымдайды. Сәрсекейдің беліне көзі бір түсіп кетіп еді, оның белбеуі бос екен. Балтасы белбеуге сағасынан асылып келе жатқан. Қарабала да белбеуін босатып, балтасын әрмен қарай нығырланқырап қойды. Сонсон: «Шіркін-ай, қазір жұрттың көзі маған түссе, Сәрсекейден титтей де аумайды екен дер еді-ау», — деп армандағы.

Почта алдына жеткенде, Қарабала тағы да үйінে

бұрылыш көшемен қайтқысы келді. Көрсете қоярлықтай ерекше ештеңесі жоқ кезде Баршагүл терезесі алдынан өтіп жүргендे, бұғін белінде айдай ақ балтасы барда қалай өтпесін!

Баршагүл үйіне жақындағанша ол бір-ак нәрсе ойлады — терезе алдынан өтіп бара жатқанда беліне қыстырған балтаға қол тигізбеу. Ал қол тие қалса, онда қыздын: «Ойбай, балтасын көрсеткісі келіп жүр», — деп қалуы мүмкін фой.

Әне Баршагулдің үйі. Үй сыртында ешкім көрінбейді. Бірақ Баршагүл терезе алдында сабақ оқып отыруы мүмкін фой. Иә, иә, ол қазір дәл сол жерде отыр. Солай отырып Қарабаланы көреді де, терезеге мойнын созып, жақындай түседі. «Қаратай жұмыснан қайтып барады». Соңсоң ол таңданып: «Мынау нағыз үлкен балташы болыпты фой. Беліндегі балтасын қара, жарқ-жүрк етеді!» — дейді.

Қарабала өзін Баршагулдің терезеден көретініне де, әлгідей сөздерді айтатынына да шұбә келтірмеді. Енді балтаға қол тигізбей өту ғана қалды.

Қарабала Баршагүл үйіне жақындай берді. Қелесі сәтте үймен қатарласып та қалған еді. Әне, Баршагүл мұны көрсө, анау үлкен терезеден көреді. Қарабала терезеге басын арнайы бүрмай, көзінің қызығымен ғана қарап бара жатты. Қенет, ол беліндегі балтасының салмағын сезінбегендей болды. Япыр-ай, белбеуін тым босатып жіберіп, түсіп қалды ма еken? Қарабала тосыннан тоқтай қалып, қолымен шап беріп белін баса қалды. Қолы тұра балтаның сағасына тиді. «Уф... ф... орнында еken!.. Қап! Баршагүл көріп қалды-ау! Несіне ұстай алды еken? Әй, күлді фой, күлді, дәл қазір-ак ішек-сілесі қатып жатқан шығар. «Міне, балтам дегендей ұстай алғаны несі» деп күліп жатқан болар. Қап, қап, үят-ай...» Қарабала қарадай ұялып, Баршагулдің үйінен тез ұзап кетті.

Қораның сыртқы есігінде құлыш тұр. Оның бір кілті Қарабаланың өз қалтасында. Сонымен ашып ішке кірді. Кешкіріп қалған мезгіл. Үй іші қара

көлеңке. Азынаған салқын үй денені мұздатса, мына қара көлеңке жүректі мұздатады. Шешесі әлі келмеген ғой. Мактұм госпромда тігінші болып істейтін. Майданға тез арада киім жөнелтетін болып, бүгін екінші күн сол жакта жүрген. Кеше Қарабалының өзі де тігіншілер бөлмесіне қонып шықкан. Шеше барда үй іші әрі жарық, әрі жылы болушы еді. Тегі, ол әлі оралмаған ғой. Үйдің қазіргі сұрықсыз қалпы Қарабаланы өңменінен итергендей болды. Ол табалдырықтан бұрылып қайта сыртқа шығып, құлыпты салып, госпромға бет бұрды.

Бүгін таңертең осы жерден өзі жұмыска кеткенде, шешесі мына машинаның жанында тон тігіп қалған еді. Содан әлі отыр. Қарабала кеше кешке жұмыснан қайтқанда да ол осылай отырған. Ендеше шешенің машина маңынан кетпегеніне бүгін екінші күн ғой. Бөлменің бір бұрышында тігілген тон үйіліп жатыр. Мұнда көп әйел тігінші болып істейді. Элде дәл қазір бөлмеде жалғыз отырғаннан ба, осыншама тонның бәрін өз шешесі тігіп тастағандай болып көрінеді. Сол тонның біріне Құләш оранып жатыр.

— Апа, үйге неге бармаймыз? — деді ұрты бұртия қалған Қарабала.

— Үйде не бар, қарағым,— деді қабағынан кейіс байқалған Мактұм,— отын жоқ. Құніне бір килограмм нанды осы жер береді. Жұмыс та осы жерде. Бөлмесі жылы...

Кенет Мактұм сөзін Құләш бөлді.

— Шайымызды қайнатып, тонымызды тігіп отыра бермейміз бе?!

— Алла-ай, сенің құлағына бірдене тимесін,— деді Мактұм қызына,— мана директорға айтқан сөзімді қағып алғанбысың?!

— Құләштің құлағын тығындалп қою керек,— деді Қарабала.

— Иә, мен алып тастаймын,— деді Құләш.

Плита үстінде шайнек қайнап тұр екен. Үшеуі шай ішті.

Қарабала комбинаттан қалтасына бір қайрақ салып шықкан. Бойы жылығаннан кейін, босаға

түсқа отырып алып, онсыз да өткір балтаны қайрай бастады. Тіпті қылшылдап тұрған жүзге аузымен су бүркіп қойып қайрайды.

Бір уақытта ол басын көтерді:

— Эй, апа!

— Эу, қарағым.

— Мен өзіміздің үйді үлкейтпейтін болдым.

— Иә, енді қайтеміз?

— Бұл үйді осы қалпында сатамын да, ағаштан үй салам. Қарабектің үйіндей үй салам.

— Қай жерден саласың, қарғам?— деген ана сәби ойын қызықтай сөйлеген еді.

— Соны білмедім, апа...— деді де Қарабала балтасын бірер рет жанып-жанып алды,— апа, осы мектеп пен райкомның арасынан салсам қайтеді. Құләш оқуға барғанда тоңбайтын болсын.

— Иә, саған, мен қазір де тоңбаймын,— деді Құләш.

— Тонға оранып жатып батырсынуын,— деп қағытты Қарабала.

— Ол жерден көше өтеді. Саған үй салғыза ма, қарғам?

— Бердіқұловқа барып айтам. Райкомның астылы-үстілі үйіне қатар тұруға жарайтындаï әдемі үй салам. Шатыры биік болады. Терезе қақпақтарын әр түрлі сырмен бояймын деймін. Сонсоң рұқсат бермей ме, апа, ә?

— Береді, құлым, береді,— деді ана.

Қарабала осы сөзге риза болғандай қайтып үндемей балтасын қайрай берді.

### *Tағы да сүйінши*

Көп кешікпей айырға арналған жас қайыңын қабығын сыйдыру да, олиф майына бөктіру де ана үш келіншектің қолына біржола көшті.

— Эсіресе майлаудың қыындығы жоқ қой,— деген оларға Петр,— оны Қарабала жеңілдетіп кеткен жоқ па?

Осылай Қарабала балта жұмысына біржола ауысқан еді. Енді бұл бұрынғыдай, таңертең жұмысқа келгенде жалғыз өзі аула ішінде, жалаңаш айырлар үйіндісі маңында қалып қоймайды. Сәрсекей, Әбілғазы, Жұмабектерге ұқсан тұра цехқа кіреді. Цех есігін ашпас бұрын бұл да аяғының қарын қағып, босағадағы сыпырғышпен тазалап кіреді. Әттең, мұның сақал-мұрты жок. Әйтпесе аузы маңына қатқан мұзды цехқа кіре беріп бұл да сылып тастар еді. Сонда жұрт мұны «ағаштан түйме түйетін балташылардан мұлде аумайды» дер-ау!

Бұрын дәңгеленіп отырып шабатын. Қалымбай, Жылқыбек, Еділ, Егеубайлар сығылыса түсіп, араларынан Қарабаланың да әр шөркесінен басы бүтін екі шабақ шығатын болып қалған. Дегенмен бұрыннан шабақ шауып жүргендер қарасын көрсетер емес. Олар бір күнде жұз шабақ шапса, Қарабала осының жартысын әрен үлгеріп жүр. Дегенмен оның өз есебі бар. Қолы балта ұстауды менгеріп, әр жарты шөркеден жөні түзу бір шабақ шығара бастағандай ол ішіне бір жоспар түйген. Жоспар ойдан туадығой. Ал сол ой басына келген күні ол былай деп топшылаған: «Бұгін Жылқыбектер жұз шабақ шапқанда мен қырқын шауып үлгердім. Ертең қайтсем де қырық бірге жеткізуім керек, сонсоң қырық екіге, қырық үшке... Осылай қоса берсем... Біраз уақыт өткеннен кейін күніне екі шабактан қосып отырсам...»

Қарабала жобасынан аумай жұмыс істеп келеді. Сол жобаның арқасында қазір ол бір күнде алпыс шақты шабақ дайындауға жетіп қалған.

Бәкібай да шабақшы. Шабақ шабуға алғашкы ауысқан күні Қарабала Бәкібайдың басқа балалардан оқшаша отырғанын көрді. Қалымбайлар қатарына сыймаған болар дейін десе, өзіне орын табылдығой. Қарабалаға деп босатылған орынға Бәкібай да сыймай ма? Әлде балалар қатарына оның өзі жоламады ма екен? Әлде оны балалар ығыстырып жіберді ме екен? Қарабала біраз күн бойы осы ҫұрактарына жауап таба алмай жүрді.

Қарабаланың басына Бәкібай жөнінде тағы бір ой сыналап кіріп алған еді — баяғысы үшін өш алу. Элі келсе, әкесін де қосып, екеуінен бірге өш алғысы келеді және де ештеңені де дабыра етпей, үнсіз өш алсам дейді. Осы тұста ол өзіне өзі тағы да сұрақтар қояды. Ол жүрттанды неге оқшаулана береді? Анау бұрышта теріс қарап жалғызы отыр. Мына балалардың не құлқісіне қосылмайды, не жүрісіне қосылмайды? Өзі арман еткен шусыз өш алудың бір әдісі осы сұрақтарға табылатын жауап маңынан шығып қалмас па екен деп тағы ойлайды.

Бір күні ол сұрақтарына жауап тапты да. Жұмыс күнінің соңғы екі сағатында балалардың ертен шабағын шабаққа шөркө дайындалған кету әдеті бар. Мұн дайда Қалымбай, Еділ, Егеубай, Жылқыбектер үйіліп-төгіліп бірге жүреді екен. Оларға, міне, Қарабала да қосылды. Қолдарына ара алыш, цехтан улап-шулап төгіле шықты. Жұмысқа кіріспес бұрын аулада бірін-бірі қарға аунатып ойнап алды. Соңсоң бір-екеуі ағаш үйіндісінен әрі жуандай, әрі түзу қайыңды таңдалған сұрып алуға кірісті. Біреуі оны ашамай ағаш үстіне салып, үстіне отыра бастады. Екеуі белгілі мөлшермен шөркеге бөліп, кесуге кірісті.

Олар ойын-сауық, айқай-шумен шаршағандарын да білмей, үлкен араны кезекпен құлаштап тартып жатқан кезде цехтан Қармыс пен Бәкібай келе жатады. Олардың табаны астындағы қар да сықырламайтын сияқты. Ағаш кескен уақытта темір араларынан да үн шықпайтындей. Екеуінің демінен шыққан бу қосылып бір Қалымбай танауынан атқылаған буға жетпейді. Олар үн шығарып сөйлеспейді де. Тек біріне-бірі ұрлана қарасып түсініспін жүргендері. Әйтеуір Қарабала көзіне Қармыс пен Бәкібай елден бұрын сұыққа шалдыққыш, елден бұрын су жүққыш жандар болып көрінеді.

Кенет Қарабала басына өш алу жөнінде бір ой келгендей болды. Бірақ кенседен шыға келген Петр айқайлап, сол жерде ұмыттырып жіберді.

— Түгел цехқа кіріндер,— деп дауыстады ол

Өзі жұқа гимнастеркамен, жалаң бас жүр.—  
Тұыскандар, тастандар жұмысты. Цехқа барыңдар!

Сыртта істеп жүргендер ара, балталарын тастап  
жүгірісті.

Цехқа комбинаттың Бауан бастаған хат-шот  
қызыметкерлері де кірді. Осыған қарай балташылар  
жақсылық хабар күтті. Бауан цехтың төріне барып  
жалғыз тұрды. Мысқыл оты шашыраған күлім  
көзімен жүртты бір шолып өтті де, сөзін баяу баста-  
ды.

— Осыдан екі мың жыл бұрын Рим мен Қарфаген  
деген елдер арасында қиян-кескі соғыс болыпты  
Адам қаны су болып ағыпты. Өлік иісінен ауа бұзы-  
лыпты. Сол соғысқа Қарфаген елінен 50 мың, Римнен  
70 мың әскер қатысқан екен. Дегенмен аздығына  
қарамастан 50 мың әскер Канна деген жерде Римнін  
70 мың әскерін қоршауға алып құртып жіберіпті  
Жолдастар, саяси тұрғыдан алғанда ол соғыс екі  
жактан да империалистік мақсатты көздең соғыс  
болған. Әскери тұрғыдан қарағанда Канна соғысы  
тарихта колбасшылық өнердің үлгісі болып келеді  
Ал Қарфаген әскерін Ганнибал деген кісі басқарған  
екен... Неміс соғыс құмарлары талайдан бері сол  
Каннаны қайталауды арман етіп жүрді. 1915 жылы  
олар Канна әдісін қолданып француз армиясын  
құртып жібермек болған еді, бірақ өздері таяқ жеп  
калды. Дегенмен фашистер осы соғыста да сол ойла-  
рын іске асырғысы келіп жүрді. Біздің елге шабуыл  
жасағанда екі-үш Каннаны үйімдастырып жіберсек,  
Қызыл Армияны құртамыз деп үміттенген еді. Талай  
жерде соған әрекет те жасап бакты... Ақыры ұлы  
Волга бойында өздері Каннадағы римдіктердің  
кебін киді.— Бауан әсіресе соңғы сөзін айтқанда  
аспандата көтеріп әкелген жұдырығымен столды  
түйіп жіберген еді. Жұрт ду қол шапалақтап қоя  
берді.

Бауан балташылар дүбірінің басылуын үнсіз  
күттіп тұрды да, қайта сөйлей бастады.

— Жолдастар, бүгін майданнан аса қуанышты  
хабар келді. Біздің Қызыл Армияның жауынгерлері,

біздің ұл-қыздарымыз Волга бойында қоршалған Паулюс армиясын тас-талқан етіп жеңіп, неміс-фашистеріне өздері арман еткен «Каннасын» көрсетіпті!

Жұрт тағы да қол соқты. Соңғы сөздерін айткан кезде Бауанның даусы дірілдеп, көзіне жас алған еді. Талайлар көзін сүртіп жатты. Әсіресе әйелдер бірін-бірі құшақтап алған. Жылап та тұр. Құліп те тұр. Сол кезде Петрдің даусы саңқ етті:

— Жасасын жеңімпаз ұлы Қызыл Армия!

— Жасасын Бүкіл одактық Коммунистік большевиктер партиясы!

— Ура-а-а!..

Жұрт шуы саябырлағаннан кейін Бауан Петрғе сөз берді. Петр қолына қағаз алғып, гимнастеркасының құрыстарын жазып, сөйлеуге дайындала бастап еді, директор оған:

— Орындықтың үстіне шық,— деді.

Петр Бауан нұсқаған орындыққа шықты да, балташыларға жоғарыдан қарап құлді. Неге құлгенин өзі де білмейді. Оның себебін басқалар да сұраған жок. Әйтеуір құлқі цех ішін лезде алып кетті. Сонсоң аздан кейін барып ол қолын көтеріп жұртты тыныштыққа шақырды.

— Жолдастар, мен сіздерге Волга жағасындағы операцияда дүшпеннан шыққан шығынды айтайын.— Комбинат жұмысшылары қозғалысып, арт жақтағылар алдыңғыларды итермелей Петр маңына жақындай тұсті. Кәрілер құлактарын қалқалаш, жастар оны көзімен жеп барады. Жұрт тынышталғаннан кейін Петр қағазына қарап оки бастады.— Сол операцияда фашистер, колға түскені бар, қирағаны бар, екі мың танктен, он мың зенбірек пен минометтен, 70 мың атомашинадан, екі мың самолеттен айрылған екен.

— Үқсатқан-ақ екен!

— Сол керек қансыраған итке,— деген сөздер әр жерден шығып, лезде цех ішін гу-гу еткен дауыс билеп кетті. Петр тағы да қолын көтерді, тағы да айтартым бар дегендей. Жұрт тына қалысты.

— Жолдастар, әлгі техниканы біздің өлшемізге салғанда қанша болатынын көз алдымызыға елестетіп көрейікші. Сонда ғана өзіміздің айбынды Қызыл Армия күшіне көзіміз жететіндегі болады. Жаңа ғой мен сіздерге дұшпан екі мың танкінен айрылды дедім. Егер осы танкілерді бірінің соңынан бірін тізіп қойсак, оның ұзындығы 14 километрге созылады екен. Яғни осы жерден Қаражарға дейін танк тізіліп тұрмак.

— Ойбай-ой,— десті көп арасынан біреулер.

— Ал зенбірек пен минометтің бес тонналығы да бар, бір тонналығы да бар. Сондыктан да орташа салмағы үш тонна деп алып әлгі айтқан он мың зенбірек пен минометті қазанға салып балқытсақ, 30 мың тонна болат пен шойын алады екенбіз. Ал мұнша шойын мен болаттан 50 мың трактор жасап шығаруға болады екен.

— Ризамын, ризамын!— деді Жұмабек.

— Ал 70 мың автомашинаны бір жолға тізіп қойсак 350 километрге, яғни осы жерден Семейге дейін жетер еді.

— «Өзіңнен күшті шықса, екі көзің сонда шығар» деген осы,— деп қойды мұртын қайырып жымындал тұрған Сәрсекей.

— Екі мың самолет,— деді де, Петр кібертіктең қалды,— бұл значить, жолдастар... Екі мың самолет дегеніміз...— Петр аузына түспеген сөзін біреу-міреу айтып жібермес пе екен дегендегі жан-жағына қарай берді. Жұрт оның теңеу таба алмай тұрғанына түсінді, бірақ ешқайсысы үндеген жоқ. Қенет Петр ішіне ышқына ауа жұтып алды да:

— Бұл, жолдастар, екі мың самолет деген сөз!— деп сарт еткізді. Жұрт бұл «теңеуді де» куанышпен қарсы алды.

— Волга түбінде, өлгені бар, қолға түскені бар, дұшпан 330 мың адамынан айрылған. Бұл... бұл...

Осы жерде сөзге Бауанның өзі араласып кетті:

— Бұл, жолдастар, біздің Баянауыл селосында тұратын халық санынан жүз еседен де асып түседі деген сөз.

Комбинат жұмысшыларының жастары қол шапалқатап, асыр салып билеп, ересектері өзара сөйлесіп кетті.

— Құдая, ұзағынан қуандыр, ұзағынан,— деді Сәрсекей.

— Дай бог, дай бог,— деп тұр аузынан шылымы гүспейтін Афонько.

Жұмабек:

— Енді бір соққыдан несі қалар екен бәлемнің,— деді де,— әй, ештеңесі қалмас,— деп өзіне-өзі жауап берді.

Петр орындықтан түсті. Жұрт топырлап сыртқа шықты. Бәрі көнілді. Құбір-құбір сөз. Қарқылдаған күлкі. Қақпадан шыға карт балташылар бір бөлек кетті. Әлі бірдеңені сөз етісіп барады. Жеке бара жатқан әйелдер тобының да аузында дамыл жок. Мына жакта шабақшы балалар өз алдарына бір думан. Әлденені жабыла дәріпте, әлдекандай сөз маңында таласып бара жатыр.

Дүрмекте Қармыс қана жок. Ол жұрттың соңын да жалғыз бүкшенде келеді. Көше айырығына жеткенде балалар арт жақтарынан күнгірт дауыс естіді, бірақ назар аудармап еді, дауыс қайта шықты. Бұл жолы да оған елең еткен жан болған жок. Петрден алыстамауга тырысып, жақындей түсіп келе жатқан Бәкібай да бұрылмады әке үніне. Енді Қармыстың үні дөрекілеу дүңк етті.

— Өй!

Бәкібай бұл жолы да елемеді ол дауысты. Бірін бірі шынтақтай жылжыған балалар қатарында болу оған өте қызық еді. Біздің әскердің ерліктері жөнінде Петр тағы нелер қызық оқиғалар айтады деп құлағын тосып келе жатқанда... әкенің үні!..

— Өй, керенбісін?

Бәкібай іштей күрсінді де, катардан қала берді. Ал Петрды қаумалап алғандардың әңгімеге қызыққандары сонша, олар араларынан Бәкібайдың шығып кеткенін байқаған да жок.

Бәкібай алдында бүкірейіп, ұсақ адыммен жыбырлап бара жатқан әкесіне қарап ойға шомды:

«Неге менің әкем осында? Сәрсекей атайды қараши, жасы менің әкемнен көп үлкен, сонда да тұлғасы тік. Адымдаған жүрісі қандай! Ал менің әкем ше? Неге ол осында?..»

— Апа, естідіңіз бе? — деп, Карабала үйге сөйлей кірді.

— Естідім, құлымынам, естідім,— деді даусы көнілді шыққан Мактұм,— шешінбей тұрып пештің мұржасын ашып келе .ғой. Қуаныш құрметіне кеспе істейін.

Карабала қайта сыртқа шықты. Ол үйдің үстіне шығып, мұржа аузындағы кірпішті, оған жабысып қатып қалған қалың киіз бен шүберекті алды да, сол жерден селоға қарады. Қун Мырзашоқыдан әрмен еңкейіп кеткен. Ауа таза. Үп еткен жел жоқ. Айналадағы тау жоталары түгел көрінеді. Аспан ашық. Тек ақ қар мен шытынаған аяз ғана қысты еске салғандай. Аяз Қарабаланың беті мен қолын қарып-ақ барады. Бірақ ол кете коймады. Үйінің үстінен туған селосына қызыға қарап тұр. Баянауылдың барлық үйінің мұржаларынан қысыла шыққан ақ тұтін аспанға тік көтеріліпті. Ендігі сәтте Қарабала көзіне жеңіс құрметіне село үстіне ақ тұтіннен сансыз үкі қадап алғанға ұқсап көрінді. Ол үкілер өз кезегінде «біз тұтін болып шыққан үйдің бәрі де кеспе істеп жатыр» деп тұрғандай еді. Мына жақта Сабындықөл, өз алдына кең көсілген бір дүние болып ол жатыр. Сыры мол. Соғыстан бұрын, бейбіт жылдардың қысында, демалыс күндері Ұәли қолына сүйменін, қармағын, кішкентай орындығын алып, жанына Қарабаланы ертіп таңертеп Сабындықөлге барушы еді. Қалындығы бір метрден аса катқан мұздан шұңқыр ойып, оған қармағын салып, судан әлденені зарыға күтіп отыруши еді. Аяғына конькиін байлап шыққан Қарабала бұл уақытта өзіндей балаларға еріп, көлдің Қөшет асуы жақ басына баратын. Арқа желі ылғи батыстан еседі. Мұндай кезде Баянауыл балалары желді тілейді. Ұзындығы бес километрден асатын Сабындықөлдің күнбатыс басына барып, бетінді шығыс жаққа бұрып, паль-

тоңның өнірін жайып тұра қалсаң, жел сені шыныдай мұз үстінде ықтырып, көлдің ана басына зымыратып бір-ақ шығаруши еді.

Қыстың қызығы жалғыз Сабындыкөл ғана ма?! Анау Қызылқұдық ше? Үлкен шананы басына шығарып, бала біткен жапырласа мініп, «шу» деп кеткенде ылдидың өзі-ақ ат ойнататын алаңға әкеп тастамаушы ма еді. Не болмаса, Малай орманының ар жағындағы Сарыөзек ылдиын айт. Аяғына шаңғы байлаған бала қыс күнін сонда өткізетін. Ал Баян-ауылдың қай баласы шаңғымен бірге өс пеп еді. Бөбек қаз-қазын шаңғы үстінде жасайды десе де болғандай емес пе. «Соғыс» деген алғашқы хабар жетісімен-ақ жұрт осы қызықтан айрылып еді. Ол қызықтың қашан қайтып оралары белгісіз болатын. Дәл бүгін үйі үстінен жан-жағына қарап түрған Қарабалаға сол қызық енді көп ұзамай қайтып оралатын сиякты болып көрінді. Иә, Сабындыкөлдің көк мұзы мен Сарыөзектің ақ ойының «Кел, Қарабала, біздің кеудемізде зымыра, тербел, зула, қызықта»,— деп шақыратын күнге көп қалмағанға үксайды. Кораның есіргі тұсында саты бар. Қарабала үй үстіне сонымен шыққан. Неліктен екені белгісіз, қайтарында ол сатыға барғысы келмеді. Үйінің ық жағында жал бол жатқан омбы қар бар еді. Сол оны тартты да түрді. Келесі сәтте ол солай барып та қалған еді. Көп ойланып бөгелген де жок. Үй үстінен омбы қарға секіріп түсті де, кеудесіне дейін жок болып кетті. Өзінен өзі қарқылдалап құлді. Сонсоң одан малтығып әрең шықты.

### ·Өмірбаянды көбейту жолы

«Өш алу деген айуанға тән құбылыс. Өйткені онда сана болмайды. Айуан тек жауы бір мүйіздесе, өзі екі мүйіздеп қалуды ғана біледі. Ал адам не нәрсені болсын санаға салып, ақылға жеңдіруі керек. Өзіңе өшіккен адамның ары сенен артық па, тәмен бе, осыны біл. Егер тәмен болса... білгені сол

шығар. Ал ары жоғары адам өмірінде ешкімге ала көзімен қарап, сәл нәрсе үшін тиіспес болар» десе, Қарабала Қармыс пен Бәкібайға деген көзкарасын өзгертер ме еді, қайтер еді. Бірақ оған мұндай ақылды ешкім айтпады. Жә, мұның біреуге іштей өшігіп жүргенін кім білсін. Ал сана жағынан Қарабала да ұрганға ұрумен, ұрысқанға ұрысумен жауап беруді ғана білетін бала.

Бүгінгі бір көрініс Бәкібайдан өш алудың айласын тауып бергендей болды. Түстен кейін Қармыс өз жұмысын тастай берді де, Бәкібай жаңына отырып алып, шабақ шабуға кірісті...

Комбинаттың осы кездегі негізгі жұмысы арба жасау болатын. Колхоз машиналары түгел майданға жөнелтілген. Аудан көлемінде резенке табанымен жер басатын бір де көлік жоқ. Машина кетті деп шаруашылықтардың алуан түрлі жұмысы тұрып қалмак емес кой. Темір айырдың орнына ағаш айыр дайындағандай, машина міндеті арбаның өзіне қайта ауған еді.

Ауданда колхоз көп. Бәрі де: «Арба, арба» деп тау жаңғырықтырып жатады. Ал арба жасайтын жер ауданда осы промкомбинат қана. Мұның ішінде балаларға тиген үлес — шабақ дайындау. Шабақсыз доңғалақ болмаса, доңғалақсыз арба жоқ қой. Ал арбасыз соғыс жылының шаруашылығы мұлде төрт тағандап қалған болар еді. Эр доңғалаққа сегізден онға дейін шабақ керек. Ендеше комбинат бойынша әр күні қыруар шабақ дайын болып тұруы міндет. Бұл үлес Жылқыбек, Еділ, Қалымбай, Қарабала және Бәкібай сиякты балалар үлесіне тиген еді. Бұлардың еңбекақысы шапқан шабактарының санына қарап төленетін. Эр шабақ сол кездегі акшаның құнымен он жеті тыын. Егер бала бір айда үш мың шабақ шапса, 510 сом алды дей бер.

Үлкен балташылардың еңбекақысы тұракты. Бір мың сомды кима шапса да алады. Балта қайраса да алады. Тауға, ағашқа барса да алады.

Қармыс осы жерден бір пайданың көзін көргендей. Түстен кейін баласының жаңына отыра қалып

шабақ шаба бастайтын болыпты. Өзіне жүктелген негізгі міндеп — арбаның алдыңғы белағашын дайындау қарап тұрады. Тұракты еңбекақы — бір мың сомды белағаш жасалса да, жасалмаса да алады. Ал баласының қанша алып, қанша кояры шапқан шабағының санына байланысты. Ендеше осы жағына күш салу керек. Бәкібай күніне жүз шабақ шапса, оның үстіне әкесі отыра қалып тағы елуді косып тастайды. Сонда Қармыс семьясының пайдасына күніне елу шабақтың құны артық түсіп тұрады.

Бәкібайдың анау бұрышта теріс қарап, жеке отыруы мен шөрке дайындағанда балаларға қосылмай әкесі екеуінің оқшau жүру себебіне Қарабала көзі енді жетті. Айналып келгенде бір құлқынның құлдығынан шыққан оқшauлану екен.

Қармыстың бұл мінезі жұртқа ұнамайды. Балташылардың үлкені болсын, кішісі болсын оған жиіркене қарайды. Қарабала кейбіреулердің аузынан: «Келді бір қисық өмірге, кетті сол қисық өмірден. Бұл енді баласын бұзады» деген сөздерді естіген. Егер Қармысқа біреу: «Істеп жүргенің жөнсіз» деп бір ауыз сөз айтып көрсінші, сол күні оған таң атып, күн батар ма екен.

Қарабала да оны жек көреді. Мұның өз себебі бар. Енді өмірдің өзі де: «Қарабала, Қармыс пен Бәкібайға не істесен де раяу», — дейтін сияқты. Ол өш алу тәсілін жатпай-тұрмай ойлап еді...

Сол күні тапты да. Бірақ оған Қарабала дереу кірісіп кете алмады. Қеңсе жактан келген бір хабар бөгет болды. Бүгін комбинаттың комсомол жиналысы болуға тиіс. Директор соған: «Бала атаулы түгел келсін», — депті.

Комсомол жиналысы директордың кабинетінде өтті. Үш мәселе қаралды. Бірінші — комбинат өнімін арттыруда комсомол-жастардың ролі. Екіншісі — комбинаттан бір-екі жігіттің әскер қатарына алынуына байланысты үгітшілер құрамын бекіту. Үшіншісі — комсомолға мүше алу.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі жөнінде директор

сөз сөйледі. Оның айтқандары Қарабалаға онсыз да белгілі жай сияқтанды. Екінші мәселе де ұзакқа созылған жоқ. Бастауыш комсомол комитетінің секретары — кассир қызы үгітшілердің жаңа құрамын атап шығып, олардың алдындағы соны міндеттерді айтты.

Ушінші мәселеде... Петр комсомол қатарына өтуге өтініш берген екен. Сол қаралды. Аты аталғаннан-ақ Петр орнынан тұрды. Гимнастеркасында бір бүктесін жоқ. Белбеуін әскердегідей-ақ тартып тастанапты. Жағаның ішінен тіккен ак шүберек ап айқын көрінеді. «Ерлігі үшін» медалі мен әскери сары түймелер жарқ-жұрқ етеді. Оң жақ кеуде қалтасының үстін ала тігілген, ауыр жарапанғаны ның белгісі сары лента да бүгін жаңартылыпты. Бір айбы, сымбатты жігіт оң қолындағы таяққа салмақ сала сүйеніп тұр. Бірақ осының өзі де, бір есептен, оны комсомол мүшесі болуға бір кадам жақындастып тастанадай еді.

— Әмірбаянын Петр өзі айтсын,— деді комсо молецтердің бірі.

Петр таяғына сүйеніп, директор столының жаны на барды. Әуелі директорға, содан соң секретарьға қарап алып, көпке бұрылды. Жүзінде бұрын байқала қоймаған айбат бар.

— Жолдастар, менің әмірбаяным бір парапқағаздың бетіне де толмайды,— деп бастады ол сөзін. Осы сөздің өзі-ақ көпшілікке ұнап еді. Комсомолецитер қозғалысып, бастарын изесіп, біріне-бірі қарасты.— 1922 жылы осы Баянауыл селосында тудым. Осында орыс орта мектебінде оқыдым. Сонсоң 1941 жылы әскерге шақырылып, майданда болып, ауыр жарапанып қайттым. Келісімен промкомбинат қа жұмысқа орналастым. Ал мұндағы міндетті қалай атқарып жүргенімді өзімнен гөрі сіздер жақсы білесіздер...

— Әскерде жүргенде комсомолға неге өтпедің?— деді біреу.

— Бізді бір ай ойнattы. Сонда да полктің комсомол комитетіне өтініш берген едім, қарап үлгермей

майданға жүріп кеттік. Үш айдан кейін ауыр жаралып госпитальға түстім. Соңсоң үйге қайтып келіп... бұл мәселенің шешілуінің сәті түсіп отырғаны осы.

— Қазір жиырмада екенсіз,— деді тағы біреу,— сізге партияға мүшелікке өтініш беруге де болмай ма?

— Эліппені үйренбей, оқуды менгеру жоқ қой,— деп алды Петр,— сол сиякты мен жақсы коммунист болу үшін әуелі жақсы комсомол болу керек деп ойлаймын.

Сұрақ та, жауап та тоқтады. Петр орнына барып отырды. Секретарь жұртқа қарап Петр мәселесін дауыска салды.

— Петр комсомол қатарына алынын дегендер қол көтерсін,— деді секретарь.

Отырғандар қолын түгел көтерді. Шабакшы балалар да қосылып кеткен еді. «Мұның заңсыз, комсомол уставына жатпайды»,— деп ешкім беттен қаққан жоқ. Эр шошайған қолда Петрға деген ықылас болатын. Бәрі де санға кіріп жатты.

Жиналыс аяғында директор сөз сұрап алды.

— Менің сөйлеу ойымда жоқ еді, комсомол жолдастар,— деді Бауан алдында отырғандарды түгел шолып,— бірақ Петрдің бір сөзі орнынан тұруға мәжбүр етті. Петрдің сыпайы адам екені бізге белгілі. Бірақ сыпайы екенмін деп өмірде бастан кешкен істерді жасыруға бола ма? Болмайды! Оның бастауыш комсомол үйимына берген өмірбаянының бір парап қағазға толмағаны рас. Сонымен бірге оның көп нәрсені жасырып қалғаны тағы рас. Мысалы, онда Петр 1941 жылы әскер қатарына өз еркімен тіленіп барғанын жазбаған. Қеудесінде жарқыраған медаль — анау, оны Петр ерлік көрсетіп алған. Егер өмірбаянына жазбаса, ол ерлікті біз қайдан білеміз! Соңсоң ол ауыр жарапанған. Оның өзі бір ерлік. Бұл да жоқ өмірбаянында. Осымен менің не айтқым келіп тұр, жастар? Менің айтайын дегенім мынау — сыпайылық жақсы. Бірақ «өмірбаяным бір парап қағазға толмайды» деп сыпайылық

көрсетудің керегі жоқ-ақ. Адам өзінің өмірбаянының байлығына мактанды керек. Өмірбаянды бір парактан, екі парактан, тіпті он парактан асыруға тырысу керек.

— Ондай өмірбаянымыз жоқ болса қайтеміз?— деді біреу.

— Егер күнде үш мезгіл тамағыңа қуанып жүре берсең, өмірбаяның екі жолдан да аспайды. Ал оны байыту үшін «Осы қофамыма қандай жақсылық істесем екен» деп ойлап жүру керек. Ойдың өзі сені бір іске жетектейді. Сол істі игеру жолында сен игілікті нәтижеге жетесің. Ал ол нәтиже сенің өмірбаяныңа бірер жолды қосып тастанды. Міне, осылай өмірбаян көбейеді. Өмірбаянның бай болуы әр адамның өз қолында. Мысалы, бізде Уәлидің баласы істейді,— Карабала елең ете қалды. Мойның соза түсті,— жасы он үште ғана. Дәл қазір оның өмірбаяны өзімен жасты балалардан бір жол болса да артық. Ол ағаш айырларға олиф майын сіңірудің онай әдісін тапты. Осы сияқты, жолдастар, әр адам өзінің өмірбаянының бай болу жағын ойластыра жүруі керек. Өмірбаянның байлығы — адамның қофамға тигізген үлесінің байлығы. Осыны ұмытпаңдар, жастар!

Жиналыс аяқталғанда қыстың қыска күні бітіп, дала түн құшағына кірген екен. Төгіле шыққан жастар селоның ортасына дейін абыр-дабыр сөйлеп бірге келді де, осы жерде әрқайсысы әр жакқа қарай тарасып кетті.

Қалымбай мен Карабала жеке келе жатыр, аяқтарының астындағы қар ғана сықыр-сықыр етеді. Өздерінде үн жоқ. Карабаланың үнсіз келе жату себебі өзіне аян. Директор өмірбаян байлығы жөнінде әңгіме айтқанда мысалға атын атап, ой жүйесіне түрткі салғандай болып еді. Енді ол тағы бір жаңалық тапса, директор атын тағы да аузына алатында болып көрінеді. Және де сол жаңалықтар мұның өмірбаянының көлемін де көбейте береді ғой. Ендеше директорды да, жүртты да таңдандыру үшін тағы да бірденелерді ойластыру керек. Естіген

құлақ: «Мына Уәли баласының пәлесін қарашы»,— деп жүрсін. Сонда, бұл не істесе екен? Немен таңдандыrsa екен жүртты, ә?.. Қарабала үнсіз. Бірақ ойсыз емес. Дәл осы сәтте оның басындағы ойы Баянаула боранындаі үйтқып келе жатқан. Кенет ол тоқтап:

— Қалымбай,— деді. Серігі де бұған бұрылып тұра қалды.— Соғысқа өзіміз сұранып кетсек қайтеді?

— Қа-қашан?— деді Қалымбай. Басқа сөзге келмей-ак тұпа-тура соғысқа сұранудың мерзімінен бір-ак шыққанына қарағанда әлгі үнсіз жүрісте мұның басында да Қарабала ойындаі боран үйіріліп соқса керек.

— Ертең.

— Е-ертең де-деймісің?.. Жа-жарайды.

— Мен атам жіберген галифе шалбарды киіп барайын. Сен Қәкімнің әскери қалпағын ки.

— Қә-кәкім а-агатайымның жа-жалпақ бе-белбейі де ба-бар ғой үй-үйде.

— Оны күпәйкең сыртынан буынып ал.

— Қа-қалпақ ки-кием де-деп құ-лағым ү-үсіп ке-кетпей ме?

— Онда маған бер, мен киейін.

— Жо-жок. Өз-өзім ки-киемін,— деді Қалымбай.

— Устіміздегі әскери киімді көрсе, өздері де алмай қоймайды,— деді Қарабала.

— А-апамдарға а-айтпаймыз ба?

— Үн шығарушы болма. Жылап мазанды алады. Олар біздің өмірбаянымыздың көп болуын тілейді деймісің. Піштуу... Жандарынан шығарғысы келмейді. Эй, Қалымбай, мен атамның қосауыз мылтығын ала барсам қайтеді?

— О-оның тұ-тұмсығында на-найзасы жо-жок қой.

— Оған найза орнату оп-оңай, білгің келсе.

— Қа-қалай?

— Айырдың бір тармағын бөліп аламын да, мылтықтың басына шандып байлап тастаймын. Және де әбдіреде алты оғы жатыр, ғой.

- Е-ендеше о-оны да а-ала шы-шык.
- Ертең ерте мен саған келем. Сонсоң военкоматка бірге барайық. Ұқтың ба?
- Ұ-ұқтым!

Екеуі осылай ажырасты.

Кешкі тамакты ішкеннен кейін Қарабала жанжағына қарап, әдетте кілемнің бетінде ілулі тұратын қосауыз мылтықты көре алмады.

— Апа, атамның мылтығы қайда кеткен?

— Бөліп-бөліп әбдіреке салып қойдым. Оны қайтесің?

— Жай, көрінбеген соң сұрап жатқаным ғой,— деген Қарабалаға осы бір ауыз сөз мақсатының алдында кесе-көлденең түрып алған кедергідей болып көрінді. Енді қайтпек?! Дегенмен қосауыздың қында жатқаны оны қиналтпады. Бір есебі табылар деп ойлады.

Қарабала көпке дейін үйктай алмады. Қызыл аландағы әскери парадты кинодан көрген болатын. Бірде өзін соның арасынан тапты. Енді бірде басына айырдың бір тармағын байлап алған қосауыз мылтықты алдына кезене ұстап, көппен бірге шабуылға шығып бара жатты. Ол немістердің қалың ортасына кіріп кеткен екен дейді. Өзі үйден әдейілеп қайрап алып шықкан айырдың ұшымен онсын олай, мұнысын бұлай түйреп жүр. Қарсы алдына келгеніне сұғып алады да қарап тұрады. Ұрыс біткесін жанжағына қараса, маңында фашистер өлігі үйіліп қалыпты. Бәрінен де сарылдап қан ағып жатыр. Бір уақытта анадай жерден біреу қол бұлғайды. Қараса, түрі Панфиловтан аумайтын командирі екен. Қарабала өзі түйреп өлтірген фашистердің бірінің белінен басып, бірінің басынан аттап, бірін теуіп тастап келеді. Командирі арқасынан қағып, бетінен сүйді. Сонсоң... Анада Әбілғазының Хамзасы жүрген полк командирінен хат келген еді ғой. Баянауылда арнайы митингі шақырылып, хатты жүртқа оқыған. Командир ол хатында «Хамза Әбілғазиндей әрі ер жүрек, әрі тәртіпті жауынгер тәрбиелеп өсіргендеріңізге ракмет» деп Баянауыл халқы мен

Әбілғазыға алғыс айтқан болатын. Әлгі Пан-филовке ұқсаған командир енді бұл жөнінде де Баянауылға хат жазады. «Қарабаладай батыр тәрбиелегендеріңге рақмет» дейді. Бұл хатты да Бердіқұловтың өзі оқитын болады. Онда да райком алдында митингі ашылады. «Хамза жөнінде келген хатты оқу үшін ашылған митингіде Бердіқұлов жанында Әбілғазы тұрған болса, мен жөнінде келген хатты да оқу үшін ашылатын митингі кезінде секретарьдың жанында апам тұрады. Мүмкін, ол кезге дейін еңбек армиясынан атам қайтып келе қалса, онда Бердіқұловтың екінші жағында сол тұрады... Сонсоң мен бір аяғымнан жарапансам. Бір медаль тағып, таяқ ұстап елге қайтып келсем. Промкомбинатқа жұмысқа кірсем. Енді шабак шабуды тастап, Петрғе ұқсап завхоз болсам. Ойбай, онда Петр ағай қайда кетеді? Жок, сол кезде промкомбинатта екі завхоз болады дейік. Бірінің міндеті — үлкен балташылар жасап шығарған өнімді қабылдап алу. Екіншісінің міндеті — балалардың шабағын санап алу. Осы екінші завхоз мен болсам. Ох, Бәкібайды күнде әкесіне танытып отыrap едім-ау... Баршагұлді окуйнан шығарып алып, кассир етіп қойсам. Сонсоң мені комбинат комсомолға алса...»

Қарабала қалай үйқтап кеткенін өзі де білмей қалды. Ұрланып келген үйқы оны тұңғиығына лезде тартып әкетті. Бірақ үйқы оның ойын бөле алмаған еді. Арманы үйқы кезінде тұс бейнесінде жалғасып жатты.

...Мұны комсомолға директордың өзі алып жатыр екен дейді.

— Қане, Қарабала, өмірбаяныңды көрсетші?— деді ол бұған.

Қарабала бір қалтасынан он шақты парап қағаз алып үстел үстіне қойды.

— Осы-ак па?— деді директор.

— Жок,— деді де, Қарабала басқа қалтасынан жиырма шақты парап қағазды тағы алып шықты.

Ол қағаздарды үстел үстіне қоюы мүн екен, ашыған қамырдай өздерінен өздері өсіп, көбейіп

барады. Қарабала қалта-қалтасынан алып шыккан өмірбаяндарын апарып қосып жатыр. Қағаз өсе-өсе бір кезде төбеге барып тірелді.

— Осының бәрі бір адамның өмірбаяны ма, жасаған?!— дейді Сәрсекей.

— Эрине, өзіміздің Қарабаланың өмірбаяны фой,— деген директор алдындағы қағаз тауынан былай шыға берем дегенде, едениң бұрыннан солқылдан тұратын ескі тактайын басып қалды. Үстел қисалаң етті. Сол-ақ екен, төбемен тірелген өмірбаяны Қарабаланың үстіне қарай ауып келе жатты. «Ойбай, құлады»,— деді Сәрсекей, «Ойбай, басты»,— деп айқай салды Қарабала. Сол айқаймен оянып кетсе, жанында апасы еңкейіп тұр екен.

— Неге айқай салдың?— деді апасы.

— Не деп?

— Ойбай, басты деп.

— Жай,— деді де, Қарабала басын көтерді.— Уақыт қанша болды, апа?

— Таң атты. Сағат жетіден кетті.

Қарабала тұрып тамағын ішіп болғаннан кейін, кешегі уәделерінше киініп, Қалымбай үйіне келді. Қалымбай әлі үйқыда екен. Шешесінің «тұр-тұрлап» жүргеніне қырық минуттай болыпты. Әлі селт етпестен жатыр. Дегенмен Қарабаланы көргеннен кейін атып тұрды. Тез киінді. Тамак ішуі де көп уақыт алған жоқ. Ол ағасы Қәкімнің әскери қалпағы мен белбеуін ішіне тығып үйден жасырып алып шықты. Корада құлақшының ағаш үйіндісінің іргесіне лақтырып жіберді де, басына қалпакты киді. Белбеуді фуфайка сыртынан буынып, портупейін иығынан асырып тартып қойды.

— Эй, сен Аманкелдіден титтей де аумайсың-еї,— деді оған сүйсіне қараған Қарабала.

Қарабаланың теңеуі Қалымбайға ұнап кеткен еді. Ол да досына қарыздар болып қалғысы келмегендей:

— Се-сен, ЧА-ЧАПАЕВТАН,— деді.

Біріне-бірі қайтып үн қатпағанына қарағанда екеуі де өздеріне арналып айтылған теңеуге дән

дәме күтіп күлімдеген еді. Аздан соң комиссар балаларға жақындей түсіп:

— Мынаның жасы нешеде? — деп сұрады Қалымбайдан Қарабаланы көрсетіп.

— О-он ү-үште.

Сонсоң комиссар Қарабалаға бұрылды.

— Ал мынаның жасы ше? — деп енді саусағымен Қалымбайды түртті.

— Он төртте ғана! — деді Қарабала.

— Ендеше о баста жастарыңды неге өтірік айттыңдар, ә? Комиссарды алдауға бола ма екен?

— Кешіріңіз, — деді Қарабала, — алдауға болмайды. Бірақ бізді әскерге ала беріңіз.

— Өздерің әскерге алынуға әлі жас екендерінді білесіндер ме?

— Жасымызға қарамай-ақ ала беріңіз, — деді Қарабала, — бәрібір әскерге ауыртпалығымыз түспейді.

— Бұл сөзді неден шығарып айтып тұрсың?

— Міне, мына Қалымбайдың қалпағы мен белбейі бар. Менің галепе шалбарым бар. Атам Семейден жіберген.

— Өздерің мұлде дайын екенсіндер ғой, — деді кенеттен жәдірай түскен комиссар.

— Мы-мынаның мы-мылтығы да ба-бар, — деді Қалымбай.

— Мылтықтарың да бар ма?

— Бар. Қосауыз. Бірақ апам тығып қойыпты. Ертеңге дейін жөнелтпей тұра тұрсаңыз, бүгін түнде үрлап әкелем, — деді Қарабала.

— Майданда адамның өліп қалуы мүмкін екенін білесіндер ме?

— Өлімнен біз қорықпаймыз, — деді Қарабала, — менің әкем мен мынаның ағасынан кара қағаз келді. Жанымыз олардан артық емес.

— Өздерің бұл соғыс біtedі деп ойлайсындар ма?

— Ойлаймыз. Сондыктан да бітіп қалмай тұрғанда жіберуіңізді сұраймыз.

— Қім женеді деп ойлайсындар?

— Бі-біз!

— Егер,— деп комиссар балаларға әлі де болса жақындаң түсті,— сендердегі жастарды майданға жіберіп, қырып алсақ, соғыстан кейінгі өмірді кім құрады? Сендер, балалар, мынаған құлак салындар. Эр үрпактың өз үлесіне тиғен заманы болады. Сол үрпактың әр азаматы өз заманының айбынды солдаты болуға тырысу керек. Мысалы, Ленин замандастарының үлесіне революция жасау тиді. Біздің әкелеріміздің үлесіне социализм құру тиді.— Біздерге,— комиссар шолақ қолын сілтеп қойды,— сенің әкене, сенің ағана, мына маған социализмге қауіп төндіріп келген фашизммен қиян-кескі соғыска түсү үлесі тиғен. Осы соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін еліміз коммунизм құруға кіріседі... Өздерің коммунизмнің не екенен білесіндер ме?

— Білеміз,— деді Карабала.— Оны маған атам айтқан.

— Иә, не деп еді атаң саған?

— Тамақ, киім көп болады деген, магазиндерде ойыншық мылтықтар толып тұрады деген. Бала таңертеннен кешке дейін ойнап жүрсе де апалары үрыспайды деген. Балаларды кешкі киноға да жібере береді деген. Оку, оқымау әр баланың өз еркінде болады деген.

Комиссар үйді басына көтере қарқылдап құліп алып:

— Қой, қой, сен коммунизм мақсаттарын емес, өз арманыңды айтып бара жатырсың,— деп Карабаланы тоқтатты да, Қалымбайға бұрылды.— Сен коммунизм дегенді қалай түсінесің?

— Ма-маған Кә-Кәкім а-ағатайым же-жердегі жұмақ де-ген.

— Ал, жұмақ деген не?

— Бі-білмеймін.

— Жұмақтың не екенін сен білерсін?— деп ол Карабалаға бұрылды.

— Білемін. Ол құдайдың төргі бөлмесі.

Комиссар тағы мырс етіп құліп жіберді.

— Дұрыс, дұрыс,— дейді өзі,— өте дұрыс. Құ-

дайдың төргі бөлмесі жаман болмау керек, солай емес пе?

— Солай.

— Ал егер құдайдың төргі бөлмесін жерге әкеп орнатып алсак не болар еді? — деді комиссар.

— Со-сонда ко-коммунизм бо-болады,— деді Қалымбай.

— Міне, сендердің үлестеріңе тиетін істің өзі жерге жұмак орнату. Білдіндер ме?

— Білдік.

— Бі-білдік.

— Сендер соғыска емес, коммунизм орнатуға дайындалуларың керек. Барындар, соғыс кезінде комиссардың уақытын алмас болар.

Әскери комиссариат кеңесіне кеуделерін керіп, бастьарын кекжитіп, қолдарын сермей, аяқтарын адымдай басып келген екі бала промкомбинатқа сүмірейіп қайтып келе жатты. Екеуі де үнсіз. Олар кабинеттен шыққаннан кейін комиссар комбинатқа телефон соғып, директорға болған істі айтып, балаларға ұрыспаудын қатты тапсырған еді. Сол себепті оларды «қайда болдындар?» деп зеки қарсы алған ешкім болған жок. Үн-тұнсіз келіп шабактарын шаба берді. Бірақ «Ел құлағы елу» деген ғой. Ол екеуінің комиссарға барып, майданға сұранғанын түстен кейін бүкіл комбинат айтып жүрді.

### *Бұл да арман еді ғой*

Баянаулаға қашан да қар қалың түседі. Осыда болу керек, күн қызы молайса, әсіресе көлеңкүстар мен аяқ астының қары оңайшылықпен ер қоймай, еріген қар оңайлықпен кебе қоймай, жәлайсан, ми батпақ болып, көктем ұзакқа созыладе Мұндайда Баянауылдың көшесі мен Баянауланың даласында донғалакты транспортты ешкім көрмейді. Жаяудың өзіне соқа басын алып жүру киын. Аудан басшылары тек салт атпен ғана жүреді. Осындағы құндердің бірінде Баянауылға сырттан біреу келе

қалса, жұрт көше-көшесінде балшық езіп жүр екен деп ойлап қалары сөзсіз. Биылғы көктемнің де өткен көктемдерден айырмашылығы болған жок. Промкомбинат көктемнің бас кезіндегі бір қатқақта қолында бар көлікті түгел жегіп, тауға керуен тартып, ағаш тасып алған еді. Сонысы қар кетіп, жер құрғағанша әрең жетті.

Әдette промкомбинат шебер балташыларды өндірістен айырып ағашқа түгел аттандыра коймайды. Тауға күнде кезекпен екі-үшеуін ғана жіберіп, ағаш қорын еселеп отыратын. Қалғаны комбинат ішіндегі жұмыстарынан кол үзбейтін.

Бүгінгі күн, мінеки, көктемнің соңғы күні ме, әлде жаздың алғашқы күні ме, әйтеуір дүние бір түрлі жадырап тұр. Сүренсіз бұлттан арылған ашық аспан да көк, мұз құрсауынан арылған Сабындықөл де көк, қар жамылғышын сілкіп тастаған тау да көк. Дүние біткен көк жамылып көңілдене түскендей

Жаздың жадыраңқы күнінде цехқа бас сұққысы келмегендей балташи біткен комбинат ауласында жүр. Көктем басында тасып алған ағаш коры таусылып, тауға баруға түгел жиналышп жатыр

Қарабала таңтертең қақпадан кіріп келе жатқан да, Петр оны ұстап алып:

— Сен де барасың ағашқа,— деген де, колына бір өгіздің бас жібін ұстатьп, арбаны көрсеткен

Қарабала құнан өгізін лезде жегіп алды. Ол жегіп жатқанда Петр былай барып, сырттан қарап тұрып күлген еді. Кіп-кішкентай, тығыршықтай адамның баласы — Қарабалаға малдың баласы құнан өгіз де сай екен. Оның да бойы аласа. Денесі өзжұп-жұмыр.

Ендігі сәтте ағашшылар керуенінің басы комбинат қақпасынан шығып бара жатты. Алда, әрине, қара өгіз жеккен Сәрсекей...

Қарабала өз арбасына отырды да, өгізін айдаладан шыға берді. Мойнын созып алда кетіп бара жатқан Сәрсекейге қарайды. Бұл қарасында: «Шіркін-ай, осы бетімен кіре Баршагұл үйінің алдымен өтсе гой» деген тілегі бар. Қыз терезесімен қатар-

ласа бергенде «соп-соба» деп даусын көтеріңкіреп, өгізді бір ұрып қалса... Баршагулдің есік алдына жүгіріп шығары сөзсіз. Осыншама арбаның салдыргұлдірі оны тысқа шығармай қоймас. Сәрсекей бастаған мына тізбекте қанша салтанат бар десейші. Бұған кім қызыға қарамаушы еді. Егер осы кіре үйінің алдынан өтіп бара жатса, Баршагул есік алдына шығар-ау... Бірақ Сәрсекейдің қара өгізі қыздың үйі тұратын көшеге бұрылмай, тұра кетіп бара жатты...

Қарабала балташылар кіресіне бұрын да қатты қызыға қарайтын. Элі есінде, ол кезде бұл ойын баласы. Баянның Несілбек, Шәйкен, Сәруар, Қақатай, Кәрібай сияқты бозбалары ат ойнататын алаңға алтыбақан құратын. Қарабала сияқтылар шырыш тасып, үйлерінен арқан, бас жіп ұрлап әкеп беріп, үлкендер алдында бәйек болып жүретін. Сонда да оларға оңайшылықпен кезек тиіп, әткеншек теуіп, қарық бола қою қайда. Дегенмен алтыбақанның бір сәті болады. Ол кезде Қарабалаларға тұні бойы кезек бермей жүрген ересектер мүлде жоғалады. Ойын-сауық, өлең тыйылады. Сұңқылдаған дауыстарымен кәрілердің де үйқысын қашырған қыздар да ғайып болады. Тұн қараңғылығы серпіліп, таң бозарып келе жатады. Міне, осы уақытта Қарабалаларға алтыбақан емін-еркін тиетін. Олар әткеншек қызығына жаңа бата бергенде госпром жанындағы белден бері түсіп келе жатқан керуен көрінеді. Алда Сәрсекейдің қарақасқа өгізі. Соңсоң олар алтыбақанның жанынан өтеді. Кіре алдында Сәрсекей, соңсоң Әбілғазы, Қарабек, Афонька, Рақыш, Жұмабай, Қармыс... Бәрі де ағаштан түйін түйетін балташылар, бәрі де осы өнерлері үшін Баянаула ағашына шексіз борышты адамдар.

Ендігі сәтте теңселе басып, сықырлай жылжыған керуен бетін Шоңайға ұстап, сонау ақ баздан әрмен асып бара жатады. Бұл уақытта Қішіастың ар жағынан аспанға алтын шұғыла шашып табақтай сары күн де көтеріліп келе жатады. Ол Қарабала көзіне Баянаула кереметтерінің керуенін қарсы

алуға әдейі шыққандай боп көрінетін. Осы кезде Қішікөл жақтан күн шұғыласы қытықтап оятқан құс қиқуы да құлакқа келетін. Бірі сұңқылдаپ, бірі шаңқылдаپ, бірі шырылдаپ, енді бірі таңдай қағып, әлгі өнеріне таңғажайып симфония үнімен сәтті сапар тілеп жатқандай болып естілуші еді. Не болмаса, Сәрсекей бастаған керуен бүкіл аудан атынан осынау таңда, әлдебір жалмауызben күресуге аттанып бара жатқан адудын күштің иелеріне ұқсайтын. Өгіздерінің сабырлы жүрісі мен өздерінің арба үстінде салмақты отырысынан «біз жеңбейтін күш жок» дегенді анғартатын сияқты еді.

Бала біткеннің көзі керуен соңында. Осыларына қарағанда олар да Қарабалаға ұқсап қиял шырмалында түрғандай. Осында кезде мына балалар не айтсаң соған көнгіш. Аскак арманды, жойқын ерлікті сұрап түрған балдырған жан оттан да тайынбай көсе жөнелуге бар, судан да тайынбай кеше жөнелуге бар. Осыны білгендей біреу тұрып:

— Балалар, жүріндер, бұтакқа барайық,— дейді.

— Жүріндер,— дейді бәрі де бір ауыздан келісіп.

Сонсоң олар тарап кетеді де, әрқайсысы бір-бір тәшке сүйреп алтыбақан маңына қайта жинала қалады. Ендігі сэтте осы жерден Малай орманына қарай көсіліп жатқан жолмен тәшкелі жаяулардың керуені кетеді: Баянауылда тәшкесіз үй болмайды. Оны балалардың өздері-ақ жасап алады да, жазбайы осылай бұтак тасып, қысқа отын жинап алады. Балалар бұтағы бар жерге жеткенше ойнап барады. Мұндайда әсіреле ағалы-інілілер Faфу мен Бари, Солтанбек пен Бәсту, Қалымтай мен Бабатай, Қалымбай мен Қанилардың жүрістері ересен қызық. Үлкендері екі арыстың арасында жүреді де, кішілері шетке «жегіледі». Жүріс кезінде, шеткілердің бастарын сыртқа қарай бұра тастап, «желе-шауып» отырғанын көрудің өзі бір ғанибет.

Алдарында өткелсіз өзен, жолсыз асу, қисық қия, қынасыз тас, құлдыраған ой жатады. Бірақ

оны ешқайсысы елең етпейді. Тізбектелген беттерімен Ақбеттің бауыр тұсына кіре береді, кіре береді. Өстіл келе жатқанда балалар көзі алдына, дәл осы кезде Баянула сілемінің басқа түкпіріне бойлап бара жатқан Сәрсекейлер кіресі елестейді. Бұлар жүріс-тұрысымен соларға еліктеп бағушы еді...

Тұс ауа тәшкелеріне бұтак тиеген балалар Малай орманының бас жағынан шығып, қайтып келе жатады. Күйгенбет тауының күншығыс жақ беткейінде-гі көк майсаға жеткенде тәшкелерді жолдан шығарып, дем алуға отырады. Мана тәшке алып келуге үйді-үйлеріне тарасқанда, азын-аулақ азықтұлік те ала шықкан. Соларын ортақ дастарқанға салып тамактануға кіріседі. Әлде шаршағанның белгісі ме, тамақ үнсіз ішіліп, үнсіз желінеді.

Тамақтанып болғаннан кейін бәрі де білектерін жастанып шалқалай жатады. Қөгілдір аспанның көз тоқтатар бұдыры болмаған соң, олар Ақбеттің басына қарайды. Ақбеттің басы — Баянула сілемінің ең биік аскары. Ал Баянула басына қарасан, ол сенен бірдене сұрағандай болып тұрады. Соған жауап іздемін деп сенің қиялышың қозғалады. Әлде ішке сыймаған қиялдың сыртқа шықкан түрі ме, осы кезде біреуі:

— Ақбеттің басынан Кереку көрінеді дейді ғой,— деп қалады. Балалар арасынан басы артық сөз шыға қоймайды. Бәрі үнсіз. Өйткені әлгі сөзге күмән келтірмеуші еді. Ақбет тау біткеннің ең асқағы ғой. Дегенмен әлден соң тағы біреуі күңк етеді.

— Оны айтсандар, Ақбеттің басына шықсан, Кремльдің жұлдызы көрінеді дейді ғой.

Осылай жатып балалар біртіндеп үйқығы кетеді. Оларды тек Күйгенбет тауы ғана құзетіп тұрады.

Кешқұрым күншығыс жақтан Баянуылға тақтайлық салдаулар тиеген Сәрсекейлер керуені аяқтарын ауыр алып кіріп келе жатады. Осы кезде солтүстік жақ бүйірінен тағы бір көш көрінеді. Олар — бұтакшы балалар тізбегі. Екі көш Баянуылға бір мезгілде келіп кіреді. Содан кейін үлкен көш иелерінің не істейтінін кім білсін, балалар

бұтактарын үйді-үйлеріне апарып тастансымен клуб маңында қайта бас қосып, көлге бет алады. Бұл уақытта Сабындықөл айнадай болып тұнып жатады.

Сабындықөл Баянауыл селосының шеткі үйінің табалдырығынан басталады десе де болғандай. Ал клуб селоның орта тұсында. Сонда да балалар киімін клубтың жаңынан бастап шешкеннен көлге жеткенше шешіп барады да, село ортасынан жүгірген беттерімен суға қойып-қойып кетеді.

О, дүние, Сабындықөлге бір сұнгіп шығып, құмайт түбіне табаныңды басып тұра қалсаң ғой! Әсіресе оның кешкі сүнін айт. Жылылығы да, жұмсақтығы да денеге бөбек алақанындағы тиеді. Эр баланың үйінде өз анасы болса, Сабындықөл солардың бәріне ортақ ана. Қос ана — бірінен-бірін айырып болмайтын табиғат сыйы.

Міне, қазір олар Сабындықөл ананың қеудесінде еркелеген бөбектей еркін малтып, сұнгіп жүр.

Сабындықөл де бөбектерінің балын денесін сүйіп тұр. Бір сұнгіп шыққаннан кейін кешеден бергі шала үйқы да, шаршағандық та, үсті-бастарының кірі де түгел ғайып бола қалады. Солай тұрып сен әлдененің дененді шымшығанын сезесін. Жоқ, Сабындықөлде адамға закым келтірерліктең зиянды ештеңе жоқ. Элгі шымшыған балық қой. Қәдуілгі балық. Бұл көлдің баласы балығына, балығы баласына үйренген.

Балалар бойына Сабындықөлден күш-куат алатыны сонша, олар енді келесі күннің осы уақытына үйктамауға бар.

Басқа елдің балалары сияқты Баянаула балалары да үлкенге еліктегіш, солардай болуды арман еткіш келеді. Алтыбақаннан қалмау да, тәшкелеп бұтак тасу да сондай арманнан туған көріністер болса керек. «Шіркін-ай, Сәрсекейге ұқсап белге балта қыстырып, қарақасқа өгізді жегіп алып, көш бастар күн болар ма екен?»— деп талайлары іштен тынып тұратын. Бірақ көбі бұл арманға жете алмаған еді...

Сәрсекей бастаған бүгінгі көшке іліккеніне басқа

ешкім мұндай қуана алмас еді. Және Қарабала да өзінің дәл қазіргі қуанышына тең келетін басқа шаттық бар деп біле бермейді — ол түңғыш рет қөлікпен тауға шығып барады. Ағашты өз балтасымен шауып, өз арбасына артады. Өзіне берген өгізбен сүйреп әкеледі. Сонсоң мұның әкелген ағашынан арба жасалып, ол колхозға жіберіледі. Колхоз онымен ауданға астық әкеледі. Ол астық нан бол пісірліп майдандағы жауынгерлер дастар-қанының үстіне қойылады. Ол нан тіл үйірердей тәтті болады. Адам бойына ересен қуат берердей жәрлі болады. Өйткені ол нанды тасыған арба Қарабала әкелген ағаштан жасалған рой. Ал ол ағашқа мұның жас денесінен шыққан тер сіңген!

Қарабала қуанышының сырь осы.

### *Аспан астындағы әңгіме*

Баянаула сілемі жыпырлаған жотадан тұрады. Бұл жоталардың ең ұзыны Ақбет. Құнгей жағы мен теріскей жағынан қарасаң, шөгіп жатқан алып пілге үқсайды. Баянаула тауы аспанға ұмысина біткен ондаған асқардан тұрады. Бұл асқардың ең біті Ақбет, оның шығыс жақ бөлігі — әлті «пілдің» нақ шекесі. Сәрсекей бастаған көш Шоңайдан асып түсіп, Қырғышы тауын бөктерлей Ақбет «піліне» мандай тұсынан жақындалап келе жатты.

Қарабала Баянаулада өсті дегенмен, сілемнің осы тұсына алғаш рет келіп тұр. Қазір оның алдындағы Ақбет — тарих пәнінің кітабынан көрген Египет пирамидасына үқсайды. Екі қыры екі жақ етектен басталып, сонау шошайған төбеде қосылады. Қарабала Қырғышы тасының етегіне шыққаннан бері осы Ақбетті қызықтап келеді. Ақбет Баянауылдың әр үйінің терезесінен көрінетін, әр үйінің есігінен көрінетін. Қөшесінен де көрінетін. Балалар үй маңындағы тас басына шоғырланып отыра қалысқанда да, көлде шомылып жүргендеге де, Қүйгенбеттің көленкө жағындағы көк майсада дем алып жатқанда да —

қайда жүрсе де көздері алдымен Ақбетке түсетін. Сонда Ақбеттің балабұлт жылжыған мына басы жас қиялды қозғап, асқақ арманға құлаш ұрдыратын. Ақбеттің басына шықса дүниен бәрі көрініп тұратындай болатын. Содан соң балалар: «Шіркін, бір шығар ма еді» деп армандайтын. Сол арман иесінің бірі осы Карабала ересек балташылар сияқты Ақбет пирамидасының түбіне, бұлак маңындағы көк майсаға өгізін доғарып жатты.

Қарабаланың ешкімде жұмысы болған жок. Арбасының жанында тұрып, Ақбеттің басына қаралды — тіл-тік. Бас киімі түседі. Тіпті Ақбеттің алыстан көрінетін үшкір басы түбіне келіп қарасаң көрінбейді екен. Тегі, тәқаппар таудың керілген қеудесі тасалап тұрса керек. Сонда да ол биіктің қай шамада екенін түспалдайды. Көзбен емес, дәл қазір көңілмен көріп тұрған биік оны қол бұлғап шақыратын сияқты. Қарабала: «Шықсам ба екен, шықпасам ба екен» деп ойлап бөгелген жок. Өгізді доғарған жерден өр басталатын. Ол Ақбет етегі. Қарабала сол жерден жоғары өрмелеп барады. Ақбеттің мандай тұсында ерекше шығып, еркін ұмысынып тұрған жартас болмайды. Өзі қырынан қарағанда пілге қандай ұқсаса, Қарабала өрмелеп келе жатқан тұсы да піл мандайына сондай ұқсайды — бір тегіс. Тек алып пілдің денесіне шыққан түгін еске саларлықтай жалпағынан өскен қарағайы бар.

Қарабала өрмелей берді. Артына қайырылып қараған жок. Есі-дерті Ақбеттің ұшар басы. Көзі де, көкірегі де жоғарыда, қалың қарағайдан көрінбесе де, осы тұстан шығып қаларсың-ау деп көңілімен мезгеп келе жатқан тау басында.

Ақбет басына шығуға екі аяқ жеткіліксіз. Оған бір қолдың көмегі де жете бермейді. Қебіне қабырғаға өрмелегендей екі аяқ пен екі қолдың күшін түгел пайдаланып шығуға тұра келді. Қарабала балтасын таяқ орнына жұмсал, оны жерге тіреп тұрып, екінші қолымен қарағайдан ұстап, тартқылап, келесі метрді әрең алады. Кейде қиялап жүріп, ирек салып біраз жерге шығып қалады...

Ақыры ол көз жанары қадалудан талмайтын, көніл арман етуден арымайтын биікке шықты-ау. Міне, ол алып пілдің нақ шекесін аяғымен басып тұр. Бас киімін қолына алды да, бетін батысқа бұрды. Осы жақтан жанды рақатқа бөлегендей жұмсақ самал есіп тұр еді. Өрмелеп келе жатканда әрі желсіз қапырыктан, әрі тік өрден екі өкпесі қысылып, қатты демігіп шаршаған еді. Самал оны қолымен алып тастағандай болды. Ол енді бұл жерге өрмелеп шыққан сияқты емес, аспаннан топ етіп түскендей тын.

Қарабала солай тұрғанда көзімен батыс жақтағы көкжиекті тінте қарайды. Шығыс жақтың да алыс түкпіріне көз салып қояды. Жоқ, ештеңе де жоқ. Не Кремльдің жұлдызы көрінбейді, не «осы Павлодар-ау» дейтіндей елес көзіне ілікпейді. Осындай ашық күні көзге көрінбегендеге, енді олар қашан көрінеді. Әлде Баянаулада туып-өскен адам Ақбет басына шықпай қоймасын деп шығарған лақап па екен? Эй, тегі, солай болды-ау! Мейлі көрінбесе көрінбей-ақ қойсын. Селоға барғаннан кейін Қарабала да «көрдім» дейтін болады. Бәрібір төменнен қарағанда Ақбет басы қиялын қозғамай қоймайды, сонда Қарабала «көргенін» айтады. Кремль жұлдыздарының «жарқырап» тұрғанын айтады.

Қарабала ендігі бір сэтте өз бойына өзі назар салса, түлеген құстай жеңілденіп қалған сияқты. Самал оның бойына тағы бірнеше Ақбеттің басына шығар құш-куат бергендей екен. Бір түрлі жадыраңқы. Ол бетін самалға шексіз өпкізіп, қозғалмай тұрған қалпында ту сыртынан:

— Уф-ф, жарықтық бұрын мұнша биік емес сияқты еді ғой,— деген үн естіп, жалт бұрылды. Тас үстінде ентігін баса алмай Сәрсекей отырды.

— Ата, сіз бұрын шығып па едіңіз, мұның — басына?

— Бұрынғыны қайтесін, қарғам, осы жолғы шығуым ақырғы рет шығар. Өзің ше, балам?

— Мен бірінші рет, ата.

— Бірінші рет шыққан жанға Ақбет басынан

ашылар сыр көп болады. Соңсоң ол сыр адамды осынау жерге келе беруге шакырады да тұрады... Сенің шүйкедей болып, өрмелеп бара жатқаныңа қызығып қараймын деп өзім де, міне, келіп қалыптын.

— Ата, қазір дүниеде сіз бен менен биіктे отырған ешкім жоқ-ау осы. Бізден жоғары тек әуе ғана,— деп, Қарабала көгілдір аспанға қарады.

— Адамның бір биікке шығып алғаннан кейін, тағы да жоғары қарауы арманың асқактығынан гой. Кей кезде сол адамның жаны төменнен де ләzzат ала алады.

Сәрсекейдің мұнысы төмен қара дегені еді. Қарабала да осылай ұғып, көзін аспаннан жерге түсірді.

Баянауыл баласының тілі аула тауларының атын атауымен шығады. Бұл қасиеттен Қарабала да құралақан болмайтын.

Ол биіктен Баянауланың дөңгелене біткен таулы өлке екенін көріп тұр. Әлде Ақбеттің сырттан қарандасы бейнесінің пілге ұқсастығынан ба, Қарабаланың көзіне кенет бұл сілем емес, үдере көшіп келе жатқан сансыз піл табынына ұқсап көрінді. Бұл табында пілдің үлкені де бар, кішісі де бар. Егер біріне-бірі тіркескен, біріне-бірі жабыскан осынау «табын» шығыс жаққа қарай «жылжып» бара жатыр десек, онда Ақбет көштің солтүстік шетінде алға біраз үмсына біткендей екен. Ол «пілдің» ең үлкені. Қалғаны оның соңында. Одан әрменгісі онға қарай шығып, қатар түзеп жалпағынан «жылжып» келе жатқандай. Ал Ақбеттің солтүстік жағы мұлде ашық дала.

Тау «көшінің бағытына бет бұрып тұрсаң, он қол жақта алға шыға біткен адыр көрінеді. Ол шөккен нарға ұксайды. Адырға асыла біткен алып тастар нарға артқан жүкті еске салады. Бұл адырдың атын Қішітас дейді. Қішітастың құнбатыс жағында, араларына сай салып тағы да бір адыр жатыр. Қішітаспен қатарласа тұрғандағы көлемі бұзаудың жанындағы сиырдай. Қішітас бұзау болса, мына адыр — сиыр. Егер осы тұрған жерінде бұл адыр болмасыншы. Баянаула сілеміне сұлу әр беріп жатқан Сабынды-

көлді ешкім көрмес еді — әрмен, еңістікке қарай ағып кеткен болар еді. Қазір ол адыр «Аялда, сұлу, аялда» деп қанатын кең жайып, көлдің жолын бөгеп тұрған сиякты. Не болмаса, Баянаула сілемінің сансыз асқарларының ішінде Сабындықөлді құшағына алып, бауырына қысып, жалғыз өзі иемденіп алған тәрізді. Мәлдірден көзін айырмай, құмарта төнеді де тұрады. Баянаулада желсіз күн жиі кездесі. Сондай күндері Сабындықөл беті ешбір дірілсіз айнадай болып жатады. Сонда оның тұнығына әлгі таудың ғана сәулесі түседі. Сабындықөл мен жалаңаш адырдың бүгінгі көрінісі де дәл осындай. Көл тыныш. Бір сәтке қалғып кеткендей. Ендігі сәтте көл мен тау Қарабала көңіліне басқадай ой салып еді. Әлде сүреңсіз қара қошқыл бояуы мен қожыр-қожыр тастарынан ба, адыр Қодарға ұқсады да, тыныш жаткан мәлдір көл Баян сұлудай болып көрінді. Желді күні Сабындықөл бұлқан-талқан болып ашуланады. Толқын үйіріп, ақ көбік атады. Өні де сұрланып кетеді. Сонда бұйра толқын екпіндей барып «Қодарды» кеудеден ұрып жатады, ұрып жатады. Бұл сұлудың бір сәт азаттықты аңсан, сүйкімсіз құшақтан арылғысы келгені сиякты елес береді. Бүгінге дейін Сабындықөл сансыз рет ашуланған болар. Бірак табиғат «Қодарын» еркінен көндіре алмапты. Ол әлі безер қалпында тұр. Шығармайды сұлуды құшағынан. Сол Қодар бейнелес адырды халық Үлкентас деп атайды.

Үлкентастан әрмен Қызылшың. Баянаула сілемінің орманы сол Қызылшыңнан басталады. Қызылшыңмен арасына Қешет асуын салып, мына жакта Құркелі тауы дөңқиіп жатыр. Құркелінің солтүстік жағында бірімен-бірі иін тіресіп тұрған таулар тізбегінің әр шоқысын Қалпактас, Жалаңбас, Қорап, Киікші деп атайды. Үдере жылжыған пілге ұқсан көрінетіндер осылар. Жалаңбас пен Қорап тауларының аралығынан көрінген сары адырды Мырзашоқы дейді. Егер Баянаула сілемін ана деп, Баянауыл селосын бөбек дейтін болсақ, Мырзашоқы Жалаңбас пен Қорап тауларының аралығынан келіп, екеуін екі

жакқа ығыстыра түсіп, бөбекке таңдана қарап үніле қалғандай еді.

Киікші тауынан кейін сілем тұлғасы бетін шығыска қарай бұра түседі. Киікшімен арасына Жасыбай асуын салып созылып жатқан ұзын қырраттың аты Үшқуыс. Содан соң осы Ақбет. Ақбеттің алдында үш жота және бар. Бұл Ақбеттің піл тұмсығы тұсынан басталып сонау далаға, еңістікке қарай көсіліп, қожыр-қожыр болып жатады. Бұл жоталардың көлге алыстан ерекше көрінетін шошақ тасын халық Қырғышы дейді. Сыртынан қарасаң Ақбет — пілді жетектеп келе жатқан бейнеге ұқсайды.

Ақбеттің шығыс жақ етегінен екі сай басталады екен. Олар осы жерден созылғаннан сонау даламен астасып кетеді. Әлгі жоталарды ұзынынан жарып салалап жататын осы сайлар. Осыдан болу керек, Ақбеттің алдындағы құжынаған ұсақ тауларға халық Үшсала деп ат койыпты. Үшсала етектерінің бір шеті шілік, ұсақ тас бейнесімен барып Қішітасқа қол созып, сонымен жалғасып жатады. Баянаула тауы осылай дөңгелене жаралыпты.

Қарабала өзінің туып-өскен таулы өлкесіне қайта-қайта қарай береді. Қараған сайын Ақбет биігі сілемді басқа түрде көрсететіндей. Қарабаланың көз алдына неше алуан сурет елестейді. Енді бір сәтте село салынған алаң жайылған дастарқанға ұқсап көрінеді де, әлгі өзі көз тоқтатып шыққан таулар, дастарқан маңынан орын алған жандар сияқты болып елестейді. Оның ішінде Күркелі, Қалпактас, Жалаңбас, Мырзашоқы, Қорап, Киікші таулары төрден орын алғандай. Ал Қызылшың бұрышта тағам дәметіп отырған баладай. Дәл осы оймен қараса, Сабындықөл табакқа ұксайды екен. Ал Үлкентас самаурынның кешіккеніне ашуланып, ызбарланып отырған қара бәйбі sheden аумайды. Село үйлері мен оның маңына шашылған сансыз тастар дастарқан үстіндегі тағамды еске салады.

Не болмаса...

Арқа қазактарында үй салудың ертеден келе жатқан әдісі бар. Әуелі аумақты жерді ортаға алып

төрт қабырға тұрғызады. Соңсоң «аумакты жерді» қазақы пешпен екіге бөледі. Осылай екі бөлмелі үй пайда болады. Баянаула жаратылысы осыны да еске салады еken. Таулар ортасына ала қоршаған, әлгінде ғана дастарқан болып елестеген алқапты «аумакты жер» десек, Үшкуыс тізбегімен Ақбет тауы астасқан жерден басталып, тұра оңтүстікке қарай біткен Үлкен Құйғенбет пен Кіші Құйғенбет «аумакты жерді» екіге бөлген қазақ пешіне ұқсайды. Не болмаса, Кіші Құйғенбет Сабындықөлді көріп, соған баруға ынтық болған бала сиякты да, ал Үлкен Құйғенбет оны суға жібермей тұрған анаға ұқсап көрінеді. Баянауыл селосы Кіші Құйғенбеттің тұмсығын коршай, Сабындықөл аралығында мыж-мыж болып жатыр.

Не болмаса...

Карабаланың кинодан бір би көргені бар еді. Онда дедиме етекті, қынама бел көйлек киген қызы акқу биін билеген. Бір кездे ол өліп бара жатқан аққуды бейнелеп бүк түсіп жатқан еді... Дәл осы жерден Баянаула сілемінен тыскары жатқан дала-ның көкжиегі сағымданып, дөңгеленіп көрінеді еken. Осы көрініс Карабала көзіне әлгі биші қыздың көй-легінің дедиме етегін елестетті. Ол да осындай дөңгелек болатын. Көкжиекті биші көйлегінің етегі десек, сонда сілемнің өзі етектің орта тұсына асыла құлаған тұлға іспетті емес пе? Оның ішінде Ақбет биші қыздың жон-арқасынан аумайдығой. Тек бір өзгеріс — биші қыздың өзі де, көйлегі де аппақ болатын. Баянаула сілемі, оның етегі болып тұрған көкжиек жап-жасыл. Бояу демекші, сілемде өсетін ағаштың дені қарағай. Дегенмен көктем мұнары соның өзін ерен құлпыртып тұрғандай. Таулар алыстаған сайын мұнар шымылдығы да қоюлана түседі еken.

Тау сілемінен тыскары далаға қарай шашау шыққан не бір ағаш, не бір бұта, не бір тас жок. Бәрін Баянаула өз бауырына қысып алған. Етек-жені жинақы. Таулардың сыртқы етегі біткен жерден

жалаңаш дала басталып кетеді де, сонау көкжиекпен астасып жатады.

Ендігі бір сэтте оған Баянула, оның ішінде Ақбет, Ақбеттің өзі аяғымен басып тұрған тұсы жердің кіндігі сияқты болып елестейді. Өйткені төрт құбыланың алыстығы осы жерден бірдей болып көрінуші еді.

— Эдемі ме екен, балам? — деді манадан бері Карабаладан көз айырмай отырған Сәрсекей.

— Тіл жеткісіз сұлу екен, ата! — деді әлі айналасына жұтына қарап тұрған Қарабала.

— Е-е, балам-ай, сен көзіңе көрінген сұлуыққа мас болып тұрсың ғой, — деп Сәрсекей түрегеліп Қарабала жанына келді. — Ал Баянуланың сенен жасырып тұрған әшекейі қанша десейші!

— Мен көрмегенді сіз қалай көріп тұрсыз, ата?

— Баянның койнауларын аралап, қырларын бассан, менің жасыма жеткенде жасырынған сырды сен де көргіш боласың. Өзің Баянуланы үстінен түгел көріп болдың ғой, балам?

— Иә, ата, — деді Сәрсекейге әлі де болса дәмелене қараған Қарабала.

— Баянуланың төрт құбыласында төрт көлі бар екенін білесің бе? Анау Қішітастың бер жағындағы жалпақ қамыс...

— Қішікөл ғой, ата, — деді Қарабала.

— Иә, Қішікөл. Село тұрғындарын қиқуымен оятатын құс базары ол. Суы мол болмағанмен, сырды өзгеше көл. Мұны сілемнің шығысында де.

— Иә, шығысында.

— Сонсон анау Сабындықөл. Суы тұщы, әрі мөлдір, әрі сабынсыз кір ашатын ғаламат. Оны оңтүстігінде де.

— Ата, Сабындықөлден Запевалов менің бойымдай шортан аулап алышты ғой.

— Ол рас, балам, әйтпесе ол балық базары деп атала ма! Сонсон, — деп, Сәрсекей күнбатыс жаққа бет бұра берді, — бұл жерден көрінбейді. Бірақ Үшқуыстың ар жағында, Киікшинің теріскейінде шалқыған суы дерктеке дәрү Жасыбай көлі бар. Енді

бермен қара,— Сәрсекей Акбеттің мінер жағына жабысқан, былай қараған жанға енесін еміп тұрған құлынға ұксас біткен тауды көрсетті.— Мынаны Эйтелі тасы дейді. Осы таудың ар жағында ортасына сурет тастар шөккен белгілі Торайғыр көлі барғой. Оны Баянауланың солтүстік жағында де. Халықта «Адам көркі шүберек, ағаш көркі жапырак» деген мақал бар. Ал енді өлкө көркі нұы мен сұы десек, табиғат сол көрікті біздің өлкемізге үйіп-төгіп берген ғой, балам.

— Сырттан келгендер біздің Баянауланы Швейцария деп атайды екен ғой?!

— Қайдам, балам, ол да жердің көріктісі шығар. Дегенмен Баянауланы бұрын көріп, сонынан әлгі жерді...

— Швейцария деңіз, ата.

— Светсарияны көрсе, оны әлде Баянаула деп атар ма еді, қайтер еді. Гәп атында емес, гәп көзге бұрын түсуінде ғой.

— Ата, ано-оу шошайған не?— деп, Қарабала Кішітастан әрмен, көкжиекте бұлдыраған төбені көрсетті. Сәрсекей солай қарай бұрылды да, көзін алақанымен көлегейлеп тұрып:

— Е-е, сен Шоқпарды нұқрап тұрсың-ау осы,— деді.

— Ол кім, ата?

— Шоқпар сенің алтыншы атаң, балам.

— Төбе сол кісінің атына қойылған ба?

— Иә, қарағым, ол Шоқпардың аты қойылған төбе. Өзің анау тіс-тіс қожырды көремісің?— деп Сәрсекей шығыска бұрылды.

— Со-ноу, алыста тұрған ба? Мына алдымыздады жазықтың анау етегінде?

— Иә, балам. Қалмаққырған тауы дейді. Ол таудың Қалмаққырған деп, анау адырдың Шоқпар деп атануында ортак сыр, бір тарих бар.

— Айтыңызышы, ата.

— Айтайын, қарағым, кәрі қойдың жасындей жасым бар. Сендерге тастап кетпесем, ол әңгімені о дүниеге апарып қайтем. Ести бер, балам,— деді

де Сәрсекей саусактарын бүгіп күбірлей бастады.— Үстіміздегі 1943 жыл — қой жылы. Қойдан қой — бір, және қой — екі, және қой — үш, тағы да қой — төрт, бес, алты... Ойпырмо-ой, он жеті қой жылы болды. Он жетіні он екіге көбейтші.

Карабала аяғының астын тазалап жіберді де, әлгі айтқан сандарды көбейте бастады.

— Жұз тоқсан үш болды, ата.

— Жұз тоқсан үш,— деп, Сәрсекей қайталап алды да, тағы ойланды.— Одан бір жылды шегеріп тастасақ бір жұз тоқсан екі жыл болады. Сонда оның жылқы жылы болғаны ма?— Сонсоң даусын көтере сөйлемді.— Баянаула сенің туған жерін, кіндітінді осында кесіп, осы жерде жөргекке бөлген. Сол сияқты әр адамның өзінің Баянауласы, қасиетті мекені бар. Бір тілек, бір жүрек, бір мақсатпен бас қосқан халықтың мекенін тұтас алсақ, Отан деп атайды. Егер адам өзінің туған жерін сүйсө, Отанын сүйгені. Ендеше Отаның қай тұсы болсын адамға туған өлке болып санала береді. Сенің Отаның кенбайтак, балам. Оны көзбен шарлап көруге болмайды. Тек көңілдің ғана бағдарлауы мүмкін. Отаныңың бір тұсына жау тисе, ол сенің туған өлкенде де тигені. Сондықтан да жау тиген тұсты қорғау өзінің туған өлкенді де қорғау деген сөз.

Сенің туған өлкен әсем, Отаның бай. Сұлулық пен байлыққа кім қызықпаған?! Бүгінгі сұрапыл соғыс салып жүрген Гитлер сүм ондайлардың алғашқысы емес қой. Бұдан бұрын да талайы келген де, талайы қан жалап кеткен ғой. Сондайдың бірі осыдан екі жұз жылдай бұрын бейкам жатқан қазақ еліне атой сап кіріп келген қалмақ ханының қолы еді. Олар қазактың ұлын — құл, қызын — күң еткісі келді. Елді тентіретті. Бірақ ұзақ уақыт үстемдік ете алмады. Қазағым да есін жиды, белін жазды, қолына қару алды. Ұранын көтерді, батырлардың маңына топтасты. Сондай көп жасақтың бірі осыдан жұз тоқсан екі жыл бұрын Баянаула тауының күнбатысынан жылжып келеді. Ол жасақтың Олжабай батыр басқарған. Ел аузында Жамбақы

мәжілісі деген сөз бар. Ауланың батыс жағындағы Жамбакы адырының етегінде болған жиын. Сонда Олжабай батырларына қалмаққа қарсы қалай шабуыл жасау жөнін айтқан екен. Ал қалмактар Баянаула тауы мен оның онтүстік жағындағы адырлы далада, сонау Қарадіңге дейін бекініп жатыпты Олжабай батыр жасағын екі қанатқа бөлген екен дейді. Бірі — тау қанаты, бірі — қыр қанаты. Тау қанаты — қалмактан Баянауланы тазарту керек те, қыр қанаты күнгейдегі даланы азат ету керек болады. Тау қанатының басына жас батыр Жасыбайды қойыпты. Қыр қанатын сол кезде елудің ішіне келіп қалған қарт батыр — Шоқпардың қолына беріпті. Содан қазақ жасағы шабуылға шығады. Еңсесін бір көтеріп алған күш қойсын ба, оның үстіне бір рет таяқ өткен өш бар. Қазақтар қалмакты бекінісінен үдере түріпті. Өлгені өліп, өлмегені қашып, «келесі бекініс орны бір болса, осы болар» деп, Баянауладан жетпіс шақырымдай шығыста тұрған жалаңаш тасты тауға бекініпті. Қазақ жасағы ол тауды коршап алып.. Бір басқыншыны босатпай түгел қырыпты. Сол күннен бастап халық ол таудың атын Қалмаққырған деп атап кетіпти.

— Осы анау Қалмаққырған ба, ата?

— Иә, қарағым, тіс-тіс болып тұрған сол. Жау жеңіліп бейбітшілік орнайды. Ел болып кәрі батыр Шоқпарды тыныш өмірге аттандырып салады. Оған қалмактың қолға түскен қызын бас қылып бір көш олжа береді. Қарадің тауы бұдан былай Шоқпар атансын деп азан шакырады. Оның маңындағы Үшбұлак деп аталынатын өлкені батырдың үрім-бұтағы пайдалансын дейді. Әлгі өзің көрсеткен қарайған тау сол Шоқпар тауы. Сенің батыр бабаңың ерлігіне бас иген тау. Қазақ жау көрмеген халық емес қой. Жә, жауына бас иген де халық емес. Атабабамыздың дүшпанымен айқасудағы дәстүрін қолымызға ту етіп ұстай алмасақ, олар қанын төккен жерді біз кеуде тосып қорғай алмасақ, елдігіміз қане! Жок.— Сәрсекей батыска қарап, сол жақтан есken самалға кеудесін тосып тұрып сөйледі.—

Еліңнің батысынан дұшпан сығаласа, қолы шығында жатқан сенің өлкене жетті дей бер. Сенің ағаларыңың сонау Мәскеу, Ленинград, Еділ маңдарында дұшпанмен қанды ұрыс салып, жан аямай күресіп жату себебі сол — Баянаула арудың жүзін жыртқызыбау, мөлдірін лайлаптау, көгін бастырмау, аспанын тұтіндепеу. Мұндай қасиетті майданға Отанның әр ұлы дайын тұруға тиіс.

Сәрсекей тоқтады. Бірақ кимылсыз қалпында қалды. Әлде оның аузынан шықкан сөзде белгісіз сиқырлы сыр болды ма, Карабала да қозғалыссыз тұр. Тек әлден кейін барып ол тіл катқан еді.

— Шіркін-ай, бес-алты жыл ертерек неге тума дым екен,— деп өкініш білдірді. Бұған Сәрсекей ештеңе дей қойған жок. Әлде ол да «Шіркін-ай, неге отыз, қырық жыл кешірек тумадым екен» деп тұр ма, оны кім білсін. Эйтеге үнсіз. Аздан кейін тыныштықты тағы да Карабала бұзды.

— Ата, әй, ата!

— О не, қарағым?

— Осы дүние жүзіндегі адамдар туыстығы, таныстығы жағына қарай қолдарын ұстасып тұратын болса... Айталық, қазақ өзара түгел қол ұстасар еді де, сонсоң бір қазақ орыс досының қолын алар еді. Одан әрмен орыс түгел ұстасар еді. Сонсоң бір орыстың бір неміс досы табылып, ол соның қолын ұстар еді... Сонда бар ғой, ата, дүние жүзінде қол ұстасқан тізбектен тыскары бір адам қалмас еді-ау Адамдар біріне-бірі таныс, бірінің-бірі туысы болып шығар еді. Сонда ешкім де «соғысам» деп қолына кару ала қоймас еді, ә, ата?!

— Рас, балам, адам арасында жаттық жоқ қой,— деді Сәрсекей.

Олар етекке түскенде, балташылар барлық арбаға ағаш артып, өгіздерді жегіп тұр екен. Сәрсекей мен Карабала келе орындарынан қозғалысты

Қарабаланың арбасы тізбектің ең сонында. Әлгін де Сәрсекей өз арбасының үстіне шығып, балтасын бөренеге тұмсығынан қадап қойған. Соны көре салып, мына жақта Қарабала да балтасын ең

үстіңгі ағашқа салып жіберіп, алыстағы Сәрсекейдің арбасына тағы қарады. Оның балтасының ак сабы тікесінен қадалып ерекше көрінеді еken. Өз балтасына қарап еді, мұның да қадалысы ана балтадан аумай қалыпты.

Даңғыл қара жолға түсіп алғаннан кейін, өгізінің басын қақпайлауды қойып, екі бөрене аралығына шалқасынан түсіп жатты. Аспанға қараса, бір жерде қимылсыз жатқандай. Ал қозғалып келе жатқанын өзін бесіктей тербеткен арба жүрісінен аңғарады. Сол жатысында Қарабаланың есіне Сәрсекей айтқан сөздер тағы түсті. Ол сөздер тек есіне түсіп қана қоймады. Кейде құлағына естілгендей, кейде бейнеге айналып көзіне көрінгендей болады. Ақсакал сөзінде не құдіреттің болғанын кім білсін, әйтеуір жас жанның мазасын алатын сияқты. Тіпті екі өкпесінен қысып, қиялын әлдеқайда жетелейтін сияқты. Қарабаланың өзінен бейне бірденені талап ететін сияқты.

Қарабала тағат таппады. Ол өзін ата-баба алдында борыштыдай санады. Олар туған жер — Отан үшін қан төгіп, болашақтың бақыты үшін күрескен еken. Осыған үрпақ өкілі Қарабала немен жауап беру керек? Қалай етсе, не істесе борышын өтеген болар еді?

Қарабала бір сәт жерге түсіп жаяу жүріп еді, біраздан кейін арбаға қайта мінді. Соңсоң қайта жерге түсті...

Кенет ол бір шешімге келгендей болды. «Иә, сөйткен дұрыс болар. Мен тәуекелге бел байлайын!»— деді ішінен. Қарабала қайта арбаға мініп, шалқасынан түсіп жатты. Малдың «Қарабаласы» оны баяу аяңмен сүйреп, арба алға қарай жылжи берді.

*Бәкібай неге әкесінің алдына түсті?*

Үйге қайтқанда Бәкібай ылғи әкесінің сонында жүретін. Ал бүгін алдына түсіп алыпты. Жолшыбай

әкесіне мойын бұрып қайырылған емес. Өзіне белгілі бұрыштарды айналып, өзіне белгілі көшелерді қоктей өтіп, тартып келеді. Дегенмен басы салбыраңқы — көзін жерден алмады. Осы жүрісінде ол ауыр ойда еді. Ол әлгінде жұмыс аяғында болған жиналысты ойлады. Комбинат тоқсандық жоспарын асыра орындаған екен. Осыны жұртқа хабарлаған Бауан:

— Бейбіт уақытта бұл көрсеткішке риза болар едік. Ал соғыс кезінде — аз. Біздің қарқынымыздың өткен тоқсаннан гөрі бұл тоқсанды кеміп қалуының себебі неде? — деген директор сұрағына жауап күткендей отырғандар катарын үнсіз шолып өтті. Тіл қатқан жан болған жоқ. Балташылар: «директорға не айтамыз?» дегендей біріне-бірі көздерінің астымен қарайды.

Бәкібай да осылай ойлап отыр еді.

Колхоз машиналарын майданға алғып кеткен. Ал шаруашылықтар жұмыссыз тұрып қалмақ емес. Темір айырлар орнын ағаш айырлар басқандай, енді оларға машина орнына арба беру керек. Ауданда колхоз баршылық. Бәрі де арба сұрайды. Оны жасайтын жер жалғыз осы промкомбинат қана.

Промкомбинаттың өткен айда жоспардан үш арбаны кем жасағанын айтты директор. Сөйтсе ол арбалардың барлық бөлшектері болған екен де, тек белдіктері ғана жасалмапты. Ал оларды Қармыс жасауға тиісті болатын. Директор одан алты белдіктің неге уақытында дайын болмағанын сұрағанда, онсыз да теріс қарап отырған Қармыс әлденені күнк етті де койды. Оның не дегенін ешкім анық ести алмады.

— Ағаш жетеді. Ал белдіктер неге уақытында дайын болмайды? — деді Бауан тағы да Қармыстан көз алмай. Осы кезде Қармыс та шұғыл бұрылып, оған тік қарады.

— Осы сенің менде не әкеңнің құны бар? — Осыны айтты да ол қайта теріс қарап кетті.

Бәкібайдың көзі төңірегінде. Құбір-құбір сөз. Ол сөздерден Бәкібай жұмысшылардың әкесін жактырмайтынын аңғарды. Иә, әке сөзі оның өзіне де

орынсыз боп көрінді. Ол тәмен қарап, басын қайтып көтермеді. Экесінің белдіктерді уақытында дайында-  
мау себебі оған аян болатын.

«Ананы қараңдар. Қарабала сөз сұрап жатыр»  
дегенде Бәкібай басын бір-ақ көтерді. Директор иек  
қаққаннан кейін Қарабала бас киімін қолтығына  
қыса түрегелді.

— Бұрын Бәкібай шабақшы балалармен бірге  
отыратын. Артынан Қаракең оны бізден бөліп әкетті.  
Содан бері ол бізден теріс, бұрышқа қарап отырып  
оңаша шабақ шабады. Әуелде: «Неге бүйтті екен?»  
деп ойладық. Сөйтсек, Қаракең түстен кейін өз жұ-  
мысын тастап, ылғи Бәкібайдың жанына отырып  
алып шабақ шабады. Біз, балалар, комбинатқа  
Қаракеңсіз-ақ керегінше шабақ шауып бере аламыз.  
Ол кісінің шабақта жұмысы болмасын. Өз ісімен  
айналыссын. Сондаға комбинатта жасалуға тиісті  
арба саны кемімейді.

Балташылар дабырласып, бастарын изесіп жат-  
ты. Ал Қармыс Қарабалаға ала көзімен ата бір кара-  
ды да, бетін қабырғаға қайта бұрып әкетті.

Бәкібай өзінен-өзі үялып отыр. Ол балалар қата-  
рынан кетейін деп кетті ме? Экесі үйде де, түзде де  
күнкілдеп, қойды ма?.. Шыдамы таусылған Бәкібай,  
ақыры әкесінің ызыңынан құтылу үшін оңашаланып,  
бұрышқа теріс қарап кетпеді ме? Ол өзін балалардан  
бөліп әкеткендегі әке ойын сезеді. Ал оны басқалар  
да сезіп қойса ше? Бәкібай іштей осыдан үрейле-  
нетін... Экесі неге осындағы істерге барады екен? Неге  
Бәкібайды жолдастарының алдында үятқа қалдыра  
береді өзі?

Міне, ақыры әке ісі сөз бола бастады. Бәкібай  
оіға шомып отырған шақта Сәрсекей сөйлеп жатты.

— Қарабаланың сөзінде шындық бар,— деп  
бастады мұртын сипап қойған Сәрсекей.— Егер  
Қарабаланың сөзін дамыта түссек ол былай болар  
еді: Балалардың қайсысы қанша шабақ шауып  
үлгерсе, сонша еңбек ақы алады. Яғни, аз шапка-  
ны — аз, көп шапқаны — көп алады. Ал шебер бал-  
ташылардың еңбекақысы тұрақты. Не істеп, не қойса

да мөлшерлі сомасын алады да отырады. Осы жерден Қармыс пайданың көзін көргені сөзсіз. Өз еңбек-акысының былай да жүріп жататынын айттық. Сондыктан да ол баласының жаңына барып отырып алуды машық қылған. Оның мұндағы ойы «Балама көмектесе қояйыншы» емес. Оның атынан өтетін шабакты молайтып, сол арқылы ақшаны да басқалардан мол табу. Мұндай жексүрін, жат әдет елеусіз, жазасыз қалуға тиіс емес!

Сәрсекейден кейінгілер де Қармыстың айыптай сөйледі. Ал Қармыс болса, әңгіме басқа адам жөнінде болып жатқандай қабырғадаң көз алмай отыра берді. Бәкібай болса, осы кезде ұялғанынан жерге кіріп кете жаздалап отырған.

Жиналыс бітіп, жұрт үйді-үйіне тараған кезде Бәкібай күндеңі әдетін сақтап, әке соңына түсіп кетпеді — алдына шығып алып, адымдай жөнелді. Алдына қайрылып қарамаса да әкесінің бүкірейіп, ұсақ адыммен бүлкілдеп келе жатқанын сезеді. Оның әкесі неге осындей? Неге басқамен араласпайды? Бұларды ешкім қонаққа шақырмайды, өздеріне де жан жоламайды. Оны айтасың, әкесі есікті күндіз де күршекке салдырып отырады ғой. Соншама кімнен, неден корқады? Бұлардың үйінен өмірінде құлқи шықпайды. Дастарқан басында да өлік шыққан үйдегі үнсіз отырғандары. Ал Бәкібайға жазатайым бір бала келе қалса, әкесінің қабағын түйіп алып, күнкілдеп жүргені. Неге өйтеді ол?

Бәкібайдың құлағы әке аяғының тықырында. Егер тықыр жақындағанда қалса, Бәкібай аяғын ширақ басып алға оза түседі — ол бұдан былай әке соңында жүргісі келмейді.

### *Kek əlі bar*

Әр арбада төрт доңғалақ бар. Ал әр доңғалаққа бір күшек жасалады десек, сонда әр арбаның алдыңғы доңғалактарының күшегі өзара, артқы доңғалактардің өзара егіздей болуға тиіс. Оның үстінен

күпшек деген домалата салынатын шөрке емес. Ол көргөн көз қуанатындай түп жағы үлкендеу, ауыз жағы жіңішкелеу, орта тұсы дөңестеу етіп жасалуға тиіс. Арбаның анау-мынау қолдың тәлкегіне көне бермейтін ең қын бөлшегі осы күпшек. Күпшек жасау мұнда тек Сәрсекейдің ғана қолынан келетін. Сол үшін оның өзі жасап алған станогі бар. Бірінен-бірі жарты метрдей жерге бекітілген екі жуан када. Қадалардың жоғарғы жағынан білектей-білектей екі темір сұғылған. Оң жақтағы темір доңғалакқа пісіріліп бекітілген және қададан ішке өткізілген басы тісті. Станоктың алдында, бір-ақ адым жерде, аса ағашқа орнатылған тағы бір доңғалақ бар. Оның үлкендігіне құлаш жетпейді. Және екі жағында тұтқа бар. Осы доңғалакқа кигізілген жалпақ қайыстың бір басы қададағы темір доңғалакқа ілінген.

Жалпы станок түрі осы.

Сәрсекей күпшекке арнап кесіп тастаған шөркелердің бірін екі темірдің арасына салып, қысып қояды. Соңсоң шабақшы балалардан кезегі жетіп келген екеуі үлкен доңғалақты тұтқасынан ұстап айналдырады. Одан жалпақ қайыс арқылы кішкентай доңғалақ айналып, екпінін шөркеге береді.

Сәрсекейде басқа балташылардан көрінбейтін әр түрлі аспалтар мол. Кейбірі қашауға ұқсайды, бірақ астаушалау келеді. Кейбірінің жүзі қиғаш, кейбірінікі сатылы, тіпті шанышқыға ұқсастары да бар. Осының бәрі күпшек жасауға арналған аспалтар.

Балалар үлкен доңғалақты айналдыруғанда, көз ілеспес жылдамдықпен дөңгелеген шөркенің бүйіріне Сәрсекей аспабының бірін тікесінен апарып салып жібереді. Жонқа лезде жыланша оралып шыға келеді. Аспалты тартып алғанда қарасаң, болашақ күпшектен денесінен бір әдемі із шалына кетеді...

Осылай күпшек жасалады.

Сәрсекейдің станогын айналдыру қияметтің жұмысы. Шөркенің бетін қырғанда ештеңе ете қоймады-ау. Әсіреле Сәрсекей аспабын шөркеге батырынқырап жібергенде, үлкен доңғалақты айналды-

рып тұрған екі бала қайқаңдап-ақ қалады. Қара терге түседі. Бірақ екпінді саябырлатуға болмайды. Қайта еселей түсу керек.

Бүгін осы станокты Қарабала мен Еділ шірене қозғап тұр еді. Олар тыныс алмағалы қашан. Сәрсекейдің шеберлігі емес пе, шөркені екі темір арасына қыстырып:

— Ал кеттік,— дейді.

Балалар үлкен доңғалақты айналдыра жөнеледі. Содан дөрекі шөрке дап-дайын, әдемі күпшек бол шыққанша бір тоқтатпайды ғой. Оның ауыз тұсының да, орта тұсының да, тұп жағының да жуандығын зырылдап тұрған қалпында өлшей береді. Өрнегін де сол қалпында сала береді. Ақыры әр кос күпшек бірінен-бірі мүлде аумай шығады.

Манадан бері Сәрсекей шеберлігінен бұрын, мына екі баланың терімен жасалғандай болып шыққан күпшектер, әне, қаз-қатар тізіліп тұр. Бәрі де отау үйдің бүйірлі сары самаурынына ұксайды.

Кенеттен Сәрсекейдің:

— Эй!— деген даусы саңқ етті. Балалардың манадан күткені де осы еді. Бұл «тоқтат» деген белгі. Балалар доңғалақ екпінін баяулатып барып тоқтатты да, белдерін жаза берді.

— Біраз дем алындар,— деді Сәрсекей станогінен дайын күпшекті босатып жатып. Соңсоң ол күпшекті жаңа туған баладай алақанына салып әкеліп қатарға қойды.

— Ата,— деді Қарабала Сәрсекей насыбайын ерніне салып жатқанда.

— Иә, балам.

— Осы Ғалымжан ағатайымның велосипеді бар емес пе еді?

— Оны қайтесін?

— Маған бір ой келді...

Қарабала сөзін орталай бергенде, жандарына Бауан келді. Ол комбинаттың ішін жай шолып жур еді. Соңында Петр. Қарабала сөзін Бауан құлағы анадайдан шалған еді. Әлде оны бала үні осылай қарай тартты ма, келе:

— Неге үндемей қалдың, Қарабала?— деді.  
— Жай,— деп, Қарабала төмен қарап жер шұқылады.

— Кісі ойын айтуға ұяла ма екен?  
— Жай, атама бірдене айтайын деп...  
— Айтуға ұялатын ойдың орындалуы калай болмақ сонда?  
— Айта бер, қарағым, ұялшак болма,— деді Сәрсекей.

Қарабала басын көтеріп, станокқа қарады.

— Мына біз айналдыратын донғалақтың орнына велосипед рамасын қойсақ деймін...

— Айта бер, балам, айта бер.

— Велосипедтің рамасын мынаның орнына қойсақ.— Қарабала станоктың үлкен донғалағын көрсетті.— Ал артқы донғалағындағы қырықаяқ кіндігін қадаға бекітіп, оған шынжырды ілсек. Сонсоң қырықаяқ кіндіктен станоктың кішкентай донғалағына қайыс тартсақ. Сонда барлық станокты бір бала аяқпен қозғап-ақ жүргізер еді.

Бауан иегін ұстап ойланып қалды. Қөзінде күлкі бар. Әлденені іштей ұнатқан адамның көзі.

— Сонда қалай болады?— деді Қарабаланың ойы санасына жетінкіремей қалған Сәрсекей.

— Сонда,— деді Қарабала,— айталық, Еділ мына үлкен донғалақ орнына бекітілген велосипед рамасына мінеді. Тұтқасынан ұстайды. Сонсоң аяғымен ескекті басып шыр көбелек айналдырады. Бір басы ескең тұсындағы қырықаяққа ілінген шынжыр барып қадаға қағылған қырық тіс донғалақты айналдырады. Өз кезегінде ол арасына қайыс тартылған кішкене донғалақты зырылдатады. Ол донғалақ шөркені дөңгелетеді... Міне, осылай.

— Ялпыр-ай, ә?— деген Сәрсекей әлі ойлы кейіпте.

— Сөзінің жаны бар,— деді Бауан.— Сонда бұл жұмыс аяқпен атқарылады. Ал жұмысты қашанда қолмен атқарғаннан гөрі аяқпен атқарған жеңіл. Сонсоң мұнда күніне бөлінетін екі баланың орнына бір-ақ бала келіп отырады. Ойластыратын іс. Жігіт-ақ екенсін, Қарабала!

— Оны ойлай жатармыз, қазір бізге күпшек керек. Ал кірістік іске.

Соны ой туды. Бірак әзірге станок ескі әніне сала берді.

Сәрсекей Қарабала мен Еділді жұмыс аяғына бір жарым сағаттай уақыт қалғанда босатты. Енді шабак шабуға отыра қалудың да қисыны жоқ. Екеуі ертенге шөркө дайындауға кірісті. Кеше кесіп кеткен шөркелері де әлі сол күйі жатқан. Оған бүгін тағы да қосып жинамак. Екеуі де бір күнгі шапқан шабактары әлі жүзге жете қоймай жүрген балалар. Сол себепті: «Әй, ертең бір тынбаспызы ау», — деп шөркө дайындауға кіжіне кірісті...

Сәрсекейдің станогын күні бойы айналдырудан тұла бойы сал-сал болып Қарабала үйіне қатты шаршап қайтты. Денесі артық қимылды көтере алмайтын сияқтанады. Бірақ оны үйінде бір жақсы хабар күтіп тұр екен — атасынан хат келіпті. «Келесі айда үйге қайтып қалармын» деп жазыпты, Қарабала қатты қуанды. Денесін езіп отырған ауыртпалық табан астында ғайып болғандай. Үйкы тығылып отырған көзі шырағдандај жанды.

Қарабала екі оймен қуанды. Бірі — атасының көп кешікпей үйде болатыны. Екіншісі — Ақбет сапарынан қайтып келе жатқанда көкейіне бір ой түйген болатын. Соны іске асыруға үйде ересек адамның жоқтығы кедергі болып тұратын. Енді, міне, атасы қайтып келе жатыр. Ойды іске асыруға да жол ашылады, мүмкіндік туады. Жо-жоқ, «ашылдағы» емес-ау, ол жол ашылған сияқты. Ура-а, енді Қарабала ешқайда қарайламайды! Ойын іске асыруға кірісіп кетеді...

Тұнде үйқтағанда ғана ұмытылғаны болмаса, таңертең көзін ашып алғанда-ақ кешегі қуанышы алдынан тағы шыға келді. Қуанышы оны ерте тұртіп оятқандай еді. Ол комбинатқа жұрттан бұрын келіп, орнына отыра бергенде цехта бұдан басқа ешкім жоқ еді. Жұрт әлі жұмысқа келе қоймаған. Сонда да ол жанындағы шөркө үйіндісінен біреуін ала берді де, әлденеге таңданғандай көзі аларып, отырып

қалды — қолындағы екі шабақ шығатын шөркө төртке бөлініп жатыр. Бір шөркеден төрт шабақ шықпайды. Оны лактырып тастап еді... Келесі шөркө де сондай болып шыға келді... Енді қараса, оның екі күн бойы дайындал қойған шөркелері түгел төртке бөлініп жатыр. Элдекандай бір сұрқия мұның шөркелеріне балтаны айқыш-ұйқыш екі салып жарып тастай беріпті. Кімнің қолынан келген іс екенін іштей сезеді. Бірақ ұсталмаған ұры ұры емес. Оны қалай дәлелдемек?

Бұл кезде жүрттың бәрі келіп, цехтың әр бұрышы өз әніне басып кеткен.

Қарабала Еділ, Қалымбай, Жылқыбек, Егеубайларға «ұн шығармандағар» деген белгіні көрсетіп алды да, өзінің шөркелерін нұсқады. Олар енді тек самаурынға салуға ғана жарайтын шөркелерді көрді де, біріне-бірі қарасты. Қекейлеріне бір-ак сыр түйгендей үнсіз қарас. Сонсоң олар түгел теріс қарап отырған Бәкібайдың желкесіне көз салысты. «Әй, осыдан келген пәле болмағай».

Балалар болған оқиға жөнінде ешкімге сыр бермеуге келісті. Бәкібайды қылмыс үстінде ұстап алғысы келді. Сол себепті алдымен Еділ екі күн бойы дайындаған шөркесінің жартысын Қарабалаға бөліп берді.

— Кешке біздің үйге барайық,— деді досына риза болған Қарабала,— мен саған қызыл сақамды берейін.

Еділ үндеғен жоқ. Осы үнсіздікте Қарабала ұсынысына келіскендік бар еді.

Бір қаға берісте балалар сыртқа шығып, Бәкібайды ұсташа тәсілін ойласты.

— Эй, құдай біледі бар ғой,— деді Жылқыбек,— ол цехтың желдеткішінен түсіп жүр.

— Ты-тығылып, қа-қалып, аң-аңду ке-керек,— деді Қалымбай.

— Дұрыс,— деді Егеубай,— үйім жақын ғой, мен келіп аңдиын.

— Неге сен?— деді оған Еділ.— Бәріміз келіп верстак-верстактың астында тығылып жатайык.

— Жок, ешқайсың да келмендер, өзім айла таптым,— деді Карабала кенеттен.— Зарығып жатып аңдымай-ак ұстап аламын. Көрерсіндер. Тек оның бүгінгі ісіне мән бермеу керек. Ескермеген болып жүре беру керек.

Осымен олар шабақ шабуға кірісп қетті. Бұл жайында қайтып сөз көтерген ешқайсысы болған жок.

Күндеңі әдет бойынша кеше жұмыс аяғында балалар шөрке дайындал кеткен. Бүгін келіп қараса, Карабаланың шөркелері түгелдей тағы да төртке бөлініп жатыр. Балалар жарылып жатқан шөркелерге үнсіз қарады да, сонсоң Карабалаға көз салды. Содан соң: «Шынымен осының қолынан келген іс пе?» дегендей теріс қарап шабағын шауып отырған Бәкібайға бұрылсты.

Карабала шөркесінің біреуін қолына алды. Балтаны айқыш-үйқыш екі-ак салып, тастай бергені көрініп-ак тұр. Карабала төрт бөліктің басын қосып, балта ізіне аз-кем қарап тұрды да, кенеттен Бәкібайдың желкесіне қона түсті... Сол кезде Бәкібайдың:

— Эке!— деген абыны даусы шыққан еді. Онсыз да осылай қарай елеңдеп тұратын Қармыс балтасын тастай үмтүлды. Келген бетте бір қолымен желкеден, екінші колмен шалбардан ұстап Карабаланың кішкентай денесін тік көтеріп алды. Балалар Карабаланы «Осы жерге лактырады-ау» дегендей, Қармыс алдына барып тұра қалды да, қолдарын көтерісті. Дос денесін жерге түсірмей қағып алу ойлары бар. Бірак Қармыс жуыр манда лактыра қоймады. Қанталап кеткен көзі жарқылдап, тістері шакұршұқыр етеді. Дәл қазір ол «өзінікі» дегеннен басқаны, өз күшігін қорғағаннан басқаны білмейтін жыртқыш сияқты еді. Карабаланы ол әлі лактырған жок. Жок, «Бәрекелде-ай, бала екен, балғын денеге зақым келер»,— деп бөгеліп тұрған жок. Қанталаған көзін жан-жаққа асыға жүгіртіп, Карабаланы қайтып тұрмластай етіп ұру үшін әлдененің бұрышын, не бір қатты заттың қырын іздеп тұр. Жас бұғананы

соған көлденең апарып соқпақ. Балалар Қармыстың айуандық ойын ә дегенде біле қойып, отырған жерлерін коршап тұра қалған еді.

Осы уақытта цехқа Бауан кіріп келе жатқан. Аспанда тырбандаған балаға көзі бірден түсті де:

— Ай, ай, бұл не, не бол қалды? — деді.

Директор даусы мезгілінде шықпағанда Карабала не күйде болары белгісіз. Осы оқиғаның бәрі көзді ашып жұмғандай уақытта болып өтті. Э дегенде балташылар не бол қалғанына түсіне қоймай, жанжактарына елеңдей берісті. Сонсоң Бәкібай отыратын бұрышқа жиналысқан еді. Директор даусы шықты екен деп Карабаланы жерге түсіре қойған Қармыс жоқ. Оны Бауанның өзі барып арашалап алды.

— Не болды? Аясаншы баланы?! — деп зекіді Бауан Қармысқа.

Жұдырығын тас қылып жұмып алған Қармыс безек соққандай қалш-қалш етеді.

— Эбден түбіме жетер болды ғой, сұмдар өңшең!

— Түсіндіріп айтындаршы, не болды?

— Менің, менің балама жабылып, иттің ғана балалары!

— Біз жабылған жоқпыз. Отірік айтпаңыз, — деді Еділ оған. Сонсоң ол Бауанға бұрылып, болған оқиғаны басынан-аяғына дейін тәптештеп айтып шықты.

— Сенің шөркелерінді Бәкібай жарып кеткенін қайдан білдің? — деді директор шеткерірек тұрған Карабалаға.

Карабала жерден бір шөрке алып, қолымен төрт бөлігінің басын қосып Бауанға көрсетті.

— Эне.

— Жақсы, — деді Бауан, — балтамен екі рет шапқан із бар. Мұндай ізді Бәкібайдан басқаның балтасы да қалдыра алады ғой.

— Кеше жұмыс аяғында мен Бәкібайдың балтасының жүзін екі жерден мұқалтып кеткем. Қараңызы, сол мұқалған жеріне дейін белгілі болып жатыр.

Директор Бәкібайдың балтасын қолына алды да,

жүзіне қарады. Жарты ай сынды жүздің екі жерінен кетік көрді. Бірі оң жағына қарап, екіншісі сол жағына қарай майыстырылыпты. Және арнайы, үңіліп қарамаса, көзге түсе қоймайтын белгі. Балта жүзін шөрке бетіне салғанда, мұқалған тұстар ізіне дәл келе кетті. Бауан әлденеге іштей таңданып қалған еді. Бірақ естіріп ештеңе айтпады. Қарабалаға көзінің астымен бір қарады да койды.

— Балта жүзін мұқалтуды саған кім үйретті? — деді ол шөркеден көзін алмай тұрып.

— Өзім,— деді төмен қарап тұрған Қарабала. Директор Бәкібайға бұрылды:

— Сен мұның шөркелерін неге бұлдіріп жүрсің?

Бәкібай жауап берудің орнына көзінің астымен әкесіне қарады. Бұл көзқарастан әлдене түсінген Бауан Қармысқа бұрылды:

— Мына шөркелерді бұлдір деп сен айтқансың фой, тегі?

Сұп-сұр боп тұрған Қармыс бірдецені құңқ етіп еді, оның не дегеніне ешкім түсінбеді. Осы жерде әңгімеге Сәрсекей араласты.

— Тәрізі Қарабаланың жиналыстағы сөзі үшін өш алғысы келген фой. Қармыстан ондай сұмдықтар шығады.

Бауан Қармысқа қабағын түйді.

— Енді сені балаға ұқсатып жазалау керек пе? Үлкен боп өзің түсінбейсің. Менің айтарым мынау: егер осыдан былай өз орнынды тастанап, балаңа болысатын болсаң, мұны мен арам ойы бар адамның ісі деп түсінемін. Ал соғыс кезінде ондай ойы бар адам қатты жазаланады. Ойлан!

Қармыс басын әлі көтерген жоқ. «Бұл сөздердің маған қатысы жоқ» дегендей түйіліп тұр. Мұны байқаған Бауан қолын сілтей салды.

— Тек, балаңнан аулак!

Директор шығып кетісімен балташылар да тараса бастады. Қармыс та кетті орнына қарай. Петр жайғаса берген балалардың ортасына келді де көңілді үнмен:

— Кеңірек отырайық, кеңірек,— деп бәрін қозғап

бір адамдың орын ашып алды да, Бәкібайға бұрылды,— ей, автономия, бері кел. Мұнда отыр!

Бәкібай сырт айналып балаларға бұрылды. Олар да бұдан көз алмай отыр екен. Бәкібай олардың күлкі ойнаған жүздерінен өштік белгісін көре алмады. Қайта олар бұған достық мейіріммен қарайтындей. Дегенмен ол орнынан қозғала қоймады. Экесіне қараса, ол ана жақтан көзімен атып тұр екен. Мұны аңғарған Петр Бәкібайдың шабак шабатын төс шөркесін көтеріп алып, балалардың қатарына әкеп қойды. Қарабала мен Жылқыбек Бәкібайдың өзін тік көтеріп алсын. Бұл кезде басқа балалар Бәкібайдың шауып қойған шабақтарын жеткізіп, текшелеп қалап жатқан. Петр белін жазып, төңірегіне қараса, балалар орындарында отыр екен.

— Ал, кірістік! — деді ол жалпысына ортақ команда беріп.

Балалардың қолындағы балталары ойнап кетті. Петр Бәкібайға жақындап:

— Енді бұл жерден қозғалма! — деді. — Шабақшылардың бастығы ана Жылқыбек. Оның айтқаңы — заң. Есінде болсын!

Әкенің түйрей қараған көзі мен күнкілінен сақтайтындей қорғанға тап болдым деп сезінген Бәкібай көңілденіп кетті. Ол балтасын басынан асыра көтерген беті Петрге қарап күлді...

Бір күні комбинаттың ерекк атаулысы жексен-білікке шақырылды. Ұзындығы бес-алты метрдей тас қабырға болатын. Қазіргі цех тар. Сол қабырғаны бұзып, цехты кеңейту керек. Ересек балташылар бұзуға кірісп кетті де, балалар тасты былай апарып үйіп жатты.

Қарабаланың жолы болғыштығын қойыңыз. Жұмабек аударып тастаған жалпақ тас астынан әлдене жылтырап көрініп еді. Қарабала сурып алып қараса, ұзындығы білектей наган. Балалар Қарабаланы демде қоршап алды. Жұмыс тоқтаған. Ақсандаі басып Петр келді де, наганды қолына алып, айналдырып, балалар сүртіп үлгерген жазуына үңілді.

— Смит-Вессон деген наган екен,— дейді ол.  
— Е, бұл үйде бір кезде кулак тұрған. Соның  
ок аткан мылтығы ғой, тегі,— деп жатыр мына  
жактан Сәрсекей.

— Милицияға апарып тапсыру керек,— деп Петр  
наганды Қарабалаға қайтып берді.— Тұрмандар,  
жұмыс істендер!

Қабырғаны бұзып болғаннан кейін балалар  
милицияға карай бет алды. Алда — Қарабала. Белбеуінде — тұмсығынан қыстырылған наган. Бәрінің де кеуделері шығыңқы, иықтары көтеріңкі, жүрістерінде салтанат елесі бар. Қазір олар мына наганды кезекшіге тапсырады. Ол өз бастығына, оның бастығы одан жоғарғы бастыққа көрсетіп: «Баянауыл балалары әкеп тапсырды»,— дейді.

Милиция кезекшісіне балалар жарыса сөйлей кірді.

— Тынышталындар! Тоқтай тұрындар!— деп  
кезекші наганды қолына алды.— Бәріне түсіндім.  
Сендер мұны тауып алғансындар. Енді милицияға  
әкеліп тапсырып тұрсындар, солай ғой?

— Солай!— Бұл жалғыз сөзді де бәрі жарысып  
айтты.

— От ауызды мылтықты жасырып үстамай,  
уақытында әкеліп тапсырғандарыңа рақмет! Енді  
бара беріндер!— деген кезекші наганды үстел тарт-  
пасына салып қойды.

Милиция бөлімшесінен балалардың мерейі өсіп  
шықты — кезекшіден алғыс алды! Ал наганды тауып  
алған Қарабала мерейі бәрінен де үстем еді. Бала-  
лардың оның тәнірекінен кеткісі келмей жүргендері  
тегін болмайтын.

Бәкібайдың Қарабалаға айтпағы бар еді. Соны  
бүгін жеткізбесе басқа күндер мәнсіз болатында  
көрініп, оның оңаша қалуын күтті.

— Сен мені, Қарабала, кешір,— деді ол екеуден  
екеуі ғана қалғанда.— Сенің шөркелерінді әкемнің  
айтуымен бұлдіргенім рас еді.

— Оны өзім де сезгенмін.

— Мен сенімен ақылдасайын деп едім.

- Не жөнінде?
- Менің үйден кеткім келеді.
- Кайда?
- Алыс бір жаққа. Әкемді көрмесем болды. Әкеме ықпалым жүретіндей боп ер жеткен соң ғана ораламын. Сендер әскери комиссариатқа барғанда кіммен сөйлестіндер?
- Өй, сені де алмайды!— деп кесті Қарабала.
- Ендеше ФЗО-ға кетемін.
- ФЗО-ға деймісің?— Қарабала төмен қарап аз-кем ойланды да, басын көтерді.— Екеуіміз ертең сөйлесейік. Басқаға жұмған аузынды ашушы болма!

### *Алыс сапар*

Сәске кезі. Бауанның кабинетіне бір әйел кіріп, сөйлеудің орнына, есік жақта тұрған орындыққа отыра қалды да, бетін басып жылады

Баянауыл біреу келіп, біреу кетіп жатқан жол үстіндегі село смес. Тұрғындары тұракты. Бала-шаға болмаса, ересектер бірін-бірі жақсы танитын Сол себепті Бауан да бұл әйелді танып отыр. Уәлидің жолдасы Мактұм — Қарабаланың шешесі.

— Бала-шаға аман ба, Мактұм?— деді орнында отырған беті Бауан.— Үлкен кісіден хат келіп тұра ма?

— Шүкір!— Орамалымен көзін сұрте берген Мактұм үні болар-болмас шықты.— Осыдан жарты айдай бұрын жазған хатында «қайтып қалармын» депті.

— Қайырлы болсын, мынау бір қуанышты хабар екен. Куанышын бар көрінеді. Ал мына жыласын не?

— Әлгі біздің Қарабала...— деді де, Мактұм тағы егілді. Бұл жолы да Бауан әйел көз жасының соңын үнсіз күтті. Мактұм жылап болып, көзінің жасын сұртіп алған соң сөйлей бастады.— Осы бірер жұмадай болды Қарабала жұмысынан келеді де, тамағын апыл-құпыл ішіп, кайта жұмысқа кіріседі. Отыра қалып ағаш жарады. Қойши, содан кеше

қарасам, қора толған ағаш. Бір қабырғаға қалағанды «мынау пештің ағашы» дейді. Екінші қабырғадағының самаурындікі екенін өзім көріп тұрмын. «Апа, шетінен алып жаға бересің, бір қыстан уайымсыз шығасың»,— дейді. «Құдай-ау, баламның мұнысы не сыр» деп мен жүрмін. Сол сырға әлгінде түсіндім.— Мақтұм тағы бетін басты, даусы қарлығып шықты.— Райсоветке барып ФЗО-ға жіберетін балалар қатарына жазылышты. Бұның қатпаған жас бала. Үйден шыққаннан кейін не болады. Тұнде көрпесін теуіп тастайтын әдеті және бар...

Бауан секретарь қызыға Карабаланы шақырып келуін тапсырды да:

— Мақтұм, сабыр,— деді.— Маган келгенде «балам жас, алып қал» демек шығарсың. Ал өз басым Карабала жағындағын. Сіздің балаңыздың ойында үлкен өріс бар. Ол өріске қала оқуы болмаса, біздің Баянда жөн сілтер шама жоқ қой...

Бауан сөзі әлде осымен бітті ме болмаса кабинетке кірген Карабала бөлді ме, әйтеуір ол тоқтап қалды.

Мақтұм баласын босағадан құшақтай алды Бауырына басып:

— Құлыным-ай, аласұрып, әлденеге бастап жүрсің,— деді ол жылай сөйлеп.

— Карабала, бері жақындашы,— деді Бауан, анау шешесі құшағынан босағаннан кейін.— ФЗО-ға бармақ болғаның рас па?

— Рас. Бұрсігүні жүргізеді.

— Шешене неге айтпағансың? Әлде жасырын кеткің келді ме?

— Жоқ, бүгін айтпақ едім.

Кенет Карабаланың арт жағынан шешесінің даусы естілді.

— Сен өзіңе қарасайшы. Әлі де болса үйден шықпай өсетін бала емессің бе?

— Апа, жыламашы,— деп, Карабала орындықта отырған шешесінің басын енді өз кеудесіне басты.— Мен Қарағандыға барып неше түрлі өнер үйренемін

де, қайтып келем. Соңсоң тастан емес, ағаштан да емес, кәдуілгі қызыл кірпіштен әрі биік, әрі жарық, әрі жылы алты бөлмелі үй салам.

— Ой, құлыным! Ұл бол туғаныңнан айналдым,— деп, шешесі Карабаланың мандаійнан сүйді.

Есік кенеттөн ашылып, кабинетке Қармыс сөйлей кірді:

— Өлтірдің ғой, ойбай, қан шығармай өлтірдің!

— Не бол қалды, Қареке?— деді Бауан.

— Менің жалғызымды... дегеніңе жеттің, Жүністің ұлы. Комбинаттан жалғыз менің ұлымды ғана беріпсің!

— Қареке, сабыр! Мына Қарабала да кетіп барады. Әкесінің майданда қаза тапқанын білесің. Бір үйдегі жалғыз бала осы. Сенің балаң ФЗО жасына бұлтыр келген. Қарабала Бәкібайдан екі жас кіші. Соған қарамай екеудің Қарағандыға бірге жүріп бара жатыр.

— Ойбай, ойбай,— Қармыс орындыққа сылқ етіп отыра кетіп, бүйірін таянып, тенселіп азынай жөнелді.— Екі дүниеде жаксылық көрме, Бауан! Баланы әкеден айыру деген не сүмдыш, ойбай!

— Басқа айтарың жоқ болса, үйіңе бар да баланы жолға дайында. Түстен кейін келіп есеп айырыссын. Екі баланы комбинат болып шығарып саламыз...

Баяғы Ақбет басынан қайтарда Қарабаланың көкейіне түйген ойы осы еді — ФЗО-ға сұрану. Ол өзінің ата-баба, әке-агаларының ел үшін, Отан азаттығы үшін жасаған ерліктеріне осылай жауап бергісі келген. «Осылай етсем ғана Отан алдындағы борышымды орындашып шығармын»,— деп ойлаған. Ал атасының «қайтып қалармын» деген сөзі сол ойдың тезірек іске асуына себепші болып еді.

\* \* \*

Соғыс жылдары Баянауылда (мүмкін басқа жерлерде де солай болған шығар) әскерге, еңбек армиясына, ФЗО-ға жүретіндерді арнайы митинг

жасап шығарып салу әдеті болған. Сол сияқты бүгін де митинг ашылды. Райкомның екі қабат үйінің алды ығы-жығы. Құн күйіп тұр. Митингіні комсомол комитетінің секретары кіріспе сөз сөйлемеп ашты. Ол сөзінде совет-герман майданын түгел шолып өтті. Фашизмнің сағы сынған, дегенмен әлі күшті екенін айтты. Одақтастарымыздың екінші майданды аша қоймай, созбұйдаға салып отырғанынан да хабар берे кетті.

— Егер олар бәлсіне беретін болса, екінші майданын ашпай-ақ қойсын! — деді секретарь қатуланып. — Жекпе-жек майданда фашизмді өзіміз-ақ құртамыз. Неміс-фашист оккупанттарына өлім келсін!

Секретарь әсіресе соңғы екі сөйлемін Қарабаланы құшактап тұрып айтқан еді. Онысы былайғы жұртқа «осы сөздерді айтқанда мен мына Қарабалаға сеніп тұрмын» дегендей болып көрінді.

Сол митинглерде алыс сапарға аттанып бара жатқандар ішінен бір адамға сөз беру сияқты әдет тағы болатын. Бұған осы топтан Қарабала лайықты деп табылған. Қарабаланың секретарь жаңында болу себебі де осы. Ол жұртқа биіктен қарап тұр. Әлде қалың көптің арасынан Баршагұлді іздей ме?

— Сөз ФЗО-ға, яғни жұмысшы табының резервін дайындастын мектепке өз еркімен баруға тілек білдірген Қаратай Үәлиевке беріледі, — деді секретарь.

Қарабала қалтасына қолын сұғып жіберді. Осы секретарь «мыналарды айтасың» деп бір парап қағаз бетін толтырып берген болатын. Оны Қарабала төрт бүктеп қалтасына салған. Соны іздеп еді. Бірақ таба алмады. Екінші қалтасында да жоқ болып шықты. Шалбарының қалталарына да қолын сұғып еді, қағаз жоқ. Ішкі қалталарынан да табылмады. Асып-сасып, ол секретарьға қарады.

— Сіздің үстеліңіздің үстінде қалып қойыпты. Жүгіріп барып әкеле қойсам қайтеді?

Бұрыла берген Қарабаланы секретарь үстап қалды. Төменде халық қозғалысып, мәре-сәре болып тұр.

- Өз сөзіңмен айта бер,— деді секеетарь.
- Мен әлгі фашистердің атын білмеуші едім...
- Сөйлей бер дедім ғой!
- Онда Гитлердің өзін ғана боктай берсем кайтеді?
- Бол енді. Халық күтіп қалды ғой,— деді секретарь.

Қарабала алға қарай жылжыды. Жұрт трибуна-ға қарап әлденелерді айтысып күлісіп тұр екен. Бұл да құлді. Сонсоң ол:

— Жолдастар,— деді, «Енді не айтам» дегендей секретарьға тағы бет бұрды. Өзі қалта біткенін әлі сипалап тұр. Секретарь «тоқтама» дегендей иек қақты.— Жолдастар, мен ФЗО-ға өз еркіммен жазылдым. Апам маған әлі жассың деп ұрысты. Сонсоң өзім де жас екенмін ғой деп ойлад едім... Ал бүгін азамат болғаныма көзім жетіп тұр. Эне, бір комбинат адамдары түгел келіпті. Мен ойнап, доп қуып жүрген бала болсам, олар келер ме еді?! Осы түрғандарыңыз түгелдей «казамат Карабала атанайын» деп жатыр деген соң келген жоқсыздар ма?! Құдайға шүкір,— соңғы сөздің аузынан қалай шығып қалғанын өзі де білмеген Карабала сасып, секретарьға тағы қарады. Сонсоң көшілік жаққа қайта бұрылып,— құдайға шүкір емес,— деп аузынан ағат шыққан сөзді түзеп қойды.

Соңғы сөзді естігенде жұрт ду құлді. Секретарь қол көтеріп, құлкіні басты да, Карабалаға «тоқталма» дегендей иек қақты.

— Сөйтіп, сіздердің келулерінізден мен өзімнің азамат екенімді біліп тұрмын, «Балан азамат болды» деп апама айтып қойыныздар.— Карабала ішіне ауаны ышқына жұтып алды да, жаңа екпінмен сөйлей бастады.— Экесінің аузын...— Дәл осы жерде секретарь оны жеңінен тартып қалмағанда, тағы не дері белгісіз еді. Сөз екпінімен кетіп бара жатқанын біле қойған Карабала аузын алақаңымен баса қойды. Солай аз-кем тұрды да, сәлден соң қайта алға жылжыды:

— Гитлерге, оның жүліктеріне өлім келсін!

Құлқіден ішек-сілелері қатқан жұрт Қарабала-  
ның соңғы сөзін де ду қол шапалақтап карсы  
алды.

Митинг бітті. Жерге түскен Қарабаланы жинал-  
ған халықтың үлкені бетінен сүйді, кішісі құшағына  
алды...

Селоның шетіндегі дірмен тұсына жеткенде  
халық иіріліп қалды да, төрт арба сытылып жеке  
шықты. Бұл арбалар Баянауыл балаларын ФЗО-ға  
әкетіп бара жатқан кіре болатын. Алдыңғысында  
Қарабала отырған.

Мақтұм арбалар тізбегінен көз алмайды. Ал олар  
уақыт өткен сайын алыстай берді...

### *Жиырма жыл өткен соң*

Осы повесть авторы да Баянауылдың көп қара  
баласының бірі еді. Ол да еңбек есігін алғаш рет  
промкомбинатта шабақ шабумен ашқан болатын.  
Отан басына күн туғанда ол да қолына қару алып  
аттанған. Содан шет жерлерде жүріп, жиырма жыл  
өткеннен кейін жазирасына бір оралды. Баянауланың  
мөлдір сұын, мәңгі жасыл орманын, сурет тастарын  
тағы бір көруге құштар болып еді. Ол Баянауылға  
келген алғашқы күнін селоның басынан аяғына  
дейін сүзіп өтіп, үлкендерге сәлем беріп, кішілерден  
сәлем алушан бастады.

«Елу жылда ел жаңа» дейді халық. Жок, Баян-  
аула кейпіне карасаңыз, ол мақалға өмір өз өзгерісін  
кіргізген сияқты. Ел жаңаруына мақалда айтылған  
уақыттың жартысы да жетеді деп түрғандай. Жас  
өсіп, бейтаныс жандар көбейіпті. Бұрынғы әр үйден  
екі-үш отаудан бөлініп, селоның көлемі де өсіп,  
сәүлеттеге түсіпті. Мұнда тек өзгеріссіз қалған сұы  
дәру Сабындықөл, Баянаула тауы. Ол бауырына  
басқан халық үрпағының талайын өршіл, ойшыл  
етіп өсіріп келді. Әлі солай өсіре береді де.

Бұрынғы ересек балташылар орындарын жастар-  
ға беріпті. Оның ішінде Сәрсекей сияқты егделері  
маркұм болған екен.

Повесть авторы сол сапарында сәлем беруге Бауан үйіне де кіріп шықты. Бұрынғы директор оны құшак жайып қарсы алды. Сүйсіне қарады.

— Бұл өмірге нендей еңбекпен үлес қосып жүрсің? — деп сұрады ол қазақтың аласа дөңгелек үстел жанына жайғаса беріп.

— Журналиспін,— деді келуші.

— Журналист деймісін? Ендеше дөп келген екенсін,— деп Бауан әлденеге қуана сөйледі.

— Қуанышыңыздың сырын айтыңыз,— деді қонағы.

— Біздің промкомбинаттың бейнесі мүлде өзгөрейін деп жатыр ғой.

— Иә, қалай?

— Ол өзгерістің басы мені пенсияға шығарудан басталды,— деді көзіне әзіл күлкісі ойнап шыға келген Бауан.

— Сонда оның қазіргі директоры кім?

— Кім деймісін? — деді Бауан екінші жамбасына аунап түсті.— Қаратай Уәлиев деген.

— Қарабала ма? — деді қонағы жұлып алғандай.

— Дәл өзі! Қазір ол ағаш жұмысының инженері. Облыстан арнайы жіберіліп отыр. Комбинат өнін өзгерту жөніндегі жобасы қолында. Бүгін жалпы жиналыс болып, соны айтуға тиіс.

— Япыр-ай, мен дөп келген екем, Бауке,— деді журналист.

— Мен де соны айтқам жоқ па.

Жиналысқа Баукең мен қонағы бірге барды. Журналист көптеген таныс адамдарымен кездесіп амандасты. Соның бірі Қарабала еді. Екеуі құшактасты да сүйісті, сүйісті де құшактасты. Сонсоң жиырма жылда бастарынан өткен өмірлерін білгісі келіп, біріне-бірі сұрақ қоя бастады.

— Баршагұлдің дені сау ма? — деді журналист.

Неліктен екенін кім білсін, Қарабала досының сұрағына жауап бермес бұрын, аузынан жалын ата күрсініп алды.

— Ол жас қиялға қанат бітірудің себепшісі ғана

болып қойды ғой. Өмір бізді кездестірmedі. Дегенмен әйел де бар, екі-үш бала да бар. Бәрі Павлодарда тұрады. Мен жоқта үйге шешей ие! Мен осылай қарай ауыстым дегенде қуанышында шек болмады. Баянауланың тауын көрмей, сұын ішпей тұра алмаушы еді. Арманына жететін болды.

Карабаланың қандай азamat болып өскенін журналист досы анау трибунаға шыққанда байқады. Дембелше денесінде, сабырлы қимылында байсалдылықтың белгісі бар. Қайратты қара шашын бір жағына қарай җантайтып коюы да, баяу қимылдайтын көзқарасы да — бәрі де салмақтылығын анғартады.

— Жолдастар,— деді ол отырғандарды көзімен бір шолып алып,— промкомбинат шығаратын өнімнің түрі өзгереді дегенге, осы отырғандарының «Енді ауыл шаруашылығына қажетті заттардан басқа не өндірер екен?» деп ойлап қалуларының мүмкін. Және солай ойлап та жүрсіздер. Мен сіздерге бұл мәселенің бетін ашып берейін.

— Жолдастар, қазір ауыл шаруашылығы түгел механикаландырылды. Біздің өнімімізді керек етпейді. Сонда комбинат жабылмақ па?— деп Қарабала аз тынды да, ешкімнен жауап күтпей-ақ ойын жалғастыра берді.— Айналаға қараңыздаршы — жүрттың салып жатқан үйі қандай жақсы? Тегінде, төрт-бес бөлмеден кем үй салына ма? Және ол үйлердің асты мен үсті тақтайсыз бола ма? Жок! Енді мынаған қараңыздар, қазіргі еңсөлі үйлерімізге, бұрынғы түрегелсең төбең тиетін үйлерге қойылатын әбдіре, кебеже, шкафтар лайықты ма? Жок, лайықты емес! Сол себепті сәулетті үй салғандар шифоньер, буфет, трюмо, шкафтың неше түрін, ағаш кереуеттерді Павлодар, Екібастұздан тасып жатқан жоқ па? Жә, жиһаздың мұндай түрлеріне мүдделі жалғыз село осы ғана ма? Осынау далада қаулап өсіп келе жатқан совхоздарда да қандай үйлердің салынып жатқаны өздеріңізге аян. Оларға да жиһаз керек. Ағашы сынсып тұрған Баянаула мынау. Ал жүрт жиһазды азаптанып алыстан тасиды. Соны

шығару өз қолымыздан келмей ме екен? Қеледі! Міне, жолдастар, промкомбинат бейнесі осы бағытта өзгермек. Біз шыныдай жылтыр, қараңда жүзің көрінетіндей тақтайлар жасап шығаруға тиіспіз. Сол тақтайдан сәулетті үйлерге лайықты әсем жиһаздарды жасап шығаруымыз керек. Ол жиһаздарды сапасы жағынан қала магазиндерінде тұрғандардан кем болмайды және олардан анағұрлым арзанға түспек.

Павлодар мен Екібастұз тұрғындары үй жиһазын бізден келіп алатын болсын. Бұл сөзді мен, жолдастар, Баянауланың бойшаң қарағайына, сұлу қайыңына, берік терегіне сеніп айтып тұрмын. Бұл сөзді мен Баянаула шеберлеріне сеніп айтып тұрмын. Осы отырған сіздердің жігерлеріңізге, алғыр ойларыңызға сеніп айтып тұрмын.


— Тым көп жұмыс екен, сіз осы айтылғандардың іске асуына сенемісіз? — деп журналист Бауанға сыйырлап сұрақ койды.

— Сенемін, сенемін, өйткені мен Қарабалаға сенемін,— деп Бауан пікірінде қалтқысы жоқ екенін аңғартқандай нық жауап берді.

Мұны журналист бүкіл Баянаула өңірі тұрғындарының жауабындай сезініп, қағазына тұртіп алды.

Ал Қарабала сөзін тоқтатқан жоқ. Келешекте өріс алатын өндірісті өзгертуудің басын неден бастау керек екенін айтып жатқан еді...





ЗЕЙНЕЛ-ГАБИ  
ИМАНБАЕВ





## *Құстар қайтып оралғанда*

*П о в е с т ь*

*I*

Қатарласа берген салт атты Қадишаның өгіздерін шықпыштып кеп жіберді.

— Айда былай, жаны бар кісіше! — Байқараның мұрты тікірейіп, әйелге ызбарлана қарап өтті де, кереге жалды қарагерді ойнақтатып алға шықты.

— Айдандар, шапшаң!

Ұқсан шал мұрнының ұшы жыбырлап бірдене айтпақ еді, бата алмады. Салт атты озып барып күртік басқан маялардың төнірегінде атын оппалатып жүрді. Ұқсан айналып көріп:

— Су өтіп кеткен екен, әттеген-ай,— деп қынжылды.

— Ал, қатындар, іске кірісейік! — Киіктің асындаиды ыңғайлы Жықия шапшаң қымылдалап, күртікті опырып лактыра бастады. Күн көзіндегі дәп-дәңгелек жүзін тер жуды. Әйелдер қалың қарды аршыды, белі бұраландап Ұқсан шал да дамыл көрген жоқ. Жаны тыныш Байқара ғана. Сонадай жерде қаз мойын қарагердің үстінде мықынын таянып, темекісін түтіндеп тұр. Байқараның жуан бітімінен белі талған ат салмағын аяқтарына кезек салып пыскы-

рынады. Шөпшілер күртікті аршып болып, көліктерді тақап қойды да, маяға айыр қадады. Күзде төбесі түсіп, су өткен шөп тоң қатпарға айналған. Басы Ықсан шал болып қанша шұқыса да бір айыр шөп ала алмаған соң, темір күрек пен сүймен жұмсай бастады.

— Бетім-ау, мынау азық емес, қара тезек кой,— деп Жықия таңдана дауыстады.

— Есіл еңбек-ай, зая кетті деген осы,— деп күнкілдейді Ықсан.

— Неге тездепейсіндер?— деді Байқара.

— Алынбай жатыр, көрмей тұрмысын...

— Неге алынбасын, ұмтылмай тұрсындар!

— Кел, қымылдал көр өзің!— деді Жықия маңдай терін сұртіп.— Ат үстінде жаурап қалған шығарсын, бойынды жылт!..

Әйелдер арасынан құлқі шықты.

— Эй, қатын, тарт тілінді! Колхоз бастығы қолмен жұмыс істесін деген закон жоқ.

«Қайтесің соны, пәле болар» дегендерге тартынған Жықия ма?!

— Осындағы бес қатынға Ықсан шалды қосса, алты қатын. Қамшы үйіргенше, еркек басыңмен өзің келіп көмектеспеймісің,— деді.

— Көрсетем мен көмектескенді! Мына сөзің үшін көзінді ағызамын, іріткі салып тұрсың!— деді бас-қарма тұтігіп.

— Бәріне өзің кінәлісін, осы маяларды үйіп жатқанда айғайға сонда да салғансың. Төбесіне айыршы шығартпай, іргеден қаусырмалатқаның есінде ме? Іздей бастасақ кінәліның кім екенін біз де табамыз...

— Уа, Ықсан, желіккен әйелдердің сөзіне құлағынды салбыратып тұрсың фой... Қораға шөп жетпесе, соғыс уақытының тәртібімен жауап бересің!— Байқара келістіріп бір сабып алды да, атын борбай-лап шаба жөнелді.

— Эй, Жықия-ай, шырағым-ай, нең бар еді, бір пәлеге қалмасаң жаарар,— деп Шапық апай кейіп тұр.

— Көріп алармыз Байқараны! Ал кімнің ак, кімнің қара екенін өкімет тексерер. Корқатын дәнеңе жок, құдай өзі берген жаңын өзі алар,— деп Жықия қатпарды жұлмалай берді.

— Дұрыс айтасың, корқатын дәнеңе жок,— деді Қадиша.

Шөпшілер қозғалғанда, күн үясына төніп бара жатты. Ұланғайыр қарлы далаға батар күннің қызыл сәулесі шашырады... Күн көзі қалың бұлтқа кірген соң, батыс жақ өртеніп жатқандай талмаурап тұрды да, сіреу қардың бетімен жаяу борасын сырғи бастады. Өгіздер ілбіп келеді. Қадишаның шанасына артқан қатпар толқып кетіп бір жағына қарай қисайтып жіберді. Тарғыл өгіз бейшара әбден титықтаған, бүйірін соғып тұр. Қадиша қатарласып шу-шулейді. Күн әлдекашан батқан. Бұлт арасынан жұлдыздар жылтырайды. Жықияның даусы болу керек алдыңғы жақтан:

«Қарағым, айналайын, шырағым-ай!» деп сазды әуенге басты.

Кой кораға, ел орынға отыра Қадиша шөпті түсірді де, үйге жетуге асықты. Үйінің терезелерінен от көрінбейді.

— Балалар не болды екен? Мұратжан, Розтай!— деді ол дауыстап. Үлкені қуана үн қатты.— Бармысындар, балапандарым?

Қараңғыда қарманып, күлге көміп кеткен шоқты үрлей бастады. Шоқ сөніп, қоламтасы қалыпты. Көршіден от әкелмек еді, балалары босатпады. Қарауға уақыт қайда, от әкеліп, пілте шамды тұтатты. Қыпзырықтап жанған әлсіз жарыққа қарап қалтырай бастады. Мұрат пен Роза пеш алдына келді. Қішкене қыздың беті албырап, көздері бозарып тұр. Қеудесінде сырыл бар. Қадиша қатықсыз қара шайды аузына тосып еді, ішпеді. Сандық түбінде жатқан қанттың соңғы түйірін қолына ұстатты. Жеген жок.

Қадиша жылына бастаған пештің қабырғасына төсек салып, екі баласын бауырына қысып жатып қалды. Күні бойы сұық сорған әйелді үйқы қысып

барады. Розаның денесі от болып жанып тұр. Науқас бала сусын сұрайды. Қараусыз қалған балалар далада көп жүріпті. Тоңып келіпті де, безгек қысқандай қалтырапты. Қадиша қыстың ұзак тұнінде кірпік қакпады. Бала қиналып шоши берді. Таң алдында ғана тыныштық тапты.

— Уа, Қадиша, тұр, шырағым, уақыт болды.

— Қайнаға, балам сырқаттанып қалыпты, бүгін бара алмасам керек.

Қайқы төс қара шал Іксан кетіп қалды.

\* \* \*

Екі күннен соң бала қайтыс болды. Жас ана кіп-кішкене мейітке қаны қашып, телміре қарап отыр.

— Шырағым, келінжан, сабыр қыл! Пронтта жүрген Сайдаштың амандығын тіле, қолың құр емес қой. Мына Мұрат бар, қазынасы кең құдай тағы берер, бастарың жас! — десті үлкендер.

Қадиша ауыр күрсінді. Тағдыр не деген қатал. Жесірлік пен тапшылық, мазасыз жұмыс онсыз да қажытып бара жатқандай еді, енді, міне...

Соғыстан бұрын осы елу үйлі ауыл әп-әдемі колхоз болатын. Сайдалының туған жері. Мұнда туыстары, ата-аналары тұратын. Аға-інілері әскерге алынды. Шалдар мен әйелдер қалды орындарын басып. Егін шықпады, шығатын жайы да жок, тракторлар тозған, бөлшектер мен жанар май жетіспейді.

Көктемде жеке меншік сиырларын жегіп жер жыртады. Жер қасарып жатып алды. Күші бар, білегі барларға ғана жомарт. Уысқа түсken az ғана өнімді майданға жібереді. «Жігіттерге берейік, жаумен жағаласып жүр гой, өзегі талмасын, біз елде емеспіз бе?!» — деп Жұман атай бір дәнді тырнағымен шымшып алып, жұмақтың құрмасындай ардақтайды. Елдеміз дегенмен, аспаннан түсер азық бар ма?! Соңғы кезде ауыл мына бір қаритетке түсken. Үй іргесіндегі жерді қүрекпен ойып картоп салады. Оны үйреткен де орыс арасында көп жүрген Жұман карт.

Қадиша көңілі қапалы, үрейге толы. Сайдалыдан хабар болмай кеткелі үшінші айға айналды. Аман болса хабарласар еді. Пошташы шалды әкесіндегі көріп, сонадайдан бөркінің төбесі қылтиса, тайралаңдап жүгіретін еді. Осы кезде сол бір бәкене, момын шалдан аза бойы түршігеді. Ерте ме, кеш пе, әйтеуір киямет жайды төбесінен тастап жіберетіндегі көрінеді. Пошташының көзіне түспеуге тырысады.

Откен жаз Жұман атайдың жалғызы ұлынан «қарақағаз» сап ете түсті. Алдында ғана баласынан хат алған. Қеп ұзамай тағы жазам деген. Хатты пошташы шал қолына ұстатьпты. Ашып жіберсе, «қарақағаз». Кемпір талып түсті. Қарт күректей ақ сақалын салалап сілейіп қалыпты. Нұрсыз көздері шарасынан шығып, қеудесінен әзіз жанын суырып әкеткен өліктей қимылсыз, тастай сұп-сұр... Бір кезде кария дауыл соққан кәрі теректей, шайқалып қозғалақтап:

— Уа-ха-а! — деп кәрі жүректің у запыранын актара: — Соғыс дегенің осындай ма еді? — деді.

Иә, соғыс дегенің осындай екен! Сағынғаннан ба, Сайдалыны түсінде ыңғай көреді. Ыңғай бір азаптанып, азып-тозып жүргені. Терең жардың арғы бетінде ол, бергі бетінде бұл тұрады. Зарықкан көңілмен қол созады, жете алмайды. Жүректегі шер-мұңын айтқысы келеді, даусы шықпайды. Қиналып, терлеп оянады. Сонаң соң өксиді-ай келіп. Ондайда екі баласын иіскең сабасына түседі де, үйқтап кетеді. Үйқтап кетіп, тағы Сайдалыны көреді. Шат-шадымен қуаныш құшағында жүреді. Соғыс та жок, қасірет те жоқ...

— Кемді құнге жұбаныш болған екі көзімнің бірі ағып түсті. О, сүм тағдыр, осы екеуін мен бейбаққа көпсіндің бе? — Қадиша құніреніп кетті.

— Келінжан, сабырлы бол, тағдыр деген катал, оған қарсы тұруға адамда қауқар жок. Бастарың жас қой, атамыз айтушы еді: «Арбаның екі арысы түгел болса, көш жүре түзелер» деп. Сайдаштың амандығын тіле, иә, сөйт, шырағым, ақылың бар еді ғой.

Қадиша басын көтеріп алды. Өлеусіреген білте шамның жарығына Жұман атайдың аппақ сақалы көрінеді. Қарт жер шүқиды. Мол денесі бір тарының қаузының сыйғандай болып отыр.

— Біздің кемпір де баласынан «қарақағаз» алғаннан бері ас-судан қалды. Не деп жұбатарымды да білмеймін. Абзалында, шырағым, берік болған артық, е-е, солай! — деп сөзінің аяғын соза түрекелді.

— Сөйт, шырағым, берік болған артық,— деп қарт шойнандаш тұрып бара жатты. Азалы үй еңсені басып үнсіз тұр. Мұрат шешесінің тізесінде үйктап кетіпті. Үйктап жатып өксиді. Білте шамның оты жіңішкеріп, түтіндей берді.

— Қадишажан! — деп тізесін бүгіп Жықия отыр. Келіншектің қан тамып тұратын әдемі жүзі құп-ку. Қөзінде жас. Қадиша бас салып көрісе кетті. Үйде басқа ешкім болмағандықтан екеуі де шер-мұндарын армансыз төгіп-төгіп жіберісті. Жықия Жұман қарттың келіні, майданда опат болған Әмзенің келіншегі. Ойсыз жандай болып көрінетін Жықияның ішкі сарайы зар-налаға толы екен.

— Мына заман не деген заман болды-ау, көкірегі түскірге қайғы толды-ау, құрбым-ау! — деп ыстық лебімен өртеп, қүйдіріп жібере жаздады. Қадиша тоқтау жасады. Жықияға қарағанда өз жағдайы артық екенін ұқты. Жықия байғұсты айтсаңшы, аңыраса аңырағандай емес пе? Бетінің қызылы, белінің құші барда жесір қалды. Екі әйел өксігін басып, онсыз да қызарып кеткен көздерін қайта-қайта сұрткіштеп отырды. Қадиша сәбиінің тілін, қылышын айта берді. Жықия от жакты, самауыр қойып құрбысына қолғабыс етті.

— Қадишажан, шай ішсөң денең жадырайды, басынның ауырғаны басылады. Тірі адам тірлігін қылады ғой, әменде сүйтеді. Әмзенің қарақағазы келген күні құдайдан өлім тіледік, тіпті шын тіледік өлімді. Кейін тоқтау қылдық, енді қайтерсін!..

Әлжан қыстауы ауылдан алғыс емес, ортада жол ағаш қана бар Қыста өгіз шананың жіңішке жолын қар бітеп тастайды. Мұнда мыңға тарта қой қыстайды. Шағын елдің негізгі байлығы осы. Ауылдағылар оны «қой фермасы» дейді. Қой фермасының бастығы жарау, қайқы төс қара сүр шал Ықсан қанша тыраштанғанымен шаруасын пәлендей жөнге бастыра алмай қойды. Бетін қорасан жеп қойған қара тарғыл. Шапық апай сырқаулы болса да, қатардан қалмай, бала-шағаға бас болып жүр. Қойдың төлдейтін кезі. Откен күні он саулық өлді. Бірі қозылай алмай, бірі іш тастап дегендей, титығына жеткеннен өлді. Ықсан арық қойларды ашаға іліп, бипаздап сойып жатқан. Мол қаптал күпілі, күректей сақалы қарауытқан Жұман атай кірді. Кескіні тұнерген.

— Мұны қайтесіндер?

Ықсан қара көк сақалын ілгері созып:

— Ет комбинатына жөнелтеміз,— деді.

— Осыларды жөнелтесіндер, ә? Майдандағы жігіттерге жіберетін азықтарының пормы ғой. Ықсан-ау, үялмай қалай айтып тұрсың? Осы колхозды құрып берген, осы малды өсіріп берген, бүгінде қан кешіп жүрген азаматтарға тартқан сыйың ба, ә?— Эр сөзін нығарлап айтқан сайын қақ таяғы шошаңдап салып жіберердей болып тұр.

— Бәтір-еке-ау, мен бе? Әйтеуір, өлетін болған соң кіріске кіріп өлсін. Бүйткен күнде, бұл саулыктар өлген емес, сойылып, етке тапсырылған болып саналады.

— Жағың неге қарысып қалмайды, Ықсан, сенің? Қалай ғана айтып тұрсың осы сөзді. Тарт былай!— деп ақырып қалып, іске татыр қызылы жоқ боршаны ашадан жұлып алып, лактырып жіберді.— Экет жасығынды, әкет татымсыз өлімтікті.

Жұмекен қой қораны аралап кетті. Келмегелі көп күндер өткен. Баласының қазасынан бері әлден

айрылып, аяктан баса алмайтын болып бара жатты.  
Ақыры бас көтерді де:

— Қате-ен,— деді,— мен пермеге барайыншы, қолымнан түк келмесе де бала-шағаға бас болайын, кімге сенем, ер-азаматтар болса жок,— деп мықынын таянып орнынан тұрды.

— Беу, кәрі шөңгел, өлерінің шағында тек отырмайсың ба?— деп еді Жұлдыз кемпір.

— Эйел шіркін, көздеріне әлдерің келмей отырып өнеге айтасындар-ау. Өлсем де жаумен жағаласып өлейін, коммунист емеспін бе?!— деді.

Жұмекен аласа қорада басын төбеге соғып алмас үшін еңкейіп, тұқыра қарап жүр. Қой малының мұншалық арықтағанын осынша жасқа келіп көрмепті. Қалың жабағы астынан жамбас сүйегі шошайып, мойындары келеңсіз ұзарып кеткендей қойлар шулап, қартты қоршап алды. Құпісінің етегін тістеп тартқылайды. Қызыл қойдың жидіген жабағы жүнін қара саулық қәдімгідей жалмап жеп тұр. Жұмакеннің төбе құйқасы шымырлады.

— Апырай, Ықсан-ай, мынау не сұмдық? О заманда, бұл заман қойдың өз жүнін өзі жегенін көруім. Малдың обалына қарасандаршы! Мына қалыпта түгел ашаға ілінеді ғой, не көргенсіндер?

— Апыр-ау, Жұмеке-ау, керек болса мен айтайын, шөпті беріп жатырмыз. Қызылағаштың жонышқасы түгел шіріп кетіпті. Айырмен емес, күрекпен, сүйменмен кертіп әкелеміз, не қыл дейсің? Осы шірікті де уақтылы жеткізіп бере алмаймыз. Бес шанамен таңнан кетіп еді, әлі жок. Інірсіз жете алмайды-ау.

— Шіріп кетті дедің бе?— Жұман атай қанталаған көзімен Ықсанның бурыл сақалды жүзіне шошына қарады.— Басқа жерде шөп бар ма еken?

— Жок.

— Апыр-ау, не дейсің?..

Ықсан Жұмакене, жан-жағына қарап алды да, істік сақалын қарттың құлак түбіне тақап:

— Керек болса мен айтайын, бәрі Байқараның кесірі. Жұртта не жазық бар. Бала-шаға жан аяған

жок, шөпті шапты, үйді. Жоспар толтырам, мақтау алам деп маяларды дұрыстап үштатпады. Керек болса мен айтайын, күр қалқайтып кете барды. Маяны дұрыстап үйейік деген әйелдерге жала жауып дүрсө қоя берді. Өзіңіз де естіген шығарсыз.

— Жок, естігем жок.

— Естімесеңіз, керек болса мен айтайын, күздің алғашқы жаңбырында маялардың төбесі ескі моладай ойылып түсті. Сөйтіп, пәле Байқаралатып келді. Содан, керек болса мен айтайын...

— Мына қойлар тағы мүрдем кеткен бе? Терісі сыпырылып ашаға неге ілінбеген? — деген басқарманың даусын естіп Үксан тілін тістей қойды.

— Уа, Үксан!

— Мен мұндамын, Бәке!

— Уа, запперме болғаның құрысын! Үп-үлкен басыңмен айтқанды орындауын қалай?

— Не қыл дейсің?

— Мына қойлардың терісін сыпырып, етін неге ілмегенсің?

— Еті жарамсыз көрінеді.

— Кім айтты, қай ақымақ айтты, ә?

— Ал, мен ақымақ айтқан! — Жұман қарт сылти басып қақпаға қарай бетtedі. Байқараның жалбыр мұрты жыбырлап кетті.

— Айтқан мен, майданда қан кешіп жүрген жігіттерге өлімтік жегізуге болмайды.

— Осы өлімтік пе? Адал бауыздалған кой, аздал арықтау, ештеңе етпейді, қазір бап талғайтын уақыт па?!

— Бап талғамасаң өзің неге жемейсің?

Байқара бөгеліп қалды да, белгілі ашуға басты.

— Сен шалды осында кім шақырды, көнілің қапалы екен — үйінде жат, зиянкестік жасап, іріткі салма жұртқа.

Жұмекең кетік тістерін көрсетіп, қарқылдан тұрып құлді. Осылай күлмек түгіл соғыс басталғалы езу тартқанын ешкім көрген жоқ-ты. Қой күтушілер «атай есінен адасты ма» деп сескеніп қалды. Қарт

күліп болып, қызылы қашқан қойдың өлімтігін таяғымен тұртіп:

— Мынандайдың жеуге жарамайтынын айтқаны үшін де адам зиянкес атанады еken ғой? — деп қайтадан тұнере тұсті. — Шырағым, Байқара, мен әкенді де, ұлы бабанды да көрген адаммын. Олардың да мына сен сияқты ақылсыз мінездері көп болатын. Зиянкестікті өз төнірегінен іздесең қайтеді? Оғып-бұғып жүріп, әскерден қалдың. Бұрын да сенің ел тағдырына жаңың ашығаны белгілі еді ғой. Талай лаңыңды білеміз. Бүгін енді ауыл азаматтары жокта бас көтере қалыпсың. Не бітіріп жүрсің осы? Малдың мұнша арығанын көрмеймісің? Қойлар бірінің жұнін бірі жеп жатыр. Құніне ондаң өледі. Қатарға қосылар да бір қозы болмас. Мал аш, жұтап, қаусап тұр. Соған қарамай колхоздың тәуір атын мініп аң қууға шығасың. Көрші колхоздарды неге көрмейсің?! Ел қаусап, қажып тұрғанда серілік құрасың. Айтпайын деп едім, болмадың, қойдың осындай күйге ұшырауына өзің кінәлісің, шөпті шіріттің...

Карт Байқараға айылтау қорытындысын оқығандай жеріне жеткізе айтып болды да:

— Тәйт әрі, адыраңдамай, о қайткенің-ей?! — деп бүкендей төл қораға қарай кетті.

Шапық апай сасқанынан жүгіріп үйге кіріп еді. Баласынан қалған кішкене немересі пеш арқасынан бас көтеріп: — Эже, нан? — деді. Эжесі естімегендей, ыдыс-аяқтың арасынан шайлық сұтті алып, қайта жүгіріп шықты. Қорада аяқтарын бауырына алып, қозылар тұр. Бәрі де жақ жаппай маңырайды. Шапық аштықтан бұратылып үні шықпай қалған қозының аузына сут тамызды.

— О, бақыр-ай, «жаманға мал біtedі, қакырық-түкірікпен кетеді» деген осы, науат болғаны-ай, — деп сөйлеп жүріп, есіктен кірген Жұмекенді байқамады. Карт үздіге маңыраған қозыларға қарады.

— Мыналарың жарымай тұр-ау, ә?

— Сұрамыңыз, Жұмеке, жағдайымыз өте ауыр. Таяқ ұстап қалайық деп тұрмыз. Тұні бойы кірпік ілгеміз жоқ. Мына Эзиза қарағыма да қын болды.

Жас кой, үйқыға шыдай алмай жүр. Тұні бойы қозыларды екі жамыратсақ та, саулықтардың тандыры әбден тартылған, ақ тәмбайды. Жалғыз сиырдың сүтін тамшылап құйсам да жетер емес. Сиыр пермесінен күніне бес литрден сүт бергізіп түр деп едім, Байқара көкке шапшыды. Не істе дейсіз, Жұмеке-ау, кімнен көрерімді білмеймін,— деді Шапық көзіне жас алып.

Жұмекен «е-е-ее» деп ауыр күрсініп қалды да:

— Шаруаны былай күйзелтіп болмайды. Колхоз шаруасын осылай құлдыратсақ, майданға азық-түлік бермек түгіл, азып-тозып кетерміз,— деді.

— Енді не істе дейсіз?

— Бір жөнін қарастыру керек,— деді қария.

Шапық апай таңертенген бері әлі күйбенде жүр. Қашан жығылып қалғанша жүрді. Қатты шаршағанын жүргегі шаншып, басы зенгіп кеткенінен білді. Мал болса шулап, айнала күнгірт тартты. Әлдеқайда қарлы даланың бір шетінде күн батып бара жатқан сияқты. Тұтасқан қалың бұлттан ештеңе көрінбейді. Қыстаудың қырауын қағып сұық жел түрді. Есік ашылса да қозылар маңырап коя береді. Шам қайта тұтінеді. Төл іісіне қонырсыған керосин іісі қосылды. Құты қашқан шым қораның жабығынан жел соқты.

— О, тоба-ай, тағы басталды ма?!

Апай тыскә шықса, қыстау шайқалып түр. Боран басталыпты. Уақыт іңірге тақау. Күндізгі жарық көгілдірленіп барады. Аза күйін шерткендей орман сыңсиды. Құпті болып жүрген әйел жүргегі онан сайын шаншып, көзіне жас келді.

Қазіргі алаңы — шөпшілер. Таңертең кеткеннен әлі оралған жоқ. Алты шақырым жерге өзізben барып келуге бір күн керек. Шөпті күрекпен кесіп, сүйменмен ойып арту да оңай емес.

Шапық сары кідір қалпымен ереккеше қимылдайтын еді. Қойдың жағдайы қын деп басқарма осында жіберді. Қайда қын жер болса мұны жұмсайды.

Шөпшілердің алды келгенде, боран үдей түсті.

Алда кер өгізге шөп артқан Жыкия жетті. Бет-аузы алмадай, қып-қызыл, жаяулап, тершіп келіпті.

— Шөпшілер қайда?

— Кейінде.

Осыны айтып Жыкия каптарды құшақтап, қойға шаша бастады. Ықсан көмектесіп жатыр. Біртіндеп кейінгілер жетті. Бәрі келгенде Қадиша болмай шықты.

— Апирау, Қадиша жоқ қой,— деп Шапық апай байбалам салды.

— Қеле жатыр еді ғой, өгіздері болдырып қалмаса...

— Қап, бір сүмдыққа кездеспегей!

Жұрт іздеуге шықты. Жықия бәрінен алда зырлап келеді. Элгінде жүріп өткен шана ізін қар көміпті. Боран көз аштырмайды. Жаяулар желге қарсы еңкейе үмтүлышп, алқына қадам басады. Бірінен-бірі ажырап кетпес үшін қол ұстасып алды. Жел айғайды естіртпейді. Оппалаған төрт-бес адам қараңдалап келеді. Етектерін дауыл жұлмалап, киімі жұқаларының сүйегінен сұық өтіп барады.

— Қадиша-а-а!

— Жықия, көзің өткір еді ғой, жолдан айрылма, мен ештеңе көрер емеспін.— Ықсан өз сөзін өзі де десті алмады.

— Кадиша-а-а!

Қырышық қар бетті осқылайды. Іздеушілер теріс айналып, сәл дамылдайды да, еңкейіп ілгері ұмтылады.

— Жұруге халім жок,— деді Ықсан бір кездес алқынып.

— Қайтыңыз онда, Қадишаны таппай үйге бармаймын,— деді Жықия дауылға өршелене қадамбасып. Өзгелер де қалбақтап келеді. Қөздерін ақшел каптағандай, ештеңе көрер емес. Шапық жолды іздестіреді. Шаналардың көмескі ізі мен шөптің қоқымы енді көрінбей кетті. Дала әлек болып бұрқанып жатыр. Тіршілік белгісі де жоқ. Іздеушілер ілгерілей берді.

— Қолдасып алындар, ажырап қалмайық.

Қай мезгіл екенін кім білсін, бір кезде доғарылған шананың үстінен шықты.

\* \* \*

Әзизаның үйден тынышы кетті. Боранның ыңжыны үдеп барады. Қорада қозылар маңырайды. Қөнілсіз күй сары аурудай созыла береді. Біреулер жоқтау айтып сарнап жатқан сияқты.

Күйеуінен хат келмегелі екінші ай. Хат ұзаған сайын келіншекте үрей жок. Соғыстан бір жыл бұрынғана түрмиска шығып, бірден үл туды. Сол Қайыртай, міне, үш жастан асты. Аумаған Әміренің өзі. Жатқан түрін қараши пүштиып! Майданға аттанатын күні Әміре көз ілмеген. Қеліншегі мен баласын аймалап еміренумен болған сәттер есіне түскенде жүргегі жалын атып, денесі от болып күйіп кетті. Сағыныштан азап шегіп, көздерінен жас парлап коя берді. Ой, дүние-ай, мына боранды түнде дүниенің қай шетінде жүр, сұқта жаурап қалмады ма екен?!

Жалғызыраған әйел зарығумен көз ілмеді. Ойға не келіп, не кетпейді мұндайда. Әйтеүір алданышы Қайыртайы бар, оған да шүкіршілік. Майдандағы жігіттерге тамақ керек, қару-жарак керек. Малдың сиқы мынау — жасығын алып жатыр. Боран осы ай бойы соғып тұр. Адамдар да, көлік те титықтаған. Жігіттер барда думан болып жататын қой фермасы қаңырап бос қалды. Ашыққан малдың шуынан басқа ештеңені ести алмайсың. Жұрттың бәрі жок іздел кеткен. Бейшаралар сұыққа ұшып өлмесе жаар. Қазандықта ыстық су қайнағалы қашан, үсініп келсе ауыздарын жылтар. Қадиша табылса екен. Сорлы әйел сәбиін жерлеген күні ертеңінде-ак жұмысқа шығып еді. Дем ал, азалай тұр дегенге болмаған. Апырай, аман болса игі еді...

Әзиза баласын бауырына қысып қалғып кетті. Түсінде Әмірені көрді. Есіктен күлімсіреп кіріп келе жатыр екен. Қеліншек қос қолын соза беріп оянып кетті. Құнгірт үйдің ортасында дымқыл мұртын ширатып Байқара тұр.

— Ұйқынды бұзып жібердім бе, жалғыз екенсің ғой, өзге жүрт қайда?— деді сырт киімін шешіп жатып.

Әзиза жағдайды айтты.

— Табылар, жоғалып кетер мал емес қой, жүрген шығар.

— Сізге адам тағдыры ойыншық болды ма?— деді Әзиза кейіп.— Астыңызда мықты атыңыз бар, неге іздеспейсіз?!

Байқара темекісін түтіндеп:

— Катын іздеуге уақытым жоқ, Айтуар өзегінен тұрғызып алған қасқырды Есіл аңғарына құлатып келдім, атым болдырды,— деді.

— Мал қырылып, жүрт азап көріп жатқанда, саят құрып жүргүре үялмайсыз ба?

— Саят қана емес, серілік десе де болады. Осын-дай серуеннен кейін өзің сияқты келіншектерді бауырға басқан тіпті тамаша емес пе!— деп, Әзиза-ның қолынан шап берді.

Келіншек Байқараның түкті білегінен тістелеп бүлқынып жүр. Қайыртай шырылдап оянды. Осы кезде есік ашылып, аппақ қарға оранған адамдар кіріп келді.

— Байқара болмай құдай болсаң да басынды шауып алайын,— деп Шапық апай балтаны ала үмтүлді. Арашаға Ықсан килікті.

— Шапық, сабыр ет, керек болса мен айтайын, мұнауың кісі өлтіру.

— Өлсін аузының ішін... Құтырайын деген екен, жетім-жесірge тырнағын батырып!..

Байқара ыржалактап тұр. Білегінен саулаған қанды да аңғарар емес...

\* \* \*

Қадишаның шаңасының қарамасы сынып жантайып жатып алып еді, артылған қатпар шөп ауып, сүйретіліп келеді. Күшінен асқан жүкті өгіздер ілгері апара алмады, кейіндей берді. Ақыры шеткі өгіз жатып алды, қоналқыға келгендей-ақ пысылдап

тұрар емес. Әбден әлі кеткенде сөйтеді өғіздер. Қадиша шананың астына кіріп, шірене көтеріп түземек еді, зорланғанда өзегі үзіліп кеткендей болды. Қөздері қарауытып отырып қалды. Есін жиып тәлтірекtep орнынан тұрганда, соңғы көлік сайдан түсіп барады екен, даусы жетпеді. Тұн болып, боран көтерілді. Қөліктерді ағытып алып, сенделіп жүре берді. Елге қарай тұра тартқандай еді, орманға кезікті. Панаға келген соң бетінің қарын сұртіп ойланып отырды.— Қай ағаш бұл?

Екі өгіз аяқтарын бауырына алып бүрісіп тұр Қадиша бойын жаза алар емес, ішін басып ағылтегіл жылады. Орман сыңсып үн косты. Денесі суып, аяқ-қолдары үйіп барады. Өлген деген осы болар, көзіне Сайдалы мен Мұрат елестеді, қатарласа келіп қол созады. Қадиша бар қуатын жинап:— Жоқ, мен өлуге тиісті емеспін, өлмеймін,— деді. Орнынан сүйретіле тұрып, шіліктің басын сындырып өгіздерге тосты. Титықтаған жануарлар өлеусіреп мойын созды. Шырпыны қажақтағанына қуанып, қыбырлай берді, денесі жылынған сияқты. Соңғы күшін сарқып алмас үшін бірде дамылдал, бірде қимылдал тұнді өткізуге тырысты. Қас жауы — үйқы мен суыққа осылай қайрат қылып, таңды асыфа күтті. Таң қайда, біреу қайда, орман аза қүйін сыңсиды. Аласапыран арасынан адам даусын естігендей болады. Елендейді. Елдің ізден жүргенін сезді Желге қарсы жүргуге халі жок. Іздеушілердің даусын тағы да ап-анық естіді. Үйқы әлсірете берді.

### 3

Байқара үйіне көңілсіз қайтты. Қырсық шалған бір күн болды. Қасқырды, бәлкім, ұрып алар ма еді, бораны тұскірдің түтеп кеткені. Аты тез титықтал, жүрісі мандымады. Жемді көп жеп қойды ма екен? Шапық қатынның келініне сөзін өткізе алмай беті қайтты. Колхоз шаруасы онға баспай ол тұр. Райкомға барса, жанын қысады. Ана жолы орнынан түсіріп тастаймыз деп ескерткені бар. Орнынан түсті деген-

ше, майданға кетті дей бер. Байқараның денесі мұздап сала берді...

Ойға ой қосылды. Шай іш деп әйелі үшінші рет айтса да құлағына кірмеді. Желі қай жағынан соғарын бағып өскен Бағила самауыр қасында шошайып отыр.

Сопактау мұнды кескіні қуаң тартып жүдей түсken. Қайтып үн катпады. Байқарамен жұптасқан жылдарын ойша шолып өтті. Қөрген жақсылығы аз, бейнеті көп екен. Төрт бала туыпты. Екеуі ғана тірі. Бар сүйеніші солар ғана, әйтпесе Байқара бай болып жарытқан жок. Қара күндегі ертеден қара кешке салпактап өмірі өтіп келеді. Бір рет жұбайым деп еміренді ме екен? Қонаққа апарып, қатарласып отырды ма екен? Салпы етек, шарасыз әйелдердің тірлігіне әбден дағдыланып алған. Ауылдағылар бұл көшеге шықса: «басқарманың күн тимесі» деп күледі. Арпалыс заманда кеудесінде жаны бар адам қымылдан жатса, Бағила от басынан шыға алмай-ақ қойды. Еңбекке араласуды айтып еді:

— Шайыңды жөндеп қайнат! — деп жекіп тастады.

Қыз күнінде осы төніректің бозбаласын өзіне қаратқан ак сары, ажарлы қыз еді, бұлғақтап ерке өсті. Ойын-тойда ән салды, әзіл айтты. Жиынның гүлі болды. Сөйтіп жүргенде осы Байқара соқтығып сөз айтты.

Қапылыста аңдып соғып, атқа өнгеріп кетті. Арпалысқанмен істер айласы болмады. Алыстағы апасынікіне апарып, тығызып жатып алды. Болары болып, бояуы сіңген соң еліне алып қайтты. Қорлық-қа шыдамаған Бағила арыз айтпақ болып еді, туыстары тоқтау салды. Сөйтіп Байқараның есігінде отымен кіріп, күлімен шығып жүре берді.

Асылы, шыдамдылық, ұстамдылыққа келгенде әйелден артық кім бар. Ар-намыс қамалап аттап өте алмайды. Намысы үшін жанын береді. Эйелдік, аналық атына кір келтіруді өлім санайды. Иә, сөйтеді. Аласы ішінде Байқарадан әбден түніліп болыпты. Қалған ғұмырын еркексіз өткізгісі келсе

де, балаларын ойлап райынан қайтады. Ажал деген айдаһар адамды лебімен тартып өзіне қарай жақын-дата береді. Мысқалдан ұрланған ғұмыр бір күндей болмай өте шығады да, жылан арбаған сұр торғайдай ажал аузына кіріп жоғалады. Бағила бала туды, одан басқа не істей алады, ештеңе де тыңдыр-мапты... Самауырдың ызыны басылғалы қашан. Оттығы да қарауытып, сөніп қалған. Дастан-қан жаюлы қалпымен тұр. Байқара қакпактай жауырынын көрсетіп іргеге қарап жатыр. Ондық шамның білтесі шоқтанып түтіндейді. Дастан боран ызыны естіледі. Эйел тізесін құшақтап әлі отыр. Көздерін бір нүктеге қадап қалған. Біреу терезе қакты.

— Бұл кім екен, барши-ей!

Қарға оранған екі адам кірді.

— О, бәрекелді, Әбеке, сәламатсыз ба, дені-қарныңыз сау ма?— деп Байқара, қонақтың мұздаған қолдарын уқалап, түймесін ағытты.

Бағила ас қамдауға кірісті.

Шықшыт сүйектері шыққан жадау жігіт аупарткомның нұсқаушысы. Мынадай сұрапылда не түлен түртті екен? Әбу пешке жылынып отырды, қалтыраса да сыр бермейді. Шай үстінде Ықсан кірді.

— Әлгі Қадишаны таба алмай қайттық. Жаяу шыға алар емеспіз, атыңың бірін бер, жілік майы бар ғой. Панаң ұстап тағы бір сүзіп өтейік,— деді.

Жайшылықта басекен барқ етіп айдал шығар еді, аупартком нұсқаушысы алдында өйтеп алмады.

— Қара атпен аңнан келдім. Жирен дөнендер ертең жегем. Бригаданың сары азбаны мен көк шоқайды мініндер!

— Олар аяқ артуға жарамсыз.

Осымен сөз шектелді. Ықсан шығып кетті.

— Сіз эйелді іздеуге ат бердіңіз бе?— деп сұрады Әбу.

— Бердім, бізде аттар бар.

Байқара басы жастыққа тиіп, қорылға басты. Шала бауыздалған жылқыдай қырылдап, үйді басына көтерді. Мұндайда Әбүде үйқы болмайды. Теріс қарап жатты да қойды. Күні бойы ат соқты болған

басқарма шаршап жығылған. Өткен-кеткенді ойлап Эбудің үйкісі келмеді. Соғыс алапаты іргесін шайқап тұрған кішкене ауылдың басқалардай емес, құлдырап бара жатқанына себеп іздейді. Жұман карттың айтып жіберген сәлемін шолып шықты. Қарт жаны ашығандық істеген. Мал қырылу, адамдардың жүдеушілік көруі басым. Неге олай! Аунакшып үйкісі келмеді. Қөптен бергі жолдасы — құрғақ жетел қысып мазасын алумен болды.

— Ей, қатын, етігімді бері таста! — деген дауыстап оянды ол. Таң атыпты, өзімен қатар жатқан Байқара түкті балтырларын сипалап отыр. Эбу оның жалпақ жауырыны мен қып-қызыл шүйдесін көрді. Босаға жақта самаурын ызындаиды. Эбу киініп тысқа шықты.

Тұндегі ак түтек басылып, терістікten сұық жел тұрыпты. Ызғарлы қатты жел. Үйлердің жатаған мұржасынан жылы тұтін үйытқиды. Құртік басқан көшелермен әйелдер асырып барады.

— Эттеген-ай, Байқара атын берсе бүйтпес еді, сорлы тірі ме еken өзі?

Әбудің мойнына жылан оралғандай қалтырып кетті. Сонау тұста жегулі ат, жаяу адамдар топтасқан. Шанадан көтермелеп біреуді түсіріп жатыр. Денесінде тіршілік белгісі білінбейді.

— Үйге қарай, үйге! — десті жан үшырып. Эбу сірескен адамды көтерісіп ала жөнелді.

— Өтіздер аман ба еken? Өтіздер деймін, ку дүлей? — деген Байқараның тарғыл даусы естілді.

Қекжиектен сүлеленіп күн шықты. Ой-қырын боран тегістеп кеткен дала кіршіксіз аппак. Шана үлпілдек қарға шимай салып ұзап барады.

Отырғандар үнсіз, екеуі де күн сәулесімен шарлысқан ак далаға қарайды. «Мына сөлtek өкілдің тап болғанын қарашы, әйтпесе атаң өлсе қарамайтын қан сонардың өзі. Бұл болмағанда ғой ендігі Теріжайған асып, Есіл өлкесіне құлар ма едім. Қешегі көк сүр арлан тағы да Балпанайға сіңіп жоғалды ғой, эттеген-ай!..» деп тосын кездескен «қырсыққа» қынжылып басқарма отыр.

Әбүдің құлағынан сұрапыл боранның ызының кетер емес. Ың-жың арасында жөн таба алмай жүрген әйел елестейді. Неге ғана сендім екен сөзіне? Жұртты неге көтермелдім? Мына семіз аттармен жарық ұстап шығуға болатын еді ғой.

Әбу ауық-ауық жөтеліп қойып, басқармаға бұрылышын тақаралады. Қабағы салыңқы. Колхоздың халі мұнау. Сиырлар ақ болып кеткен, көтеремдері бар. Жазда көлік етеміз деген өтішшелер тістерін шықырлатып мөнірейді. Сиыршы әйелдің ерні жаляқ, қара көздері мұнмен қарайды. Жөн сұрағанда «үсініп едім» дей салды.

Бір шанада иық тақастыра отырған екеудің ойы екі басқа.

Өкілден айылын жиған Байқара жоқ. Бәрі де өз орнында, бәрі де соғыс уақытының тәртібімен істеліп жатқан сияқты. Өкілдің салқын кескініне қарап: «Тырсия келіп, жұмсара қайтатындары болатын», — деді.

\* \* \*

Қыстау ағашы мұлгіп тұр. Ақшыл аспанның аясында үшар бастары кертештеніп, тұнжырай қарауытады. Қой қорада таңғы қарбалас кезі. Мал жайлап, төл жамыратып дегендей, малшы жұрт тер төгіп жатқан. Байқара Әбүді алдына салып кірді. Аласа қораға төбесін соқпас үшін бастарын тұқыртып алыпты. Азан-қазан малдың шуы құлақ тұндырады. Жұні түсіп, көн арқасы ағарған қара саулыққа қозы жамыратып Шапық апай отыр. Екі иығынан дем алады. Сүр көздері қатты қиналумен кіреукеle-nip kеткен.

— Сізге не болған?

Шапық үн қатпады. Тарамысты қолдарымен арық қозыларды желкесінен қысып, қойдың бауырына тұқыртады. Бірдене деп өзінен-өзі күбірлейді.

— Осы байғұс тұннен сырқат, жат десем тіл алмайды,— деп Ықсан түсіндіріп жатыр.

Әбу Шапық апайды қаз бастырып, сүйемелден үйге кіргізіп, төсегіне жатқызды. Ауру сандырақтап:

«Қадишажан, Қадишажан,— деп дауыстайды.—  
Әй, үйің күйгір Байқара-ай?! О, бетсіз!»

Байқара сыртқа шыға берді. Әбүдің ашаң жүзі  
боп-боз болып, танауы қусырылып кеткен.

— Тұнде боранда Қадишаны іздесуге барған.  
Қиімі жеңіл, сүк өтіп кетті ғой сорлыға. Сүзек  
болмаса жаарар,— деп мұсіркейді біреуі.

Өкілді дағдылы жөтел қысып барады. Қабырға-  
дан ұстап сәл бөгелді де, аузын орамалмен басып  
қой қораны кезіп кетті.

— Жеткізе алмай жатқанымыз болмаса, шөбіміз  
бар. Күтім нашар, тек басқармаға ауыз ашып, астық  
сұрауды біледі, түге.

Байқара күнә біткенді малшыларға артып, өзі  
әбден зықысы шыққан сорлы бастық болып көрінгісі  
келеді.

Әбу оның сөзіне құлақ қоймады. Қой фермасын  
аралап жүріп көріп:

— Кеттік маяға,— деді деміге сөйлеп. Басқарма  
саптама етігінің тұмсығына қарады.

— Онда не бар, келеді ғой өздері де.

— Бару керек, қолың тимесе атынды бер!—  
«Атынды бер!» дегені тұра бастықтығынды бер  
дегенмен бірдей еді. Амалсыздан көнді. Қаз мойынды  
қара ат құлақтарын тас төбесіне шаншып алып  
жортып келеді. Әбу аттың астаудай жаясына  
қарайды. Дала үстінде көзге ілінбес мөлдір мұнар  
бар, көктем нышаны. Сәуір айы тақау. «Жете алмай  
апатқа ұшырамаса» деп қынжылады өкіл. Бастық  
болса кіп-кішкентай ісік көздерімен қар бетін-  
дегі тұлқінің дөңгелек мөр іздеріне күрсіне қа-  
райды.

— Таң алдында тұлқі жүріп өтіпті. Бет алысы —  
Қарашоқы, Мәшен жақ, сонда түнейді. Сонардан  
кейін артық із түсірмеуге тырысады. Әккі арлан  
екен. Қарашы, аяқтарын көсей салыпты.

Байқараның тұлқі жайлы кеңесі Әбүдің қытығына  
тиіп, жүйкесі құрыстап келе жатты. Шөпшілердің  
саржағал жолы дөңеске көтерілді. Әбу жол ернеуіне

түсken шөп үйіндісінен көз алмайды. Шөп емес, қоқым шіріндіге ұқсайды.

— Шөптерің осындай болса онбапсындар,— деді Әбу.

— Иә, солай, ым-м...— деді.

— Мал азығы мұнша неге ысырап болған?

— Сөйткен ғой, солай ғой, ым-м...

Байқара одан әріге бармады. Әбу сөйлесуге ықыласы жоктығын байқатты.

— Пішендік алыс па?

— Иә, ым-м...

Аттылар дөңге көтеріле бергенде Байқара:

— Ойбой, кетті, құдайы құрысын, бүйткен тірлігі құрысын, аттан, атта-ан!— деп айқайды салып кеп жіберді. Қара ат аспанға шашыды. Байқара жүгіріп барып алас-кулес атты ағытты да салды.

— Не болды, не, не?— деп Әбудің көздері ақыра-йып, бастық сілтеген жаққа қарады. Иен далаға бет түзеп, жалғыз қасқыр ышқынып барады.

— Сіз қумақсыз ба, тоқтаңыз, тоқтаңыз!— деп Әбу ұмтыла беріп еді, Байқара шананың жетегін жұлып алып, атқа қарғып мінді.

— Тоқтаңыз, Бәйеке, тоқтаңыз, тоқ...

Қарагер ат орғып жөнелді. Ширақ сілтеп, тез үзап кетті. Өкіл дөң үстінде қалып қойды. Қезді ашып-жұмғандай уақыттағы көріністі байыптауға ақылы жетпеді. Саймандары шашылған шана тұр. Шалқасынан түсіп Байқараның қасқыр ішігі жатыр. Өкіл ат-әбзелдерін шанаға салып, үстіне бастықтың ішігін таставды. Сыңар жетекте қалған қайыс көтермені беліне буып, колына ұзын таяқ алды.

Кеудесі шуылдан жүріп келеді. Мандаіынан салқын тер білінді. Ақ далада жалғыз қара көрінгенде шөпшілер таңырқап, кімге жорырын білмей дал болып тұрды. Жүрісі де, тұрпаты да бөлек.

— Апырмау, мынау өкіл ғой!

— Өкіл, өкіл!— десіп шу ете түсті.

Әбу аз ғана отырып ес жинады. Мандаі терін сұртті. Жұрт дабырласып, жөн сұрасып жатыр. Жолдағы оқиғаны айтуда ұялып отыр. Айтпауда болмайды.

Сыңғырлаған әйел күлкілері толастар емес. Жықия қасындағы келіншектің санын үзіп алып күлсін-ай келіп.

— О, құдай тілеуінді бергір, Байқара-ай, әбден қарық қылдың-ау,— деп көздерін сұртіп әйелдер тыйыла бастады. Осылай жарыла күлмегелі қашан. Өкілден ұялды ма, әлде еркектігіне басты ма, Ықсан мырс-мырс күліп қана тыңған.

Шөпшілер маяны қардан аршып, енді ғана артуға кіріскең екен. Бір шетінен сүйменмен, қүрекпен көртіп алып жатқан. Сиырдың жапасындағы қатпарды Эбу қолымен үгітіп көрді.

— Маялардың бәрі осындаі ма?

— Осындаі.

— Қыс бойы осымен азықтандырылыштар ма?

— Иә.

Өкіл буыны құрып отыра кетті. Жүрегі өрекпіп, тынысы тарылып барады. Қайратын жинап орнынан тұрды да, қартаң әйелдің сүйменін алды. Сүйменді салмақтап көріп қатпарға ұрғылай берді. Алқынды, аз дамылдал қайта кірісті. Науқастығын да тыңдар емес.

— Эбу, шырағым, осы соны қайтесің, өзіміз де бірдене етіп...— деп Ықсан күнкілдейді.

Эбу тыңдамады.

\* \* \*

Көліктер ыңырана қозғалып, оппалап жүріп келеді. Іркес-тіркес тоқтап, тарта алмағандарына шанасын итеріседі. Такыр жолға шықкан соң, шаршаған жұрт көлікке аяқ артты. Эбу өгіз аянына зорға ілесіп келеді.

— Замандас, отырыңыз,— деп Жықия орын ұсынып еді, үндемеді. Эрі-беріден соң көлікті тоқтатып:

— Мұныңыз ерсі болады ғой, әйтпесе мен де!— деп шанадан домалай түсті. Эбу амалсыздан келісті. Келіншек тақалып ішікті екеу ара арқаларына жапты.

— Тер қатып қалады, осылай отырыңыз.

Шананың сықыры мен жүректердің дүрсілі ғана естіледі. Жықияға еркектің тер иісі ең бағалы деген этірден мың мәртебе артық болып білінді. Жүдеулеу болса да жігітке лайық кесек мұрны мен мықты шықшыттарына қарап, ұмыта алмай жүрген асау сезімдері бүрқанып, тұла бойы дірілдеп кетті.

— Қалкам, атың кім?

— Жықия ғой.

— Қүйеу соғыста шығар?

— «Қара қағазын» да алғанбыз.

— Қөп отастындар ма?

— Жоқ-а...

Әбу құрсінді, Жықия өкси бастады.

— Қалкам, сабыр ет, ел басына келген қындық...— Келіншек уанбады. Құшақтаған қалпы жігіттің қеудесіне бетін басып жабыса отырды.

\* \* \*

Байқара түгін бетіне шығарып, бекініп алғанымен, іші әлем-жәлем болып отыр. Қайдан байланысты екен. Жұрынбай болса, ку бастан қуырдақ алатынның өзі. Қақысын ешкімге жіберіп көрген жок.

Бұл істі Ықсан да, басқалар да құптамады:

— Арас ауылмыз, бүйткеніміз ұнамас, түбіреніш болар,— деген.

Жұман қарт тіпті сөйлетпеді.

— Мал азығы бізде ғана шіріді. Басқалардың жылы тоғы бар. Онан да мал бер, ақша бер, сатып ал,— деді.

Жауықтырған Жауыrbайдың өзі еді. Пішен кезінде екеуі қағысып қалған.

— Менің ширегіме де келмейсін,— деді Жұрынбай ат үстінен насыбайын шалқая атып.— Мына Қәлі корығынан пәленбай жүз шөп үйдік. Қара бұрыш сияқты, танауынды жарады.

Байқара өзінің байлығын көтере:

— Малым сенен көп, шабындыққа шаш етектенмін. Бір қызыл ағаштың өзі сенің бес кәлің тұрады.

Көре қал, қайсымыз бай екенбіз. Қазір де отыз мая түрғызылды. Эрқайсысының ұзындығы ат шаптырым,— деді екпіндей.

Жұрынбай қарқылдап күліп:

— Ат шаптырым маяң болса наурыз туғанда ана жолғыдай тағы бір соғарсың, сөйлесерміз сонда,— деген.

— Енді шөп сұрап бармаспын саған.

— Келерсің!

— Бармаспын!

Осыдан кейін Жұрынбайдан шөп сұрау арыстаның аузына басын сұғумен бірдей болып көрінді. Аудан «Қызыл диқаннан» шөп сұра десе, беттер емес. Онан да бір тартар етіп Жұрынбайдың жұрымын күрттайын деп колхоздың бар көлігін Қәліге жапсын. Он бес шана соныдан жол салып барды. Арық өгіздер құлап-сүрініп зорға жетіп еді. «Шөпті аямай салындар» деді де, жириен бестімен орғытып дөң басына шығып қарауыл қарап тұрды. «Қызыл диқан» жақтан қара көрінбеді. Соңғы бораннан кейін ешкім із салмапты. Байқара темекіні мол етіп орап тұтіндеп тұр. Шылымның тұқылы бармағын күйдіріп сілкіп таstadtы. Қайтадан шөвшілерге келді. Әйелдер көк шөпті қызыға артып, шаналарды сықап алыпты.

— Е, шөп деген осындай болушы еді,— деп қауқылдасады.

— Ал тартындар, Жұрынбайдың жәйін біз таптық. Байқаң тірі тұрып қор болмайды,— деп ірі сары тістерін көрсетіп кенк-кенк құлді.

Келесі күні қатын-қалаштан күнкіл шыға бастады. Іңірде Байқаранікіне Үйсан кірді. Кескіні ит қуғандай екен.

— Естіп-біліп отырсақ,— деп бастады ол.— Біздің Бетия Айтжаннан, Айтжан Балжаннан естілті. «Қызыл диқан» дүрлігіп жатыр дейді. Таңнан қалмай осында сау ете түсер. Заң орнынан, аудан басшыларынан кіслер болса керек, не қылса да біздің қотанға ланды салмақ көрінеді.

Байқараның жүрегі зырқ ете түсті. Әсіреле заң орнынан кісі бар дегені састырайын деді. Сөйтеп тұра сыртын бермей сазарып алды.

— Шөпті кораға тығып, малға мол салындар. Құғыншылар жосыған ізбен келеді, бұлтарып көр енді. Жә, Жұрынбайдың енесін... бір жөні болар...— деп теріс қарап жатып қалды.

Жұрынбай Байқараның ойламаған жағынан сокты. Үшінші күні төсегінен басты.

— Уа, Бәке,— деп сайрай кірді.— Ұры бастық дегенді кім естіген. Бастығы ұры болса, колхозын не дейміз? Үргеніш, Қокан асып келгендей алшындан түсіп жатырсын, жүр былай!

Көрпесі сыптырылған Байқара жұлдынған тауықтай жалаңаштанып қалды.

Жұрынбай үлпілдетіп қойған сары мұртынан сұңғіні ажыратып алдып, есікке қарай сілкіп тастанды.

— Жүр, сенімен сөйлесетіп кісілер бар!

Жұрынбай Байқараны дедектетіп кеңсеге алдып келді.

— Е-е, әлгі ұры бастығың осы ма?— деп милиционер сыйданып қарады. Байқараның орнын басып алдып, шіреніп отыр. «Қазір айдал жіберсөндер де, орнымды өзіме қайтар» дегісі келді де, бата алмады.

— Көрші отырған елге жауша шауып, малының азығын барымталағаның үшін ісініз сотқа беріледі! «Қызыл диқанның» шөбін, екі есе құнын төлей-сіз!— деп милиционер столды қойып қалды. Қішкене кеңсе төңкеріліп бара жатқандай, Байқара столдың ернеуін сыйымдай түсті.

— Мал қырылатын болған соң...— деп, сап-сары тіс қалқасын көрсетіп, құлген болады.

— Қырылса сатып ал!— деп қартаң милиционер бағжаң етті. Жұрынбай артық сезге бармады.

— Қане, шөбімізді артып алдып қайтайық та малшыларымызды куантайық!— деп орнынан тұрды. Қенседегілер төгіле сыртқа беттеді. Байқара есенгіреп тұр. Төңіректің бәрі шыр көбелек айналып кеткендей. Қөптен соң есін жинады. Милиционер бағ

былып акт жасап, шөпті артуға ыңғайланғанда,  
Жұрынбай жетті.

— Токтандар, артпандар!

— Не болды?

— Артпандар, мыналар титықтап қалған екен.

Малдары қаусап түр. Шөпті әкетсем, малдары ертең  
қырылады. Қөптің малы, обал ғой,— өзі шанаға  
отыра кетті де:— Эй, Байқара-ай!— деп шекесін  
қос қолдап сығымдай берді.

\* \* \*

— Келін-ау, келін!— деген дауыстан Қадишаның  
жүргегі зырқ ете қалды. Қөшеде Жұлдыз кемпір  
жүгіріп келеді екен. Қолында хат, Сайдаштан.

Қадишаның өне бойы шымырлап, аяқ астындағы  
жер козғалып кеткендей болды. «Рас па, соның  
хаты ма? Құдай-ау, түсім болмағай!»

— Келін-ау, хат Сайдаштан.— Жұлдыз кемпір  
болп еткізіп сүйіп алды.

— Кескінің неге кетіп түр, «корықкан да, қуан-  
ған да бір» деген ғой, иә, сөйткен шығар. Оқышы,  
енди!

Қадишаның қолы қалтырап, хатты қарап шықты  
да, бетіне басып еніреп жылап жіберді.

«Жараланып, жау жерінде қалдым. Бағыма  
қарай өз адамдарымыз тауып алып емдеді. Қазір  
партизандар қатарында соғысып жүрмін. Хат кешік-  
се, алаң болма, бізден хат жиі жүрмейді. Мұрат  
пен Розкені мен үшін сүй. Ел-жүртқа сәлем».

— Айналайын, ел жүртүң сау-сәлемат, сендер  
үшін жан салып көмектесіп жатыр!— деп Жұлдыз  
кемпір тіссіз аузын қисайтынқырап, жасын төгіп  
жіберді.— О, құдай, менің жалғызынан осындай  
хат неге келмейді, сол сәтте мен неге өлмеймін.  
Айналып кетейін-ай, кішкентайларын да ұмытпапты-  
ау!

Розкені сүй деген тұста Қадиша сүрланып қалды  
да, аздан соң жүзіне қан ойнап шыға келді. Сол  
сәтте арбаға қарғып мініп, сұлу кара аттың тізгінін

қағып қалды. Құн қызының маужырап түрған есті жануар құлактарын жылмита түсіп, сағым тасып жатқан далаға қарай лекітіп ала жөнелді. Қадиша кара аттың арбасында емес, құс қанатында келе жатқандай. Жарық дүниені тамашалағандай күлім-сіреп келеді.

Айлар бойы төсек тартқан, әбден титықтаған жас дене көктем күнінен мол қуат алғып ширыға түсулі. Дала адам айтқысыз әсерлерге бөленген. Бозторғайлар қуана шырылдап, көк аспанда қалықтап тұрып алды.

Өлі бетеге арасынан алғашқы қызғалдақтар сығалайды. Жер бауырлай соққан жылы жел үсік шалған қара ерменнің сабақтарын еркелете шайқап тұр.

Ат жортқатап келеді. Артқы доңғалаққа ілесіп Байқараның ала тазысы қалар емес. Иесі болмаса да үйреншікті ат арбаға ере жөнелген. Жадау эйелге ақылды көздерімен жасқана қарайды. Ескі егістік беті су, күртіктің қалдықтары әлі бар. Тоңы еркін жібімеген жерге көлік соқасы еркін батар емес. Қашау доңғалакты тракторлар МТС-тен әлі келген жоқ! «Машина күшіне ауыспай оңбаймыз ғой» деп күйзеле ойлаумен болды Қадиша.

Неден бастау керек, қалай жүргізіп әкетпек?

«Бастық Қадиша болсын, сол лайық» деп шулас-кан көптің не білгені бар? Райком секретары Рома-новтың өзі осылай депті. Жұман қарт та жүрек беріп, сенім артады.

Байқараны айтам-ау, боркемік екен ғой. Басқармалықтан босатқанда дардай басымен жылағаның қайтерсің?! Байқараның тотыққан семіз жүзінен тер моншақтап, қасапқа жығар малдай қалтырап тұрды. Жұман атай таяғымен еденді ызалана нұқып:

— Адам күнәсін көз жасымен жумас болар, ел ерге қарайды деп соңынан ердік, дұрыс бастама-дың! Ақылды тыңдау орнына карсы шаптың, көпшілікпен есептесспедің,— деді.

Қадиша жөтеліп қалды. Өкпенің қабынуы әлі

аійықпаған. Әлсіздікten көздері бүлдышрап, құлақтары шыңылдайды. Буындары әлсіз, науқас әбден діңкелетіп кеткен екен.

Қектем ауасымен, күн қызыумен тарқар, әлденер-мін деп ойлады.

Қадиша арбадан түсті. Егістік сарғыш тартып жатыр. Топырак жылына бастапты. Ылғалды дала-дан мөлдір бу көтеріліп мұнартып түр. Аңызға бидай егілгенін әр жерден көрінген сарғыш сабактардан ғана аңғаруға болатын. Қәрікыз бен сүт жапырақ өсіп, қалақай қаптап кеткен егістікке қинала қарады. Бір центнерден түкым себіліп, тоқсан кило-дан өнім берген жер. Жыртылмаған аңызға екі қайтара тырма жүргізіп, өткенде жасырынбай қалған дәнді қара қарғалар теріп жеп жатқан.

Қадиша ауыр құрсінді. Қамшымен арам шөптер-дің сабағын жайқап келеді. Өзі оқыған кітаптарында түкымды жыртпай сеуіп, дән жинайды дегенді кез-дестірмепті. Жықиялар осы тікенді далаға тырма салғанда балтырларының қаны судай ағып еді. Қыстан қаржалап шықкан жауыр өгіздер, шаруаның арық сиырлары аңыз үстінде мүдіре жығылып жатқан...

Қадиша адымдай басты. Бетеге арасында күнге үмтұла бой созған сарғалдақты еппен үзіп алып, мұрнына тосты. Кірпігінен үзілген жас гүлге тамды. Зарықтырған сағыныш бар. Қөзін шапшаң сұртіп, арбаға мінді.

Бригада басында аяқ асты жанжал шықты.

— Қектем егісінің тағдырын бұлар шеше алмас, қайыра қойыңыз,— деді Қадиша ала бұзауы бар ақшап сиырды бүйірге тұртіп.— Қара өзек шақта балалардың аузынан ақ айыру обал ғой, түсініңізші!

— Түсінем, бәрін де түсінем. Бірақ жеке меншік сиырларды жекпей, егінді бітіре алмаймыз, амал қанша! Оны сен де түсін, қарағым,— деді Ықсан шал.

— Шапық апай науқас, келіні жұмыста, баласы-

на ақ керек. Қөршісіне де қарайласып отыр! Жаңайтындаиды көрмейсің бе?

— Олай болса, жеке меншік сиырларды түгел босат.

— Босатса несі бар, желіні салақтаған арық сиырда не қауқар? Қазір үйді-үйіне қайтарып беріндер!

Ықсан атқа қарып мініп, жаппа астына қамалған бұзауларды жамыратып, енелерімен ауылға айдала жіберді.

— Уә, бұларың не, сиырларды неге қайтардыңдар, егінді немен саламыз? — десіп айқайлағандарға Ықсан күлді.

— Керек болса мен айтайын, жаңа бастықтың қамап койған ақ мүйіз өгіздері бар көрінеді, сиыр жекпесін депті.

Осы кезде келіп жеткен аупартком өкілі Әбу атынан қарып түсіп, сәлем берді. Қол ұстасып амандастып жатыр. Қадишаға сәттілік тілейтінін айтты. Суыт келгеннен бе, ентіге тершіп жүр.

— Ал, халдерініз нешік?

— Халықұрсын, керек болса мен айтайын, мына Қадиша бастық жеке меншік сиырларды таратып жіберді. Жегетін көлік жетіспейді. Қол қусырып қарап қалайық деп тұрмыз...

— Меніңше, дұрысы осылай! — деді Қадиша қойын дәптерін парактап. — Колхозда жиырма бір өгіз, бес пар құнан шығар бар екен.

— Түнгі кезекті қайтесің? — Ықсан тебініп жақындаі түсті.

— Түнгі кезекке шығатын адамдарымыз бар ма?

— Құндізгілер істесін!

— Жоқ, олай болмайды. Адам темірден соғылмаған және қөвшілігі эйелдер мен балалар. Әбден титықтаған балалар азыз үстінде үйктап қалған былтыр. Дұрыс па сол?

— Енді қайтейік?

— Қажыған балаларды Байқараңың қамшылағаны өтірік пе еді?

— Рес.

— Рас болса, бұл — адамға қиянат, қорлау...— Қадишаның көздері жасқа толды.— Адамға күні бойы көлікпен алысып жаяу жер жыртудан соң аз болса да дамылдау керек шығар. Сіз өзіңіз осылай соқа айдап көрдіңіз бе?

Ықсан кер байталды шоқыта жөнелді. Әбу күмілжіді.

— Жоспарды қайтеміз?

— Орындаимыз фой...

— Немен? Қайтып?

— Тракторларымыз бар емес пе?

— Оларға сенім аз фой. Бөлшектер жетіспейді.

Жұруінен тұруы көп. Жүргізушилер тәжірибесіз. Жоспар орындалмай, үятқа қалмасақ...— деп Әбу шынын айтты.

— Тракторлардың бұзылған бөлшектерін жөндейп, қатарға қосуға бола ма?

— Болады, бірақ жиырма бес шақырым МТС-ке катынауға тың көлік керек.

Әбу бұзаубас етігінің тұмсығына қарай берді.

— Ол корқыныш емес,— деді Қадиша өршеленіп.— Тракторшы әйелдер мен жас өспірімдер техникаға шала, меңгеріп әкетуге дәрменсіз, міне, осы жағы қынжылтады.

— Мениң айтып тұрғаным да сол.

Қадиша атына қарай жүрді. Әбу мініп келген кер қасқасын тұсап жіберіп, бастықтың жеңіл арбасына отырды. Екеуі иық қағыстырып келеді. Күн көтеріле, қыза бастады. Шексіз аспан әлемінде күн жарқыратқан сұық бұлттар қалқиды. Жыртынды үстінде екі-үш трактор жылжып барады. Иреленденген ерке сағым жүректі шым-шым еткізіп, әлдебір қиялдарға бұрғыза берді. Келіншек өз-өзіне тоқтау салғандай жөткірініп, басындағы бір тартар орамалын шешіп, тас қылышп қайта байлады.

Қара бала от алдырғышты мықшындаپ айналдырғанмен, мотор үнсіз. Әбу де бар күшін салып көріп, іс шығара алмады. Трактор тастай мелшиіп қалыпты.

— Бригадир қайда?

— Анау жакта.

Қашау доңғалақты трактордың астында шалқасынан жатқан бригадирдің үсті шылқыған май, мотордың ауыр картерін зорға көтеріп ілді. Ұстата-тын болттары тіпті көп екен, барлығын орнына келтірмей, трактор астынан шықпады. Мотордың бүйір тұсына қол салып жатқан жас әйелдің де үсті қара май, кескін қалмаған, әбден шаршаған.

— Қалың қалай?

— Оңбай тұрмыз, трактор жүрмейді. Құндегі көресіміз осы бейнет, аныз басынан жарты шақырым ұзамай-ақ тұрып қалғанымыз. Жұмысты қалай өндіреміз енді?

Келіншек күйзеліп айтты. Кәкім бригадир трактор астында көзіне тамған қара майды жеңмен сұрткілейді.

— Жігітім, жыртылып, себілетін жердің үштен екісі сенің үлесінде тиеді, техникаңың түрі мынау, қайтпексің?

Әбудің сұрағына Кәкім бригадир мұрнын тартқылай берді.

— Қыскасын айтши, жұмыс істеу үшін мына тракторыңа не керек еді өзі?— деді Қадиша.

— Тракторлар ескі, күрделі жөндеуден тыңғылықты өтпеген. Бөлшектер жетіспейді. Подшипниктердің істен шыға беруінің өзіндік себебі бар. Картерге автол құйылу керек болса, ол жоқ. Орнына қазанға қайнатып, бетіне шыққан көбігін қалқып тастап, нигрол құямыз. Нигрол подшипниктердің арасынан жүрмейді де, қалайы тез қызып ериді. Моторды бензинмен от алғызып бірнеше минут істету керек. Соңан соң барып керосинге ауыстырса, свечалар майланбайды. Мотор бірқалыпта жұмыс істейді. Біз бензин болмаған соң керосин құямыз. Свечаалар майланып, мотор тартпайды. Дамылсыз сорғыза беруден керосин жанып үлгермей картерге кетеді де, картердегі әлгі нигролымызды сүйилтүп, жоқ қылады. Майсыз қалған подшипниктер өзінен-өзі істен шығады. Сіздерге түсінікті болу үшін толық айтып тұрмын. Қөріп отырысыздар, тракторлардың

токтаусыз жұмыс істеуі үшін, ең бастысы, автол мен бензин керек. Тоқсан шақырым станциядан жеткізу үшін мықты аттар керек,— деді де еңкейіп, қалайысы ағып кеткен подшипникті алды.— Мынаны құйғызу үшін бір жамбас сары байталмен МТС-ке барып келуге бір күн кетеді. Қалайысын жонып тегістеуге де екі сағаттай уақыт тағы керек.

Қадиша өз байламын айтты.

— Ат корадағы бәйге торыны ер-тұрманымен бригадаңа ал, МТС-ке шапшаң барып келетін болыңдар, ал басқарма қарамағындағы мына қаракер мен жүрдек жиренді пар жегіп, қазір станцияға аттандырамын. Құн-тұн жүріп, ертең түс ауғанша екі бөшке бензин мен автол жеткізілсін. Тракторлардың босқа тұруы болмасын, бізге егін керек,— деді Қадиша.

— Сонда өзің жаяу жүремісің?

— Жаяу жүрем де, не қылар дейсін.

\* \* \*

Коған кеңесінде бастықтың байырғы орнында Қадиша отыр. Байқара бір ыңғайсыз түс көргендей. Қөпке әмірін жүргізген қоңыр креслоны эйел иемденім алышты. Бастыққа лайық сиқы болсайшы. Ұйпалақтанған қүрең мұртын ширатып күрсіне берді. Қадиша дәптерін шалқасынан тастап, Байқараға қарады.

— Сізді шақырғаным, көктемгі егіс жүріп жатыр фой, жағдайдың ауырлығы өзіңізге мәлім. Адам, көлік күші жетіспейді. Әсіресе техника тілін білетін адамдарға зәруміз. Сіз бұрын тракторист деген мамандық алған екенсіз, жүргізушісі жоқ трактордың бірін иемденсеніз қайтеді?

— Маған тракторист бол деуге ұялмайсын ба, келін? Бала-шағаның арасына барып қара майға батып жүру лайық па маған?— Байқараның мұрты дірілдеп кетті. Еденге шырт-шырт түкіре берді.

— Соғыс уақыты емес пе, өзіңіздей азаматтар жаумен жағаласып жүр, сіз енді еңбектен бас

тартасыз, әйтпесе майданға аттаныңыз, үят бұлай жүру!

— Қөрейін...

— Ертең ертемен бригада басынан табылыңыз, ұзақ ойлануға уақыт жок.— Қадиша сөз бітті дегендей орынан тұрды.

Байқараға бәрінен қорқыныштысы — соғысқа бару еді. Үйіне келіп, түнеріп ұзақ отырды. Жөн сұрауға Бағиланың дәті бармады. Өмірінің біраз жылдарын шолып шығып, өзінен-өзі сақылдап күлді. Шошынған әйеліне қарап:

— Ал енді, катын, көр де тұр, кешегі дәурені шалқып жүрген, атбекі, құсбегі атанған Байқараның қара күйелеш тракторист Байқара болғанын,— деді.

Орман бүршік жарды. Бетеге бурыл тартып, жусан мен тобылғы көктеді. Дала бозторғайлар әуеніне тербеліп түрғандай. Бақанды сыртында өгіз соқалар жүр. Қадиша солай қарай бұрылды. Алда келе жатқан Ділдәбек қызыл торы сақалын сілкіп:

— Шырағым, көліктө мін жок. Сонау шабан кер қарабілек мықты өгіз еді, жілік майы үзіліп титықтап бітті. Тенселіп зорға жүр,— деді.

— Қадишажан-ау, бір көлік соқасына гектардан артық жер жырту керек дейді. Шамамыз келгенше өзіміз қимылдай береміз ғой, өгіздер шыдаса,— деді үсті-басы жүдеу, балтырларын қурай жыртып, қаны шықкан, қажыған Ділдәбектің әйелі.— Екі балам қоста қалып еді, отка күйіп қалмаса жаар.

— Аспазшы әйелге тапсырғам, ие болады. Қорықпаңыз,— деді Қадиша. Кейінгі жақтан Ұқсаның шаңқылдаған даусы естілді.

— Неге айдамайсындар, қозғал!— деп жырылған өгізді қамшының астына алды.

— Бастық келеді деймін, тұрыңыз!

— Болдырған өгіз бастықты не қылсын!— деп, соқашы бала күлді.

— Жоспар орындауға тырысып көрініздер. Құн ұзақ, болдырған көлікті бозға жіберіп үздіріп

алыңыздар. Қара өзек шақ қой, өздеріңіз де аяқ сұтыныңыздар, осым қалай?

— Дұрыс айтасың, одан уақыт кетпейді!

— Неге кетпесін, басқа лаж болмаса қайтеміз?!

Мұны айтқан Қазиздің Үсқағы көктем шыға жұмыс сұрады.

Кескіні сынық, анық науқас екені көрініп түрдү. Жұрттың айтуына қарағанда, тұн бойы ауыз жаппай жетеліп шығады екен.— Ағатай-ай, мені де соқа айдауға жазшы, мендей жігіттер соғысып та жүрғой,— деді.

— Ауырып қалмасан...

— Еш жерім де ауырмайды,— деді Үсқақ.

Ұзай түскен өгізшелердің соңынан соқа тұтқасына салмағын салып бұраландап сол Үсқақ кетіп барады. Қадишаның көзіне жас келді. Арық байталды қамшылап, тракторлар жакқа кетті. Дөң үстінде тракторлар көрінеді. Жұрттың бәрі май арбаның төңірегіне жиналышты. Әбден терге малшынған қаракер мен жирен бесті бүйірлерін соғып түр. Арбадағы екі кесспектің бірін түсіріп тастапты. Шайқалып келген көкшіл автолды трактористер құйып әкетіп жатыр.

— Алдымен картерлерінді тазалап алындар, әр тамшысы қымбат майды ағызбай құйындар,— деп Қәкім бригадир шырылдайды. Ашыққан адамдарға тاماқ үлестіргендей қара төр болған.

Қадиша байталдың басын тартып күлімсіреп қарайды. Жұрттың мұнымен ісі болған жоқ. Данғырлай сөйлесіп қуанысып жатыр. Сазарып қимылсыз түрған Байқара ғана. Үстінеге ескі киімдерін киіпті. Шудасқан жұртқа есі кете таңданатын сияқты. Жанына майшы шал келді. Байқара катты күйзеліп, қорлық көрген адамдай сырт айналды да, шапшаң бұрылып:

— Аттарды сонша неге қинадың, жаудың малы ма еді?— деді.

— Эй, Байқара-ай, бұл аттардан саған аспандады бұл жуық қой енді, түсінсейші!— деді шал шикшиқ күліп.

Байқара шапшаң алыстап кетті. Құлағында мотордың ызыңы, қолында — дөңгелек руль, көз алды — қара жыртынды. Қалғуға келтірмейтін қысылшаң уақыт. Бір есептен осынысы дұрыс шығар, ауыр жауапкершіліктен күтылып, өзін еркін сезіне бастағандай. «Жұмысты жақсы істесең жоғарылатып жіберуіміз мүмкін» деген аудан жақтың сөзіне іші жылиды. Эйтсе де, кешегі бастық Байқараның тракторшы Байқара болып шыға келгені батады-ак. Трактор үстіне қауқайып қонып алған үлкен денесін қайда жасыруды білмей жұрттан қысылады. Жанынан өткен жанның бәрі табалап бара жатқандай. Елден аулақ, алыс аңыздарға кетіп, бөлек жұмыс істегісі келеді.

Бригада басына қаракер мен жиренді пар жегіп майшы келген сайын Байқараның мұлдем құты қашады. Қасқыр құтқармас жүйрік қаракер мен шапқын желісті қызыл жиреннің май арбаға жегіліп, жалы жығылып тұрғанын көру бір азап. Жирен терге берік еді, күйі онша төмендей қоймапты. Каракер ойсырап-ак қалған екен. Жануар, санының жосығы көрініп, жұмыс аттарының қалпына түскен. Обал-ак! Байқара күрсінді. «Адам болсын, мал болсын, басынан бағы тайғанда естеді екен ғой. Эй, алдамшы тірлік-ай! — деді ол теріс айналып.— Барлығына кінәлі райком өкілі — Эбу. Қөвшілікке жамандап, ауданға шағыстырып, асқындырып жіберді, жұрттың аузына сөз салып қарсы қойған да сол. Ондағы ойы — бетінің қызылы бар жас әйелді көтермелуе. Аラларында бір хикая болмағанына кім кепіл? Ерекек пен әйел бір жүріп бірауыз сөз қатыспады дегенге кім сенеді? О заманда, бұ заман елді әйел басқарған қай қорлық! Басқарып не жарытты, қара пардың үстінде малтандап жаяу жүргені ме? Ондай бастықты кім қадірлейді? Тапқан жаңалығы сол ма? Орынсыз қаталдық етіп науқас жігітті соқа айдауға салғаны ма? МТС-тің алтындар көріп отырған азғана майын барымталғаны ма?»

Ойға ой жалғаса берді.

Байқара егін басында өзіне таныс қара «пекап-

ты» көрді. Дағдысынша қолын сермей сөйлеп, МТС директоры Певцов тұр. Қадиша екеуі әлденеге келіспей қалғандай.

— Иван Ефимович, сіздің директорлығыныңға таласымыз жоқ. Біздің ішкі ісімізге араласуныңды көтере бермеймін, бұл болмайтын жұмыс,— деген Қадишиның ызалы даусы естілді. Певцов Байқара-ның қолын қысып:

— Сіз мұна көрші «Қызыл диқанға» трактор бригадасын басқаруға барасыз,— деді.

Байқара қолын қоламтаға көсіп алғандай ыршып түсті.

— Жо-жоқ, атамаңыз, Иван Еф...

— Ендеше, «Еңбекші қазаққа» барыңыз.

— Ешқайда бармайды, өзімізде де адам жетіспей жатыр,— деп Қадиша килікті.

— Механизаторға МТС қожа екенін ұмытпаңыз құрметтім!

— Бұл кісі әлі сіздің штатқа кірген жоқ.

Певцов қарқылдап күлді.

— Тракторда істеп жүрсе де ме?

— Қайткен күнде де Байқараны босата алмаймыз. Күштесең райкомға, Романовтың өзіне баралын!— деп Қадиша жүріп кетті. Директордың орынсыз соқтығыса беретініне қайран боп келеді. Рас, жанар майды артық алдырдым. Өзім үшін бе? Эйтсе де, Певцов Байқарамен бұрыннан аралас-құралас болғандықтан намысын да жыртатын сияқты. Сонда қалай, апыр-ау, бастықтықты тілеп алышпа! Жүрт істе деді, істеді. Қой десе қоя салады...

Қадиша осылай ойлап келе жатып, өз үйінің жанына жеткенін андамай қалыпты. Есігінде кілт, терезелері бекітілген. Бас сұқпағанына да едәүір болыпты-ау. Дала қосына түнеп, үсті-басы кірлеген, жүдеген. Эйелге тән тазалық пен жинақылық жоқ, беті-қолы жарылған. Жұмекең үйінің алдында ойнап жүрген балалардың арасынан Мұрат келіп жарма-са кетті.

— Айналайын,— деді баласын бауырына қысып,— әжең тың ба?

- Саған тамақ әзірлеп қойды.
- Жүр ендеше! — Жұлдыз әжей алдынан шықты.

— Қарағым-ау, колхозға бастық болғандар кенседен шықпайтын еді, сен ауылдан безіп кеттің! Әбден жүдепсің ғой, сөйте ме екен?

- Сөйтпесе болмай жатыр ғой, әжетай!
- Егіндерің бітетін бе?
- Бітті ғой, бітті, әйтеуір.
- Бәрекелді! Монша жағып қойдым, киімдерінді жуып берейін.

— Жоқ, әжетай, өзім де...

Әжей кимешегін сүйретіп, көрші бөлмеге шықты.

Жетім өскен Қадишаға ананың ақ ниеті мол қуат бергендей! Қөрші бөлмеден балалардың қуашты күлкісі естілді. Есікті ашып көріп еді: он шақты бала талқан жеп отыр. Арасында Ділдәбектің сарылары да бар. Барлығы да таза. Әжей:

— Шуламай отырындар, Қадиша апаларың шаршап келіпті,— деді.

Қадиша моншадан шығып, таранып түрғанда, Ҙықия кірді. Екеудің күшактасып күлісіп жатыр. Ҙықия құрбысын айналдыра қарап:

— Бастыққа лайық жуан бітімің қайда, қуыршақтай болып қушиып кетіпсің ғой, қалқатаймын-ау? Байқара ағаңа тартсаң бүйтпес едің ғой,— деді.

Шай ішіп, жеңесіп отырысты. Ҙықия өзі істеп жүрген сауын фермасының жайын айтты. Қыстан жүдеп шыққан сиырлар көкке аузы тисе де, ондырып сүт бермейтін көрінеді.

— Осы кеш шаруаны қоя тұрып тынығайықшы, Ҙықия, шаршап жүрмін... — Қадиша құрбысының қолтығынан алтып ауыл сыртына қарай аяңдады. Қөл беті қимылсыз, нар қамыстар үнсіз. Інір тыныштығын көлбақалар ғана бұзып түр. Қамыс торғайлар қыжықтайды. Сайдалы екеуінің осы жағалауда қыдырғаны есіне түсті. Қүйеүінің ыстық денесіне жабысып жүріп келе жатқан. Келер жылы екеуі де жоғары партия мектебіне кетпеккө келіскең. Соғыс болмаса ғой, ендігі бітіріп те алар ма еді. Бастық

болам деп кім ойлаған? Әйел көтере алмайтын ауыр салмақты арта салғанын қайтарсің. Қүйеуінен хабар жок. Тек аман болса екен.

Жықия от боп жаңған ыстық денесін салқыннату үшін камзолын шешіп қолына алды.

— Тұні бойы дамыл тантырмай денем қызып шығады. Кейде тіптен шыдай алмаймын,— деді Жықия құрбысына жабыса түсіп.— Босқа өтіп жатқан жастық ғұмыр-ай!

— Иә, кім тілепті мұндаиды...

— Эмзе түсіме жиі кіреді. Соғыс болмаған, кейістік те жок, шат-шадыман қалыпта жүрміз. Мүмкін, ол өлмеген шығар, ә? «Қара қағазды» қателесіп те жібере береді дейді ғой, солай емес пе?

— Шын айтасын, түсінде анық көрсөн, солай болады.

— Ондай түсті көргеннен де көрмеген артық, оянғанда өксігінді баса алмайсың...— Жықия осылай деді де, көйлегін сыптырып тастанадай жарқырап жатқан суға қойып кетті. Шөл қысып қалжырап келген коңыр үйректей су сабалаш құлаштай жүзді. Мөлдір суға сұнгіп шарқ ұрды. Кадиша тамашалап қарап тұр.

— Жетер енді, тоңдың ғой..

Жықия біраздан соң шықты. Ақ күмістей жарқыраған денесін сұлгімен сұртіп, қызықтай қарайды.

— Тұ-у, су-ай, әйбет екен, бір женілденіп қалдымай!

\* \* \*

Жауын ұзак жаумай, жасыл дүниенің өні қашып, құрғақ жаз басталды. Көк жиектен құбылмалы сағым қалтырап, күн аптабы қыздыра түсті.

— Кадиша апай, сізді шакырып жатыр.

— Кім?

— Ауданнан келгендер, танымаймын. Байқара-ның үйіне түсті.

— Ауданнан келсе алдымен жұмыс басында болып, існен таныспай ма?

Бала иығын көтерді. Қадиша бригадирге:

— Мен ауылға барам, сен маяшыларда бол, пішенді тез жиғыз, күн күйдіріп жібереді,— деді.

Күн тас төбеде жалындай шарпып тұр. ҮІстық өтсе керек, басы дыңылдал, көзі қарауыта берді. Жолда Қәкімнің бригадасына соғып, тракторшы балаға жолықты. Қескіні қақпыштай қап-қара болып кетіпті.

— Қадиша апай, таңнан бері тракторым тоқтаған жоқ, шапқан жерім көп болса да шөбі сұйық екен, өнбеді,— дейді танауын тартып.

— Шөп шабуды доғар да, дереу жинауға кіріс, әйтпесе пішен үгітіліп кетеді,— деді де, ерін сықырлатып жүріп кетті.

Қадиша қатты шаршаған, шөліркеген, бірден кенсеге бармай, Жұмакендікінен шай ішіп, дем алды. Қенседе Үксан мен есепші отыр екен.

— Керек болса мен айтайын, райзоның адамы мен милиция бастығы келіп, дереу партия жиналышын шақыруға бұйырды. Тығыз шаруамыз бар дейді.

— Шақырысын, естиік,— Қадиша салқын столға асыла отырып, мәліметтерді қарауға кірісті.

— Жұмекене, Қәкімге, Ділдәbekке, барлық коммунистерге хабарланды.

— Жақсы болыпты.

Партия жиналышы кеш ашылды. Жұрт жиналыш болғанша көп уақыт өтіп еді. Аудандық жер бөлімінің бастығы Эбілқайыров пен милиция бастығы Баймұрзин іске кірісті. Парторг Жұман қарт жиналышты ашық деп жариялад, дағдысынша Үксанды төр ағасы, ал есепші жігітті хатшы сайлаған сон, Эбілқайыров сөз алды.

— Бүгін жабық жиналышта қаралатын мәселе коммунистің жеке ісі, оның қызметте қалу, қалмауы жайлы,— деп алып ұзыннан-ұзақ арызды оқи жөнелді. Арыз колхоз председателі Қадиша Сәлменованаң қызмет бабын пайдаланып, адамдарға қатаң қарағанын, науқас жігітті еріксіз соқа айдауға салып, халін нашарлатқанын айттыпты. Ол қалада ауруханада жатыр, халі нашар. Соғыс уақытының

жағдайында аса тапшы жанар майға заңсыз қол сүкканың, соның салдарынан көрші трактор бригадаларының жұмыстарына кесел келтіргенін саралап жазыпты.

— Арыз иесі кім?

Әбілқайыров жалтақтай қарап:

— Иесі жок,— деді.

— Иесі болмаса, шіп-шикі өтірік, оллаһи, мынау жала сөз,— деді Ділдәбек.

— Сөз алып сөйлеңіз, кимелемеңіз!

— Сөз алып сөйлесем де, айтарым: бұл — жала!

— Жолдас Ділдәбек Сәлімжұаров, сіз коммуниссіз бе, әлде...

— Коммунистін, осы колхозды қолмен тұрғызығанын. Ауырған жігіт — менің немере інім. Өзі жалынып шықты жұмысқа, бәріміз де айттық, үйге барып дем ал дедік, тындарамады. Қол қусырып жатуды ар көрді. Ісқаққа менен жақын қайсың барсың, жазсам, мен жазуым керек еді ғой арызды.— Ділдәбек тұтігіп тоқтады.

— Тағы кім бар?

Кәкім тұрды, ол сәл ойланғандай, тақыр иегін сипалап, қызарактай сөйледі.

— Мынау домалак арыздың иесін жалақор деуге толық хақым бар. Бір бөшке бензин мен бір бөшке автолды бастық үйіне әкеп жаққан жок, ол болмағанда егін сала алмайтын едік...

— Ей, бригадир жолдас, кішкене бөгел, жұмысты сен істеу керек те, мына «Қызыл диқан» мен анау «Еңбекші қазақ» қол қусырып отыруы керек пе, ә?— деді Әбілқайыров столды түйгіштеп.

Кәкімнің жапырақ мұрны шуылданап, өршелене сөйледі.

— Сөзімді бөлменіз, мен айтып болайын, біз МТС-тің барлық қорын сарыққамыз жок, біз бензинді тек моторға от алғызу үшін пайдаланамыз. Ал бензин МТС көлемінде орынсыз жағылады. Соғыс жағдайы екен деп жанар майды үнемдеп жүрген МТС-тегілер жок. Певцов өзі ескі «Пекаппен» күніне қырық-елу кило бензин жағады, онисы бізге

науқан бойы моторға от алғызуға жетер еді. **Машиналар орынсыз айдалады.**

— **Қысқарта сөйлемені!**

— Ауыздан қақпаңыз, бұл жерде «талапайлас алды» деген сөз мүлдем артық. Шынымды айтсам, Кадиша сайланбағанда колхоз құрып кететін ыңғайы бартын. Ауа райы қуанышлық болса да, егініміз жақсы өсіп келеді. **Шөпті шауып жатырмыз, Байқараша тұздап жатқамыз жок.**

Жұрт ду күлді.

— Тоқтат, коммунисті мазақ етуге хақын жок.

— Мен мазақтап емес, шындықты айттым, әділ сын.

Жұман қарт көтерілді. Саусақтарын тірей столға сүйеніп тұр. Аппақ сақалының ұшы қыбыр-қыбыр етеді.

— Жолдастар, шығып сөйлеген коммунистер әбден дұрыс айтты. Ауданға арыз жазып, «ел көшті жау жетті» дей қоярлық ештеңе бола қойған жоқ. Колхоз бастығын өзгерту арқылы шаруашылықты ілгері апаруға мүмкіндік алдық. Ал арызда көрсетілгендердің бәрі жалған.— Жұмекен тұғырдағы қарт бүркіттей столдың шетінен қос қолдаш сығымдай түсті.— Коммунист адам әрқашан сыншыл болу керек, көлтектеуді жаным сүймейді. Осы домалақ арыз иесі — ана отырған Байқара, одан басқа ешкім де емес! Байқара шырағым, сені төбемізге көтердік. Үміт күттік, колхоздың бар тағдырын қолыңа бердік. Тындырғаның не? Бастықтықтан алып тастаған да өзіміз, не өкпен бар? Жігіт деген, коммунист деген сөйте ме екен?! Байқара шырағым, орныңдағы тұршы, айтшы, осы арыздың иесі сенбісің?

Бұрышқа қарай құнысып отырған Байқара орнынан тұрды. Қапсағай бойын қайда жасырарын білмей, беті кірпіштей қып-қызыл болып:

— Мен емес,— деді ақырын.

— Міне, бұл коммуниске жатпайтын қылых, сенде үят жоқ, үяты жоқ адам партия катарында жүре алмайды. Кімде сөз бар?

Ықсан бурыл сақалын салалап, мұртын ширатып

алды да, көзінің ақ етін төңкере Байқараға қарады.

— Керек болса мен айтайын, арыз иесі, Байқара, сенсін, жетінші бітірген қызыңа көшіртіп алышың. Енді келіп «мен емес» дейсің. Тапқан екенсің дым білмestі! Жоластар, Байқараны орнынан алған жолы партиядан шығару жайлы ұсыныс болғанда ақырғы сөгіс бердіндер, аяждындар, арада қанша уақыт өтті, түзелді ме? Жоқ! Оны партиядан шығару керек, менің ұсынысым осы.

— Жолдас Жақыпов, артық кетпеңіз, біз Байқараның емес, Қадиша Сәлменованаң ісін қарап отырмыз,— деді Әбілқайыров пен Баймұрзин қабаттаса сөйлеп. Истің кері бет алғанына екеуі де не лаж жасарларын білмей дағдарған кейітері бар...

Байқара ертеңінде өзі сұранып майданға аттанды.

Күз айы түнеріп сала берді. Суық жел көбік бұлттарды жөңкіте айдал, сіркіреп жауын жауды. Жұман карт қарны жер сызған торы биемен қылтанақты сарғылт аңызды жиектеп келеді. Биыл көп өнім берген жер. Колхозшылар еңбек күндеріне астық алып, тыңайып қалды. Карт тұксиген ақжал бұлттарға қарап, торы биені тебіне түсті. Дөң үстінде Қәкімнің тракторлары күздік жыртып жүр. Несін айтасың, тілін білсе күш дегенің осыларда фой! Жылда соқыр түйедей қаңқайып тұратын еді, көктемнен бері тоқтаған жок. Нан жеп жатқанымыз ослардың арқасы. Колхоз сияқты үлкен шаруаны көлікпен көркейте алмайсың. Тыныштық болғанда шаруа тіпті өркендең кететін еді-ау!

Талдыөзектің бойында қой отары жайылып жүр. Шапыққа соғуды жөн көрді. Акты-алалы қойдың ұзын саны мыңнан артық. Мал қоң жинап қалыпты. Дүркіреп үркे жөнелді.

«Қысқа жақсы күйімен кірсе, теріс болмас»,— деп қүңкілдейді қария.

Атын жетектеп Шапық бері журді. Устінде мол

шекпен, белін шарт буған. Шөп сүрткен ақ бауыр құрығын ердің басына іліпті. Қорасан жеген бұжыр беті күнге күйіп, жел қағып, күренітіп кеткен. Түрлігендегі көнтек еріндерінің арасынан мықты күрек тістерін көрсетіп күлген болды.

— Шүкір, Жұмеке, қалтақтап жүрміз ғой. Малмен бірге өріп, бірге оралам. Қойды қайтсем күйлендірем деп жанталасқан жайым бар, қыстың малы емес пе.

— Өйтпей бола ма, солай шығар!

— Баладан хабар жоқ, келін тұнжырап жүреді. Сонысы батып барады маған.

— Солай шығар, енді қайтсін, қын уақыт ғой.

— Балам аман келсе, бір күндей де болмас еді,— деп Шапық көзін сығып алды.— Даңада жалғыз жүріп ойлайтыным сол ғана, ой түбіне жете алмайсың...

— «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өлер» деген ғой, шырағым,— деді қарт күрсініп.

Шапық малын аралап көрсетті.

— Осында қартайған тіссіз қойлар бар, сонау ақ саулық, мына бір қара сарық, анау қызыл қой қыстан шыға алмайды. Күзгі күйімен етке өткізу керек.

— Дұрыс айтасың, күйімен тапсырған дұрыс,— деп қостады Жұмекен.— Шөп тасу қалай?

— Тасып жатыр, екі мая тұрғызылды. Әрқайсысы қырық-елу қадамдай, шөбі көк балауса, несін айтасың, көзіміз ашылайын деп тұр,— деп қуанды шопан әйел.

Жұмекен көңілі жайланаң, үйіне қайтты. Шайды асықпай ішіп болып мұртын басты, сақалын тарады. Соғыстан бұрын көрмеге барғанда алған масаты шапанын, сусар бөркін киді. Қемпіріне тіл қатпастан байырғы қара сандықты ортаға сүйреп шығарды. Сандық қақпағы шалқасынан ашылып, ішіндегі буыншактары шығарылып, жұз теңгеліктерді қатарлап қоя бастады. Әжей бояуы кеткен ыстық шайды әлі ұрттап отыр.

— Эмゼнің әкесі-ау, ораза келіп қалды, балаға

ауыз ашар беретін еді. Жаумен жағаласып қаза тапқан жалғызды атаусыз қалдыруға болмас. Ауыз ашарға деген ісекті де сатып жібердің. Былтырдан бері осы үйден талай мал сатылды.

Жұмекен сақалы қыбырлап, сөлемектің қолдарымен ақшасын санай берді. Санап болып ауыр бумаңарды кенеп дорбаға салды да, аузын буып, орнынан тұрды.

— Ренжіме, кемпір, аштан өлмеспіз,— деді де еңкіш бойымен сыртқа беттеді. Торы бие ақылды көздерін төңкеріп оқыранды. Елден ұзап алған соң тізгінді еркіне жіберді. Бие қурайдың басын шалып келеді. Қарт өмірінің алыс жылдарын есіне алды.

Өмірі жалшылықпен өтіпті, бай үйінің шөпшегін теріп, легенін тәгуден бастап, бар ауыр жұмысты атқарыпты. Тіл алғыш, көнбіс болатын, істеген жұмысын кісінікі деп бөле-жара қарамады. Қай жұмыс тапсырылса, бабына келтіріп орындауды ғана білді. Отыздан асқанда зорға үйленіп, көрген жалғызды соғыс жұтты. Қу теректей жапырақсыз қалды. Қатал тағдырға мойынұсынбай бойын тік ұстағанымен, әлсіреп бара жатқандай. Құз күніндей жабырқау, тұнеріңкі болғанмен, қайғысын сездіргісі келмейді. Бұл сыр білдірсе, былайғы қатын-бала қайтпек?

Қария күрсінді. Өні қашқан бос кеңістікке көзін қадай, жүрегі сыздап кетті. Жоғарыда шексіз аспанда жел айдал, күн жарқыратқан сұық бүлттар жүзіп жүр еді. Жұмекен бешпентінің өнірін ашып, кеудесін салқын желге тосты. Жалғыз тірегі Жықия болатын. Бала мінезді ерке келінін қарт қадірлеп жұбаныш еткенімен, қанша тұрактайды ол. Жас емес пе. Жықия жайына кәрі шенгел есі кете күйзеледі... Осыдан кейін Жұмекенің не жайлыш ойлағаны есінде жоқ. Күн еңкейе аупарткомның ағаш баспалдақта-рымен қабын арқалап көтеріле берді.

Шыбынсыз жаз дейтін күздің жылы күндері басталды. Ауыл Октябрь мейрамына дайындалып жатқан. Майданнан қуанышты хабар бар. Қызыл Армия ілгерілеп барады. Жұмекенің қабағы жадыранқы. Бүгін бір қала алынды десе, көптен колынан түспейтін қоңыр таяғына бір көртік салады.

Қырманда дабырласқан көптің арасында Дәлдәбектің қызыл торы сақалды жүзі жайнаң қағады, таразыға салған қаптарды өлшеп:

— Жеті центнер қырық кило! — деп айқайлады. Даусында екпін бар. Астық иесі Шапық апай келінімен екеуі тырбандалап қап артып жатыр. Жұмекен таяғын сүйеп қойып қолғабыс тигізді.

— Рақмет, Жұмеке, соғыс басталғалы алып отырған мол астығымыз бой, балалар ашықпайтын болды, әйтеуір,— деді әйел бұжыр бетін сұртіп. Эжім торлаған күкүл жүзі жайдарылана түскен.

— Бірінші кезекте берілген аванс қой, жаңа жыл туған соң толық есептесеміз,— деп Жұмекен қаптарды таяғымен тұртіп қойды. Қырманға келіп-кетіп жатқан арбалардың сықыры мен адамдардың дабырлап сөйлескен дауыстары толастар емес.

— Сүйінші, Жұмеке, сүйінші! — деп хат тасушы жүгіріп келеді. Жұмекен шайқалып кетті. Қоз алды тұманданып әлі құрып барады. Онысын сездірмес үшін таяғына салмағын салып, хатқа қол созды. Баласының өлгеніне сенбейтін, ерте ме, кеш пе бір жақсылық хабар болар деп дәмеленетін қария қалтыраған қолдарымен конвертті аша берді. Ашқанымен көздері бүлдышрап, ештеңені көре алмады. Шотаут қыз таспен басқан хатты жеңіл сырғыта жөнелді.

«Бірлестік» колхозының мүшесі Мақышев. Жұман жолдасқа. Отан қорғау қорына жүз мың сом қаржы бергеніңіз үшін Сізге көп алғыс айтамыз. Тілегіңіз бойынша жауынгерлік самолет жасалып, майданға жөнелтілді.

Отан қорғау комитетінің председателі».

Карт хаттың жылтыр қағазын алақанымен сипай тұрып құлімсіреді де:

— Жауды жеңу үшін жүрегімді жұлып берсем де көп пе еді,— деді.

Газетте сурет басылыпты. «Ер жүрек үшкышқа қазакстандық колхозшы Мақышев Жұманнан» деген жазуы бар самолетті бөлімше командирінің тапсырып тұрғаны бейнеленген. Карт қызарған көзін сүртіп:

— Жұлдыз-ай, мына айырпланды алып тұрған біздің Әмзенің өзі емес пе?— деді.

— О, жаратқан құдай, аумайды өзі!— деді кемпір көздері жасаурап. Қариялар газетті қолдан-қолға жүгіртіп қарай берді. Шаруа бабымен шеттеп жүрген Ықсан да кірді.

— Жоғары шық, Ықсан, көптен дәм татысқанымыз жоқ қой, шай іш!

— Бүйірған дәм болса қайда кетер дейсін,— деп Ықсан дастарқан шетіне тізе бүкті. Қескіні жүдеу тартып, сақалының ағы көбейе түскен. Дос көнілмен шексіз қуанған. Ол шайды сораптай тартып отыр. Жұмекең ойлы:

— Солай, Ықсаным, соғыс өртін сөндіру үшін қарлығаштай су шашып жатқаным ғой,— деді.

\* \* \*

Қыс тез өте шықты. Қөктеммен бірге қуаныш келді.

— Жеңіс!

Жеңіс, сені сағына күткелі қашан, міне, келіп те қалдың?! Қөл болған көптің көз жасы тиылып, қаралы ананың жүзіне жылдылық келді. Жұмекең адымдай басты. Сәл кешіксе өкінішке қалатындей. Шапықтың Әміресі келе жатыр деген соң, өзінің баласы келе жатқандай шексіз қуанған. Қөп адам жиналыпты. Таңнан бері тұрғандары бар. Ауылдың құллі жаны осында ма деп қалды. Майданнан оралған бірінші жауынгер ғой.

— Шапық қайда, Шапық?

— Эу, мен мұндағын, Жұмеке!— Апай барқыт камзолың киіп, аппақ жаулығын салыпты. Қөнтек еріндерінен күрек тістерін көрсетіп дамылсыз құледі. Жұмекеңің аппақ сақалына маңдайын сүйеп жылап жіберіп еді:

— Қуанышқа жылай ма екен, шырағым,— деді қарт.— Қайырлы болсын!

— Байғұс-ай, енді қайтсін,— десіп жатыр жұрт.

Адам таңданатын көктем болатын. Жылы жел балауса көктің иісін жеткізіп тұрған. Енді ғана бүршік жарған орман зеңгел жасылданып, бозторғай үні ашық әуенмен құлак тұндырады. Жыл құстары келіп, көл басы ың-жың. Ақ мактадай ақық бұлттардың ар жағында сарылып күн тұрды. Күн бар ғаламға нұрын бірден төкседе, біреу жылап, біреу құлғен ұлы Женіс көктемі еді бұл.

— Уа, жаратушы ием, қандай күнді көріп тұрмын!— деп Жұлдыз әжей құбірлеп сөйлей берді. Қазір ме, енді бір сағаттан соң ба, біреу қуанышты хабар жеткізердей жүргегі алып ұшады. Бірақ үлкен жолдың бойында ешкім көрінбейді. Қөп тосқан жұрт үйлеріне тарап кеткенде, інір қараңғысында келді Әміре. Біреулер құліп, біреулер аңырап жылап, ауыл азан-қазан болды да қалды. Шапық апай баласын бауырына басып, екі бетінен кезек сүйді де, тез босатты. Ауылдың картынан баласына дейін солдаттың мойнынан асылып, табалдырықтан аттапай қойды. Әдеп сақтап тұрған Әзиза да күйеуіне жармасып, көзінің жасын төгіп жіберді. Әдепті ұмытып құшырлана сүйіп жатыр. Замандастары құліп әзілге айналдырса, қарттар егіле жылап: «енді қайтсын, байғұс бала-ай!» деседі. Әзиза күйеуін қолтығынан алып үйге беттеді. Жұмыр қолдарымен білегінен қатты қысып ұстапты, босатса көзден ғайып болардай.

— Тұра тұр, Әзиза, жұртпен амандасайын.

— Қерек болса мен айтайын, бұл үлкен қуаныш!— деді Ықсан Шапықты жүлмалап.

Солдат төрге шығып, аяқтарын көсліп салды.

Есіктен Жұман қарт кіргенде, Әміре ауыр көтеріліп, аксандаій басып қарсы жүрді. Қария мол құшағын жайып тұрып қалды. Солдат ана құшағына еніп кетті. Жұмекенің көздерінен жас парлады.

— «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өлер» деген екен, аман келіпсің, балам, қайырлы болсын!— деді ол дымқыл сақалын салалап. Жұлдыз кемпір дауыстап баласын жоқтады. Осы арада Шапық апай қыстай жемдеп шыққан қара ешкіні шалғызып жіберді. Ауыл түгел көрісіп, көвшілік тарап, үлкендер жағы бірыңғай қалған соң, баршасы Әміренің аузына қарады. Соғыстан бұрын көп сөйлейтін күлегеш еді. Ойлы, салмақты болыпты, кескіні түнеріңкі.

— Біздің Әмзені көрдің бе, құлымны?— деп әжей жабыса сұрайды.

— Қөре алмадым, апа, олар басқа жакта соғысқан ғой,— деді.

Карт Қадишаны таныстырып жатыр.

— Колхозымыздың бастығы, өзіміздің Сайдаштың келіншегі.

— Білем ғой, білем.

Ауыл адамдары қуана құлісіп отырғанда жолдан қалжырап келген Әміренің көзі ілініп кетіп еді, «Отан үшін алға-а-а!» деп айқайлап қоя бермесі бар ма.

— Астағыпты алла, пісміллә,— деп Жұлдыз әжей бетінен сипап, ұшықтап жатыр. Әміре көзін үкалап:

— Қорықпаңыздар, ұрыстың дағдысы ғой,— деп езу тартқан болды.

Жұрт тарағанда, таң саз беріп еді. Енді үйде өздері ғана қалды.

Әзиза күйеуінің кескініне қуана қарайды. Шапық апайдың жүрегі қуаныштан жарылар халде. Тұнжыраңқы Әміре ғана. Ол салулы төсектің шетіне отырып белін шармаған қайыстарды ағытып болып, ауыр протезді тарс еткізіп тастай салды. Бір аяғы тізеден жоқ еді.

— Құлымны-ай, мынадай болып келіп пе едің?— деді апай ышқынып.

— Иә, апа, осылай болған,— деді баласы. Эзиза күйеуінің алдына тізерлей отырып алып солқылдап жылай бастады.

— Иә, осылай болған!..

\* \* \*

Қадиша келгенде, Жықия жатып қалған екен. Қараңғыда төсегіне қисая кетті. Қөзі ілінер емес. Сайдаштан кайта хат келмегелі қашан? Жылға жақын хабарсыз. Жүргі сыздап, көзіне жас толды. Қөрші төсектен Жықия күрсінді, ояу екен, «Сабырлық» етейік, қундердің күнінде олар да келер күлімдеп»,— деп жұбатады құрбысын. Қадиша сонан соң үйқтай алмады. Төсектен салбырап кеткен қара бұрымын көтеріп шекесіне орады да, Мұратты қымтап тыска шықты. Дала салқын, буалдыр. Аласа дөңнен күн көтеріліп келеді. Мал әлі өрмеген, үйлердің сыртында күйіс қайырып сиырлар тұр. Даладағы тракторлардың гүрілі естіледі. Шапық апай сиыр сауып отыр екен, амандасты.

— Келін дем алсын деп өзім сауып...— деді апай, кескінінде көнілсіздік көлеңкесі бар. Қадиша жеңсеге қарай кетті. Малын өріске айдал салып Бағила келеді, белін шарт буыпты. Қарапайым жатын кеңесі басталып кетті.

- Ағайдан хабар бар ма?
- Болмай тұр ғой.
- Қашаннан?
- Алты айдың жүзі...
- Әлдекалай кешіккен шығар, соғыс жаңа бітіп жатыр емес пе?
- Қайдам.

Бағиланың кескіні сынық, бұрнағы жылы Байқара майданға аттанғалы белсеніп жұмыска шыққан. Өз шаруасы бар, колхоз жұмысы бар, әйелдің бейнеті аз болып жүрген жок. «Бастықтың күн пимесі» деп құндейтіндер бұл күнде Бағиланы аяп, көмектеседі. Байқара үшін Бағила үялатын еді, қазір мактаныш тұтады. Қүйеуі жаумен шайқасып жүр. Женіл жараганып, аз күн госпитальда жатып,

соғысқа қайта кірдім деген хаты да келген. Содан бері хабар жок. Ауылдастары Байқараны да шенеп сөйлеуден аулак, аман келуін тілейді. Қуана қауышуды қалайды. Ауылда жүргендे қадірін білмейтін ағайын, айрылысканда бауырмал келетіні бар. Ықсан екеш Ықсан да жиі еске алатын болып жүр Байқараны.

— Қапаланбаңыз, жеңеше, ағай аман келер,— деп жұбатады Қадиша.

— Өзіне де сондай жақсылық тілеймін, қарағым.

Бағила көйлегі шұбаландап кетіп барады. Аяқтарын ширақ басып, қуанышты қөнілмен болашақ жақсы құндерге асығып бара жатқандай. Қадиша көзіне жас алды. Бағиланы жұбатқан жүрт өзін де жұбатып жүр ме екен? Байқараның «қарақағазы» кеңседе көптен тығулы жатқан, кейін естіртеміз деп ұстап отырған-ды.

Баласын сағынған ана, жарын күткен келіншек, әкесін күткен баланың үміті үзіліп, қайрылары қалыңдай түсті. Осы «Бірлестіктен» аттанған жігіттердің оралғаны саусақпен санарлық. Хабар барлары да көп емес. «Соғыс деген осындай құрдым екен ғой» деп мұңаяды Қадиша.

\* \* \*

Өмір өз арнасымен ағып жатыр. Шаруа да солай. Шөп шабу науқаны басталды. Қөпенелейтін, мая үйетін техника жок. Барлығына білек күші керек. Майданнан оралғандар әзірге мүгедектер ғана. Қынышлық сол қалпында, мая түбінде — бұрынғыша карттар мен әйелдер. Аспан айналған ыстық, даладан аңызак жел есіп, жан біткеннің кенезесін кептіріп барады. Ділдәбек ағаш айырмен бір-көпенені бір-ақ тастанды, қөнбіс, ұнсіз қыз-келіншектер көлеңкеге тығылып, өрт болып жанған денелерін қалай салқыннатудың ебін таппай алас үрады.

Айырды ала салып бірнеше рет шөп лактырып еді, Қадишаны тер буып кетті. Орамалмен бетін сүртіп желпініп түрғанда, ауылдан біреу шапқылап келді.

— Қадиша апа, сүйінші, ағай келе жатыр.

— Қайдағы?

— Сайдаш ағай!

Қадиша тәлтіректеп кетті. Өңі қашып, шынымен талықсып барады.

— Су әкеліндер, су!

Қадишаның бетіне су бұркіп, аузына да тамызып, көлеңкеге жатқызып қойды.

Жықия басын тізесіне салып, омырау түймелерін ағытты. Көздері шарасынан шығып, жан-жағына қарайды. Дем алысы ауыр, көптен соң есін жинады. Куанышты хабар жеткізген бір парап қағазда Қадиша күйеуін темір жол станциясынан өзі қарсы алу керек делінген. Эйел ойланып қалды. Лепірген көңілі басылып, қатулана түсті. Ауданға телефон соғып жағдайды сұрап еді, «ауыр жаралы, тек өзі ғана қарсы алу керек» делінген жауап болды.

Ауылдан аттанғанда батысты қызыл қанға бояғандай талаурап, күн батып бара жатты. Жер бетінде жаяулаған жел көлбей соқты. Аттар қыза-рып, қанталаған көкжиекке қарап жалдары желпіл-деп жортып-келеді. Сары даланы қақ жарып байырғы қасқа жол жатыр. Лаулаған шапаққа қарсы қүйік шалғандай қара шумак бұлттардың жосығына қарап Қадиша үнсіз. Сілейген кәрі далаға інір қараңғылығы түсіп келеді. Тұнгі дала түпсіз тұңғиық-тай тынып қалыпты. Жылтыраған ұсақ оттар жер шетінен көрінгендей жеткізбейді. Тұннің өзіне лайықтынысы бар. Бөденелер сайрап, шегірткелер шырыл-дайды. Бейуақтағы жолаушыларды таңырқап шұбар жапалак түйіліп өтеді. Ақ селеу толқып, тылсым дала жібек жамылғы астында қыбырлап, қозғалып жатқандай. Қадиша қат-қабат ойдан арылу үшін көзін жұмды. Ауыр жаралы Сайдашты көріп, селк етіп көзін ашады, тағы да тұнгі жол. Делбеші баланың қушиған иықтары мен аттардың қамыс құлактары көрінеді. Донғалактар зырылдайды.

— Таскен, жақындағы па?

Ұйқы қысқан бала қараңғылыққа қарайды, үндемейді. Станцияға таң ата жетті. Сіркіреп жауын

жауып тұрған. Паровоз тұтінімен ысталған шағын вокзалға ықылассызыдау қадам басты.

— Сізге кім керек?

— Сәлменов.

Ақ халатты әйел қағаздарын қарап жіберіп:

— Поезд бір сағаттан кейін келеді,— деді.

Вокзалдың жолаушылар тынығатын бөлмесінде жылау-сықтау естіледі. Тысы жыртылып, тоза бастаған қара диванның үстінде госпиталь киімін киген жап-жас жігіт отыр. Екі аяқ, бір қолы жок. Жаралы жауынгер есіктен кірген жас әйелге қанатсыз құстай талпынып:

— Аяулым менің,— деп үмтұла берді. Әдеміше келіншек жақындай беріп, бөгеліп қалды. Қөздері шарасынан шығып барады. Есінен адасқан адамдай тәлтірекtep барып сылқ етіп отыра кетті де, шыңғырып жылап жіберді.

— Құдайым-ау, не болды? Енді қалай өмір сүрем?!

Солдат күлімсіреп қарап отыр. Сүйіктісінің ерке мінезін қызықтағандай.

Қадиша сыртқа атып шықты. Қайтып вокзалға бас сүкқан жок. Перронда жүрді де қойды. Не себепті келгенін енді үқты. «Апыр-ай, тағдыр дегенің осындай қатал ма еді?»— дей берді. Ертенді, келешекті, тіпті ештецені ойлап тұрған жок. Мен-зен. Алыстан сонау аласа шоқыны айналып, жібек күртynдай иіріліп келе жатқан поезға жасқана қарайды. Бақытсыздықты сүйреген паровоз тұтіні сөнуге айналып, титықтап келіп вокзал алдына тоқтады. Шаң басқан вагондардан ақ халаттылар көрініп, зембілдер түсіріле бастады. Қарттар мен әйелдердің өз баласын немесе күйеуін таныған ашы дауыстары. Вагон есігіне Қадиша жасқана қарайды. Бастарын шырмап таңып тастаған жарапыларды алып өтіп жатыр.

— Апыр-ау, мынау шынымен біздің туған жер ме?— деген жауынгердің зарыққан даусы естіледі. Түсірілген адамдардың аты-жөні айтылып, жақындарынан кім бар екенін дауыстап сұрайды.

— Сәлменов,— деді бір кезде. Қадишаңың буыны құрып кетті. Ұатон есігінен әскери киімді, қара көзілдірігі бар Сайдалы көрінді.

— Сайдаш, Сайдашым менің!— деп әйел ұмтыла берді. Алдындағыларды кимелей, әлі баспалдақтан түсіп болмаған күйеуінә замат жетіп барды да, жармасты.

— Қадиша, сәүлетайым!

— Жол беріндер, қане!— деген теміржолшының даусы естілді.— Бикеш, ол енді соғыска бармайды, жаңында болады, аптықпа!

Қадиша Сайдалыны қолтықтап, арбасына қарай жүрді. Атши бала жүгіріп келіп жармасып жатыр. Аттар жортып кетті. Ерлі-зайыптылар үнсіз, Қадиша күйеуінің жүдеу кескініне, ар жағы айсыз түндей көзәйнегіне қарай берді.

— Тағдыр деген осы, Қадишам. Карпатта жаумен шайқас кезінде дүшпанның минасы бір қолымды жұлып, көздерімді зақымдады. Қалай тірі қалғаныма қайранмын. Тірлікке не жетсін, туған жердің ауасы шипа болар деймін. Профессор көзімді қалпына келтіруге уәде етті. Қөп үзамай Одессаға жүрем. Дозақ отының тоғыз қабатынан өткенде бүл да сөз болып па!— деді жауынгер.

Қадиша күйеуінің сау қолының алақанын бетіне басып жылап отырды.

Дала үстімен акқу, қаздар қиқулап барады. Сайдалы елегізіп құлақ қойып:

— Жарықтық-ай, көктем құстары ғой. Алыс қыырдан қайтып оралған екен-ая!— дей берді.

## Қызыл галстук

Ермек пен Елдес аулаға шықты. Оқудан келіп тамактанып болған беттері. Екеуі неден бастауды ойланып отырды. Бидайлы даланы қақ жарған үлкен жолдың бойы ерсілі-қарсылы жүйткіген машиналар. Көшени бойлап үлкен жұқ машинасы гүжілдеп өтті.

— Элгі әскерлердің машинасы болды ғой, солдат жүргізіп барады,— деп үн қатты Ермек. Елдес үндемеді. Ол әкесінің жаңына отырып, комбайнмен егін органдарын көз алдына келтіріп тұр еді.

— Эй, Елдес, әлгі машина тұрып қалды! — деп Ермек абыржып тағы айғайлады.

Екі бала шарбаққа шықты. Машина ауыл сыртынан көп ұзамай тоқтады. Сұр киімді жіңішке солдат мотордың жабуын көтеріп қарады, біраз айналдыры.

— Жұр, Ермек, барып көрейік.

— Жұр.

Екеуі шапқылап жетіп келді. Бұл кезде шофер дәу машинаның астына кіріп, бірденелерді бұрап жатқан. Солдат тұрып, үстін қақты да:

— Жігіттер, сендер қайдан келе қалдыңдар? — деп сұрады.

— Ауылдан.

— Сендерге тапсырма берсем орындар маедіндер?

— Орындеймыз,— деп екі бала қабаттаса үн қатты. Шофер блокнотын тізесіне қойып, бірденелерді жазды да:

— Осыны кеңседегі біздің бастыққа беріндер, жарай ма? — деді.

Ермек қағазды алғып, енді ұша жөнелмек еді:

— Тоқтай тұр, мұны жауынгерлік тапсырма дейді. Сондықтан бірінді командир етіп тағайында-

мын. Көмандир мынау бала болсын!— деп, бойы кішірек Елдесті көрсетті.— Оның айтқанына екі етпей бағыну керек.

Екі бала көп ұзамай қайыра жүгіріп жетті. Ентігіп тұрып тапсырманың орындалғанын мәлімдеді. Қошпелі шеберхана бұзылған машинаны дереу жөндеп берді.

— Рақмет, балақайлар,— деп шофер жүргуге бет алып еді, Ермектің бірдене айтқысы келгенін сезіп, сәл бөгелді.

— Айта ғой,— деді ол күлімсіреп.

— Командирлікке мен емес, Елдесті тағайындаған себебіңіз не?— деп сұрады ол.

— Елдестің мойнында қызыл галстук бар, сенде ол жок,— деді солдат,— галстугы бар балағана командир бола алады.

## Шомылуға барғанда

Шаңқай түсте екі бала Есілге келді. Қөгілдір өзен момақан ағып жатыр. Жарқабақсыз осы тұстан күн қыздырған сағымды даланың бір шеті көрінетін. Үйстық жел шапқан шөптің иісін жеткізеді.

Балалар жалаң аяқ ыстық құмды басып су жиегіне келді. Өзен бетінде қалтылдақ толқындар бірін-бірі ығыстырып, тәменгі сағаға қарай лықсып домалап барады.

— Сейілхан, менің ыстықтағаным басылып та қалды,— деп талпақ танау, бадырак көз бала кеудесін сипалап қойды.

— Үйстықтағаныңа болайын,— деді парталас досы құліп. Сейілхан жүрексініп тұрған Тәшетті жетектеп тереңге қарай тарта жөнелді.

— Жүр, жүр, қырдың дуадағы!— деп біраз жерге дейін апарып қоя берді. Тәшетті өзеннің қатты ағыны аяғынан шалып ықтатып әкете жаздады. Су асты мұздай сүк екен. Жанталаса тайызға шықты да, қалың қабағын тырыстырып артқа

қарады. Сейілхан ұсақ толқындарды үркіте құлаштап, арғы бетке жақындаған.

— Міне, жүзгіш бала қайда?!— деп таңданды Тәшет. Анау арғы жағаға жетіп, төніп түрған жалбыр талдарды селк етізді де, тырмысып жиекке шығып отырды.

— Эй, жұз бері, әйтпесе тағы сүйреп түсірем,— деген даусы естілді.

— Мен сениң киімдерінді алып тайып тұрсам қайтесің!— деп айғайлады бұл.

Сейілхан суға секіріп тұсті де, асығыс бері қарай жүзді.

Тәшеттің үлкен ала көздері шарасынан шығып, су бетіне қадала қалды. Сейілхан ортаға жақындағанда бір жерден үзай алмады. Иірім су оны жаңқадай қалбалактатып ықтатып барады. Бала бар күшін жұмсап жанталасады. Ақыры суға бата берді. Қолдары ақырғы рет ербең етіп жоғалды. Өзен бетінде өрмекшінің торындағы дөңгелек сзықтар жайылып барып тынды да, дағдылы еріншек толқындар бірін-бірі ығыстырып жылжи берді. Тәшет шошынып, көгілдір суға қойып кетті. Су бірден иығына қарай көтерілді. Қатты ағын ықтата берді. Ілгері барса, малту білмейтін мұны да тереңге тартып кетпек.

Осы кезде жақыннан су шалп ете қалды. Корғасындағы сұр толқындардың арасынан қара шашты сопактау бас көрінді.

Пысқырынып алып малтып келеді. Тәшет те жиекке ұмтылды. Сейілхан судан шыққан бетте басын сілкіп, ыржия күлді.

— Ой, қорыққанбысың, кескінін-ай батырдың, мен жай нетіп едім, көзің алақандай болып кетіпті ғой, ха-ха-ха-а-а!

Тәшет те еріксіз езу тартты. Сейілхан ыстық құмға аунап жата кетті.

— Адам ұзақ өмір сүру керек,— деді ол,— дүние-де көп жасаған жақсы ғой.

Тәшет күлді.

— Адам өлгісі келіп өле ме?

— Өлгісі келмейді. Ұзак жасауға кішкентайынан дағдыланады. Темекі тартпайды, арак ішпейді, еңбек етеді. Спортпен көбірек айналысады. Сен күлме, осылай деп апам айтқан.

— Құлмегенде қайтем, жұз жасауға әдеттен дейсің!

Сейілхан мұғалім әкесіне еліктеп асықпай сөйлеп отыр.

— Адам жұз емес, одан да көп жасауына болады,— деп сөзін дәлелдей тұсті.— Сенің денің сау, менің денім сау. Мен Есілді кесіп екі рет өттім. Ойыма да келген жок. Мені кішкентайымнан дene шынықтыруға дағдыландырды. Сен оған мән бермейсің, солай ма?

Тәшет ойланып қалды...

## Жабайдың ағасы

Жабай әлі кішкентай болатын. Мұрны шошайған титімдей сары бала көкшіл көздерімен сары далага қарады. Дала созылып жатыр. Бозторғайлар шырылдайды. Тракторлар қаздай тізіліп келеді. Тыңға алғаш жол тартушыларға ғұл сыйлау керек дегенді естігенде, Жабай куанып кетті.

— Аға, токтаныз, токта-а!— деп тракторға қарай жүгірді. Қабинада отырган жас жігітке қызғалдақтарын ұсина берді. Жігіт ғұлді алып бетіне басты да, баланы құшақтап:

— Рақмет, балакай, тракторға мінгің келе ме?— деді.

Жабай басын изеді.

— Несі бар, кеттік ендеше!

— Тракторшы баланы жеп-женіл көтеріп алып, жұмсақ орындыққа отырғыза қойды. «ДТ» жұлқып ала жөнелді. Жабай айналға қызықтай қарайды. Трактор қара шымды аударып, ілгері ұмтылып келеді. Жігіт мандайшаға қыстырып койған қызғалдаққа қарап күлімсірейді.

— Қәне, балақай, танысып қояйық. Менің есімім Тауфік — Татарстаннанмын. Сенің атың кім?

— Жабай.

— Міне, енді таныс болдық. Сен оқисың ба?

— Жоқ. Алдағы күзде барамын.

Бетегелі даланың бүйра шымы аударылып қалып жатыр. Тауфік үнсіз, көздері алыстағы белгіде болса, қолдары тұтқаларда, жолды тұзу тартуға тырысулы. Жабай оның не себепті үнсіз келе жатқанын түсінбеді.

— Міне, біз аңыздың шетіне шыктық,— деді Тауфік көнілденіп. Трактор жыртындыны жағалап кейін жүрді. Алғашқы аңыз осылай пайды болды.

— Алыстағы Татарстаннан келдік. Тың көтеруге, мына кең далаға бидай өсіруге,— деді Тауфік.

— Татарстан — ол қандай ауыл?

Тауфік күлді:

— Ауыл емес, республика, ол Қазақстан сияқты. Жабай түсіне қоймаса да, бас изеді.

— Тың көтеруге барамыз деп тілек қылдық. Мына кейінгі жігіттер де біздің Татарстандікі,— деді.

Бұлар бір ауылдың адамдары екен ғой деп түсінді бала.

Тауфік бір кезде Жабайға қарап санын соқты да:

— Қап, ойыма келсейші,— деп баланың алдына нан, конфет қойды.— Ал, Жабай, карның ашқан болар.

Жабайдың түсінбей отырғаны алыстан келдік, бидай өсіруге деді. Сонда өздерінің ауылдарында бидай өсіретін жер болмағаны ма? Тауфік түсін-діріп жатыр:

— Біздегі атам заманнан жыртылып келе жатқан ескі жер. Соқа тимеген дала жоқ. Тыңның бір гектары ескі жердің екі гектарының өнімін береді және қата-рынан бірнеше жыл сөйтеді. Тың жер дейтініміз сол. Бұл далада шек жоқ шығар өзі. Не деген байлық! Қаққан қазық көктейтін қара топырак.

Тауфік сөйлеп отыр:

— Қазақстанға тың көтеруге кім барады дегенде комсомолдар түгел қол көтердік. Бүкіл ұйымды түгел жіберуге болмайтын еді. Аудандық комсомол комитетіне барғыштап жүріп ұлықсат алдым-ау, әйтеуір. Сендердің мына ғажайып далаларыңа келгенімізге куаныштымыз. Өзіміздің ағайын ел, достар, туыстар табылды. Жабай інім, сен де барсың, солай емес пе?

Жабай қалғып отыр екен. Тауфик бешпентін жастап, жұмсақ орындыққа жатқызды. Қаннен-қаперсіз үйктап кеткен балаға қарап құлімсіреді, мандайынан сипады.

— Үйқтай ғой, балақай!

Кешке Жабай Тауфик ағасын үйіне ертіп келді. Атасы Оспан қарт пен әжесі Салиха кемпір:

— Құлыным-ау, қайда жоғалып кеттің, іздемеген жеріміз жоқ,— деді.

— Мына Тауфик екеуміз тың көтердік. Бұл менің ағам,— деп Жабай сорайған ұзын жігіттің санынан құшактады.

Сол күннен бастап Тауфiktі жұрт Жабайдың ағасы деп кетті.

## *Тракториши бала*

Әкесі белін буынып тысқа шыққанда, баласы трактордың жып-жылы кабинасында отырған. Жүзінде байсалдылық, ірілік бар. Әкесіне ұқсап баққысы келгені көрініп тұр. Мұрынды тартып койып, терезе шынысын сұрткілейді. Рульді айналдырып, заулатып жүріп келе жатқандай болады.

Коспан баласының ойлы, әрі талапты жүзінен қарап, іші жылып кетті. Тіпті құліп жібергісі келді. Бірақ құлмеді. Беті дуылдап, кішкене қайқы танауын тартқылай берді.

— Далаға барасың ба менімен?

— Барам.

Жұп-жұмсақ былғары көпшікке жайғасып алып, әкелі-балалы екеу қырға беттеді. Құн салқын болып тұрған. Құралайдың желі бар. Ауыл сыртындағы егістік бетінен түрен тастап, жылжи жөнелді. Түренін жерге бойлап кіріп, боз балшығын актара аударып барады. Қызыл «Беларусь» манағыдай емес, ауырлай, ыңырана тартты. Жамбыл біресе алға, біресе артқа сүйсінен қарап құлімсірейді. Ол әкесінің қимылын аңдып отыр.

Жамбылдың ендігі арманы — рульге отырып көру. Бірақ әкесі мұнымен тілдескен жоқ. Шынын айтқанда, осынау тар кабинада оның бар-жоғын да ұмытқан сияқты. Құн көзі әбден көтеріліп тас төбеде тұрып алды. Бір кездे әкесі аныз басына тоқтап, тракторға май құйды.

— Жамбыл, қарның ашты ма?

— Аздап қана.

Әкесі құліп жіберді.

— Ендеше дорбадан тамак алып же, сусасаң сусын бар.— Жамбыл ұялып тамакқа ұмтыла қоймады. Мазасыз болсам ендігі жолы ертпес деп ойлады.

Коспан қолын сұртіп болып, баласын тамактандырыды, өзі де жеді.

— Ал кеттік. Жер жырту найқалуды көтермейді.

Тағы да дағдылы жұмыс. Мотордың толассызы

ызыңы. Жылжып қалып жатқан сары дала. Жалпайып молыға түскен қара жыртынды. Жамбыл жалығайын деді. Қөзіне үйқы тығылды.

Бір кезде трактор тоқтады. Әкесі жерге түсіп, мотордың майын өлшеп қарады. Сонан соң шырт түкіріп тастап:

— Сен енді рульге отыр, трактор жүргізесің,— деді Қоспан баласына. Жамбыл алғаш нанбап еді, әкесінің кескінінен ешқандай алдау нышанын көре алмады.

— Қәне, педальды басып көрші, әне, солай. Аяғың жетеді екен. Ал енді педальды басып тұрып тұтқаны былай бұрсаң — бірінші, былай толғап тартсаң — екінші, былай етсең — үшінші!..— деп жүріске қосуды түсіндірді. Бұл — Жамбылдың көптен көзі қанған істері болатын. Ұзын сирағымен педальды басып, бірінші жүріске салды да, газды көбейтіп шапшаң жіберіп қалды. Трактор үріккен аттай ыршып тұсті. Бала рульге мандайын соғып ала жаздады.

— Ақырын жібер, мұндайда трактордың бір тетігі үзіліп кетуі ықтимал. Қайыра басып педальдан аяғыңды ақырын босат та, газды көбейте тұс, әне, солай!

Трактор ілгері үмтүлды. Алғаш рульге ие бола алмай, ерсілі-карсылы ауытқи берді. Жүрек тоқтатып, шенберден тас қып ұстап алды. Мотордың үні азайып булыға бастады.

— Газды көбейт, одан да молырақ, міне, солай. Енді екіншіге ауыстыр. Сасқалақтама!

Трактор алға тартты. Жамбылдың мандайынан тер бұршақтады. Оған қарауға уақыт жоқ, тістеніп алыпты.

Қоспан рақаттана құлді.

— Эй, менің Жәкем тракторшы болды,— деп қуанды ол. Жамбыл да қуанды.

Міне, аңызды екінші рет айналып келеді. Мотор үні түзеліп, трактор баланың еркіне бағынды. Қоспан түрендерді қалай түсіру, қалай көтеру көректігін үйрете берді.

Кешке ауылға қайтқанда, көршілер трактор руліндегі Жамбылды көріп, шешесіне:

— Эй, Дәметкен, той жаса, балаң трактор жүргізіп келеді,— деп шуласты.

Сол кештен былай жұрт Жамбылды «тракторщи бала» деп атап кетті.

## *Карт аңшының әңгімелері*

Біз оны Хакім ата деп атایтынбыз. Қішкене ғана сары шал. Жасы жетпісті алқымдаса да жүрістүрьеси ширак. Ашаң жүзінде әжімі аз. Мұртына ақ мол араласқан. Иегін тақырлап қырып жүргендіктен қарттың сақал бітімін ешқашан көрген жоқпыш. Ол жайшылықта ойлы, үнсіз. Ал аңшылар жайлы сөз қозғалса-ақ болды, кішкене көздері күлімдеп, мұртын ширата түсер еді. Осы кезде оның қартаң жүзінен шексіз бақыттылықты аңғара-тынбыз.

— Қырық жыл тайғаны кездім. Мылтық асынып баспаған өлкем жоқ. О, несін айтасын, қызықты көрдік қой,— дейді үңғысы қайқы түтігінің күлін қағып. Мұндайда жүзіне қан ойнап, көздерін бір нүктеге қадап қалады. Қалтыраған саусақтарымен түтікке темекіні шымшып салып, аузына апарады. Онсыз да ыстанып, сарғыш тартқан мұртының арасынан түтінді будақтатады-ай келіп.

## *Кар кітапты ашқанда*

— Қыста аяққа шаңғы іліп орман кезген қандай жақсы! Шыңылтыр аяз. Үп еткен жел жоқ. Мұндайда орман мұлгіп тұрады. Шыршалар мен самырсындардың түкті бұтақтарына қар қонақтап алған. Құстың мамығындей ақ қырауға соқтықпа. Соқтықсан, мойныңа құйылады. Қос шаңғы бірінен-бірі оза алмай тайталаса жылжиды. Қардың беті жыбыр-

жыбыр із. Алуан түрлі ирек салып тышқан жорғалап өтіпті. Эр жерде тоқтап түкті тұмсығымен қарды ақтарып көріпті де, ілгері кетіпті. Кенет із де жок, тышқан да жок. Қайда? Қарайсың ештеңе көре алмайсың. Апрай, мұны кім көтеріп әкетті? Еріксіз ойлантады. Қар бетінде құс қанатының сызығылаған таңбасы бар. Е-е-е, байғыз қу екен фой құртқан. Әнекей шырша бұтағының қырауы түсіпті. Қар бетінде құстарың саңғырығы жатыр. Мына тұста отырып аңдыған екен фой. Сары көздерімен ұзак, телміре қарап отырып бас салған-ау сабаз. Тышқанның саяхаты сонымен тамам болыпты.

Өрлей бересің, өрлеген сайын қоянның жымы қалыңдап қар бетін айғыздай түседі. Тұні бойы айнала берген, айнала берген. Ізге түсушіні жаңылдыру үшін сөйткен. Бүкіл бір аланды шимайлап өтіп, өзіне пана болатын қалыңға қарай қарғып кетіпті. Тауып көр енді.

Шаңғының бірқалыпты сырлылы толастамайды. Арқаңа таңып алған дорбаң мен мылтығың иықтарынды басады. Заттарынды артқан ит шана белінен тартып жүрісті ауырлата түседі. Оған қарауға уақыт қайда. Құн барда ілгерілеп қалу керек. Алға қарай ентелей түсесің. Міне, тағы бір белгінің күесі боласың. Бала терек өскен алаңшаның шетінде бұланның іздері жатыр. Қарға терен батып тұрып теректің бүршіктерін шалыпты. Майда бұтақ сынып түсken. Бұлан бірер аттаған соң, төрт аяғын косып сәл бөгеліпті. Әлденеден секем алып тың-тыңдаған болуы керек. Сөйтіпті де орманға қарай қарғи жөнеліпті. Қатты кеткені соншалық, тоң жердің жасыл мүгін аяқтарымен көртіп лактырып жіберіпті. Бұдан бекер үрікпеген. Қалыңнан бұқпантайлап келген қасқырлар лап қойыпты. Ұзын саны алтау не жетеу. Эй, әттеген-ай!

Құн ұясына батады. Ұясына батқанын, әрине, көре алмайсың. Алып шыршалар мен қарағайлардың ұшар басы ғана алтынмен аптағандай жарқырап тұрады. Тайга іші сұсты қараңғылыққа бейімделеді. Қоналқалық жер іздейсің. Қары жұқа, пана-

сы бар жер... Хакім тұтігін қағып, темекі дорбасына қол жүгіртеді. Қөздері күлімдеп:

— Қардың үстінде қонып көр, кәне. Қырық градус сұық — мынау.

Рас-ау, адам ұзак тұнде қалай үйқтайды, мына сұрапыл қыста. Біз Хакене ентелей түсеміз. Қария тұтінді будактата түсіп әңгімесін жалғастырады.

— Шырша арасынан текпілеп, қардың жұқа жерін табасың да арқаңдан жүгінді түсіріп, қол шананды дөгарасың. Жол күргегінді алып, қарды аршисың. Сонан соң кенеп шатырды шапшаң тұрғызып аласың. Қар жамылған тыныш қойнауда қардай аппак шатыр тұрады. Шатыр төбесінен көтерілген жіптіктең көк тұтін тылсым тайга ішіне сіңіп кетіп жатады. Кішкене темір пеште шыршаның майлы бұтағы дүркірек жанып, қос жылынып жүре береді. Қара шәугімдегі қар сұы қайнап, кәдімгі қағаз шайдың иісі бүркырап қоя береді. Дастанқан жайылып, көк қантты тырс еткізіп шай ұрттап отырғаныңда сырттан ит үреді. Сенімді серігің Сарықасқа біреулердің келе жатқанын хабарлайды.

— Уа, Хакім ата,— деген дауыс естіледі.— Коныс қайырлы болсын!

— Элей болсын, қіре бер!

Шатырдың кенеп есігін көтеріп қыраулы адам бас сұғады. Жап-жас жігіт алакандарын ыскылап жіберіп, қызып тұрған пешке қарсалайды.

— Хакім ата-ау? Үйініз қалай жылы еді?!— дейді Әли риза болып.

— Шешін, жайғаса бер, атаңың үйде де, түзде де дастанқаны жаюлы, іш, же!— деймін. Әли тез шешініп, сырт киімдерін тастайды да, шайға отыруға ыңғайланады.

— Қолыңды жу, бақыраш әне!

— Қол жуғышың да бар екен!

— Енді қалай, адам қашанда керек-жарагын ұмытпау керек,— деймін.

Әли қол жуғышқа еңкейеді. Шайды ұзак ұрттай отырамыз. Білте шам әлсіз жарығын түсіріп тұр. Құн ұзын сұыктан келген Әлидің кескіні темір

пештің қабырғасындағы қызарып алаулап кеткен.  
Жігіт қуана құлімдейді.

— Бұлғын ізіне түсіп көп жерге бардым,— деді жігіт кеңес бастап...— Небір қыны қалындарды, тастақ төбелерді шарлай қоналқаға осылай қарай беттедім. Олжасыз қайттым.

Хакім ата мұртын сипап күлді де, темекісін тұтатты.— Олжа деген не, тәйірі, ол,— деймін пешке шырпы тастап.— Тайганы тамашаладың, шипалы ауасын жұттың. Көп жерлерді көрдің, аңдар мен құстардың тіршілігі жайлы қардағы жазуларды оқыдың, бір бұлғынға татымай ма сол.

— Рас-аяу, шын сөз ғой,— дейді жігіт мақұлдан. Қос сыртынан тарс еткен дыбыс естіледі.

— Сұмдық аязды көрдің бе, құлаған шырша шатынап жарылып жатыр,— деймін құлақ түріп. Иттер қыңсыладап іргені тырналайды.

— Тұн әбден сұytты,— дейді Эли. Екеуміз сұбқаттасып отырмыз. Эли болса әлі жас, тайга сырын, аңшылық жағдайын білуге құмар.— Аңшылық — жүректіліктің, батылдықтың кәсібі. Қорқақтың қолы емес. Өзімнің бір мықты қорыққанымды айтып берейін.

## Қыран қиясында

Хакім атай мұндайда тұтігін бұрқырата түседі.

— Бірде Орал тауының биігінде жүрген қос қыранды көзім шалды. Қараймын, бұркіт тұқымдас болғанымен, бұркіттің өзі емессің-ау дейді көңілім. Ұлтар бұркітше сұық аспанның биігіне самғап, санқылдай жүйткіп, көк жүзінде шарқ ұрмайды. Қия жартасты айналып жерге қарай еміне қалықтап, тышқаншылаған бөктергіше бауырлап қана ұшады. Өзенге төне өскен бұтакты қарағайға қонып алып суға телміре қарап отырғанын көрдім. Бір кезде әлгі ірі құс сұмдық ұзын қанаттарын жайып жіберіп суға жалп ете түсті де, бір торғайды іліп алып

шықты. Сол қалпы қоңыр тайғаға қарай көтеріліп кетті. Дүрбіден көз алмай отырмын. Құмістей аппақ құйрықтарын жайып жіберіп еңек жартастың қолтығына еніп жоғалды. Алқымдықта қара тасты жарып шықкан қортық қарағайлар ұйысып өсіп тұратын. Ұясы барын біле қойдым да, өрге қарай тырмысып жақындаپ келдім. Бұл кәдімгі ақ бас, ақ құйрық қоңыр күшіген екен. Бұркіттен әлдеқайды үлкен, бұркіттей алғыр қыран емес, кезқұйрық пен бөктергі аталас құс. Жарты шақырымдай қашықтықтан дүrbімен қарап, ұяның тұрган жерін анықтап алдым. Бірақ төменнен өрмелеп шығу мүмкін емес. Ұяға жеткісі келген кісі шың басынан арқанмен төмен түсуі керек.

Жас кезіміз ғой, өңкей жел бас жігіттер жиналып алып қияға өрмелей бастадық. Кей жерде ұзақ тоқтап тыныстымыз да, арқаннан ұстап өрлей береміз. Жоғарылаған сайын жүрек қобалжып, тынысымыз тарылғандай болады. Бір кезде жәзық төбеге жеттік. Қызылشاқ тастың үстінде құстың саңғырығы, сүйек-саяқ жатыр. Аккүйрық күшіген бұл жерге қонып-түстеніп жүрсе керек. Бас айналатын биіктікten төменге көз салдық. Жарты күн жүріп жеткен аулымыз аяқ астында жатыр. Қөшелерде жүрген қуыршақ адамдарға дейін алақандағыдай. Тас жиегінен іргеге үңіліп едік, қара елтірі бөріктей ұя тап астымында бірнеше метр төменде көрінеді. Жігіттердің көбі түсуге бата алмады.

— Мен барам,— дедім.

Үйден алып шықкан арқандардың екеуін жалғап, басына келтек байладым да мініп алдым. Қолымда қапшық. Жігіттер арқанмен сусытып төмен түсіре бастады. Төмендеп келем. Ұяға да жеттім. Қауырсыны жетіліп қалған екі балапан отыр. Ұяны ағаш бұтағынан өріп сазбен біріктіріп салыпты. Қалындығы бір метр болса да тайыз әрі кең. Қоянның, түрлі ұсақ андардың сүйектері, балық қабыршақтары ыбырсып жатыр. Өлексе иісі бар. Ақжағал қоңыр балапандар имек тұмсықты аузын ашып ысылдалп айбат шегеді. Соза берген колдарымды

сап-сары аяқтарымен тырнап алды. Қолымның қаны саулап коя берді. Сөйткенше болған жок, сұылдаған дыбыс пен қанаттардың көлеңкесі түсті. Қарап үлгергенімше, өткір тырнақтар бас киімінді жұлып ала жөнелді. Ұябасар өршелене қанат сермеп биіктеп кетті. Соған қарап түрғанымда шәулісі арқамнан аяқтарын салып-ақ жібергені. Женіл кенеп шекпен-нен өткен болат түяқтар жауырыныма қадалды. Жігіттер жағдайды сезіп арқанды тарта бастап еді. Мені бір көzsіз ерлік билеп:

— Токтаңдар, тартпаңдар, қалайда балапандарды алмай қоймаймын!— деп пышағымды онды-солды құшігендерге сермей бердім. Жыртқыштар болса үяға қол апартар емес. Өткір пышақ асығыста арқанға тиіп кетіп үзіліп ыдырап кетпесі бар ма. Он шақты метрлік биіктікten құлап-ақ кеткенім. Төменде жап-жасыл болып дірілдеп тұнып түрған қызыл арша мен үйеңкінің төбесіне топ ете түстім. Өлмеуіме себеп қалың бұтаққа ілініп қалуым болды. Бет-қолым қан-жоса. Эйтеуір сүйектерім аман. Жолдастарым кештетіп зорға тауып алды,—деп Хакім атай мұртын сипап кеңкілдеп тұрып құлді.

Ертемен қосты жығып, кішкене шанаға артып, ілгері кеттік.

### *Алыптар айқасы*

Хакім атай қалтасын қармана берді. Іздегені белгілі, кара тұтік.

— Баяғыда,— деп бастады ол.— Қылышылдаған комсомол кезімізде сұранып Қыыр Шығыска кеттік. Амурдағы Комсомольск қаласын салыстық. Бірнеше жыл сонда тұрдым. Аңшылық болса атадан балаға келе жатқан кәсіп. Экеме еріп әйгілі Оралды аз кезгем жоқ. Сол әдет қайда жүрсе қалушы ма еді. Қөршімізде Иван есімді қарт аңшы тұратын. Мен шамалас баласы бар. Үшеу болып тайгаға аттандық. Поездға отырып, елу шақырымдай шыққан соң шағын разъезден түсіп, орманға бет алдық. Февраль айының іші, таң атып келеді. Алдымызда әр түрлі ағаш

аралас өскен жота сұлап жатыр. Биіктегі кәрі қарағайлардың төбесі күн сәулесімен жаркырап көрінеді. Орман сирек, бала шырша мен қызыл қайың өскен жота ілгерілеген сайын биіктей береді.

— Осы тұстан тағы шошқаның екеуін атып алып едім,— деді Иван қара бурыл сақалын тарамдап.— Осы жолы да кездесіп қалуы мүмкін.

Карт ырғала ұмтылып жортып келеді. Қос шаңғысы сыр-сыр етіп қар бетімен лекіте түседі. Жас болсақ та ере алмай терлеп-тепшіп келеміз. Бір кезде тоқтап, жерге үңіле қалды да:

— Нағыз алыптың өзі екен, тауға қарай өрлепті,— деп дауыстап жіберді. Қабанның айыр түяқтары сіреу қарды көртіп опырып отырыпты. Ашық жермен келе жатқан біздер енді қыын-қыспактарға кіріп бөгеле бердік. Бұтаға бетімізді жыртқызып, шоқай тастарға шанғымызды ұрып, сүрініп кетіп қайта ұмтыламыз. Жабайы шошқаның дәу қабаны жай басып ілгері кете беріпті. Кей жерде тоқтап тұмсығымен қарды түрткілеп көріпті. Кей жерде төрт аяғын бауырына жинап тың тыңдал алып, жүрісін шапшандата түсken. Неден секем алды екен? Із қалың аршаны сүзіп алаңшаға шыққанда, карт шаңғының таяқтарын кеудесіне тіреп тұра қалды. Сақал жапқан жүзінде есі кете таңдану бар. Ол үн шығармай таяқтың ұшымен нұсқап көрсетті.

— Жолбарыс кой мынау, қабанның сонынан түсіпті. Не деген жүрек жұтқан еді! Сауыт құрсанған батырга қалай қызықты екен. Аш қой, аштық не істептейді?— деді қария бас шайқап.

— Қабан жолбарыстан да мықты болғаны ма?

— Сұрапыл ғой, сұрапыл,— деді карт таңдай қағып.

Коян түбітіндей аппақ қардың бетінде ірі аяқ таңбалары жатыр. Қабанның ізімен қатарласып өрге беттепті. Манадан бері алды-артымды орап жан ұшыртып жүрген иттердің жұні жығылып күйгелектене қыңсылайды. Адамға жақындаі түседі.

— Жолбарыс алыста емес,— дейді карт сыйырлап.— Сақ болындар!

Өз басым жолбарыстың атын естігенім болмаса, көрмеген аым. Біздің Оралда кездеспейді. Содан ба, серіктерімдей көп абыржи қоймадым. Жүріп келеміз, жоғарылаған сайын шыршалы қалың жыныс жүрісті ауырлата берді. Міне, енді төбе басына тақалдық. Арғы бет терең құлама. Аңшы кілт тоқтады. Көздері қыранның көзіндей от шашып тұр.

— Естімісіндер, арғы беттен гүілдеген жат дыбыс естіледі. Сендер арқан бойы кейін отырыңдар!— деп бұйырды да қарт аңшы бұқпантайлап сандық тастың түбіне барды. Барды да үңіліп, қатып қалды. Қызықтың әкесі аяғымыздың астында болып жатыр екен. Бізден екі жұз метрдей төменде екі алыштың қызу жекпе-жегі басталыпты. Сайдагы сіреу қарды ойран етіп, жердің кара қыртысын қопарып тастапты. Қабан сою тісті үлкен аузын ашып қарсы қарап тұр. Жолбарыс арқан бойы жатып алып құйрығымен жер сабалайды. Арбасқан екі алыш қыңыр ерлікке бекінген. Қабан қара қылтанды жалы болат тарактай тікірейіп алдыңғы аяғымен жерді салып-салып қалды. Қелер секундтарда сары ала диу қара тонды алышқа қарай оқша атылып белдемеден ұрып жіберді. Мұндайда ірі жылқының, тіпті алты жасар өгіздің белін үзіп түсетін сүмдик екпін қабанға ештеңе істей алмады. Қабан қарсы ұмтылғанда, жолбарыс артқа қарай жеп-жеңіл ыршып кетті де, шошқа бұрылып үлгергенше арқасына қонып алды. Қонып алыш сым қылтанды желкесіне ауызды салды келіп. Қабан қатты шыңғырып қалыңға қарай ұмтылды. Жолбарыс мықтап қадалып алышты, айрылар емес. Қабан үстіндегі он бес пүттық жүкті арқалаған қалпы өршелене ілгері тартты. Бірақ қашып құтыла алмасын білсе керек, жұлқынып аузынан мойнын жұлып алыш, жыртқыштың алдыңғы аяғына ауызды салып жіберді. Жолбарыс ышқына гүрілдеп оңға қарай секіріп түсті. Қатерлі тырнақтан құтылған қабан тал-теректі, бала шыршаны жапыра қиратып, қалыңға қойып кетті. Жолбарыс оны қуған жок. Қабан

кеткен жаққа қарап жаланып алды да, ақсандаң үзай берді.

Қабан жар астындағы тыныш жерде жауы үстінен түскенге дейін жатыпты. Екі алып шайқасқан алаңша асты-үстіне шығыпты. Бұталар жапырылып, түбірлер қопарылып қалған. Жер қара жыртындыға айналған. Жан-жактың бәрі шашыраған қан. Бүркыраған жолбарыс жүні, шошқаның қылтаны. Жолбарыстың ізі қызыл қан, табанын ойсырата ойып кеткен көрінеді. Қабанның жарасы да осал болмапты. Оның ізінде де қан мол. Иван ағай қопарылып қалған түбірге отырып:

— Винтовка болғанда ғой, біз олардың бірін алып қалатын едік,— деп өкініш білдірді.

— Иван ағай-ау, мына тамашаны көрудің өзі он олжаға тұрмай ма,— деймін мен.

— Ол сөзінің де жаны бар,— деді карт темекісін орап отырып.— Эйткенмен қабан ауыр кетті. Текке өліп қалмасын, мүмкін қолға түсірermіз.

— Ал жолбарыс ше?— дейміз біз.

— Жоқ, ол оңай олжа болмайды!

Ағай қолын бір-ак сілтеді.

## Тобық

Хакім атай жалықты ма, әлде бізді жалындыра түскісі келді ме:

— Балалар, бүгінге осы да жетер,— деп қисая кетті.

— Атай, тағы бір қызықты әңгіме айтыңызыш!— деп шуласамыз.— Тұтігіңіз міне, жаныңызда тұр.

Тұтік дегенде мұрты қозғалып, мұрнын тартқылай бастады. Тақыр төбесіндегі шұбар тақиясын түзетіңкіреп қойып:

— Экелші бері!— деді.

Бұл екі арада жақын отырганымыз тұтіктің

күлін түсіріп, қолына ұстатамыз. Атай кір шалған дорбаға қол салады.

— Менің Тобық деген итім болды,— деп бастады әңгімесін.— Тобық барак жұнді құмай тазының тұқымынан еді. Сидам сиракты ақ төбет. Қыр аркасынан оң сирағына қарай құлаған қызылт аласы бар. Екі шықшыты мен құлактары қызыл, көздері алтынмен алтағандай сап-сары. Ақылды. Мен оны уфалық таныс аңшымнан күшік кезінде қалап алғам.

Ол кездескен анын құтқарып көрген жок. Орман арасымен келе жатып алда аң барын сезсе, әуелі тұмсығымен жерді иіскелеп қарап, қыңсылай бастайды. Ұлықсат алған соң қарғи жөнеледі. Тобық ешқашан ұстаған анын өлтіріп тастаған емес. Шала-жансар қалыпта басып отырады. Орман арасында болса шаңқылданап үріп, қайда екенін хабарлайды. Олжасын беріп аулак барып жатады. Шақырмаса, жалпылданап міндетсімейді. Жылы сөздер айтсаң арсаландарап үстіңе секіріп, сілекейімен өнірінді былғап ластамайды. Тұмсығын тізене салып, құйрығының ұшын ғана қозғайды. Күзетке қалдырсан, өлсе де ол жерден кетпейді. Келер тәуліктे оралсаң да сол орнынан табылады. Тобықта тіл ғана жоқ-ты, әйтпесе айтқаның бәрін түсініп, байыптай алатын мінезді ит болатын. Тобықтың тағы бір таңқаларлық қылышын айтып берейін. Иттер күні бойы шапқылап шаршайды. Кешке дағдысынша ормандары үйімізге келген соң, иттерге тары ботқа қайнатып әрқайсысын бөлек тамақтандырамыз. Бұл жұмыспен біздің қостың кішісі Эли айналысатын:

— Хакім ата,— деді ол таңданып.— Мына Тобықтың қылышын қараңызшы, таңтереңгі сыбағасын жартылап жеп бұрышқа қарай ысырып қояды да, кешке бұрынырақ келіп таусады. Соңан соң кешкі тамақ дайын болғанша дем алады. Кешкі асты таусып, таңтереңгіні тағы сөйтеді. Бірнеше күннен бері бақылап жүрмін.

— Е-е-е, мұның басқа иттерден жеңіл қимылдайтыны да сол екен ғой,— дедім мен Тобықты

басынан сипап.— Тобық, сен ең ақылды итсің!— Ақ төбет құйрығын қозғады да қойды.

Келер күні біз таң атпай жолға шықтық. Әли, Фани және мен. Үш итіміз бар. Фани бұл төніректі қысы-жазы шарлайтын адам. Орманшы. Бұл сапарға себепші сол. Өйткені қопаның қалың ортасынан аюдың жатағын көріпті. Жүріп келеміз. Құн аяз, үлпілдеген мамық кардың бетімен шаңғылар жеңіл сырғиды. Иттер дағдысынша алды-артымызды орап дамыл көрмейді. Қызыл шүберектей тілдерін желбіретіп алышты. Қар бетіндегі қаптаған іздерге қарайтын уақыт жок. Құн ауғанша аю жатағына жетіп үлгерсек дейміз. Қалың орман арасымен Фани еркін бастап келеді. Орман сиреп, қайындар шашырап көрінді. Қебі қуарған. Қопа осы. Аяқ асты томар мен бұталар.

— Аю жатағы алыс емес, дыбыс шығармандар, иттерді жетелеп алындар,— деген қысқа бүйрықтар болды. Үнсіз жүріп келеміз. Қопаның біраз жеріне барған соң, қайын қалындарап, биік шыршалар кездесе бастады. Қардың қалындығы белуардан.

— Анау құлаған қарағайды көрдіңдер ме? Соның түбірі астында жатыр аю,— деді Фани қолымен нұсқап. Орманшы айтқан жер жүз қадамдай еді. Біз жоспар жасадық, үңгір аузына қарсы мен жатуым керек. Фани оңға қарай отыз қадамдай тоспада болады. Әли аю жатағының желке тұсынан барып сырықпен тұртқілеп оятпак. Жоба жасалып болған соң, әрқайсымыз орындарымызға бардық. Иттер катерлі аңың үшін сезіп қүйгелектене түсті. Мылтығымды ақырғы рет тексеріп шықтым. Фани де сөйтті. Сонан соң Әлиге белгі берілді. Әли сырықты бірер жүгірткенде дыбыс болмады. Жақындаңқырап келіп қалың қар жапқан түбір астына бойлатынқырап жібергенде, қап-қара аждаға күртікті көтере шықты. Шыққан бетте маған көзі түсті де тап берді. Аюдың жап-жалпақ мандайы жақындарап қалғанда көздел тұрып басып қалдым. Жыртқыш құламады, екпінімен келіп өзімді бас салды. Күртік қарға жаншип киімімді дар-дар айыра бастады. Мылтық

қолымнан ұшып кетті. Қанжарымды алуға ыңғайым келмеді. Енді өлдім-ау дегенде аю мені босатып жіберді. Тобықтың қаңқ еткен даусы естілді. Ізінше мылтық гүрс етті.

— Аманбысың, тірімісің? — деген Ганидың абыржыған даусы естілді. Тірі сияқтымын, бетімді қан жуып қоя берді. Аю тырнағы құлақ шекемді осып жіберіпті, мынау соның белгісі,— деп Хакім атай тәбесінен тәмен құлаған терең тыртыкты көрсетті.— Аю Тобықты жастанып құлап жатыр. Менің маңдайдан көзделген оғым сәл тәмендеу кеңірдектен тиіп жағын бұзып шығыпты. Аюдың бірден құламағаны сол болды. Аюды атуға жолдастарым маған тигізіп аламыз ба деп қорқып, наиза түйреуге ұмтылса, қалың қарға малтығып жете алмаған. Тобық болмағанда ашулы аң жұмысымды бітіргендей екен. Құлағынан жабысып, айрылмаған соң, аю бар ашуын Тобыққа жұмсал белін омырып тастапты. Гани жақыннан дәлдеп атып аюды сұлатып салған. Тобықтың тістері жыртқыштың құлағына айқасқан күйі қалыпты. Зорға ажыратып алдық.

Аюды салған шанаға Тобықтың өлі денесін қоса артып, сонынан аяңдал кете бардым. Қимас досымнан айрылып, қамығып келемін.

### Кіндік әже

Хакім атай бірде мынадай бір тосын әңгіме айтып берді.

— Аңшылықпен өткізген отыз шақты жылда небір қызық оқиғалар кездеспеді дейсін. Енесейдің ағысында, Тундраға тақау, көп жылдан бері тұратын қарт аңшы досым бар-ды. Қөріспегелі қашан!.. Арада дауылдатып Ұлы Отан соғысы өтті. Соғыстан бері қанша жыл. Жидіп түскендей бастың жалтырап қалғаны мынау. Ауыздың тіске де, көздің нұрына да ақау келе бастады. Ал досым Антиптің шашы мен сақалы бурыл тартып бүйраланғаны болмаса, өңі сол қалыпты. Оның үстіне ол менен аттай бес

жасы үлкен. Өзіне қарағанда Варварасы көбірек тозыпты. Біз оларды сонау жылдарда Комсомольскіде үйлендіріп едік.

— **Маған** қартая қоятындаі не көрініпті,— деп, көтеріле сөйледі ол.— Мына мұлгіген тайга, таза ауа. Жаратылыс құшағында адам тоза ма екен? Отан соғысы жылдарындағы сыйзыңды окоптар, әлденеше жарапану аздап шашқа ақ түсірді. Әйтпесе...

— Әйтпесе әлі жас тұрар ма едің?

— Эрине. Госпитальда жатқаным болмаса, тайгаға келгелі бір түйір дәрі ішіп көрдім бе екен. Варька ғана ауыра береді. Жалғыз қызым бар күйеуде, Свердловскде тұрады. Келіндер бізге, асырап бағамыз дейді, жалынады. Тайганы тастап қайда барасын?

— Бұл тайганы кимайды, мен балаларыма барғым келеді,— деді кемпір ыдыс-аяқты жиыстырып тұрып. Варвараның жүдеу бетінен бір тамшы жас домалап кетті.

— Қалада біраз тұрган соң кетейік деп болмаған өзі,— деп Антип күйбенде қалды. Шай ішіп болған соң сыртқы есікке барып, асықпай темекі тартып тұргам. Антип Варварасымен өзара күңкілдесіп жатты. Мен тұрган есіктің сыртынан біреу қатты жұлқып қалды. Тұтігімді тістеген қалпы ашып жібергенімде, бүкіл есікті денесімен жауып қап-қара дәу аю тұр. Союы тырнақты аяқтарымен өзімді опонай сырып тастап ішке қарай үмтұла берді. Есімнің кеткені соншалық, даусым шықпай қалды. Орактың өткірлігіндегі болат тырнақтарымен қазір-ак өзімді дар-дар айырып тастайтындаі көрінді. Бірақ дәу аудың менде жұмысы бола қойған жоқ. Төргі үйге қарай қорбандаш барады. Антипті сақтандырайын десем, даусым шықпайды. Сөйткенше аю төргі бөлмеге кіріп-ак барғаны.

— Маша, Машенька, аяулым менің!— деген кемпірдің даусы саңқ ете түсті. Аюдың көмейінен күңгірт қырыл естілгендей болды. Бөлмеге бас сұқсам, құдай салмасын, таңданудың әкесі енді болды. Аю бойымен төбені тіреп кіре берісте тұр.

Варварамен құшактасып алыпты. Кемпірдің бетін, мойнын жалап, көмейінен әлсіз үн шығарады.

— Сені, Машенька, күткелі қашан?! Қайтып бір соғар дегем. Келдің ғой әйтеуір, қайтып оралдың ғой!

Кемпір мен аюдың бізде шаруасы болған жок. Варьканың құшагынан босап, пеш жанындағы алса сөреге сықырлата шығып көсіліп жата кетті. Сүмдық үлкен аюдың қалың жұні жылтырап құлпырып тұр. Қөздері кемпірде. Үлкен басын дамылсыз, бұлғап, шұлғи береді. «Көріспегелі көп болды. Келіп жеткенім осы, сағындым өзінді, қәдірлім» дегендей Варвараға жаутаңдап қарайды. Кемпірде ес жок.

— Машенькам, ашығып келдің бе? Қазір мен сені тойындырайын,— деп үлкен ағаш астауға мол етіп борщ құйып әкелгенде, аю үлкен денесімен шапшаң тұрып сыртқа беттеді. Ауыр есіктерді опонай итере салып шыға жөнелді. Кемпір астауды ұстаган қалпы таңданып тұр. Бөгеуге де, тіл қатуға да шамасыз. Сөйткенше, екі қонжығын ертіп аю үйге кірді. Бұл жолы пеш жанында шоқайып отырған қонжықтарын тасалай берді.

— Атасы-ау, Машенькам үшеу болып келіпті ғой. Қішкентайлары қандай онды еді, құдайым-ау! Бізге көрсете келген еken гой,— деп жүгіріп барып шақпа қантты әкелді. Астау толы сорпаны да, нанды да аю бірден бас салмады. Біз жаққа жалтақтай қарап жалана берді.— Атасы-ау, онаша қалдырындаршы, қонақтар тاماқтансын!

Антип екеуміз көленкеге отырып темекі тарттық. Түсім қашып, үй жаққа қарай берсем керек.

— Сен корықпа, Харитон, (ол мені Хаким дегенмен Харитон дегенді жеңіл көретін) біздің кіндік баламыз ғой. Бір жылдан бері орманға кетіп қалып еді,— деді темекісін тұтіндептіп.

Құн ашық, ыстық. Арқан бойы жерде шыршалы тайга иін тіреседі. Бұлбұл сайрайды. Төменде өзен аңғарына қарай екі-үш сиырымен аз ғана қойлар жайылып жүр. Антип үйдегі қорқынышты қонақтың жайын кеңес қылды.

— Осыдан үш жыл бұрын,— деп бастады ол.—  
Өзен бойлап келе жаттым. Барылдауықтың бірер  
көк аласын атып алмақпын. Қалың шалғын арасында  
бір нәрсе қымылдайды. Шөптен бойы көрінбесе де  
тура маған қарай келеді. Мылтығымды ыңғайлап  
тұра қалдым. Қарасам аюдың кішкене қонжығы.  
Зәрем үшүп кетті. Жақын арада енесі жүргені есіме  
түскенде, енді өлдім дедім. Үйрек оқтарын жұлып  
тастап, ірі оқпен оқтап үлгердім. Құдай бетін аулақ  
қылсын. Жазатайым мылтық от алмай қалса  
шаруаңның біткені ғой деймін, жан тәтті емес пе?  
Жан-жағымда қарасам, ештеңе көрінбейді. Дауыста-  
сам дыбыс жок.. Тірі жүріп аю баласынан адас-  
пайтыны есіме түсті. Біреу атып алған шығар. Жетім  
қонжықты жерден көтерсем, мысықтай-ақ салмағы  
бар, аш, арық. Тастан кетсем текке өлеңтін болған  
соң үйге әкелдім. Алғаш алдына қойған асты ішпеді.  
Бірақ аштық шыдатсын ба, үйреніп алды. Варвараға  
еріп тысқа шықса, тауық шоқып, қаз тістеп, ит  
қаппақ болып ұмтылады. Кемпірдің қорғайтынын  
түсініп,- одан екі елі қалмайды. Өсе бастаған соң  
ірі иттердің өзі ығып жүретін болды. Құндіз пеш  
жанындағы сөреге созылып жата кетеді. Қыста  
аюлар ұзақ үйқтайдын кезде мен-зен болып жүреді.  
Келген күннен бастап қонжықтың атын Маша қой-  
ғанбыз. Атына әбден көндіккені сонша, сөз арасында  
өз аты аталса, елең ете қалады. Екі жаста үлкен  
аю болып жетілді. Бір күні түскі асты ішкен соң  
кемпірге былай дедім:

— Машка сүмдик үлкен болды. Қөзқарасы  
сүyk, қауіпті. Оңашада жазым етіп жүрер өзінді.  
Онан да хайуаннатор паркіне өткізейік, көп ақша  
аламыз десем, кемпір:

— Олай деуге қалай ғана дәтің барады? Қөрдің  
бе, бәрін де түсінеді. Жазықсыз аңды өйтіп жәбірлеу-  
ге болмайды,— деді. Расында Машаның қөзқарасы  
маған ұнамады. Мен бар жерде тұнжырап өзін-өзі  
тым ызғарлы ұстайды. Жылжып кетіп қалады. Аң  
екеш аң да адамның ішкі дүниесін көзінен үғады  
екен-ау! Орманға кетіп қалатынды шығарды. Бір

күн, екі күн, кейде бір жұма. Ақыры бір айдан кейін оралып, екі күн үйде болды.

— Машенькам кетейін деп жатыр!— деді Варвара күйзеліп. Аю мені көрген соң есікке қарай жылыша берді. Сол қалпы тыска шығып еңіске қарай жүріп кетті. Содан бері бір жыл болды.

Міне, қайырылып соғып отырғаны.

Антіптың сакал басқан жүзі күренітіп маған қарады. Кескінінде қуаныш па, мұң ба, бірдене бар еді. Сейілдеп өзен жағасына бардық. Қармақ салдық. Күн еңкейе үйге келсем, Маша қонжықтарын ертіп аулада тұр екен. Бізді көрген соң кемпірге қарап басын шұлғып алып, тайгаға қарай бет алды. Кішкене екі қонжығы соңынан ілесіп барады. Ұзап барып, адамша бастарын шұлғып, теңселіңкіреп аз тұрды да, орманға кетті.

— Жоқ, ол тағы келеді!— деді Варвара орамалының шетімен көзін сүртіп.

## Арлан

Аталы-балалы екі аңшы ауылға түс ауа қайтты.  
Қатты жел тұрып, аспандарғы үйір-үйір бұлттар  
жөңкіліп көше бастады. Құн шатырлай құркіреп  
нажағай оты бұлт қырқаларын осқылап өтті де,  
жауын сабалай ала жөнелді. Шатырлаған жай оғы  
темір тамшысындай сорғалап, лайсан даға сұнгіп  
жоғалып жатты. Қара кер бие жол жиегімен сыл-  
пылдата басып келеді. Ата мен бала бір әскеппенің  
астына тығылып биені қамшылай түседі. Асыққанда  
ауыл жеткізе ме. Откінші жаңыр сабалап тұр.  
Қаптың ішіндегі жалғыз бөлтірік қалтырайды. Қа-  
раңғы жер астындай емес, сұлгі қабырғадан ызығар  
өтіп, тоңдырып барады. Аяқ астының мұндай шай-  
қалуын, беймаза жүрістің неден екенін бөлтірік  
түсіне алмайды. Қорқып қыңылайды. Өзінің бұл  
күйге қалай түскенін топшылай алмады. Бір кезде  
жерге топ ете түсті. Дауыстар естілді.

- Үа, қайырлы болсын! Беке, нешеу?
- Біреу. Әменжан ақжолтай болды!
- Қәне, көрейікші!

Қапты актара салды. Бөлтірік тығылуға жер  
таппай жарыққа қыпсылықтай қарайды, адамдар  
коршап алышты. Жер беті көлкіген су, үйлер қарауы-  
тып көрінеді. Екі аяқтылар коршап алған. Түстері  
сүық, өшпендей, қымылдаса сілкіп тастауға дайын.  
Қорқынышты жат дүниеге жаутаңдап қарап бөлтірік  
отыр.

- Өлтіріп тастау керек.
- Бұл асырауға көнбейді.
- Бүркітбай дұрыс айтады, солай еткен жөн!

Асырауға көнбейді.

— Өлтіртпеймін! — деді Әмен арашаға шығып.—  
Өскен соң хайуанаттар паркіне тапсырамын.

— Кой, балам, тіл алсаңшы! — деді Бекет.—  
Түбінде жер соктырып кетер бәтшашар!

- Жок, ата, ештеңе етпейді, өлтіртпеймін!

Әмен бөлтірікке қолын созып еді, тістерін ырсит-  
ты. Қолдар денесін ауыртпай, қайта енесінің апан

куырып, көп жерге барды. Кешке дейін жүрді. Тілі салақтап, діңкесі қатты.

Егінжайлар созылып жатыр. Комбайндар, тракторлар жүр. Жұк машиналары шаңдатып барады. Мотордың үні қай жақтан болсын естіледі. Арлан осынау «макұлықтардың» сырын түсіне алмайды. Жан түршігерлік гүрлінен, тұнгі оттарынан зәресі кетеді. Қашса тез үстап алатын сияқты.

Ол сөлпектеп кейін қайтты. Егін аралығындағы қалың ерменнің арасымен келе жатып, кілт тоқтап құлактарын ербите қалды. Істік тұмсығын қыбырлатып тым жақыннан шыққан кой иісін сезді. Қуйіс қайырып жаткан ақсақ тоқтының үстінен түсті.

Тоқты шойнандап барады. Алысыракта дөң үстінде қойлар жайылып жатыр, қойшы көрінбейді. Ақсақ онша ұзай қойған жоқ-ты, қеудесімен соғып құлатты да, ауызды салып жіберді. Шаптан жарып, жылы қанды асай бастағанда, дүбірлете шауып қойшы жетті. Арлан алыста қарауытып көрінген қалың орманды бетке алып тартып отырды. Артына да, ауыл жаққа да қайрылмады, қарамады.

\* \* \*

Арлан жортуылда болды, кең жазық, қалың орманды аралап көрді. Құн көрісі киындалп, бұратыла ашықты. Қарны қабысып, жұні сабалақтанып қалды. Қас қылғандай алғашқы қар жауды. Жердің беті аппак. Тамақ ізден ауыл сыртына келді, айнала тыныштық, оттар сөнген, шеткерірек түнеріп тұрған өз үйіне жақыннады. Азап орны болған үйшікті көріп денесі қалтырап кетті. Сүйек-саяқ тауып жегісі келіп жақындалп еді, ежелгі жауы Мойнақ тасадан шыға келіп өршелене шабаланды. Ит біткен соңына түсті, адамдар айтакқа басты.

Жолы болмаған Арлан шілік арасына кіріп жасырынды. Салақтаған тілін жиып ала алмайды. Ауыл иттері әлі балпылдан жатыр. Ай тасаға түскенде қар жалап алып жортып кетті. Дөң үстіне шығып тың тұндады. Желге тұмсығын тосып көп тұрды.

Мұрнына әлдекандай жағымды ііс шалынғандай болды. Орман арасымен аяқтарын андап басып, шетке тақалды. Қойнауда шопан аулы қарауытады, жатаған үйдің терезесінен от көрінеді. Шарбакта бір отар қой күйіс қайырып жатыр. Тыныштық. Қойлардың жөтелгені естіледі, үрланып жақын келді. Араны бөліп түрған шарбак кана. Қойдың іісіне сілекейі шұбырыған Арлан секіріп ішке түсті. Қойлар дүркіреп шарбактың ол шеті мен бұл шетіне екшелді. Біреуін сығып тастап, екіншісіне ұмтылғанда айғай естілді. Қошқардың қүйрығын қарш еткізіп жұлып алды да, шарбактан қарғыды. Мылтық гұрс етіп, оқ жанап өтті. Арлан қашып бара жатып қүйрықты қылғып жіберді. Куғыншы иттер қалып қойды. Пәрмендей шауып қалыңға кіріп жоғалды. Ұлпа қарға бауырын төсеп жатып жаланды, денесінен қой іісі, ыстық қан іісі аңқып тұр. Бір асам ет аштықтан құлазыған қарнына жұбаныш бола алмады. Араны ашылып кетті.

Таң алдында орман арасында жүрген жабағылы биеге кездесті. Жылқылар бастарын жұлып алып шошына қарады. Арлан ауыл иттерінше шолақ қүйрығын бұлғактатып, жақындай берді. Жылқылар ит десе керек, тыныштанғандай болды. Дөнежін бие итке қарап қойып қайта оттауға кірісті. Жабағысы сақтана басып жақын келді де ііскеп көрмек болып тұмсығын созғанда, Арлан алқымынан ала түсті. Жабағы шұрқырап омақаса құлады. Әткір азулар жұтқыншақты қып жіберген еді, ет қызымен тұрмақ болып жанталасса да босатпады. Шырқырап үстіне түскен жас биені қуып таставды. Бие айнала шауып, арқырап жүр. Қасқыр жаны шығып үлгермеген жабағының өкпесіне тұмсығын сұғып жіберіп, обырлана асады. Қардың бетін қызыл қанға бояп, жабағыны боршалап жатты. Сықай тойып, құлынның өлексесін енесіне қалдырып кете барды. Ұзак аштықтан соң тоя жеген тамақты ауырлап таң ата томарлы өзекке келіп тығылды. Әлденіп батылдана түсті.

Қыс бірден сұтыып, үскірік аяз тұрды. Мал кора-

түбіндегі жалағаны сиякты өте майды тиді. Бөлтірік аунап түсіп тырбандал қалды.

— Өзі арлан қыскыр болады еken,— деді біреуі.

— Алақай, оның атын Арлан қоямын!— деді Әмен дауыстап.

— Жақсы ат,— деді балалар Әменнің қасқырын тамашалап. Әмендер шайға отырғанда ерке Әлен бөлтіріктің мойнына жіп байлап алып сүйрелеп жүрді.

— Арлан, айт, айт!— деп шаңқылдайды. Бөлтірік үнсіз сүйретіле береді, қасқырға лайық қайсарлықпен мыңқ етпеді. Балалар Арланды жайына қалдырып басқа ермекке аудисқанда, бөлтірік жөнеле беріп еді, шулаған тобыр қайтадан ұстап алды.

Басынан сипай бастады. Қолдарынан ет ісі білінеді. Қөтеріп алып, үйшіктің тесігінен тастан жіберді. Иттердің ісі тұнып тұр еken, басқа ешкім жоғын көріп, жата қалды. Аздан соң есік ашылып, итаяққа құйған сүтті жылжытып қойды, бір кесек ет тастанады.

Көп жалынып жегізе алмаган соң, есікті жауып санылаудан сығалай қалды. Бөлтірік жан-жағын барлап, орнынан тұрды да, ешкім жоқ еkenін көріп етті қараңғылау түкпірге апарып жеп қойды. Тіміскілеп жүріп сүтке аузын малып алды. Шуберектей тілімен жаланып, ұяластарын, ақ қаншықты іздең ыңғысыды, бұрышқа тығыла түсті.

Әмен ерте тұрып қараса, сүт жоқ еді. Осыдан былай берген тамакты қайтармайтын болды. Тек онашада жейді, қалтарыста кездескен тамакты өз үлесім деп түсінеді. Әмен атасымен шөпке кеткенде Әлен үйшіктен сүйреп алып, ойынға кіріседі. Бөлтірік көңілді тобырдың ортасына түсіп терідей сүйретіледі, бүйірін соғып жатып алады. Балалар қоршап тұр.

— Өзі жүйрік болар!— деді біреуі.

— Азулы болар!— деді екіншісі.

— Құйрығы келісімсіз еken. Бөрібасардікіндей қысқа болғаны дұрыс қой,— деп сын тақты үшіншісі.

— Онда не тұр,— Әлен басын кекшилтті,— сенің

Бөрібасарыңдікінен де қысқарап қылуға болады, сенікі де қолдан қысқартқан емес пе?

— Неге қысқартқан?

— Жүгіргенде ауыр болмас үшін де...

— Біздің Майлыаяқ құйрығын зорға алып жүреді,— деп уайым айтты біреуі.

Әлен атасының өткір балтасын әкеліп шауып қалғанда, бөлтіріктің құйрығы бөлініп тұсті. Балалар аяушылық білдіріп Әленге жактырмай қарап тұрысты да, тарап кетті. Арлан жарасын жалап қыңсылай берді.

Әмен інісін ұрмақшы болып еді, анау атасына тығызып:

— Қасқырыңның басын да шауып тастаймын бір күн!— деді сықылықтап.

Құндер өткен сайын Арлан өз атына жаттығып, Әменнің соңынан еріп жүретін болды.

Уақыт күзге айналды. Дала да, орман да сарғылт тартып, аспанды бұлт торлады. Ұзақ ақ жауындар жауып, қараңғы салқын тұндер келді. Арланның бауыры ақшыл тартып, жотасы қара көктеніп кетті, тез өсіп, сиракты ірі қасқырға айналды. Сиқын бұзып тұрған шолақ құйрығы ғана. Тарактай тікірейген тақым жұндерінің арасынан шығып тұрған құйрық тұқылы еп-ерсі. Шошандап Әменнің ызасын келтіреді. Қанталаған ұры көздерінен салқындық, жаулық анғарылғандай. Босағада жатып тесіле қараса, кімді болсын сескентеді.

— Ей, қасқырың қауып алмай ма?— деп айғай-лап тұрғандары. Әсіреле тентек Әленді жаны сүймейді. Ол атасының қамшысымен шықпыртып үнемі жәберлеп жүреді. Адамды да, ит біткенді де ұнатпайды. Иттер бұған өш. Оңаша шықса, талап тастайды. Кейін олар да тайқақсыды. Әменмен болмаса, қыдыруға құлқы жок. Үрмейді де, ырылдамайды да. Соңғы құндері ауыл сыртындағы дөң үстінен айналға ұзак қарап тұратынды шығарды. Сыры беймәлім кең дала, қалың орманға басы бүтін кетіп қалғысы келеді. Тоя жеген тамақты қимайды. Бірде беті ауған жаққа құйғыта шапсын келіп. Жер апшысын

ланып, өріс тарылды. Қар арасынан қағып алған тышқан болмаса апта бойы нәр татпаған. Арлан қыстау ығындағы қой қораға жақындал келді. Иттердің үргені, күзетшілердің айғайы естіледі. Ұзақ тұн бойы қыстауды торумен өткізді. Аштық пен жалғыздық діңкелетіп жіберді. Жақыннан, орманның арғы бетінен тосын үн естілді. Қайта сыңсыды, бұл жолы көбейіп естілгендей болды. Тұмсығын көтеріп еді, мұның да көмейінен сондай үн шыға алады екен. Ұлысын келіп. Жақыннан бұтактың сытыры естілді. Қарсы алдында құлактары тікірейіп үш ит тұр еді. Арлан арқа жұнін құдірейтіп гүр ете қалды. Бейтаныс, жадау қанышқ құлактарын жымырып, құйрығын бұлғап жақын келді де, Арлан-ды ііскеп көріп жөніне жүре берді. Арлан да сондарынан ерді. Алда бүкен қағып қанышқ қасқыр келеді. Тұн бойы бұл өңірді түгел кезіп шықты. Келер күні жолаушының соңынан еріп келе жатқан жабағыны бөліп алып орманға айдап кетіп, аш тобыр бір қоректенді де, тағы бірнеше күн нәр татпады. Ауыл шетіндегі үйдің қорасына түсіп қойларын қырып кетті. Бір ауылдан соң бір ауылға соқтығып, шетке шықкан малды жеп, болмаса салақ үйдің қорасын бұзып түсіп сиырын жарып, көшеден бейсауат жүрген итті ала қашып әлекке салды. Мұндайда Арлан қорықпай қимылдайды, сұр қанышқ оған серік. Жұрт қорасын бекітіп, тұн баласына сыртқа шықпайтын болды. Шықса мылтық алып, қарумен жүрді. Қасқырлардың да халі мүшкілге айналды.

Аязды қундердің бірі еді. Бұтактарды ақ қырау басқан. Үп еткен жел жок. Арлан жатқан жерінен тұрып керілді де, алыстан жеткен адамдардың даусына құлактарын тіге қалды. Қарлы даламен екі бала шаңғы теуіп келеді. Ұақыт кешке айналып барады. Балалар жан-жақтарына жалтақтай қарайды. Ауылға әлі көп жер бар, жолдың осы тұсы шырпылы, өзекті.

— Эжемді сағынып келем,— деді Әлен таяқтарын сермей түсіп.

— Сен ауылға жуырда бардың, маған екі демалыс өтті. Апамды мен де сағындым!— деді жолдасы алқына дем алып.

— Тәрбиешіміз Зейнеп апай да сыбағамызды берер әлі.

— Неге?

— Интернаттан сұранбай кетуге болмайды деген.

— Эй, ештеңе етпес,— деді Элен.

Шаңғылардың сықыры естіледі. Осы өзекте қасқырлар мекендейді деген атасының сөзі есіне түсіп, Элениң денесі мұздап кетті. Қорқынышын жолдасына сездірмеуге тырысады. Дауыстап сөйлемсуге де батылы баар емес. Алдағы тар қылтадан өткен соң екі шоқ тал бар, одан әрі ауыл тиіп тұр. Осы жерден тезірек өтіп кетсе екен. Жок, мынау не?!

Шілік арасынан көк шолақ ит қатарласа кетті. Қорықпай да, қысылмай да ауыл иттерінше арқан бойы аяңдап келеді.

— Арланды қара!— деді Элен қуанышты дауыспен.— Арлан, Арлан, кә-кә!

Арлан Эленді бірден таныды. Көрсеткен азаптары есіне түсіп, арқа жүнін күдірейтіп алды. Қара көленкеде көздері жасыл үшқын шашады.

— Арлан таныды, ол бізben бірге ауылға барады,— дейді Элен қуаныш.

Жолдың екінші жағын айналып тағы бір көк иттің алдарын орап бара жатқанын аңғарды. Артта тағы екеуі... Қасқырлар сүмдүк ірі де, айбарлы да болып көрінді. Балалар қалшиып тұрып қалды. Қасқырлар да тоқтады. Балалар жылап бақырғысы келді. Алқымдары тығындалып дауыстары шықпады. Сүйретіліп ілгері жылжыды, қасқырлар да жылжып, жақындей береді. Арлан тіпті таяқ тастамға келді. Арттағы екеудің бірі алға шықты. Аяқтарымен жер тырнап қарды боратып жіберді.

— Ата-а-а!— деген Элениң даусы естілді. Қасқырлар азуларын сақылдатып, ғүрілдей бастағанда, ғұрс етіп мылтық атылды. Қашқан тобырдың соңын

ала сүр қанышың қирадаңдал барады. Мылтық екінші атылғанда қалыңға сіңіп те үлгерген еді.

— Қарақтарым-ай, жыртқыштарға жем бола жаздағындар-ау,— деген дауыс естілді. Есінен танып боп-боз болып кеткен балаларға қаба сақалды үлкен кісі жүгіріп келді. Балалар Бақтықбай аңшыны танып жылап қоя берді.

— Көрші ауылға барып келейін деп шыққаным еді,— деді аңшы маңдай терін сұртіп.— Опыр-ой, мына жауыздар қайтеді-еý?!

\* \* \*

Қанға боялған сүр қанышың қар үстіне жата кетті Жотасынан тиген оқ жауырынын бұзып шыққан еді. Өз жарасын өзі тістелеп алас үрады. Тұн жамалып серіктеп жиналды. Арлан қан тамған қарды соқталандырып асап жіберді. Сол-ақ екен, араны ашылып қаныштың жарасынан акқан ыстық қанды ашқараптана жалай бастап еді, ызалы жыртқыш арс етіп қауып алды. Арлан көздері от шашып, қанышты алқымнан ала түсті. Басқалары да жабылды, әп-сәтте боршасын шығарып бөліп кетісті. Көп ұзамай сүр қаныштың орнын иіскелесіп қалды.

Таң ата айқай-сүрең шықты. Қалың өзек іші қаулаған өрттей сатырлап келеді. Қасқырлар өзектен шығуға тырысса да, салт аттылар қуып тыға берді. Ұзынша өзектің екі бүйіріне кезек қашып, тығыларға жер таппай ыққа қарай шапты. Тал арасынан қасқырлар түйдегімен өте бере мылтық гүрсілдеп атылды. Шапшып барып ұшып түсken екеудің үстінен Арлан секіріп өтіп шырқай жөнелді. Мылтық тағы шаңқ-шаңқ етті.

— Эмен, қоңырдың басын жібер, аяма, ей, тәңірім-ай!— деді Бекет күйгелектеніп.

Аттардың түяғымен кар борап кетті. Шолақ қасқыр ағашқа кірмеді, жазыққа түсіп бұлдырап үзай берді.

— Қопалыға кіргізбей қайыр, қимыл-да-а!— деді Бекет бар даусымен. Эмен естіген жок, сұық жел

ысқырып, көзінен жас парлады. Бәйге қоңыр құлақтарын жатқызып алып, етсіз сүйір басын ілгері созып жіберіп ширатыла сілтеп келеді. Қасқырға бірден жақындай берді. Дөңнің астында қопалы көл бар. Арланның аяқтары қалтырап, берекесі кетті. Құғыншылардың мысы жеңіп жалтақтап қарайды. Жақындап қалған ызалы адамдарды көріп денесін жиып алды. Қопалыға оқ бойы бұрын кіріп қамыс арасына солықтап жата кетті. Қарды қауып алмақ еді, тілі жиналмады. Тұндегі жеген сұр қанышқтың қыл-қыбырын соқталандырып құса салды.

— Осында кірді ме? — деді кейіннен жеткен Бекет ентігіп.

— Ие.

— Ой, тәңір-ай, енді не тұрыс, есін жиғызбай қымылдау керек қой! Мергендер ық бетке отырсын. Біз шаңғымен ішке кіреміз! — деді Бекет кірпігін уқалап. — Ұялы көлге енді жібермендер, онда құтылып кеткені.

— Жарайды,— десті салт аттылар.

— Эменжан, қоңыр атқа басқа біреу мінсін дегенде тіл алмадың, бағын қайтарып ала көрме, сойыл сілтемге келсе өзім үйреткендей тұмсықтан қағып өт. Қорықпай, ақылмен қымылда.

Адамдардың дауыстары, иттердің үргені көл үстін жаңғырықтырып тұрды. Қамыстар үлпа басын шайқап сыйыр қафады. Қар жалап тыңайып алған Арлан иттер жақындаған сайын арқа жүнін құдайрейтіп қаһарлана тұсті. Келсөң келге bekінген жыртқыш бірінші жеткен қара төбеттің құлақ шекесінен сұзыды салып жіберді. Жарты құлағы жұлынған ит қыңылап кейін қашты. Жақыннан адамдардың айғайы естілген соң, ата жөнелді. Мергендердің күтпеген жағынан шығып жүре берді. Табаны тақырға тиген соң өзіне-өзі келіп, қуаты арта түскен. Бір дөңнен екінші деңге асты. Қішкене ғана қар құйыны қара үзіп алыстай берді. Алғаш аттылар түйдек шауып ет қызуымен көп жерге дейін барды да, кең далада шашылып қала бастады. Ат тұяғына төтеп бермей ойылған күртік қар қасқырға бөгестіз, еркін сермен, көсіле шанты.

## Алғыр қара

Сырымбеттің көкше биігіне жабыса өскен жалғыз қарагай қай заманнан бері бар. Жылдар бойы жел мүжіп, мұсіндей түскен қызыл шақа тастардың жік-жігіне әлуettі тамырларын сұңгітіп жіберіп, тас табандап қалыпты. Дауыл мен сұрапылға қасарып қарсы тұрған кәрі қарагай жерден кішкене көрінгенмен дініне құшак жетпейтін бұтактары кіші-гірім киіз үйдегі болып жайылған аса ірі ағаш. Қалың бұтактарының арасына шөмеледей етіп шырпыдан өріп салған кең үяда сары ауыз екі балапан дүниеге келді. Олар қазбауыр бұлттар жөңкіген кең аспанға алғаш таңырқай қараган еді. Жалғыз қарагайдың тынымсыз теңселіп, сыңсығанын тыңдал біраз күндерді қалғумен өткізді. Ата-анасының аузына салған қанды жемтіктерін қылғып жұтуды ғана білді. Арада апталар өтіп есейген сайын жас қанға құмарта түсті. Мамық орнына сарғыш қоңыр қауырсын жетіліп келе жатты. Жуандап қалған қоңыр аяқтарымен ұя шетіне отырып, сонау шыңырау төменде жап-жасыл болып тұнған орманға қарады. Қанаттарын дамылсыз сермей берді. Тауды айналып екі бүркіт беттеп келеді. Біреуінің тұяғына ілген жемі бар. Шәулісі ұя басардың алды-артын орап шаңқылдайды. Бүркіттер ұяға тау ешкісінің лағын жеткізді. Қос балапан лактың өкпесін сурып жей бастады. Ұя басар тағы да самғай жөнелді.

Балапандар жемді таласып, шашып-төгіп жеді. Қоңыр сырт қалың қабактысы ашулы, сары балақ ұласын күш көрсетіп ығыстыра берді. Сары балақ ашуланып бүріп алда да, секіріл барып ұя шетіне отырды. Шадыр қара ызаланып, топшысымен қағып құлатып жіберді.

Сары балақ төменге қарай қанаттарын далпылдата жөнелді. Қауырсындары жетіліп қалса да ұшуды әлі білмейтін еді. Ақ мамық кезінде маза бермейтін ала карғалар мен сауыскандар у-шу болып соңынан бірге кетті. Олар соңғы кездे ұя маңайына

жолай алмайтын болған. Көбіне сүйек-саяқтарын олжалайтын.

Сары балак ұзын қанаттарымен шыршаның тікенді бұтактарына соғылып әлсіреп түсті. Күн көзі өтпейтін салқын көлеңкеге қанаттарын жая, етпеттей жығылды. Құстардың даусы естіліп тұр. Ала карға табалағандай қарқылдайды. Тезірек өлуін сабыры кете тосып отыр. Балапан бүркіт қанаттарын жайып шаңқылдап жіберді. Жоғарыдан көгілдір аспан жақтан ұя басардың ашы даусы естілді де, орман үстімен екі бүркіт зулап ұшып өтті.

Күн батарда коянның қоңыр көжегін әкеліп, сары балақтың жаңына қонды. Шәулі мен ұя басар жіі ұшып келе бастады. Тұнде бұл жатқан шыршаның бұтактарына қонақтап отырды. Шадыр қара жалғыз қалды. Ата-анасы сирек барады, жемді де сирек апарады. Жемтік сары балақтың жаңына үйіліп қойылды. Шадыр қара бұлт сүйкеп өтіп жатқан биіктегі ұяда топшыларын тынымсыз қағып ұшуға дайындалумен болды.

Сары балак та ұшуға талпынды. Қөлбей ұшып көтеріліп кетуге қалың жыныс жол бермейді. Шәулі мен ұя басарлар шаңқылдап аспанға шақырады. Жаңына келіп, одан шырша бұтактарына қонып жөн көрсетті. Сары балак ағаш басына шығып алса да ұшуға қорқа берді. Екі бүркіт ерсілі-карсылы жүйткіп болмаған соң, топшысымен ұрып итеріп жіберді.

Сары балак орман үстімен жарты шақырымдай ұшып барып, бұтакқа жалп етіп отыра кетті. Ұя басары тағы ұшырып жіберді, өздері де қапталдай ұшты. Шадыр қара келіп қосылды бұларға. Шәулі мен ұя басар балапандарын ертіп, орманды таудың үстімен дамылсыз ұшып жүрді.

Тұнеріп күз келді. Жер беті сарғылт тартты. Жап-жасыл болып құлпырып тұратын сұлу Сырымбет те ажарынан айрылып қалған. Басына бұлт қонақтап, тұман басып, көзден тасаланады.

Бүркіттер арқаның әр өніріне бытырап ұшып,

бөлініп кетті. Әрқайсысы күн көріс қамымен жекеленіп алды. Әсіреле қанаттары жетілмеген бала бүркіттерге келіп қалған қаһарлы қыстың жайы белгісіз еді. Шадыр қара Есіл өлкесіне созылып жатқан орманды өнірдің үстімен өрлей ұшты. Күн бұлыңғыр болатын. Терістікten ызғарлы жел соғып, қар ұшқындаған тұрған. Аң біткен ерте түлеп, қыс жағдайына бейімделіп алған. Бірақ жер әлі қара, қардың ерте түсे қоймауы тонын ағартқан қояндарға ажал болды. Жанын қоярға жет таппай, бұта-бұтаның арасына тығылумен жүр. Құрлар да аппак, тұлкі актаңдақтанып, қасқыр да ақшыл тон киген.

Бала бүркіт зытып бара жатқан қоянды алыстан шалып, қанатын қомдап тап берді де, адымын аштырмай іліп түсті. Бақырып, арпалысса да бүркіт бүктеп тастап, жаны шығып болмастан өкпесін суырып жей бастады. Ор қоянның етін жартылай тауысып, сан жілігінің сіңірін тартқыладап отырды. Қайдан шыққанын кім білсін, салт атты кісі шапқылап келіп қалды. Бүркіт жер бауырлай далпылдай жөнелді. Бірақ ұшып кете алмады. Қанаты талға соғылып құлап түсті. Аузын ашып солықтап жатқан шадыр қараның ұстіне шекпен жауып, ұстап алды да, бүркіт бесігіне бөлеп, інірлетіп ауылға қайтты.

— Ғабдолла ағам бүркіт әкепті! — деп ертеңінде жан-жақтан жүгіріп балалар келді. — Аға, бүркітінді көрсетші!

Ғабдолла саятшы бүркіттің аяқтарына балақ бау такты. Сонан соң томаға кигізіп, бесіктің тартпасын шешті. Байлаудан босатылған шадыр қара қанаттарын қағып сілкініп жіберді.

Бүркітті тұғырғызып байладап болып, томағасын сыпырганда көздері отша жанып, қанталап тұр еді. Құмістеген томағаны қайта кигізді. Кигізуғе апара бергенде орақ тұяқтарын сілтеп қалды, бірақ балақ бауы жібермеді, аңшы қолын тартып алды. Оған ұрыспады да, кейімді де:

— Жә, тентектікте қойсаншы! — деп күңкілдеп, басынан бастап құйрықтың ұшына дейін дамылдамыл сипай берді.

— Бұл үя басары екен, биылғы балапан көрінеді. Ұя басары құшті, өжет келеді. Бабы келсе алдынан аң құтылмайды. Мынау кеуде, мынау болат тұяқтар, мықты топшылар, отты көздер тегін бітпеген ғой. Тұмсықтан құйрығының ұшына дейін он екі тұтамнан асып тұр, тек қайырын етсін!— деді Ғабаң әндете сөйлеп.

— Мұның аты қалай болады?— деп балалар жамырай сұрады.

— Аты дейсіндер ме, аты Алғыр қара болсын!— деді саятшы құсын мәпелеп.

— Алғыр қара, Алғыр қара!— деп шуласты балалар. Бірақ жас бүркітті қайырып салу үшін көп күн керек еді. Саятшы енді жатпай-тұрмай Алғыр қараны қайыру машақатына кірісті. Алдымен ішін қуыстап тескен бір сүйем жас теректі жұтқызуға тырысты. Бүркіт жұтқысы келмей көп қарсыласса да өз дегенін істеді. Жұмыр теректің жемсаудан өтіп, бөтегеге қарай жылжып бара жатқанын көріп тұрды.

— Аға, өлмей ме ол?— деп сұрады бір бала жыламсырап. Аңшы шоқша сақалы мен сирек қара мұртын сипап күлді де қойды.

— Аға, неге жұтқыздыңыз ағашты?— деп таңырқасты балалар.

— Оны айтайын,— деді саятшы.— Бүркіттің бабы ауыр, бапсыз аңға тұспейді. Алдымен ішін тазалау керек. Жем жегенде жұн-жұрқа ішектеріне оратылып қалады да, мінезі керенау, енжар болады. Ішін солай тазалауды тұсіру дейді. Әлгі теректің қуысына байланып шығады олар. Қейін қайталап мұз жұтқызады, мұз ішін тазалайды: сонан соң ак жем деген бар.

— О не өзі?

— Шыдай тұр, бәрін де айтамын. Ақ жем қаннан арылтып жуылған малдың өкпесі, немесе қоян еті. Мұндай тамақ берілген құс тоқ, жарау қүйге түсіріледі. Ұшқыр, қайратты, кең тынысты келеді. Бапталған қыран қайда жұмсасаң да тайынбайды,— деп Ғабдолла бүркітші орнынан тұрды.

Қысқы күн ашық, аязды болатын. Қырау басқан орман алыста жер шетінде бұлдырап көрінеді. Күн көзіне қарсы қоңыр бестіні бар шабысына салып Әмен ұмтылып келеді. Арланмен арасы шалғайланған сайын қамшыны баса түседі. Қасқыр маңайластыратын емес, күшейіп бара жатқан сияқты. Қейінге қараса салт аттылардан қара үзіп кетіпті. Қасқыр қайыру бермей шок ағашқа кірді.

Ағаштардың бірінен соң бірінен өтіп үзай түсті. Қоңыр аттың құлак түбінен ақ көбік бұрқырап, көздерін қырау басты. Танауларынан ыстық бу атқылап, бір қалыпты шабыстан әзірге жаңылған жоқ. Әмен көздерін сұртіп, «Шу, жануар, екеумізге үлкен сын болды, тек сүріне көрме айналайын!»— деп тымағының мәндайын көтеріп қасқырға өршелене ұмтылады. Ұясына иек артқан қып-қызыл күнгे қарсы шауып келеді. Құннің қызыл сәулесінен алда кетіп бара жатқан қасқырды да кейде көріп, кейде көрмейді. Қоз жасы мұздак болып бетіне қатқан. Ішек-қарны шаншып, басы зыңылдайды. Таңдайы кеуіп алқына дем алады. Құр қол қайтуға намыстады. Әбден қорлығы өткен асиранды қасқырға жақындай берді... Ол да болдырған. «Бүгін қалай да ұстая керек» деген атасының даусы құлағында. Құр қол қайтса: «Сенің еркелігің қымбатқа түскені мынау, әй, тәңірім-әй!»— деп кейімей ме, бүкіл ауыл ұрыспай ма? «Ұят-ай, жоқ мен оны қалайда өлтіруім керек».

Әмен қамшы басып қиқулаған сайын қоңыр бесті де желігіп шиratыла түсті. Құні бойы қуғын көрген қасқыр енді басын тұқырып алып жалтақтап қарайды. Әмен шоққа жеткізбей бір шалды. Сойыл жуан мойыннан тиіп, қасқыр сүрініп кетті де тырбанадап қалды. Қайта сілтегенде тағы да қарақұстан іліктіре алмады. Бексересін сипап өтті. Ақсандаған қасқыр селдір-селдір өскен шоққа жетіп жуан ағаштың түбіне жатып алды. Тілі салақтап, бүйірлері солқ-солқ етеді, қара көлеңкеде жасыл көздері ұшқын шашып шабына қарайды. Гүрілдеп айбар шегеді. Құрықты бұтқақ қағып қалды. Қасқыр тік

атылып ердің басына жетіп тұсті. Әмениң өнірін былжыраған көбік сілекей жауып кетті. «Күғын көріп әлсіреген қасқыр тілін тез жинап ала алмайды, шапса да көп зиян іstemейді, есін жиғызбай қимылданап қалған жөн» деген атасының ақылын есіне алды. Жақындай беріп тағы сермеді, үрғызбады, тағы қарғыды. Қасқырга тыныштық бермей ашықтау жерге қақпақылдаса да, ағаш арасына қарай тығыла береді.

Шырқау көкте жап-жасыл болып алғашқы жұлдыздар туды. Қанталаған бұлттардың реңі солғынданып, інір қараңғылығы шапшаң түсіп келе жатты. Қоңыр ат тыптырып ширығады, пыскырынады. Үстіндегі аңшының шалағайлышына ызаланатын сияқты. Әлсіреген қасқырды қалай қалдырып кетпек, соғып алудың айласын тағы білмейді. Қасқыр тынығып тілін жинап алса, жарып кетуі мүмкін. Кейінде ешкім қөрінбейді. Мынау тұн, мынау жалғыздық, қарсы алдында қойнына салып, өсірген Арланы шабынып жатыр. Толысып, жоталы жыртқыш болып алған. Өліспей беріспейтін мықты жау. Өлтіру керек, өлтіруге қимайтын сияқты.

— Арлан, күш-күш,— деді ол еркелеткендей. Қасқыр гүр ете қалды. Әмен құрықтың жінішкерек жерінен сындырып тастады. Енді сойыл ықшамды әрі әлді. Қайың астынан тапжылмай қараған шолақ қасқырга дүрсе қоя берді. Арлан қарғығанда салып жіберді. Белдемeden тиген сокқыдан бұраландап барып қарсы қарап жатты. Арлан бөксесін сүйретіп қайта тұрды. Бірақ қарғи алмады. Әмен аттан секіріп түсіп қос қолдап салып-салып жіберді. Қолының әлі келгенше үрғылап жатыр. Қасқыр жығылды, мұрнынан қап-қара қан ағып, қырылдай бастанады.

Әмениң халі бітіп отыра кетті де, еңіреп қоя берді.

Күн артынан күндер өтті. Қар кешігіңкіреп тұр. Қатқақ, көк тайғақ ұзакқа созылды. Ғабдолла қыранын дамылсыз баптап қайырумен болды. Бала бүркітті үрету сақа бүркітке қарағанда көп оңай. Сақа бүркітті бағындыры үшін бірнеше күн тенселмеге байлап, күн-түн үйкі, тыныс бермейсің. Жіптің ұшы қолында болады да, тербетесің де отырасың. Әбден мәнгі болған тағы сонан соң барып мойындайды. Ал жас бүркіт деген қол бала сияқты. Әуелі қолыңнан ет жегізіп, онан соң арқан байлап ұшырып, қызыл жемге шақырып, лезде қайырып аласың.

Қыранның бабы жетілгелі қашан, сонар әлі жок. Ғабдолла күн қабағына қарап шыдамсыздана тосты. Ақыры күткен күн де жетті-ау. Түнде қалың қар жауды. Бүркітін қолына қондырды да, таң біліне Ғабдолла саятқа шықты. Ой да, қыр да, бүкіл дала да аппак. Орман ғана қарауытып көрінеді. Алғыр қара томағалы басын бұрып елеңдейді. Екі тазы із кесіп алды-артын орайды. Аңшы қалың талды өзекті қапталдай жүрді. Жолдан қызыл тұлкі шығып, қопаға қарай зырлады. Иттер көз жазып қалған сон, Ғабдолла бала қыранның томағасын тартып, балақ бауын ағытты. Алғыр қара аспанды сағынған еді, шырқай шығып биіктеп кетті. Қөлденең адамға енді қайырылмайтын сияқты еді. Бір кездे төмен қарап сорғаласын келіп. Қауырсындары ыскыра, ағып келіп тұлқіні басып қалды. Иесі жеткенде қанаттары жарқ-жүрк етіп мытып жатқан тұлкіден айырып, Ғабдолла бүркітті қолына қондырды. Алғыр қара ұшу тілеп, қан аңсап шаңқ-шаңқ етеді. Қолға тұрғысы келмейді. Қанаттарын сермеп, алас ұрады. Бүркітші «үйірімен үш тоғыз». деп қыранның тырнақ алдысын қанжасына байлады.

Ғабдолла үдайымен бірнеше күн аңға шықса да, қоян мен құрдан басқаны кездестіре алмады. Алғыр қараға қоян алу оңай жұмыс болды. Қыс қайратына басты. Бірнеше күн боран соғып тұрды. Қырдағы ауылдың аласа үйлерін қар басып қалды. Саятшы жіпсіз байланып отырды. Алғыр қара да шаңқылдап мазасызданды. Кең аспанға еркін шарлағысы

келеді. Аңшыға үйде отыру азап. Сыңсыған боран үніне құлақ қойып тұндер бойы дөңбекшіп жатады.

Бір күні ертсемен жайсыз хабар естілді. Тұнде қой қораның іргесінен қасқыр кіріп, он шақты қойды тамактап кетіпті. Жұрттың айтуынша, өздері бірлі-жарым болмаса керек. Ескі қораның іргесін қазып кіріпті. Айналасы толған қасқыр іздері, зерттей келіп Фабдолла төртеу екен деді.

— Эй, жауыздар-ай, қайдан келе қалды? Жазда бұл өңірде қасқыр білінбеген,— деді аңшы ізге қарап тұрып.

Ертеңінде боранның анықтап ашылуын тоспасстан, атқа қонып иттерін түгел ертіп шықты.

Таң әбден атқан соң, Алғыр қараны да босатып жіберді. Бала қыран биіктеп алып, қунғірт аспанда самғап жүрді. Қанат қақпастан ұзак қалықтап ілгері-кейін ұшады. Бірақ иесінен ұзап кетпейді.

Күн батыста Қаратал деген томарлы өзек бар. Тазыларды осында қаптатып жіберді. Әлден уақытта иттің шабаланғаны естілді де, суырылып шыққан қасқырды көзі шалып қалды. Атына қамшыны басып шаба жөнелді. Бүркіттің қымылынан көз жазбай келеді.

Алғыр қара қалықтап айналумен жүрді де, төмен қарай құлдырады. Фабдолланың жүрегі мұздап коя берді. Тәжірибесіз бала бүркіттердің талай мерт болғанын көрген. Ағаш арасымен бұтаға бетін жыртқызып, қарға оппалап жеткенше асықты.

Сауысқандар шықылықтаған түсқа келсе, бүркіт пен қасқыр арпалысып жатыр екен. Алғыр қара қасқырдың аузын бір аяғымен бүріп, екінші аяғының тұяқтарын қос өкпеден сұңгітіп жіберіпті. Қасқыр жығылғалы жүр. Қара бүркіт өзінің орасан ұзын қанаттарын далилдатып, өлермендікпен жабысып алыпты. Қасқырдың тістеуге ынғайы жок, аузы ашылмай қалыпты. Аңқаландап шауып келіп қасқырды жұқа шаптан жарып жіберді.

Алғыр қара босатар емес, иесі келгенде солық-таған қыран саңқылдап коя берді. Жыртқыштың аузын қапсыра бүрген өткір тырнақтары кенсірік

пен жақтан өтіп, айқасып қалыпты, ажыратып алу оңай болмады. Жекпе-жекте қасқырдың екі көзін шоқып, ағызып жібергенін көріп Ғабдолла саятшы:

— Жарайсың, Алғыр қара, жарайсың, қыраным! — деді көздері жасаурап.

## Бұлан

Поезд станцияны артқа тастап үзап кеткенше, вагон ішінде тыныштық орнаған жок. Жолаушылар кіріп-шығып сабылып жүр. Менің сапарласым — якут шалы тәменгі сөреге жайғасып алыш, қайқы қара түтігін тұтатып еді, ол сөне берді. Шал шыртшырт шырпы жағады.

Дөңгеленіп қалып жатқан иен далаға таңданып қарайтын сияқты.

— У-у, не деген жазық! — деп қойды. Даланы көкшіл мұнар басып жатқан. Қария әлден соң бері бұрылды. Жай ғана күлімсірейді.

— Атым Константин, фамилиям Валуев, Якутияданмын. Астанада ұлым бар, академияда істейді. Қонаққа шақырған екен. Мәскеуді көрейін, балала-рымды көрейін деп келем. Сексеннің жетеуіндемін. Жеті жасымнан тайга кездім. У-у, көп жылдар кездім, — деді ол сирек сақалын сипап қойып.

Қарияның бетіндегі ығы-жығы әжімдері тайганың тоқсан торап соқпағындаі екен.

Тайга жайлы әңгімесін:

— Орман сырын көп кезген адам ғана үғады, — деп бастады ол. — Қыста қар бетіндегі жазулардан өткен тәуліктерде бұл арада қандай оқиғалар болғанын анықтау қын емес. Қар кітаптағы жазулар бәрін де айтады, бәрін алдыңа жайып салады.

Сонымен орманның үлкен хикаясы басталып кетті. Мына үлан-байтақ ақ кітаптан оқи бер, қызықтай бер. Бұлан жортып келеді. Қаһарлы қаруы — тармақ мүйізін тастап, әлсіреген кезі. Қөп жаумен жалғыз соғысуға дәрменсіз. Қашып құтылудан басқа

лаж жоқ. Ашықкан, әбден арса-арса болған қасқырлар көз жазар емес. Бұланды оттатпай, тыныстатпай болдырып жықпақ. Олар аш болғандықтан алдында кетіп бара жатқан мына көп еттен қалай да айрылып қалмауға тырысады. Қара сүр бәрінен озық. Арандай ашылған аузынан сап-сары азулары көрінеді. Оған ілесіп ақ қаншық келеді. Бұланның бұқасы кәрі болатын. Өткен күзде өзінен әлдекайда мықты жас бұқамен жекпе-жекте мертігіп қала жаздаған. Содан бері қуаты кеміп, жұні жығылып кеткен еді. Құғын ұзаған сайын әлсірей берді. Жортудан бүлкекке ауысты. Қасқырлар да ілесе алмай келеді. Жолжөнекей қарды асап-асап жібереді.

Бұлан теректің басын қарман тұр. Тоқтамау керек екені белгілі. Эйтсе де шалып алмай болмайды. Қасқырлардың тықыры жақыннан естілді. Эне, алым-жұлым сүр тұлғалар шұбырып шықты. Олар бұланға жақындей келіп тұра қалысты. Қара сүр арлан қарсы қарап жатты. Қатарына келіп сүр қаншық жата кетті. Көздері ағаш басын шалып тұрган таудай бұланда. Кейінгілері тыптырып арпалысады. Арлан іп-істік ұзын тұмсығын созып ііскелей берді.

Екі-ак секіретін жер. Не бары екі-ак секіретін. Бөлтіріктер өлемендікпен бұланға ұмтылды. Бұлан қосаяқтап теуіп жіберді. Екеуі де омақаса құлады.

Тағы да ұзак құғын. Таң атты, орман тым-тырыс. Қасқырлар мүлдем әлсіреді. Сүйретіліп әрең келеді. Бұлан да сылбыр аяндайды. Қасқырларға бұрылып қарамайды. Ілгері жылжи береді. Алда енді тар өзенше бар. Өзеншеден өтсе, шөп маялары кезігеді. Солай қарай бет алды, адамдарды панағысы келетін сияқты.

Өзеннің мұзына іліккенде артынан сүрініп-қабынып жеткен қасқырларды тарпып, теуіп жағаға қарай жан ұшыра ұмтылды. Арлан қасқыр белі үзіліп шоқып қалды. Қаншықтың батылы жетпеді, айнала тым-тырыс болды.

Бұлан аңшылар қыстауына қарай аяңдап барады.

## *Қауіпті аңшылық*

--- Енді аңшылықтан бір сыр,— деді қария темекісін түтіндеп.— Сілеусін деген азұлы, тырнақты, мықты аң бар. Теңбіл шұбар тұсті, аяқтары балғадай, құлақтарының ұшы шашақты, көзі өткір. Орманнның дәу мысығы осы сілеусін. Ол бұғы, маралды аулайды, ретіне келсе адамға да түседі. Оны орманнан кездестіру оңай емес. Тұнде жүріп, күндіз қалыңға кіріп жатады. Не биік өскен шыршаның төбесіне шығып, бекініп алады.

Үш адамбыз, екі итіміз бар. Әсіресе Тарзанның сезбейтін еш құпиясы жоқ. Міндеттіміз сілеусінді тірідей қолға түсіру. Зоологиялық база шет елдерге жіберу үшін тірідей ұстауға тапсырма берді. Қауіпті тапсырма.

Бұл жолы жыртқышты табу қынға түспеді. Шағын алаңға шыға беріп, қып-қызыл қан болып жатқан жерге кездестік. Өткен тұнде шұбар маралға ағаш басынан атылып, алып ұрган екен. Жемтігі шашылып қалыпты.

— Иттерді жібер!— деді Кузьма. Иттер қалыңға кіріп жоқ болды. Аздан соң алыстан шабаланған дауыстар ғана естілді.

— Айттым гой, етке тойған жыртқыш алыстай қоймайды,— деді Кузьма ентелей басып. Сілеусін шыршаның басында отыр. Николай сым тұзак ілінген жіңішке құрықшасын ыңғайлап ағашка өрмелей бастады. Ең қауіпті кезең осы. Иттер төменде шабалана түседі. Жуан бұтактың бел ортасында отырған жыртқышқа Николай тақау барып, құрықты соза берді. Жіңішке сым тұзакша сілеусіннің басына қарай белгісіз жылжып барады. Шашақты құлақтарынан асып мойнына іліккенде жыртқыш төмен атылды. Бірақ жерге жетпестен салбырап қалды. Гүрледеп бұлқынып тұр. Жердегілер үлкен брезент қаптың аузын ашып, даярлап тұрдық. Николай тұзакты сусытып төмен түсіре берді де, сілеусін қапқа түсіп болған соң аузын буа қойдық. Ашулы

ан дөңбекшіп гүрілдеп жатыр. Онда біздің жұмысмыз қанша.

— Қәне, жігіттер, от жағып ыстық шай үрттайық! — деп қуана айғайлап жібердім.

## Тұңғиық жыртқышы

Алтын қанат алабұға асығыс жүзіп келе жатты. Соңғы кездерде уылдырық шашуға қамданып жүрген. Маржандай ұсак уылдырығын тойымсыз лақа балықтың текке жалмап қоюнан қалайда сақтап қалу керектігін ойластырумен болды. Жыртқыштардың жолынан аулак, күн көзі мол түсіп тұратын жер іздестірді. Жағаға тақау жасыл талдар төнген шырмауыкты, балдырлы жер бар. Бұл арада ағын әлсіз, су тыныш болатын. Өткенде уылдырық шашып, кішкене алабұғаларды осында өсіріп шығарған.

Алабұға үйреншікті жерін жаңылмай тапты да, балдырдың арасына кіріп тұра қалды. Қарауытқан теренін астаудай жалпақ қап-қара арқа көрінді, күректей құйрығымен суды ақырын есіп, дәу шортан жылжып жақындал келді. Алабұға шортанды көріп қаша жөнелмек еді, балдырға шырматылып қалды. Аңдыған шортан аузын арандай ашып тап берді де, оратылған шырмауығымен қосып жұтып жіберді. Алабұғаның қылтан қанаты шортанның ішін сыйра жыртып бара жатты.

Шортан суды құйрығымен бір салып теренге тарта жөнелді. Жұқан балықтың жаны тез шыға қоймады. Шортан қатты қүйзеліп алас ұрды. Ол аш болатын, әйтпесе көріне көзге тікенді алабұғаны жұтпайтын еді. Элден уақытта барып тынышталды да, ағынға қарсы асықпай жүзіп кетті. Міне, бір топ қара балықтар үркे жөнелді. Сонау терендікте ұсак әк шабактар қылаң етіп тығылды. Балық біткен шортанның көзіне көрінбеуге тырысады. Аузына түскенді талғамай жұта беретін шортан мейірімсіз қатығез атанды. Су түрғындары одан аз жапа шеккен

жоқ-ты. Барлығы да шортанды жақтырмайды, қарғайды. Қәрі шортан өз жемін қуып ұстауға икемсіз болғандықтан, осы күні көбіне жасырынып жол тосады.

Міне, ағын шайқалтып тұрған қоғажай арасына жасырынып біраз аялдады. Жақыннан өткен біреу болса, тасадан бас салуға өте ыңғайлыш жер еді. Қөп аңдып ештеңе іліктіре алмаған соң таязға шықты. Мұнда қалың құрапқ өсіпті. Су жылы, күннің сәулесі мол түсіп тұрған. Шортан күнге қыздырынып шуактап алды да, ілгері жылжып еді, жаймада үлкен қарабалыққа тап болды. Аңқау бейшараны бұлтартпай бас салды. Қара балықтың сүйексіз денесін белдемесінен бір басып кең қарнына қарай жөнелте салды. Сол-ақ екен, тойымсыз жыртқыштың араны ашылып кетті. Өзенде жиектеп ілгері тартты. Бойын жасырып, бүкпантайлап келеді.

Мына қызықты қара, қуса жете алмайтын бір топ табан мен қара балық, алабұға мен ақ шабақ бір жерде қамалып тұр. Шортан аузын кең ашып ұмтыла берді. Келген бетте тістері шарбаққа тиіп өзі де шоршып түсті. Балықтар опыр-топыр болды. Қорапшаға салынып, суға түсіріліп қойылған екен. Шортан шарбакты айнала жүрді.

Қорапшадағы балықтар шортанның ештеңе істей алмайтынын көрген соң қорықпауға айналды. Ақ шабақтар шоршып ойнай бастады. Шортан қатты ашуланды. Қорапшаны құйрығымен соққылады. Балық біткенде зәре қалмады. Эбден долданып алған шортан шарбактың ернеуінен секіріп, ішіне түсті. Бірақ оның құлаштай денесі қорапшаға ендемей бүктетіліп қалды. Шортан суды шалпылда-тып шарбакты ұрғылай бастады.

Жақын жерде жүрген балықшылар келіп, оны ескекпен ұрып алды. Осыдан соң балықтар тұңғиықта еркін жүзетін болды.

# Ала қарға мен ақ тауық

(Мысал әңгіме)

Ақ тауық жиырма шақты күн жұмыртқа басып, бір топ сары шөжелер шығарды. Балапандары сондайлық сүйкімді еді. Нан мен ірімшікті тұмсығымен үгіп берді. Құндіз аулаға қаптатып жүрді, түнде қанаттарының астына тығып, тұмсығы шуыл-дап қалғып отырады.

Шөжелерін жақсы көретіні сонша, біреуін көзінен таса қылғысы келмейді. Ал балапандары күн өткен сайын бытырай жайылып, бетімен жүретінді шығарды. Элдекандай пәлеге тап бола ма деп қорыққан мекиен қоразды көмекке шақырды. Өзіне кейіп те алды:

— Ана көршіміз ата каз үнемі балапандарын бірге басады. Сен болсаң жоламайсың, айғайлаумен күн өткізесің,— деп ұрысты. Этеш қып-қызыл кекілін сілкіп, қанаттарын қағып айғайлап жіберді:

— Менің балапан бағуға қолым тимейді, мен жұрттың уақытын айтып тұрамын. Ертемен жұмысшыларды оятамын, онаң соң түскі астың болғанын, кешке жұмыс күнінің біткенін хабарлаймын. Осының барлығын жалғыз өзім атқарып тұрмын, менсіз жұрттың ісі алға басар емес. Сен болсаң шөжелерді баға алмай менен көмек сұрайсың!— деп, этеш қоқиланып қойды.

Тауық балапан бағысуға қоразды көндіре алмай, уайымдаш жерді шұқи берді. Мұны естіген ала қарға ұшып келіп тауықты аяп мұсіркей қалды:

— Мекиен бәйбіше, сізге тым қыын болған екен. Мұнша балапанды бағып өсіру онай емес қой, қала-саң мен көмектесейін,— деді.

Этешке өкпелеген тауық көне кетті. Мұндай жақсы көмекші тапқанына қуанды. Ала қарға талтаңдай басып, балапандардың төңірегінде жүрді. Шөжелерге әлденені теріп берген болады. Араласып алған соң сары балапандардың біреуін мойнынан тістей қашты. Байбалам салған балапан даусын

естіп, мекиен ала қарғаға жармаса түсті. Өлермен-дікпен арпалысты, босатпады. Мойның созып жіберіп, көршісі ата қаз жетті. Ол сұғанак ұрыны мықты топшыларымен аяусыз ұргылады. Осынау жәдігейді көптен қолына түсіре алмай жүрген.

Ала қарғаның қауырсындары бүркырап дода-додасы шықты. Өліп-талып ата қаздан құтылды да, қалбалақтан ұша жөнелді. Қайтып жоламайтын болды.

## *Сары шымшық*

Аспан түнеріңкі, ағаштар ақ қырау жамылып тұр. Шыршалардың түкті бұтактарына ұлпа қар қонақтап алышты. Кіршіксіз ақ қарды басып жай жүріп келемін. Қенет алдыңғы ағаштың қырауы бүрк ете қалды да, кішкене құс аяғымның астына түсті. Қанаттарын жайып жіберіп дір-дір етеді. Қәдімгі ақ самай сары шымшық. «Бұған не болды еken?» деп таңданып, қолыма алдым, үшпады. Қөздері жаутаң-жаутаң етеді. Қішкене жүрегінің соғуы алақаныма білінді. Төбемнен әлдекандай құс зу етіп өте шықты. Қәдімгі қанқұмар көк қырғи. Мені пана көріпті. Титімдей ғана қанатты досыма елжіреп қарал аз тұрдым. «Адам баласы жауыздықтан қорғаушы еkenін құрттай болып қалай білдің еken, қалай білдің сен?!»— деп алақанымды жазып едім, сары шымшық айналаға барлай қарады да, сілкініп алыш ұша жөнелді.

— Сау бол, кішкене досым!— дедім мен дауыстал.

## Шіл

Шіл ормандагы құстардың ең үсағының бірі. Шыбыктай ғана қоңыр жағал балапандарын ертіп, қалың шөптің арасында күнұзақ шыбын қуумен жүреді. Балапандар шиқылдап, дымкыл көгалға сұңғи жүгіріп, дамыл көрмейді. Бытырап бара жатса, ана шіл қоңыр айдарын сілкіп, қорылдап дыбыс береді. Онысы — байқа, қауіп бар дегені.

Ие, қауіп дегеніңіз аяқ астында. Өте көп. Шілдің қоңыр балапандарына саусықсан да құмар. Шіл қайда жайылса, ол да сол маңайда жүреді. Орман үрысы — ала қарға да әр кез назарын салады. Қаршыға мен қыргиы тағы бар. Барлығының айналдыратыны шіл. Балапандарының бейқамдығы — бағысуз кезі. Қапылыста іліп кетсе, арашалауға шілде дәрмен жок. Сактық үшін ана шіл балапандарын қанаттанғанша орман арасындағы көгал ішінен шығармайды.

Көгал — қанаттылардан қорғағанымен, аяқтылардан қорғай алмайды. Орман кезген қу түлкінің мұрны сезбейтін иіс жок. Жауының жақындаған қалғанын мекиен шіл бірден сезеді де, балапандарын жасырып, өзі түлкінің алдына көлденендей қалады. Қанаты сынған жарагы құс болып көрінеді де, түлкіні соңынан ертіп аулакқа алдып кетеді. Мұндайда ол қауіптен корықпай жауының алдында таяқ тастам жерде жорғалап бара жатады. Түлкіні ұзатып салып шіл ұша жөнеледі. Алданып қалған қу аңырып аз тұрады да, «бәлем, сені ме» деп жөніне кете барады.

Шіл балапандарын ертіп, дағдылы тірлігіне кірісіп еді. Қанат суылын естіп, бұға қойды. Семсердей жарқылдаған сұр қаршыға жайқап отті. Екінші рет зулап ұшты. Элгінде жосып жүрген көп балапан жер жұтқандай жоқ болды. Қаршыға айналып келіп көлденең бұтакқа қонып отырды. Ең қырағы деген жыртқыштың өзі аңғарар емес. Балапандар болса қол созым жерде ғана шөп арасында бұғып жатқан. Козғалса бас салуға аңдып қаршыға отыр. Мекиен

шіл тарғыл қауырсындарын кірпідей тікірейтіп соншалық қаһарлы дауыспен шаңқ етті де, көздері от болып жанған қатерлі жауына атылды. Атылған бетте қаршығаны топшымен соғып өтті. Ана шілдің қайратына шыдамай сүр жыртқыш биік қайындардың төбесінен асып жоғалды. Шіл байғұс жерге құлап түсті де, топшылары қалтырап көп жатты. Сонан соң есін жиып, балапандарын шакыра бастады.

Қам-қаракеті көп жаз да бітіп, салқын күз келді. Орман жапырактарын түсіріп сидаланып қалды. Жыл құстары жылы жаққа қайта бастады. Шіл ғана балапандарымен туған жерде қалды.

## Майлыаяқ

Торы биенің көзінің біреуі сонаның көзіндей апрак, екіншісі мөлдіреген қоңыр. Жұрт оны шағыр бие дейді. Шағыр биенің бір жаман міnezі — үнемі ауа жайылып, дара жүреді.

Қазір де пүліштей жылтыр сауырына қонған шіркейді құйрығымен қағып, жайылымға бетtedі. Жанында жас құлышы жүр. Құлышақтың жібек жалын жел үрледі. Үлпілдеген кішкене құйрығын сермелейді. Ойнактап, айнала шабады.

Шағыр бие дағдысынша тоғайға қарай тартты. Соңынан Майлыаяқ ере кетті. Майлыаяқ — шықшытты, кеуделі үлкен ақ төбет. Өткір сары көздерін құлышында биеден айырмайды. Кездескен тай-сақты қуып тастайды да, тілін салактатып жата кетеді. Аспан ашық, сүйік ақ бұлттар ғана қозғалмай тұр. Құлышында жақсы көріп, жарысып ойнамақ еді, шағыр бие құлактарын жатқызып алып, тап берген соң алыштап кетті. Тақым жүнін тістелеп өткір азуларын сақ-сақ еткізді. Жылтыр тұмсығын көтеріп алыштағы ауылға қарады. Нұржанды сағынған, кеудесіне секіріп еркелегісі келеді. Ол барда көнілсіз болмайды. Шағырды көз жазбай құзетуге үйреткен

сол. Бірақ тапал сары баланың пионер лагеріне кеткенін қайдан білсін. Қарны ашқан соң ауылға жорта жөнелді.

Шағыр бие тоғай арасына кірді. Сылдырап бұлақ ағып жатыр. Іңір болыпты. Ай сәулесі су бетінде ойнайды. Айнала тып-тыныш. Төменде, жар астында қатты ағынның сарыны естіледі. Кәрі үйенкінің түбіне келіп, ұзак үйкеленді де, құламадан қанып су ышіп, қайта жайылды. Құлын көсіліп, үйқтауға жатты. Үстінде боз шіркейлер ызыңдайды Енесі де көзінен сорасы ағып қалғып кетті.

Бие басын көтеріп алғанда, алдында үлкен көк ит тұр еді. Оскырынып қарады, құлактарын қайшылап жер тарпыды. Көк ит бір жатып, бір тұрып, еркелейді. Бетегеден биік, жусаннан аласа болып жақындай түсті. Бие тынышталып жерге бас қойды. Құлыншақ керіліп итке қарай бірер аттағанда тұра атылып, іліктіре алмады. Құлыншақ енесінің бауыры на тығылды. Бие тарпып жіберді.

Бұл кәдімгі қасқыр еді. Шағыр айнала қуалады, қара терге түсті. Қасқыр аш екен. Қалайда құлынды жеп кеткісі келді. Ай бұлтқа жасырынып, айнала қараңғыланып кетті. Қасқыр тілегіне жететін болды Осы кезде ағаш арасынан шыға келген Майлыаяқ қасқырға тұра ұмтылды. Жыртқыш бас сауғалап қаша жөнелді. Майлыаяқтың ызалы даусы тоғай арасында ұзап бара жатты. Шағыр бие құлынын емізіп, иіскелеп тұр. Қөптен соң үсті-басы қан-қан болып, құлағы жырылған Майлыаяқ келді Құйрығын бұлғап, қыңылай берді. Кетіп қалғанына кешірім сұраған еді. Бие пысқырынып қойып алаңсыз жайлымға кіріsti.

Майлыаяқ жарасын жалап алып, айнала шапты, секірді.

## Қоян қорқақ па?

Жазғы түн. Орман қалғып тұр. Құстар сайрауын қойған. Қалыңды паналап қасқыр, бұтанды паналап қоян мен құрлар жатыр. Құндіз жайдай жарқылдағышқан орман жыртқышы сұр қаршыға да қалғып кеткен.

Байғыз ғана ояу. Ол түнде күндізгіден артық көреді. Алакандай сары көздері отша жанып төніп өтеді. Жауыз деген қасқырдың өзіне де түйіледі. Тұлқінің ойлайтыны баяғы бір құлық — реті келсе байғыздың өзін қағып түспек. Байғыз да түсінетін сияқты, шалып өткенімен, бой салып жақында майды.

Табиғат патшалығына жаңа бір жан иесі қосылды. Небары бармақтай ғана. Туғанына бірер сағат өтіпті. Енесінің азы уызын бір рет сорып үлгерген. Мәңгілікке тастап кеткен қатыгез ананы енді ешқашан көрмек емес. Бұл қоян көжегі еді.

Көжекке қараңғы дүниенің сырды беймәлім. Өзінің жаулары кім, достары кім екенін де білмейді.

Көжек құлақтарын қағып, сілкінді де екі-үш аттады. Екі-үш аттауы мұн екен, көзі қиядан шалағын байғыз жайқап өтті. Көжек зәресі ұшып, тығыла қалды. Ажалмен бетпе-бет кездесіп, құтылып кетті. Бұл алғашқы сабак. Шөпті сыйбырлатпай, акырын басып, жап-жақын жерден тұлқі өтіп барады. Тұлқі ық беттегі көжектің іісін сезбеді. Көжек көздері бақырайып жата берді. Екінші ажалдан қалды, Көжек екі-үш аттап еді. Оқ жыландағы атылып жіп-жіңішке сары күзен жөнелді.

Әлдекандай із қуып бара жатыр еді. Шөп арасындағы титімдей мақұлыққа назар аударған жок.

Көжек бұғып отыр. Қалышылдағы тоңып, әрі қорқып отыр. Аранын ашқан ажалдың ортасында қалғандай. Бір кезде дүниені нұрға бөлеп күн шықты. Құн аспан биігіне көтерілген сайын жерді сәуле мен жылдылыққа бөледі.

Көжек артқы аяқтарымен тік тұрып алып, ғажайып дүниеге таңдана қараумен болды. Өзінің

жалғызының да, әлсіздігін де ұмытты. Құлағына, басына келіп қонған қара шыбынды өжеттене үркітіп жіберді. Өзгеше күш пайда болды. Лақша секіріп, шалғынның арасына сұңғіді де кетті.

## *Tоспада*

— Март айының бас кезі,— деп Жылқыбай нағашым ойланып отырды. Ақ сары кескіні томса-рыңқы, көздері бір нүктеге қадалып қалған. Қасқа мандайын сипап, шырт түкіріп тастады да, әңгімесін жалғастырды.

— Көрі қыс сол жылы құтырынып кетті. Жапырактың кештетіп түсуіне қарағанда, қыс аяғы ұзамаса жаарар десіп қарттар уайым айтатын болып алды. Құртік үйлердің төбесімен бірдей болуға жақын.

Колхоз малы жылы корада, азық бар. Бір жаманы қасқырлар көбірек мазалап тұр. Жақындаған кой қораға түспек болғанда мылтық атып, қуып тастапты. Бұрнағы күні алқадан тал әкеle жаткан әйелді қамап, кеше жылқыға шауып, бір тайды тартып кеткен. Қөргендер: «бары үш қасқыр — біреуі зор қара сұр арлан, батыл қымылдайды, коркуды білмейді»,— деп сілтідей тұнады.

Тоғайдан үйірлі қасқырдың ізін өзім де көргем. Қөп аңдып кездестіре алмағанмын. Эй, сені ме деп алақаныма түкірсем де бораннан жіпсіз байланып отырмын. Қара сұр арлан үйқтасам түсімнен, оянсам ойымнан кетпейді. Інірге дейін ауа райын бақылаумен болды. Боран сол бір қалпында сыңсып тұр. Бір үміт артатыным — акшам уақытында іргеден батар күннің шеңбері көріне қалған. Ертең күн ашық бола ма деп дәмеленгенім де содан.

Үйқтап қалыптын. Шытырман түс көріп, шаршап, оянсам, таң атыпты. Жел басылып, қып-қызыл болып күн шығып келеді. Әлсіз сырғыма бар, шыңылтыр аяз. Шайды алдымға ала беріп едім сырттан:

— Да, Жылқыбай, үйдемісін? — деген дауыс естілді.

— Ие, үйдемін.

— Алқада қасқырлар жүр, кууға бармайсың ба?

— Барғанда қандай, біздікіне келіндер, ақылда сайық, үркітіп алмандар! — дедім. Шай ішусіз қалды.

Көшеннің бас жағында біреулер шапқыласып жүр. Келетін ойлары да жок. Құр әбігерге түскеннен басқа тындырары да байқалмайды. Атымды асығыс жегіп, отын жолымен тоғайға қарай отырдым. Қасқырлар тым алыста тышканшылап жүр. Алысып ойнайды, жерді ііскелеп жата қалады да, қарғып түседі. Екеудің қылан, біреудің қоңырлау. Соңғысы жеңілтектене қоймайды. Айналаға барлап қарайды.

— Эй, жауыздар-ай,— деймін ішімнен.— Сендерсің ғой жүртты әлекке салған!

Құн көтеріле жаяу борасын тынды. Қарагер дөнен тозған сыпырғыштай келте құйрығын үйіріп, жортактап келеді. Қамшы үстіне қамшы басып, тезірек тоғайға кіруге асығам. Қасқырлар шаналы адамнан сескене қоймайды. Ауылдағылар да козғалған жок. Кешіге түссе екен деймін.

Сай-жыраларды қуалай қалың тогайға кіріп, атты байладым да мылтығымды асынып, жүгіріп кеттім. Төменде тал өскен терең су бар. Жазда тананың көзіндегі мөлдіреп көрінетін әсем суды қазір қар басып қалыпты. Отыншылар жолы осы суды айналып өтетін еді. Түп талды бетке ұстап жайғасып алдым. Мылтығымды ыңғайлап сақтана қараймын. Тоғай қимылсыз, мұлгіп тұр. Құн көтеріліп кетті. Аяз әжептәуір екен, отырған адам тоңазиды. Мұртыма қырау тұра бастады. Құн сәулесі қар бетінде қызыл құлғінденіп, кейде сары жасқылттанып құбыла, жарқырайды. Темекі тартқым келіп барады, шыдау керек.

Бұл қалай, әлде есептен жаңылғаным ба? Қалайша жаңылдым, мүмкін емес. Жігіттер қуып берсін дейік. Сонда қашатын жолы осы емес пе. Өзіне өзі сенген әккі жыртқыш қары қалың қыста жолдан айырылмайды. Өйткені күртікпен қашу оңай

емес. Осы жолмен қалайда келуі керек қой. Әдетте арлан қасқыр ұяластары үзап кеткенше қуғыншыларды алдандырып, кейіндегі береді де, қуғын тақалғанда ебін тауып құтылып кетеді. Мұндайда жол кездессе маңайлатпайды. Қуғыншылардың негізгі күші оның соңына түседі де, шырқай салғандары кумайды. Тәжірибелі аңшылар болса құлықты түсінер еді. Ал қызба жігіттер тек далақтап шабуды ғана біледі.

Тың тыңдаймын. Айқай-сүрең шықты да, басылып қалды. Ат дүбірі естілгендей болды. Мылтығымды ыңғайлап, демімді ішіме тарта қойдым. Дүбір күшіне түсті, бақсам өз жүргегімнің дүрсіліне қосылып көп салт аттылар шауып келе жатқандай болды. Дегенмен дүбір жақындал қалған сияқты.

— Қанды басынды бері тарт! — деймін алабұрта.

Айтқандай-ақ, отыншылар жолымен қасқыр сілтеп келеді екен. Тілі шүберектей желпілдейді. Қөлденендей бергенде мылтықтың шүріппесін басып қалдым. Қаңқ етіп секіріп түсті де, өз бүйірін өзі қауып алды. Бұға қойдым. Арада біраз уақыт өтті, қасқыр да, адамдар да жоқ, айнала тып-тыныш.

Қасқыр тал арасына кіре құлапты. Бүйірінен қан ағып; денесі сұына бастапты. Аударып қарасам арлан қасқырдың өзі екен.

— Эй, бәрекелді! — деп айғайлап жіберіппін. Отындық тал артып, үстіне арланды тастанап, ауылға қайттым. Жел тұрып борандата бастады. Алыста шоғырланып салт аттылар көрінді. Сүйреткен қасқырлары бар, аттары қан сорпа болған.

— Уа, қанжығаларың майлансын, жігіттер!

— Айтқаның келсін, Жықа, біреуін жайраттық, қара қылшықтан айрылып қалдық, адастырып кетті жауыз, — деді.

## Қоян мен тұлкі

Аш тұлкі тоғай аралап келеді. Тың тыңдайды, біздей тұмсығының ұшын жыбырлатып, ауаны іске-лейді. Қөп жортса да аузына ештеңе ілектіре алмап еді. Еріген қар мен тасыған судан бас сауғалап тышқандар да тығылып қалыпты.

Дала қарайса да, тал арасында әлі де ауыр құртіктер жатыр. Тұлкі осы құртіктердің үстімен епtep басып келеді. Тұн қараңғы болатын. Қатты дауылдан талдар елбен қағып, үйенқілер тенселеді. Төменде ғүрілдеп сен жүріп жатыр. Есіл тасып жатыр. Тұлкіге аңдыған аңын ісімен ізделп келіп, үндемей бас салуға шудың септігі бар. Ол бірде лекіте жүгіріп, бірде аппақ тамағын жерге төсеп жата қалады. Алда бір аң барға ұқсайды. Қөздерін жыпылыктатады, тамсанады.

Жерге жабысқан бойы біраз жылынды да, шоқ талдың арғы бетіне қарай секіріп түсті. Жаңылыс басты. Бұғып жатқан ақ қоянды үркітіп алды. Сол-ақ екен, есі кеткен қоян орғып жөнелді. Тұлкі соңынан салды. Бұл жолы айлакер жыртқыш қоян байғұсты қалайда аузына түсірмей қоймайтын болды.

Ақыры сен жүріп жатқан Есілдің жар қабағына келіп тірелді. Байқаусызда жарға туралап келіп қалыпты. Құйрық тістесе тұлкі де жетті. Қоян мұздың үстіне қарай атқыды. Соңынан тұлкі секірді. Екеуі сен үстіне бірдей түсті. Қатты ағын бұларды жүлкып ала жөнелді.

Қараңғыда қап-қара болып тулаған тасқын ішінде үлкен мұздар жаңқадай дөңгеленіп кетіп жатыр. Кейде үлкен сендер айқаса түсіп, су бетіне көтеріледі де, шалқалап барып қап-қара айдынға қойып кетеді. Сарт-сұрт еткен соқтығыстан шошынған аңдар етпеттеп жатып алышты. Қоян жырық еріндерін ашып-жауып қалш-қалш етеді. Тұлкі тұмсығын төсеп бұғып отыр. Сендердің соққысымен бұлардың отырған мұзы бірте-бірте кішірейе берді. Сен үсті тарылған сайын қоян мен тұлкінің

арасы жақындай түсті. Енді бір қезде тұлкінің жұп-жұмсақ қабырғасы қоянның бүйіріне тиді. Қымсынар қоян жок, қайта тұлкіні ес көргендей.

Көп ұзамай тоқымдай мұз бір қыраттау жерге шықты. Қоян құрғакқа қарай атылды. Тұлкі де оның соңынан секірді. Қоян қырға қарай зымырап жөнелді. Тұлкі жаланып отырып қалды.

## Достар

Зейін қар басқан бақта жүр. Қарақат бұталарының сыртына мойнын созып қарап қояды. Бұқпантайлап ілгері жылжиды да, кіп-кішкентай денесімен бүрісіп отыра қалады. Бұтаның арғы бетінде әдемі, қызыл төс торғайлар жеміс ағаштарының жел қағып түсірген бүршіктегін шоқып жүрген. Өздері қандай әдемі, жерді шұқыған сайын құйрықтары шошаң-шошаң етеді. Жақындап барып ұстап алмақ еді, торғайлар пыр етіп ұша жөнелді. Эрірек барып, алма ағашының бұтағына тізіліп отырды. Көпті көрген кәрі торғай балаға мойнын созып, «шиқ-шиқ» деп үн қатты.

— Зейін, сен не істеп жүрсің? — деген даусыма балам жалт қарады да:

— Торғалардың екеу-үшеуін үйге апарайын деп едім, ұстаппады,— деді. Мен күлдім де:

— Олар ұстаппайды, колға үйретудің басқа жолы бар,— дедім.

— Қалай?

— Қөремісің, торғайлар сенен жем сұрап тұр. Олар аш. Күн сайын өз қолыңмен жем беріп тұрсан, қашпайтын болады.

Зейін қуанып кетті. Екеуміз ағаштың төменгі жағына жем шашатын тақтай орнаттық. Айтқандай-ақ, торғайлар үйреніп алды. Шашқан бидайды тақтайдың үстіне қонып жей бастады. Қейін алақандағы дәнді шоқудан да қорықпайтын болды.

## *Барылдауық*

Балалар балактарын түріп жуа теруге шыкты. Жақындаған тасқын жүріп өткен кең алқапқа су тарап, әр жерде қактар жалтырап жатқан. Күн көзі биікке көтеріліп барады. Балалар балбырап өскен жуаны қуана теріп жүр.

— Алакай, мен жұмыртқа тауып алдым! — деді Жәния деген кішкене қыз айғайлап. Барлығы солай қарай жүгірді. Жәния томаршының үстінен алған сопақтау көгілдір жұмыртқаны ұстап көріп, тамашалады. Барылдауық үйрек ұзап кетпей, төніректеп жүр.

— Жәния, жұмыртқаны орнына сал! — деп ақыл айтты бір бала  
Неге?

Көктемде құстың ұясын бұзуға болмайды  
Құс өспей қалады.

— Жоқ, мен оны үйдегі үйрекке бастырып өсірем, — деді Жәния жұмыртқаны сыртына жасырып.

Жәнияның үйінің үлкен коңыр үйрегі балапан басуға қамданып жүрген. Мына жұмыртқа кішіректеу болса да, үйрек жатсынбады. Белгісіз жылжып күндер мен түндер өтті. Бір күні ұядан әлсіз шиқыл естілді. Сары үртек шөжелер дүниеге келді. Түз үйрегінің балапаны коңыр жағал екен. Ана үйрек үшін бөтендігі жоқ болатын. Барлығын жылы қанатының астына алды.

— Енді біздің үйде түздің үйрегі өсетін болды! — деп қуанады Жәния. Балапанға «Барылдауық» деп ат қойды, достасып кетті.

Құз келді. Алғашқы қар түскен күні Барылдауық аспанға тізіле ұшқан көп үйректерге қарап қаттықатты дауыстап жіберді де, женіл көтеріліп ұша жөнелді.

Ол аспанға өрлей түсіп, қанаттары сұылдал, үй төбесін жайқап өтті. Сөйтті де, түз үйректерінің сонынан ұшып ұзай берді.

Жәния жылап түр.

— Үйрегің көктем туысымен қайта келеді!  
деп, анасы оны жұбатумен болды.

## *Көктемнің кереметі*

Жылда көктемде біздің аулаға қос қара торғай үшіп келеді. Қелген бетте тұрған үясына кіріп, қыста шымшықтар салған қауырсындар мен шөпшаламды тазалай бастайды.

Бұлар былтырғы торғайлар ма, жоқ басқа ма? деп сұрады балалар бірде. Мен сасқалактап қалдым да:

— Былтырғылар шығар,— дей салдым. Өзім де анық білмейтінмін. Сондыктан бір күні үя басарын үстап алып, аяғына сырға салып жібердім. Сырғалы торғай балапан шығарып, бір топ болып күзде жылы жаққа үшіп кетті. Көктем шыға бере бір күні балалар үйге жүгіріп кірді.

Алақай, қара торғайларымыз қайтып оралды  
Сырғалысы бар ма?

— Бар, көріңізші, әне жалтырап жүр.

Қуанышмызда шек жоқ. Дәнді мол төгіп күтіп жатырмыз. Өз үясына келген қара торғайлар рақаттанып сайрайды. Аулада жыл құсының даусын есту қандай жақсы. Қішкентай балалар қара торғайларды тамашалап, күн шуақтап отыратын болды Құстармен достасып кетті.

Сырғалы балапандарын үшырғанда күз түсті Жаңбыр жиі болып тұр, кейде қар араласып жауады Оңтүстікке қарай қоныр бүлттар жөңкіп өтіп жатыр Қараторғайлар үзак шарлап қайтады. Бір күні сырғалы өз тобында болмай шықты. Торғайлар сымның бойында тізіліп отырып алды. Қатты абыржұлы. Ата торғай шырылдан үшіп жүр. Шатырдың ернеуіне қонып, одан ішке кірді. Қайта шықты.

Шатырдың астында сырғалы бір қанатын салбыратып, бүрісіп отыр. Топшысы сыныпты, тегі мысықтың тырнағынан босанған сияқты. Қалай ғана құтыла алды екен. Оны біз үйге келгенде білдік Бір көзі ағып түскен сары мысық пештің сыртынан табылды. Үя басар балапандарын ерлікпен корғап қалыпты. Жем мен су құйдық, сырттан балалары кіріп шығады. Біз де бақылап жүрміз.

Қыс әбден тақалды. Құстар жылы жакқа әлдекашан үшүп кеткен. Бір күні топтасып ұзак отырды, шырылдап дамыл көрмәді. Әлденеге өзара келісе алмай отырған сияқты. Шатырды айнала үшты. Сырғалының даусына оралып келе берді.

Торғайлар әлі айналып жүр. Бір сәтте тоқталып, оңтүстікке қарай шалқи жөнелді. Торғайлар енді қайырылмады. Бұлтты аспанға сініп, көрінбей барады.

— Кетті! — деп Алтын жылап жіберді.

Мүгедек торғай тағдырына мойын ұсынып бүрісіп отыр. Сырғалыны мәпелеп күттік. Ең сұық айлар келді. Қауырсындары тіріліп, оңала бастады.

Құндер өтті, ауа райы жылына берді. Ақыры көп күттірген көктем келді. Қар еріп, алғашқы жібек сағым толқыды. Оңтүстіктен жылы жел еседі. Сырғалы істік тұмсығын көтеріп, қанаттарын қағып-қағып жіберді де, тамағы бұлкілдеп сайрап кетті.

Ол көктемнің кереметі мен адамдардың рақымшылдығын дамылсыз жырлай берді, жырлай берді.

## Көжек

Амантай әкесіне түстік апарып қайтып келе жатқан.

Екі ала қарға шөп арасынан әлдеқандай анды қалбактап қуып жүр. Қайта-қайта түйіледі.

— Мына ұрылар нені қуды екен,— деп солай қарай жүгірді. Бұл жеткенде қызыл көз кәрі қарға біздей тұмсығымен кішкене анды шоқып-шоқып қалды да, ұша жөнелді. Ұзап кетпеді, құрық сілтем жерге барып қонды. Шөп арасында қоянның сұр көжегі жатыр. Құлағы жырылып қалған, шекесінен қан ағып тұр. Қашуға мұршасы жок, бұға береді.

Амантай дір-дір еткен әлсіз көжекті өзімен бірге ауылға ала жүрді. Тастан кетсе мына жауыздар тірі қоймайтын еді. Үй қояндарының көжегіне қосып табақшаға сүт құйып қойды. Алдына сәбіз салды. Бар ықыласымен күтті.

Күндер өткен сайын көжек үйреніп алды.

— Көжек, көжек! — деп шақырса, секіріп келетін-ді шығарды.

Қыс түскенде көжек лақтай ақ қоян болды. Амантайдың әкесі қырға бару үшін ат жегіп:

— Ал, балам, көжегің қайда? Оны енді далаға жіберу керек,— деді.

— Неге?

— Тұз аны үйде өспейді, тұзде ғана өседі. Оның өсуі, көбеюі керек.

Амантай қарсы келе алмады. Қоянды ұстап алып тыптырылатып қапқа салғанда, көзінен жасы домалап түсті. Қар басқан егістік үстіндегі сабан шөмелелерінің біріне тоқтап, қаптағы қоянды босатып жіберді. Қоян айнала жүріп алды.

Амантайдың әкесі үйге қайтар жолда сабан артқан биік шананың үстінен артқа қарады. Алыста қарауытып шөмелеле қалып барады. Сол тұстан ақ қоян секіріп келе жатыр. Қоян қуып жетіп, шоқыып отырды. Әкесі шанадан түсіп қамшымен қуып тастады.

Бірақ көжек үйге онан әлдекайда бұрын жетіп, өз орнына жайғасып алышты.

## Орман тұтқыны

Айсыз түн. Орман қап-қара болып тұнеріп тұр. Аспанның арғы төрінен жұлдыздар көрінеді. Айналаны мұлгіген үнсіздік басқан. Шие торғай ғана үзіп-үзіп ысқырады. Сол ғана үйқтамаған.

Ағаш арасында үп-үлкен аң қозғалып келеді. Қелденең жатқан ку теректі патыр еткізіп сындырып жіберді. Тал арасынан сауысқандар шықылықтап қоя береді. Тұнгі жүргінші тармақ мүйізді үлкен басын көтеріп алды. Түкті тұмсығымен ауаны біраз иіскелеп тұрды да, шалғынды кеше қыстау шетіне шықты. Алда, шағын аланда балшық үйлердің орны көрінеді. Шеткерірек өскен қайыңға мойнын үйкелеп қасынып тұрды да, ілгері аттады...

Иә, ілгері бір аттауы-ақ мұң екен, сырғанай жөнелді. Атқып кетпек еді, үлгере алмады, ауыр денесімен солқ етіп төмен түсіп кетті. Сол кеткеннен тар үнгірге барып кептеліп қалды.

Шегені шіріп, аузы опырылған соқыр құдықтың ішінде талай уақыт тіршілік еткен бейқам құрбақаларды шошытып жіберді. Олар құдық түбіндегі зенгіл тартқан сасық суды мекендеп зерігіп болған еді. Қек аспаннан басқаны көрмейтін. Түсіп кеткен мақұлық қоныстарының астан-кестеңін шығарды. Қойыртпақ суды аяқтарымен есіп-есіп жіберді. Құрбақа біткен құдықтың шірік ағаштарының қуысқуысына тығылды.

Бұланның үлкен қоңыр бұқасы бар қайратын сарқып арпалысты. Қапылыста кездескен пәледен құтылуға тырысып бұлқынып бақты. Бұлқынған сайын құдық өрнеулері опырылып төмендей берді. Таң атқанша күшін сарқып бітті. Құдық үстіне төніп түрған қайыңның жасыл жапырақтарына күн сәулесі түскенде тұс-тұстан құрбақалар шықты. Бәрінен батылы, көпті көрген кәрі құрбақа бұланның арқасына секіріп мінді. Одан мүйізінің тармақтарына шығып алды. Аңдардың алыбы — бұланның мүйізінің шығып алып күнді көргеніне куанғанынан қатты-қатты бақылдап жіберді. Шұңқыр түбінен басқалары шығып күнді тамашалады. Бақалар бұланның мүйізіне, одан арқасына, одан құдық түбіндегі жылымшы суға түседі. Қайта тысқа шығады. Мәз-мейрам болысады.

Екі тәулік болды, бұлан аштық пен шөлден әбден қажыды. Қаранды түскен соң, кеудесінен үрлеп зор дыбыс шығарады. Күшін сарқып ұмтылады, тыптырайды. Күндіз құрбақалардың лай суды шалпылдатып ойнағанын естіп жата береді. Тіпті жас бақалар бұланның тебінгідей жылы құлағына кіріп отырып алышады. Оларды үркітуге де дәрмені қалмапты. Бостандықтағы күндері есіне түседі. Жалпак дала, қалың орманда еркін сайрандауды арман етеді. Уақыт өткен сайын үміті үзіліп, осынау лас

ұнгірде, құрбакалардың мазағында өлеңінің сезеді, қамығады.

Ауылдан шалғай ескі қыстау болғандықтан, мұнда адамдар көп келе бермейтін. Бір топ балалар бүлдірген теріп жүріп құдықтың үстінен шықты. Бір бала жанай өтіп бара жатып тармақ мүйізді көрді. Шұқырға тасталған қу бұтақ екен деп еді. Әлгі «бұтақ» қыбыр ете түскенде бала шошып кетіп айқайлап жіберді. Бар бала құдық басына жиналып, әрқайсысы өздерінше жорамал айтты.

- Байқамай құлап кеткен ғой.
- Жок, су ішем деп түскен шығар.
- Құлағында отырған бақаны қара!
- Өзі өлуге жақын, малшыларға хабар берейік.
- Дұрыс айтасың, қалайда құтқару керек!

Ең жүйрікпін деген екі бала балакты түрініп жіберіп малшыларға тартты. Қалғандары құдық жиегінде, көлеңкеде отыр. Құн ыстық болатын.

Балалардың бүлдіргенге зауқы болмады, ыдыстағыларын жеп тауысты. Көздері малшылар жакта еді. Ақыры хабаршы балаларды ертіп екі атпен Есенбай қарт жетті. Құдықта жатқан бұланда көріп:

— Ой-хой, жануар-ай, тұздің тағысы едің, мына қүйге түсірген аңқаулығың ғой сенің,— деп мұсіркеді.

Бұлан өте төменде түрғандықтан, бұл қалпында ешкім де тартып шығара алмайтын болды. Есенбай атай құдықтың ернеуін көлбете қаза бастады. Балалар да жан сала көмектесті. Қөп ұзамай құдықтың жиегі аршылып, бұланның кең омырауы мен арқасы көрінді. Бірақ оның бүлкүніп шығуға дәрмені жок болатын.

Есенбай екі атқа қамыт салып, мүйізінен және тірсегінен байлады. Аттар шу дегендеге арында пүрсегінен байлана алғанда жағынан атып тұрды да, тармақ мүйізді басын шайқап сілкініп алды. Сөйтті де күн нұрына шомылған орманға қарай жорта жөнелді.

Тілерсегіне байланған қыл арқан шешілмеген

— Шіркін, сабаздың өзі екенсің-ау! Іштегі құлынның жүрек соғысы бесті аттікіндей бар! — деп таңдайын қаға беріпті.— Айтқаным айтқан, шырағым, қалағаныңды ал да, көк биені қалдырып кет. Бұл қалыпта еліңе жете алмайды. Мынадай зіл жүкті жеткізе алмайды.

— Болдыруы анық, жете алмайтынын көріп келем, несі бар екен? — деп, жолаушы карттың аузына қарайды.

— Жігітім, Шөгел шал десе осы төңірек түгел біледі. Байлығым да, билігім де жоқ. Атбегі, құсбегі ғанамын. Қеп жылғы тәжірибем алдамаса, көк биенің ішінде тұлпардың тұяғы жатыр. Асқан жүйрік жыл қы нәсілі бар, сен менің сөзіме! Шөгел қате сөйлеп көрген жоқ,— дейді.

— Салған қолқаңыз көк мәстек болса, алыңыз. Өзіңіз біліп қарымын қайтарарсыз.

Атам екі биенің бірін жетектеп жіберіпті

— Шөгелдің картайғаны емес пе? Мәстектен тұлпар туады дегені ақылы кемігені ғой, десіпті жұрт. Олардың сөзіне құлақ аспаған атам көк биені күтіп, бақылаумен болады.

— Бапалак, а, Бапалак, бері келші, балам, деп, атам әкемді шақырыпты. Әкемнің бозбала кезі екен.— Биені өріске апару керек, боз оттасын Бірак жанынан екі елі қалма, қеп ұзамай туады Құлынды қолындан туғыз. Үйқтап қалсан, не ойнап кетіп көз жазсан, менен жақсылық күтпе,— деп тапсырады

Бір күні бала әкесіне келіп:

— Эке, сүйінші, көк бие құлыннады еркек қара құлыны бар,— дейді.

— Құлын туғанда қалай туды?

— Туған бетте тұрып кетті.

— Бәрекелді, солай болар деп едім. Шөгел әлі қартайманты. Ал, балам, құлынды көз жазбай күтіп-бақ! Қасқырға жегізбе, ұрыға алғызба, әйгілі ат болады, бағың бар екен.

Құлын құнан шыққан жылы бозғылт тартып өзгеше түлейді. Қара жұнің тастап көк құнан болуға

анық бет алады. Бапалакқа әбден үйреніп алған Қайда барса сонынан еріп жүреді.

— Міндетің көк құнанды өріске жайып оттатып келу болсын. Байқа, оған әсіресе қасқыр өш келеді. Сак жүргейсің, ол жауыздар жүйрік жылқыны қырымнан таниды,— деп, қарт Шөгел құнде қадағалап отырады.

Күз өтіп, қыс келді. Қансонар екен. Шөгел атам мұндайда үйде отыра ма? Таңнан тұрып сонарға шығып кеткен. Бапалақ сәске кезінде мал жайлап болып пішендікте жүрсе, сырттан қиқулаған көп адамның даусы естіледі.

— Атта-ан, алдынан шығында-ар!

Бапалақ мая төбесінен қараса, ауылды жанай өтіп қасқыр сілтеп барады. Беті Астауқөл жақ. Қалың қамысқа кіріп панаlamaқ ойын Бапалақ бірден түсіне кояды. Қолда дөңгелек түяқ жоқ болатын. Қызу қанды бала жігіт Бапалақ көк құнанға жайдақ мініп, шарбактың бір қазығын суырып алып тартып кеп кетсін. Қыстай сыртына шықса, қасқыр Астауқөлдің ойына жақындал қалған екен. Тақымды қысып қалмай ма келіп. Жын ба, пері ме, көтеріп ала жөнеледі. Қөзді ашып-жұмғанша бұралаңдап бара жатқан қасқырға жанаса берді дейді. Әкесінің жасынан сойыл сермеуге үйреткені тегін кетпелті Бапалақ қызықпен сипай салып өткенде, қасқыр етпетінен түседі. Осы кезде Шөгел бастаған топ келіп жетеді. Сұлап жатқан қасқырды көріп бала сынан:

— Мынаны соққаң сен бе?— деп сұрайды.

Мен,— депті Бапалақ мактанаң.— Көк құнанмен бір-ақ ырғыдым.

Сен болсаң мә сыйбағаң, мә сазайың! деп Шөгел баласын қамшының астына алады.

— Апыр-ау, Шөке-ау, баланың жазығы жоқ қой!— деп, жұрт арашаға түскен екен.

— Көк құнан тұлпар нәсілді жылқы. Көк тайды үлкен той-думанда бәйгеге қосайын дегем. Енді бәйгеде бағы болмайды,— дейді атбегі қинала сөйлеп.

еді. Бейқам тұрған қарагерді етпетінен түсіре жаздады. Қарт үлкен бәкісін ашып, қорбандаң зорға дегенде арқанды қып үлгерді. Бұлан қалыңға кіріп жоқ болды.

— Балалар, әлгі хайуан рақмет айтпай кетті-  
ау! — деп Есенбай атай ракаттана құлді.

— Шіркін, азаттық деген жақсы ғой, солай ма,  
балайқайлар?!

## Үйге қайтқанда

Құздің салқын күндерінің бірі еді. Жаңбыр себелеп тұрған. Екі аңшы елге беттеп келе жатты. Аяқтарында ұзын қоныш етіктері бар. Үстері су, өздері шаршаған. Аздал тыныстап алу керек болды да, құлаған қайыңың ығына отырды. Алыста ақ үйлі ауыл мұнартып көрінеді. Сары ала жапыракты қайыңдар да жауынға шомылып тұр. Аспанда сұп-сұр бұлт шумактары жылжып барады. Екеуі де көңілсіз. Тракторшы жігіт Ерден бос уақытын аңшылықпен өткізуге құмар. Інісі Жұмаш одан қалғысы келмейді. Ерден темекі тартып ойланып тұр. Жұмаш та үнсіз. Жауын тырс-тырс тамады. Үстеріне бөктергі қалықтап келеді. Жұмаш мылтығын тарс еткізгенде, бөктергі қанаттарын жая құлады. Сауысқандар шықылықтап байбалам салды.

— Мұның не? — деп дүрсे қоя берді ағасы.

Жұмаш бөктергіні қанатынан көтеріп құліп тұр.

— Өзің мана қаршығаны неге атып жықтың? —  
деді Жұмаш күлкісін тыймай.

— Сен акымақ болма, білдің бе? Қаршыға құстардың қасқыры. Ол қаз бен үйректі, қаракүр мен кекілікті, бар адал құсты құртады. Ал мына сорлы бөктергінің жазығы не? Бұл егіннің жауы тышқандарды аулайды. Жақсы аңшы болу үшін құстардың өмірін, пайдасы мен зиянын айыра білу керек. Тыңдамасаң, ертіп шықпаймын! — деді ағасы кейіп.

Жұмаш үялыш төмен қарады.

## Шөгелдің көк бестісі

— Сіз көк бестіні көрдіңіз бе?

— Жоқ, көре алмадым.

— Опыр-ай, көп жылдар өткен екен ғой.

Қарт ұзак ойланып қалды. Қырандай тас түйін болған бәкене шал қызыл көздерімен сонау сарғылт далаға қарады.

— Көп уақыт өтіпті, онда мен жокпын. Экем Бапалактың жастау кезі. Бертінде жел жетпес көк бесті жайлы әкем тебірене айтып отыратын. Көк бестіні аузына алмай сөз сөйлеген емес. Ат бабы, қыран күйі айтылғанда, тілдің тиегі көк бесті болатын. Көк бесті небары бесті күнінде мерт болыпты. Ол қабырғасы қатып ат болып жетілген де жоқ еді.

— Айтыңыз, ата, бірін қалдырмай айтыңыз,— деп қартты ортаға алдық. Тәкең шоқша сақалды қоңыр бетін сипап қойып, сөз бастанды.

— Ертеректе, патша заманында күн көріс қамы үшін алыс қырыларға сапар шегіп жүрген ел кедейінің бірі етікшілік ақысына жинаған тын-тебенін құрастырып, орыс арасынан барып мәстек жылқы алып қайтады. Шашасы жер сызған кәрі көк бие екен. Әлгі етікші біздің үйге келіп қонып отырып, көк мәстектің жетекке жүре алмай бейнет болып келе жатқанын айтады. Атам Шөгел ақасақал биені көріп жабыса кетіпти.

— Қонағым, мына көк мәстекті маған сат, не алсаңыз да колыңызды қақпаймын,— деді.

— Бұған соншалық неге құмар болдыңыз? Түрі, мынау: арқасы жауыр, өзі арық,— депті етікші.

Шөп шайнаған сайын көз майы лықсып шығып бүлкілдеп тұрған биенің алды-артын орап, шал құмар көзбен қарай берілті.

— Пәлі-пәлі, тар құрсақта шиыршық атуына болайын,— деп сүйсініпти. Ештеңеге түсінбеген қонағы:

— Несі бар, не қылығы ұнады бұл керенау көктің?— деп сұрайды. Атам тымағын колына алып, мәстектің іші мен кеуде қуысын кезек тыңдал:

Осыны айтып Тәкібай ұзак үндемей қалды. Көктем күні дала үстіне шырқап шығып қыздырып тұр. Мөлдір сағымды кешіп шұбар табын алыстап барады. Карт насыбайын атып жайдарылана құлді.

— Ата, айтыңыз, сонан соң не болды? — деп жалбарындық. Тәкең бізді жалынта түскісі келгендей, немесе ар жағын айтуға батылы жетпегендей, тартпактап отырды да, ауыр күрсінді.

— Айтып-айтпай не керек, атам айтқандай бәйгеге бағы болмапты. Ірі тойларға, астарға апарады. Үш жүз аттың алдында екінші, үшінші болып келіп жүреді. Бірақ шырқап шыға алмайды. Озуға жүйріктігі жетпеген жоқ, бағы болмайды.

— Ал аңға қалай екен?

— Атама, аң құтылмапты,— деді Тәкең көтеріле сөйлемеп,— сойқан болыпты. Ол кезде даламызда қасқыр деген қойشا өріп жүрген ғой. Жылқыға шауып, екі күннің бірінде қан қақсатқан көрінеді.

— Қуушы болмаған ба?

— Болған, бірақ қайдан тауыса алсын. Көк тай дөнен шыққанда жүні ақ бурыл тартып, көшелі ат болыпты. Қиіктің асығындаш шымыр қалпымен жебедей атылады екен. Қар неғұрлым қалың түссе, көк бесті солғұрлым аянбай сілтесе керек. Әкем Бапалақ сонар күні қасқырдың алтау-жетеуін түсірген. Ұялы жыртқыштарды қуа жөнелгенде, соңынан ілескендер соғылған қасқырларды теріп алуға шақ үлгерген. Көк бестінің қарасын ешкім де көре алмайды. Тек қалың карды есіп кеткен жыртынды ізі ғана қалған. Сонда тоң жерді көртіп лактырып отырады дейді. Пай-пай, жануар-ай, сондай да жылқы баласы туған ғой. Не деген қайрат десейші! — деп, Тәкібай карт көздері жасаурап, төмен қарады.

— Бір шабысын айтып берейін,— деп, Тәкең шырт-шырт түкірді.— Атышулы бай, әрі болыс Торсан деген болыпты. Осы өнірge жарты патша атанып тұрған Торсан атама арнап кісі жіберіпті. «Шөгел тез жетсін, бір безбүйрек қасқыр түн сайын бір тайымызды жеп кетеді. Эбден құртар болды. Жылқы

баласына ілестірмейді. Не соғуға, не атуға келтірмей тұр», — депті. Естіген соң атам тұра ма, баласы Бапалақ екеуі дерек тартып кетеді.

Таңың бір үйқысынан тұрган сонаршылар атқаңсын. Есенейдің Қайранкөлінің қамысынан қара қасқыр керіліп тұрып беті Ақсұат, Обағанға қарай жөнеле береді. Қысылып корқып тұрган жыртқыш жок, жай шоқақтап қыр асып барады. Шөгел тұлкінің ізіндей кішкене аяқ таңбаларын ат үстінен құрықпен шұқып көріп таңдай қағады.

— Апырай, мынау өзіне-өзі сенген шығанның бірі екен. Басқан ізі қарды шегедей нығарлап отырыпты. Шалыс басуына қарағанда қаншық болу керек. Ұзаққа созылар-ак, оңайлықпен беріспес. Коржыныңда көк малтаң бар ма еді, жүрегің талып кетпесін. Қуып жетсөн, алдына шықпа, жазым етер. Бөкседен сипай сок. Балам, көк дөнен екеуіңе бұл бір үлкен сын. Қараңғы түспей қарманып қал. Өйтпесөн құтылып кетеді,— депті.

Бапалақ нар тәуекел деп қасқырдың соңына түсе қалсын. Атты шуу дегенде қыспай, жай сілтеп келе жатады. Қасқыр кішкене қара үйіншектей ақ бүрқасынға оранып сары даламен батысқа қарай тартып барады. Қасқыр куа жүріп мұндай пәлені Бапалақ көрген жоқ екен. Қолге де, шілікке де, небір пана табар жерлердің біріне бөгелмей ұзаққа сілтейді.

Қыстың қыска күні тез өтеді. Қасқырдың аяқ алысы ауырлағандай болады. Сол кездे Бапалақ көк бестінің басын жібереді. Күні бойы қарулы колдың тежеуімен түккырып келе жатқан бесті құс болып үшады. Қасқырмен арасы тез жақындай береді. Бірак жыртқыш та ышқына сілтейді. Алда көз көрім жерде бүрқыраған ақ шандак қана көрініп келеді. Ақсұат көлі артта қалғалы қашан. Қыска күн қызыл мұнарға оранып көкжиекке асылады.

Бапалақ ашу шақырып көк бестіні қамшымен сауырға тартып-тартып қалады. Өмірінде қамшы көрмеген жануар шырқырап жіберіп, күн астына қарай үша жөнеледі. Қезді ашып-жұмғандай сэтте

кішкене қара қасқырмен қатарластыра берді дейді. Бапалақ бар қайратын жинап, қақ сойылмен сызыра сермеп өтеді.

Ат басына бой бермей лағып барады. «Тәк, жануар, тәк-тәк» деп, Бапалақ үзенгіге шірене тартып кейін қарай ойысады. Келсе, қара қасқыр шоңқайып отыр екен. Қөздері жап-жасыл болып, пышақ тістерін көрсетіп гүрілдейді. Әкем бір соққан аңға екінші рет қол көтермейтін. Қасқырдың мойнына құрық салып сүйретіп елге қайтады.

Қасқырды болысқа табыс етеді.

Болыс қасқырды алыпты, бірақ жарытып қонақасын да бермепті.

— Бұдан былай бай мен болыстың айтқанына жүрсем көпір болайын,— депті Шөгел атам. Ие, атам қисық адам болыпты. Әкеме де сол мінез дарыған. Қартайсам да менде де қисықтық бар,— деп Тәкең мұртын сипап қояды.

— Қисық болғаннан кім пайды көруші еді. Торсанның сарандығы жайында Шөгел жүрген жеріне жайып отырған ғой. Болыс шамданған көрінеді. Қыстың бір сұрапыл боранды түнінде көк бесті қолды болады. Әкем мен атамның басына азалы күн туады. Бастарын тауға да, тасқа да соғады. Із-тұз болмайды. Көрдік, естідік деген де адамдар табылмайды.

Көктем шығады.. Атам қабағынан кар жауып, ел аралап кетеді.

Бір күні арып-ашып, торығып оралыпты. Қызыл жүзі қуқыл тартып, бурыл сақалы ақ селеудей ағарып кеткен екен.

— Көк дөненді таптым,— деп еніреп жылап жібереді.— Міне, көріндер...

Карт күпісінің қойынан аптақ болған бітімі өзгеше шенбер қабырғаны қалтыраған қолымен қасиеттеп ақ орамалдың бетіне қойыпты.

— Қайран жануарды қөздері қалай қиды екен,— деп аh үрды.

Алып емендей, қайсар қартты ағайын болып жұбата алмапты. Ақыры өзінен-өзі ширығып белін шарт буыпты да, үлкен өжеттікпен аттанып кетіпті.

Болыс-бiler кедей Шөгелдің сөзін қайдан сөй лесін. Өзін ажua қылады.

«Құр тұлыпқа мәнірегендей, қу қабырғаға қарап біреуді айыптай алмаймыз. Мұндай қабырға толып жатыр. Көрген, білген бір айғағынды әкел!»— депті. Содан атам ашына сөйлеп:

— Осыдан артық қандай айғақ керек?! Дәл бұған үқсас жылқы қабырғасын құлақ естір жерден тауып көрсетсөндер, дауым жок. Таппасандар — ат менікі. Мына Жанторының ұрыларынан ат құны емес, ер құнын төлеңіп беріндер!— дейді. Билер сөзді байлаусыз қалдырады.

Жылдар өте береді. Атам Шөгел ол дүниелік болады. Экем Бапалақ та қартаяды. Кезінде ел арасы бөлінеді. Болыс қысым жасайды деп сырды ішке бүккен адамдар көк бесті жайын жіңішкелеп жарық-қа шығарады. Болыс атама ерегіседі де, Жанторының ұрыларымен байланысып, көк бестіні сойғызады.

Тәкең иығы селкілдеп, сіңірлі саусактарымен қалтасын қармана берді. Ол орамалын алып, онсыз да қып-қызыл көзін сүртіп, үндеңей отырады. Соңан соң:— Эй, балалар-ай, қайдағы бір жүрек сыздатар жайды қозғаттындар-ау!— деп тізесін басып мамырлап орнынан тұрды.

## Партизан бала

Омар нағашым мандайын күнге жарқыратып, Есілдің арғы бетіне қарап отыр. Сиректеу мұрты сәл дірілдеген сияқты. Құрсініп алып:

— Өткен күндер тап бүгінгідей көз алдында тұр,— деп әңгімесін бастады.— Оған да, міне, жарты ғасырдан артық уақыт өтіпті. Ол кезде өздеріндей бала едім. Бір күні кешке жақын сенсең тымақты, аяғында жуан қоныш таусаптамасы бар біреу үй алдына келіп аттан түсіп жатыр. Жұзі таныс сияқты, жылы үшырап барады.

— О, Шашкамысың, қарғам-ай, сені де көретін

күн бар екен ғой!— деп әкем құшақтай алды. Үйге кіріп тізе бүккен соң, келген адам тымағын алып жерге қойды. Сонда барып таныдық. Өзіміздің Максим деген тамырдың әскерге кеткен баласы Шашқа (Сашка) екен. Сашка айналаға сактана қарап:

— Дядя Жантуре, жағдай мынадай, біз парти-зандармыз. Адамдарымыз тоғай арасында тұр. Бүгін бе, ертең бе Колчак әскеріне шабуыл жасамақпсыз. Сол үшін селоға барып хабар алып келетін кісі керек. Жұмысым сол, асығыспын, басқа жайды кейін айта жатармыз,— деді.

— Мен барайын,— деді әкем.

— Жоқ, сізге баруға жарамайды, қазір олар сак тұр. Күзет күшті, барса мына Омар ғана бара алады.

— Мен барам!— дедім. Сашка шалап жұтып отырып маған барлай қарады. Бұрынғы бала кескіні толысып, тебіндең мұрт өсе бастапты. Жұзін жел каққан, көздері өткір.

— Әкеме мына қағазды жеткізесің, сонан соң әскери казарма, базар алаңы жақты шоласың. Қайда қандай күш бар? Селоға адам кірмейді, адам шықпайды. Ол үшін өрістен қайткан малмен бірге байқатпай кіріп кетуің керек,— деді Сашка тымағын қолына алып.

Күн түстіктен ауа жолға шықтым. Есіл алқасымен өрлеп келем. Бұрылыш-қалтарыстары көп көне жол алыстағы селоға қарай созылып жатыр. Ыстық жел еседі, айнала құп-құрғак. Құмайт жолмен сактана басып келемін. Өсімдік біткен сарғыш тартқан. Айнала тым-тырыс.

Міне, дөңгелек қарасуға келдім. Бұл Максим мен әкемнің балық аулайтын сұзы. Ана бір үлкен талдың көлеңкесінде қостары тұратын. Төменіректе қоғажай арасында қайықтар тоқтайтын жер бар. Ұстаған балықтарды қоятын тор шарбак та сонда.

Жаққан оттың күлі жатыр. Бәрі де жүрекке жақын жерлер. Мына тұста мосы ағашқа тақау бет-аузын қүрең сақал басқан Максим отыратын.

Максим отты көсеп қойып, әңгіме айтады. Сарғыш мұртының арасынан шала көрінетін қызыл еріндеріне наң түйірлерін ептеп тастап, жай сөйлеп отыратын.

— Жантуре, Жантуре, өмір сұру деген қаншалық беда болып кетті. Бірақ жамандықтың да шегі бар. Қызылдар — біздікі, балалар колчакты қуады. Сонан соң жақсылық болады.

— Шашқа қай жағында! — деген әкемнің сұрапына Максим құледі де:

— Сашка қайда болушы еді. Ол колчакқа қызмет қылмайды,— деді. Одан әрі большевиктер туралы, Ленин туралы білгенінше кенес айтатын.

Сол кешті ойға түсіріп аз тұрдым да, ілгері кеттім. Сашканы көбірек ойлап келем. Туған ағамдай қамкоршым еді. Қайда барса да жанынан тастамайтын. Өз үйінде болсын, біздікіне келсін, екеуміз қойындасып жататынбыз. Экесіндей емес, қазақ тілін мұлтіксіз сөйлейтін. Бұл жолы Сашка бауырымның керегіне жарасам, өзімді бақытты санайтын жайым бар. Жасым он төртке шықса да денем өте нәзік, он жасар баладай ғана қауқарым бар. Нан дорбамды иығыма салып аяңдап келемін.

Көлеңкем сырғауылдай сорайып, қатарласып қалмайды. Қең алқапты жайылып жүрген табынды бақташы бала жинастыра бастады.

Дөң үстінде биік ак шіркеулі зор село созылып жатыр. Қызыл төбелі, көк төбелі үйлер ағарандайды. Шет жақтағы қамыс шатырлы аласа лашықтар ығы-жығы. Сол тұста мен баратын Максимнің үйі де бар. Батар күнге шағылып, терезелер алаулайды. Шұбырған малдың алды тар көшеге кірді. Бақташы баламен келісуім бойынша, мені өзімнің қемекшісі деп айтуға тиісті болатын.

Мал селоға кіріп болмай екі салт атты шоқытып шығып, тура бізге қарай бұрылды.

— Ей, киргизенок, сен қайдан пайда болдың?

— Бақташыға қемекшімін.

— Өтірік айтасын,— деп, біреуі қамшымен тартып жіберді де, бақташы балаға шүйілді.

— Сен бокмұрын, айт шыныңды, әйтпесе қазір атып тастаймын!

Офицер алтатарын сұрып алды. Бақташы баланың сөйлеуге мұршасы жок.

— Ол көмекші емес, жолдан қосылған..

Осы сөз шығуы мүн екен, қамшы жауып кетті Салт аттылар мені жұлып алып өңгере жөнелді Қөшемен тасырлатып шауып келеді. Қөп ұзамай аулаға кіріп аттан түсті. Мені желкелеп, тар дәлізбен ілгері итермеледі. Жарық бөлмеде сап-сары ала біреу отыр. Қызылт мұртын ширатып маған көз салды. Экелгендер менің жалған сөзімді, қалай ұстағанын, сезікті адам екенімді түсіндіріп жатыр.

— Партизандардың байланысшысы болуы әбден мүмкін. Плавцов Максим қырдағы партизандармен байланысады деген нақты дерек бар. Максимнің ұлы Александр Плавцовтың жайын бұл біледі деп баянdap тұр.

— Бара бер, хорунжи мырза.

Бөлме оңашаланды. Үлкен бастық темекі тартып үнсіз отыр. Қабағының астымен ұрлана қарайды Салмағымды екі аяғыма кезек салып тұрмын. Бастық сөзге келмей ұра бастайтын шығар деп сескенем Бірак өйтпеді, өзіме қарап күлімсіреді.

«Партизандармен байланысың бар ма, болса олар қай жерде? Ұзын саны қанша, қанша қаруы бар? Командирі кім? Мұнда келу мақсатың қандай? Осылардың бәріне шын деректер берсөң, саған ат мінгізіп, аулыңа қайтарамыз» дегенді айтады. Менікі бір сөз, ауылда күн көре алмаған соң қайыр сұрауға жалданып жұмыс істеуге селоға келе жатқанымды айттым.

— Бақташының көмекшісімін деп алдау себебің не?

— Оны үйреткен бақташы баланың өзі, әйтпесе селоға кіре алмайсың деді.

Бастық басқа сөзге бармады. Енді тек босатып жіберуі қалды. Солай етпек болып отырғаны белгілі еді. Сырттан әлгі офицер кіріп келіп, кішкене сары қағазды, мана Сашка таба нанның арасына тығып

берген құпия қағазды, ұсына берді. Пагонды бастық қағазды оқып болып маған қарады. Кескіні сұсты.

— Ал, сөйле, демек сен партизандардың шпионы болдың ғой? Бәрін қалдырмай сөйле. Қате айтсан, атып тастаймын! — деп тапаншасын суырып столға қойды. Денем қалтылдаپ барады. Онымды сездірмес үшін аяғымды нық басып тұрмын. Әкемдегі көреттің мейірімді Максим, бірге туғандай болған Сашка елестейді. «Жатқан орнын айтып берсем не болмақ? Жо-жок, атама...»

— Мен ештеңе білмеймін, ешқандай қағазды көргем жоқ! — дедім тергеушіге тұра қарап. Хорунжи қолғап киген қолымен тартып жіберді, ұшып тұстім. Жағамнан жұлқып қайта тұрғызыды.

— Айт шыныңды?

— Білмеймін.

— Міне, білмеген сыбаған, иттің баласы!

— Айт шыныңды!

— Білмеймін.

Үй төңкеріліп барады. Айналаның бәрі бұлыңғыр тартты. Құлағым ың-жың шу. Сол даңғазаның бәрін басып:

— Айт шыныңды! — деген өктем бұйрық естілді

— Білмеймін.


Біреулер жерден жұлқып көтеріп алғандай болды. Элдене деп дабырласып сөйлеседі. Мұртты хорунжи елестейді. Тағы да қара қолғапты қол жағамнан алды.

— Білмеймін, өлтірсең де айтпаймын! — деймін аласұрып. Әлгі адам құшактап тұр.

— Омар, Омар, — деген таныс дауыс құлағыма келді. Қөзім ашылмайды. Сығалап қарасам, аулада көп адамдардың қолында екем. Күн көтеріліп келеді. Қызыл жалқын сәулесімен айнала нұрланып кеткен. Сашка ағам көтеріп алып арбаға отырғызып жатыр.

— Қымбаттым, — деді ол даусы дірілдеп. — Біз оларды қуып жібердік, мәңгіге жоғалды олар.

— Ие, олар мәңгіге жоғалды! — деп атай да әңгімесін аяқтады.



## TYCINIKEP

«Қазақ балалар әдебиеті кітапханасының» бұл томына белгілі жазушылар Эуәзқан Қөшімов, Қалмұқан Исабаев және Зейнел-Ғаби Иманбаевтардың балаларға арналып жазылған таңдаулы шығармалары (повестері мен әңгімелері) еніп отыр.

Әуезқан Қөшімов 1911 жылы Жезқазған облысының Ағадыр ауданындағы № 3 ауылда (Босаға деген жерде) дүниеге келген. 1929 жылы Алматыға келіп, С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқиды әрі мектептерде мұғалім және редакцияларда әдеби қызметкер болып істейді. 1941 жылы Совет армиясы қатарына шақырылып, бірақ көп кешікпей, денсаулығына байланысты, әскерден босатылады. Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі жылдары Караганды облыстық радиокомитетінің бас редакторы, облыстық халық творчествосы үйінің директоры, Қазақстан Жазушылар одағының Караганды облысы бойынша тұрақты өкілі қызметтерін атқарған. Қазір құрметті демалыста.

Ә. Қөшімовтың тырнақалды шығармалары (мақалалары, өлендері, очерктері, әңгімелері) отызыншы жылдардың бас көздерінен-ақ облыстық, республикалық баспасөз беттерінде көріне бастады. Алғашқы өлендер жинағы — «Қөніл күйі» 1948 жылы жарық көреді. Мұнан кейін оның «Қарт мергеннің айтқандары» (1957), «Жас аңшы» (1961), «Күй сөйлейді» (поэмалар, 1961), «Екі бүркіт» (Повестер мен әңгімелер), «Лашын хикаясы» (1965), «Қысталан жыл» (1969), «Тепенкөк» (поэма, 1976), «Екі бүркіт» (1983) атты кітаптары басылып шыкты.

Жазушының бұл томға кірген туындылары оның «Аңшының әңгімелері» (1959), «Екі бүркіт» (1983) кітаптарынан алынды.

Қалмұқан Исабаев 1925 жылы Павлодар облысының


Баянауыл селосында туған. 1943—54 жылдары Совет армиясы қатарында болып, Ұлы Отан соғысына катысады. Соғыстар кейін Берлиндегі совет комендатурасында қызмет етеді. 1954 жылы Алматыға келіп, «Социалистік Қазақстан» газетінде қызмет істейді. Сонымен бірге Алматындағы № 24 кешкі жұмысшы-жастар мектебінде, сонақ соң С. М. Киров атындағы Қазак мемлекеттік университетінің филология факультетінде сырттай оқып, бітіріп шығады. Біраз уақыт Қазақстан Жазушылар одағында қызмет атқарады, казір құрметті демалыста.

К. Исабаевтың баспа бетін тұнғыш көрген әңгімесі — «Баян» 1954 жылы «Әдебиет және искусство» (қазіргі — «Жұлдыз») журналында жарияланады. Алғашқы әңгімелер жинағы да сол атпен 1959 жылы басылады. Мұнан кейін оның «Ажал құрсауында» (1961), «Арман арнасымен» (1962), «Бетпе-бет» (1963), «Қарабала» (1965), «Сұңқар самғауы» (1966), «Айқыз» (1967), «Соңғы ерлік» (1971), «Өткелде» (1972), «Өрде» (1977), «Серт» (1982), «Арна» (1984) атты кітаптары жарық көрді. Жазушының «По руслу мечты», «Подвиг в степи», «Айқыз», т. б. туындылары орыс тілінде басылып шықты. Ол Қызыл жүлдүз, Еңбек Қызыл ту ордендерімен наградталған.

Бұл томға жазушының «Тан атарда», «Қарабала» атты повесі енген. Олар автордың «Қарабала» (1979) атты повестер жинағынан алынды.

Зейнел-Ғаби Иманбаев (1924—1987) Солтүстік Қазақстан облысының Сергеев ауданына қарасты Ортаққөл ауылында туған. 1941 жылы Баян орта мектебін бітіреді де, денсаулығына байланысты, одан әрі қарай окуын жалғастыра алмайды, бірақ өздігінен оқып, білімін көтереді. Колхозда есепші болып істейді. З. Иманбаевтың баспа бетін көрген тұнғыш туындысы — «Қанатты өмір» атты очеркі 1953 жылы «Әдебиет және искусство» журналында жарияланды. Алғашқы әңгімелер жинағы — «Бастама» деген атпен 1959 жылы жарық көреді. Мұнан соң оның «Сырымбет» (1960), «Арлан» (1961), «Дала көктемі» (1962), «Кішкене малшы» (1964), «Кең аймақ» (1965), «Жас шыбықтар» (1966), «Солмайтын гүл» (1968), «Нажағайлы тұн» (1970), «Қыран түлегі» (1977), «Ауыл тұні» (1985) атты кітаптары басылып шықты. Бұл томға енген шығармалар автордың «Құстар қайтып оралғанда» (1981), «Солмайтын гүл» (1988) атты повестер мен әңгімелер жинақтарынан алынды.

*Бұркіт Ысқақов,  
филология ғылымдарының кандидаты.*



## МАЗМУНЫ

Асылдың үш қыры (M. Сүндетов)	3
<i>Әуезқан Қөшімов</i>	
Екі бүркіт (п о в е с т ь) . . . . .	12
Шақар күзен . . . . .	115
Өкінішті әқиға . . . . .	119
Көс коркаудың айласы . . . . .	128
<i>Қалмұқан Исабаев</i>	
Таң атарда (п о в е с т ь) . . . . .	134
Қарабала (п о в е с т ь) . . . . .	167
<i>Зейнел-Ғаби Иманбаев</i>	
Құстар қайтып оралғанда (п о в е с т ь) . . . . .	266
Қызыл галстук . . . . .	319
Шомылуға барғанда . . . . .	320
Жабайдың ағасы . . . . .	322
Тракторшы бала . . . . .	325
Қарт аңшының әңгімелері . . . . .	327
Арлан . . . . .	343
Алғыр кара . . . . .	354
Бұлан . . . . .	360
Қауіпті аңшылық . . . . .	362
Тұңғиық жыртқышы . . . . .	363
Ала қарға мен ак тауық . . . . .	365
Сары шымшық . . . . .	366
Шіл . . . . .	367
Майлайаяқ . . . . .	368

Қоян корқақ па?	370
Тоспада	371
Қоян мен тұлкі	374
Достар	375
Барылдауық	376
Қектемнің кереметі	377
Кәжек	378
Орман тұтқыны	379
Үйге қайтқанда	382
Шөгелдің көк бестісі	383
Партизан бала	389
Түсініктер (Б. Ысқақов)	394

*Нет буд кто бы откуда*

*Литературно-художественное  
издание*

**Библиотека  
казахской детской  
литературы**

**ТОМ 10**

**Ауезхан Қошимов  
Калмухан Исабаев  
Зейнел-Габи Иманбаев**

**Рассказы, повести**

**(На казахском языке)**

**Суретшісі**

**F. Камышев**

**Көркемдеуші редакторы**

**K. Егізбаев**

**Технический редакторы**

**P. Винокурова**

**Корректоры**

**J. Асенова**

**ИБ № 4238**

Теруге 14.02.90 жіберілді. Басуға 10.09.90 күндей койылды. Форматы 60×90<sup>1/16</sup>. Қағазы № 2. Каріп түрі «Әдеби». Офсеттік басылыш Шартты баспа табагы 25,0. Шартты бояу көлемі 25,25. Есептік басылу табагы 18,66. Тиражы 30 000 дана. Заказ № 692. Бағасы 1 сом.

Казак ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Жалын» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті, 143-үй.

Казак ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетіне карасты «Кітап» фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспекті, 93-үй.

**Қешімов Ә. т. б.**

К 69 **Повестер, әңгімелер/** Ә. Қешімов, Қ. Исабаев,  
З.-Ф.Иманбаев.— Алматы: Жалын, 1990.—400бет.—/  
(Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы)

**ISBN 5-610-00526-4**

«Кітапхананың» бұл томына қазақ жазушылары Ә. Қешімов-  
тың З.-F. Иманбаевтың және Қ. Исабаевтың тандаулы деген по-  
вестері мен әңгімелері енгізіліп отыр.

К — **4803250201—148**  
**408(05)90** 130—90

**ББК 84 Қаз 7-44**